

ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАИЛОВ

АҚЫНДАР



ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАИЛОВ

АҚЫНДАР

(Жамбыл және халық ақындарының
творчествосы туралық монография)

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1956

Есмагамбет Исмаилов

АК ЖЫ

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1956

Редактор С. Бакбергенов, Художник К. Хамитов
Техредактор С. Ищанов, Корректор М. Алибаев.

Подписано к печати 5/X 1956 г. УГ02119. Изд. № 180.
Формат 84×104 1/2 = 21,25 п. л.—11,55 уч.-п. л. (18,0 уч. изд. л.)
Тираж 10000. Цена 7 руб. 70 коп.

Алма-Атинская типография № 1 Главиздата Министерства культуры КазССР
Зак. № 1045.

K I R I C P E

Ауыз әдебиет халықтың тарихи және рухани тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан қоғамдық елеулі құбылыстың бірі Халықтың ғасырлар бойы басынан көшкен куанышы мен қайғысы, жақсы өмір, бақытты дүние туралы үміт армандары, өзінің тіршілігі, тәуелсіздігі жолындағы ерлік құрестері, сүйіспеншілігі мен өшпенділік сезімдері — барлығы халықтың өлең-жырларында, азыз-ертеge, дастандарында бейнеленген. Халық феодалдық, патшалық заман жағдайында қандайлық ауыр азапта болса да өзінің өлең-жырын, ән-күйлерін шыгарып айтуды ешбір тоқтатқан емес. Бірақ Октябрь революциясына дейін халық ортасынан шыққан таланттардың көбі өзінің есү кемеліне жете алмай, жанышылп, жоғалып отырды. Қаша мол болғанымен бүрнің фольклорда халық өмірінің шындыры көбінесе, бұлдыр елестейді. Феодалдық, патшалық заман жағдайында ақын-жыршылардың талайы творчестволық, талант еркіндігінен айрылды, амалсыз өлеңмен қайыр тіленуге салынды; белгілі бір маңызды шығарма бере алмай аты, үні өшіп кетті. Осы тұрғыдан казак әдебиеті тарихына көз жіберетін болсақ ондаған, жүзделеген ақынның біреуінің ғана бірлі-жарым өлеңі сакталып, біздің заманымызға жетті. Халық таланттарына қандайлық қысым жасалғандығына Баймағамбет сұлтанның Шерниязды, Тезек төрөнің Сүйімбайды кылышпен басынды шабам деп коркытып, жырлатпақ болғаны, патша әкімдері мен казак феодалдарының Жаяумұсаны, Құрманғазыны, Жамбыл мен Нұрпейісті құғынға ұшыратуы толық дәлел бола алады.

Ұлы Социалистік Октябрь революциясы халық творчествосының еркін дамуына кең жол ашты. Кеменгер В. И. Ленин капитализм түншіктырып, жанышыл келген халық таланты сарқылмас мол екендейгін айтты, социализм дәүіріндегі халық творчествосының, халық таланттарының жаңадан даму, гүлдену жолдарын анықтап берген болатын.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Қазақстанда халық ақындарының творчествосы түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің бір саласы болып дамыды. Тек социалистік қоғам күрілсіз жағдайында, коммунистік партияның басшылығы арқасында халық ақындарының шығармалары аса күрделі қоғамдық, мәдениеттік фактордың дәрежесіне көтерілді.

Совет дәүіріндегі халық ақындарының шығармаларын халық

әдебиеті деп атайдыз. Революцияға дейінгі ауыз әдебиетін түгелінен халық әдебиеті деп атау мүлде теріс, ейткені ол кездегі ауыз әдебиетінде халықтық тілек-мақсатпен катар қанауышы таптардың салт-саналық әсері де бар еді. Ал, совет дәүірінде қанауышы таптар жойылып, социалистік қоғам орнаған жағдайда ақын мен еңбекші халық тілегі толық қабысты, халық ақындарының шығармалары шын мәніндегі халық әдебиетінің үлгілеріне айналды. Демек, совет фольклоры, халық ақындарының творчествосымен халық әдебиеті деген үғымдардың бір-біріне ешқандай қайшылығы жоқ.

Қазақ халық ақындарының творчествосы, 30 жылдарда, елімізде социализм орнаған, Советтік Конституция кабылданып, жүзеге асқан кезеңде соншалық мол, кең қанаттанып, дамыды. Олардың патриоттық идеялары шығармалары социалистік дәүірдің шындығын кең бейнелей еости.

«Правда» газеті 1936 жылғы казақ искусствоның декадасының көртүндисі туралы және 1938 жылғы Жамбылдың ақындық қызыметінің 75 жылдық мерекесіне арналған бас мақалаларында «социалистік мәдениеттің,— деді,— тамаша бір айқын көрінісі халық творчествосы. Біздің халқымыз бақытты, мағнайлы өмір сүреді, өзі мен Отанының ігілігі үшін аянбай еңбек сіціреді. Біздің елімізде халық творчествосы өмір шаттығын бейнелеген, қанаттанып өсік жарқын, көркем халық таланттары үздіксіз өсіп, жетілуйе кең жол ашылып отыр. Совет Отаны халық таланттарын бағалап, кам-корлық жасап, жақсы көріп күрметтей біледі... Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жалынды, куатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүргегін тербейді, социализм жолындағы күреске шақырады... Казақстанның даңкты ақынның теңсіз лиризме толы, ұмытылмastaй образдарға бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, біздің дәүіріміздің ілгерілген күймілін анғарады, көркем сыйпатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын, көңіл күйін көреді».¹

«Правда» газетінің Жамбыл шығармаларында, сонымен бірге совет халықтарының творчествосына берген бұл сыйпаттамасы совет дәүірінде гүлденіп дамыған қазақтың халық поэзиясының бүкіл совет мәдениетінің тарихында маңызы, орны қандай зор, күрделі скендігін аныктап береді.

Жамбыл бастаған халық ақындарының творчествосы Отан соғысы және соғыстан кейінгі дәүірлерде де кең өрістеді. Есіреле осы соғыры дәүірде халық поэзиясы совет заманының, халықтар тарихының ерлік уақыттарының, даңкты батырлардың эпикалы түйіндеу дәрежесіне көтеріп бейнелеу, күрделі дастандар жасалып жетілу бағытында дамып келеді. Егер халық поэзиясының алғашкы дауірі революция берген бостандыкты жырлаған үгіт-насихат жырлары болса, екінші дәүірі социалистік қоғам құрылышының жеңіс салтатының, халық бақытын, партия басшыларының образын жырлаумен кортылады; ал соғыры дәүірі совет халқының жауынгерлігін, соғыс, еңбек майданындағы батырлықтарын бейнелеген жана эпикалы шығармалар жасалу кезеңі болады.

Елімізде халық ақындарының творчествосы гүлденіп өрістейімен бірге, жалпы советтік фольклористикалық ой-пікірлер, ғылыми-даққағидалар туып дамыды. Марксизм-ленинизм классиктерінің

¹ «Правда». 20. V. 1938 ж.

философиялық, тарихи еңбектері, әсіресе Лениннің мәдениеттік мұралар туралы, совет мәдениеті туралы айтқан қағидалары, КПСС Орталық Комитетінің әдебиет, искусство туралы тарихи қауылдары мен нұскаулары, А. Ждановтың, М. Горькийдің әдебиет туралы еңбектері, «Правда» газетінің халыктар творчествосы туралы айтқандары — бәрі совет фольклорын, халық ақындарының творчестволық ерекшеліктерін терең түсініп, тануға ғылымдық негіз, жол салып берді.

Революцияға дейін орыстың фольклорист ғалымдары орыс халының ауыз әдебиет үлгілерін мол жыйнап, оларға варианттары, тіл ерекшеліктері жақтарынан ғылымдық түсініктер беріп, көлтеп бастырып шығарды. Сондай-ак В. В. Радлов, Г. Н. Потанин сыйкты орыс ғалымдары, казақтың Шокан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Эубекір Дивағаш және басқатары қазақ фольклорының бірталай үлгілерін жыйнап бастырыды. Алайда, революцияға дейінгі ғалымдар фольклордың шығуы мен дамуына байланысты ғылымдық, методологиялық мәселелерді марксистік теория тұрғысынан түйіндеп зерттей алмады.

Фольклорды тану жолында XIX ғасырдан бері буржуазияшыл-оқымыстылар әртүрлі көзқарастарды, теориялық болжауларды жазып таратты. Бірақ, буржуазияшыл фольклористер ауыз әдебиеті туралы әралуан теориялық болжаулар, бақылаулар айтқанмен, халық творчествосының қоғамдық, таптық сыйпаттарын, нақты даму заңдарын аша алмады, әсіресе олар халық жыршыларының творчестволық тәжрибесін мүлде алыс болды.

Совет фольклорының даму тәжрибесі мен оған байланысты ғылымдық ой-пікір, өзіне дейінгі буржуазиялық фольклористикалық теріс теорияларын талқандап, жоңқа шығарып отырды.

Буржуазияшыл ғалымдардың «мифтік школа» теориясы фольклорлардың түп негізін, шығуын адам баласының ертедегі анайынанымағана, дүниені қыял, мифтік үғыммен тануына байланысты қарайды; мифтік қыял белгілі бір халықтың үлттық сана-сезімі, оны халық поэзиясы таза күйінде сактап кейінгі замандарға алып көледі, ауыз әдебиетін жасауда саналы ақын ролі жок, ауыз әдебиеті табиғаттың өзі сыйкты жаратынды құбылыс деп қарады. Халықтардың көне заманындағы ауыз әдебиетінде мифтік қыял үлкен орын алатыны рас, бірақ ол шынайы үлттық сезімнен тумаған. Бұл мифтік теорияға реакцияшыл фольклористер көп жармасы, Россиядағы халықшылдармен байланысты кейбір буржуазияшыл фольклористер — фольклордың адам баласы қоғамының дамуымен бірге өзгеріп, мазмұны да жаңарап отыратындығын, жаңа дәуірлерде жырши жаңа өлең-жыр шығарып айтатындығын мояйнадамады. Қазактың буржуазияшыл-үлтшылдарының ауыз әдебиеті ескіліктің сәулесі, ол бүгінгі өмірді білмейді деген сандырактарының төркіні фольклор танудағы осындағы көртартпашыл ағымдармен байланысты еді. Осы мифтік теорияға құл болған кейбір әдебиетші-сымактар біздің заманымызда ауыл, дересінде ескі наным, сенімдер жойылумен катар халық әдебиеті де жойылады деген зыянды болжаулар айтқан болатын.

Социалистік қоғам күрілісі жағдайындағы халық әдебиетінің даму тәжрибесі мен советтік фольклор ғылымы көртартпашыл, «мифтік» теорияны талқандады. Алдымен фольклор — халық әдебиеті, қоғамдық, таптық өмірдің айнасы, көркем әдебиет сыйкты фольклор да еңбекші халықтың азат, бақытты өмір құру жолындағы

күресін, арманың бейнелейтін құбылыш екені, фольклорлық шығармаларда ең айқын, күшті образдар жасалып отыратындығы анық дәлелденді. Ұлы жазушы А. М. Горький фольклор халықтың еңбек өміріне, жаратылыстың мылқау күші мен қанауыш таптарға карсы күрестерінде туыл дамығанын, оның творчестволық қуаты ешуақытта сарқылмайтындығын көрсетti.

1934 жылғы совет жазушыларының тұңғыш съезіндегі баянда масында М. Горький «Өте төрек және жарқын, көркем бейнеленген геройлардың тұлғасы (типы) фольклормен, халықтың аузызекі творчествосымен жасалған... Сүлеймен сияқты поэзия маржаның жасай алатын адамдарды сактай біліндер! Сөз өнерінің басы фольклорда екенін тағы да ескертемін»¹ деді.

Фольклор зерттеудегі тағы бір ағым «ауысып келу» (теория заимствования) теориясы да совет фольклорының тәжрибесі мен ғылымында негізсіз идеалистік теория болып кattы сынағ ұшырады.

Бұл теорияға табиинушылар әр халықтың өзінің тарихи қоғамдық және үлттық жағдайында туған әдебиеттің үлгілерін танымайды, оларды шығыстан, араб, Ираннан ауысып келген дең дәлелдегісі қеледі. Сейтіп, ғасырлар бойы белгілі бір халық өзі жасаған шығармаларды қыдырма, ауысып келген, мекенсіз, отансыз шығармаларға айналдырып жібереді. Орта Азия халықтарының әдебиетін, асіреле казак фольклорын зерттеу істеріне бұл теорияның салқыны едәүір тиді.

Әрине бұдан бір елдің әдебиеті еkiнші елдің әдебиетіне әсер етпейді деген үғым тумайды. Шаруашылық, мәдениеттік қарым-қатнастары жиі болып келген елдердің әдебиеті бір-біріне әсер етіп отырады, мәселен, Орта Азиядағы тәжік, өзбек, казақ, түркмен, қыргыз, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиеті сюжеттік мотив, такырып жактарынан бір-біріне ауысып әсер етіп отырғаны даусыз. Толын жатқан ертегілердің, «Алпамыс», «Қобланды батыр» жырларының осы халықтар арасында бірнеше варианты болып кайталауы бұл халықтардың шаруашылық-мәдениеттік қарым-қатнасының болғанын көрсетеді. Халықтар арасындағы мұндай тустық қарым-қатнас, әсіреле, совет дәуірінде кең ерістеді. Орыс халықының үлгілі әдебиеттің әсері Совет Одағындағы барлық халықтар әдебиетіне жайылып отыр. Оның бережағында дүние жүзілік әдебиеттің таңдаулы үлгілері де алыс елдерге таралып, сол елдің ауыз әдебиетіне сіңіп отырған. Мысалы: араптың «Мын бір тұн» ертегісі, үндінің «Тоты Намасы» дүние жүзіндегі халықтарға, соның ішінде казақ арасына кең таралғаны белгілі. Бірақ мұның бәрі «ауысып келу» теориясының жемісі емес, халықтар әдебиеті дамуының қоғамдық занды құбылсысы.

Буржуазияшыл фольклористер XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында зор түйікка тірелді. Біркаторы географиялық теорияға, енді біреулері антропологиялық, психологиялық теорияларға, үшіншілері этнографиялық теорияға жармасып, фольклорды зерттеудің жаңа жолын таптап болды, бірақ бұл теориялардың кай-кайсысының болсын ғылымдық негізі әлсіз еді.

Революцияға дейінгі фольклорист ғалимлардың біркаторы орыстың тарихи, эпостық жырларын орыс қоғамының әр замандағы тарихи даму кезеңдерімен байланысты және әртүрлі варианттарын салыстыру әдісімен зерттеді. Алайда, бұл әдістің кате жактары совет фольклорының тәжрибесінде айқын көрінді, кattы сыналды.

¹ М. Горький. О литературе. М. 1937 г. стр. 450, 481.

Фольклор бастаң-аяқ тарих емес, тарихтағы кейбір геройдың аты әпос, өртегіде, не тарихи жырда кездескенімен ол шығарманды мазмұннандағы оқыйғаны түгелінен тарихи шындық деп карауға болмайды. Қыргыздың «Манас» жырын, казактың батырлар жырын дәл тарихтың айнасы деп карау ескі тарихи школаның теориясына қайту болар еді.

Әпоска, ауыз әдебиетіне ұлы тарихи оқыйгалар үнемі негізгі идеялық сюжеттік мотив беретіні рас. Мәселен, казактың батырлар жырына қазақ халқының жонғар қалмақтарының басқыншылығына карсы қазақ жылғы күрестері негізгі мотив болды. Бірақ фольклор тарихи шындықты сол қалпында жырлай бермейді, ақындық қыял, творчестволық шабытпен құбылтып, өзгертіп жырлайды.

Бұл бір. Екіншіден, жазба әдебиеттегі сыйкты ауыз әдебиетіне әр дәуірдегі үстем таптын, дүние таңу ағымдардың әсері де елеулі болып отырады. Сондыктan, кейбір батырлық, тарихи жырларға хан, феодалдардың қасындағы жыраулар өңдеу кіргізіп, тарихи шындықты бұрмалап көрсетеді. Тарихи шындықты дұрыс жырау тек совет дәуіріндегі халық ақындарының творчествосында улкен орын алады, өйткені мұнда ақын мен халық тілегі толық кабысқан.

Фольклор зерттеудегі тағы бір теріс ағым «социалогиялық шкология» бағыты болды. Бұл ағымды колдаушылар фольклорды түгелінен феодалдық үстем тап өкілдерінің творчестволық жемісі деп санайды. Фольклор шығармаларын феодалдардың жалдамалы ақындары шығарған, бұған халықтың ешкандай катысы жок деген көртартапша, марксизме қайшы бұл көзқарасты бір кезде совет мәдениетінің дамуына кесірін тигізген РАПП-тың кейбір басшылары колдады. РАПП-тың басшылығында болған кейбіреулер орыс фольклорының халықтық, патриоттық тарихи мәнін жокка шығарып, бәрі феодалдық шығарма деп жар салғаны, қазақ әдебиетінде КАЗАПП-тың басшылығындағы кейбір солакайлардың ел ішіндегі ақындарды феодалдың жыршылары, бұрынғы фольклордың барлығы феодал табының творчествосы деген лакпа пікірлері совет фольклорының даму тәжрибелінде талқандалып, жойылып отырды.

Совет фольклорының, Совет Одағындағы халық ақындары творчествосынң кең көлемді даму тәжрибесі мен творчестволық құбылсын зерттеу жұмыстары бір-бірімен тығыз байланыста жүргізілді. Марксизм-ленинизм класстерінің теориясымен каруланып, партияның қунбек-қунгі басшылық, программалық нұсқауларына сүйенген совет фольклористикасы фольклорды зерттеу және жынап бастыру жұмыстарын зор мемлекеттік маңыз беріп жүргізді.

Совет фольклористикасы бұрынғы және бүгінгі фольклорлық шығармаларды алдымен ақын, жыршилардың творчестволық ерекшеліктеріне байланысты зерттеді, өйткені совет дәуірінде халық ортасынан шыккан Жамбыл, Сүлеймен Стальский сыйкты талантты ақындар тұнғыш рет жазушы, мәдениет, искусство кайраткерлерінің катарында бүкіл халықтық, когамдық кәдір, баға алды. Олардың шығармасы бүкіл совет әдебиетінің ең таңдаулы шығармаларының катарында бағаланды. Халық ақындары өз дәуірінің шындығын терең бейнелейтін патриоттық, эпикалық жана күрделі шығармалар жасайтындығын бұрынғы буржуазияшыл фольклористер түсінген жок. Совет фольклорының, оның тамаша таланттарының творчестволық тәжрибесі өзіне дейінгі фольклористерге жұмбак болып келген сырлардың бәрін ашып, совет фольклористикасының ғылымдық проблемаларына жаңа негіз жасады. Халық ақындарының бірлі-жарым

өлең, жырлары республикалық газет, журналдарда басылды. Азамат соғысы және елді советтендіру дәүіріне байланысты кейір фольклорлық материалды профессор Диваев Әубекір жыйнай бастаған, бірақ Диваевтың жыйнаган материалдары ете аз және кезінде басылып шықкан жоқ. Октябрь революциясының женісі, казак ауында советтендіру, Лениннің өміріне арналған бірқатар халық өлендері жазушы С. Мұқанов құрастырылған «Ақындардың шашуы» (1927 ж.), «Ленин» (1928 ж.) атты жыннактар басылды. Бірақ казак ауындағы революциялық шындықты жырлаушы ақын, жыршылардың мол өлең, жырлары мезгілімен жыйнап, жазылып үлгірілмеді. Бұған бір жағынан, ол кездегі әдебиет, ғылыми орындардың жастыры, аздығы себеп болса, екінші жағынан, бірлі-жарым ғылымдық (Қазақстанды зерттеу қоғамы) және әдебиеттік (КазАПП) үйымдардың басшылығында болған кейір жат адамдар революцияшыл совет фольклорына маңыз берілмеді, кейір буржуазияшыл үлтшыл фольклористер тек ескілікті дәріптейтін фольклорлық шығармаларды жыйнап бастыруға тырысса, ал КазАПП-тың басшылығындағы солақайлар казактың ауыз әдебиетін жокка шығаруға әрекеттенді.

Қазақстанда совет фольклорын — халық ақындарының творчествосын жыйнау және зерттеу ісіне айрықша басшылық құрал болған және бұл жұмысқа ерекше қарқын тудырган БҚ(б)П Орталық Коғитетінің 1932 жылғы 23 апельдегі әдебиет үйымдарын қайта құру туралы қаулысы және осы кездердегі халық творчествосы туралы М. Горькийдің макалалары еді.

1933 ж. Алматы қаласында казактың үлт мәдениетін зерттеу институты (кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл-әдебиет институтына айналды) үйымдастып, қазақ фольклорының үлгілерін соның ішінде қазақ совет фольклорының үлгілерін көтеп жыйнай бастады. Институт сол үйымдағаннан бері қарай Қазақстанның ең алыс түкпірлеріне арнаулы экспедициялық отрядтарды үздіксіз жіберіп, қазақ фольклорының мол қазнасын жыйнап келеді.

Барлық жыйнаптың материал көлемі 9000 баспа табаққа жетеді. Мұның ішінде 1000 баспа табактан асатын совет фольклорының үлгісі бар.

Фольклорды жыйнаумен қатар оларды іріктең, жаңр ретімен жіктең бастыру жұмыстары да жүргізілді. Бұл ретінде ең алғашкы ғылымдық-әдебиеттік мәні үлкен жыйнап профессор С. Аманжоловтың редакциясымен шықкан «Қазақ совет фольклоры» (1935 ж. Алматы). Мұнан кейінгі жылдарда М. Эуезов, С. Мұқанов және басқалардың басқарумен қазақ фольклорының бірталаі таңдаулы үлгілері жарияланды. Мәселен: Мақал-мәтеддер жыйнағы (1935 ж. құр. Ә. Тұрманжанов), Батырлар жыры I том. (1939 ж. құр. С. Мұқанов). Жұмбактар (1940 ж. баск. М. Эуезов, С. Аманжолов), Айтис. I том. (1942 ж. баск. С. Мұқанов, Е. Исмаилов) т. б. Мұнымен қатар 1936 жылдан бастап Жамбыл бастаған бүгіндегі халық ақындарының өлең, жыр, дастандарының жыннактары үнемі басылып келеді. Бұлардың ішінде Жамбылдың шығармалары жыйырмадан аса жеке кітап болып басылатын болса, Нұрпейіс, Иса. Саяділ ақындардың шығармалары оншакты рет жеке кітап болып басылған. Омар, Кенен, Қайып, Нұрқан, Төлеу ақындардың өлеңдері де бірнеше рет басылды. Бірқатар жыннактар халық ақындарының ортақ өлеңдерінен құралған. Мәселен: халық ақындарының өлеңдер жыйнағы (1937 ж. құр. F. Мұсрепов, М. Қаратаев). Ақындар айтисы (1944 ж. құр. F. Мұсрепов), халық ақындары (1953 ж.

күр. С. Бегалин) т. б. Бұғынгі халық ақындарының жыйнактарына совет дәүрінің шындығын, совет халықтарының ерлік дәстүрін, ұлы көсеміз Ленинді жырлаган совет фольклорының таңдаулы үлгілері еді. Алайда, Қазақ ССР Фылым Академиясының тіл әдебиет институтында жыйналған совет фольклоры үлгісінің көпшілігі, сондай-ақ бұрынғы фольклор үлгісі де әлі кең көлемде басылып үлгерілген жок. Ал бұрынғы басылған жыйнактардың кіріспе сезі, түсініктері. материалдық сұрыптауы жағынан түрлі кате-кемшіліктері болды. Сол колда бар фольклор үлгілерін іркітеп, таңдал жарыққа шығару күрделі ғылыми әдебиеттік міндеттік бірі.

Осы кезде өзінің талантты шығармаларымен жүртшылыққа танылған жеке халық ақындары туралы жазылған көптеген мақалалармен қатар қазақ фольклорының кейбір түйінді мәселелері зерттеле бастады. Профессор М. Әуезов қазактың және қыргыздың батырлар жырын, жазушы С. Мұқанов қазақ ақындарының айтысын зерттеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ фольклорының тарихын зерттеу жұмысы бірқатар тереңдей түсті. Профессор К. М. Сидельников қазақ фольклоры туралы көрсеткішін (1951 ж.) Қазақ ертегілерінің жыйнағын орыс тілінде (1952 ж.) бастырды. Н. С. Смирнова жолдастың басқаруымен совет дауіріндегі қазактың халық поэзиясы туралы очеркі жақында (1955 ж.) басылып шықты. Қазақ фольклорының мәселелері жанр, тақырып, сала, дәуір ретімен зерттеу ісі де колға алынды. Жеке диссертациялық еңбектермен қатар қазақ әдебиеті тарихының фольклорға арналған I томы жазылды. Орта мектемпек арналған қазақ әдебиетінің оку құралдарында қазақ фольклорының басты жанрлары талданып беріле бастады.

Алайда бұл кездегі қазақ фольклорын, қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жұмысында өрекшел саяси кате-кемшіліктер болды. Қазактың өткен замандағы фольклор мұраларын түтелінен халықтық деп дәріптеу, фольклор шығармаларының қофамдық, таптық сырларын ашпай көмескі қалдыру, «Едіге» сияқты хан мен феодалдарды маддактайтын эпосты қазақ аузы әдебиетінің ең даналық үлгісі етіп көрсету, Қенесары сияқты шапқыншы ханшарды дәріптейтін тарихи жырлардың көртартпашилдық мазмұнын әшкерелеп көрсете алмау сияқты елеулі кате-кемшіліктер бірқатар әдебиетшілердің еңбектерінде болды. Ол қателіктерге осы сөзді жазушы автордың өзі ең алдымен ортақ екенін окушылардың есіне саламын. Ол кате-кемшіліктер партияның идеология мәселелері туралы тарихи қауылдарын жүзеге асыруға байланысты мәзгілімен, батыл сыйналып көрсетілді, соны түзөу бағытында жұмыс істеліп келеді.

Қазақ әдебиеті тарихының I томында қазақ фольклорының традициялы жанрларына байланысты күрделі мәселелер тексерілуден қатар, қазақ совет фольклорының даму жолдарына айрықша токтальып, совет фольклорының идеялық, көркемдік, жанрлық ерекшеліктері, халық ақындарының шығармасында халық батырларының образын жасау, әпикалы жырлардың туып қалыптасу мәселелері тексерілді. Мұның өзі жалпы совет фольклористикасында әлі кең зерттеліп шешілмеген жаңа мәселелер еді.

Совет одағындағы фольклористер, алдымен орыс фольклористері бұрынғы традициялы фольклорды зерттеуде көп жұмыстар істеді. Сонымен қатар ұлы жазушы М. Горькийдің фольклор жөніндегі қағидалы пікірлерін іске асыру бағытында орыс фольклористері орыстың және совет халықтарының революцияшыл советтік фольклор

үлгілерін, советтік жыршылардың айтқыштық өнерлерін зерттеу нінде де елеулі жұмыстар жүргізіп келеді. «Правда» газетінің ре-дакциясы бастыран жыйнактар халық творчествосының тандауда үлгілеріне жатады. Жамбылдың шығармалары орыс тілінде миллиондаған тиражбен көтеп басылуда. Орыс тілі арқылы Жамбыл өлеңдері совет одағы халықтарының тілдеріне, жер жүзіндегі көп халықтардың тіліне аударылып тарапалды. Жамбылмен катар Нұр-пейіс, Доскей, Омар Шипин сыйкты ақындардың өлең-жырлары да орыс тіліне аударылып басылып келеді.

Совет фольклорының үлгілерін орыс фольклористері тақырып, жанр ретімен де жынап көтеп бастыруды. Алайда одақ көлеміндегі белгілі фольклорист Фалымдардың еңбегі негізінде бүрінғы традициялы фольклордың мәселелерін зерттеуге ариналып, ал совет дәүіріндегі халық поэзиясы, совет фольклоры туралы жазылған арнаулы, түжырымды ғылыми кортынды жасалған монографиялық еңбек жок. 1952 жылы басылып шықкан «Очерки русского народно-поэтического творчества советской эпохи» (М. 1952.), атты еңбектің өзінде де елеулі кате-кемшіліктер бар екендірі Бахтин¹, Леонтьев² тағы баска фольклорист сынышылар Гана көрсетіп қойған жок, «Очеркти» жазушы негізгі автордың бірі орыс фольклорының белгілі маманы—В. Чичеровтың өзі де мойындаиды³. Алдымен совет фольклорының аныктаамасы дәл ғылыми түрғыдан берілмеген. Оның бережагында «Очеркте» совет фольклорына жатпайтын, сынау ретімен аталатын ескі былиналық, ертегілік дәстүрді дөрекі кайталаган кейір «дастандарды». «Ертегілерді» ел аузында бұзып, өзгеріліп айтылған жазба ақындар өлеңдерін халықтық шығарма деп талдаулары, әсірепе фольклорлық шығармаларды әдебиет шығармаларына қойылатын талап түрғысынан сынай отырып текстермеушілігі, халық ақын жыршыларының ерекшелігін колективтік творчествога карсы қоюшылық принциби сыйкты кате-кемшіліктер бұл «Очеркте» бар екені даусыз. Алайда Н. Леонтьев сыйкты сынышылар «Очеркти» талқандап сынаймын деп тіпті совет фольклоры жок дегенге дейін барып, бір жақтың пікір айтып жүр.

Біздінше, совет фольклоры, советтік халық творчествосы бар ма, жок па деген мәселе, совет дәүіріндегі халық жыршыларының творчестволық даму жолдары мен ерекшеліктері, негізгі жанрлары деген мәселелер әлдекашан даусын шешілген, совет халық ақынжыршыларының творчестволық тәжрибесінде толық дәлелденген болатын. Совет фольклоры туралы соңы айтыстардың өзі де осыны көрсетіп отыр. Совет дәүіріндегі халықтың творчествосы, халық ақындарының өлең жырлары совет халқының елеулі рухани азығының бірі болғандығын және бірі болып келе жатқандығын, осыған партия мен үкімет тарапынан көрсетілген басшылық, камқорлық жағдайлардың өзі айқын дәлелдейді.

Бахтин мен Леонтьев және бұларды колдайтуғын кейір фольклористер советтік дәүірдегі халық әдебиеті үлгілерін революцияға дейінгі фольклордың ерекшелігімен өлшеп, тон пішіп,— ауызша та-

¹ В. С. Бахтин. «О некоторых проблемах фольклористики. Советская этнография», № 2. 1953 г.

² Н. Леонтьев. «Волхование и шаманство». «Новый мир». № 8 1953 г.

³ «Новый мир» № 8, 1954 г.

ралмаған, вариандық айналмаған шығармалар емес, немесе колхоз-шығымысшылар шығарып айткан өлең-жырлар авторы болса, немесе акын жырши өзі жазатын болса ол фольклорлық шығармаға жатпайды дейді. Сонымен бірге жазба акындардың өлеңдері халық арасына көп таралып, кейбір сездері өзгертіліп, «бұзып» жырланса, оларды фольклор, творчествосы деп өздеріне өздері қарсы шығады.

Сонда фольклорлық шығармалардың белгісі халық арасына таралып өзгеріске үшірауы, авторлығы жойылуы ғана болып шыгады. Бұл бір жакты, теріс көрткінді. Хаттану, авторы болу, халық әдебиетінің сыйпатына жатпайды дейтін теріс пікірлердің бір кездерде буржуазияшылғалымдар да айтқан болатын. Оған қайта оралу жаңалық емес.

Шынында советтік халық поэзиясы, бұрынғы фольклордың жақсы, прогрессивті дәстүрін сактай отырып дамып, ғүлденді, ол революциялық идеяны жырлауда бір жағынан бұрынғы ауыз әдебиеті дәстүріне сүйенсе, екінші жағынан еліміздегі мәдениет революциясының нағайесінде, дамып калыптасқан советтік жазба әдебиет енеріне үлгі алды. Бұл әсіресе Қазақстандағы халық акындарының творчестволық өмірінде манызды орын алады. Совет фольклорының жалпы дамуы, бұрынғы дәстүрмен новаторлық мәселелері, халық акындарының социалистік реализмі менгеру жайы жыршылардың акындық ерекшеліктері, совет дәүіріндегі жаңа эпикалық дастандардың туып, даму мәселелері сез болғанда қазактың—Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, немесе, қырғызың—Халық, Әлімқұл, өзбектің—Юлдаш, Ислам, түркімненің—Атасалық, дағыстаның—Сүлеймен Стальский сияқты белгілі акын-жырши, бақсылардың творчестволық тәжрибесі көрткіліп айтылмай, совет фольклоры туралы тұтас, ғылыми көрткінді жасалмаған болар еди.

Ұлы Социалистік Октябрь революциясына дейін ауыз әдебиет дәстүрі күшті және негізгі дәстүр болып келген казак, қырғыз сияқты халыктардың советтік әдебиетінде халық поэзиясы негізгі бір сала ретінде дамыды. Бұл қуатты творчестволық фактор совет одағындағы халықтың поэзияның дамуының ортақ заңдылығын аныттауымызға толық мүмкіндік береді.

Фольклористердің кейбірі К. Маркстің—ескі гректің мифологиялық эпосы енді қайталамайды деген пікіріне сүйеніп, жаңа советтік эпикалық поэмалардың туып, дамуна күмән келтіріп жүр. Ал, совет дәүіріндегі халық акындары жырлап таратқан жырлар бұрынғы мифологиялық эпосты қайталама, реалистік дәстүрмен жаңа формада ламып келе жатқандығы белгілі. Олай болса советтік эпостың дамуына, соған байланысты кейбір акын-жыршылардың творчестволық фантазиясына, бұрынғы эпикалық жырлардың жақсы үлгілерінен үйренуіне шек қоюға болмайды. Бұл ретінде М. И. Калининнің «бұғын капитализм жек көріп токыратқан рухани өнірістің бір саласы, өткен заман мей бүгінгі замандагы халық творчествосының өрісін ұштастырған совет эпосы туды!» деген пікірі есте болу кажет.

Бұл пікірдің дүрыстығын совет халық акындарының, сонын ішінде Жамбыл, Нұрпейіс, Иса сияқты қазактың халық акындарының творчестволық тәжрибелері толық растайды. Жамбылдың «Өтеген

¹ М. И. Калинин. О коммунистическом воспитании. М. 1951. стр. 113.

батыр», «Сұраныш батыр», «Ворошилов туралы», «Түған елім» атты. Нұрпейістің «Пожарский», «Өрістеген өмір», «Нар кыз», «Жыйырма бес», Исаңың «Алтай аясында», «Ақбөле», «Он бір күн, он бір түн» атты әпикалы дастандары бұрынғы әпикалы жырлардың реалистік дәстүрлерін, шындыққа сәйкес кейір фантазиялық элементтерін орынды пайдылана отырып, советтік дәуірдің идеялық түрғысынан шебер жыланған советтік эпос шығармалары. Бұл дастандарда бұрынғы эпостың әсірелеп, қыялға бөлеп, жырлау әдістері қайталанбайды, мұнда совет поэзиясына тән идеялық көркемдік принциптер, реалистік әдістер елеулі орын алады.

Халық ақын жыршыларының творчествоны, өмірін жазба ақын-жазушылардың творчествоны мен өмірін зерттеген әдіс, тәжрибемен тексерудің өзи фольклорлық дәстүрге, «коллективті» творчествоның принципіне қайшы дейтіп сыншылар қатты адасады. Шынында совет фольклорындағы коллективті творчествоны ақындардың даралық творчествоның карсы коюдың ешбір орын жок. Авторы белгісіз, халық арасына ауызша таралып жүрген өлец-жырларды коллективті творчество, олар халық әдебиетінің үлгісі десек, ал сол халық арасында еңбек процесінде бірге біте қайнасып жүрген халық ақындарының ел арасына ауызша немесе кітап, радио арқылы таралған өлец-жырларын авторлы дарапалық творчество дейміз. Бірақ бұл соңғыны авторы болғандықтан немесе басылып таралғандықтан халық әдебиетінің үлгісі емес деуге хакымыз жок. Ерте кезде фольклорлық шығармалардың ауыздан ауызға таралып, өзгеріске үшірауы — оның әуелінде белгілі бір авторы болмағандықтан емес, ол шығарманың әуелі жырлаған ақыннан жазып алғы мезгілімен жарыққа шығаратын халықтың жалпы мәдениеттік дәрежесі төмөндігінен тудады. Осында жағдайда ақындардың авторлығы жоғалып отырған. Оның үстінен ескі феодалдық, капиталистік коғамдық күрілісінде ақын-жыршылардың даралық таланты, творчестволық қызметі қадірленбеді, тапталып тұншығып, жоғалып отырды. Ал сол тұншығып үні өшүге айналған халық таланттары совет заманында қайта туып, өздерінің творчестволық гүлденеүін таныттын болса, өз шығармаларын өз атымен тарататын правоға жететін болса, оларды халық ақындары демей, олардың өлец жырларын халық поэзиясы демей не дейміз?!

Совет фольклорының шығармаларына ауызша таралу, авторсыз болу, вариантика айналу ең ақырында коллективті творчество болу басты шарт емес. Өйткені, қазіргі халық ақын-жыршыларының көптеген жырлары алдымен баспа, радио арқылы таралады, тұрақты тексті·сакталады; коллективтік творчествоның сыйпаты белгілі бір тақырыпты, белгілі бір идеялық мотивті әр ақынның қайталап жырлаудын және ақындардың айтысынан айқын байқалады.

Ал қағазға түспеген, ауызша айтылып жүрген өлец-жыр, мақал-мәтел, әзіл, қалжың сөздер, такпактар да аз смес. Олар да даусыз коллективті творчество, міне осы коллективті творчество түрінде ауызша айтылатын өлец, жырлардың, сондай-ақ әрбір жыршының өз айтуынан жазылып алғынған жырлардың бәрі бірдей идеялық көркемдік жағынан екшелген, іріктелген құнды шығармалар емес. Жыйнап, жазып алуға келгенде, тағы іріктеледі. Редакциядан өтеді. Олай болса халық ақындарының басылып таралған өлец, жырлары ауызша айтылып жүргендерімен салыстырғанда идеялық көркемдік жағынан анағұрлым жатық, жыйнақты, тәртіпті көлеттің даусыз. Тек басылып таралғандығы, немесе авторы болғандығы үшін халық ақын-

дарының шығармаларын жаһык поэзиясы емес деуге ҳақымыз жок.

Советтік жаһык поэзиясының негізгі бір ерекшелігі, мейлі авторы болсын, болмасын оның нағызы қалың көпшілік ортасында туып дамыйтындығы, ол шығармаларды колхозшы, жұмысшы ақын-жыршылардың еңбек процесінде шығарып айтатындығы және ол шығармаларды колхозшы, жұмысшылардың өздерінің ой-сезіміне, эстетикалық үғымына сай ҳаһыктық көркем тіл, ҳаһыктық ақындық өнер үлгісімен жырлайтындығы.

Орыс совет фольклористикасында, сондай-ақ Совет Одағындағы басқа республикалардың жаңа ақын, жыршылары туралы жазылған еңбектерде бүгінгі совет фольклорының бүрынғы традициялы фольклормен салыстырылганда негізгі айырмашылыктары, даму заңдылыктары, советтік ақын-жыршылардың творчестволық есүі мен (еволюциясымен) ерекшеліктері, жаңа эпикалы шығармалардың даму, қалыптасу жолдары әлі жаңжакты зерттеліп ашылған жок. Ол мәселелерді зерттең ашарлықтай материалдар, фактылар, әсіресе Жамбыл сыйкты жеке ақындардың творчестволық өмірі туралы накты материалдар белгілі фольклорист ғалымдардың колында жет-кіліксіз.

Жазушы, әдебиетшілер Жамбылдың өмірі, ақындық ерекшеліктері туралы көптеген мақала, очерктер жазылған, Жамбыл шығармаларының патриоттық мәнін, оның совет әдебиетіндегі елеулі орнын жүртшылықка кең түсіндіріп келеді (М. Эузев, С. Мұқанов, Н. Тихонов, Э. Тәжібаев, Ф. Орманов, С. Бегалин, М. И. Фитисов, Х. Зелинский тағы басқалардың еңбектері).

Жамбыл туралы сондай-ақ қазақтың басқа да белгілі ақындары туралы жазылған мақалалар, шағын кітапшалар қазақ совет ҳаһык әдебиетіндегі күрделі мәселелерін кеңінен қамти алмады, оның үстіне әр мақалалардың бірқатары үстірт, жалпылай жазылған, олардың кейбірінде қазақ әдебиетіндегі ескі мұраларын теріс үғындыратын елеулі қателіктер де бар. Жамбыл және басқа ҳаһык ақындарымыз туралы мақала немесе жеке кітапшаларда ақындардың творчестволық ерекшеліктері, әсіресе олардың тіл шеберліктері, бүрынғы дәстүр мен бүгінгі жаңалықтарының қабысулары тағы басқа күрделі мәселелер ғылымдық дәрежеге көтеріліп сөз болған емес. Демек, қазіргі ҳаһык ақындарының творчествосына байланысты түйінді мәселелер кен зерттеуді керек етеді.

Қазақ ҳаһының бүрын-соңды фольклор қазнасы үшан теңіз бай. Ол әдебиетшілердің кай-қайсысын болсын қызықтырып келеді. Қазақ әдебиетіндегі майданына араласқан адамдардан фольклор, ҳаһык ақындары туралы пікір айтпағаны жок. Олай болу табиғи заңды да. Ҳаһык ақындарының шығармаларын, қазақ фольклорының мәселелерін зерттеу ісіне өзімің араласуымың кейір жағдайларын айта кетейін. 1933—1934 жылдары үлт мәдениетін зерттеу институтының тапсыруымен ең алғаш ауыз әдебиет үлгілерін ақын-жыршылардың өз айтуынан жазып алу жұмыссына қатнастым. Оナン бергі жерде Алматы қаласында өткен ҳаһык ақындарының слет, айттыстарына үнемі қатысып, олардың творчестволық импровизаторлық тәжрибелеріне жақын араласып, бақылауыма және фольклорлық шығармаларын көптеп жазып алып отыруыма толық мүмкіндік болды. Ғылым академиясы тарапынан үйимдасқан экспедициялар арқылы немесе, Қазақстан жазушылар одағы тарапынан берілген командировкалар арқылы бірталай ақындардың аулында, үйінде болып отырдым.

Қазак ССР ғылым академиясындағы әдебиет, фольклор ісімен накты айналысу қызметіме байланысты (1939 жылдан) Қазакстандағы белгілі ақын, жыршылардың барлығымен де үнемі қарым-катаң жасап отырдым. Осылардың нәтижесінде, халық ақындарының өмірі, тұрмысы, творчестволық дүниесі маган соншалық жақын, таныс дүние болып кетті. Бұл ұзақ жылдар жақын араласып, олардың творчестволық өмірін бақылау, шығармаларын жазып алу маган соншалық мол, таусымас қызық материалдар, фактылар берді. Солардың жүзден бірі ғана бұл еңбекте пайдаланылып отыр.

Оның бережагында халық ақындарының шығармаларын, творчестволық өмірлерін зерттеу үстінде, олар жайында үнемі макалалар жазып отыруыма толық мүмкіндік болып отырды.

«Пушкин қазактың халық әдебиетінде»—(1936 ж.), «Толғау тұралы»—(1938 ж.), «Халық ақындарының творчестволық міндетті»—(1940 ж.), «Халық әдебиетінде Амангелді образы»—(1939 ж.), «Батыр туралы жыр»—(1943 ж.), «Нүрпейіс Байғанин» (1949 ж.), «Қазакстанда халық ақындарының творчествосы»—(1949 ж.), «Иса Байзаков»—(1950 ж.), «Жамбылдың реалистік дәстүрі жайында»—(1954 ж.), «Казіргі халық поэзиясы»—(1955 ж.), «Иса Байзаковтың ақындығы»—(1956 ж.) және басқаларын жазды.

Қазак совет фольклорының ақындық өнерінің жан-жақты зерттелуға тиісті мәселелері көп, оларды жанр-тарихи даму түрғысынан ғұтастау, корыту ретімен тексеруге де, жеке халық ақындарын монографиялық ретімен тексеруге де болады. Бірқатар түйінді мәселелері ССР ғылым академиясының этнография, жер жүзі әдебиеті институттарында, Қазак ССР ғылым академиясының сессиясында баяндама-проспект түрінде айтылып, талқыланып келген «Қазак совет фольклоры» атты¹ еңбегім осы жұмыстың алғашкы бастамасы болатын.

Енді бұл еңбекте Жамбылдың творчествосына айрышка токтаптып отырмыз. Өйткені Жамбылдың халықтық даналықпен көркем жырланған поэзиясы казак әдебиеті көлемінде ғана емес, бүкіл одактық совет әдебиетінде айрышка маңызы орын алады. Фасырлар бойы халықтың коғамдық рухани өмірімен біte қайнаскан қайнар бұлақ көзі сарқылмас дариядай халық әдебиетінің асыл казналарын, ақындық өнерлерін сактап келген Жамбыл халық поэзиясының сол жаксы дәстүрлерін социалистік реализм әдісімен дамыған совет әдебиетіне үштастыра білді. «Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жаһынды, қуатты елендері» («Правда» 20. V. 1938 ж.) совет халқының социализм жолындагы тарихи күрестерін, ерлік женістерін бейнелегендігі белгілі. Біздін заманымыздың көрнекі жазушы М. Шолохов, Совет Одағы Коммунист партиясының XVIII съезіндегі съезінде Жамбылдың «эпикалы ерлік жырларына» сүйсіне баға беріп, Жамбыл сыйкыты үлт ақындарының үндегі орыс әдебиетімен үндесіп, оны молықтыра түскендігін атап көрсетті (стенограф. отчет XVIII съезде ВКП(б). 1939 г стр. 475).

Совет жазушыларының II съезінде А. Сурков жолдағы Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халқының жеңіске берік съезімін жырлаушы ақындардың алдыңғы қатарында Жамбылды атады.

Демек, халық поэзиясының алыбы Жамбылдың шығармаларын, ақындығының тарихи даму түрғысынан да, социалистік реализмге же-

¹ Қазак әдебиетінің тарихы. 1 том. 1949 ж, 360—436-6.

ту түрғысынан да накты талдау жасап, тексеру еңбекті жазудағы не-
гізгі мәксаттың бірі болса, сонымен бірге ол мәселелер советтік әде-
биет тану жұмысының алдына койылған манызды халықтық та-
лап екендігі белгілі.

Халық поэзиясының тандаулы үлгілерін шығарып айтушылар
да, ауыз әдебиетінің жаксы творчестволық дәстүрін сактап дамы-
тушылар да ақындар. Ақынсыз фольклор жок. Фольклорсыз ақын
жок. Қазактың өткенде мол ауыз әдебиеті эпосы туралы сөз болса
да, совет дәүіріндегі халық поэзиясы туралы сөз болса да ақынның
творчестволық ролі туралы айтпай болмайды. Тіпті авторы белгі-
сіз фольклор шығармаларының өзін ақын-жырышылар колективи шы-
ғарып таратқандығы даусыз. Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі
идеялық, көркемдік мәні жоғары ғажап сұлу өлең-жыры, дастандарын
ғасырлар бойы сактап, дамытып, ірікте, үрпактан үрпакқа
жеткізіп келген ақындардың творчестволық өмірін әдебиеттік тұрғы-
дан зерттеу аса манызды.

Жамбыл поэзиясы халықтың бүрын-сөндө ауыз әдебиетінің
жаңа сапалы жыйынтығы. Олай болса Жамбылды, Жамбылдың сыйкыты
совет дәүірінде таланттың кайта оянып, творчествосы гүлденген халық
акындарының бүрынғы фольклорлық, ақындық дәстүрлермен
байланысын да ашу кажет болады.

Жамбыл, Нұрпекіс, Төлеу және басқаларын халық ақыны дей-
міз. Халық ақыны дегеніміздің өзі кім? Олардың импровизаторлық
өнері, ақындық дәстүрі калай дамып калыптасты? Бұл күнге дейін
қазақ әдебиетінде халық ақыны жайында немесе жырау, жырышы,
энші, ақын, сал, серілөр, өлеңшілер, олардың ақындық орталары
туралы ешкандай әдебиеттік зерттеу енбектері жок. Бұл мәселелерді
аныктап алмайынша бүгінгі халық ақындарының, совет фольк-
лорының, соның ішінде Жамбылдың творчестволық сыйпатын кен-
түсіну мүмкін емес. Сондыктан да «акын және оның тұлғалары»
деген арнаулы тарауда ақындық дәстүр, ақын-жыраулардың типіне,
акындық таланттың жетілу маселелеріне айрықша токталып, олар-
ды тарихи даму түрғысынан тексеруге назар аударды.

Жамбыл шығармаларының реалистік және эпикалық сарында
даму, есеке кезеңдері тексеріледі. Эсіресе, Жамбылдың совет дәүірін-
дегі толғау, поэмаларының идеялық көркемдік және жанрлық ерек-
шеліктерін айқындау, ақындық тіл шеберліктерін ашу, бүрынғы
әпостық дәстүрден жаңа эпикалы шығармалар жасауының занды-
жықтары¹ ашу негізгі бір нысана болып отырды. Оның бережаинда
Жамбылдың айтыстары мен «Өтеген», «Сұраныш батыр» дастан-
дарының қазақ тарихындағы когамдық шындықтармен, аның әнгі-
мелермен² байланысты жактарын әдебиеттік, тарихи архивтік дерек-
терге сүйене отырып анықтаудың манызы аса зор екендігі даусыз.

Халық поэзиясында ақындық стиль, дәстүр мәселелері сөз бол-
ғанда, батырлық эпикалық жырларды дамытушы Нұрпейіс, лири-
калы поэмаларды жазушы Исаны айтпай болмайды. Халық ақын-
дарының жазба әдебиетпен байланысын, халық поэзиясындағы орыс
әдебиетінің әсерін анықтау түрғысынан, «Евгений Онегиннің» халық-
тық вариантарын зерттеу автор үшін манызды мәселенің бірі болып
келді!

¹ Е. Исмаилов. «Народные варианты «Евгения Онегина», Вестник АН. КазССР, 1949 г. № 6.

Әрине, қазактың халық ақындарының совет дәүірінде гүлденіп дамыған творчествосымен байланысты ғылымдық маңызы зор мәселелер көп, олардың барлығын бұл еңбектің көлеміне енгізу мүмкін болмады.

Халық ақындары бұрынғы ауыз әдебиетінің жақсы дәстүрін сақтап дамыта отырып, бүгінгі жазба әдебиеттен көп үлгі алады, жазба әдебиеттің бүгінгі халық әдебиетіне творчестволық әсері үлкен, сондай-ақ жазба әдебиет өкілдері халық әдебиетінен де, әсіресе халық әдебиетінің тіл байлығынан үздіксіз үлгі алып келеді. Халық ақындарының бірқатары совет дәүірінде оқып, білім алу арқасында жазба поэзияның ақындық, творчестволық мәдениетін мемгеру дәрежесіне көтеріледі. Сондықтан бұл еңбекте ауыз әдебиетінен жазба әдебиет дәстүріне көшудің заңдылық мәселесі де сөз болды.

Совет заманының даңқты жыршысы Жамбылдың «миллиондарың жүргегін терберген», «біздің деуірдің ілгерілеген қыймылыны» бейнелеген талантты, төрек патриоттық идеялы шығармалары казак совет мәдениетінің даму тарихында аса елеулі орын алды, Жамбылдың саяси мазмұны өткір, көркемдік қуаты күшті поэзиясы совет халықтарын патриотизм рухында, коммунист партиясына, совет отанына шексіз берілгендей сезімде тәрбиленудің мыкты бір құралы болды. Сондықтан да совет әдебиетіне елеулі үлес қосқан Жамбыл шығармаларының идеялық, көркемдік ерекшеліктерін ашып, анықтаудың ғылыми әдебиеттік маңызы өте зор.

Совет Одағы Коммунистік партиясының орталық комитеті идеологиялық мәселелерге әрқашан айрықша назар аударып, көркем творчествосының даму жолындағы негізгі міндеттерді атап көрсетіп отырды. КПСС XX съезі әдебиеттің өмірге байланысын күштейту, көркемдік шеберлікті арттыру, қоғамдық ғылым саласында тарихи шындықты айту, халықтың жасампаз ролін көрсету жөнінде орасан зор теориялық және творчестволық маңызы зор бағытты сілтеулер берді. КПСС Орталық комитетінің идеология мәселелері туралы тарихи қаулылары мен нұсқауларын жүзеге асыруға байланысты нақты талаптың бірі—бүгінгі советтік әдебиеттің ғылымдық, теориялық мәселелерін айрықша зерттеудің қажеттігі. Қазактың әдебиетші, сыншыларының алдына қойылған бұл партиялық талапқа іспен жауап ретінде жазылған еңбектердің бірі осы «Ақындар» атты кітап. Жамбылдың, онымен үндес, замандас халық ақындарының ақындық дәстүрін зерттеу—қазақ совет әдебиетінің маңызды, күрделі мәселелерін зерттеу болмак, Жамбылдың және басқа ақындардың творчестволық тәжрибесін жанжакты зерттеу дегеніміз қазак совет поэзиясының халық әдебиетіне байланысты творчестволық міндеттерін анықтау деген сөз. Сонымен еңбекте Жамбылға байланысты ақындық мәселелері ғана емес, бүгінгі қазақ совет поэзиясының бірқатар творчестволық мақсаттары да қамтылып отыр.

I taray

АҚЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮЛҒАСЫ

Ақын-импровизатор

Қазақ ұғымында ақын деген сөздің мағнасы кең. Ко-
лына домбыра алып өлең айтқанды, топ алдында өлеңмен
айтысқа түскенді ақын деген. Академик Радловтың, про-
фессор М. Эуезовтың айтуларына қарағанда ақын деген
сөздің түркі мағнасы ағын, ағылудан шығуы ықтимал. Ха-
лық алдында үздік өнермен бөгелмей, бұлактай ағылып
жырлағанда, тындаушыны өзінін ағынды өлеңіне бағын-
дырып, тынданаты білгенді ғана шын ақын деп тануға бола-
ды дейді В. В. Радлов¹.

Ал профессор К. К. Юдахин ақын ұғымы үйірдыш —
құрметті адам, ақылғой мағнасында қолданатын — ақын
деген сөзінен қазақ, қырғызға ауысуы мүмкін² дейді. Бі-
рақ ол мәселені ақындық дәстүр түрғысынан алып тексер-
мей, тек сөздің төркіні, құбылышы түрғысынан қараған-
дықтан бұл жөнінде тыянақты қортынды жасалмайды.
Бұрынғы шығысты зерттеуші ғалымдардың бірталайы
акын деген сөздің төркінін парсының, араптың немесе
бараба татарларының ахон деген ұғымынан іздемек бол-
ған ойларының да дәлелдері жоқ.

«Бақшы», «жыршы», «шайыр» деген сөздің Орта Азия
халықтарында әртүрлі ұғым алып қалыптасқаны сыйкты,
акын деген сөз де қазақ, қырғыз, қарақалпақ тағы бас-

¹ В. В. Радлов. Образы народной литературы северных тюркских племен, ч. V, СПБ, 1885 г. стр. 5.

² К. К. Юдахин. О киргизском термине акын ст. академику В. А. Гордлевскому М. 1953 г. стр. 325—326.

қа халықтарда ұлттық ерекшелігі бар нақты мәннәға ие болып қалыптасқан.

Қазактың әдебиет, фольклор дүниесінде ақын бір ғана жырлаушы (певец), әнгімеші (сказитель) мәннасында жүрмейді, шығарып айтушы (поэт) мәннасында да қолданылады. Сондықтан бір ақын деген сөздің аумағына әрі поэт, әрі певец, әрі сказитель, әрі суырыпсалмалы (импровизатор) ұғымдар түгел сиятын сияқты.

Осы кең мәннәдеги ақындық қасиет, белгілер совет дәуіріндегі Жамбыл сияқты ақындарда толық болды.

Қазақ поэзиясында творчестволық қызметіне қарай ақынды екі жікке бөлеміз. Бірі өлеңді домбырамен сұрып салып айтатын, немесе жазып шығарса да жұттап әнге қосып, ауыз әдебиет дәстүрімен айтатын импровизатор халық ақындары. Екіншісі — оқыған, білімді, өлеңді жазып шығаратын жазба ақындар (поэт). Біздің әңгімеміз алғашқы жүйедегі ақындар туралы болмақ.

Бұрын буржуазияшыл фольклористер ақынның дара-лық творчестволық ролін таңыған емес, олар фольклор шығармаларының барлығын да белгісіз ақындар жасады, бұрынғы жыршыны соңғы жыршы толықтырып отырды дегеннен басқаны айта алмады. Тек совет фольклористері социалистік заманың әралуан шындығын, советтік патриотизмді терек жырлаған ақындардың өзіндік ақындық жолын, ерекшелігін зерттеп, білу арқасында ақын, жыршы туралы жаңа ғылымдық ой-пікірді қорытты. Қазіргі домбырамен жырлайтын, көбінесе ауылда, халық ортасында тұрып өлең-жырларын халық арасына ауызша шығарып таратушы ақындарды халық ақындары дейміз.

Ауызша жырлаушы ақынның бәрі бірдей халық ақыны ма? Оның анықтамасы, ұғымы қандай болмақ? Бұрын адамдар қанаушы, қаналушы болып екі тапқа бөлінген замандағы ақынның бәрін халық жыршысы, ақын айтқанның барлығын халық әдебиеті деуге болмайды. Қазақ әдебиетінің тарихына көз салсақ ақындар жасаған дәуіріне, шыққан тегіне, өскен таптық ортасына қараи әртүрлі талтық идеяны жырлаған. Бірқатар ақындар хандардың қасында кошеметші, ақылшы, мақтаушы ретінде хандық, феодалдық идеологияны жырлаған, сондай-бірқатар ақындар халық бұқарасының басындағы ауыр, аянышты халді көріп, сол халықтың азаттық, еркіндік жолындағы күресін, арманын, талап, тегін жырлаған.

Бұл екі жүйедегі ақындардың екеуі де ауызша шыга-

рып айтқаны мен әуелгісі қанаушы тап жыршысы халық тілегіне қайшы ақындар, ал соңғысы халық мұзының жырлаушылар.

Ал совет дәуірінде қарт ақын-жыршылар революциялық идеяны, совет халқының ерлігіне, коммунизм құру жолындағы жеңімпаздық дәстүрін жырлайды, совет елінің, оны үлі жеңістерге бастап отырған коммунист партиясының халықтық идеясын жырлайды. Өйткені социализм дәуірінде қанаушы тап жойылды, халық тілегі мен ақын тілегі толық қабысқан, сондықтан өзінің бүгінгі өмірін, күресін жырлаушы ақындарды совет халық ақыны халық жыршылары деп атап кетті. Одан соң ақын-жыршылар ауылдағы еңбекші шаруа, колхозшы ортасынан шыққан, сол ортада өскен еңбек адамдары. Олардың ойы, түсінігі, сезімі сол ауылдағы еңбекші колхозшылардың дүниеге көзқарасымен тығыз байланысты. Колхозда, совхозда, немесе, өнеркәсіп орындарында қайнаған еңбектің өз ішінде істеп жүріп сол көрген, сезгенін колхозшы шаруаның, жұмысшының үфымы, сезімімен, олардың тілімен жырлайды. Халықтың еңбек өміріне тығыз байланысты шығарманың идеялық, көркемдік қасиеті қашанда жогары скендігі даусыз. Совет заманындағы халық ақыны бақытты халықтың, аброй, даңққа бөленген еңбек ерлерінің сезім күйлерін жырлай отырып, оның таланты қуаттанды, жетіледі. «Правда» газеті 1936 жылы қазақ көркем өнерінің он күндігіне көртынды жасаған бас мақаласында — искусствоның ең таңдаулы үлгілері барлық-уақытта да еңбекші халық өмірімен біте қайнасып туғандығын, нағыз көркем өнердің өсіп шығатын қайнар бұлағы халық көркемөнері екендігін, бұл күнде халық творчествосының сарқылмас кезі ашылғандағының атап көрсетті¹ Демек, халық ақыны, халық таланты бүгінгі социалистік еңбек адамының ізгі, ілгерішіл ой-сезімін, коммунизм құру жолындағы бүкіл халықтық арманын жырлаушылар. Сонымен катар халық ақындары халықтың ғасырлар бойы жасап, сактап келген аныз-ертегі, батырлық жыр, тапқыр сөз, мақал, тіл көркемдіктерін жаңа шығармаларында мол пайдаланып, җаңа мазмұнға сәйкес өзгертіп, дамытып отырады. Рас, колхозда жырлаушылардың бәрі бірдей жаңа шығармалар беретін ақын емес, бірқатары жаттап айттуши жыршы, немесе, өлеңшілер, ғана. Эрине, оларды

¹ «Правда», 27. V. 1936 г.

халық ақыны дей беруге келмейді. Біздің заманымыздағы шын мағнасындағы халық ақыны — Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Орынбай, Иса, Нартай, Саяділ, Куат, Төлеутағы сондай дәүіріміздің өршіл патриоттық идеяларын, қоғамдық шындығын көң жырлаған ақындар.

Біз Абайды да халық ақыны дейміз. Өз заманында Белинский, Пушкинді орыстың ұлы халықтық-ұлттық ақыны деген. Біздің қазіргі халық ақындарына берген аныктамаларымыз бен Пушкинге берген Белинский аныктамасының қандай қатнасы, яки, айырмасы бар!

Белинский әдебиеттегі халықтық дегендегі екі түрлі: тұра және түйінді ұғымы бар екенін айтады. Орыстың халық жырлары, ертегілері сол халықтың сана-сезімін, ба-сынан өткен ерлігін, қайғы-шерін терең бейнелейді, бірақ, ол халық тіршілігінің барлық саласын көң суреттеп, ұлттық сезімді, ұлттық рухты түйінде беру дәрежесіне көтеріле алмаған. Халық жырының, халық тұрмысының өз қалпындағы сарының, көрінісін сол халықтың қекейіне қонымды жырлайтын, жазатын ақын, жазушылар болады, ондайды тұра мағнасындағы, яғни, орыс шаруаларының өзінің ұғым-сөзіміне қонымды жырлаушы А. Кольцов сыяқты ақынды, халық ақыны деп атаған.

Белинский Кольцовқа дейін халықтың өзі жасаған өлең-жырлары болмаса, басқа бірде-бір ақын халықтық көркем өленді жаза алған жоқ, тіпті кеменгер Пушкиннің өзі де орыстың бүкіл ұлттық өмірін көң, толық бейнелесе де, орыстың халықтық өлең-жырының форма, мазмұнын Кольцовтай нәзік, дәл беруге жете алған жоқ. Орыс шаруасының ортасында, орыс даласының жаратылыс құшағында есіп, соны жан-тәнімен сүйген Кольцовты сол халықтың жан сезімін, тұрмыс тіршілігін олардың өз көкейіне қонымды, ұғымды тіл, шеберлікпен бере алған халықтық ақын деп бағалады¹. Бірақ Белинский мұнымен Кользовты Пушкиннен жоғары қоймайды, қайта Кользовтың жырлаған дүниесін Пушкин сияқты бүкіл ұлттық ақынға тар келді, ол ұлттың қоғамдық өмірін Кользовтан әлдеқайда көң, мол қамтып жырлады. Сондықтан Пушкинді түйінді мағнадағы халық ақыны деп атады. Және Белинский Кользовты аса жоғары бағалай отырып, өз заманындағы халықтың өміріндегі, санасындағы, салтындағы қайдағы тозығы жеткен ескілікті, мағнасыз жасанды ертегі-

¹ Собр. соч. В. Г. Белинского, Киев, 1911 г. т. IV. стр. 141—142.

анызды қайталап жырлаушыларды, көшедегі, базардағы «халықтың» күнбе-күнгі кейбір өрескел әдеттеріне жармасуышыларды қатты сынады, бұл ешқандай халықтық та, көркемдік те емес деп ондай «халықтықты» жоққа шығарды.

Сөйтіп, Белинский Пушкинді кең мағнадағы ұлт ақыны, сонымен бірге халық ақыны деп караиды. Осы аныктамаға Пушкин дәл келеді деп ол туралы Гогольдің Пушкинге берген тамаша терең бағасын келтіреді. «Пушкинде,— деп жазды Гоголь,— орыстың табиғаты, орыстың жаны, орыстың тілі, орыстың характері сондай таза, мұлтіксіз көрінеді¹».

Қазақ әдебиетінде Махамбет те, Абай да халық ақыны. Махамбет, Белинский баға берген Кольцов сыйқты, көтеріліс жасаған енбекші шаруалардың өмірінің бір ғана кезеңін, сол көтеріліске байланысты ой-сезімін, ерлік әрекетін ғана терең төбіреніп шебер жырлады, бірақ халық өмірінің барлық саласын, бүкіл халық тіршілігінің сыйпатын толық қамтый алмады. Сондыктан, ол тұра мағнасындағы халық ақыны. Ал Абайды алатын болсак, ол Пушкин сыйқты кең мағнадағы халық ақыны. Абай поэзиясында қазақ өмірінің, қазақ халқының барлық ішкі сырьы, жан сезімі, ұлттық характері, тіл байлығы, ой-арманы толық берілген.

Белинскійдің осы қағидасына сүйеніп бүгінгі халық ақындары мен жазба ақындарды тұра, кең мағнадағы деп бірден екіге белуге болмайды. Өз орнында халыққа аты, шығармасы таралған Сабит те, Асқар да халық ақыны. Бұлар өлеңдерін жазып шығарады, өз халқының әдебиетімен қатар барлық елдер мәдениетінен оқып, үлгі алғып, өмір шындығын қорытып түйіндей көрсетіп әралуан тапқырлық, көркемдік шеберлікпен жазуына мүмкіндігі мол болады. Бұған қарағанда халық ақындарының творчество-лық өрісі тар бір үлгіні, бір көркемдік дәстүрді көбірек қайталайды. Жамбыл, Нұрпейіс, Иса да халық ақыны. Өмір шындығын қамтып, жырлауды да кең, мол. Айырмасы: Жамбыл, Нұрпейістер өлең-жырларын домбырамен ауызша шығарып айтады, тіпті хат танытын халық ақындарымыз өзі ауыз әдебиет дәстүрін сактайды, ауылдағы колхозшылардың ой-сезімін, тіл ерекшелігін көбірек қол-

¹ В. Г. Белинский. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1948 ж. 100-бет.

данады. Мінеки осы тұрғыдан қарағанда қазіргі халық ақындарын тұра мағнасындағы халық ақыны деуге келеді. Бірак, Жамбыл мен Махамбет бір емес. Өз заманы үшін Махамбеттің ақындық қызметі, халық бостандығын жырлаған бұқарашылдық идеясы жоғары болғанымен поэзия тарихында Жамбыл көтерілген ақындық сатыдан орын ала алмайды. Әсіреле халық поэзиясының алдыбы саналған, совет патриотизмін терең жырлаған, совет дәуірін кең бейнелеген Жамбылдың өлең-поэмаларының тарихи маңызы айрықша жоғары екендігі даусыз. Осы тұрғыдан қарағанда Жамбыл шығармаларынан әрі тұра мағнадағы, әрі кең мағнадағы халық ақынының сипаты бірдей табылады. Біздің кейбір одактық республикаларда шығармасы халқына кең танылған аса көрнекті ақындарға үкімет қаулысымен халық ақыны атақтары беріледі.

Мәселен Якуб Колас (Белоруссияда), Алы Тоқамбаев (Қырғызда) кең мағнадағы халық ақындары.

Онан соң қазіргі халық ақыны революцияға дейінгі домбырамен ел кезіп өлең-жыр айтқан ақындармен бір емес. Ұлы Социалистік Октябрь революциясынан бергі жердегі еліміздің тарихындағы қоғамдық, мәдениеттік орасан зор өзгерістер, дамулар халық ақындарының ақындық, идеологиялық өміріне зор жаңалықтар енгізді, ақындық талант, творчестволық қызметі қайта туып, дамыды. Оған кейін де толық токталамыз.

Енді ақын, оның шығармалық, суырыпсалмалық қаблеті дегеніміз не? Халық ақындарының әралуан тақырып-ка тыңдан өлең шығарып айтуы қандай жағдайда өтпек?

Ақындық талант, шабыт, шығарғыштық (творчество-лық) тәжрибе тұрғысынан қарағанда халық ақыны мен жазба ақын бір-біріне үксас. Негізгі айырмашылық халық ақынының импровизациямен сурып салып айтатындығы. Ал сол импровизатор ақынның өзін алсак, оның өмірді сезіп, жырлауы — жазба ақындарда болатын творчестволық тәжрибемен қабысып жатады. Рас, халық ақынның творчестволық тәжрибесінде фольклордағы ортақ дәстүр, мотивтер үлкен орын алады. Бұрыннан сакталған ақындық өнер үлгісі, сюжет сарыны халық ақындарында қайталап келеді де, жатка, сурып салып айтқыштықта өзіндік сыйпат алады. Алайда, импровизатор ақын да үлкен творчествоның адамы. Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи уакыйғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таныйды, ақынның сезінүі, ол сезгенін қабылдауы шапшан, ол тез көріп, тез әсер

ала біледі, алған әсерін үғып есіме сактауда күшті, тұракты. Ақын естігенінен гөрі, көзі көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді. Міне осыдан келіп ақындағы импровизаторлық дәстүр дамыйды, калыптасады. Эртүрлі тақырылқа бөгелмesten қолма-кол өлең-жыр айту жүйрік ақынның бір белгісі. Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз, тыннан өлең шығарып айта білменді күшті ақын деп танымаған.

Ш. Уәлиханов көшпелі қазақ халқының ақындары суырып салып шығаруға өте шебер екендігін, импровизаторлық өнерді дамытуда қазақ ақындары көшпелі арап ақындарынан бірде-бір кем тұспейтіндігін атап көрсетеді¹ және ез тұсындағы импровизатор ақындардан Жанак, Арыстан, Орынбай, Шөжені атайды. Б. Дауылбаев ақындардың айтыс-өнері туралы айта келіп, Орынбайдың суырып салып айтқыш қабілетіне тоқталады. Ол Орынбайды 1850 жылы көріп тындаған. Бір кітапты оқып берсөн, ол қолма-кол мазмұнын өзгерпестен өлецмен жырлай береді. Бір үйге кіре бере колына үш шекті домбырасын алып, өзінің ақындығын, қайдан келе жатқанын, онан кейін басқа ақындармен айтыстарын жырлайды, ақырында үй иесін жер-көкке сыйғызбай мактап сый алады,²— дейді Әрине Орынбай халық ақыны емес, ру айтысының ақыны, бұл жерде біз оны ақындық өнер, импровизациялық дәстүр түрғысынан атап отырмыз. Ыбрай Алтынсарин да Орынбай өлеңін ақындық шеберлігі жағынан бағалап «хрестоматиясына» енгізген сиякты.

Айтыс, жыйын, топ — импровизатор (суырыпсалма) ақынның сынға түсетең майданы. Шын жүйрік ақын бабына келген жүйрік ат сиякты, айтысты, топ-думанды көрсе көтеріліп, дәүірлеп өрлеп кетеді, зор шабытпен жырлайды. Профессор Әуезов шапшан айтқыш суырыпсалма ақынды «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, еткір өнер иесі» дейді. Біз мұны ақпа ақын, тәкпе ақын десек те жарайды. Айтысқа шеберлік, жалпы ақындық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір биік сатысы.

Шабыты келген ақпа ақын бабындағы қыранға мензес, томағасын тартқанда алғыр қыран бар өнірді сәтте көріп, шолып өтіп қыймыл еткен шөп бәсін, қыбыр еткен тышкан жүрісін, қылт еткен түлкі түгін лезде шалып қал-

¹ Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ. 1904 г. стр. 193—194.

² Б. Дауылбаев. «Рассказы о жизни киргиз». 1881 г. стр. 108—109.

ғандай, айтыс ағымындағы ақла ақын да сондайлық, көмексіні қөргіш, бүлдүрдү білгіш болмақ шарт. Бұл қасиет онай орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де үзак сонар жол кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді»¹

Айтыста ақын әрі күшті талант ақындығын, әрі сөзге шешен тапқырлығын, әрі өткір сезімталдығын таныту керек. Жазушы Сәбит Мұқанов «Айтыс және ақын» деген макаласында казақтың ауыз әдебиет дәстүрінде ақындық атақ тек айтыста ғана табылады, көпшілік алдында тұтқыылдан сөз тауып, ойын өткірлеп айта білген, екінші ақынмен айтысып бәйге атында озып шыққандары ғана шын ақын аталған дейді².

Казіргі халық ақындарының көпшілігі суырыпсалма ақпа-шешен ақын. Импровизатор ақынның зор үстасы, төсөлген жүйрігі Жамбыл болатын.

Жамбылдың әдеби хатшысы болған Фали Орманов күнделік жазуларында ақынның жырлауына сыртқы дүниенің әсері күшті екендігін көбірек айтады. Жамбылдың көктем, колхоз жазы такырыбындағы өлеңдерінің айтылуы җайлы Фали мынадай жағдайларды суреттейді:

«Ол домбырасын шертіп, баяулатып бір коңыр ән салып отыр. Ол күй мен әннің ырғағы бойын билеп, тәттіліктің тіл жетпес тереніне жүздірғендей, балбыраған өлшеусіз бір рахатта отырған тәрізді. Оның тәңірегін қоршаған жасыл бақшаның жапырак сыйбыры да, мыйуа ағаштарды аралап акқан су сылдыры да, Алатаудан құлай есекен коңыр самал жел лебізі де, гүл бақшаны мекендерген құс әндері де оның күйі мен әніне үн қосып тұрған тәрізді. Алыста, әлдеқайда бау-бақша арасында шулап ойнап, сынқылдаپ ән салған жастар да оның күйіне қосылғандай, ауыл тәңірегінде жұмыста жүрген колхозшылардың дабыры да, куатымен қырды құлпырткан машина моторының сарыны да осы күйдің ырғағына ілескен сықылды... Осы өмірдің қызығынан бір минут көз жазғысы келмейді.— Бұл не деген қызық өмір! — Оның күйі мен жыры осыдан шабыттанады. Оның шабытының тасып өрер қайнар көзі өт тәрізді».³ Бұдан кейін Жамбыл атына салт мініп тау

¹ М. Әуезов. «Жамбылдың айтыстағы өнері». Известия АН аз. ССР. Серия литературы. зап. б. 1948 г. стр. 15.

² Айтыс. I том. 1942 ж. 4—5-бет.

³ F Орманов. «Алатау сынды ақсақал». «Қазақстан» (Көркем очерктер жынысы). Алматы, ККЭБ. 1940 ж. 439—440-бет.

асып, колхоздың мал жайтауын, жазыкта, өзен, бұлақ бойларындағы егін далаларын аралап көреді. Бірінен бірі сұлу, қызықты, көрікті еңбек дүниесінің суреттері ақын көз алдынан өтіп жатады, табиғат, жер, адамдар — бәрі бұрыннан өзіне таныс болса да, бірақ енді мұлде жаңаша жанданған, бұрынғы дала, бұрынғы адамдар емес. Ол ауылға, далаға, еңбек дүниесіне Майтөбенің биігінен төңірекке қырандай көз жіберіп қарайды:

«Дала қандай көрікті: ине шашар бос жер жок, сарала батсайыдай шым кесте егін. Майтөбенің төгіліп барған сонау сілемінде колхоз қаласы шоғырланып көрінді. Осыны көрген Жакен:

Көзінді салшы далама
Тұқті кілем түгіндей.
Тауыма сұлу қараши,
Қыздардың жыйған жүгіндей.
Өзеніме қараши,
Ағып жаткан гүрлдей.
Ауылымға қараши,
Қырдың қызыл гүліндей»

—деген жырын толғайды. Сөйтіп сыртқы, қызықты өмір көрінісі ақынның шабытын тасытады. Шабытпен бірге шаттық өмірдің жыры таудан аққан бұлақтай ақынның жүрегінен ағыл-тегіл құйылғандай. Міне бұл сурып салып айтатын творчествоның бір көрінісі, бір кезеңі. Алайда ғылыми импровизация үшін үнемі тыныштық, сұлу көрініс, қызықты көңілді мезгіл бола бере ме? Ұлы жыйын той-топыр, айтыс майданы бар емес пе? Ақынның ызаланатын, кегі қайнайтын кезі де болмай ма? Алғыр ақын бұл жағдайларда да сыртқы әсерден, өмірдің фактыларынан, маңызды уақыйғаларынан тез кортынды жасайды; түйінді жырын сурып салып айта біледі. Бұл қасиеттер де Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Орынбай сияқты ақындарымыздың бәрінен табылатын.

Ақын радиодан естіген жаңалығын, немесе газет, кітаптардан оқып естіген ерекше хабар, уақыйғаларды әбден байыбына жетіп ұғынғаннан кейін, сол туралы өзінің не сүйініш сезімін, не күйініш ызасын өлеңмен жырлад, толғанып айтпай отыра алмайды. Сезімі өткір, қыялыш үшқыр, шабыты жалынды ақын естіп, білгенін, сезгенін әрдайым өлең-жырмен қортып айтқысы келеді. Елінде, төңірегінде ұлан асыр қызықты той болып жатқанда, немесе ел өмірін жаңартқан, сілкіндірген тамаша зор күрес, тарихи уақыт-

ғалар өтіп жатқанда алғыр қырандай көреген, сезімі өткір ақын жалынды, қанатты шабытына ерік береді, өмір шындығы жөніндегі жырын толғайды. Бұл ақынның өлеңжыр шығарып айтуына өткен қоғам өмірінің тікелей әсері.

Қоғам өміріндегі ұллылы-кішілі уақыйғалар сөз жок ақынды алдымен толғандырып ойландырады. Мәселен Октябрьдің мерекесі, ұлы Отан соғысындағы жеңіс, немесе, бүкіл халыққа қадірлі Ленин, Қиоров, Горький сыйяқты ұлы адамдардың қаза болуы, тағы сондай уақыйғалар ақынға ой салады, оның сезімін қозгайды, серпілтеді. Ақынның осы шағының сыпаттын Абай «Ақын» деген лирикасында терең сыптаған. Ал Жамбыл бүгінгі өзінің ақындық шабыты өрлеген мезгілін былай бейнелейді:

«Күнінде ұлы тойдың бойды кернеп,
Лапылдағ арнасында шабыт өрлеп.
Толқындай бултты сөтіп көзге ілікпей
Бұлқыныл асау кыял қулаш сермен,
Жорғалап жемлядай жер-су баспай
Нәсерлеп төгіледі өлең селдеп.
Ақынның аскак көніл қызыл тілі,
Самгайды сұнкардай боп ағып, қөлбеп.
Сөзі алтын, тілі майда, жыры жібек
Еркіндең ен бақытта бойын тербеп,
Кәрі ақын қадірлі күн келгенінде
Шыркайды домбырасын көкке сермен»¹

Импровизациямен өлең айтудың өзінде үлкен творчестволық жауапкерлік бар. Біздің тұсымызыдағы халық ақындарының көвшілігі қолма-кол ауызша өлең шығарады. Дүние жүзіндегі ұлы ақындардың бірталаійнда импровизациямен өлең шығару қабілеті болған. Мәселен поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевич жазумен қатар шапшаң суырып салып өлең айтуда шебер болған. Орыс ақындарының ішінде М. Ю. Лермонтов, А. Кольцов, А. Блок, С. Есенин кейіде импровизациямен өлең шығарған. Импровизация негізі (латынша *i mprogo*—дайындықсыз—деген сөз) тосыннан бөгелмей өлең шығару. Бірақ ойланбай, машиқтанбай ешбір ақын өлең шығармаған. Шоқан Уәлиханов қазақ ақындарының импровизациялық өнері көшпелі елдің тұрмыс салтына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып дамығандығын атап көрсетеді².

¹ Жамбыл. Толық шығармасы. 1946 ж. 251-бет.

² Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ. 1904 г. стр. 192—193.

Импровизациямен өлең айту ақынның жаратылышында туысынан бірге келетіп қасиет емес, бұл да бұрынғы дәстүрге, үйренуге, машықтануға, төсеге байланысты өнер. Ең жүйрік ақпа деген Иса, Нартай, Қалқа ақындардың импровизациямен айтқан өлеңдерін тыңдалап отырсақ үнемі бір дәрежеде жақсы, қызықты бола бермейді. Ақынның көңілінде, творчестволық қыялышында толғағы жетіп, күйі шертіліп жүрген тақырыбы болса ол туралы өлең-жыр мінсіз, сұлу, терең ойлы болып шығады, және ақын бөгелмейді, шалқып кетеді. Ал тақырып толық таныс емес, оның творчестволық қыялышында әлі орын алмаған, тосын болса, онда өлеңі ала-кула айтылады, ондай жағдайда бұрыннан жаттамалы өлеңдердің дайын үйқасынан, дайын сез образдарынан көбірек алады да, тың тақырыпқа өзінің ақындық өнерін жеткізіп бере алмайды. Сондықтан суырып салып өлең айтатын ақындар қандай жағдайда, қандай тақырыпқа болсын іркілместен көсліп, жырлап кету үшін өмірді, халықтың бұрын-сонды тарихи тіршілігін терең, мол білуге тиіс. Өмірді аз білетін ой-өрісі тар ақын, таланты қанша зор болса да айтыс үстіндеге, суырыпсалма өлең айтуда сүрінеді, ұтылады, бір сілтеуі, бір серпілуі кем соғып отырады.

Ақын өлеңді үнемі суырып салып айта ма? Ақын шабыты, творчестволық қызметі бурап қойса үздіксіз жүре беретін патефон емес. Ақын өлеңді үнемі жанынан суырып айта бермейді, өлең-жырды тоқтаусыз жырлай бермейді. Мұны осы күнгі ақындардың жыр, өлең айту тәжрибесінен толық байқап келеміз. Бұған да бірнеше мысалдар, фактылар келтірейік:

1942 жылы Алматы қаласында белгілі Мұрын (1860—1952) жыраудың қырық батыр жырын жазуға қатнастық және Нұрпейіс Байғаниннің Отан соғысы тақырыбына айтқан өлең-жырларын тыңдалық. Мұрын жырды үнемі айтпайды. Таңертең, күндіз жырды баяу, солғын айтады, және көлемді уақыйғалы дастанның көп жерін қалдырып, келтесінен қайырып кетеді. Ал кешке мәжіліс күріп, бірнеше адам бас қосып ықласпен тыңдалап, арасында макұлданап, көтермелеп отырғанда Мұрын таңертеңгі солғын қысқартып айтқан жырын әрі толық, әрі тамаша күшті шабытпен шешіліп, көсліп шебер, шешен жырлап кетеді. Көнілді жағдайда бірнеше адам бас қосып қызыға тыңдалап, көтермелеп отырмаса кешкі мезгілде де ақын жыры ойдагыдай шықпайды. Ондайда ақын басым ауырды

дейді, немесе есіме түспей отыр, бұғын айта алмаймын дейді. Ал қундіз айта алмауының мәнісін сұрағанымызыда берген жауабы — бұрын батырлар жырын үнемі кешке, тұнгі мәжлістерде көп айтып машықтанып едім дейді. Олай болу табиғи заңды да. Қундіз жұрт жұмыста, қызметте болады да, ақынның жырын тыңдауға бас құралмайды. Сондыктан жыр ылғый кешке айтылады. Жыршы соған машықтанған.

Ал Нұрпейістің жыр айтуының Мұрынға ұқсас жағы да, айырмашылығы да бар. Ұқсас жағы демалып, көнілді мәжліс құрып отырып жырлағанда ақын жыры еркін, шебер айтылады. Ал айырмашылығы — жырды айтудан бұрын Отан соғысының жаңалығын, оның батырларының жайын үнемі егжей-тегжейіне дейін қадағалап сұрап, біліп отырады. Сол сұрап білгенін әбден көніліне тоқып менгеріп алмай, домбырасын шертпейді, жырламайды. Екінші өлеңін жырлап жаздырғаннан кейін оқып, артық-кем жерін қайта айтып түзеттіреді. Бұл әдет Жамбылда, баска да бүгінгі халық ақындарының көбінде бар. Кейде ондай түзету, қосу, алып тастаулар тыңдаушылардың, жазып алушы хатшылардың сынына қарай болып отырады. Халық ақындары суырып салып өлең айтқанда, жазба ақындардай, тыңдаушы оқушының сынына да құлақ қояды.

1946 жылы 60 шамалы халық ақындарының өзінің өмірі, ақындық қызметі жайлы анкеты ретімен недәуір сұрауларға жауап алдық. Сол сұраулардың біреуі — қандай жағдайда, қалай суырып салып, шапшаң өлең айтып кетесяз делінген еді. Солардың жауаптарынан бірнешеуін келтірейік:

Н а р т а й Б е г е ж а н о в айтады: (1890—1955 ж. Қызылорда облысы). «Жазсам аузыма өлең жөндеп түссе коймайды. Қолыма сырнайды алғанда, біреу өзіме тиіп сейлесе, айтқан сезім күшті болып шығады.»

С а я д і л К е р і м б е к о в айтады: (1895—1954 ж. Алматы облысынан). «Өленді шапшаң айту үшін көнілді, шат уақыт керек. Немесе бір нәрсеге өте ызалы кезің болсын. Суырыпсалманың шабыты көп халықты, қошеметті тілейді. Және қошемет құр сөз болмай, сыйлық, бәйгі түрінде болу керек. Өлеңіне қошемет, құрмет болмаса сабасаң да ақын суырып салып айта алмайды. Ақынды суырыпсалмалықта төсөлдіретін айтыс»

Қ а л қ а Ж а п с а р ба е в айтады: (1889 ж. Талды-

корған облысы). «Өлеңді құрмет, қошемет көрсетіп тындаитын болса бөгелмей жақсы айтып кетемін».

Шашубай Қошқарбаев айтады: (1867 — 1952 ж. Қарағанды облысы). «Өлеңді жыйын, той, егес, айтыс үстінде жыным қозғандай қызып айтып кетемін. Біреу шапка тұрткендей маған тиісіп қозғау салса, мендегі ақындық сөздің көзі ашылғандай болады. Топта, айтыста арқасы қозып, шалқып шырқап, өлеңді бөгелмей айтып кете алмаған ақынды ақын деуге болмайды. Онашада сөзін теріп, үйқасын есептеп отырған ақын жерден тары терген тауық сыяқты сорлы ақын.»

Қайып Айнабеков айтады: (1889—1955 ж, Қарағанды облысы). «Қазіргі ақындардан Исаның ауызша суырып салып айтқандары үнайды. Өзім суырып салып айтпаймын. Біракта адам көбірек болып, ойын-күлкі, мәжліс қызып, тындаушылар дұрыс кездескен жерде жай әңгіме болсын, өлең болсын, көбірек есіме түсіп, сонда шешіліп айтып кететінім болады».

Қали Нұрпейісов айтады: (1890 жылы туған, Ақтөбе облысы) «Өлеңді үйреніп, жақсы ақыннан үлгі алғып шығарамын. Бір айтқанымды қайта айтып жөндеймін. Бірден суырып айтқан өдендерім қалың себіліп, қабаланып кеткен егін секілді көрінеді».

Нұрқан Ахметбеков айтады: (1903 жылы туған, Қостанай облысы). «Суырып салып айту үшін қызба, шаттық көңіл керек. Өте қуанышты, қызылықты мәжлісте халықтың ынта қойып тындауына қарай суырып айтып кете аламын. Немесе бір адамға қатты кейіп қалсам, сол адамды өлеңмен қатты жерлеп, сыпаттап тастаймын. Онда да өлең қолайлы шығып кетеді. Ал енді біреудің өтінішімен айтқан бірлі-жарым суырып салма онша жақсы бола бермейді».

Иса Баязаков айтады: (1900—1946, Павлодар, кейін Алматыда болған). «Ақындық қуат дегенің от, электрдің тогы сыяқты, ол қалың жыйын думан үстінде, ерекшелік айттыста жанданады. Электр өзінен өзі жанбайды, қуат бермейді, ол қайралса, жанылса от береді. Ақынды қайта-қайта қайрап салса ғана тұтанып жалындайды Мен өлеңді жазып та, суырып салып та шығара беремін. Алайда жыйын, айтыс үстінде қасақана осы сүрінер ме екен, бөгелер ме екен деп ақындық намысъима тигендай, мениң үлкен айтысқа салса, немесе тосын тақырыптар беріп әдейі қыйын бөгеттерге экеліп итермелесе, міне осы

кезде менің ақындығым электрдің қуатындай лып етіп жа-
нып, өрт болып қаулап сала береді. Негұрлым намысъма
тиерлік жерге көбірек қайрап, айтысқа араластырса, со-
ғұрлым өлеңді бөгелмей, қыйналмай таудың тасыған бұ-
лағындай төгілтіп, суырып салып айтып кетем. Бұл уақ-
тарда мені ақындық шабыт, отты сезім, үшқыр қыял
сықты нәрселер билеп кетеді. Ақындығында лапылдаған
жалын, қанатты жел, үшқыр қыял жоқ ақын суырып са-
лып өлең айта алмайды. Суырып салып айттым деп жур-
гендердің әлеңіндегі үйқастың көбі жаттамалы»¹

Міне бұл айтылғандардан туатын қортынды: импро-
визациямен жырлау үшін көвшіліктің қошемет құрметі.
ықласты тындауы керек. Ақындық шабытқа қайрап сала-
тын өткір сын да ерекше ызalandырып, қайғырттын, на-
мыстандыратын уақыйғалар да ақынның импровизациясы-
на елеулі тұрткі болып отырады, суырыпсалмалық (им-
провизациялық) өнердің дамып жетілетін майданы —
акындардың өзара айтысы. Айтыста ақынның тапқырлық
өнері де, ақындық шеберлігі де, білімділігі, ой-өрісінің тे-
реңдігі де байқалып, жүртшылық сынынан өтеді; үнемі
суырып салып айтып машықтанып, оны ақындық өнер
дәстүріне айналдырудың да импровизация үшін маңзы
үлкен. Жазып шығаратын ақыннан гөрі хат танымайтын
акынның импровизацияда төселген, шебер болатыны өзі-
нің өлең-жырын ауызша суырып салып шығарып, ол шы-
ғарандарын, және басқалардан естіп білгендерін жадын-
да мол сақтап жырлайды. Суырып салып шығаруға ма-
шықтанып төселиу — импровизатор ақындардың ақындық
шеберлігін жетілдірудің бір түрі.

Сонымен импровизация халық ақындарының творчест-
воляқ қасиетінің бірі, ол қасиет — ақындық талант шабы-
тынын сыртқы көрінісі, образды ойдың түйіні. Рас, Бе-
линский ақынның тың шығармаларды жазуға жығыла бе-
ріліп отырған мезгілін ақындық шабытының жалындаған,
қанаттанған шағы, онда творчестволық қыйналумен қа-
тар оның ой дүниесінде ерекше қуаныш сезімі өрлейді деп
қарайды. Белинскийдің қағидасынша ақын өмірдегі құ-
былысты басқалардан бұрын, тез сезеді. Өзі көріп сезге-
ніне сүйінуі де, күйінуі де шапшаң; ақынның жарагылы-
сында жас баланың мінезіне үқсас белгілер бар. Ол қазір
өмірдегі бір көрген тамаша қызықты әсерге қуанып, шат-

¹ 1943 жылы, 2. XII. жазылды.

танаңп отыратын болса, енді бір кезекте өзіне жайсыз әсер еткен бір уақыйғаны көріп, сезіп, ол күйінеді, ызалаңады, ақынның мінезі қазір құліп-ойнап жүріп, қазір ашылаңған балаға ұқсайды. «Ол қабылдағыш,— дейді Белинский,— түйсікшіл, әрқашан алғыр, оған кішкене ғана тиіп кетсе, электрдің тогын бергендей, дыз ете түсіп, қуанады, шаттанады, кектенеді, сүйеді, жек көреді»¹.

Міне осы мезгілде ақын бүкіл дүниені, жаратылыс, жер, көк әлемін бір ғана өзінің творчестволық қыялында көріп, өмірден алған әсерлерін түйіндең жырлап кетеді, образды ойын корытады. Халық ақындарының импровизациямен жырлауы да сондай образды ойдаң, ақындық сезімінің жарқын көрінісі. Олардың суырып салып айтқанда ойда ұмытып кетіп, бізді тек қана сезім билейді дегендері де бір жақты теріс. Белгілі бір тақырып, өмір шындығы туралы ақын ойы тыянақты болмай, оның суырып салып айтқан өлең-жырында мазмұн болмак емес.

Ақынның ойы, сезім дүниесі — материалдық дүниеден аулак, өз алдына бір құбылыс емес, алдымен адамның ақыл-мыйы, санасты арқылы көрінген заттың өмірдің сәулесі. Лениннің «сана болмыстың ғана сәулесі»² деген белгілі қағидасының ақындық творчествоны көн, терең түсінуде маңызы аса зор. Ақын өмірді тек сезім арқылы ғана танып жырламайды, сезімнің барлық салаларымен ойлан қорытумен барып, танып жырлайды. Лениннің ғылымдық қағидасы бойынша адам өмір шындығын көзбен көріп, естіп-бліп, ол сезіп-білгенін ойында топшыладап қорытып, тәжрибеден өткізіп екшеп барып, қайта сыртқа шығара-да. Онымыз материалдық өмірдің адам санасты арқылы көрінген сәулесі.

Түйсік шындықты танудағы бірінші саты. «Түйсік (ощущение), бұл сананың сыртқы дүниемен шын тікелей байланысуы». (Сонда 41 бет). Түйсік материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстардың адамның сезім мүшелеріне әсер етуінен пайда болатын психологиялық процесс. Түйсік сыртқы өмірмен тікелей байланыс жасап, адам санастына әсер етеді. Сана сыртқы өмірдің әуелгі белгілерін түсіріп алып, ойда қортады. Ал ойлау заттың жан-жағын кең қамтып, түйіндең, толық суретін — сәуле-

¹ Собр. соч. В. Белинского. Т. IV, стр. 70.

² В. И. Ленин. Соч. т. XIII. изд. 3-е, стр. 267.

сіп береді. Ақынның өмір шындығын сезіп, қортып, түйін-деп беруі де осы жолдан өтеді.

Ақынның сезімі өткір, бейнелі келеді. Өмір көрінісі, адам кескіндері ақынға дәл өзінің натуралдық қалпынан гөрі екінші бір затқа ұқсас, бейнелес, тепе-тең ажарлы, айқын слестеуі мүмкін. Айталақ қектемгі құлпыраған жер жайып тастаған кілемге, қарлы Аллату ақ шашты аксақалға, ақын сөзі тасып аққан таза бұлактың сұнына, адамның ызалы мезгілі қабағын түйіп жауғалы келе жатқан бұлтқа ұқсап тұруы неғұрлым айқын сияқты. Бірақ ақын өмір шындығын қаншалық көркемдік бейнемен қабылдап таныйтын болса да, оның түпкі реалдық негізі ақынның саналы ойынан мықты орын алады. Сондықтан шапшаң айтыс, сұрып салып жырлау үстінде түйдек-түйдегімен айтылатын өлең, жыр санадан тыс, тек сезімнің, шабыттың ғана жемісі емес, ақынның саналы образды ойының түйінді, жыйнақты көрінісі.

Әрине, осы саналы ойдың жарқырап көрінуіне жоғарыда ақындардың өзі айтқандай белгілі сыртқы әсер, жағдайлар керек. Импровизациямен (сұрып салып) жырлаушылық оңай өнер емес. Ол әр ақынның таланттының ерісіне қарай, творчестволық тәжрибеде жүре-бара жетілетін ақындық қасиет және жағдайға қарай құбылып, не қанаттанып, тасып жалындал отырады, не су сепкендей басылып қалады. Импровизациялық творчествоға ерекше көтеріңкі көңілді жағдай керек, не ақынды қайрап салып, ақындық шабытқа тұртқі болатын кенет, тосын әсер керек. Қазіргі ақындардың бәрі де қалың топ ортасында, қызу егес, айтыс үстінде, қошемет, құрмет көрсету жағдайында өленді іркілмей, шапшаң айтып, жырлап кететін-дігін мойындаиды. Тегінде ықласты тындаушысы келіспеген жерде ақын-жыршылар өлең айтпаған, бұл жалғыз қазақтың ақын жазушыларының шығармалық өміріндегі дәстүр ғана емес, Орта Азия халықтары — өзбек, қырғыз, түркпенің бақшы, шайыр, жыршыларының творчестволық өмірінде де бар дәстүрлер. Академик Б. Я. Владимирцов айтады: Ойрат эпосын әрбір жырши өзінше өңдеп, жаңартып, жақсылап жырлау үшін жыршыны ықласпен тындал, көтермелеп отыратын топ, жыйын тындаушы керек, онда, жыршы рухтанып, тасып, өзін ұмытқаңдай жырын қызықтап айтып кетеді»¹

¹ Монголо-ойратский героический эпос. Перевод и вступительная статья Я. Владимира. М. 1923 г. стр. 18.

Ғалымдар қырғыздың манаңшылары — тек жаттаумен ғана айтпайды, «Манас» жырын сұрып салып жырлау халық қызығып, күрмет көрсетіп үйіп тыңдаған уақыттарда күшті шығатындығын айтады.

Сейтіп тыңдаушы қауымның қошемет, қүрметі, көтермелеп отыруы — ақын-жыршының тың өлең, жыр айтудына негізгі бір жағдай, түрткі болып отырады. Жамбыл мен Нұрпейіс тыңдаушы халықты ақындық шабыттың қайнар бұлағы деп біледі.

Жамбыл: Жамбылдың аты ақын ба,
Жылгадай жыры акпаса,
Ақын деген бір бұлак,
Көмілер көзін ашласа,
Көзін ашар көпшілік
Сүйсіне тыңдап қоштаса»¹.

—десе

Нұрпейіс: «Құйдің сәні келер ме,
Жырдың сәні келер ме,
Жібектей есіп өрмесе.
Бейпіл сөзден не пайда
Тыңдаушы тәуір көрмесе,
Әнде қанша қасиет,
Қаумалап халық келмесе,
Ақын қадрін жүрт білер
Түйдектеп ойы өрлесе»²

— деп ақын мен халықтың ой-сезімі тығыз байланысты екенін терең түсініп қорытады.

Талантты ақынның ағылып жырлауына түрткі болатыш тек көпшіліктін күрмет көрсетіп, ықласпен тыңдауында, қадірлеуінде ғана, немесе, айтыстағы еgestе ғана емес, осылармен қатар өлеңді бөгелмей жырлап кету үшін, ақынға домбыра, гармон, қобыз сыйқты құралдар да қөмектеседі және сөзге жан, көрік беретін ән-күй бірге жырланады.

Қазіргі қазақ ақындарының ішінде домбырасыз, ән-күйсіз жырлайтыны сирек. Қобыз, домбыра, бертіндегі гармон ақындардың ежелгі бір творчестволық серігі. Ақын белгілі бір такырыпқа ұзақ дастанды бастап жырларда әуелі домбыраны қағып, күйлеп белгілі бір ән, құйдің сарайын, сазына, нақысына келтіріп тартып алады. Өлеңді бастап айтып кеткенде домбырада әлгі ән, күйі сүйемел-

¹ Жамбыл. Толық шығармалары. 1946 ж. 282-бет.

² Нұрпейіс. Ақын шабыты. 1940 ж. 48-бет.

деніп, бірге ойналып, тартылып отырады, өлең-жыр да сол ән, күйдің сарынымен жырланады. Бірақ, әр ақынның тартысы, музикалық аспабы әртүрлі және өзіне тән әруақытта қайталап келетін өзіндік меншікті күй, ән сарыны бар. Мәселең: Жамбылда айқайға баспай, ықласпен көңіл қойып ұйып тыңдауға ылайықты үнемі баяу, қоңыр сазды күй тартылады. Нұрпейіс, Мұрын жыраулар Батыс, Ақтөбе ақындарының жорық жырларының сарыны беретін күйлерді тартады.

Шашубай мен Нартай, Кенендердің домбыра, гармондарында балқытып, балбыратып, жүрек қылын шерткендей лирикалы ән-күйлердің сарыны ойналады. Ал Үмбеттәлі, Исалар домбырасымен айқайлап, шырқай салатын әндердің сарындарын ойнайды. Иса, Үмбеттәлілер сурып айттарда дауысты аспанға өрлете айқайлап, өлеңді нөсерлетіп төгіп айтып-айтып келіп, бітірер жерде дауысты тағы бір көтеріп тастап, аспанға өрлеген дауыстың екпінін өрден құлатқандай домбыраны бебеу қақтыра шерте барып баяулайды. Соナン кейін тағы айқайлап, екінші бір тақырыптың төнірегіндегі ойды жырлап кетеді. Қысқасы ақынның табанда төгіп айтуындағы рухани серігі, ақындығын жанушы қайрағы, айтыс, сөз майданындағы құралы домбыра, гармон, қобyz және сол музикалы аспаптардың ойнауынан естілетін, ақынның ән-күйлері. Ақындардың қай-қайсысы болсын домбыраны, ән-күйді жан серігі, ең жақын досы, сырласы санайды. Біржанның «Жанбота» әнінде домбырасын тартып алған Аз nabайдың поштабайна ең ызалы, намысты сөзін айтады.

«Тартса да домбырамды бергенім жок,
Есерді поштабайдай көргенім жок,
Қамшымен топ ішінде ұрып еді.
Намыстан, уа дариға, өлгенім жок¹

Қашаған ақын мен Құрманғазы домбыраны молданың куна деген айыбынан қорғаған, домбыра ең касиетті, ардақты курал екенін өлеңмен дәлелдейді.

Сөйтіп, қандай жағдайда болсын домбыра ақын, әншінің ең ардақты, қасиетті серігі болып отырады.

Жамбыл өзі, өзінің ақындық өмірі туралы жырларында үнемі домбырасын сүйкімді жанды адам бейнесінде жырлайды. Бұл домбыра ұстаған қазақ ақындарының берінің ақындық дәстүріндегі ерекшелік.

¹ Қазақстанның халық әндері. 1955 ж. 253-бет.

Осындаій домбыраны асқақ ақынра, әнші бүлбүлға, қанатты құсқа балап ойнау, ән-күйді тасқын су, екпінді дауыл бейнелерінде жырлау әдеті Жамбылдан басқа бүгінгі халық ақындарының берінен кездеседі. Ақындық шығарғыштық, жыршылдық, әншілдік өнерінің негізгі құралы, ақындық сезімнің қыл пернесін шертуші жан дүниесінің нәзік сырласы домбыраны әрдайым қасиет түтеп, кадірлеп жырлау ақындардағы табиғи нәрсе.

Ақын-жыршы, өлең шығарып айтқан ең жауапты мезгілінде сыртқы дүниеде тыңдаушы көпшіліктің күрмет, қошеметінен демеу көрсе, өзінің ішкі жан дүниесінде домбырасы мен ән-күйінен күш алады. Домбыра, гармон, қобыз, оған ойналып айтылатын ән-күйінен күш алады. Олар ақын өлеңін ажарлай түседі, мазмұн, ойын өткірлейді, көркемдік қуатын, тыңдаушыларға беретін әсерін күштеді.

Қазіргі халық ақындарында импровизаторлық дәстүрдің сақталу, даму дәрежесі қандай? Оқып білім алумен байланысты, ақындардың жаза білуімен байланысты импровизаторлық дәстүр бәсендеді ме деген сұраулар қойылуы мүмкін. Бұрынғы әдебиетші фольклористердің көбі сұрыпсалмалық ақын, жыршының хат білмегендігінен қалыптасқан дәстүр, өз өлеңін өзі жаза алу дәрежесіне жеткен ақын сұрыпсалмалықты тастанды дейді.

Бұл пікірдің дұрыс-бұрыс жағы да бар. Дұрыстығы, халықтардың тұрмыс-салты төмен сатыда тұрған замандарда, жазу, сзызу халықтың мәдени тіршілігіне толық араспасаған кездерде сөз жок, өлең-жыр ауызша шығарылып айтылған, халық арасына ауызша жатталып таратылған. Тап кешегі Ұлы Социалистік Октябрь революциясына шейін қазактың 98 проценті сауатсыз, мәдениеттен мүлде мешеу жағдайда халық әдебиетінің бар нұскалары ғасырлар бойы жатқа айтылып таралып келген, ақын-жыршылар хат танымағандықтан өлең-жырды әрі сұрыпсалып айтуға, әрі өзі шығарғанын және басқадан естігендерін жаттап айтуға машықтанған. Өлеңді қолма-қол сұрыпсалып шығару сол дәүірдегі тұрмыстың талап тілегінен туған. Халық алдында қағазға қарап оқып отырудан гөрі домбырамен ән-күйге қосып жатқа айту анағұрлым әсерлі, қызықты болған. Ақын-жыршы халық тілегін орындауға тырысқан.

Революциядан бұрын қазақ аулындағы ақын-жыршы-

лардың өлең, әндерінің маңызы, әсері тіпті баспа, жазба әдебиеттен жоғары екендігін сол кездегі қазақ жазушылары қатты қынжылып көрсетеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров 1913 жылы өзінің «Өлең мен айтушылар» деген мақаласында қараңғылық, ескілік шырмауындағы халықтың көңлін сергітерлік бір-ақ нәрсе бар, ол өлең-жыр, әндейді. Ауыл адамдары басы қосылған жерде газет, кітап оку, насиҳат айтудан гөрі домбыра тартып, шырқап ән салуды ұнатады, ауыл адамының әзіргі негізгі рухани азығы ән мен жыр екенін айтады.

«Көңілді түзейтін машина — өлең-жыр. Ол машинаның тетігін біліп, сайратып, естігендердің аузынан сүйні ағызып, көңілдерінің уын шығаратындар кім? Ол — нешетурлі әуез билетін әншілер, жыршылар. Халықтың көңлі машинаның тетігін әнге ұста адамдар сайраса жібиді. Қысқасы, сырнай, домбыраны тарта білмей, құр перне ба-сып барқылдату қандай сүйкімсіз болса, әнімен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады», — деп жүртшылықты халықтың өлең-әнін қадірлеп сақтауға, кірлемеуге, құрметтеуге шақырады¹.

Расында Сұлтанмахмұт айтқандай, жазуы, сызуы жок, мәдениеттен мешеу, қараңғылық шырмауындағы ескі ауылда ақын-жырши, әншілер ғана халықтың көңлін сергітетін өзінің ғасырлар бойы тарихынан, сол күнгі өмірінен, қыял дүниесінен қызықты жырлар, ғажайып дастандар, тапқыр шешен сөздер, сұлу әндер айтып таратқан. Бәрін жаттап, табанда шығарып айтқан. Ол ақын, әнші-жыршыларда тұрақты, қалыпты дәстүрге айналған.

Ал, Октябрь революциясынан бергі жерде ақын-жыршылардың жастары мен орта жастағылары оқып хат таңыды, дүниені, өмірді халықтар тарихын бұрынғыдай елес — ертегі, аңыз ескі наным шенберінде түсінуден кетіп, көзімен көріп, оқып біліп, анығына қанып барып түсінді, ақындардың білім, ой-өрісі кеңіді, бұрын «тәңірінің» кереметі деп түсінетін ғылым, техниканың табыстарын, табиғат сырларын адам ақылы, адам енбегі арқасында терең үғына бастады. Ақын өлеңді, бұрын ғасырлар бойы жыршылар жаттап айтып келген батырлар жырлары, айтыстар, тақпактар — бәрі де басылып тарапалды. Ақын жырлары бұрынғыдай өзі айтқан ауылдың көлеміне ғана тарапалып қоймай, енді басылу, газет, журнал, радио арқы-

¹ Сұлтанмахмұт Торайғұрылы. Шығармалары. 1933 ж. 127-б.

лы бүкіл бір өлкенің көлеміне, асса одактағы барлық халықтарға ортақ қазынаға айналды. Міне мұның өзі ақын-жыршылардың творчествосындағы мәдениет революциясы сыйкты. Олай болса ақындардың импровизаторлық дәстүріндеге қаншалық өзгеріс болды? Хат танумен байланысты көне дәстүр қала бастамады ма?

Ақынның творчестволық, импровизаторлық, жаттағыштық дәстүрінде недеуір өзгеріс туғандығы рас. Бірақ импровизаторлық дәстүр, бәсендеу бағытындағы өзгеріс емес; қайта халық ақынның өлең-жырларының идеялық, көркемдік мәні арту, тереңдеу бағытындағы творчестволық даму басталды. Бұрынғы ақындардың суырыпсалма өлеңдерінде, айтыстарында жаттамалы өлеңдер, бірін-бірі қайталаулар, тақырып көлемінің тарлығы, пікірлердің саяздығы, қайым өлеңдердің үлгісін қолдану тағы басқалар көп кездесетін болса, жаңа ақын жырларында мұндай бірыңғай айнымайтын қалып бірте-бірте қала бастады.

Ақын өмір шындығының маңызды, түйінді уақытфаларын алып жырлайды, бүгінгі өмірдің керегінен алыс, бұлдыр дүниеге, қыял ермегіне кетпейді, жазба әдебиетінен оқып, тыңдап, үйрене отырып, өлең-жырды идеялық, көркемдік жағынан мінсіз етіп айтуға тырысады. Бұл шартты ақын суырып салып айтқанда да, айтыс үстінде де толық сақтауға тырысады. Осы күнгі аты шулы белгілі ақындардың бірде-бірі өзінің өлең жырында қайым өлең үлгісін қолданбайды.

Хат танымайтын қария, жүйрік ақындар суырыпсалмалық, жаттағыштық дәстүрді сол қалпында толық сақтады, ал сонымен қатар хат танып, білім алған ақындардың көпшілігі де сол дәстүрді қалдыру түгіл, қайта дамытып қолданып келді. Бұған Иса, Нартай тағы басқаларының творчествосы толық дәлел.

Суырыпсалма, шапшаң айтыстарда Иса Байзақов осы күнгі ақындарды алдына салған жоқ. Ол өлең-поэмаларын жазып та шығарды. «Құралай сұлу», «Алтай аясы», «Ақбөп», «Он бір күн, он бір түн» поэмалары қазақтың совет поэзиясында елеулі шығармалар. Ал осы поэмаларын Иса жазған қалпында жаттап айтпай-ак, сюжетін ғана алып, толық түрінде суырып салып жырладап жүре береді.

Иса импровизаторлық өнерге әуелі ақындармен айтысу үстінде жетілетін болса, онан кейін халықтың ең көп жыйналған жерінде, ойын-сауық кештерінде жүрттың қа-

лауы бойынша әртүрлі тақырыпқа сұрып салып жырлау арқылы да ақындық өнерін дамытып отырған. Исаңың жақын жолдасының бірі Қапан Бадыров, 1922 жылы Орынборда Иса театр сахнасында тосыннан берілген сұрақтарға бөгелмей елеңмен жауап беріп жырлағанын, оның жыры бейне бір бөгеті ағылған судың тасқындыай, қуатты, мол арналы поэзия селі екенін атап көрсетеді.¹

Белгілі композитор, қазақтың халық музикасын жыйнап зерттеуші А. В. Затаевич жыйырмасыншы жылдардың бас кезінде Исаңың әншілік, импровизаторлық өнерін қадағалап қарап, сынап, аса жоғары бағалаған. «Иса Байзақов,— дейді Затаевич,— жалынды жас, қызу қанды, тапқыр импровизатор ақын, ол шебер айта да және әсерлі, әдемі ән сала да біледі. Ал сахна ойынына келгенде де ол жаратылысында артист сыйқты үздік адам еді, оның сөйлеуінде, қыймыл, қозғалысында жүртты өзіне тартып, қызықтырып әкететін сезім қабілеті күшті. Жалпы ол қазақ халқының сап алтын таланттының үлгісі. Халықтың берген тақырыбы, немесе, қалауы бойынша қолма-қол шашаш сұрып салып, батыл, ұзак айтқан оның өлеңжырлары өзеннің тасқындыай қалын көпшілікті де, жеке білімді адамдарды да қайран қалдырып, сүйсіндіре біледі»².

Жазушы Н. Анов Исаңың Қоянды жәрменкесінде кооперацияның маңызын халыққа түсіндірген ақындық өнері туралы былай дейді: «Ол сөз тасқынын ағытып, шаршы топтың алдында жыр нөсерін сорғалатып түр. Ақынның құдіретінің күштілігі сондай, әлгі думандатып жүрген жүрт лезде тына қалды. Атты, жаяулы 50 мың адам ақынның сөзін бір кісідей мақұлдап, құлісіп, дұыт-дасады». Н. Анов Исаңың сұрыпсалғыш өнерін М. Горькийге әңгімелеп айтқанда, ұнатып, осындай ақындар Қазақстанда көп пе, олардың сөздерін жазып алumen шүғылданып жүрген қазақ жазушылары бар ма, деп сұрайды?³ Исаңың мұндай үздік айтқыш, тосыннан тапқыш, алғыр, шешен ақын екендігін осы күнгі ақын, жазушылардың бәрі жақсы біледі. Талай қызық айттыстары, егеспен жырлаған сұрыпсалма өлеңдері айттылған жерде қалып қойып отырғанына енді өкінесін.

¹ Әдебиет және искусство. № 10. 1947 ж.

² 1000 песен казахского народа. Оренбург. 1925 г. стр. 358.

³ Н. Анов. «Горький қазақ көркем өнері туралы». Соңда, 1948 ж № 2. 8—9-бет.

Жоғарыда өзі айтқандай, оның ақындық намысына тиіп, қайрап салып жырлатқанда Исаның суырып салып айтқан өлеңдері ерекше шабыт, ерекше қарқамдікпен айтылады. Иса тақырыпты, тосын әңгімелерді бірден бөгелмей жырлай алады. Жазушылар, әдебиетшілер кейде Исаға орысша әңгіме, поэмалардың сюжетін айтЫП, осыны өлеңге айналдыр дегенде ол іркілместен — сол сюжет, тақырып көлемінде шебер, сұлу жырлап, ең қыйын сындардан өтетін. Мәселен: 1938 жылы Иса Байзаков бір топ ақындардың ортасында әртүрлі тақырыпқа бөгелмей суырып салып жырлап отырганында, оған тосынан Марина Раскованың Москвадан Қыйыр Шығыска конбай үшқан ерлігі туралы жырлағанда, қысқа ғана ол жайды ұғып алыш, деру жырлап кетті. Иса тоқтаусыз қырық минут жырлап Маринаның ерлігін, тайгада 11 күн адасып журген мезгілдерін ғажап анызды сарынмен көркем жырлады. Кейін осыны поэма қылып жазып шықты. Мұндай фактылар Исаның творчестволық өмірінде өте көп болды.

Сөйтіп Исада импровизаторлық өнер дәстүрі де, жазып шығару дәстүрі де қатар дамып жеткен. Біріне-бірі бөгет жасаған жок.

Халық ақындарының творчестволық дәстүрінде суырып салып айту үлкен орын алады. 1939 жылдардан бері қарай ақындардың аудандық, облыстық, республикалық бірнеше айтыстары өтуі ақындардың кәрі-жасын бірдей суырып салып айтуға қайрап салды, осы творчестволық дәстүрді дамытып, қалыптастыра түсті, бұл айтыс кездерінде белгілі жүйрік халық ақындарынан·басқа айтысқа жаңадан келіп араласқан жас жігіт, әйел ақындар да жарықта шығып, өздерінің таланттын танытты. Әсіресе, мұндай жас таланттар Қызылорда, Қарағанды, Алматы облысындағы колхозшылар арасынан шықты. Демек, ақындардың айтыс, импровизаторлық өнері халық арасында сакталып та, дамып та келеді.

Жырау

Қазақтың өлең, жыр айтушыларының барлығын бірдей суырып салып айтудың ақын дей беруге болмайды. Ақындық өнердің тарихы бар, заманына, дәуірлеріне қарай әртүрлі атануы бар. Өлец-жыр шығарып, не жаттап айтушыларды қазак жалғыз ақын ғана демеген, одан басқа жырау, жырши, өлеңші, сал, сері деп те атаған. Бұлардың ақыннан, немесе, өзара айырмалары қандай?

Қазақтың көне ауыз әдебиет нұсқаларында жырау қа-
закта ақындықтың ең көне түрі болғанға ұқсайды. Өйт-
кені, қазақтың батырлар жырында алғашқы ақынның ат-
тары: Сыпыра жырау, Шалгез жыраулар. Ал XVIII ға-
сырда Бұқар жырау, Тәтіқара жырау, Үмбетей жыраулар
аталады. Онан бергі ғасырларда Жанкісі жырау, Базар
жырау, Мұсабай жырау, Сабыр жыраулар болды. Біздің
дәүірімізде жырау атымен аталып келгендер Мұрын
жырау.

Жырау — ақын, ол өлең, жыр, толғау шығарып айта-
ды. Жырауда сұрыпсалмалық, шешендік қасиет бар.
Н. И. Ильминский жырауды — өлең айтуши (певец пе-
сен) деп түсіндіреді.¹

Жырау деген сөздің төркіні — жыр (иыр) жырлау де-
геннен шыққандығы сөзсіз. Академик В. В. Радлов жы-
рау — қазақ, татар тілінде — ақын-жыршы, ескілікті
жырлаушы дейді. Жырлаушы татарларда болжығыш
жыршы, жырой — жыройчы. Қазан татарында өлең-жыр
жырлаушы дейді². Ал жыраудың татар, азербайжанша—
йырау болып айтылуының мағнасы да шағатайша жыр-
шы ақын (трубадур, певец) үғымын беретін сыйкты. (Сон-
да, т. II. 516 б.)

Ал Будаговтың түсіндіруінше жырау — ундінің асыл тас
мағнасындағы сөзінен тууы мүмкін дейді³. Жыраудың
жылаумен де жақындығы бар. Қазақта өлген кісіні арнап
жоқтап жылағанды пәлленнің басына жырау айтты дейді,
яғни жоқтау айтты дейді. Шоқан Үәлиханов жыраудың
бір мағнасы қазалы жыр (надгробная песень) дейді⁴.
Жыраудың көне түрік тіліндегі (еیرан) күдайы адамдар
деген сөзбен дә⁵, (яран) негер, соңына еруші серікттер
(сподвижники) деген сөздермен де, (Сонда т. II. 1871 г.
стр. 323.) Қазақтың өзінің жауырыншы (жауырынға қа-
рап бал ашуши, болжауши) деген сөзімен де қатысы бар.

Ертедегі қазақ жырауларының ақындық қызметіне қа-
рағанда жыраудың қофамдық мәні көне, орта ғасырлар-

¹ Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань. 1861 г. стр. 136.

² В. В. Радлов. Словарь тюркских наречий (опыт словаря тюрк-
ских наречий). т. IV. 1911 г. СПБ. стр. 120—121.

³ Сравнительный словарь тюрко-татарских наречий. Составил
М. Будагов, 1859 г. СПБ. т. 1 стр. 435.

⁴ Сочинения Ч. Ч. Валиханова. СПБ. 1904 г. стр. 227.

⁵ Сравнительный словарь тюрко-татарских наречий. стр. 185.

дағы жрецке жақын емес пе екен деген ойға келесін. Кейбір қасиет тұтқан терминдер көне шығыста бір мағнада кездескенімен әрбір өлкелерде, қоғамдық жағдайларға қарай оның мәні де өзгеріп отырған.

Жрец — көне шығыс елдерінде құдай мен адам арасын жалғастырушы әулие де санаған. Бақсылық, болжағыш, бәлгерлік мәнінде де болған. Ескі рим, грек жұртында жрецтер сопы санаған, адамдардан ерекше әк, түрлі әлемшті, кірсіз таза киініп жүреді екен, шашы ұзын болады. Бас жректің екі түрлі көмекшілері болыпты: бірі — жас балалар, екіншісі — азаншы, жаршы, музыкант, ақындардан.

Жрец жалпы тарихта тәңірге табынып, құрмандақ қызмет істеуші язит дінінің әулие, молдалары. Олар дінді, кейбір ғылымдық тәжрибелерді құрал қылып елге, мемлекет ісіне үстемдігін жүргізген. Көне халықтардың тарихында жрецтер деп билік, басалқы сөз айтушы «әулиелерді» атаған. Олар үнемі билеуші қауым ортасында айтқаны тыңдалатын үстем тап өкілі болған. Қазак тарихының жағдайындағы жырауларды алатын болсақ, көне шығыс елдеріндегі, Кавказдағы жрецтердің өзі болмағанмен, қоғамдық қызметі жағынан бірқатар үқастыры барлығы байқалады. Потанин Оғыз ханының қасындағы ақылшысы Ерқылы қожа, шешен кеңесші, жыршының бейнесіне үқсайды деген пікірді айтады. Ойрат-Монголдағы ирен (көне бақсы, шашан), гургульдай (жыршы құстың аты) ақылшы, сәуегөй ақын да санаған.¹

Қазакта әр ханның тұсында бір сұрқылтай дейтіні, әр ханның заманда өзінің бір ақылшысы, шешені бар деген ойды білдіреді.

Жазушы Сәбит Мұқанов — Сыпра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындығының символы, олар хан қасында отырып, батырды жырлаумен қатар сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдастып отырған, дейді.²

Сыпра жырау, Бұқар жырау, Тәтікара жыраулар хандардың қасындағы қошаметші, ол заманы, дәуірі

¹ Г. Н. Потанин. Восточные мотивы в средневековом эпосе. М. 1899 г. стр. 378, 596—599.

² Айтыс. I том. СССР ғылым академиясының қазақ филиалы. Алматы, 1942 ж. 11—12-б.

жайлы, ел басына түсken әралуан уакыйғалар жайынан толғau жыраулар айтушы болған.

«Ертарғын» жырындағы Сыпыра жырау Ханзада хан бас болып ногайлы жұрты Тарғынның қаһарынан қорқып сасқан шағында, ханға ақыл беріп, Тарғынды татулыққа келтірудің жолын айтады. Тарғын мен ханды қыбын тауып татуластырып, бітімін айтқан уақытта Сыпыра жырау бір жағынан Тарғынның адалдығын, батырлығын айттып, ханның өтірікшілігін, екі жұзділігін батыл сынайды; екінші жағынан бір қызды бермеді деп өкпелеп ногайлы елін шаппақ болғаның ағаттық деп Тарғынды сөгеді. Сөйтіп, жырау батырды «құрметтей» отырып, ханға қарсы күрестен тоқтатып бітімге келтіреді. Бұл хан қасындағы сарай ақынының таптық мақсатының айқын көрінісі.

Абылайдың қасындағы қошеметшіл Бұқар жырау — Абылай заманының қайшылықты ой-пікірлерін толғап айтқан ақын. Бұқар ақын ғана емес, Абылайдың қолшоқпар бітімші би. Ол XVIII ғасырдағы қазақ елінің жонғарға қарсы күрестің дүрыс жырлағанымен ішкі қоғамдық мәселеде үстем тап жыршысы болды. «Керей қайда барасын» деген толғауында ол Орта жұздің іргелі руының бірі Керейді, Абылай алдына келіп бас июге, бітімге шақырады; көнбесең көндірем деп хан атынан әмір айттып күш көрсетеді, Абылай, Бөгембай батырдың қолдауымен еларалық жаулықты бастамақ болғанда, Бұқар Абылайды да, Бөгембайды да міней, Абылайдың өзін кешегі жылқы баққан, Түркстанда қаңғырған құлсын деп, Бөгембайды тоқымы кеппес ұрысын деп катты сөгеді. Сөйтіп жырау билеуші хан, феодалдарға өктем сөзін айттып өткізе білген, сол үстем таптың идеясын, таптық мақсатын жырлаған; сонымен бірге жыраулар хан мен қара арасы алшақтай бастағанда ханның үстемдігін нығайту мақсатымен екі жағын жағыстырып отыруши бітімші, жамаушы бидің қызметін де атқарған. Бұқармен тұстас Тәтіқара жырау да осындей болған.

Жыраулар әмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, олар, көбінесе, заман-дәуір өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сездер айттып отырған. Бұл тақырыптағы толғau сездерінде сезімге ұратын лирика болмайды, көбінесе, мен-зеу, макал, мәтелдер ретінде келетін такпактар, термелер болып отырады. Ертедегі Сыпыра жырау, Асанқайғы айтты деген азды-көпті толғауларға қарап отырсақ, олар-

дың қалың бұқараға түсінікті жатық тілмен сөйлемейтінін аңғаралыз, сол билеуші қауымның өзара тұспал, емеуірін түріндегі тақпағы болып отырады.

Сөзді бейнелеп, тұспалдаپ айту Бұқар жырау, Базар жырау сөздерінен де толық байқаймыз. Бұл үстем қауым тілегіне сай биік стиль поэзиясының ұлгісі сыйқты.

Бұдан жырау атаулы тек қанауыш үстем таптың жырышы, феодал биі ғана деген қортынды тумайды. Жасаған тарихи қоғамдық дәуіріне, ескен таптың ортасына, дүниеге кезқарасына қарай жыраулардың творчествосы өзгеріп, құбылған. Бір тобы Бұқар, Дулат сыйқты қанауыш үстем таптың мақсатын, ескілікті көксеп жырлайтын болса, енді бір тобы халықтың ерлігін, еркіндік жолындағы арман-тілектерін жырлайды. Бұл топқа жататындар қазақтың батырлар жырын айтып таратушы Марабай, Нұрим, Мергенбай, Мұрын жыраулар. Желілі жырларды дамытып айтқандықтан халық бұларды әрі жырау, әрі жыршы деп те атаған. Бұл жүйедегі жырауларда заманда, дәуірді болжап, толғап айтатын тақпак жырлар жок, бұлар негізінде ел аузында айтылып келе жатқан тарихи, батырлық уақыттардың өзінің сыйнынан, жөндеуінен еткізіп айтады. Бұл ретінде жыраулықтың соңғы сипаттарының бірқатары Нұрпейістен де табылатын еді, жыраудың соңғы түрі Қарақалпақта да бар. Алпамыс, Қобландының қарақалпақ нұсқаларын жыраулар жырлап таратқан. Қарақалпақтың белгілі «Қырық қызы» дастанын жазушы Бегимов Асан Құрманбай жыраудан жазып алған. Біздің Қазакстанның батыс облыстарындағыдай, Қарақалпақта да жыраулар желілі және батырлық жырларды көбірек айтатын болған. «Қырық қызыда» жырланаған тойда жырау желілі жырды айтып отырғанда жас жігіт, қыздар жыраудан гөрі әзіл сөзді, өлең, әнді ұнатқандығы аңғарылады:

«Біреулер жырау тыңлады,
Бреулер гапти жақлады,
Кызларға жрау не керек,
Жгитке жрау не керек
Тымсал менен қас қағып
Бир-брине қарайды»,
(Сонда 117 бет)

дейді.

¹ Акын. 1912. Қазан, 10—14-б.

Дастанда Құрманбай жырау «Қырық қызы» жырын кім жырлап, кімнен таралғаны туралы қызық мәлімет бере кетеді. Бұл дастанды ең әуелі Қарақалпақтың Жиен деген жырауы жырлап таратыпты. Оның шәкірті Халмұрат жырау дастанды одан үйреніп, алпыс жыл айтыпты. Халмұраттан Шанқай жырау үйреніп елу алты жыл, онан Қазақлай үйреніп елу алты жыл, онан Шайыр Жемұрат жырау үйреніп, алпыс жыл айтыпты. Өзі ең соңғы Жемұраттан үйреніп жаттаған. (Сонда, 409 бет.) Бұған қарағанда «Қырық қызы» сияқты батырлық дастанды ертегі жыраулар айтып таратуы даусыз. Қазақтың да белгілі батырлар жырын ең әуелі Жиен, Шәлгез, Сыпыра жырау сынды жыраулар шығарып таратса керек.

Нұрпейіс Байғанин да, Мұрын жырау да өздері жырлап берген батырлар жыры алты-жеті атаға дейін жыраудан жырау үйреніп таралғандығын және желілі жырларды ақыннан үйрендім демей, жыраулардан үйренгендігін айтады. Сондыктан да, Ақтөбе, Батыс, Қызылорда облыстарында және Қарақалпакта батырлық жырларды дамытып жырлаушы ақындарды көбінесе жырау деп атайды. Сөйтіп ерте кезде, жырауларда жыраулықтың екі дәстүрі де заманын, дәүірін жырлаумен желілі батыр жырын дамытып айту бірдей болмады ма еken деген ойға келесін. «Ертарғын, Қобланды» сияқты жырларды, әуелінде уақыйғаның күесі болған Сыпыра, Үмбетәлі, Тәтікарадар шығарып таратуы ықтыймал. Олай деуге тағы дәлеліміз дәл кешегі 1916 жыл уақыйғаларында сол көтеріліске қатнасан ақын-жыраулар мол жырлағандығы.

Совет дәүірінде жыраудың қоғамдық сыйпаты да, идеялық творчестволық қызметі де өзгерді, жаңарды. Толғай тақпактарды жаңа заман тақырыбына арнап айтады, батырлар жырының өзін де жаңа идеялық мотивпен жырлай бастады. Бұған Нұрпейістің творчестволық қызметі айқын дәлел.

Жыраудың ақындық ролі қазақ әдебиетінің ертерек кезінде зор болып, бертінде бәсеке деуінің негізгі бір себебі жаңа қоғамдық, тарихи даму жағдайында жыраудан гөрі ақындықтың, яки жыршылықтың маңызы, ролі артқандығы. Жырау өмірдің сан алуан шындығын, адамның сезім дүниесін терең бейнелей алмады, ал ақын болса ол, әсіресе XIX ғасырдан бері өзінің ақындық, профессионалдық өнерін кең дамытты, ол бертінгі жазба әдебиет дәуірінің өнерімен үштасты. Сонымен жыраулықтың келесі

дәуірлердегі заңды дамуы ақындық пен жыршылық болады. Эрине, бұдан жыраулық дәстүр мүлде жойылды деген көртінды тумайды, жыраулық дәстүр енді Нұрпейіс, Мұрындағы сияқты, ақындық немесе жыршылықпен қатар бір адамның бойында сақталып дамыған. Жаңа жыраудың творчествосында ақын, әншілік, жыршылық дәстүрлер толық қабысып келген. Таланты қайта туып, гүлденген қазіргі ақын жыраулардың творчестволық тәж-рибесі осыны көрсетеді.

Жырши

Жыр, жыршының теркіні — жар (яр) — жарлау, жармағнасында. Жыр, йыр, ыр — татар, қырғыз тағы басқа тілдерде тақпақ өлең түрі, ал қазақ поэзиясында да шумакқа бөлінбей, шұбыртпалы, еркін үйқаспен айтылатын, жеті, кейде сегіз буынмен тақпақ, терме өлең түрін айтады.

Жыр, жыршының төркіні — жар (яр) — жарлау, жаржар, жаршы деген сөздермен бір сияқты. Жар шақырды, жариялады — дегеннің бәрі жүртқа бір пікірді, ойды ашық, айқын айту мағнасын береді. Дәл ұғымында «жар» өзеннің құлама қабабы немесе бір затты екіге жару мағнасын да көрсетеді. Екінші жағынан қазақта — жар-жар көне салт жыршының бір түрі. Ер мен әйелдер екі жар болып, қосылып хормен айтады. Жар-жар жырында айтыстың — драмалық шығарманың да элементі, музика да бар. Жар-жар қызы үзатарда ғана айтылады. Әрбір шумак өлеңнің аяғы «жар-жар» деген сөзben бітіп отырады. Қазақта жігіттің келіншегін де жар, келіншектің жігітін де жар деп атайды. Сонда «жар-жар» дың өзі үйленуді, әйелді құрметтеу, қасиеттеуден тұған бейнелі сез емес пе екен? «Жыр» мен «жар» дың түбі бір болуы да ықтыймал. Ал жаршыны алатын болсак, ол бұрын үлкен той, астарда мерекені, ойынды, мәжілісті өлең-жырмен бастап жырлаушы ақын. Жаршы бір үйде, бір жерде отырмайды, көбінесе қолына домбырасын алып ат үстінде жүріп, жүрттың жыйын жерінде болып отырған ас пен тойдың жайын, ойын сауықтың тәртібін, тойға, асқа келген адамдардың құрметін жырлайды. Оның сезі жаттамалы емес, көбінесе суырып салмалы болады. Ал өлген адамға арналған жоқтау күні бұрын шығарылып, жатталады. Қазақ ақындарының талайы астарда жаршы болған. Жамбыл

1891 жылы Сарыбайдың асында жаршы болып жыр айтқан. Жаршылық пен жыршылықтың мағнасы әуелінде өте жақын болып, кейін ажыратылған сыйкты.

Сонғы дәүірлердегі қазақ, татар әдебиетінде жыршы, қырғызда жомоқшы, көбінесе оқыйбалы жыр айтушы (сказитель) мағнасында қолданылады. Эпос — оқыйбалы жырлар әуелінде ұсақ салт жырлары (жорық жыры, жоктау, жар-жар сыңсу, естірту, көңіл айту) негізінде туған. Бірден тұтас, көлемді дастан жасала қоймаған, Енесей-Орхон жазуларында жоқтаудың да, эпос жырының да элементі бар екені даусыз. Қазакта ұсақ салт жырларының өзі шілдехана, қыз ұзату, батырдың жорықтағы жеңіс салтанатына, даңқты адамдардың өміріне, асына байланысты шыққандығы белгілі. Сонда осы ұсақ жырларды шығарып, халық алдында орындал айтатындар — жаржар айтушы қыз берін жігіттер, ас, той үстіндегі жаршылар болады. Осы салт жырларынан құрадып, дамып эпос туады.

Қазақтың жоқтау жырларының көбінде өлген адамның басынан кешкен оқығалар жырланып кетеді. Бірақ эпосты жаршы, яки жыршы шығармаған, оны жаршы, жоқшы, жар-жаршылардан кейін толық эпос дәрежесіне жеткізіп, шығарып жырлап беруші — жыраулар болуға тиіс. Өйткені ертерек кездегі батырлар жырында жырының аты аталмайды, көбінесе жырау аталады. Жыраудың айтып таратқанын бүлжытпай орындал жалыққа, үрпактан үрпакқа таратушы, орындаушылар — жыршылар.

Бұран қарағанда жыршылық өнер дәстүрі кейінгі дәүірлерде қалыптасуы мүмкін. Шоқан Үәлиханов: заманында жыр үлгісін дамытқан Жанақ дейді... Жанақ өл геннен кейін жырды қобызбен айту қалып барады, кейінгі импровизаторлар Жанақтың жыр үлгісін қайталайды. бірақ екі шекті домбырамен айтады, жырдың орнына ақындар көбінесе өлең формасын қолданады. Бірақ Жанақ жыршы ғана емес, сонымен бірге импровизатор ақын дейді.

Нағыз төсөлген жүйрік, айтқыш жыршылардың қадірі халық алдында ақын, жыраулардан кем болмаған. Қалың жыйындар, той, астарда жаршы ретінде ойын-сауық бастауына қарағанда жыршыны әнші ақынмен, шешендермен қатар қоюға болады.

Бурят-монгол тілінде жыршы мен шешенінің төркіні бір, хүрчи, хүрчин — алтын скрипка ойнау, немесе гулшин

—қадірлі әйел, сөсөн—шешен — ақылды әйел, гүл мағнасында айтылып¹, ақын-жыршыны қадір тұтып, өлеңжырын да қасиетпен жырлайтын болса керек. Ал памыстасы Гүлбаршын есімі осы мотивтерге тамырлас шыгар. Жыршы, шешен деген сөздердің қазақтың өз түсінігінде қалыптасуында бурят-монгол тілдерімен текстестігі жок емес. Қырғыз жыршыны екі топқа бөліп атайды. Бірі — жыршы — ұсақ өлеңдерді, кейде дастандардан үзінділер жаттап айтады. Бұл қазақтың өлеңші, жыршыларына жақын. Ал екінші — хомоқшы — оқығалы дастандарды, әсіресе, Манасты жырлаушылар². Мұны академик Радлов, профессорлар В. Жирмунский, М. Эузов, М. Богдановалар ұлы жыршылар деп атайды. Қырғыздағы Келдібек, Тыныбек, Балық, Сағынбай, Саяқбай сыйқты жыршылар тек жаттағанын ғана сақтап айтушылар емес, «Манас» жыршын өздерінің жана редакциясымен дамытып жырлаушылар. Бұл ретінен манасшы жомоқшы мен қазақтың жырау жыршысының арасында көп жақындық, ұқсастық бар.

Қазақ ұғымында жырши ақын емес, өз жанынан өлең, жыр шығармайды. Ол негізінде бұрынғы дайын өлең жырларды айтып таратушы. Орыс, карело-фин, өзбек, тәжік елдеріндегідей ертегі, жыр дастандарды жаттап айтушылар болғаны сыйқты, қазакта желілі жырларды айтып таратушы, екінші ақын-жыршыарға үйретуші професионал жыршылар болды.

Орыс фольклорисі Б. Соколов орыстың Сибирьдегі атақты жыршылары (сказительдері) жаратылыстың апарты мол құшағында өсті, бәрі де балықшы, аңшы, етікші, тігінші сыйқты еңбек адамдары, олар Сибирьдің балықшы, аңшыларының ортасында аса қадірлі болды, жыршылар көбінене жаттағанын айтады. Бірақ дайын сюжетті әңгімей өзіндік ақындық шеберлікпен айта алады. Жыршылардың көшілігі хат танымайды және көп жасайтын қариялар. Атақты жырши Трофим Рябинин 90 жасқа келіп өлген (1791—1881 ж.), ал оның ұстазы Илья Рябинин өткен ғасырдың 30 жылдарында 90-ға келіп өлген. Илья өзі білетін мол жырларды іні, бала, немерелеріне үйретіп қалдырган,— дейді³. Оның немересі Петр Ивано-

¹ Ч. Валиханов. Сочинение. стр. 226—228.

² Г. Н. Потанин. Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе. М. 1889 г. стр. 591, 525, 605.

³ Б. Соколов. Сказители. М. 1924 г. стр. 33—76.

вич Рябинин (1905 ж. туған) осы күнгі атакты жыршы (сказитель) бұрынғы батырлар жырын мол айтумен қатар совет заманының нақтылы батырлары — Ворошилов, Чапаев туралы әңгіме, жырлар айтады. XIX ғасырдан бергі жердегі орыс халықтарының көбі, ертегі жырлар жыршылардың репертуарлары негізінде үйреніп, жаттау арқылы дамып, сақталып келгендігін анықтайды¹. Шынында да Н. Рыбников жазып алатын 224 ертегі-жыр (былин) текстің, А. Ф. Гельфердинг жазып алатын 318 тексті айттып жырлаушылар Рябининдер, Г. А. Якушов, А. М. Крюкова, М. Д. Кривополова сияқты белгілі төсөлген талантты жыршылар екендігінде дау жоқ. Жатқа айтатын репертуары мол, жыршылық қабілеті күшті талантты жыршылар әр халықтың эпосының ең негізгі тұтас, көлемді үлгілерін сақтай білген. Қырғыздың манасшылары, қазақтың Нұрпейіс сияқты батырлар жырын дамытып айтушылар, қарақалпақтың жырлаулары да ірі эпос жыршылары.

Мұндай жыршылар қазіргі қазақ совет фольклорында да бар. Мәселең: Ақтөбе облысында Байтабынов Айса (1875 жылы туған) деген жыршы бар. Ең алғаш 1940 жылды Ақтөбе қаласында Нұрпейіс Байғаниннің 80 жасқа толған мерекесінде ол екі күн жыр айтты. Нұрпейіс оны аса ықластанып тындала, — «мұның жыршылығы бізден күшті және ертеде естігенін жазулы аттай сақтайтын жүйрік жыршы» деп аса жоғары бағалады.

Нұрпейістің өзі де жыршы. Бірак, екеуінің бұрынғы батырлар жырын айтуда үлкен айырма барлығы байкалды. Нұрпейіс әрі төкпе, ақпа ақын болғандықтан бұрынғы жырлардың желілі уақыйғасын, сюжетін толық есіне сақтап, соны қайта жырлағанда бұрынғы айтқанын қайталай бермей, қосымшалап, тыңнан жырлайды. Ал Айса Байтабынов өзі ақын болмаса да жас қунінде карт жыраулардан естің жаттағанын өзгертуей дәл айтуга тырысады. Айсаның өзі бұрын ел аралап жүріп айтатын профессионал жыршы болыпты. Ал бертін жыршылықты қойыңқырап кетілті.

Айса білетін желілі жырлардың бірқатары ғылым академиясы тарапынан жазылып алынды. Екінші бір жыршы Алматы облысындағы Сәдібек Мұсрепов, колхозшы, хаттанымайды. Бұл да қазақтың батырлар жырын ұзақ көлемде дамытып айтады, қырғыздың Манасынан, Алпамыс,

¹ Ю. М. Соколов. Русский фольклор. стр. 240—244.

Ерназар-Бекет, Мұңды Сейіл тағы басқа көп әңгімел дастандарды жырлайды. Сәдібек те көбінесе жаттаған естігендерін өзгеріссіз, қосымшасыз айтуға тырысады.

Ең ірі жыршы әрі жырау — Мұрын Сенгірбаев (1860—1952). Ол хат танымайды. 18 қасынан бастап Батыс Қазақстан, Адай, Түркпен, Қарақалпақ еліндегі атакты ақын жырау, жыршылардан, әсіресе Нұрым жыраудан ногайлының қырық батыр жырын үйреніп жаттап, соны ел арасында жүріп айтқан. Қырық жасына дейін осы жыр айтумен келіп, 40 тан былай қарай ұста болып кесіп етеді, жырды тек өзінің құрбылары арасында ғана ара-тұра айтатын болады.

Мұрын ақын емес, тың тақырыпқа өзі шығарып айта алмайды. Бұл жағынан ол жыршы ғана. Сонымен бірге желілі, көлемді батырлар жырын ұзак уақыт бойы талмай, жалықпай жырлайды. Және бұрын-соңғы қазақтын ақын-жыршы, жырауларының ішінде теңіздей ең мол жырды айтатын осы Мұрын ғана. Бұл жағынан оны халық жырау деп орынды атаған.

Жыршылық дәстүр халық ақындарының көбінде болды және бар. Мәселен Қазанғап Байболов (1946 жылғы қайтыс болды. Оңтүстік Қазақстан), Ертай Құлсариеев (Алматы облысы), Омар Шипин (Қостанай), Иманжан Жылқайдаров (Қарағанды облысы), Қашқынбай Қазиев (Қостанай), Әбдірахман Ізбасов (1943 жылы қайтыс болды, Омбы облысы), Молдахмет Тырбиев (Көкшетау облысы), Төлеу Көбдіков (Семей облысы), Жақсыбай Жантөбетов (Жамбыл облысы), Куат Терібаев (Талдықорған облысы), Ұбжар Толыбеков (Қызылорда облысы), Қайып Айнабеков (Қарағанды) тағы басқалар.

Бұл аталған ақындар соңғы 25 жыл ішінде ғылыми орындарға өздері билетін, жас кезінде жаттап айтқан, немесе естіп жазып алған жыр дастандарды, аныз әңгімелерді мол көлемде айтып, жыйнап берушілер. Бұлардың өзгертпей жаттап айт羞и жыршылардан бір айырмасы, бәрі де хат біледі, естігенін мезгілінде жазып алып жаттаған, немесе өзі жатқа билетіндерін басқа ешкімге жаздырмай, өздері жазып қағазға түсіреді. Оның бержағында өздері ақын, ұзақ желілі жырларды, дастандарды өз өңдеулерімен қайта айтып, жазып шығады. Сонымен бірге олардың бүгінгі күннің жаңа, тың тақырыптарына жазып шығарған өлең, жыр, дастандары да бар. Өлең, жыр, дас-

тандарында жазба әдебиеттің, кейде кітапшыл ақындардың әсері де сезіледі (Қазанғап, Ертай жырларында). Бұл ақын-жыршылар өздері шығарған, жаттаған өлең-жырларды, шешендік сөздерді, дастандарды жыршылардың дәстүрімен халық арасында жатқа айтып орындаиды.

Жыршы ақындар өзінің, немесе ел аузындағы фольклор шығармаларын ауызша айтумен қатар жазба ақындардың шығармаларын орысшадан аударылған дастандарды жаттап, ел арасына таратады. Мәселен С. Мұқановтың, Исаның поэмаларын, Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, Абайдың өлеңдерін тағы басқаларды өздерінің өндеу қосымшаларымен жырлайды. Кейде прозалық шығармалардың сюжетін де дастанға айналдырып жырлайды.

Жыршыны орыстың сказителі мәнінде де түсінеміз деңдік. Бұл үғымды толықтыра түскенде қазактағы ертекші, әңгімеші қарияларды айрықша атауымыз керек. Ертегішілік, шешен әңгімешілік дәстүрлер Жамбылдан бастап осы күнгі ақын-жыршылардың көбінде бар. Қазіргі ақындардың ішінде әңыз, ертегі, естегі әңгімелер, тапқыр кеңестерге жүйріктері Шипин Омар, Қайып Айнабеков. Бұлардың қара әңгімені айтудың белгілі бір бап, ерекше бір шеберлік байқалады. Өздері естіген, не көрген әңгімелерді айтқанда тыңдаушыны үйитып, ертіп не қатты жан сезіміне бөлеліді, не құлдіріп рахатқа батырады. Сөзді мәнерлеп, дәмдеп, сұлуласпайтады, есте қаларлық қағидалы, тұжырымды тақпак, мақалдарды әңгімеге үнемі кірістіріп отырады. Және әңгімелерін беталды мағнасыз айта бермей, аса бір көңілді, ықласпен тыңдайтын жағдайда, бір әңгімeden бір әңгіме туып кетерлік ортақ тақырып, ортақ үлкен тарихи уақыйға сөз болып, тұрткі берсе ғана шешіліп жақсы сәйлеп кетеді. Мәселен Омар Шипин өзінің өлең-жырларын жазып айтумен қатар қазақтың тарихына, 1916 жылғы көтеріліс, Қазақстандағы Октябрь революциясы, азамат соғысы уақыїғаларына байланысты, Аманкелдінің өміріне байланысты, сонғы 60—70-жылдан бергі жердегі белгілі ақын-жыраулардың, әнші өнерпаздарының өміріне байланысты саналуан әңгімелерді, жыр-аңыздарды жүйе-жүйе, жік-жігімен айтады, олардың бірқатарын жазып қағазға түсіріп, үнемі ғылым академиясына тапсырып келеді. Омардың естіп білген, яки өзі көріп, есіне сактаған әңгіме, аңыздары тек әдебист,

фольклор тарихы үшін ғана емес, жалпы азаматтық, тарих, этнографиялық ғылым үшін де маңызы зор.

Мұндай айтқыш, әңгімелі, ертекші қария ақындар с.л ішінде аз емес, оларды ғылым академиясының адамдары жыл сайын естіп, экспедициямен колхоздарды аралаған уақыттарда үнемі кездестіріп анықтап, аса құнды, бағалы фольклор материалдарын жазып әкеледі. Қазіргі жыршылардың бір алуаны міне осындаі өртекші, әңгімелі қариялар. Алайда, дәл өртекшінің өзі Қазақстанның барлық жерінен әлі толық анықталып жеткен жоқ, өртекті әр өртекші өзінше жөнделеп, өзінің түсінік, бояуларымен айтады. Ертекшінің бірі қыял, ғажайып өртегілерін, екіншілері сатиры өртектерді, үшіншілері — аныз, тарихи әңгімелерді, төртіншілері өтірік өртектерді айтуға машықтанаады, төселеді. Қазіргі әңгімелі қариялардың ішінде осындаі өзара ерекшеліктері де бар. Бұлар да өртекшілердің дәстүрі, мектебі тұрғысынан тексерілетін ғылымдық мәселелер.

Сөйтіп қазақ фольклорында жыршылық дәстүр да-мып, қалыптасқан, оның даму жолдарын, жыршылардың творчестволық жаратылышын анықтап зерттеу казақ фольклористикасының келелі бір міндеті.

Әнші ақындар

Қазақ поэзиясында әнші ақындардың творчествосы да ерекше орын алады Әнші ақындар негізінде сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші ақын демей, халықтық искусствоның адамдары деп таныған жән. Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Артистерше сырттай жарқ-жүрк әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-тұру әнші ақынға тән негізгі салтың бірі.

Қазіргі қария ақындардың айтуына қарағанда ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серілердің арасында айырма аз болғанымен, сыртқы жүрістүрьысында, киіну, сыпайылық әдетінде бір қыдыру айырма барлығы байқалады. Серілердің салға қарағанда сыпайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш, ерсі бола бермейді, елден ерекше қызыл-жасылды, жарқ-жүрк етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза

бермейді; өздері жастармен, топпен араласқанда сыпай-гершілік, әдептілік, нәзік сезімділік мінездерді көбірек білдіріп, ақындық, әншілікті негізгі өнер жолы деп қарайды, соған көбірек беріледі.

Ал салдар жүрттың ортақ салтында жоқ, ерекше, күлкілі, көз тартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтарды тағынған. Олардың шалбарының балағы көш құлаш ұзын, сүйретіліп жатады. Бас киімінің, шапан, шалбар, байпактардың шүберегі ала-құла, қырық құрау болады екен. Бөрік, тұмакқа үкі, неше турлі моншақ қадаған. Сырт киімді кейде бірыңғай ақ, қызыл-жасылдан, кейде қым-қыйғаш әр шүберектен араластырып тіктірген, оған тоқыған шекпен де, құрым кигіз де қоса тігілген болады. Әнші ақындар түйдегімен журген. Олар әнші, ақын, өнерпаздардан құралған бір топ артистер труппасы сияқты, той, жыйын, ойын-сауық бар жерлерге айрықша өнер салтымен келіп, жүртты үнемі қайран қалдырып отырған. Ойын-сауықты олар шапшаң басқарып кететін болған, «Абай» романында М. Эуезов салдың, оның төңірегінің, ақындық, әншілік өнерінің бейнесін кең сыйпаттай келіп, үлкен тойға жұбын жазбай келіп түсken салдарды былай суреттеп кетеді:

«Келе жатқан топ екі екіден, бір сал, бір келіншектен, мойындарына білектерін артысып, құшактаса әндetedі. Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді, өзге жігіттерден жасы үлкен, бой бітімі де келбетті келген Байтас ақын. Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да «мен сал домбырамын» дегендей, ән арасында сол домбырасын Байтас аспанға көтеріп, бұлғақтады. Сал ағаның осы белгісімен арттағы өңшен әнші, ойнакты топ өздерінің шүбараала домбыраларын аспанға көтереді. Бар тобымен айтып-айтып келе жатқан «Жыйырма бес»¹тің толқынды ырғақтарын шырқай сілтеп, құбылта бұралтады»¹

Біржанды, Ақан серіні көргендер — олардың жүрістүрьысында ерекше көз тартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасакана киіну, қасакана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқтығын айтады. Шын салдық дәстүр, өнер сол салдың барлық тіршілігімен біте қайнасып кетуі тиіс. Қазіргі қария ақын Иманжан (1886

¹ М. Эуезов. Абай. II кітап. 1947 ж. 238-бет.

жылы туған) бала күнінде, жасы 80 ге жақындаған Қыпшак Жаңқа салды көргендігі жөнінде былай дейді:

— Жаңқа қыр мұрынды, атжақты, ақсүр адам екен. Ұзын мұртты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Әлі қайратты, тіп-тік, шарт жүгініп, екі қолымен тізесін айқара жауып отырды. Тұсында домбыра, сыбызы, кобыз ілулі түр. Сал басына тәбесі біздей шошак, сегіз сай әлеміш бөрік киіпті. Бөріктің әр сайы әртурлі ала-құла шүберектерден құралған. Тәбесіне қадалған тоқпактай үкі, сал басын анда-санда сылқ, еткізіп тұқыртып қалғанда, бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек, екі иығында екі үкі және қадалған. Аяғында өзбектің ала мәсіі, бұтында шүбатылған ұзын шалбар. Басын шапшан жоғары көтеріп, шалқайып аспанға қарайды да, отырғандарға бірдене деп тіл катады, үлкендердің ішінде жасы кіші бала мен едім, мынау жынданған ба деп күліп жіберіп отырдым. Эрине, оны сал елең де қылған жок.

Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі шалдардың тілеуін орындаған әуелі сыбызығы тартты. Сыбызымен «Досымжан» күйін ойнады. Ертеде Досымжан күйші күйлерін ылғи таңертең ашқарында тартады екен деп ескертіп қойды. «Боз інген» күйін де ол сыбызығыда ойнады. Оナン кейін қызыл доланадан істелген бүйра кобызын ойнап, есқі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып «Кұтының баласын тербеткені», тағы бірнеше күй-сарындар ойнады. Кетерде шалдар ауылға шақырды. Сал кейін бірнеше жолдасымен келіп, ауыл жаңында аттан құлап жатқанын көре салып, ауылдың барлық қызы-келіншегі, жастары жыйналып, кілемге салып көтеріп әкеліп, үйге кіргізді. Ол келісімен ауыл жастарының ойын-сауығына араласты.

Сол ойын-сауық үстінде Жаңқа сал, өзінен бұрын болған, Башен салдың жайын айтты:

— Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кие алмадық. Ол көл жайлап көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда оның аяғы бір талмады, мен шыдай алмадым. Бірақ сол Башеннің өзі де Мақпал деген сұлуды ала алмай қайғыдан құса болып өліпті. Өзінен үлгі алғалы келген жас салдарға айтатын өлеңі мынау еді:

Мінгенім көш алдына таналы кер,
Тан атса көрінеді шамалы жер.

Басынды көтер дағы сылқ ете тұс,
Кайтесің Оспан ханның заманы дер.
Мінгеним көш алдында кидасын кер
Желіден жебір тайлақ бүйдасын жер.
Еасынды көтер дағы сылқ ете тұс,
Кайтесің көрген адам қыймасың дер.
Саудырма тай саусымай
Ку метейдің даусын-ай
Ойпырай (дауысты катты көтереді)
Дауен-ай
Мақпал салған әуен-ай

деп сылқ ете қалар еді. Міне біз сол Башен бола алмадық деп үніледі»¹

Салдардың салты, мінезі жөнінде осындай әңгімелерді Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып сыйкты қария ақындар да көп айтатын. Бұған қарағанда сал, серілердің өнер дәстүрі қазактың тіршілігінде елеулі өрын алған сыйкты.

Сал жайындағы әңгімелердің бәрінде де салдардың ерекше жүріс-тұрысы, ерекше, өрескел киім киуолері, оғаш мінездері айтылады. Кайда келсе де, салдар ауыл сыртында аттан құлап түсіп, қашан қызы-келіншектер басын көтеріп тұрғызғанша жатып алады екен. Ерегестірсе, на-мысына тисе сал өрескел, оқыс мінездер көрсетіп кететін болған (өз атын өзі бауыздау, тәуір кімін жаман құрым киіз киімге айырбастау, бойындағы бар асыл затын, ат тұрманына д үйн біреуге тастап кету, етік-мәсісін қызы-ке-ліншектер тартып шешкенде таласып теріп алсын деп қо-нышына моншак салып жүру тағы-тағылар) Халық ара-сында оғаш, қыныр күлдіргі мінезімен тентек аталған Былғақ, Қыясбайдың жүріс-тұрыстары да салдардың дәстүріне жатады. Салдардың, осындай тентек аталған күлдіргіштердің өлендері де өз мінездеріне сай өтірік, қыныр магналы, қыйсынсыз құралған күлдіргі болып келді. Жантұрған деген сал өзінің бір құрбысына кездес-кенде:

Алабас ит көрдің бс шілерлеулі,
Әр ауылдың көлінде оттап тұрған,

деп бастайды өленді. Тағы бір тентек салдың өлеңінде:

Кек сыйырдан туады жирен айғыр,
Шокан-шокан койфа қасқыр шабады.

¹ Иманжан Жылқайдаровтың 1949 ж. ауызша айтуынан.

Боталы інген тайлактай көкте үшүп жүр,
Бұнығаным беліме сексен арқан»¹

дейді.

XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Толыбай, Жаяумұса, Ағашаяқ, Әзделбай онан ғергі Шашубай, Естай сал тағы басқалары әншіліктің, халық өнер-паздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырган. Казактың әнші ақындары, сал, серілері искусствоның тұтастық касиетін бойына жыйнаған адамдар. Бұлардың көркем өнерінде көне заманның тұтастық (синкретизм) элементі күшті. Ән-күй, өлең, би әуелінде бөлінбей тұтас искусство түрінде жасалғандығы туралы ғылымдық қағида қазактың сал, сері, ақындарының өнер тәжрибесінде де толық дәлелденеді.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшымергендік, спорт-палаудық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі құлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш — бәрі халық өнерпаздары Ағашаяқ ірі әнші ақын, халық композиторы болудың үстіне неше түрлі спорт ойындарын көрсетіп отырган. Сқак Begalin қарт (1865 жылы туған) айтады:

— Кемпіrbай ірі ақын әнші болудың үстіне, өнерпаз, ойыншы екен. 1879 жылы Семей қаласында үлкен бір жыйын болып, сол жыйында Кемпіrbайдың ақындығы мен ойынына жыйналған орыс-казак қайран қалды. Кемпіrbай екі аяғына екі бақанды байлап алғып, ойнаған гармонга қосылып билеген. Үстіне түрлі әлеміш киім киіп алғып, аяқ-қолын төрт жағына керіп шеңбер жасап, зырлап деңгелеп ойнаған. Ат үстінде әралуан ойын көрсеткен. Белгілі Тәттімбет күйіші де, Зарубай өнерпаз да сал, серілерге лайықты дәстүрді сактаған, халық искусствоның адамдары. Сондықтан, бұларды тұтас алғанда көшпелі ауылдағы халық артистері мағнасында түсінуге болады. Бұл жөніндегі профессор А. Жұбановтың пікірлері орынды. А. Жұбанов сал, сері типіндегі әнші-акындар тұрақты театры, концерт орны жоқ, көшпелі ауылдың артистері, сегіз қырлы өнерпаздар (әрі ақын, әрі әнші, әрі артистік өнерге бейім) деп біледі.

«Сал», «сері» деген сөздің өзі ақын, әншілік мағнасында қолданылуының тарихи, қоғамдық мәні бар. «Сал» етістік (салу, салып қою), немесе зат есім (сал байлап өзеннен өту) мағнасында да қолданылады. Радловтың

¹ С. Begalin. Жыйнаған материалдардан.

талдап түсіндірулерінде түрік тілдес елдердегі бірнеше ұғымдарды көлтіреді. Сал шор тілінде жерошак, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабыrlау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сейлеуші, оғаш қызыр киім киоші адам мәнінде қолданылады дейді¹.

Қазіргі кейбір қария ақындардың айтуына қарағанда «сал» деген ұғым өрескел жүріс-тұрыспен, есерлік мінездер көрсетіп былғақтап, 'дел-сал аурудай жүруден туған. Қазақта бой көтертпей, бастарта беретін сал ауру болады, бұл да сал ауру сыйкты былқ-сылқ етіп әр ауылға барса қашан басымды қыз-келіншек көтеріп алады деп құлап жатқан мінез, тұрыстарына қарай сал атальған деген түсініктерінің көңіл бөлөрлік жаны бар. «Сал» деген сөзге Ильминскийдің берген түсінігі де осыған дәл келеді. Сал — тұлабойым сал-сал болып түсіп барады» деген мысал көлтіреді. Қазақта ән айт демейді, ән сал дейді. Осындағы сал жалғыз етістік мағнасында ғана емес, асқакты ән, күйді айтудың бейнелі мағнасында да қолданылып тұр.

Сал, серілер әнсіз өлең айтпаған. Бұлардың ақындық дәстүрінде әншілік шешуші орын алады. Ақындық сөзден гөрі әншілік, музикалық творчество басым болып отырады. Бұрынғы, соңғы сал, сері типіндегі әнші, ақындар жырлаймын деп өлең бастамайды, ән шырқаймын, ән саламын деп бастайды.

«Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған...
Атадан Біржан сал бол тудым артық...
Аккумен аспандағы ән косамын,
Козғасам абын күйді түптен тартып.¹

деген Біржан сал сөзінде айтысты әнмен қыздырғандығын көреміз. Шашубай «Ал гармоным, гармоным» деп, Нартай ақын «Ән шырқа, жez тіл сырнай, алдым қолға» деп ән шырқау, гармонь, домбырамен көнсөуден бастайды өлеңдерін.

Ал, «сері» бәлкім арабтың сир (сейір) — қыдыру, кезу деген сөзінен туып, серуен, сайран салу мағнасына айна-

¹ В. В. Радлов. Словарь тюркских наречий. том IV. 1911 г. СПБ, стр. 344.

² Айтыс. I том. 102. 114-бет.

лып, сонан сері ұғымы қалыптанған болуы мүмкін. Радлов сир (сейір) қазақ, татар тілдерінде серігү, тынығу мағнасында екендігін де ескертеді¹.

«Сері»нің — «сарын», «сарнау» (төлеуіт, шор, сағай, қойбал тілдеріндегідей өлең, ән айту, жырау мәніндегі) деген сөздермен де жақындығы бар. Сырнай да осы сөздермен төркіндес. Қыпшақ тілінің XIII ғасырдағы ескерткіші Кодекс Куманексте «сері» (шері) әскер мағнасында қолданғандығы айтылады.² «Шеру тартып», «Шеру қол» деп келеді.

Қазак әдебиетінде сал, серілік көне дәуірдегі ақындық дәстүр екендігіне ешқандай дерек болмаса да орта Азия, орыс, сибирь, орта ғасырдағы европа, көне шығыс тағы басқа елдердің әдебиет, фольклор, этнография тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы бізге мәлім.

Орыстың көне дәуіріндегі ақын, халық өнерпаздарының бір түрі скоморохтар болған. Олар елді кезіп жүріп өлең, жыр айтқан, ән салған, билеген, түрлі ойын-сауық көрсеткен. Скоморохтар өз тұсындағы тұракты әдет-ғұрып салттан бөлекше киім киініп, өзін ерекше жүріс-тұрыстары мен өлең, жыр айтқанында діннің, шеркеудің шарифат қағидаларына, ерекшелеріне қайшы әдеттерді колданып, поптарға ұнамайтын пікірлерді таратқан. Сондықтан, орыста «попты құдай жаратса, скоморохты сайтан жаратты» деген мақал бар³. Немесе, Украинада соқыр жыршы кобзарълар да халықты аралап жүріп жыр айтады. Біздегі кобызшылардың кобзарълармен текстестігі болуы ықтыймал.

Қазактың сері, салдарының ақындық салттарының көбі билеуші үstem тап феодалдардың, молда, ишандардың әдет-заңдарына, шарифат ережелеріне қарсы келіп отырған. Молдалар, ишандар Ақанды шоқынды, діннен безген деп өсек таратқан. Біржанмен, Ақанмен айтыскан діншіл ескішіл ақындар Ақанды шарифатты білмейсін, күпір болдың деп сөгеді.

Біржан мен Сара айтысында Сарадан бұрын қағыскан әйел Біржанды, «салдықпен сайтан куған» деп кемітеді. Науан хазрет мешіт ішінде өлең айтуды тоқтатпақ бол-

¹ В. В. Радлов. Словарь. т. II. стр. 447.

² С. Е. Малов. «К истории каз. языка». Известия АН СССР. 1941 г. № 3. стр. 98.

³ «Бог дал попа, черт скомороха».

ғанда Ақан сері, мекшарда өлеңім шаригатынмен тән түспесін қайдан білдің деп жауап берген.

Онан соң орыста бал-маскарад ойыны бар. Қазақтың ұғымында масқара — сырттай оғаш, өрекел кескінге түсуді (бұрынғы заманда бетіне күе жағып, құрым кигізу-ді) масқаралau деп атаған. Орыстар маскарад ойыны бетіне маска (перде) киініп, түр-түсін өзгертіп жүріп ойнауды айтады. Қазақтың сал, серісі, орыстың скоморохы сырттай р алуан әлеміш, оған ерсі киім кигендіктен маскарадқа үқсас атқа ие болмады ма екен?

Міне осы фактыларға қарағанда сал, серілік дәстүр қазақтың ертеректегі әдет, ғұрпында, тіршілігінде болып, искусство, поэзиялық дүниесінде бертінде қалыптаспады ма екен деген ойға келесін. Сал, серіліктің бақсы, бәлгерлік нанымдарымен тамырлас екендігіне тағы бір дәлел, сирі (сарі) деген сөз — үйғыр тілінде бақсылық, бал ашушылық, түрлі көз байлап ойын көрсетушілік деген мағнаны беретіндігі¹. Ақан серінің есейген кезінде өз ортағында күғын көріп аулақтануы бақсыға үқсас жат, тосын тіршілікке берілуі оның творчестволық рухани қый налуының көріністері сияқты.

Ал сал, серілік қазақ тарихының қай дәуірінде туып, дәстүрге айналғандығы туралы мәселе бізде әлі зерттелген жоқ. Егер қазақтың көне, орта ғасыр заманында сал, серілер болса ертегі, эпостарда жырау сияқты неге аталағып отырмайды? Алайда серілік ертерек кезде болуға ықтыймал дерлік бір дәлеліміз мұның бақсы, бәлгерлік, ескі шамандық нанымдарға кейбір байланыстылығы және әскер мағнасындағы «шері» нің ертеректегі тілімізде кездесушілігі. Шынында серілер қалың қолдың қатарында жорыққа қатнасып, әскердің музыкантшы, сырнайшы, кернейшілік қызм тін атқаруы мүмкін. Серілер ірі әскер басы, хан сұлтандардың қасында басқалардан ерекше әлеміш киіп, орта ғасырдың трубадурларындағы өнші, ақын болып жүрмедине екен?

Қазақтың сал, серілері феодалдық қоғам құрылышы жағдайында туған. Сал, серілердің бірқатары ірі феодалдардың қолында, мырзасының қатарында сауыкшыл өнерпазы болады. Бірақ олардың шын талант иелері феодалдық қоғамның моральдық, діндік, махаббаттық зан ережелеріне бағына бермейді, оны бұзады, жалықтық ис-

¹ В. В. Радлов сөздігі. IV т. 460-бет.

кусство жолына беріледі. Біржанның тегі, қоғамдық ортасы мен творчестволық жолы осылай.

Ал орыстың скоморохтары шын мәніндегі халық өнер-паз жыршылары, бұлар феодалдық үстем қауымнан, шеркеуден құғын көрген ақын, жыршылар.

Қазақтың сал, серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шықкан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ Ақан сері мен Жаяумұса бірдей емес. Жаяумұса үстем феодал қауымынан құғын-сүргін көрген нағыз еңбекші, халық ортасынан шыққан сері ақын. Ал Ақан сері болса лирикаларында өз дәүірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын көңілдіріп жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Тек ол жастардың бас бостандығын, махаббатын ғана лирикалы қөлемде шебер жырлай алды. Міне, осындаидай, идеялық творчестволық қайшылықтары бола тұрса да Ақан халыққа ұнамды, лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші ақын.

Қазақтың бірқатар салдары, байлардың мырзалары болған. Иманжан айтқан Башен сал да ірі бай. Он түрлі ат міну, өзінің саяхат жасайтын аралы бар көл иемдену дәүлетті салдың қолынан келетін салт. Бірақ мұндан сал, серілер қоғамдық мәні бар өлең, ән-күй шығарып айта алмаған. Сөзі, ән өнері, көпке ұнаған сал, серілер қалың бұқараның тілегіне, ой сезіміне қонымды, қызықты салттарды қолданған әнші ақындардың творчестволық, өнер-паздық дәстүрінде қаладағы базар, жәрменкедегі орыс, татар және басқа халықтардың өнер үлгісі де бар екені даусыз. Кемпіrbай, Шолак, Ағашаяқ, Шашубайлардың спорт, цирк ойындарына берілуі, Жаяумұса, Біржан, Эсет әндеріне орыс, украина музыкасы әсер етуі Ақан серінің:

Көптен көп поклон айттым скажня,
Сырымды кімге айтамын сізден зия
Именной, секретный ескерініз,
Хорошенко сестра сватия¹ деп

деп жырлауы, Шашубайдың:

«Он екі звод гармонимен ән салғанда қасыма қыз-келишек үймелеген»² деп жырлауы, ең ақырында әнші ақындардың негізгі көпшілігі феодалдық қоғамдық ортага да, патша үкіметінің заң ережесіне үнемі наразы болып

¹ Ақан сері. 1935 ж. 16-бет.

² Сейле, Шашеке (өлеңдері). 1942 ж. 21-бет.

құғынға ұшырауы — бәрі жаңа прогрессивті дәуірдің ықпалына байланысты ерекшеліктер екені белгілі. Сондықтан да сал, серілік өнер салт қазақтың ірі феодалдарына, молда-ишаңдарға жат, ерсі көрінген.

Сал, серілерде ақындық пен өнерпаздығы, әншілігі қатар келеді дедік. Бұлардың өлең әндері нәзік, сезімді толқытарлық лирикалы, көбінесе махабbat тақырыбына арналып айтылады. Өлеңдерінде лирикалық мотиві басым болып отырады. Және әрбір лирикалы өлеңдегі сал, серінің өз салты, өзінің махаббаттық көңіл күйлері кең суретtelіп отырады. Бұл ретінде Ақан серінің «Торыны танға байлаап мінген қандай» деген лирикасын мысалға алуға болады. Мұнда торы атты әсемдеп жаратып мініп, қызды ауылдың тұсында ән шырқап, сұлу қызға женгесі арқылы сөз айтып, ишаратпен әзілдесіп, іштей бірін-бірі ұғысқан, біріне-бірі ынтық болған ақын сыры баяндалады, онан әрі:

«Ауылы қызы калканың қайда екен деп,
Жүгіртіп сайлау жермен желген қандай?
Бір сайдың торышаны байлай тастап
Тұсына ақбоз үйдің келген қандай?
Алаңдап алабұртып тұрғаныңда
Алдыннан карсы шықса ақша мандай!..
Сол жерде айтыспаған сыр калмайды
Мысалы әбдіре ашып актарғандай...
Ақырын үйден шығып таң алдында
Баяғы сайдагы атты тапқан қандай?
Шылбырын сал торының қызға беріп
Насыбай қағып-қағып атқан қандай?
Ойласан бұл дүниеде не қызық бар
Қасынан калка жанның аттанғандай?»

(Ақан сері өлеңдері. 1935 ж. 15-бет).

деп қызбен кездескен кешін, бірін-бірі қымай айрылысқан таң алдындағы мезгілді сыйпаттайды.

Онан соң сал, серілердің әрбір лирикалы ән, өлеңдері, белгілі бір поэмалық сюжетке құрылған аңыз әңгімелері бірге айтылып отырады. Мәселен: Ақан серінің «Кұлагер» ән, өлеңі, оның құлагері байлардың қастығынан өлгенде жоқтау ретінде шығарылған. «Сырымбет» ақынның ғашығына арналған. Біржан салдың «Жанботасы» өзін Азнабай болыстың поштабайы сабап, домбырасын тартып алғанда ыза болып өз елінің болысы Жанботаға күйікпен шағым етіп шығарылған. Жаяумұсаның «Ақсисасы» Шорман тұқымдары өзін қудалап, тұтқындалап, жаяу айдалап жер аударғанда айтқан кекті өлеңі, Шолактың

«Галиясы», Шашубайдың «Аққайың» атты лирикасы, Естайдың «Корланы» да осында мотивтермен шығарылып жырланған. Міне бұл аталғандар жай көніл лирикасы ғана емес, арнаулы әні болудың үстіне, драмалық сюжетке құрылған құрделі шығармалар. Қазақтың сал, сері ақындарының махаббат лирикасын дамытып жырлаушылық дәстүрін анықтауда Ф. Энгельстің ортағасырдағы серілік махаббаты туралы айтқаны негізгі қағида. Ф. Энгельс айтады:

«Провансстықтардағы серілік махаббат өзінін кемеліне келген түрінде ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығын бұзуға барынша ұмтылады, сондықтан ақындар мұны мадактайды. Провансстықтардың махаббат поэзиясының ең тандаулылары — «альбалар» (albas) яғни жыры, немісше (Tagelicder) таң сәулесінің жыры. Сері өзінің сұлуының басқа біреудің тәсегінде жатқанын, серінің жұрт көзіне түспей кету үшін оған таң атқанын хабарлайтын сақшының күзетте тұрганын ақындар әдемілеп суреттейді, бұлардың коштасу кезі жырдың бір әдемі жері!»¹

Қазақтың сері ақындарында махаббаттың нәзік сырлары, серінің сұлуға деген құштарлығы, сұлумен жолығып таң алдында бірін-бірі қыя алмай қоштасулары шебер жырланады. Ақан серінің «Ақ көйлек», «Торыны гаңға байлап мінген қандай» сыйқты лирикалары сал, сері ақындардың поэзиясына тән ерекшелік. Сөз жок, Энгельс айтқандай, сері, сал ақындар өзінің жүріс-тұрысында, махаббат жырында өз ортасындағы семьялық, қоғамдық заң, әдеттерге қайшы да келіп отырады. Серілер сүйетін сұлу әйел біреудің жары, немесе қалындығы болуы мүмкін, әйелдер сал, серіні ұнатпауы, ықласын бермеуі мүмкін. Бірак, серіге оның бәрібір. Олар сырғынан ғашық болады, ынтықтығын білдіріп жырын айта береді.

Қазақтың сал, серілерінің ақындық, өнерпаздық қызметінде күлкі, қалжың, сықақ сөздер де көп кездеседі. Сал, серілер үнемі ақындардың айтысына қатнасқан.

Сөйтіп сал, серілік қазак жағдайында, әсіресе, XIX ғасырда кен дамыған ақындық өнер. Ол халықтық искусствоның ертедегі әралуан түрлерін қамтып, ақындыққа жаңа мазмұн, ажар берген. Сал, серілер бәрі бірдей халық уәкілдері емес, олардың ішінде искусствоны, ән-куй

¹ Ф. Энгельс. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1948 ж. 85-бет.

поэзияны үстем таптың ермегіне айналдырығысы келген адамдар да болды; бірақ, халық ондай сал, серілердін атын атағаны болмаса, творчествоөсін есіне сактамаған. қабыл алмаған. «Өздеріңізге мәлім, күны жоқ көркем өнер халықта сакталмайды, халық та бір, алтын іздеуші де бір. Ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана ірікеп алып, өндеп, әлденеше ондаған жылдар ұстайды» дейді М. И. Калинин¹

XIX ғасырдың акыры мен XX ғасырдың басында әнші акындардың творчестволық дәстүрінде елеулі өзгеріс бола бастайды. Әнші акындардың бірқатары оқып хат таныйды, кейбірі жас кезінде сері болса да оқығаннан кейін серілік дәстүрді қалдырып, жазба ақын дәстүріне көшеді. (Мәселен: Мәшүр Жүсіп, Нұржан акындар.)

Әнші акындардың ескі феодалдық көшпелі ауыл өміріне сәйкес туған бұрынғы, ерсі дәстүрлерінің бірталайы революциядан кейін недәуір өзгеріске ұшырады, сал, серілік мазмұнын жаңартты.

Тұрақты театр, концерт, сауық кеші өтетін орындары болған мәдениетті колхозды ауылға сал, серілердің бұрынғы ерсі, өрескел оғаш жүріс-тұрыстары шынында керексіз, күнсyz болып қалды. Қырық күрау қыйқынан шапан киғен, үкі, моншақ тағынып, ауыл жаңында аттан құлап жатқан акынды қазіргі жаңа қауым жастар қошемет етіп қарсы алмайды, қайта күлкі, мазақ өтетін болды. Оған ескі әдет-салттың қалдыры деп қарайды, ұзын қоныш етіктің, кой жүні шекпенінің, саусылдақ білезіктің бүгінгі жастарға қандай ерсілігі, колайсыздығы болса сері, салдардың жүріс-тұрыстары мен ескі өнерлөрінің бірталайы керексіз, күнсyz болып қалып отырды. Бұл — ес-кінің бірте-бірте жоғалып, оның орнына жаңаның дамып жетіле беретін өмір заны екені белгілі.

Алайда әнші акындардың прогрессивті дәстүрі, кейінгі қауымға өлмес мұра болып жеткен акындық әншілік өнерлөрі жойылған жоқ, жаңа идеялық творчестволық мазмұн, формамен дамып отырды. Мұны біздің дәуіріміздегі әнші акындардың творчестволық өмірінен байқауға болады.

Бұрын серілердің бірі болған, солардың бірқатар өнер-паздық дәстүрін сактаған акын әнші Шашубай Қошқарбаев (1865—1952 жылдары), Ақан сері, Біржан сал, Ес-

¹ «Социалистік Қазақстан». 29. V. 1936 ж.

тай, Балуаншолак, Жаяумұсалармен жолдас болып, бірге жүріп, салдық, серілік құрған. Осы серілік өмірінің куасы, шындық айнасы ретінде, ол сұлу лирикалы өлеңдерін айтқан. 1890 жылдары:

«Күс атып, аң аулаймын Саршығаннан
Қызға жылы көрінер каршыға алған.
Қыйынға үя салған қыран едім,
Аққудың төсіне үқтап, талшық алған»¹

деп өзінің гармонға қосылған ән мен жырын, мергендік, аңшылық өнерді жастық серілік дәуіріне құрал болғандығын аңғартады. Қейін қартайған шағында да ақын сол әншілік серілік салтын қасиет, қадыр тұтады. 1925 жылы шығарған «Бес балқан» әнінде Шашубай мергендік пен әншілік жайын серіғана біледі, «Қартайғанша қажымай», «Бес балқандай» ән шығарып отырған Шашекен сері² деп толғайды. 1940 жылды Доскей ақынға айтқан бір өлеңінде.

«Сексенде сері атандым, сенбей жағым,
Мерейім үстем болды, артып бағым.
Екі дос — өлең, гармонь кайта оралып,
Денемді кетті билеп тасқын ағын.
Қашаннан халық қалаған едім сері
Қәнеки гармонымды әкел бері».

(Сонда.)

деп жырлайды. 1952 жылды «Мен жігіт» деген өлеңінде.

«Келсем де дәл сексеннің сегізіне,
Бақыттың журмін жүзіп теңізінде.
Елуден аса бере қонды бақыт.
Қөрмеген ата-бабам өмірінде»³

Революциядан кейінгі өмірін ең бақытты, қызығылжықты өмір санайды. Сейтіп ол өмірінің соңғы уақытына дейін өзін халықтың еркесі, серісі деп біледі.

Шашубай өлең, әнді домбырамен ғана айтпайды, көбінесе гармонға қосылып жырлайды. Ол гармонмен жырлағанда саҳнадағы артист сыйкты қасы-көзін сан құбылтып, ойнақшытып, екі мұртын тікірейтіп, «Сөйле, Шашеке» деп бір ақырып қойып жырлайды; әдемі қүйқылжыған дауыс, лирикалы, толғамалы түйдекті өлең-жырмен бірге оның сыртқы денесі, қолы, бет аузы түгел ойнайды

¹ Сөйле, Шашеке (өлең, поэмалар жыйнағы). Алматы. 1942. 20-бет.

² Сонда, 41-бет.

³ Халық ақындары, 1953 ж. 66-бет.

және қызып алғанда бір жерд. отырмай, үйдің ішінде жүгіріп жүріп ойнайды. Оның үстіне Шашубай қолына таяқ алып, түрлі құбылтумен де қақбақыл (жонглерлық) ойынын да қызық көрсетеді. Жыйын, топ, қызу айтыс көрсе шыдап отыра алмай, кимелең тоқтаусыз жырлап кетеді. Бұл ақынның творчестволық процесіндегі тұтасстық (синкрезизм) белгісі; мұнда сыртқы көрініс (живопись) пен ән-күй (музыкалы) де, дene қыймылы да (ми-мика, ритмика), поэзия да, артистік өнер де қатысады

Сал, сері типіндегі қазіргі әнші ақындардың даралық ой-сезімдік, творчестволық дәстүрлери, қоғамдық салт-санана ерсі, қайши емес. Бұрынғы Біржан сал, Естай, Мәди, Жаяумұсалардың даралық ой-сезімдері, творчестволық салты феодалдық үстем қауымының, дін, шариаттың зан, ережелеріне қарсы келген еді, үстем қоғамдық орта мен ақын әнші арасында бітпестік қым-қыйғаш қайшылық (конфликт) болып отырды, содан келіп, олардың шығармаларында дараышлық, немесе, ызалы наразылық мотив айқын сезілетін еді. Ал қазіргі әнші ақындар өзінің ақындық, әншілік өнерлерін кең дамытуға толық мүмкіндік алды, әнін де, жырын да, ойындарын да ешнәрседен жасқанбай еркін айтып таратуына кең жол ашылды. Әнші өзінің өміріндегі даралық сезімдер мен қоғамдық сезімнің ұштаққандығын терең түсініп, социалистік заманның ең өршіл, ілгерішіл ой-пікірлерін, совет халқының патриоттық сезімдерін ән мен жырына қости.

Совет дәуірінде осындай творчестволық қуатын дамытқан, әнші-акындық өнері қайта туып, гулденген сері ақын халық композиторы белгілі «Хорлан», «Бір мысқал» әндерінің авторы Естай Беркімбаев (1870—1946 ж.)

Жасы жеткен адам тоқырап қалуы мүмкін, бірақ ақындық жан, сезім қартаймайды, ол сол ақынның көnlі есіп, тасуына қарай түрленіп, құлпыра бермек. Мұны 80—90 ж. келген қазіргі ақын-жыршы, әншілердің творчестволық тәжрибесі толық дәлелдейді.

Ал бірқатар орта жастағы әнші ақындар совет дәуірінде талантын шын мәнінде жарыққа шығарып, дамытты, зор әнші ақын дәрежесіне көтерілді. Бұған әсіресе ақын, әнші Кенен мен Исаңың творчестволық тәжрибесі толық дәлел. Кенен Әзірбаев күшті әнші ақын. Ол (1884 жылы туған) ақындық-жыршылық жағынан Жамбылдың шәкірті. Ол 14 жасынан бастап домбыра тартып, ән салған. Ол да Жамбыл мен Шашубайдың қасына еріп, әнші-

лік, сері, салдық құрған. Қыргыздың ақын-жыршыларының ортасында болып, олардың да ән-өлеңдерін үйренген. Жігіт кезінде өзінің кедейлік, жалғыздық көрген аянышты түрмисынан алып «Бозторғай», «Көк шолақ», «Ақ ешкі» атты тамаша лирикалы ән, өлеңдерін, өзінің серілік өмірінің бір сырьы, сыйпаты ретінде «Тоғыз келін» атты өлеңін шығарып таратқан. Шашубай арқылы арқаның көптеген әндерін үйреніп жаттаған. Энші ақын, сері Кенен совет дәуірінде бұрынғы өз басының аянышты халіне байланысты «Ақ ешкіні» ғана айтып, көңіл күйігін шертіп отырып қалған жок, бақытты, еркін дүниенің шаттығын жаңа әнге қосып жырлады, «Жаңа зан» (Советтік Конституция туралы), «Коғоз әні» (еңбек ерлері туралы), «Ленин мавзолейі», «Шашу» (Октябрь Мерекесіне арналған) т. б. әндерін шығарып жырлады. Кененнің шабыты келіп, домбырасын күйлеп ән салуында да үлкен бап, ерекше шеберлік бар. Ол домбырамен әралуан күйлер тартады, қазақ, қырғыздың ең жақсы әндерін, өзі шығарған ән, өлеңдерін, дастандарын жырлайды. Жамбыл жырларын, Сүйімбайдың Тезекті сынағандарын, «Манас» жырынан үзінділер айтады. Даусы еркін, әнді көтеріп шырқап салады, және әнді қызып салғанда домбырамен қатар өзінің құлағын да қағып отырады. Бұрынғы ән, өлеңдерінде мұн, өкініш, ыза, арманның сарыны басым болса, жаңа дәуірдегі ән, өлеңдерінде екпін-куш, ерліктің, шаттық сезімнің сарыны, лебі айқын берілген.

Сал, сері типіндегі әнші ақынның творчествосындағы бұл өзгерісті белгілі жүйрік ақын Исаңың ән-өлеңдерінен де айқын көреміз. Оның бес түрлі желдірме атты тақпағы, «Қарағанды», «Жастар», «Алтай», «Жастар маршы» атты өлең, әндері — социалистік заманың жеңімпаздық екпін күйлерін, еңбектің ырғақ сарындарын айқын өлестегеді.

Халық арасына көп таралып кеткен Иса желдірмесі мазмұны, көркемдік ерекшелігі, әннің сарыны жақтарынан қазіргі әнші ақындардың жаңа шығармаларының ішінде айрықша орын алады. Ақын өлеңінде ойды өткірлеп, пікірді еселең төгілтіп берілген күшті сөз нөсері жаңа ән ырғағының екпінді, өршіл, өктем сарынымен ұштасқан.

Социалистік өміріміздің негізгі бір салты — жеңімпаздық, ерлікпен ілгерілей, өрлей беру болса, бұл желдірмебде — дәуіріміздің сол сарын күйін ән мен өлеңде түйісті.

ріп бейнелеген. Мұнда мазмұн жаңалығы мен берген форманың жаңалығы, өзгерісі айқын. Сонда совет дәуірінде жасап, ақын әншілік таланттың қайта тудырып дамытқан сал, сері типіндегі әнші ақындар бұрынғы дәстүр аумағында қалып қойған жок, өмірмен, жаңа салт-санамен бірге жаңа халық өнерпаздары болып отыр.

Бұрын да, қазір де сал, сері ақындарға тән негізгі ерекшелік, ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, үштасып айтылатындығы дедік, осы үштасудан көліп, әнші ақындар тыннан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айтатын халық композиторлары болды. Атакты Ақан сері, Біржан сал, Жаяумұса, Естай, Мәди — барлығы да әнші ақын ғана емес, өзінің шығарған тың әндері бар композиторлар. Осы түрғыдан қарағанда олар жалғыз ғана әдебиет, фольклор тарихында елеулі орын алғып қоймай, искусство тарихында да елеулі орын алады. Біздің дәуіріміздегі Естай, Шашубай, Кенен, Нартай, Исалар да поэзия мен искусствоның өнерпаздары ретінде танылады. Әнші ақындардың творчестволық дәстүріндегі мұндастық белгілер, элементтер тек көне заманнан қалған жүрнақ, жұғынды түрінде сақталып отырған жок, қайта олар будан да ғері түрлендіріп, терендете түсу бағытында дамыды.

Ол даму XIX ғасырдың екінші жартысынан бері жердегі орыс мәдениетінің қуатты ықпалына, әсіресе совет искусствоны мен әдебиеттің идеялық, творчестволық ықпалына тығыз байланысты болды. Искусствоның бірқатар түрлері (опера, кино) күрделі тұтастыққа (синкретизме) қарай бет алғы дамығаны сыйкты, сол күрделі көркем өнерден үлгі алғы үйренген әнші ақындардың зор шығармалық өрісі, өзінде сақталып келген тұтастық өнердің элементтерін үнемі жетілдіре беретіндігін байқатады. Әнші ақындар, үлкен театрларды көріп, үздік өнерден үйренеді, әрі билеп, әрі жырлап, әрі ән салып, салтанатты әсем киініп, кескін-келбеттерін өзгертіп ойнаулар — ақын әншілердің творчестволық өсуіне зор мектеп (школа) болмак.

Өлеңші

Өлеңші — өлең айтушы, орындаушы мағнасында. Өлең қазақ поэзиясының негізгі түрі көне салт, әдет-ғұрын поэзиясы да, әндердің текстері де, айтыс, ғашықтық жырларының көпшілігі де, кейінгі поэзияның негізі де осы өлең-

мен жазылған. Өлең қазақ әдебиетінде ән, өлең (песня) ұғымында да, өлең-жыр (тих) ұғымында да жүреді. Өлең қазақтың барлық тарихи өмірінде біте қайнасып, арасасынан. Ойын-сауығын да, әзіл-қалжының да, қайғы-қасіреттің де, жорық-соғысын да, өлім-азасын да, той, астарын да, мерекелерін де — бәрін де өлеңмен бейнелеген және қазақтың бірер ауыз өлең айтпайтыны сирек. Сондықтан данышпан Абай:

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер койнына кірер денең.
Өмірдегі қызықтың бері өлеңмен
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең»¹

деп қазақтың рухани тіршілігіндегі өлеңнің орнын терең түсіндіреді. Орыс фольклорисі Буслаев та поэзия адам өмірімен ірге жасайтындығын айтады. Ф. Буслаев «Адам дүниеге өлеңмен келеді, өлгенін өлеңмен шығарып салады. Өлім мен туудың арасында тағы бір үлкен уақыйғалы кезен үйлену — бұл да салт уақыйғалы өлең, жыр тұдырады»² дейді.

Қай халықта болсын адам өміріндегі салт — тіршілік, әдет-ғұрып, қоғамдық қарым-қатнас халықтың өлең жырында бейнеленбей қалмайды. Халық ең алғашқы қуанышын да, қорқынышын да, еңбекпен байланысты шаттығын да, кейістігін де, курес, тартыспен байланысты ерлігін де, қайғысын да үнемі өлеңмен бейнелеп отырған. Қазақтың халық поэзиясындағы ұшан теңіз өлең осыны дәлелдейді. Рас, үйқасып айтылғаның бері бірдей өлең емес, фольклор үлгісіндегі өлеңдер бар да, Абайдың эстетикалық қағидасына сәйкес «іші алтын, сырты күміс» өлеңдер бар. Қазақтың әдет-ғұрып, салтына байланысты өлеңдер қайын өлең, немесе қара өлең деп аталған.

«Мая кетті, ендеше мая кетті
Артқы аяғы маяның тая кетті.
Сырлас болып бірге өскен, ай, жан сәулем,
Саған айтқан өлеңім зая кетті»³

деген бір шумақ қайым өлеңнің үлгісі, алғашқы екі жолдың негізгі мағнаға қатысы жоқ, тек соңғы екі жолдаға-

¹ Абай. Толық шығармалары. 1945 ж. 57-бет.

² Соч. Ф. Буслаева. т. I. СПБ. 1861 г. стр 44—46.

³ Айтыс, I т. 40-бет.

на ақын зінің ойын білдіреді. Қазактың ән, өлеңдерінің бірқатарының сөзі осындай қайым өлеңнің үлгісімен айтылады. Шоқан Үәлиханов қайым өлең кезектесіп қайталап айтылады, қара өлең қазақ поэзиясында ең көп жаһылған үлгі, осы кездегі Шөже, Орынбай, Жанақтар жырмен қатар қара өлең үлгісін қолданады дейді¹

Радлов Жанақ пен Тұбектің, Ұлбике мен Құдерінің, қызы мен жігіт айтystарын қайым өлең тобына жатқызған. Мәселен Ұлбике мен Құдерінің айтysында екі ақын алғашкы екі-үш жолды үнемі кезек қайталап отырады.

Кудері:

«Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинақор бір құдайды еске алмады,
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында
Тұсыма қыздар келді қос алмалы»

десе, Ұлбике:

«Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинақор бір құдайды еске алмады,
Тұсына қыздар келсе қос алмалы,
Үстайды қожа қалай әк шалмалы»²

дейді. Ал өтірік өленді, Кожамбердінің Құнанбай жылқысына тиіп қолға түскендегі айтқан зарын, «Ақбала-Боздақ», «Қек жендет» өлеңдерін Радлов қара өлең деп атаған. Қара өленде қайым өлеңіндегідей мағнасыз, бос өлең жолдары аз кездеседі. Бұған қарағанда қайым өлең фольклордың ертектегі үлгісіне жататыны сөзсіз. Алайда фольклор дәстүрімен айтылатын өлеңнің бәрі бірдей қайым өлеңімен айтылмайды, жүйрік, шешен ақындар өлеңнің мағналы, шебер айтуға тырысқан. Мәселен: Біржан, Естай шығарған әндердің сөздері, немесе Қемпірбай, Шөке, Сүйімбай, онан бергі жердегі Жамбыл, Нұрпейістер айтқан өлендер белгілі, нақты ойды дәл береді. Өлеңдерін бөтен, бос сөз араластырмай мағналы айтуға тырысқан. Бұл бертінгі, ақын шығармасы тыңдаушының сынына түсे бастаған және жазба поэзиясының әсері кірген дәүірдегі жана құбылыс.

Ал совет дәуіріндегі белгілі халық ақындары қайым

¹ Сочинения Ч. Ч. Валиханова. 1904 г. СПБ. стр. 227—228.

² В. В. Радлов. Образы народной литературы тюркских племен. СПБ. 1870 г. стр. 337.

өлең үлгісінде өлең шығарып айтпайды, олардың үйренетін мектебі Абай, бұғінгі жазба ақындар болып отырады.

Өлеңнің жырдан айырмасы үлкен. Жыр жеті, сегіз буынды ерікті үйқаспен тақпак, толғау түрінде жырланады, уақыйғалы дастандар, батырлар жырлары, жыраулардың сөздері, белгілі ақындардың, шешендердің сөздері жырмен айтылады. Ал өлең он бір буынды, төрт жолды үйқаспен айтылады және үнемі әртүрлі әнмен айтуға дәл келе береді. Жырдан гөрі өлең әнге жақын. Қазактың «Ақкүм», «Қарға», «Баянауыл», «Жыйырма бес», «Қара кесек» сыйқты халық арасына көп таралған атақты әндері өлең үлгісімен айтылады.

Сөйтіп, өлең халықтың рухани тіршілігіне біте қайнасып араласқан казақ поэзиясының негізгі түрі.

Сонау қоңе дәүірдегі әдет-ғұрып өлеңдерінен бастап бұғінгі жазба поэзиядағы өлеңдерді жаттап айтушыны өлеңші десек, сол өлеңшінің өзі кім? Егер жырды жаттап айтып орындаушы, жырши болса, өлеңді жаттап айтушыны — өлеңші деуімізге болады. Бұл жағынан бір-біріне үқсастығы бар. Бірақ өлеңші жыршының дәрежесіндегі айткыш (сказитель) емес, мұның орындаітын репертуары жыршыдан аз болады, өлеңшілер ұсақ, женіл жанрдың адамдары. Өлеңші ақпа ақын да емес, асқақты әнші де емес, сонымен бірге жыршыдай ақындықтан құр ала-қан да емес.

Өлеңшілер ауыл арасының женіл-желпі ақыны. Өлеңші өз бойына шақтап әртүрлі репертуар жыйнап алады. Оның ішінде шағын құлдіргі өлеңдері де, тақпак жырлар да, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдері де бар. Әзін көтермелеп, құрметтеп отырған ретте, қолайлы жағдайда екі-үш ауыз жарым-жартысы жаттамалы сұырып салып та өлең айтады. Бірақ қалың топ, жыйын алдында ақындық өнер майданына түсерлік үлкен айтыстарға қатыса алмайды, ұзақ желілі қызық жырларды творчестволық шабытпен айта алмайды.

Мұндай өлеңшілер бұрын да болған, қазірде әр ауылда, әр колхозда бар. Олар өз ауданында, өз колхозында аса қадірлі, өз аулы, ауданындағы колхоз бер өнеркәсібіндегі еңбек өмірін, күнбе-күнгі түрмисын, ойын-сауығын, мерекелерін өлеңмен суреттеп жырлайды. Колхоздарда сауық кештерін үйімдастырып, халықтың, жастардың өз ынталарымен өткізетін сауықтарын басқарып, дамытушылардың көбі өлеңші, әншілер. Ондай өлеңшілер

халық өнерпаздарының аудандық, облыстық слеттерінде қатысып, жүртшылық бағасын алуда.

Колхоздар арасында халықтың езі шығарған өлең, жыр, мақал-мәтедер де, кітапта басылып шыққан өлеңдер де осы өлеңші ақындар арқылы тарайды. Алматы облысындағы Оспантай, Хасен ақындар, Семейдегі Рахымбай, Есенсары, Көкшетаудағы Эміре, Фалиялар, Ақтөбедегі Нұрпейісов Қали, Жамбыл облысындағы Есдәulet тағы басқалар осы топқа жататын өлеңшілер. Өлеңшілердің бірқатары өлеңшілік дәрежесіндегі әнші де. Өлеңшілер халық әдебиетінің стилін, дәстүрін жыршылардай толық сақтайды, бұлардың хат таныйтындары аз емес. Колхоздарда бір жағынан егін салу, мал бағу сыйқты еңбек істей отырып, өздерінің күнбе күнгі жаңа тақырыпқа шығарған немесе жаттаған өлең, жырларымен үлкен үгіт-насихат жұмысын жүргізеді, және бұлардың қатары үнемі көбейіп өсіп отырады.

Ақындықтың даму, жетілу мәселелері

Ақындық, жыршылық — бәрі де өнер. Бірақ, ол қандай өнер? Ақындық таланттың күші ме? Екінің бірі ақын бола ма? Бұл мәселелер дүние жүзіндегі әдебиет тануғылымының, эстетиканың — көп заманнан бері зерттеп, сан түрлі ғылымдық айтыс, тартыс талқыларына салып, әлі күнге дейін толық шешілуіне жете алмай келе жатқан түйінді мәселелердің бірі.

Ақындық өнер — көркем өнер. Екінің бірі ақын бола алмайды, сонымен бірге жаратылысынан, түкымынан ешкім де ақын болып тумайды. Рас, ақын болатын адамның бойында ақындық талант, қабілет, бейімділік болады. Ақындық таланттың адамда болуы, оның өскен ортасына, жас күніндегі тәрбиесіне де байланысты. Көркем өнер, поэзияның айрықша гүлденген, қадыр тұтқан семьялық, қоғамдық ортада ақындық талант ерте, молырақ оянып жарыққа шығады. Егер поэзия, ақын дегенің қадірсіз, елеусіз, оның ірі, үлгі алатын таланттары жоқ болса, ақындық таланттар мұлде жарыққа шықпай жоғалып кетуі мүмкін.

Революциядан бұрын қазақтың талай ірі ақын таланттары ескі құлдық өмірде гүншығып жоғалып кеткендігі,

бірлі-жарым жарықта шыққаны өз таланттын дамытып жетілте алмағаны бізге белгілі. Абай сыйқты мыңдан біреуі ғана өзінің ақындық таланттын зор қыйындықпен дамыта алған. Ал совет тұсында жастардың талантты айқындалып даму түгіл, бұрынғы сөнуге, тұншығып жоғалуға айналған қарттардың да ақындық талантты оянып канат бітіп қайта тұды, дамып жетілді. Сөйтіп, ақындық талант белгілі қолайлы қоғамдық, семьялық ортаға байланысты анықталып, дамыйды.

Семьялық дегеніміз — ірі ақындарға туыс, жолдас, дос ретінен жақындығын айтамыз. Абай, Сүйімбай, Жамбыл айналасынан көптеген ақындар шыққан. Қейбірі Абайдың туыс-жақындары, балалары, Жамбылдың туысынан кем емес ақын достары, ақын шәкірттері. Алдындағы ұстазы, даңқты ақынды көргөн жастардың талайы-ақ ақын болуға талаптанды. Бойында ақындық қабілеті, икемі бар жастың талантты поэзияға құмарлық үстінде тез оянады, тез қанаттанады, ұстаз, аға ақыннан үйрену, оку, үлгі алу үстінде өзінің таланттын желпіндіреді, жетілтеді, көрнекті ақын қатарына көтеріледі, онан әрі өзі творчестволық жолмен дамыту жолына түседі. Ал бойындағы ақындық талантты, қабілеті шамалы жас қанша талаптанып, күш жұмсаپ, үйреніп үлгі алғанымен жақсы ақын бола алмайды, ол мықтағанда «кәсіпқор» ақын, немесе зиректі басым болса, жырши болады, талантты да, зеректігі де жетпесе, ол өлеңші дәрежесінде қалып қояды. Ақындық талант, о ың жетілу жайын маркстік-лениндік әдебиет ғылыминың тұрғысынан осылай түсінуіміз керек · болады.

Рас, өзінің қалай ақын болғандығы, тың өлең-жырды, дастандарды қалай шығаратындығы туралы әр ақынның өздерінің де ойлары, түсініктері, тәжрибелері бар. Қазіргі халық ақындарының дүние танудағы, творчестволық психологиясындағы әр алуан құбылыстарды зерттеп, оның қайши және табиғи заңды жақтарын ашу тұрғысынан қарғанда олардың өздерінің ақындық туралы түсініктерін, тәжрибелерін сыйнан өткізуідің маңызы аса зор.

Халық ақындарының ақындық туралы ұғым, әдеттері әртүрлі, бір-біріне қарама қарсы қайшылықты көз қарас-пен айтылған мәселен, ақындықты түсінінде көріп қабылдау, ақындықты батамен алу, ақындық үрпак, тұқым қуалап қону; үйренумен, еңбекпен ақын болу сыйқты. Қазақтың бұрын-соңғы ақын жырауларының қалай ақын

болдың дегенде айтатын жауаптарының негізі осы төрт түрлі ұғымға, әдетке айналып соқпай кетпейді. Осылардың теріс, дұрыс жақтарына тоқтала отырып, өз оймызыңды ортаға салайық.

Бірталай ақындар — ақындықты киелі, әруақты, бір жат сырлы қасиет деп түсінеді. Эрбір өнердің белгілі бір іірі, қолдаушысы, иесі болады деген көне дәуірдегі шамандық дін ұғымының қалдығы кейбір ақындардың ақындық жөніндегі түсініктерінде осы құнғе дейін сақталып келген.

Қазақта шаманизм қалдығының кейбір белгілері бақсылардың әдет-ғүрпінда да бар. Қазақ өмірінде бақсы — алдауши, жалған бәлгер. Ауруларды, босанатын әйелдерді жазамын деп азап көрсетіп қобызын ойнап билеп, жұртты қорқытып, алдаң дүние табады. Қайдары ескі жиренішті әдеттерді қолданады. Міне сондықтан бақсылық қазақта жаман, жағымсыз ұғым алған. Ал осы бақсылықтың ертеректе ақындық өнермен байланысты жағы болған.

Шоқан Үәлиханов өзінің «Қазақтағы бақсылықтың қалдығы» деген белгілі ғылым еңбегінде бақсылық қазақтың ерте замандағы шаманизм дініне байланысты ескі нағым, ырым әдеттердің қалдығы екендігін айта келіп, бақсының өзі жат сырлы, басқалардан ерекше сезгіштік сый-патты адам, онда ақындық, музыкантық, емшілік қабілет бар, сондықтан, бақсы монголда, үйғырда оқытушы, ұстаз мағнасында, түркпенде ақын-жыршы мағнасында аталауды дейді¹. Өзбек тілінде бақсы әрі жыршы, әрі бәлгер мәнінде аталауды, Вильяминов-Зернов — бақсы түрік тілдес елдерінде білімді кітап, жасырын ғылым сырын ашуышылар мағнасында дейді².

А. Кастене өзінің «Қазақтың діни нағымы жайынан». деген зерттеуінде казақтың көне заманынан бергі рухани өмірінде елеулі орын алғып қелген бақсылық әдет, нағымдар ислам дінінің тыйым салынуына қарамастан әлі сакталып келгендігін, бақсы-қазақ, шағатайша бәлгер, емші түрлі фокс көрсеткіш мәнінде танылатынын айтады. «Жыршы, музыкант, ақын, жрец, болжағыш, дәрігер — бәрі қосылып, халықтың сан ғасырлық діни дәстүрінін

¹ Ч. Ч. Валиханов. Статьи и переписки. Алма-Ата, 1947 г. стр. 19.

² Словарь джагатайско-турецкий, В. В. Вильяминов-Зернов, СПБ. 1865 г. стр. 125.

молдығын сақтаушысы сыйқты» дейді¹ Қазактың бақсылары туралы ақыздарды Потанин мен Шоқан поэзияның тарихи шығуына, көне дәүірдегі жыр мен күйдің тууына байланыстырады².

Ақын күйшілер сыйқты бақсылардың да негізгі музыкалық құралы көбыз. Қазактағы қөбыз, лебіз, әуез, азыз, абыз деген сөздердің түбінде жақындық үлкен, бәрі де қобыздан шығатын күйдің сарынын, үнін, әңгімесін білдіреді. Ал абыз туралы Абай мынаны айтады: «... Бұрыннан бақсы бәлгерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттепімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса оны «абыз» дейді еken. Ол «абыз» демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты еken». Бертін келе абыз қазақ өмірінде қобыз-бен сарнап бал ашатын, алдағыны «болжайтын» сәуегей, болжағыш ақын, бақсының бір түрі саналып кеткен.

Көбыз тартуши бақсы, күйшілер, көбінесе, зарлы күйіншті сарындарды ойнаған. Профессор С. Е. Малов ұйғырлардағы бақсылықтың қалдығы туралы мақаласында бақсылардың аргы тегі «Гао-гюй» деген бақсы еken дегенді қытай тарихшылары атайды дейді³ Ал қазакта қартайған адам қайғыға беріліп, сол қайғысын сөзбен емес, домбыра, қобызға қосып, қунренген қоңыр күймен білдірсе, «Гүй-гөйге» басты дейді. Мұнда да шаманизмнің қалдығы жоқ па еken? Қобыз, абыз, лебіз, әуез, зар, сарын деген ұғымдардың Украинаның кобзарімен жақындығы да болуы ғажап емес, өйткені кобзарьдің түбірі татардың кобуз дегенінен шықкан.

Сөйтіп ертедегі ақындық ұғым, әдettің тамыры шаманизм, бақсылық нанымдарға байланысты. Міне осыдан келіп ақындық түстегі кіеіл «әулиеге», әдейі арнап қонатын белгілі ғайып күштің бейнесіне айналады. Ақындардың айтуына қарағанда, ақын болар кезде түс көргіш болады, шошып оянып, мазасы кетеді, ол түсінде белгісіз ақсақалды қарияны көреді, немесе, ертеде өткен, атын естіп билетін, яки, сол өзінің еліне мәлім атақты ақын келіп, аян

¹ А. И. Кастенье. «Из области киргизских верований» Вестник Оренбургского ученого округа» г. Уфа: 1913 г. № 3. стр. 77—78.

² Г. Потанин. «В юрте последнего киргизского царевича». Жур. «Русское богатство». 1896. СПБ. № 8, стр. 86.

³ С. Е. Малов, «Шаманство у желтых уйгуров». Живая старина» отд. эт. им. РГО СПБ. 9. 1912.-вып. 1. стр. 62.

беріп домбырасын ұсынады, не белгісіз қария, не әлгі белгілі ақын, мұны мазалап ақындыққа шақыра береді. Бұл ретінде бірнеше мысал келтіреік:

Бала кезінде Сүйімбай, түсінде келіп, өлең аласың ба, көген аласын ба деген адамға, өлең алам деп шошып оянып, түре келсе, бастығырылып, тілі күрмеліп қалыпты, сонда құлағын бұрап, шыңғырып өлең айтыпты-мыс¹

Шашубай Қошқарбаев та (14 жасымда түсімде ақындық пайда болды, таудан тауға құс болып ұшып қонып, жеміс жеп жүр екемін, сол түстен кейін өленді айтып кеттім» дейді. Ақын Болман Қожабев айтады. (1880 жылы туған, Қарағанды, Жезқазғаннан) «Әкем Қожабай ірі ақын еді, 1917 жылы 63 жасында қайтыс болды. Сол әкем 15 жасар кезінде түсіне оның әкесі Тайланбай кіріп, өлең аласын ба, көнек аласың ба дегенде, өлең алам депті. Сонда құлағына сыйзығының сарыны болып өлең естіле берген, ояна салып, домбыраны жүрт алдында -қалышылдаап тартып, өленді бөгемей айтып кетіпті. Бірақ, өзім ондай түс көргенім жоқ».

1942 жылы Мұрын жырау былай деді: «Мениң әкем Сәңгіrbай Абыл ақынның үйінде ұсталық құрып жатқан уағында — сіз қалай ақын болдыңыз деп сұрағанда, Абыл айтыпты: — отызға келген кезім, ерте қой өргізіп үйқтап қалсам біреу келіп аузыма бір сүйік нәрсені құйып еді, жұтып жібердім. Ояна келсем кеудемді өлең, сөз кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім депті.

Осындай, ақындықты түсінде қабылдау туралы аңызды қазактың бұрын-сонғы ақындарының көбінен естисін. Түсінде ақындық кону деген наным өзбек, қырғыз, түрік-пен тағы басқа елдердің жыршыларының әдетінде де бар көрінеді².

Бұл аңыз әңгімелердің түйіні — ақындықты киелі — «нелі» деген көне дәүірдегі ескі магиялық (сихырлы күшке сену) нанымдарға, ақындық түбі — ғайыпты болжau-шылық, бақсылық деген шаманизмнің қалдықтарына тығыз байланысты материалистік дүние тануға қайши ескі идеалистік көзқарастар. Көне заманда поэзия елдің әдеті, ойыны, яки ғұрпы тұтастықта болды дейміз. Ақын әрі ар-

¹ С. Бегалин. Жамбылдың өмірбаянына материал, 59-бет.

² В. Жирмунский. Среднеазиатские народные сказители», Известия Всесоюзного геог. об.-ва. 1947 г. т. 49. стр. 412.

тист әнші, әрі болжағыш балгер, әрі дін иесі әулие ролін (бақшыны түрік тілдес елдердің көбі әрі ақын, әрі бәлгер атауы) атқарды. Дүниедегі, жаратылыстағы құбылыстардың, жан-жануарлардың өз алдына тәнрісі, иесі бар деп табыну сыйқты, ертеректе көп халықтар ақындықтың да иесі, тәнрісі бар деп сенген, табынған. Бұл киелі нәрсе ақындардың жыры мен азызында ақсақалды қария, жылы жел, сұлу қыз, тұлпар ат, домбыра, сұңқар, акқу, үйрек, кептер құстар бейнесінде өздерінің жан серігі, рухани досы болып айтылады, жырланады. Осы күнгі халық ақындары суырып салып өлең айттарда әуелі домбыраны қүйлеп, өзімен өзі, яки, өзінің домбырасымен кеңескендей, немесе, ақындық «аруағын» шақырғандай айғайладап, өзі, өзінің ақындығы туралы бірер ауыз айтып серпіліп, бой жазып алады.

«Жас күнімнен жырлаған
Домбыра шешен жолдасым.
Жасарған қайта он саусак,
Көрсетсін көпке жорғасын.
Еәйге бермес жүйрік ой
Сұңқардай қанат комдасын»¹
(Нұрпейіс).

«Бойымды өлең, ой кернеп,
Шырқай жырлап шарыкта.
Дауылпаз долы ақынным,
Ішіме сыймай қарқын күш
Сыртима шықты асылым.
Ойым ұя көніл күс.
Ұшты, құсым шарыкта»².
(Саяділ).

деп толрайды.

Мұнда ақындық ақынның өзіне жолдас, таусылмас қуат беруші екінші бір жанды бейне болып елестейді.

«Ай, Эсет, осы аурудан өлем білем.
Алланың аманатын берем білем.
... Кеудемнен көк-ала үйрек «кош» деп ұшты.
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.
Басымда отырды өксіп қыймай токтап
Кете алмай бөтен жакқа айналсоқтап,

¹ Ақын шабыты, 1940 ж. 56-бет.

² Халық ақындарының өлендері. 1937 ж. 99-бет.

Серігім, кош аман бол Кемпірбай деп,
Жылады бұрынғы өткен күнді жоктап»¹

деп Кемпірбай ақындықты өзімен бірге өletін көк-ала үйрекке балайды.

Түсімде ақындық аян берді, келіп қонды, бірге еріп жүреді деп өзі сену, соған басқаларды сендіруге тырысу, бұл халық ақындарының санасындағы, дүние тануындағы ескіліктің қалдығы. Шынында, түсінде ешқандай, гаяйыптан ақындық келіп қонбайды. Түс ақынның өңіндегі іс, әрекетіне байланысты ой қыялының сәулесі, елесі. Адам өңінде не нәрсе туралы жан дүниесімен қыналып көбірек ойланса, қыялданса сол түсіне көбірек кіреді. Түсімде ақындық келіп қонды, аян берді деген ақындардың барлығы да бір ауыздан — ақын болам деп өлең-жырға, ән-күйге құмартып, жатса-тұrsa ақындықты арман етіп жүргенде түс көргендігін мойындайды. Егер сол жас кезінде ақындық жолға құмартпаса оның түсіне ақындыққа байланысты ешнәрсе енбес еді.

Ақындық адамның жан дүниесіне байланысты құбылыс. Оған құмартып, жығыла берілсе, сол арман еткені үзақ уақыт орындалмаса сез жоқ ол адамды ауыр рухани азапқа салады, түс көргіш, түсінен шошып ояныш болады; оған қалыпты адамда жоқ ерсі мінездер де пайда болады, кейде есінен шатасқандай қылыктар да көрсетеді. Ұйқылы-ояу өң мен түс арасында ол өлең айтып, ән салып жүреді. Оның есінен жатса да, тұrsa да ақын болу кетпейді. Осындаі халде жүргенде ескі сенімдегі жасқа ақындық қону, ұялау, бата, жәрдем жайында сан алуан жақсы түстер кездеседі, соның өзі ептең демеу болады да, әрі бұған дейін жаттап үйренгені бар, әрі осы қыналып жүргенде шығарғаны бар, ол енді өзін сенімді ақын санап, біртінде жырлап кетеді.

Түсінде ақындыққа баулыну, өлең шығарып журу халық ақындары түгіл, белгілі жазба ақындардың өмірінде де болған. Шаруалар түрмисын көбірек жырлаған орыстың белгілі ақыны Алексей Кольцов быладай дейді: «Бір күні әкемнің малымен бірге далада қондым. Қөзге тұртсес көрінбейтін қап-қараңғы түн еді. Айнала мылқау тыныштық, шөптің сыйбыры ғана білінеді. Алыста анда-санда жарқыраған жұлдызды қара-көк аспан да түнеріп тұрды. Ұйқылы-ояу жатқанымда ойыма келісті, үйқасымды

¹ Айттыс. I том, 16-бет.

өлең келді, бұған дейін ол өлеңдердің бас-аяғы, үйқасымы жоқ болатын. Мен өңім бе, түсім бе деп атып тұрыш, әлгі ойыма келген өлеңді қайта айтып шықтым. Енді түсім емес, өңім. Осындағы халде өлең шығарып айтқанымша өзім қайран қалдым»¹. В. Маяковский — жалғыз адамның ең сүйікті туралы әсерлі сөзді екі күндей ойланып іздел, ақыры оны түсінде тапқанын айтады².

Классик жазушылардың күрделі шығармаларды жазуға жан-тәнімен жығыла берілген уақыттарында түсінеге шығармадағы геройлары, образдары кіріп өзімен араласып жүретіндері де аз болмаған. Мұның бірде-бірі ақын жазушының пірі, ақындық арағы емес, күндізгі саналы творчествосының көмескі бір елестері ғана. Рас, түстегі өмір, дүние адамның өніндегіден көмескі, бұлдыры болады, ол өңіндегі саналы творчествоның толық өзі емес, түсте адамның творчестволық жігері бәсендедейді, сезімі тоқырайды (затормажение болады). Сондықтан оянғанда түсінің көбі есте қала бермейді, бұлдыры көмескі елестердің мыңнан біреуі ғана есте қалуы ықтыймал. Әсіресе, ақын болам, өлең шығарам деп күні-түні қыялданып, есінен адасуға дейін барып қыйналып жүрген ойдың сәулесі есінде көбірек сакталуы мүмкін.

Түсінде ешқандай ақындық келіп қонбайтынын, ақындық киелі, иелі нәрсе емес екендігін қазіргі халық ақындарының бірқатары өздері айтып сынайды. Бұл соғып пікірді көбінесе хаттаныйтын, қазіргі ғылми, тарихи, көркем әдебиетті өз бетімен оқып алғатын орта жастағы ақындар қолдайды.

Жолдыкей Нұрмамбетов айтады: (1886 жылы туған, Қарағанды облысы, Нұра ауданынан). «Шешем және нағашым сал. Төлебай ақын еді. Солардың үлгісін көріп 16 жасымнан ақындық жолға құмартса берілдім. Түсімде ешқандай ақындық қонған жоқ»³.

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Ақындық деген киелі емес, пір қолдап сөуегейлікпен қонатын зат емес. Адамға біткен кәсіптердің ішіндегі білім, зейін деп білемін. Эркімге, әрнәрсеге талант бітуге тиіс, не нәрсе болсын құмарлықтан қонаады деп білемін. Адам нендей ғамалға үйір болса, жалықпай жан-тәнімен берілсе сол ізеттеген өнер-

¹ А. Панаева. Воспоминания. Л., 1924, стр. 114.

² В. Маяковский. Избранные. 1937 г. стр. 26, «Как делать стихи» деген мақаласында.

³ 1946 жылы 8 июль күні өз айтуынан жазылды.

ді тауып менгере алады деп түсінем. Сонымен бірге ақындық жанымен қоса жаратылатын табиғи бір қыялдан шығатын зат болуға тиіс... Құмарлықпен қонған заттын түсіне кіруі, өңінде істеген затты түсінде істеп жүруі, болмаса бір аңсаған нәрсені түсінде көрү, дегендер оләншейін көп ойлағаннан болатын зат. Жүйрік ат, құс, мылтық, тазы, қыз, өлең, жыр сыйқтылар аңсап жүргенде талай түсіме кірді. Соның бәрін «кие» деп түсінбеймін. «Кие», «аруақ», «арқа» дегенді қайдағы шалағай, аңғал, наңғыш, надан ақындар айтқан. Олар түсінде өлең айтқан ақынды көрсе сол пірім деп жүреді. Ал кейбіреуі басқаға еліктеп өтірік те айтуы мүмкін... Рас, адамның жанымен құмарланған ғамалының кейбір нышандары өңінде де білінуі тиіс; мысалы: көп сөйлейтін күні иегі тартуы, домбыраны көп тартатын күні қары тартуы, жыйынға кездесетін мезгілдерде қабағы тартуы сыйқтылар болады»¹ Иса Байзақов та, Саяділ Керімбеков те, Эбдіғали Сариев те тағы басқа орта жастағы ақындардың бәрі де Нұрқанның осы пікірін қолдайды, ақындық түсте қонағын, яки, адамның өзімен бірге еріп жүретін киелі нәрсе емес дейді.

Ақындық иелі, киелі, түстө қонды деген пікірді халық жыршылары ертедегі анайы сенімдерге байланысты түрпайы түрде айтып тарататын болса, ал бұрынғы жазба ақындардың бірталайы ақындықтың құдайы, «музасы» бар, ол тәнрінің берген өнері деп табынумен келген.

«Адамның кейбір кездері
Көнілде алаң басылса,
Тәнрінің берген өнері,
Кек бұлттан ашылса»
(Абай).

деп ақындық адамның көңліне келіп қонағын, құйылатын тәнрінің ерекше бір қасиеті, сыйпаты сыйқты. Бұл әуелгі магиялық түрпайы нағымдар емес, бірақ, сонымен тамырлас, бертінде теориялық негіз алған әдебиеттегі романтизмге, идеализмге байланысты ұғымдар. Бұл жерде М. Горькийдің мына сөзін еске түсірейік:

«Тобырға (чернь) ұнамсыз қарау Байроннан бастаған романтистерге тән сыйпат, әдебиеттік школаның ұраны болды. Олар ақын деген ерекше жандар, адамзаттың заңынан сырт адам деп қарады»²

¹ Нұрқанның өмірбаяны (колжазба). ТӘИ архивы, 4—5-бет.

² М. Горький. История русской литературы. М. 1939 г. стр. 96.

Рас, ақындық сезім, оның көңіл күйлерінің толқында-
ры құрделі, сан алуан құбылмалы болады. Ақын өлеңін
бухгалтердің есебіндей, немесе, инженердің чертежіндей
өлшеп есептеп шығара салмайды. Белгілі қоғамдық жағ-
дай, ортаға байланысты ақынның көңіл күйлері, творчест-
воляқ қуаты өрлеуі мүмкін, немесе тоқырап қалуы ықтый-
мал. Ақынның ол шактарын біз жоғарыда бабына келген
қыранға, жүйрік тұлпарға баладық. Бабы келмесе қы-
ран тояттамайды, жүйрік шашпайды ғой. Ақын бабы да сол
сыяқты деп ойлаймыз. Совет заманындағы халық ақын-
дарына деген партия мен үкіметтің айрықша қамқорлығы,
бүкіл халықтық құрмет — ақынның бабын келтіретін, кө-
ңіл күйлерін тасытатын жағдайлардың негізі екендігі дау-
сыз. Ақындық шабыттың көтеріліп, тасып төгілетін кезі
болады. Ол адам көңлінің шаттанып, қанаттанғаны сы-
яқты, творчествомен шұғылданған кезде ақын ерекше
жалынды сезіммен жырлап кетеді. Онымыз ақындық
шабыт.

Ал, шабыт дегеніміз, ақындық мұза, тәнір өнері емес,
ол ақындық шығармаға жан-тәнімен берілудің көрінісі.
Ақындық мұза көтерілгенде ғана шабыт келеді, өлең шы-
ғады, шабыт мұза реальды санадан сырт жасырын сырлы
нәрсе, түсте ақындық келіп маған қонды, менде ақындық
аруақ бар деген төтемдік ескі нанымдармен тамырлас
поэзиядағы идеализмнің бір көрінісі.

Ақындық музага табыну, оның сыйқырлы жат сыры
(интуиция) бар деп сену бұрынғы ақындар түгіл, сол
акындарға соқыр сезіммен еліктейтін осы күнгі кейбір
жазба ақындар да кездесіп қалады. Бұл дағы әрі ескілік-
тің, әрі идеализмнің қалмай жүрген сарқыншақтары, сүйтіп,
акындық талант, шабыт ақын көңліне тәнрінің әкеліп
қойған сыйлығы, ерекше қасиеті емес, ол түсіне келіп ко-
натын, немесе, шақырып келтіретін киелі «пір» сыйқты
дерексіз бір нәрсе емес, адамның саналы ойының, қажыр-
лы творчестволы еңбегінің жемісі.

Тургенев ақын Феттің музам келмегендіктен өлеңім ой-
дағыдай шықпады дегенін — ол шеберлігің жетпегені¹, муз-
за деген көктен түсетін, дайын өлең бере салатын құдірет
емес, адамның жазуға мейлінше шабыты келетін кезі бо-

¹ Н. Л. Бродский. Тургенев в воспоминаниях современников и его
письмах. Ч. II. М. 1924, стр. 91.

латыны рас, осыны ақындар «тәэрінің жақындап жанына келгені» деп ұғыну теріс деп¹ сынаған.

А. Чехов — талант дегеніміз тынымсыз қажырлы енбек деген².

Горький айтады: «Ақыйкат адамның еңбегімен жасалады. Адамның ілгерілеу талабы неғұрлым биік болса, соғұрлым оның қабілеті, талантты тез, өмірлі болып дамыйды³. В. Г. Белинский айтады: «Шабыт дегеніміз азаптану, жанның ауруы... Жан қуатының сілкіні, бірақ ол еріксіз күштеп келтірілген құбылыс емес, келген шабыт»⁴. Н. Г. Чернышевский де — барлық дүниені ұмытып, бір ғана творчестволық ойға шұғыл берілген мезгіл шабыт белгіci⁵ деп біледі.

«Сейтіп, ұлы жазушылардың ұғымында талант, ақындық шабыт дегеніміз — адамның саналы творчестволық еңбегінен туып дамыйтын, жетілетін психологиялық сыйпат. Эсіресе, бұл мәселені Горький өзінің жас жазушылармен кеңес тақырыбына жазған мақалаларында теренірек, кеңірек түсіндіреді. Жазушылыққа құмарту, соған беріліп, ол жолдағы қандай қыйыншылыққа болсын қажымай енбек істей беру адамның бойындағы таланттың жарқырап көрінуіне жеткізеді деп біледі Горький. Талантты жетілту үстінде, күрделі шығармалар жасау үстінде ақынның творчестволық қыяллы, сезімі, жан дүниесі, ойы бір қалыпта болмай қатты қыйналуға, құйзеліске ұшырауы мүмкін, немесе, ақынның образды ойлары нажағай ойнап, еркін шалқып құлпырып, қаһаттанып көрінуі мүмкін, осы творчестволық құбылыста жанды образ, бейнелер жасалып шығады. Осының бәрі тек келе қалған шабыттың ғана ісі емес, Белинский, Горький, Чернышевский, Тургенев, Чехов тағы басқа ұлы жазушылар айтқандай қажырлы, табанды, саналы еңбектің жемісі.

Ақындардың бірқатар қарт ақыннан бата алып, ақын болғандығын айтады. Ақын жас кезінде өлең, әнге, домбыраға үйір болады, ақындықты арман етіп өліп кеткен ақынның аруағынан, еліндегі тірі ақындардан көмек сұрайды. Белгілі ақынға барып өзінің ақындық өнерін сы-

¹ Тургеневский сборник, под ред. Н. К. Пиксанова, II, 1915 г. стр. 65.

² В. Ермилов. Драматургия Чехова. М. 1948 г. стр. 10.

³ М. Горький. О литературе. М. 1937 г. стр. 319.

⁴ В. Г. Белинский. Соч. т. IV, изд. 1911 г. стр. 159.

⁵ Н. Г. Чернышевский. Избранные сочинения. 1934 г. стр. 202.

натып, бата беруін өтінеді, бата берілмесе ақындығына жол ашылмайтын сыйкты көреді, алайда ақынның карт ақыннан бата сұрауы — кейде жас шәкіртінің үстаздан сабак алғанына, үлгі алыш үйренигеніне үқсайды.

Жамбыл 15 жасында атақты Сүйімбай ақынға қеліп домбырамен өлең айтып, өзінің ақындығын сынға салады, Сүйімбай өлеңін ықласпен тыңдал болып, ақындыққа икемі барын айтып, бата берсе, екінші жағынан басқаның жаттамалы сезін айта бермей, өз жанынан тың, жүрт сүйсініп тыңдайтын магнналы өлең шығарып айтуды талап етеді. Мунда Сүйімбай құр бата беруші ғана емес, жас ақынды баулып үйретуші үстаз. Жамбыл ақындық жолында, көбінесе, осы Сүйімбайдан көп үлгі алыш үйрениндігінен:

«Менің пірім Сүйімбай,
Сөз сейлемен сыйынбай,
Сырлы сулу сөздері
Маган тарткан сыйындай.
Сүйімбай деп сейлесем
Сөз келеді бұрықырап,
Кара дауыл құйындай»¹

Сүйімбайды өмір бойы «үстазым», деп зор құрмет етіп өткен.

Алайда шәкірт ақын, сол ақындық өнерге бой ұрып, жетілу жолында жүрген шағында бір ақынның «батасына, ақыл-кенесіне қанағат етіп қоймайды, өз түсіндағы аға ақындардың бәрінің де сынына түседі, кездескөн жerde өлеңін сынатып бата алғысы келеді. Ал Жамбылдың төңірегіндегі ақындар алғашқы ақындық жолға түскенде ақындық өнерін сынатып, Жамбылдан бата алғандарын айтады. Жамбыл да, Сүйімбай сыйкты, өзінің шәкірт ақындарын өнерге баулап, қатты, улкен сындардан өткізіп барып, бата беріп, ақындық майданға шығарып отырған. Есдәulet Қандеков айтады (1887 жылы туған, Жамбыл облысынан):

— Жыйырма бір жасында Бәйсеркенің асында Жамбылды көріп, өлең-жырын естіп қатты күмарттым. Өз өлендерімді айтып сынатып бата сұрап едім, сөзім оған үнамады ма, калай, бата бере қоймады, сонан кейін Жәкеннің қасына еріп өзінен әрі тыңдал үйренип, әрі өз өлең-

¹ Жамбыл. Толық шығармалары, 1946 ж. 7-бет.

дерімді батыл айтып жүріп ақыры батасын алды. **Жамбыл** был былай деп бата беріп еді:

Қасқараудың баласы
Кымызға тойған сабасың.
Көзің тірі бала екен,
Талпынсаң өнер табасың.¹

Сонан кейін өлеңді шешіліп жақсы айтып кеттім».

Умбетәлі Қерібаев айтады (1889 жылы туған, Алматы облысы, Жамбыл ауданынан): «Жамбылды 14 жасынан білем, Жамбылдың жырын, әсіресе, Қеруғлыны айтудын естіп құмартып жүргенімде, Жамбылдай айтқыш ақын болу маған үлкен арман еді. Жамбылдан я басқа ақындардан естігенімді жаттап және аздап өз жанынан шығарып өлең айта бастадым. Әуелгі кезде өлеңдімді Жамбылдың сынына салып, айтуға бата алмай жүрдім. 1925 жылы Жамбыл аулындағы бір қызы үзату тойында көп өлең айтып, бір үйде тынығып жатыр едім, Жамбыл келіп мені өлеңмен ояты:

«Танымын мен сөзінді аңғарынан
Жамбылдың ешкім кетпес алдарынан,
Алдыңа атан Жамбыл келіп отыр,
Олжа бер, кара бала, алғанынан»

деп Жәкең өлеңмен бастырмалатты, мен қатты сасып қалдым. Үй иесі Тәйтелі Жамбылмен құрбылас екен. Маған «именбе, соқ өлеңді» деп көтермеледі. Мен буынның бекітіп алыш:

Белгілі, Жамбыл кария, ісің сенің,
Бұл халықка жария қүшің сенің,
Аяғынды байқап бас, тайып кетпе,
Шайнайтұғын мүкалған тісің сенің.
Жасынан Жамбыл ақын атанғаның
Кешегі Сүйімбайдан бата алғаның
Шәкірт бол Сүйімбайдан бата алған соң
Үйінде бес күн түнеп жата алмадың.
Алсан да алдыңа сап канша дәүлет —
Жамбыл-ау, сонда да бай атанбадың,
Жетпіс асып сексенге келсөн дағы
Ұялмай олжа сұрап қақандадың —

дегенде менің сөзіме қатты риза болып, шын ықласымен маған батасын берді».

¹ Есдәүлет Әмірбаяны (1946 ж. жазған). ТӘИ архивы. 4—5 бет.

Шынында, Жамбыл Үмбетәлімен олжас сұрау ниетімен қағыспаған, жас ақынды қапылыста ақындық қүшін сыйнау максатымен әдейі қайрап салып сөйлеткізудің бір түрі екен. Қарсы келген ақыннан қаймығып ықтап жүре бергенде Жамбыл ақын деп танымаған.

Казұлы Қашқымбай айтады (1884 жылы туған, Қостанай облысы Торғайдан): «Қайын жүртімда (әйелімнің әкесі) Шалабаев Жұмабай деген ірі ақын болды, Өлең айттарда көзінен жас ағып, селкілдеп кетуші еді. Ол 1896 жылы 71 жасында кайтыс болды, өлеңге құмарлығымды сезіп, өлерінде маған батасын беріп еді, сонан былай өлеңге еркін болып кеттім. Ол кісінің сөзі, ақындығы маған зор үлгі болды».

Сабыр жырау өзі туралы былай дейді:

«Өзі ақын Нұрым баласы —
Сабыр жырау аталған,
Он екі жасқа келгенде
Әр жыраудан бата алған».

Бата алу туралы түсініктерді бұрын-соңды қазақ ақындарының көбі міне осылай айтады.

Шынында батамен ғана ақын болым деу ақыншардың өзін өзі алдандыру сыйкты ескі нанымның қалдығы. Батамен ешкім ақын бола бермейді. Егер қарт ақын көnlі түсіп бата берген адамның бәрі ақын бола берсе ақындық дүниедегі ен онай өнер болып шығар еді. Батаны сан рет алса да ақын бола алмай қалып қойған да-рынызы, талантсыз өлеңшілер аз болмаған.

Батамен ақын болым деген ақындардың өз сөздерінің өзіне қарсы келетін, ақындықты дұрыс ұғынуға зор дәлел болатын пікірлер байқалады. Сүйімбай ақындығын сынап барып, келешегі анықталғасын барып Жамбылға бата береді және бата бергеннен кейін сен ақын болдың деп коя бермейді, оның мұнан былай өсуіне, ақындық таланты жетіліүне үнемі жәрдем көрсетеді. Жамбыл өзіне шәкірт ақындарды ақындықтың әр алуан сыйна, майданына салып, риза болғаннан кейін бата береді жәнә сол жолға баулып отырады. Қашқымбайдың сөздерінде де жалан батадан гөрі өзінен үлкен төсөлген ақынның үлгі, өнеге алып үйренгендігі көбірек айтылады. Бұған қарағанда бата д ғен сыртқы көрінісі, белгісі ғана да, ал батаның мазмұнында ақындық өнерді үйрену, ірі ақынның қасында тәрбие көру әрекеті жатады. Шынында жас ақынның бата

алуы өзінен үлкен аға, данқты ақынды күрметтеу, оның алдына бас иіп, өзіне ұстаз тұту сыйқты әрекет. Атақты ақынның алдын көріп, оның өзі туралы ойын, сынын есту, одан ақыл алу жас ақын үшін аса маңызды, аса қызықты да. Жас ақынның карт ақыннан бата алу әдеті өзбек, қыргыз, түрклен жыршы баҳшыларының дәстүрінде де бар. Бірақ олар да жалаң батамен ақын жыршы болып шықпайды, айлар, жылдар бойы карт ақыннан жас ақын оқыйды, үйренеді, үлкен сындардан өткеннен кейін карт ақын жас ақынға жыршылық ақындық право — бата береді екен.

Онан соң қазіргі халық ақындардың бірталайы (жастау жағы) бата алды ақын бола қалдым деген пікірлерді ұнатпайды, қатты сынайды. Мысалы:

Үркімбаев Төлеу айтады (1898—1956 ж. Қызылорда облысы, Қармақшыдан): «Ешбір ақыннан бата алғаным жок, үйреніп талаптанбаса құрғақ батамен ешкім көркейе алmas еді».¹

Ильяс Манкин айтады (1880—1954 ж. Қарағандыдан): «Карт ақыннан жас ақынның бата алатыны рас. Онда да карт ақын жас ақынның шамасын, өлеңін сынап барып жақсы бата береді. Бірақ батамен дарыған ақын болмайды. Оның бәрі не өтірікке, не халықты алдағыш мактантага айналған, сөздер. Фылымның бәрін білмеймін, білмесем де білгендерден сурап жүрмін. Барлығы да талантқа, талапқа байланысты»².

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Карт ақынның жас ақынға бата беретіні бола береді, бірақ батамен ақын болмайды. Кейбір ақын надандығымен батамен ақын болды» дейді³. Иса, Саяділ, Нартай ақындар да осы пікірлерді қолдайды.

Бұдан туатын тағы бір қортынды — ақын неғұрлым жаңа коммунистік көзқарасты, ғылми ұғымдарды молырақ оқып білсе, жаңа жазба әдебиеттерді өз бетімен оқый алатын сауатты болса, соғұрлым ақындық «киелі» нәрсесе, батамен конады деген ескі нағымдарға қарсы болады, бата дегениң ақыйқат сырын дұрыс, толық түсініп талдау береді. Ескіліктің қалдығынан кол үзбеуді — ол кейбір ақындардың надандығы, білімсіздігі деп қарайды.

Халық ақындарының ақындық туралы үшінші салалы

¹ 1946 жылы жазған Әмірбаяны (колжазба). ТӘИ архивы. З-бет.

² Бұл да сонда, 7—8-бет.

³ Бұл да сонда, 34—35-бет.

үғымы ақындық тұқым қуалап ауысады деуі. Бұл пікірді халық ақындарының бірталайы колдайды, соған дәлел ретінде әр ақын өз өмірінен көптеген фактылар келтіреді. Рас, жаратылыста тұқымға, нәсілге тарту болады; мұны қазіргі биология ғылымындағы Мичуриннің материалистік қағидасы, сапалы дамудың негізгі бір факторы санайды, бірақ кейінгі үрпак, нәсілге ауысатын тұқым тек сыртқы қофамдық, жаратылыстық қолайлы жағдайға байланысты әрбір дамыйды, қофамдық ортаның жаратылыс құбылысының белсенді әсері арқасында тұқыммен ауысатын үрпак жана сапаға ауысып өзгереді. Ақындардың өмірін, творчестволық тәжрибелерін қарасақ ата тегінде ақын болғандары да бар, ал ата тегінде ақын болмағандары да бар. Рас, шын жүйрік төкпе ақын емес, жай өлеңші, жыршыларды алатын болсақ, бұлар үйрену, төселеу, профессионалдық кәсіп түрі болғандықтан әкеден балаға, үрпак, қуалаң кәсіп өнері ретінде ауыса берген. Оны өзбектегі бақшы, шайырлардың, қырғызыдағы жомоқшылардың, қазақтағы жыршылардың өмірлері толық дәлелдейді.

Сонымен бірге атакты ақындардың да бірталайының туыс жағынан да, өскен ортасында да ақындық талант, ән, күйге бейімділік қабілет дәстүр болғандығы байқалады. Бұған да бірнеше мысалдар келтірейік:

Жамбылдың туған шешесі Ұлданның нағашысы Қанадан атакты қобызыши, күйші болыпты, қазақтың бұрын-сонды күйлерін тамаша тартады, кейін Жамбыл ақындық жолға беріліп жүргенінде шешесі баласының талабын толық қолдап,— баламызға біткен бұл өнер менің нағашымның өнері ғой дейді екен¹ Сүйімбайдың ұлы әкесі Құсеп атакты ақын болыпты. Ол «Өтеген батырды» ең алғаш жырлап таратқан. Абайдың әкесі ақын болмаса да, Ақылбай, Мағауия атты балалары, Әубәкір деген немере інісі ақын болды, бірақ олар Абайдың өз дәрежесіне жете алған жок. Қебдіков Төлеу ақынның (1874—1954, Семей облысынан) шешесі Қуандық ақын, ал Қуандықтың әкесі XIX ғасырдағы Сабыrbай ақын, Үмбетәлі Қерібаевтің шешесі Бепежан ақын. Нартай Бегежановтың ағасы Ман-сұр ақын. Баймағамбет Қуанышовтың әкесі ақын. Қалқа Жапсарбаев Жалайыр Бақтыбай ақынға жиен. Жақсыбай Жантөбетовтың нағашысы Сауранбай ақын. Ильяс Ман-

¹ С. Бегалин. Жамбыл. 15-бет.

киннің нағашысы және ұлы әкесі Жиенәлі ақын екен.

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Тұқымға тартуды бекер дей алмаймын. Өйткені, ұрығына тартпайтын зерт жоқ қой. Әкесіне түсі, мінезі тарту бар екені белгілі. Әкемнің нағашысы Бекғұл ақын болыпты. Өз шешем Әбіш әрі ақын, әрі жыршы, әрі әнші, домбырашы еді. Оның шешесі Ақмаңдай ақын, оның әкесі Нұрлыбай шешен, оның әкесі Сайлыйбай ақын болыпты. Шешем Әбіш әкесі Мырзагұлдың жалғыз қызы болғандықтан 20 жасына дейін ұзатылмай әншілік, домбырашылық салтын құрады. 19 жасында Әбіш Басықара баласы Қанапиямен айтысып, оны жеңіп-ті. Жыйырма жасында әкем Ахметбекке ұзатылып келгенде үкілі домбырасын өзімен бірге ала келген екен... Сондықтан да менің әке-шеше, нағашыларымның ақындығына тартуым ғажап емес. Тым болмағанда олардың осы көркем өнерге құмарлық мінездеріне мінезім тартып, әуес-қойлықпен тапсам да солар сыйқты болғаным анық»¹.

Сейтіл, бұл айтылғандардан қазақ ақындарының бір-қатары ағайын туыстарындағы ақындық талант, дәстүр негізінде тәрбиеленіп ақын болғандығы, атадан-шешеден кейінгі үрпаққа ақындық қабілет, өнер ауысатындығы байқалады. Бірақ осы ауысу, яғни ата-текке тартып ақын болу, сол әуелгі қалпында емес, сапа жағынан көп өзгеріске, құбылыска ұшырап отырады. Ирі талантты ақынның кейінгі үрпағы дәл өзіндей ірі талантты ақын бола бермейді, соның керісінше ата-тегінде ақындық қабілет, дәстүр шамалы болса да ақын ерекше үздік талант болуы ықтыймал. Мәселен нағашысында күйшілік қабілет болғанымен, Жамбылдың өз талантты әлдекайда жоғары, Жамбыл ақындық дүниені, мектепті мол көрді, екі заманды басынан кешіріп, совет дәуірінде талантты қайта туып құлпырды, қанаттанды. Советтік дәуірдің дүние жүзіне мәлім даңқты ақыны болды. Бұл тұқымның ғана сыйлығы емес, алдымен қоғам өмірінің совет заманының сол талантты сапаға айналдырып жетілдірудегі шешуші факторы болып саналады.

Заманның қолайлы жағдайы болмағандықтан кешегі құлдық, қара түнек заманда қазактың нешетурлі асыл, үздік таланттары не жарыққа шыға алмай жоқ болып кетті, немесе жарыққа шыкса да бірталайы түрмистың соққысына ұшырап, ақындықты тіленшілікке айналды-

¹ Өмірбаяны (қолжазба). 3—4-бет.

рып, таланттары жоғалып отырды. Қанша талантты шешен ақындар десек те, Орынбай, Шөже, Қемпіrbай, Мәйкөт, Құлыншақ өздерінің ақындық таланттарын ру айтышының құралы ету дәрежесінен асыра алмады. Сөйтіп ақындық талантты қолайлы заманы, өскен ортасы ғана өсіреді, жетілтеді, заманы қолайсыз болса өшіреді, түншықтырады. Мұны Жамбыл, Нұрпейістердің совет заманында қайта жасардым, қайта тудым деп келетін ақындық толғауларынан да толық үғынамыз.

Ақынның бәрі бірдей ақын үрпағынан туа бермейді. Қазактағы бұрын-соңды атақты ақындардың көбінің ататегінде ешқандай ақындық қасиет жок. Нұрпейіс, Шашубай, Доскей, Орынбай, Кенен, Иса тағы басқа көптеген қазіргі ақындардың ата-тегінде ақындық барлығы айтылмайды. Бұлардың көбі түқым қуалғаған ақындық болады дегенге қарсы. Ильяс Манкин айтады: «Өлең ата-тек, түқым, үрпақты қуалап аралап жүріп пайда болады деген сөзге тіпті қарсымын»¹.

Төлеубай Үркімбаев айтады: «Әкем ақын емес, атадан балаға ақындық қонады деген теріс. Әр адамда азды-көпті қасиет болады, олар тәжрибе арқылы жетіледі. Адамның ойы, сезімі, тәжрибе көрген-білгеніне қарай құбылып отырады»². Қайып Айнабеков те, Сапарғали Әлімбетов те осы пікірлерді айтады.

Тұқымында ақындық барлары да, жоғы да, ақындық қона салатын әзір ас сыйкты дайын сыйлық емес, ол үйрениу, еліктеу, ұлғі алу, құмарлану, іздену үстінде қалыптастасын өнер екенін мойындайды. Құмарлықпен берілген қажырлы еңбек ұзақ жылдар бойы ақындық өнерді менкегеру бойдағы ақындық талантты жетілдірудің негізгі шарттары. Егер талант иесі сол ақындық жолды қажырлы еңбек, зор құмарлық сезіммен соңына түсіп құмаса оның тұқымында, өскен ортасында, заманында ақындыққа көректі жағдайлар қаншама қолайлы болса да ол ақын болып шықпайды, не атасының жаттамалы сөзін айтатын жыршы болуы, не бір шабар-айғайға қосылғыш өлеңші болуы ықтыймал. Сөйтіп, қажырлы еңбек, құмарлықпен берілу ақын талантына жол ашады.

¹ Өмірбаяны (қолжазба), ТӘИ архивы. 30-бет.

² Өмірбаяны (қолжазба), ТӘИ архивы. 2—3-бет.

Ақындық орта, дәстүр мәселесі

Бұл енді халық ақындарының ақындық туралы төртінші салалы үғымы — үйренумен ақын болады деген мәселеғе тығыз байланысты. Ақындық өнер, оның қалыптасу, жетілу жолы үйрену, оқу-улгі алу, қыйын сындардан өтіп, шынығы екені даусыз. Үйреніп, үлгі алусыз құр талантпен ақын бола алмайтыны және белгілі. Алайда ақындық сатылап оқыттын бастауыш, орта, жоғары дәрежелі мектеп емес, мұның оқу, үйренуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өзбектің шайыр, баҳшыларының үйреніп үлгі алуда мектеп оқуына үқсас жағы бар. Ол, баҳшылардың бірқатары хат таныйды, ұстаз ақын, шайырға барғандა ол — ұстазының кітапханасынан дастандарды, қолжазба жырларды оқып жаттайды, ол жаттаудың техникасына тәседе-ді, жаттап, үлгірмегенін көшіріп алғып кетеді. Бұл жазып оқыттын, пысықтап жаттайтын әдебиет сабабы сыйкты. Алайда жаттағанды жыршының орындауы, халық арасына жаюы халық ақындарының дәстүрімен іске асады.

Қазақ ақындарының үйрену — окуында — жазып, не месе, кітаптан оқып, үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалы, эпикалы жырларды, мақал-мәтелдерді, аныз ертеғілерді, халықтық сатиralарды әрі шығарып, әрі орындалап, дамытып отырып кейінгі үрпаққа аса қызықты поэзиялық қазна етіп жеткізетін творчестволық тәжрибе, үлгі — қазактың ақын, жырши, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік. Сүйімбай, Шәже, Шернияз, Абыл, Жанак, Тұбек сыйкты асқан жүйрік импровизатор ақындардың, Біржан, Ақан, Жаяумұса, Естай, Шашубай сыйкты әнші ақындардың, Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сыйкты атакты эпик жыраулардың творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын жыршыларды үнемі қызықтырып отырған. Себебі бұл ақындық дәстүрдің негізінде халықтың сыйнышылдық, туралышылдық, киянатқа, әuletсіздікке қарсылық ой арманы басым жатады. Шернияздың Баймағамбет сұltан алдындағы, Сүйімбай мен Жұбектің Тезек төре алдындағы тайсалмай туралықты айтқан тапқырлықтары, Жаяумұсаның Шорман тұқымын әшкереleуі, Біржанның Аз nabай болысқа карсы, Ақанның құлагерді өлтірушілерге карсы ызалы өлеңдері, Жамбылдың, Нұрпейіс, Төлеу ақындардың өмір шындығын жырлаған толғаулары, ақындардың

айтыстағы өнерлері ақын, жыршылар негізгі халықтың прогрессивтік творчестволық дәстүрін жасағандығы белгілі. Бұл үздіксіз дамып отырған әрбір жаңа ақынды үйретіп, жетілдіріп отырған ақындық меккеген сыйқты поэзиялық, творчестволық дәстүр, қазақтың импровизатор ақындарының қай-қайсысы болсын осы ақындық дәстүрде тәрбиелініп, қалыптасады. Ақындық дәстүр, өнер үлгісі заманына, дәуіріне қарай өзгеріп, жаңа идеялық көркемдік сапаға ауысып отырады.

Ақындыққа баулынып үйренудің, таланттың қалыптастырудың бірнеше кезендері, өсу сатылары бар. Жас баланы шу дегенмен ақындыққа, ән-күйге, өлең-жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады. Жоғарыда айтылғандай баланың әке-шешесі, не нағашысы, немесе ауылдасты жүртты таңғалдыратын ақын, әнші, жырши болса, дүниенің бәріне қызыға, еліктей қарайтын жас бала алдымен домбыраға, өлең жырға әуестенетіні сөзсіз. Міне осы әуестену, қызығу дәуірінде жас ақын естігенін түгел жаттайды, домбыраны тез үйреніп, ән-күйлерді тартатын болады. Бұл әуестену, ақындықты құмартып аңсау дәуірінде жас таланттың басынан жоғарыда аталған тұс көргіш, қыйналып қыялдану, өңінде де, түсінде де жырлап журу сыйқты әрекеттер өтеді.

Мұнан кейінгі екінші сатыдағы үйрену дәуірі—белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады. Бұл дәуірде ақын-жыршылар тек дайын жырларды жаттау, білумен қанағаттанбайды, өзінің шығарғыштық, ақындық таланттың жарыққа шығарады, үлкен ақынға сыннатады, ол үлкен ақынның төнірегіндегі басқа ақындармен жеңіл қағысып айтысады, ақындығын өткірлеп шындаій береді. Бірақ үйрену мұнымен тынбайды, ақын үлкен аға ақынның алдында ел тарихы, рулардың басынан өткен оқыйбалар, дүниенің жаратылсы, адам өмірі жайынан жаңа білім, ұғымдар алады, ол білім, ұғымдар аға ұстаз ақынның білім дәрежесіне қарай әр алуан болады. Егер ол кітап білімінен хабардар адам болса адам баласы тарихи, дүние жаратылсы, қазақ өмірі жайынан дәл, дұрыс, мол білім береді. Егер аға ақынның білім көлемі шағын аныз-ертеғі, немесе діні жайыттар шамасында болса жас ақындарға өз білгенінен шағын ұғымдар ғана береді.

Жас ақын ел өмірі, тарихи, дүние, жаратылсы құбылышы жайлы ұғым, білімді ақын емес басқа адамдардан да естіп үйренеді, біледі. Сонымен бірге осы үлкен ақын-

дардың қасында, алдында болып жүрген кезінде жағақын-жыршылар — желілі, көлемді жырларды үйреніп жаттауды бастайды. Бұл үйреніп жаттау есейген шағына дейін тоқталмайды.

Үшінші сатыдағы үйрену дәуірі — ақынның дербес ірі айтысқа араласқан кезінде басталады. Әуелі өз аулында, үстаз ақынның төнірегінде жеңіл-желі айтыстарда өзінің ақындық күшін сынға салған ақын үстазының жаксы бағасын, батасын алғып, өзіне-өзі сеніммен қараған, ел тарихынан мәліметі бар ақын үлкен той, аста жауапты айтысқа түседі.

Бұл ақындықтың ашық майданы, жарысы, бұл майданда екі балуан алысқа түскендей ақындық өнер, күш, білім сыналады. Мұнда жеңіп шықса оның бұған дейінгі үйрену, оку жолы қалыпты өсүмен келе жатқандығын көрсетеді, дәлелден, білімнен, ақындық сөзден жеңіліп қалса, оның бұған дейінгі ақындық жолдағы үйрену, окуы жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Бірақ жеңген ақын да, жеңілген ақын да осы айтыстан кейін ақындық жолдағы өнерді үйренуден тоқталмайды, шын талантты ақын өмір бойы үйренуден жалықпайды. Жамбыл мен Нұрпейіс жастары жүзге жақындағанша заман, өмір жайын, бұрын-соңғы ақындар сөзін неғұрлым мол білуге құмар болып етті.

Казіргі халық ақындарының өмірін, творчестволық өсу жолдарын алатын болсақ әрқайсысының үлкен ақындық-әнишлік, жыршылық ортадан тәрбие алғанын байқаймыз.

Иса Байзаковтың ақындық жолда қалыптасуының маңызды кезеңі совет үкіметінің алғашқы жылдары хат таңып, жаңаша оқып білім алуы, жазба әдебиетті көптеп окуы, жаңа коммунистік идеямен қарулануы кезеңінен басталады. Бұл оку Исаны өз қатарындағы ел ақындарынан анағұрлым жоғары көтеріп жібереді, енді ол Абайды, Сұлтанмахмұтты терендей оқумен бірге аудармалар арқылы Пушкин, Лермонтов шығармаларың да оқыйды. Абай, оның шәкірт ақындары арқылы тараптады «Евгений Онегин»ді де оқыйды. Бір кезде өзіне үстаз саналған жүйрік әнші ақын Құдайберген де, айтыстарда атағы жер жарған бұрынғы Шөже, Орынбайлар да бәрі де Исаға олқы көрінеді, Иса өлең жырды енді тек суырып салып айтумен қатар, жазып та шығарады. Олары газет-журналдарға (1923 жылдардан бастап) басыла бастайды. Жаңа социалистік заманның жеңіс салтанаты, ерікті ка-

зак аулының жанаруы, мәдениетті елге айналуы қалалы жердегі жазба ақындардың өнерлі, білімді ортасы,— бәрі ақынды шаттандырып, шабыттандырып отырады, осы өмірдөн де, мәдениет ортасынан да Иса көп оқып үйренеді. Бертін келе ол аударма арқылы орыс жазушыларының романдарын және қазақ ақын жазушыларының шығармаларын көтеп оқыйды; театр арқылы жаңа ән-күйді, операларды тыңдап көріп үлгі алады. Осы оқу, көру, сезудің бәрі ақынның ой санасын, білімін кеңейте береді, таланттың жетілте түседі. Міне, орта оны осылай тәрбиелейді.

Ильяс Манкин айтады: «Маған өлең көктен түскен жоқ, көмекпен де болған жоқ және шарараптеп, құрметпен, құдіретпен де қонған жоқ. Тәжрибемен, сезіммен берілгендейтін, сүйгендейтін ынтамен жалықпаушылықпен, еліктеушілікпен, батырлықпен пайда болды деп ойлаймын. Сейпілмәлік, Жұсіп, Зылиха, Қөрүғұлы, Фауезқан, Сайқалы, Алтыбармақ—бәрін де сүйіп оқыдым. Осылардан өлеңнің жазуын үйренбесем де, уақыйғасына, ақындығына қызығатын едім. Кейін келе ол кітаптарды таstadtым. Қазақ ақынның Абайды үнемі құмар болып жаттап оқыдым. Абай түсіме кіріп, өнімдегідей маған өлең сыйға беруші еді¹.

Үмбетәлі Қәрібаев айтады: «Жамбыл, Мақыш, Қожантай ақындармен жолдас болдым. Қожантай ең күшті ақын еді, онаң екі ән үйрендім. 1913 жылы Шабдан асында Максұт ақынды көрдім. Бегалы, Бектұрсын ақындардың өлеңін ел қызығып тыңдаушы еді. Караберген, Бұлтірік ақындармен кездестім. Міне осылардың бәрінен үлгі алдым»² Қали Нұрпейісов айтады: «15 жаста өлең айта бастадым. Той-топыр, ойын-сауық бар жерді, жырау, ақындарды іздел жүретін болдым. Тама Әкімгерей деген ақынның данқын естіп барып, бес-алты жыл бірге болып, үлгі алдым. Менің катарымдағы жырау Бітімбай баласы Жанаберген, Тілеуімбет баласы Жемберген болды. Соларды тыңдай, ести үйреніп, өзім катарға қосылып жүрдім. Ел сөзімді, жырымды қызығып тыңдал, олжа мал да таптым. 1928 жылы конфискация кезінде байларды әшкереlep көп өлең айттым. Елде үш әйелі бар, жалшыларын қатал үстайтын Төлеу деген байды масқаралап «Ақ таяқ» атты өлең шығардым. Өзім хат білмесем де бұрынғы ба-

¹ Өмірбаяны (колжазба). 31—32-бет.

² Бұ да сонда, 4—5-бет.

тырлар жырларынан да, жаңа заман ақындарының жырларынан да жаттағандарым аз емес. Сол жаттағандарымның бәрінен де үйреніп, үлгі алдым. Үлгісіз тон пішілмейді ғой¹

Сапарғали Әлімбетов айтады: «Әкем Әлімбет ақын болмас да бұрынғы шешендөр сөзін көп айтып отыруши еді. Шешемнің ағасы Айтжан, інісі Әділ, екеуі де өлеңші болатын. Олар тойда өлең айтатын. Шығарып та айтатыны болатын еді. Менің өлеңді әуес көруіме себеп болған етікші Жайсанбай деген әнші еді. Ол біздің үйде көп болып жүрді. Даусы ашық, өлеңді әсем айтатын. Менің бірінші ұстазым осылар сыйқты. Алғашқы кезде Жайсанбайды еліктеп өлеңді жаттап айттым да, 13—14 жасынан бастап шығарып айттым, әрине ол кездегі өлеңдерім есімде қалған жоқ. Қейін Әріппен жолдас болдым. Әріп арқылы Абайдың кітабымен таныстым. Міне мектебім осылар. «Біржан-Сара», «Малике-Хасен», «Ләйлі-Мәжнүн», «Татьяна» сыйқты ғашық жырларын неше күндей астан, үйқыдан қалып жаттаған күндерім болды. Ақындық жолы онай емес, кейде осы жолда өз басыңа талай қыйындық, соққы тиуі мүмкін. Шын ықласпен берілсең сол ауыртпалықтың бәріне төзесің. Өзім қандай ауыр бейнет көрсем де көңіл ашар, күйік басарым өлең болды. 1924 жылы Сақпан деген ауылдас байдың қылығын масқаралап өлең шығарды, оным дереу жүрт аузына таралып кетті. Бай мені шакырып алыш—анау өлеңді жүртқа айтқызуды тоқтат, тоқтатпасаң қолындағы жалғыз сыйыр мен жалғыз атты аламын деп қорқытты. Шынымен өлеңіме осыншама күш біткенге қатты сүйсінsem де, бірақ байдан қаймығып, Ақсuat ауданына көшіп кеттім. Осындай қыйындыққа көнсем де ең сүйікті ақындықты тастағаным жоқ. Ел колхоз болғасын өзімнің ойым да, ақындығым да әлдеқайда өсті. Көп өлеңім ел аузында да айтЫЛДЫ. Басылып та жүр. Қазіргі басылған өлең кітаптарды да колыма түсkenін үзбей оқымын. Солардың ішінен қара сөз болсын, өлеңі болсын Сәбиттің жазғаны ұнайды, өзіміздің құрбы ақындардан Куаттың өлеңдері ұнайды. Ал Нұрлыбектің «Ер Төлеген» тіпті ұнамсыз, тілі де, уақыйғасы да қыйсынбайды».

Ғұмар Жүсіпов айтады (1905 ж. туған. Гурьев облысы): «Ата туысым, нағашы тегімнен ауысқан ақындық үс-

¹ Бұл да сонда, ТЭИ архивы.

тіне, мені ақындық жолға ақын Жолай деген әкемнің інісі тәрбиеледі. Он алты жасыма дейін ақындық жолын үйретіп отырды. Ол — өлеңді аз айт, асылын теріп айт, көп жырлап өлеңнің қадырын кетіріп алма деген ақылды көп айтушы еді. Бала жасынан жатқа айтқаным Мақамбеттің, Ығылманның, Қашаганнның өлең-жырлары. Ығылмаммен бірталай уакыт жолдас болып көп сабақ алдым. Онан Қамбар, Ерсайын, Ертарғын сыйқты бірқатар батырлар жырын жаттадым. Бертінде бірталай ақындармен айтысқа түсіп, ақындыққа төседім. Эсіресе, совет тұсындағы көрген, үққандарым білімнің, ой санамның артуы — ақындығымды өсіріп отырды».

Төлеубай Үркімбаев айтады: «Өзім кісі есігінде жалшы болдым, темір жолда жұмысшы болып та істедім. Мал бақтым, аштық, жоқшылықты басымнан кешірдім, тартпаған бейнет, азабым аз шығар, осындай ауыр жұмыста жүрсем де аз-мұз сауатымның арқасында бұрынғы дасттан жырларды оқып, көп жаттадым, өзбек, татар өлеңдерін де жаттап білдім. Көп бейнет, азап ақыры мені женіп қатты аурудан кейін, 1924 жылдан бері екі құлағым көрең болып қалды. Бірақ совет үкіметі мені далаға тастанған жоқ. Менің ақындық талантыма кең өріс берді. Ендігі бар қәсібім газет-журналды оқып, өлең шығарып, жаттап айту болды. Колхоз жұмысына белсене араласып, бай-құлақтарға қарсы өлең жырларды көп шығардым. Газеттер де сезімді басып келеді. Құрмет белгісі орденымен, еңбектегі ерлігі үшін медальмен наградталдым. Ақындық жолға үйреніп, талаптанумен жеттім».

Есесары Құнанбаев айтады: «Бұрын «Мың бір түн» әңгімелерінен, қиссалардан да жаттағандарым көп болған. Совет тұсында олардың бері өзіме де, азаматтарға да ұнамағандықтан ондай ескі жырды айтуды мүлде қойдым. Оның үстіне жеті жыл милиция болып жүргенімде жаңа пікірлі өлең жыр айтқаным болмаса, ескілердің бір де біріне қайтып көnlім соққан жоқ»¹ Сөйтіп, ақындардың қай-қайсысы болсын талантының оянуына, ақындығының қалыптасуына оқу үйрену, үлгі алу арқылы жеткендігін, және ол оқу үздіксіз токталмайтындығын, тек әдебиетті ғана оқу емес, өмірді білу, сана сезімді кеңейту, әсіресе совет дәуірінде жаңа коммунистік көз қарасты

¹ 1946 жылы өз айтудынан жазылды.

Ұғынып меңгеру — оқып жетілудің негізгі шарттары екен-
дігін толық дәлелдейді.

Сонымен бірге ақындардың естіп білгенін, оқығанда-
рын талғаусыз қабылдаі бермей, сын көзімен қарап оқый-
тындығын байқаймыз. Оны да ақындар өзінің өмірі туралы
әңгімелерінде ашық айтады. Ильяс Манкин әуелгі
кезінде Орта Азия халқына ортақ дастандарды, кейбір
діни қиссаларды еліктеп жаттап жүрсе, кейін Абайды,
совет дәүірінің ақындарын, Жамбылды оқығаннан кейін
бұрынғы қызық дегендері керексіз, құнсыз болып қалған-
дығын мойындайды. Ақындық өнері, дүние тану білімі
ескен сайын көркемдік, ақындық туралы бұрынғы қафіда,
ережелері де өзгеріп, өсіп, жаңарып отыратындығын, әр-
бір жаңа шығармаға ақын тек өзінің ғана түсінігі дәре-
жесінен емес, ең жақсы, үздік ақындардың шығармасы-
ның тұрғысынан қарап баға беретіндігін көреміз.

Совет дәүірінде жүргізілген мәдениет революциясы
акындардың сана сезім, творчестволық дүниесіне де зор
революциялық өзгеріс тудырғаны даусыз. Совет тұсын-
дагы халық ақындарының өмірді, тарихи оқыйғаны, дә-
үірімізде өтіп жатқан саяси, ғылыми жаңалықтарды білуі
де, ұғынуы да, әдебиет кітаптарын оқуы да, одан үйрәніп
ұлға алуы да анағұрлым кең, революцияға дейінгі ақын-
дардың өмір, дүние, тарих туралы түсініктері көбіне дәл
емес, бұлдыр, аныз ертегілермен үштасып жататын шала
еді; дүниедегі ең жақсыны, ұлғілі даналықты, ерлікті ал-
дымен өзінің руынан, өзінің тұқымынан іздейтін. Ақын
басқа елден, басқа елдің тарихынан, мәдениетінен жақ-
сылықты, ұлғіні аз табатын, аз алатын, аз көретін. Эрбір
айтысқа түскен ақын білім салыстырса дүниенің жараты-
луын жерді көтерген көк өгізге, жандының ұлkenін ба-
лыққа, казақтың арғы тегін Анас сахабаға апарып жеткі-
зетін, бергі тарихына келгенде өз руынан шыққан байды,
батырды, биді дәріптеп кететін.

Ал, ел арасына таралған әдебиет үлгілерін ақындар
ражап нәрселер деп қызыға қарап, бәрін де талғаусызы
жаттай берген. Ол жатталғандардың ішінде «Салсал»,
«Зарқұм», «Кербаланың шөлі» сыйқты дінді, Әзіретәліні
дәріптейтін ескі жырлар да, жарапазан, бәдік, бақсы жыр-
лары да, алғыс, қарғыстар да, қайым өлеңдері де бо-
латын.

Революциядан кейін сана сезімі, дүниеге көзқарасы
жаңаарған, өмірді бұлдыр, анызбен емес, дәл, анық, көзі

көріп түсінген ақындар енді әдебиетті жаңаша түсініп, сын көзімен қарап талғап оқытын болды, халықта ен пайдалы, ұнамды шығармаларды жаттайтын болды, сонаң өздері үйренді.

Өлең-жыр халықтың күнбек күнгі еңбек, күрес өміріне тығыз байланысты болу керек екенін, өлең-жыр партия мен үкіметтің күнбек-күнгі ұранына үн қосып отыратын үгітші, насихатшылық қызметін атқару керектігін ақындар әбден түсінді, сондыктан, ақындар өзінің совет дәүіріндегі шығармаларын бұрынғы бұлдыры аныздан, ескі нағымдардан арылтып, накты өмірге жаңастырып жырлады. Совет әдебиетінің алдына койылған партиялық, халықтық талап тілекке халық ақындары да үнемі құлак қойып, өздерінің өлең жырларын идеялық, көркемдік жағынан шебер беруге тырысып отырады, жазушы ақындарға айтылған сындардан да тиісті қортынды жасайды. Оны соңғы 20 жыл ішінде болып өткен жыйындар мен мәжлістердегі ақындардың өз кеңестерінен, сөйлеген сөздерінен көруге болады.

Ақындардың жыйындарында, айтystарында да осында творчестволық жаңалықты іздеу, өлең жырларды өзара сынау үлкен орын алдып отырады. Халық ақындары өзінің өлеңдерін сахнаға шығып, домбырамен айтады, не оқып шығады, сонаң кейін талқылауға түседі. Немесе екі ақын бір тақырыпты қатар жырлайды да, қайсысы артық жырлағанын салмақтап сынайды. Бұл талқылауларға әрине жазушылар да, әдебиетшілер де белсене араласып отырды.

Халық ақындары өміrbаяны жөніндегі әңгімелерінде өздерімен замандас ақындардың және жазба ақындардың шығармаларын үнемі сын көзімен қарап оқып отыратындарын айтады. Бұған да бірнеше мысал келтірейік:

Жаксыбай Жантөбетов айтады: «Абай, Жамбылды қызығып оқымын. Кейінгі ақындардың көбінің өлеңіне түсінбеймін. Солардың ішінде маған аса ұнайтыны Мариямның «Мәншүгі»¹

Нартай Бегежанов айтады: «Қазіргі ақындардан Жамбыл, Саяділ, Иса, Куат өлеңдері маған қатты ұнайды².

Есдәulet Қандеков айтады: «Маған Қененнің «Әли батыры», Исаның «Құралай сұлуы», Саяділдің «Ақын шабыты» ұнайды.

¹ Өміrbаяны (колжазба). З-бет. ТӘИ архивы.

² Өміrbаяны (колжазба). З-бет. ТӘИ архивы.

Міне бұл айтылғандардан туатын қортынды: қазіргі халық ақындары бұрынғыдай нені болсын талғаусыз қабылдай бермейді, сана-сезімі ескен, өмірді анық, кең түсінетін ақын өзіне керекті рухани көркемдік азықты талғап, тандай алады, өзінің замандастарының өлеңдері халықта қашшалықты қонымды өкенін өлшеп, сынап танудын үстіне жазба әдебиет шығармаларының халықтың қасиеттерін де анықтап, өзіне керектерін сын елегінен өткізіп алады.

Коммунистік тәрбие, жаңа салт-сана, мәдениет революциясы халық ақындарының творчествосын, ақындық өнерін өсірді, қанаттандырды. Бұгінгі өмірмен біте қайнастырды. Совет мәдениеті халық әдебиетін, халық ақындарының шығармасын мейлінше дамытады, мазмұнын терендегіп, формасын бұрынғыдан әлдеқайда ажарландырып, құлпыртып жіберді. Совет дәуірінде халық ақындарына жазба әдебиет үлкен әсер етіп отырды, халық ақындарына сана-сезімінің, ақындық өнерінің өсуіне үнемі үлгі, жетер нысанға болып отыратын жазба әдебиет екені даусызы. Жазба ақындардың бай халық творчествосын көркемдік тіл, сюжет мотиви жағынан үнемі пайдаланып отыратыны сыйқты, қазіргі халық ақындары жазба әдебиеттен үнемі оқып үйренеді. Эрі айырмашылығы, әрі жақындығы бар поэзиядағы диалектикалық бұл даму процесі — жазба әдебиет пен халық әдебиеті арасындағы ғасырлар бойы бұрын болып келген қайшылықтың ажырай бастағандығын көрсетеді.

Сөйтіп біз ақын болу, ақындық туралы халық ақындарының төрт жүйелі ұғымдарын талдап өттік. Ақындық түсінде келіп қонады, киелі нәрсе деген нанымдар бір жағынан ақындардың санасындағы ескіліктің қалдығы болса, екінші жағынан — олардың ақын боламын деп құмарланып, қыналашып өткізген өңіндегі әрекеттерінің түстегі елесі болып табылады. Батамен ақын болу деген ақындардың өзін өзі жүрт көзінде атағын жариялауға, оның шын мазмұнына жас ақынның карт ақыннан үйренип, үлгі алуы жатады, шәкірттің үстаз алдында оқып синнан өту сыйқты, ақындық өнерді менгерудің бір жолы.

Ақындық таланттың оянып жарыққа шығуына адамның бар өмірінде ұмытылмай есте қалатын ересен оқыйға да себел болуы ықтыймал. Өлім, апат, ыза, намыс, немесе, тамаша ересен қуаныш, шаттық оқыйғалар, қол жегпес махаббаттың үміті талант иесінің басынан көшетін

болса сөз жоқ оның ашынған, немесе, өте шаттанған жаңын, сезімін қозғайды, ол барлық жан дүниесін сапырылыштырған ерекше уақыйға туралы өзінің сезімін өлеңжырмен ыртқа шығаруға тырысады.

Сәттіғұл Жанғабайлов, Сапарғали Элімбетов акындар — жас кезінде жетімдік, жалғыздық, жалшылық корлықты көп көру — көңілге шер байлады, көкіректегі шер ең алғашқы акындықты сыртқа шығарғандай болды дейді. Омар Шипин — 1916 жылғы қанды қырғын көтерліс, жан ашыр адамдардың соғыста оқقا ұшып өлуі, сол қанды қундегі ыза-кек ең алғаш өлең жыр болып сыртқа шықты дейді. Кенен акын,— нағыз акындығым екі оқыйғаға байланысты шындал жарыққа шықты. Бірі қойшы кезімде көк шолаққа мініп тойға бара жатқанда намысъма тиіп, қыздардың мазақ қылғаны, екінші өзім жолаушы кетіп, қайтып келгенімде Базар, Назар деген екі балам бірдей қайтыс болуы. Ең алғашқы жақсы өлең-әнім осы екі оқыйғаның ыза, күйігінен туды дейді.

Бірқатар акындар алғашқы акындығым — қыздардың қайрап салған айтысина, намысқа тиер сөзінө, махабbat оқыйғасына байланысты туғандығын айтады. Бұлар да акындық таланттың жалт етпе бір ұшқыны болса да, қоғамдық факторлардың бір белгілері саналады. Онан сон талант оянып, акындық орта жасалуына қосымша көп себептердің бірі — қолайлы географиялық орта. Әдемі таулы, өзенді, дария теңізді жерлер акындық көркемдік сезімнің ерте оянып, қалыптасуына эсер ететіні сөзсіз. Қекшетау, Баян, Шыңғыс, Қарқаралы, Қаратай, Алатау, Жайық, Сырдария, Қаспий, Аral бойлары — акындық жыр, ән-гүйге таусылmas тақырып, азыз, мотив беріп келе жатқаны тегін емес.

Үйрену, үлгі алу, творчестволық жолда қажырлы еңбек сіңіру акындық талантты қалыптастыру, жетілдірудің шешуші бір факторы дедік. Сол үйрену, үлгі алу, өсідің белгілі бір мөшері, кезеңі, сатылары бар. Оның өзін біздіңше төрт дәуірге бөлуге болар еді: I. әуестену, еліктеу, құмарлану — бұл акынның жастық шағына жатады; II. акындық өнерді үйрену, сынға түсу — бұл акынның алғашқы өзіндік творчестволық бетін ашу дәуірі; III. ашық айтысқа түсу, әр алуан тақырыптарға өлең-жырларды шығарып айту — бұл акынның қалыптасу дәуірі; IV. тарихи кезеңнің, өз заманының күрделі оқыйғаларын, даңқты адамдарын желілі жыр (дастан) дәрежесіне көтеріп ту-

йінде жырлау — бұл ақынның кемеліне келу, творчестволық гүлдену дәуірі.

Революциядан бұрын қазақтың халық ақындары әуестену, творчестволық бетін ашу, қалыптасу кезеңдерін өткізгенімен, кемеліне келу, гүлдену дәуіріне жете алмады, көбіне еліктеу, не ақындық шымылдығын сыпту қезеңімен талантын түншықтырып, жоғалтып отырды, солардың ішінен ерекше бір таланттылары ғана қалыптасу дәуіріне әзер жетіп отырды.

Халық ақындары совет дәуірінде ғана шын мәнінде талантын дамытып, гүлдену, кемеліне келу дәуірін басынан кешірді. Оны Жамбыл бастаған бүгінгі халық ақындарының творчестволық өмірі толық дәлелдейді. Жамбылдың революцияға дейін айтқан өлең, айтыстары мен совет дәуіріндегі шығармаларын салыстыратын болсақ айырмасы жер мен көктей екенін білу қыйын емес. Революциядан бұрын Жамбыл, Нұрпейістер мықтағанда өзінің руынан шыққан халық батырын көтеріп жырлай алды, ал совет дәуірінде сана-сезімі, ақындық таланты өскен ақын совет отанының дүние жүзін танғалдырған даңқын, ерлігін, адам баласының тарихында тенденсі жоқ ұлы көсеміміз Ленинді озат ақындық өнермен, ерекше өткір шабытпен жырлады. Бұрынғы жырларын ең мықтағанда Жетісу елі ғана ауызша тыңдайтын болса, совет дәуіріндегі шығармаларын бүкіл совет халқы, орыс тілі арқылы дүние жүзі оқып тындаады. Ақынның кемеліне келіп, гүлдену дәуірі деп осыны айтамыз.

II таралу

ЕРЛІК ЖЫРЛАРЫ ШЫНДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Ақындық жолдағы алғашқы адымдар

Жамбылдың ақындық жолдағы адымдарын, асуларын айту үшін оның ескен, үлгі алған ақындық ортасын, ақындық, реалистік дәстүрлерді анықтап айта кетпей болмайды.

Әдетте ақын өмірден үйреніп творчествосын дамытты дейміз. Бұл мәселенің бір-ақ жағы, ақындық талантты жетілдіретін қоғамдық жағдаймен қатар жастайынан қызықты үлгі алып ақындық жолда қалыптасатын жақсы әдебиеттік орта, дәстүр керек екені туралы өткен тарауда айттық. Жамбылдың ақындық ерісінде Сүйімбай сыйқты ондаған ақындардың жақсы ақындық өнер дәстүрі болды. Сол ақындық дәстүрден Жамбыл қалай үйренді және оның алғашқы кездегі творчествосы қалай дамыды? Міне осыған тоқтала кетелік.

Сүйімбай Арон баласы (1825—1895) XIX ғасырдағы ең ірі ақынның бірі, сол замандағы Жетісу ақындарының көбі осы Сүйімбай айналасына топталған. Сүйімбайдың өз әкесі жай момын шаруа болыпты, ал бабасы Құсеп Өтеген батырды жырлаған ақын екен. Сүйімбайға дейін Жетісуда белгілі ақын Тұбек пен Қабан. Сүйімбай ең алғаш Тезек төреге келіп, Тубекті жеңген кезінде Тезек,— «әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген, бабам Абылай тұсында Бұхар жырау, атам Әділ тұсында Тұбек, менің заманымда сенсің¹ дегені бар.

¹ Сүйімбай ақын. Алматы, 1935 ж. 72-бет. Кейбір деректерде Тұбек орнына Қабан ақын айтылады. С. Мұқанов, Қ. Бекхожин. Әдебиет хрестоматиясы, Алматы, 1939 ж. 152-бет.

Түбек Жетісудағы XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың басында жасаған ақынның бірі. Түбектің өз дәүірінің шындығын айтарлық шығармасы аз сакталған, тек кейбір ақынмен айтысы және Тезек төренің зорлық-зомбылық туралы бірер өлеңі ғана бар. Сүйімбай өзінің бабасы Құсептің сөздерімен қатар, Түбек жырларын, тарихи ақыздарды, күйлерді жас күнінен көбірек жаттаған. Тезекпен, Майлышожамен, Қантарбаймен, қырғыз Қатағанмен айтыстарында Сүйімбай сөздегі тапқырлық, сықақшыл улы ащы тілмен қатар қазак, қырғыздың тарихынан мағлұматы мол екендігі, ол мағлұматтар тарихи жырлардың уақыйғаларына қабысып жататындығы байқалады.

Сүйімбай Тезек төремен әр мезгіл кездесіп, айтысып жүрген. Тезек жоғарғы өзінің айтуында, Сүйімбайды өз қолына қондырып, өз дегенінше жырлатпақ болса да, турашыл, сыншыл ақын Тезектің ол ырқына көне бермен-ген, Тезекті мактау орнына оның халықта істеген зорлығын, қыянатын бетіне тұра, батыл айтып отырған.

Тезек Әділов, Жетісуды алғаш Россия қол астына қарастуға басшы болған сұлтан, Шоқанның қайын атасы. Сол кездегі Жетісуды билеуші патша әкімдері «Ұлы жұздегі сұлтандардың ішінде Тезек ең алғыр, саясатқа жетік, іскер, елге беделін жүргізе білетін сұлтан» деп мақтайды.¹ Тезек Ұлы жұз бен Орта жұз арасының, қазақ пен қырғыз арасының қыйын дау істерін бітіруге де араласып отырған. Ел ақындарының айтуына қарағанда Тезектің өзі ақын болыпты-мыс. Алғаш Сүйімбай үйіне барғанда аттандырған екі ұрысы мал ала алмай жараланып кайтып келгендігіне Тезек ыза болып, екі ұрысын өлеңмен жерлеп отырған үстінен шығыпты.

Тезек:

«Абылай арғы затым, атым Тезек.
Жан барма өлмейтүғын темір өзек,
Біріңің басың жарық, қолың сынық
Ұялмай не деп келдің, екі кезеп...
Мен ізден колға түссең бармас па едім,
Қабарды тәңіреккә салмас па едім.
Қолына қандай ханның түссең дағы
Кезептер, мен күткарып алмас па едім²

¹ Ист. архив КССР. 70, л. 25—26.

² Сүйімбай (өлеңдері). 1935 ж. 68-бет.

деп жырлап отырғанда Сүйімбай баса-көктеп кіріп келеді.

Тезек — үйіме сұраусыз кірген адамды қол-аяғын байлап зынданға салындар. Абылайша жазаландар деп бүйрек береді. Сонда Сүйімбай:

«Ассалаумагаләйкум, Тезек төре
Елден жылқы қоймаган, кезең төре.
Кесіп алсаң бас міне, батыр Тезек —
Өлмейтүғын адам жоқ темір өзек
Сәлемге келген жанды қыра берсөң
Үры төре, саған да келер кезек¹.

«Кедейдің жалғыз атын алдың», «атаң істемеген кәсіппен айналысыпсын, төре, қара болып жіктелгенде төрені қалың ел жүн ғып тұтіп жіберер» деп Тезекті сөзben қатты жерлеп, қайтып сөз айта алмастай етіп женеді.

Тезек патша үкіметі алдында сенімді болып, полковник чинін алдып, ел ішінде феодалдық үстемдігін шексіз жүргізген. Сондықтанда Шоқан 1864 жылы сұлтандардың халыққа қысымы ауыр екендігін Тезек төренің аузынан жазған² Тезектің, өзінің ыңғайына бейімделмей қырын жүрген рулардың барыншамен малын алдырып, тендік бермегенін Жетісу әкімдері де жасырмайды. 1851 жылдары Тезек Дулаттан алдырған бірталай малды Жетісу әкімдерінің бүйірып айтуымен әзер қайырған³ Міне Сүйімбай сындары осындай тарихи шындықтың сәулесі екенинде дау жоқ. Ақын тағы бір келгенінде баласы өлген Тезек ашулы екен, оған қөніл айтқалы келген адамның басын аламын деп жатқан үстінен шығып Сүйімбай тағы да корықпай өлеңмен, балаң түгіл өзің де өлерсін, Ұлы жүзге әмірің жүрген төресін, шамаң келсе құдайға бермей баланды алып қалсаң болмай ма деп жанына тие сөз айттып қанаарын қайтарыпты.

Сүйімбайдың Тезек алдында мұндаилық батыл сөз айтуына бір себеп — оның сүйенері, бел қылары Сұраншы батыр. Ол кезде Сұраншының беделі Жетісу елінде де, орыс үкіметінің алдында да Тезектен кем болмаған. Сүйімбай ақындығының бір ерекшелігі осындай турашылдығы, алмастай тіліп түсетін өткір тілдігі; үстем билеуші қауым алдында еңбекші бұқараның тілегіне бейім идеяны

¹ Сонда, 69—70-бет.

² Ч. Ч. Валиханов. Статьи и переписки. А-Ата, 1947 г. стр. 135—136.

³ Ист. архив КазССР. 10, л. 6—7.

жырлайтындығы. Сүйімбай өз заманындағы көп ақындармен (Майлышожа, Қантарбай, Тезек, Қатаған тағы басқалармен) айтысқанда да оның сөздегі тапқырлық, шешендік ел, ру тарихын жете билетін қасиеттері көрініп отырады.

Екінші Сүйімбай ақындығындағы тағы бір ерекшелік тарихи батырларды әрі айтысқа қосып, әрі жеке дастан етіп жырлайтындығы. Ол Өтеген батырды, аргы аталары Қарасай батырды, өзімен тұстас Сұраншы, Саурық батырларды — елдін басынан өткен тарихи ерлік күрестерге байланысты жырлайды. Рас, патриархалды феодалдық ауылда өскен Сүйімбайдың әлсіз жақтары да бар. Әсіреле айтыстарында өз руын тұтас мактау, кейбір рубасы феодалдарды дәріптеу сыйқты қайшылықтан Сүйімбай да құтыла алмаған. Бірақ Сүйімбайдың негізгі творчество-лық дәстүрі ерлікті жырлау.

Сейтіп, Сүйімбай сыншыл, шешен айтыс ақыны ғана емес, тарихи батырларды жырлаушы ақын.

Жамбыл ең алғаш өзінің ақындығын осы Сүйімбайға сыйнатады:

«Жарапазанды» сұлтауратып, ол Сүйімбайдың аулына аттанды. Сүйімбайдың аулына келіп аттың үстінде, үйдің сыртында тұрып, жас ақын домбырасын алып, өлең айтып қоя берді. Қарі ақынның назарын аудару үшін Жамбыл ескі әдет жырларын айтумен қатар өзінің тың өлеңдерін, жаңа ойдың, жаңа мазмұнның сарыны бар өлеңін айтады. Ол осы өлеңді ұзақ айтады. Ақыр аяғында, үйден Сүйімбайдың әйелі шығып түсініз, үйге кірініз дейді. Атақты ақын Сүйімбай Жамбылды жылы шыраймен, жақсы сөздермен қарсы алып, оның үстіне өзінің иынындағы шапанын жабады.

— Жолың болсын, бақытың ашылсын, балам. Өз өлеңінді шығар, бірақ, оның жұрт жаттап алатын, ешкім ұмытпайтын өлең болсын, сенің өлеңің жеке адамдардың көңлін көтеріп, солардың сүйсініп отыратын өлеңі болмасын, бүкіл халықтың сүйсініп тындайтын өлеңі болсын. Қемекейің емес, жүргегің сәйлелітін болсын. Шындықты айт, әділдікті жырла, көне-тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, тың жолға, данғыл жолға түс, төңірегінде не болып жатыр, соны аңғар, соны біл. Сенің көңлін патшаның қазнасынан да байырақ болсын,¹ — дейді.

¹ С. Бегалин, Э. Тәжібаев, М. Ритман. «Жамбыл». 17—18-бет.

Жамбыл Сүйімбайдың жапқан шапанын өзіне қайырып беріп,— маған батаңызды берсөніз ең үлкен сый сол болар еді дейді.

Сүйімбай батасын береді. Жамбыл әрбір әңгімесінде Сүйімбайдың сынынан сүрінбей өтуім ең бір бақытты күнім еді, өзімді сонан былай шын ақын санап, бетімнің шымылдығы алынған келіндей, жолым да, өрісім де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастадым дейді.

Сүйімбайдың бүкіл Жетісу ақындарына, әсіресе өзінін ең жақсы талантты, келешегінен зор үміт күткен Жамбылға берген ақындық, ұстаздық жолында екі үлкен ерекшелік бар: бірі айтystа болсын, жеңіл жырларда болсын, сықақ өлеңдерде болсың, шындықты жеткізіп, өткір шешен, тапқыр тілмен тыңдаушыны құмарландырып айту. Екінші тарихи батырларды үнемі желілі жырға айналдырып жырлап айту. Сүйімбай өзі ескі батырлар жырынан гөрі, тарихи батырлар туралы жырды, яғни өзі әңгімесін естіп, шындығына нанған, сенген уақыттарда жырлауды ұнатқан.

Жас кезінде Жамбыл Жаныс ақынмен кездескенінде:

«Менің пірім Сүйімбай
Сөз сөйлемен сыйынбай».

десе, кейін ақын болған кезінде де ол Сүйімбайды аузынан тастамайды:

«Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы
Жыр түлпары Сүйімбай!

дейді. Жамбыл Сүйімбайдан өте көп үйренген.

Үйреніп үлгі алудың екі түрлі жағы бар. Бірі Сүйімбайдың сыншылдығынан, халық мұнын жактаушылығынан үлгі алу сыйқты идеялық творчестволық үйрену болса, екіншісі ақындық шеберлік, шешендік, тапқырлық жеңінен үйрену жолы. Бұл соңғы жүйедегі ақындардың бәрі бірдей халық тілегін жырлаған ақын бола бермейді, кейде өзімен қарсы айтysқа түскен — феодалдық сана-дағы ақындар да болып отырады. Жамбыл «Ақындарға арнау» деген бір толғауында (1943 жылғы):

¹ Жамбыл. Толық шығармалары, 1946 ж. 7-бет.

«Ақындар, көз салындар,
 Киуаны шалындар.
 Кику салып талаидан
 Келе жаткан сарын бар.
 Ұзын жолда біз өткен
 Өренге көп тәлім бар.
 Сүйімбай мен Қатаған
 Қара өлеңді матаған
 Атын жаттай балалар
 Әлі күнгө атаған.
 Қеншімбай мен Орынбай
 Әлең сөздің қорындан
 Қеруен көшкен жолындаи...
 Шөже менен Қалпынбай,
 Әлең жығдын жұттындаи:
 Біз солардың өрені!».

дейді. Осылардың катарында Құл, Мәйкөт, Құлыншак ақындарды атайды. Бұларды Жамбыл Сүйімбай катарындағы идеялық творчестволық үстаз тұрғысынан емес, ақындық шеберлік, айтыс өнерінің дәстүрі тұрғысынан атайды. Сондыктан жас Жамбылдың Сүйімбайдан басқа үнемі кездесіп, ақындық өнер жарыстырып айттысып, бірде аға деп сыйласап, үйреніп келген ақындары аз емес. Бұл ақындар бір шеті Жалайырдан (казіргі Талдықорған облысынан) шықкан Бактыбай ақын, Арқадан келген Шөже, Шашубай ақындар, Түркстанинан келген Мәйкөт, Майлықожа ақындар болады, Дулаттан Әмір ақын, Қырғыз-Қалмырза, Оразалы ақындар. Бұлардың ішінде Жамбылдың айтыс өнеріне жетілуіне атакты Шөже ақынның творчестволық ықпалы елеулі болғандығын атап айттымыз керек. Өткен ғасырдың 70-жылдарында Шөже Арқадан келіп, Жетісу елін, Қырғызды аралаған шағында Жамбыл сыякты талантты жас ақындардың көбі Шөженің қасына еріп жүрген.

Шөже казақ даласының көп жерін аралаған, екі көзі соқыр болса да айттысқа аса жүйрік шешен, үлкен жынындарда Шөже бірден ондаған ақынмен айттысып, түгел женип кетіп отырған.

Шөже ру айттысның ақыны, айтыс үстінде бірде рубасы феодалды өлтіре сынаса, бірде рубасы феодалды мактайды. Бірақ Шөжеде сыншылдық мотив басым. Қарсы ақындар оның көзінің соқырлығын айтып кеміте тиіссе де, сынға ұшыраған ірі феодал байлар күш көрсетіп са-

¹ Сонда, 519-бет.

баса да Шәже абыржуды білмеген, өткір, улы, ашы тілімен қарсы ақынға да, жұдырығын жұмсаған байларға да сөзден есесін жібермеген. Шәже дуанбасы, әрі Орта жүзге белгілі феодалдар Алшымбай, Құнанбайды паракор, ұры деп жер-жебіріне жетіп сыйқаттаған уақытта Шәженің сөзіне ыза болған Алшымбай тұра сала ақынға қамшы жұмсаған. Сонда да Шәже тайсалмастан таяқты жеп жатып:

Япырай, бұл немене тарсылдаған,
Қанышқ емес, төбет кой арсылдаған.
Тепкілей бер, сабай бер өлтірмессің,
Ашуынды бас бірак, қалшылдаған...
Ақ серкесі Башаның Алшымбай таз,
Жаз шілдеде ұшады ит ала қаз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің
Қасиетің бар болса басынды жаз»¹

деп онан сайын Алшымбайды сөзben буып қылқындыра түседі. Алшымбай мен Құнанбайдын Шәжеге қарсы сайлап салған ақыны Балта — сен соқырсың деп тиіскенде, бұған да Шәже бөгелмей, халыққа соқыр тыйышсыз болса әуелі соқыр Құнанбайдан күтыл² деп Балтаны да токтатып кетеді. Шәже Жетісуды, қырғыз елін аралаған кезде көптеген елең, жыр, толғаулар айтқан. Жетісуды, қырғызды аралғанда айтқандарынан сакталғаны кейбір рубасы батырларға арналған толғау, өлендері. Бұл елен, толғауларында Шәже танысу, сәлемдесу, мақтау сөзді айтып қоймай, Жетісу мен қырғыз елінің тарихынан көп жайларды таратып жырлайды. Сонымен катар Жетісу мен қырғыздың батыр, бек аталған адамдарын сынап та отырады. Ақын бірде:

«Ай қасында туады Шолпан жұлдыз,
Айдын көлде тұнде ойнар камшат күндиз.
Сылтайды деп Арқадан келіп едім,
Ренжіп кайтар болды соқыр қырғыз»

деп Дәуkenің сараңдығын айтса, бірде:

«Домбыра шықкан тыңқылдан
Семсер сұзы бұлқыннан!
Жарқұшактың баласы,

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 т. 248-бет.

² Қазақ әдебиетінің нұсқаулары, Қызылорда, 1931 ж. 139-бет.

Айдар айдай жұлқынған
Бірінші бабаң айтайын.
Төрт Дулаттың баласы
Әуелі баста сыйкымнан.
Өтіп кеткен өмірге
Қол бұлғасан келмейді.
Өткен іске өкінбе
Жарым әне өнбейді...»¹

деп ел тарихын толғайды. Қырғыз Бәйтік дегенді біресе күннен туған тексіз деп кемітсе, біресе,

«Ақырып топта жұлқынған
Жайдын аткан тасында,—
Ерекісен дүшпанның
Енсесін үздін жасылдай.
Келбетті келген сұнкарсың
Болатты кескен асылдай
Арқадан келген Шөженің —
Айтар сөзі осындай...»²

деп көтере мақтайды. Шөженің мұндай толғау, өлеңдері мағна, көркемдік күші жақтарынан өткір, дәл айтылады. Мақтаса жеткізіп, сынаса елтіре масқаралап жырлау Шөже ақындығының негізгі бір қасиеті.

Айтыстарда бөгелмейтін тұтқыйылдан сөз тапқыш алғыр шешен, шындықты тайсалмай айтатын өткір тілді сыншыл, ел, рулар жайын, ел аузындағы өлең-жыр қазнасын мол білетін Шөженің Жетісуға, қырғыз елін аралауы Жамбылдың ақындық ортасына көп жаңа сөз өнерін, ақындық үлгіні қалдырған.

Жігіт кезінде өлеңмен қағысан Мәйкөт, Бактыбай, Айкүміс, сыйқты ақындар — бәрі Жамбылдың ақындық айналасы, ақындық жолдағы өрісі болады. Мұндай жүйрік ақындардан үйренгенін Жамбыл жасырмайды:

«Сіз бе еді ақын аға Мәйкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен кайта өтпеген,
Сакылдап сарайыннан өлең шыкса,
Именің өзге ақындар бәйпектеген...»³

деп алғаш көрген Мәйкөтті құрметпен қарсы алады. Бактыбаймен кездескенінде де өзінің Майлықожа, Құлыншақ сыйқты «сөзі асыл» «айтқандары нұсқа» ақындар қатары-

¹ Сонда, 121-бет.

² Сонда, 127-бет.

³ Жамбыл. Т. Ш. 49-бет.

нан орын алып, үлгі өнеге көргенін, жастайынан өлең төріп асыл сөздің жолын қуғанын айтады¹

Ақындық жолға түсіп, төселудің асулары тек үлкен аға ақындардан тыңдал үйренуде ғана емес, үйрене отырып, өнер салыстыру, ақындықтың ең қыйын асуы. Бұл қыйын асуда ақын өзінің өнерін екі түрлі творчестволық қызыметпен көрсетеді. Бірі — түрлі тақырыпқа сын, сықақ, әзіл, көңіл үйі, жастық сарыны тақырыптарына арналған шағын өлеңдерін шығарып айту. Бұл ретінде Жамбыл «Сарыбайға», «Жаныс ақынға», «Жылқышы», «Кемшат қызы», «Кедей күйі», «Шәбденге», «Куғын», «Сырттанға», тағы сондай шағын өлең, жырларын шығарып айтып, өзінің ақындығына жүртіштылықтың назарын аудара бастайды.

Екінші — женіл айтыстарға қатнасып, онда өзінің бірер ауыз қағысу, не сәлемдесу, не әзілдесу түріндегі өлеңдерімен ақындық өнерін шағын топтың ішінде, немесе ірі ақындар алдында сынға салады, бұл ретінде — Жамбылдың Айқыміспен айтысын, Бактыбаймен кездесуін, Бөлектің қызымен қағысуын, Сары ақынмен қағысуын атауға болады. Бұлар ақынның шындал араласқан нағыз қалың топ ішіндегі айтысы емес, ақындығының алғашқы дәүіріндегі өзін үлкен ақындық жолға дайындау, ақындық өнерін жетілдіру, төседіру, өткірлеу сияқты өрлеудің басқыштары еді.

Ұсак лирикалық өлеңдерінде Жамбыл, әлі өзінің ақындық бетін толық аша алмайды, тақырып жағынан алғанда бірде жалпы әлеуметтік манызы бар өмір шындығын айтуға жақын келсе, («Кедей күйі», «Жылқышы») бірде сол заманың салт ақындары сияқты мактау, қошеметтеу, әзіл айту, жастық сырды білдіру түрінде жырлайды және бірқатар өлеңі ақынның жеке өмірінің белгілі бір оқыйғасына байланысты болып отырады.

Жамбыл «Кемшат қызы» деген өлеңінде көңліне алған сұлу қыздың жылы шырайымен сейлесе алмағанына өкінгендей сезім күйін білдіреді.

«Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінгей.
Сыр мінезің бар екен
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа қамзол киініп,

¹ Жамбыл Т. Ш. 43—44-бет.

Қас-қабағың керілген.
Жұбайыңды естідім
Таңдал тапқан еліңнен.
Салғаныңды көрермін
Соған барып серуен
Сөйлесермін оралып
Сонда Қемшат сенімен¹

Сөйтіп, бір алуан өлеңі осындай салт ақындарынша бір жағы қалжың, бір жағы ішкі жылы сезімді білдіру ретінде айтылады. Алайда, Жамбылдың алғашқы кездегі өлең-жырларында халық мұны, ел тілегі айқын жырланады. «Жылқышы» деген өлеңінде күні-түні сардалада жылқы бағып, ауыр бейнетпен өмір өткізетін жылқышылардың тіршілігін айқын елестетеді.

«Сары түнде сарылып кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сақарада салақтап күндіз-түні.
Бұралқы ит пен малшының сыйқы бірдей..»²

деп малшының ауыр түрмисын айнаңтай дәл суреттейді.
«Кедей күйі» деп аталатын өлеңінде қоғамдық халықтық ид я терендей туседі.

... Қалқабайдай қайран жас
Бекеттен наң коймайды,
Жалаңаяқ, жалаңбас.
Оған ауыз жарымас,
Қысы-жаты карны аш.
Қайтып жаңың ашымас,
Неткен заман катыбас,
Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас³

деп Қалқабай сыйқты канша жұмыс істесе де асқа жарымаған, аш сорлы кедейдің ауыр түрмисына ақын аяушылық сезімін білдіреді. Ал Жетісудың атақты бай билері Сәт пен Мәнке туралы айтқан ақынның өлеңдері өткір сатира.

Сәт Ұзын Қарғалы еліне екінші рет болыс саїланғалы елде топ жынап ығыр қылған кезде Жамбыл мына өлеңді айтыпты:

¹ Жамбыл. Т. Ш. 11-бет.

² Сонда.

³ Сонда, 9-бет.

«Қыста қырсыз жұт болдын,
Елге жүгінді үйе бер.
Шығыныңмен шаршаттың
Енді қайтып күй өнер...
Көргеніміз сол болса
Неміз қалды сүйенер»¹

Топ ішінде жарып айтылған бұл сөзден Сәт қысылып сайлауда тағы женеліп қалу қаупін сезіп, Жамбылға жалынып татулық тілепті.

Мәңкенің болыс кезінде елге істеген қыянаты, парасынан шектеп асып, үстінен арыз беруге ешкім бата алмайды. Үездегі ұлықтардың бәрін Мәңке парамен өзіне жақ қылып алғанын шынара күңкілмен әркім айтып жүргендеге, Жамбыл да атын ұрлаған ұрының үстінен арыз беріп Мәңкеге келіпті. Мәңкесе параны берген ұрыны жақтап кеткенде ыза болған Жамбыл:

«Жанғойлық болыс пысық келеді.
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан етеп жерінде
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзартса келеді
Өңешін қызартса келеді.
Өнімі азырақ жерде
Үстіне тұз арта келеді»²

деген өленді айтып Мәңке болысты жұрт көзінше масқаралап кетеді. Жамбыл ел аралап жүріп Қастектегі Нартай байдың өз жалшысын текпілеп ұрып жатқан үстінен шығып, оны да масқаралап өлең шығарып жұртқа жаяды. Кейін Нартай, «өлеңінді жыйнап ал» деп Жамбылға жалынып жүреді.

Сүйімбай, онан қала берді Шөже сыйкты турашыл ақындардың дәстүрін көрген Жамбыл әр мезгілде үстем тап—бай, болыстардың жағымпаз қылқтарын жалтактамай бетіне ашық айтып, өлтіре сынап отырған. Жалшысын сабаған байдың каталдығы, қатынын сабаған ожардың қылқаралықтары, мен-менсіп, жұртты корламақ болған дарақы байлардың озбұрлық мінездері — бәрі Жамбылдың өткіс сынына, сайкы-мазағына душар болып отырады.

Кatal, дарақы мактаншақ бай Қәдіrbаймен кездескені туралы Жамбыл былай дейді.

¹ Сонда, 20-бет.

² Сонда, 24-бет.

«Малымен, даңқойлығымен даңқы шыққан Кәдіrbай бай бір рет үлкен ас берді. Байдың малын күзететін бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жыраулар мен домбырашыларды жыйнады. Кәдіrbай: «Кімде-кім менің итімді жоктап өлең айтса, менің дәулетімді мактаса, үлкен сыйлық алады» деді. Байдың есігінде жүрген жалған жыршылар терілеріне сыймай, оның дәулетін дәріптеїді. Олар басылған кезде домбыраны қағып жіберіп, жыршыларға қарап өленге бастым; рушыл жыршыларды да, обыр Кәдіrbайды да бет жүзіне қарамай түйредім:

«Ей, жыршылар, жыршылар
Жыр айттар ма осылай,
Сөздеріңін дәмі жок
Күйлеріңнің сәні жок.
Пайдасыз жұртқа, құр айқай,
Мактанданға сабылып
Үятсыз, арсыз сараң бай.
Бастарынды көтерші,
Тіленіп сұрап, жыланбай...
Итің жаман демеймін
Күзетіп жүр малынды,
Көпшілікті бүлдіріп
Үрлап алғандарынды.
Айтсам сезім нанымды
Өлең оттай жалынды
Сенен жұртқа ит жақсы
Күзеткен котан, ауылды»¹

Мұның бәрі Жамбылдың турашылдығын, сыншылдығын, ақындық жолдағы алғашқы адымды көрсетеді. Алайда Жамбылдың алғашқы дәуірдегі поэзиясында қай тақырып, қандай мотив басым деген сұрау туады.

Жамбыл көп жасап, көп жырлаған ақын. Өлең-жырларын жанр форма жағынан, тақырып жағынан алып қарағанда зерттеушінің алдынан әр алуан әдебиеттік мәселелер келіп шығады. Оның лирикалы өлеңдері, сатиралық жырлары, айтыстары, дастандары — бәрі де өз алдына кең зерттеуді тілейтін мәселелер екенінде дау жок. Алайда, ақынның шығармасын тақырып, идеялық мотив түрғысынан тұтас алып қарағанда—негізгі бір идеяның үнемі басым келіп отыратындығын айыру қыйын емес Ол халықтың ерлік салтын, елдің отаншылдық сезімін жырлау.

Жамбылдың өз дәуірінің шындығын кең қамтып жыр-

¹ Сонда, 665—666-бет.

лаған ақын болуы тек совет дәүірінде ғана. Рас, өмір шындығын жырлауда Жамбыл XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында өзі тұстас ақындардың бірталайынан озық болды, еңбекші халық тілегіне жақын идеяларды жырлауға тырысты. Ол үнемі өмір шындығын іздеп, терендей жырлауға талпынды. «Кедей күйі», «Жылқышы», «Патша әмірі», «Зілді бүйрық» сыйқты бірқатар өлеңдерінде ақын қазақ кедейінің жалшылық, жоқшылық өмірдегі аянышты халін, қанаушы тап байлардың патша әкімдерінің еңбекші халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығын, қысымын недәуір айқын сыйпаттайты. Жазы-қысы байдың есігінде қызмет істеген Қалқабай сыйқты кедей кисе киімге, ішсе тамаққа жарымайды, астына мінерлік аты жоқ, жаяу қаңғырып аш-жалаңаш жүргені. Осыны көріп суреттеген ақын:

«Неткен заман катыбас»

— деп заманына қатты наразылық білдіреді.

Жамбыл шығармаларындағы бұл сыншылық сарын, оның бай, билерге арнаған өлеңдерінде де айқын көрініп отырады. Біркелкі шағын сықақ (сатира) ретінде айтқан өлеңдерінде Жамбыл болыстың екіжүзділігін, паракорлығын, ұлық алдындағы жағымпаздығын, халыққа қатал зорлықшылдығын сынайды. Бұл шындық сарын Жамбылдың айтыс өлеңдерінде де, 1905—1916 жылдар арасындағы бірқатар толғау жырында да ашық байқалады. Таптық идеяны, қазақ кедейлерінің қоғамдық өмірін Жамбыл өзінің Досмағамбетпен айтысканда терендей жырлайды.

Сүйімбайдың көп ақынға қарағанда тұрашыл, шыншыл болғаны рас. Бірак, феодалдық ауылда өскен Сүйімбайдың ру мен ру арасының шиеленіскең тартысы жағдайында тұрашылдығынан тайып кеткен жері де бар. Ең алғаш Тезектің ордасына барғанда Сүйімбай Тезекті «ұрысын, кезепсін, жарлының жалғыз атын ұрлап құрытуға айналдың» — деп жер-жебіріне жетіп сөгеді де, ал қырғыз Қатағанмен айтыстарында Сүйімбай елдін батырлығымен катар кейбір феодал байларын да мактайды. Бұл сыйқты екі жақты қайшылықты пікірден, екі жақты қыйыншылық жағдайдан революцияға дейінгі ел ақындарының бірталайы құтыла алған жоқ. Оның себебін бізге

² Жамбыл. Толық шығармалары, 15-бет.

марксизм-ленинизм ғылымы айқын түсіндіреді. Қанаушы таптар билікті қолына алып отырған қоғамдық құрылышта (феодалдық, капиталистік) қоғамдық идеологияға да үстемдігін жүргізеді, әсіресе, әдебиет, искусство адамдарының даралық, творчестволық еркін жоюға, ақшаға сатып алып, жалдамалы творчество жасауға тырысады. Халық ортасынан шыққан талантты тұншықтырып жоюдың бір түрі осындаиді.

Сыншыл ақындар шындықты айтып, халық тілегін жырлауға қашама тырысқанмен саяси экономикалық үстемдік қолында отырған тап ақынды еркіне жібермейді, өзінің таптық тілегіне қарай бұрмалап айтқызуға тырысады. Мұндай трагедиялы жағдайда нағыз турашыл деген ақындардың өзі де амалсыз екі жақтылыққа, жалтақтыққа салынады, турашыл, сыншыл ақын негізінде Әмір шындығын айқын терең жырлай отырып, екінші жағынан өзі жасаған дәуіріндегі үстем таптық идеологиялық әсерінен де құтыла алмайды, творчестволық қайшылыққа салынады. Осы екі жақтылық, аянышты халді Шернияз ақынның жырларынан айқын көруге болады. Бір жағынан Баймамбет сұлтанды өлтіре сынайды, екінші жағынан оны мактайды.

Ақынның екі жақтылығын, оның идеялық қайшылығын, қоғам әміріндегі қайшылықты жағдайға байланыстыра карау керек болады. Бұл ретте Энгельстің Бальзак туралы, Лениннің Толстой туралы жазғандарын жақсы білеміз. Сондықтан, Сүйімбайдың шәкірті Жамбылдың XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы айтыстары мен бірқатар өлең-жырлары — кейбір қайшылықты идеядан да сау емес. Жамбылдың тапшылдығы, кедейшілдігі революцияшыл күрес мағнасындағы тапшылық емес, айынның әмірден көргендерін сыншыл тұрғыдан объективті түрде жырлауға.

Жамбыл кей жырларында қырғыздың Шәбдан мана-бын «Батырым», «Кенпейіл жомартым» деп, Найманның атакты байы Сырттанды да «батырым» — деп мактай сөйлейді. Олардан олжа, сыйлық дәметеді. «Өсисет» деген жырын Сәмбет деген байдың асында айтыпты, Сәмбеттің «елге қайрымдылығын», «жомарттығын» үлгі етіп сөйлел:

Қылыш байдан тарапып,
Сөз нұскасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға

Қайырлы бол делінген.
Қылған қайыр болмаса
Не экетесін өмірден...
Жалғыз мұраң сол болар
Кол қайырың берілген»¹—

— деп дәулетті адамдарды «түзу», «кенпейілді» жолға түсірмек болады. Немесе Мәмбетбай туралы айтқан өлеінде де Жамбыл байдың менмендігін сынай отырып, бірак «қайрымды», «жомарттық» мінезін ескере кетеді.

Мұндай қайшы пікірлер Жамбылдың айтыстарында да бар. Құлманбет, Сарбас, Шашубаймен айтыстарында Жамбыл Қастек, Қарақыстак, Алматы төңірегіндегі елдін байлығын, қалада саудамен байып, көк төбелі үй салдырыған саудагерлердің салтанатын көтеріп айтады:

«Керек болса акшаны,—
Көп қапқа салып алдырыған,
Ел көшкенде қазнасын
Алпыс нарга арттырыған,
Асыл кілем жаптырыған,
Жібектен арқан тарттырыған,
Әлемді алып байлығы
Әсемдігін арттырыған...
Кім мақтамас қайрымды ер Сыпатаиды,
Дәүлетімен ораған Алатауды.
Қанша халық арапап жүрсем дағы
Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды...²

Онан әрі Мырзабек, Қашке, Қыйлыбай, Үбрайым сыйяқты Жетісудың ел билеген адамдарын көтермелеп сөйлейді. Эрине, бұдан Жамбыл байлардың тамағына сатылған жалдама байышыл ақын деген ұғым тумайды, біз Жамбылдың кей жағдайда қайшылықтан шыға алмаған-дығын айтамыз.

Жамбыл өзінің «Менің өмірім» деген дастанында: «Бір Жамбыл екі жаққа бөлінгендей болдым. Бір жағым қалың елге, бір жағым бай, манапқа бөлінді. Бірақ, жақсы сөзімді көпке арнап, аз сезім бай, манапқа арналғанда, ел не дер деп жалтақтай бердім» — дейді. Жамбылдың мұндай қайшылықтардан шыға алмауына тарихи қофамдық себептер де бар еді. Алдымен Жамбыл патриархалдық феодалдық ауылда есті, ол «У жесен руынмен» дегендей қалса Шапырашты, «Екейді», «Қарасайды», асса Ұлы жуз

¹ Т. Ш. 24-бет.

² Сонда, 64—65-бет.

Үйсін, Дулатты ұран қылған ру идеологиясының әсерімен өсті. Ауылдағы қазақ кедейлерінің аянышты халін, ауыр түрмисын, әкімдердің, болыс, билердің қыннатын көрген ақын, оларды объективтік түрде көрсетіп жырлағанымен, онда қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің таптық сырын түсінетін, таптық тартыс қажеттігін ұғынарлық саналы білім болмады, әсіресе ақын қоғамның, елдің келешегі жөнінде ойланарлық, болжарлық негізгі бір қурал — орыстың демократияшыл революцияшыл ой пікірімен мұлде таныс болмады. Сондықтан да, Жамбылды XIX ғасырдағы орыс мәдениетіне шақырған, демократиялық гуманистік идеяның жаршысы болған Абай, Алтынсариндар мен қатар қою ерсі, асыра дәрілтеу, тарихи шындықты дұрыс танымау болар еді.¹

Алайда, біз Жамбылдың революцияға дейінгі өлеңжырларын, айтыстарын тұтас алғанда, онда халықшылдық, еңбекші бұқараның тілегіне бейімділік идея басым жатқандығын, ол идея алдымен халықтың ерлік дәстүрін жырлауда көрініп отыратынын көреміз.

Жамбылдың ерлік тақырыбын жырлауға терендеп ба-руының тарихи мәні бар. Жетісу елінің Жамбыл жасаған дәүірге дейінгі тарихында халықтың қоғамдық әлеуметтік өмірінде, салт-санасында үлкен із қалдырған талай күрделі тарихи оқыйғалар болып етті: әріде гундер, қара қытайлар, селжуктердің жорық соғыстары, бәрі де араб, иран, Шыңғыстың ерсілі-қарсылы шабуылдан жорық жасап, таптап өткен жерлері — алдымен өзен суы, табиғи байлығы мол, қысы аз, жазы көп, теріскей Алатаудың бауыры Жетісу еді. Шыңғыстың таптап ойрандап өткен сұрапыл дауылышан ел біраз есін жыя берген кезде Жетісуға Алтын орда, Ақсақ темір жорықтарының бір шеті келіп жетіп жатты.

Оның үстіне Жетісу Орта Азиямен, Батыс Түркстан мен қатнасатын үлкен керуен жолының үсті болды. Талас, Шу, Іле, Қаратал, Ақсу бойлары бір кездे сауда-саттық күшейіп, шаһарлар, корғандар орнатып, егін егіп тіршілік еткен аймақ болды. Соның барлығы ұлы жорықтардың жолында жермен-жексен болып тапталып, жоғалып кетіп отырды. Онан бері қазақ хандығы құрылғаннан былай — Жетісу елі — ондағы Үйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр — бәрі де сол хандықтың қоластына қараған қазақтың негіз-

¹ М. Ритман. Жамбыл Жабаев Каз. ОГИЗ. 1946. 74, 75—76 бет.

ті руларының бірі болып, шығысындағы қытай, жонғар және Орта Азия хандарына қарсы үздіксіз соғыстарға қатнасып отырды. Арқада жұт болып қырылса, ел басына таршылық, ашаршылық келіп күйзелсе қазақ даласының көп рулы елі бір жағынан жер кәсібімен күн көретін Сырдария, Жетісу бойындағы елдің ортасына келіп панарайтын, қоныс табатын болған.

XVII—XVIII ғасырларда Жетісудың 200 жылдық тарихы аса бір мазасыз, жорық, соғыспен өткен заман болды. XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жонғар қалмақтарына қарсы ұзак жылды соғыстарының көбі Жетісу жерінде болды. Ақырында 1723 жылы жонғарлар қазақ даласына жорық жасап, алдымен Жетісуды түгел басып алды, сонан кейін Орталық, Оңтүстік Қазақстан же ріне ауыз салды, Түркстан мен Тәшкентті алды. Жетісу елінің тарихында Шыңғыс жорығынан кейінгі аса үлкен апат қалмақтарының осы шапқыншылығы еді.

Бірақ, Жетісу елі жонғар басқыншыларының құлдығынан құтылғанымен өз ішіндегі хандарының, Қытайдың, Орта Азия хандарының талаушылық әрекетінен құтыла алмады. Әр рулы ел өз руының, өз елінің тіршілігін өз батырларының қайратымен қорғау қажет болды. Міне, осындағы жағдайда тұрғанда XVIII ғасырдың ақырында Ұлы жүзді Орта Азиядағы Қоқан хандығы басып алды, аса қатал үкімін жүргізді. Бұл Жетісу еліндегі ең соңғы қара түнек ауыр заман осы болды.

Мұнан кейін 50—60-жылдарда Жетісу даласы Орта Азияға бет алған Россия әскері мен Қоқан әскерінің айқасқан соғыс алаңы да болды.

Елдің тарихында ізі сайрап жатқан, шежіре, хикая әнгіме болып таралған осынау күрделі қанды қырғын, жорық оқыйғалары, әрине алдымен елдің бұрын-соңғы өміріне көз жіберген ақынға аса қызықты болып көрінеді. Үлкен әсер етеді. Сол ұлы жорық заманының ішінен ел қыялы, халық сыны — басқыншыны қарғайды, олардың елге істеген каталдығын жириенішті етіп көрсетіп, сол қыянат көрсеткен жауға қарсы ерлікпен соғысқан халқын, елін қорғауға жанын аямаған батырларды ардақтайды. Сонау алыс тарихтан бермен қарай — халыққа хан да, бай да, би де қадірі жоқ, екі талай күнде елін жауға сатып кететін опасыз болып отырса, ал батырлар — елін жауға сатпайды, елінің бақыты, азаттығы үшін жанын отка салады, басын өлімге қыяды. Жамбылдың батырлық-

ты ардақтап жырлауға келуінің әлеуметтік мәні осындағой дейміз.

Екіншіден Жамбылдың өзінің шыққан руы Шапырашты, оның ішінде Екей, Жетісудағы ең аз да, кедей де ел. Бірақ ортасынан Сұраныш, Саурық, Қарасай, сыйқты батырлар шығып, сол батырлардың арқасында іргелі елдің соққысынан азғана рудың елдігін сақтап қалған. Үшіншіден — Жамбыл ақындық жолға берілгенде ел аузындағы ертегі дастандарды, қазактын батырлар жырын, Орта Азия халықтарының хикаяларын көп естіп, жаттады. Солардың ішінде ақынның тағы да қызығып тыңдалап, қызығып айтқаны — Рұстем дастанының, Қөрүғұлының, Қобланды, Алпамыс, Манастың таң тамаша соғыстары, ерліктері. Бәрінде де батыр ардақты, батыр зұлым жауды женуші, батыр халықтың қамқоры болып отырады. Сөйтіп Жамбыл ел тарихынан да, ақындық дүниеден де өзіне ең қызықты, жағымды болып көрінгені батырлардың ерліктерін таңдалап алды.

Тарихи оқыйға, тарихи адамдар туралы Жамбыл бірталай әңгімелерді айтады. Солардың ішінде ақынның Коқан ұstemдігіне қарсы халық күресін көрсететін бір ертегі әңгімесі — «Ханым сұлу». Ертеде Ханым сұлу атты жаннан асқан сұлу, қыз болыпты. Қыз өз теңіме барамын деп, жалғыз ағасынан үрықсат алып, ғашық болған жігіттердің ешбірін менсінбейді. Бұл хабар Коқанның ханына жетіп, Коқан ханы Баймұрза атты баласын барып қызды алып кайт деп, нөкерімен қызға жібереді. Баймұрза ханымның еліне келгенде, жұрт қызды хан баласына көрсетпей жасырады. Хан баласы қаһар қылып, елден күніне ат, шапан айып, бір қыз алып тұрады. Халық елдегі қыз таусылатын болған соң қатты қысылып, қыз біткенді ерекекше киіндіріп жасырады. Бірақ, ерекекше киінген сұлу қызды бір күндері қоқандықтар танып қалып, қызды коршап ұстайды, бір қыз қолындағы қаруымен Баймұрзаны өлтіреді де, жігіттермен тауға қашып кетеді. Коқан ханы әскермен келіп, елді қыран жапқандай қыйратып, баланы өлтірген айыпты адамды тауып бер деп қысқанда, қызды сүйген ақын жігіт Мәделі өлеңмен ханды сөзден тоқтатып, баласын өлтіргендігін өз мойнына алып, елді бәледен құтқарады. Ханым сұлу Мәделіге тиеді.

Бұл ертегі әңгімеде де ақын тарихи шындықтың негізі бар, Коқан хандарының елге істеген қыянатын, халықтың батыр қыз бер батыр ақын жігітінің зорлықшыл ханға

қарсы күресін суреттейді. Жамбылға азаттық үшін, ел нағызының үшін жан қыярлық ерлік істеген қыз бен жігіттің өмірі аса қызықты да, сүйкімді де көрінеді. Өзі көріп арасынан тарихи оқыйғалардың ішінде Жамбылдың қысқа да болса жырлағаны 1916 жылғы халықтың патша үкіметі мен болыс байларға қарсы күресі. Жамбыл «Зілді бүйірек», «Патша әмірі тарылды» дейтін өлеңдерінде ел басына түскен ауыр салмақты, патша үкіметінің халыққа көрсеткен қатал қысымын, патшамен бірге елге жау болып тиғен болыс, билердің, байлардың зұлымдығын, опасыздығын айтып, елдің қас жауына деген ыза-кегін қозғайды.

Ел басына қыйын-қыстау заман туғанда жол бастары кім болмақ? Қамалған тығырықтан, құтылар амал-айла қайсы? Азаттық күн тумақ па? деген сұраулар қояды ақын алдына. Бұған ақын өзі көрген елдің толқынынан, бет алысынан аңғарып, үш түрлі жолды айтады.

Бірі: «Ата жұрттан кету бар».
Екінші: «Жолға тігіп не жанды
Тәуекелге беку бар».
Үшінші: «Не болмаса шыбындал
Тағдырыңа көну бар.
Көнсек көндік шығындал,
Ит қорлыкта өлу бар».

(Т. Ш. 31-бет)

— деп, тәуекелге бел байлау азаттық үшін құрбан болған ерлікті ардақтайды. Бұл өлеңдерінде ақын елдің басына түскен ауыр халді, қайғы-мұнды елестете отырып, жауға аттанып соғыс салып қаза тапқан ерлікті айрықша мән беріп жырлайды.

Жамбылдың қысқа өлеңдеріндегі ерлік тақырыбы болсын, ерлердің өмірін баяндайтын шағын ертегі әңгімелері болсын бәрі де әлі құрделі дастан емес еді, ал ақын өзі көрген 1916 жылғы уақыйғаның өзі де кең тарихи көлеммен жырланбады. Олай жырланбаудың екі түрлі себебі бар сияқты. Бірі Жамбыл ерлік жырларында женісті, яки жеңісті жорық сапарын жырлауды дәстүр еткен. Ал ақын 1916 жылғы кетерілістен жеңісті жорық көре алмады, қырғын, апат көрді, ерлікпен өлгендерді көрді. Бұл жай ақынды сол кезде де, кейін де қызықтырмаған сияқты. Екінші 1916 жылдары, Жамбылдың творчестволық жол да кәрілік жеңіп, біраз қажыған, тоқыраған кезі еді, ке-

лемді желілі жырларды айтуға бара алмайды. Сөйтіп, Жамбыл ұсақ өлең жырларында, аңыз әңгімелерінде өмір шындығын іздеумен болды, бірақ ол шындықты терең, кең түйіндеп жырлап кете алмады. Ақын шындықты іздеу жолында бірсеке бұрынғы жыршылардың дәстүрімен тарихи оқыйға, адамдар туралы, аңыз, ертегіні айтуға салынды, немесе кейбір тақырыптарды жырлауда феодалдық, ру идеологиясының шенберінен аса алмады; ал бірқатар өлеңдерінде қоғамдық, қайшылықты, әлеуметтік теңсіздікті көріп, еңбекші кедей тұрмысына жаны ашу сезімін көрсете айтты. Міне мұның бәрі ақынның өмір шындығын іздеу жолындағы творчестволық тәжрибелері еді. Шындықты тап басып, дәл, кең жырлап кетпеуіне революцияға дейінгі қоғамдық өмір мүмкіндік бермеді. Алайда шындықты, әсіреке халықтың ерлігін жырлау сарны Жамбылдың айтыстарында айқын көрінеді.

Ақынның айтыстары

Қазақ әдебиетінде айтыс өнері, айтыс жанры туралытың мәселе көтеріп, жыйнақты пікір айтқан жазушы Сәбит Мұқанов.¹ Сәбит ақындардың айтысын бес жүйеге бөледі де, сол айтыстың XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихындағы орнына, маңызына, Біржан, Орынбай, Кеншімбай, Кемпіrbай, Шөже сияқты атақты айтыс ақындарына айрықша тоқталады. Бірақ, автор Жамбылдың айтыстарына онша тоқталмайды. Онан кейін профессор М. Әуезовтың еңбектерінде Жамбылдың айтыстары тек жанрлық және ақындық өнер жағынан талданып, сөз болады² Оның кейбір ерекшелігі (желілі жыр сүре айтыска айналуы) айтылады. Бірақ, профессор М. Әуезовтың сүре айтыста Жамбыл Европада болған «Фабье» үлгісін туғызып отеді» (Сонда, 22 бет) деген сияқты кейбір салыстырулары дәлелсіз, орынсыз.

Айтыс қазақ ақындарының айтқыштық, сұрыпсал-

¹ «Айтыс және ақын». «Айтыс» (айтыс өлеңдер жыйнағы). 1 т. 1942. Алматы.

² Қазақ әдебиет тарихы. I том. «Айтыс өлеңдері». Редакциясын баскарған М. Әуезов. 1948 жыл. 244—247-бет. М. Әуезов. «Жамбылдың айтыс өнері». Известия АН КазССР, серия литература. 1948 г. выпуск 6. № 55. стр. 15—24.

малық өнерінің дамыған түрі, драмалық элементі мол, басқа елдер әдебиетінде сирек кездесетін ерекше бір жанр. Айтыс қазақтың ертедегі ауыз әдебиетінде бар жанр. Оны тұрмыс салт, әдет-ғұрып өлеңдерінен байқауға болады. Жар-жар, бәдік жырларының өзі даралық ақын өнері дамыған кезде, бірнеше адамдардың қосылып айтуына лайықталып шығарылған өнер. Оның авторы жеке бір ақын емес, бірнеше авторлардың өндеуінен, редакциясынан екшеліп өтеді. Оның бержагында жар-жар, беташар, бәдік жырларында тартыс элементі көрінбейді, тағдырга мойын сұну, жалбарыну, тілек айту, жаманшылықтан беziніп, жақсылыкты құту сарыны басым келеді.

XIX ғасыр қазақ әдебиетінде айтыс өнерінің кең дамыған дәүірі болды. Мұның тарихи себебі неде? Мұны анықтап алмай Жамбыл айтыстарының, жалпы ақындар айтысның тарихи мәнін түсіну қыын.

Қазақ халқы Россияға қарағаннан кейін елдің шаруашылық тіршілігінде жаңа беталыс туды, бұрынғыдай ак найзаның ұшы, ак білектің күшімен, ру-руға қарсы жауласып көшіп жүре беру салтының орнына бейбіт шаруашылық салты — сауда, алым-беріс, белігілібір мекенге тұрақтап тіршілік ету салты орын ала бастады. Қара күш найза орнына — енді ақыл, сөз қайраты, білім, өнер қайраты керек болды. Рулардың намысын енді батыр жоқтап әпере алмайды, беделді, сөзі ұтқыр феодал билер, жүйрік шешен, өткір тілді ақындар жоқтап әперетін заман келді. Бұл қоғам, қауым, заман мақсатынан туған тілек, талаптар еді.

Екіншіден қазақтың еңбекші халқы ғасырлар бойы хандардың, феодалдардың қанауында езіліп келген еді, енді қазақ тіршілігіне капитализм кіре бастаған заманда — кос қанаудың шенгеліне ілінді. Бай қаудағерлердің, отаршыл капиталистердің қанауы, талауы күшейді. Халық тұрмысы нашарлай берді, кедейдің күн көруі қыйынға айналды. Әркім жан сактау, күн көру жолына тұсті. Феодалдық дәүірдегі күл орнына енді ақы алып жұмыс істейтін батырак, жұмыскер шықты. Жеке кәсіп, қол өнерінің адамдары да шыға бастады. Міне, осында жағдайда ақындық та профессионалдық кәсіп түріне айналады.

Әрине жалшы болу мен ақын болып күн көрудің арасында жермен көктей айырма бар. Талантты, өнерлі ақын — ақындық қызыметімен халық арасында қадырлы болады.— Ал, жалшы болса, өмірбойы байдың есігінде

жұмыс істесе де киімге, тамаққа жарымады. Талантсыз, дарынсыз ақынның тұрмысында, көбінесе, сол жалшылардың көрген күнінен айырмасы аз болады. Өлеңі мағнансыз, берекесіз болғандықтан оны жалпы халық құрметтеп, қызығып тыңдай қоймайды, ондай ақын күнін көру үшін амалсыздан, өлеңмен қайыр тілейді, әркімнің өлеңін жаттаап айтады, көрінген байды, дәүлетті адамды шамасы жеткенше мактаумен болады. Міне, бұлар сөз қадірін кетіруші, өлеңмен қайыр тілеуші деп Абай сынаған кәсіпкор ақындардың түрі. Әсіресе, өз руының байын, биін, феодалдарын көтере мақтау екі ақынның айтыс өлеңдерінде үлкен орын алады. Бұл ретінде ақындардың олжаға талаасып, өз елінің байын мактауы, жағымпаздыққа салынуы XIX ғасырдағы айтыс ақындарының басындағы үлкен аянышты хал еді.

Маркс пен Энгельстің «Буржуазия табы адамның басындағы жеке қасиетті айырбасқа, арсыз жалданушылыққа, дәрігер, ғылым адамдарын, ақындарды өзінің жалшы қызметкеріне айналдырады, капиталистік өндіріс көркем өнер, поэзия сыйкты рухани өндіріске жат»¹ деген және Лениннің «Капитализм халық талантын жаншып, тұншықтырады»² деген терен ғылымдық қағидалары революцияға дейінгі қазақ ақындарының аянышты халдерін кең, терең түсінуге мықты методологиялық құрал.

Байлар мен феодалдардың үстемдігі жүріп тұрған жағдайда талантты ақындардың шығармаларын жоғарыда аталғандай сатымшылдықка, жалдауға айналдырандықтан, сол байлар табының сойылын соғатын, көзқарасын, пікірін тарататын қолындағы идеологиялық құралына айналған — үстем тап ақындары пайда болады (Байток, Жанұзак, Құлмамбет сыйкты). Осымен катар кейір қызу айтыстар үстінде ру идеологиясының, немесе жалтақтықпен бірлі-жарым қайшылықты пікірлер айтқанмен, негізінде еңбекші бұқараның мұнын, тілегін, кезі келген жерінде ыза-кегін, батыл сынын айта білген кедейшіл ақындар да болды.

Бұл жүйедегі ақындар бай феодалдардың сый құрметіне сатылмай, калың бұқараның колдануына, кошеметтеуіне сүйенді, солар берген азды-көпті құрметті канадағат

¹ К. Маркс. Избранные произведения. В двух томах, 1940 г. стр. 141. Маркс и Энгельс об искусстве. М. 1935 г. стр. 35.

² В. И. Ленин. Собр. соч. т. XXII. стр. 125.

етті. (Сүйімбай, Шөже, Шернияз, Жамбыл сыйқты). Ақын қай таптың жырын, қандай жағдайда жырласа да өзінің өткір сөздерімен қазақ аулында қофамдық пікірді таратушы болды.

Айтыс XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақтың тарихи қофамдық, саяси өміріндегі жаңа жағдайларға, отаршылдық тәртіптің, капитализмнің және орыс мәдениетінің қазақ аулына кіре бастаған жағдайына байланысты өзгеріп отырды, айтысының мазмұнына жаңалық енеді, кейбір айтыстарда өз дәүірінің билеу тәртібін сыйнау, қофамдық мәселелерді көтеру идеясы жырланады (Әсет — Ырысжан, Ақсұлу — Кеншінбай т. б.); айтысқа жазба әдебиет өкілдері де араласа бастайды (Нұржан, Әріп), айтысты діни үгіт нәсихатты таратуға да молда-қожа ақындар құрал еткісі келді (Жұсіпбекхожа, Жарылғасын айтыстары), айтыс қандай жағдайда, қандай тақырыпқа жырланса да ақындардың таптық қофамдық мақсатымен жырланды, сонымен бірге кәсіп, күн көрудің бір формасына айналды.

Сөйтіп капитализм қазақ тіршілігіне кіре бастаған XIX ғасырда ақындық кәсіп, ақынның даралық творчестволық қызметі қофам өмірінде елеулі орын алады. Ақын бір жағынан рудың, яки белгілі бір таптың тілек мақсатын жақтаушы қофам қайраткері, екінші жағынан ақындығымен күн көруші кәсіп иесі адам болып қофам өмірінде көрінеді. Ақындық өнер сынға түседі, әр ақын өнер жарысына туғсіп, озып шығуға тырысады.

Ел мен елдің, екі ауылдың арасындағы ол кездегі бәсекенін бейбіт түрі — ақындардың екі жар болып айтысуы болатын. Ал осы айтыс ақындық өнердің дамуына, салт жырларының енді жеке ақынның саналы творчествосына айналуына кең жол ашады. Профессор С. Е. Маловтың — айтыс ақындық өнердің жарысы, ол халық шығармасының мәдениетін есірді — деген¹ бағасы өте орынды.

Екі ақын айтысканнан кейін олардың айтыс өлеңдері аяқсыз қалмайды, оны тыңдаушы ақындар, не айтуышы өздері жаттап алып, ел арасына таратады. Ақындардың айтыс өнері енді екі ақынның ортақ творчествосы ретінде жеке бір шығарма болып айтылады. XIX ғасырда белгілі айтыс дәстүрін, айтыс школасын жасаған Орынбай, Шө-

¹ С. Е. Малов. «К истории казахского языка». Известия АН СССР. Отделение лит-ры и языка. 1941 г № 3. стр. 100.

же, Кеншімбай, Тұбек, Жанак, Ақан сері, Біржан, Сара, Аксұлу, Әсет, Ырысжан, Сүйімбай, Мәйкөт, Майлығожа. Құлыншақ тағы басқа көптеген ақындар болды. Бұлардың ел аузына таралған, немесе, XIX ғасырдың орта кезінен бастап орыс, қазақ ғалымдары тұнғыш рет жазып алған қағазға түсіре бастаған әрбір айтыстарын — аяқталғаі жеке-жеке шығарма деуге керек.

Жамбыл ақындардың айтысына араласқан кездे қазақ ақындарының айтыс традициясы кен дамып, белгілі бір школға айналған еді. Осы айтыс дәстүрінен үлгі алған Жамбылдың өз айтыстарында енді бір жаңа ақындық өнер жолына үмтүлудың беті бар еді.

Жамбыл айтыстарының ішінде аяқталған шығарма — Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен айтыстары. Бұл айтыстарда көрінетін жаңа бет алыс алдымен ақынның өмір шындығын суреттеуге жақын отыруы, екіншіден жеке айтысты желілі шығарма дәрежесіне жеткізуі.

Жамбыл мен Нұрпейіс бастаған халық ақындары бас косып отырғанда екеуіне де мынадай сұрау берілді: — Жәке, сіздің Сарбаспен айтысыңыз, Нуке, сіздің Қазақбаймен айтысыңыз қазактың бұрынғы айтыстарына үқсанқырамайды, екі ақын да ұзак жырлап, бір-бір қайырып тоқтап отырады, мұның мәні қалай, дегенімізде, Жамбыл отырып: — мұны желілі айтыс дейміз. Аты айтыс болғанымен, дастан ғой деді.

Нұрпейіс отырып: — біздің елде айтыстың екі түрі болды — бірі түре айтыс, онымыз бұрыннан келе жатқан, екі ақынның алма кезек, бірін-бірі бір ауыз дегенімен қолмашылғысып, айтысу жолы.

Ал екінші: сүре айтыс¹ — бұл Жәкең айтқандай же-лілі айтыс, мұны екі ақын кезектесіп, өзінің айтайын дегенін кеңінен толғап, ел тарихынан, бүгінгі күннен ұзак жырлап кетеді. Сол ұзак жыр тыңдаушыға қалай ұнаса, сол ақын жеңіп шығады. Шынында түре айтыста ақын болмашы сөзден жаңылса, балуанның байқаусызда аяғынан шалып құлатқаны сыйкты, оп-оңай жеңіліп қала-ды. Ал, сүре айтысында ақын көсліп айтып, өзінің ақындық өнерін, білімін сарапқа салады,— деді.

Жамбыл мен Нұрпейістің бұл айтқандары өздерінің

¹ Сүре — казакта ұзын сүрен деген бар. Тұбі ұзак, алыс деген мағнадан тууы мүмкін. Екіншіден арабтың сүре — ұзак аят, бәйт дегенінен алғынуы мүмкін.

тұсында туған айтыс түрлерін айыруға анықтама сыйқты болды.

Біз әрбір айтыс аяқталған тұгас бір шығарма дедік. Бірақ ол қандай шығарма, лирикалы ма, эпикалы ма, әлде драмалы шығарма ма? Бұл мәселе осы күнге дейін әдебиетшілеріміздің арасында толық зерттеліп, анықталған емес. Рас, таза бір жанрда шығарма болмайды, эпикалы шығармада лирика араласып келеді, драмалы шығармада эпикалы сарын болуы мүмкін. Сондай-ақ кейбір лирикалы шығармалар сюжетті болып айтылады. Ал айтысты алатын болсақ онда лирикалық кезеңдер де, драмалық элементтер де бар. Сонымен бірге, ең ірі айтыстарда сюжетті эпикалы шығарманың желісі болады. Мәселен: Біржан мен Сара айтысын, Ақсұлу мен Қеншінбай, Дәме қызы мен Мансур, Шәже мен Орынбай айтыстарын аяқталған сюжетті поэмалар деуге болады. Бұл айтыстарда әуелі тойдың, жыйынның болғаны, екі ақынның қалай кездесіп айтыса бастағаны суреттеледі, онаң кейін айтысушы ақындардың жеке басындағы оқыйғалардың баяндалуы, айтыстың қызып, драмалық тартыска, ерегіске айналып барып, бір жағының женуімен оқыйға түйінінің шешілуі, айтыстың қортындысында екі ақынның бірбіріне беретін сыны-бағасы — айтыс жанрының сюжетті шығарма екенін көрсетеді.

Жамбылдың айтыстары да осындай сюжетті шығармалар түріне жатады. Құлмамбетпен айтысында жыйынды суреттеуі, екі ақынның егесі, екеуінің ел өмірінен алған фактысы, айтыс үстіндегі шиеленісуі де бар.

Ал Сарбаспен, Досмагамбетпен айтыстары жоғары аталған айтыстардан да сюжеттік мотиві кең. Бұл суре айтыс. Мұнда жеке батырлардың жорығы да, ел тарихының шежіресі де, тарихи аңыз, оқыйғалар да, қоғамдық өмірдің шындық бейнесі де, әр алуан адамдардың образы да таратылып, айқын жырланған. Сондықтан, Жамбыл айтыстарын әрі айтыс ретінде, әрі сюжетті дастан ретінде тану қажет.

Жамбыл мен Құлмамбет айтысы: Үлкен жыйында Құлмамбет тоғыз ақынды бірдей жеңіп, өзіне тен келетін ақын жоқтығын айтып, тасып отырады. Осы елде Жамбыл деген ақын бар дейді, маған шақырып келтір деп тілек білдіреді. Жамбылды Құдайберген деген той иесі шақырып алдырады. Жамбыл келгеннен кейін Құлмамбет Албан, Дулаттың байлығын, салтанатын айтып мак-

танады. Шапырашты кедей, Сұраншы, Саурық дегендерін ажалынан өлмей, жаудан өлген. Өзің кескінсіз екенсін деп сөгеді. Жамбыл оған қарсы Шапырашты елінің байлығын, Алматының салтанатын мақтай келіп, Сұраншы, Саурықтың өлімі ерлік өлім екенін, ол ерлердің жорық тарихын зор мақтан етіп жырлап, байлыққа батырлықты қарсы қояды. Шапыраштының адамдары елді жаудан корғап өлеңтін болса, сенің ағаң Максұт ағайынымен ұрысып, аяқ-асты даудан өлді, сен мақтаған байлардың көк есектей ақмак, елге тигізген түк пайдасы жок, айналасын жалмап жеумен келе жатқандар, олардың бірде-бірін Сұраншы, Саурықтың ширегіне алмаймын, мені қара құннің баласы деп кемітсөн, сен өзің қашып келген актабан ұрысың, басында бір тал қыл жок, деп кемітіп жырлайды. Жамбылдың дәлелі басым болып Құлмамбет жеңіледі.

Айтыстың қысқаша сюжеті осындай.

Сарбас пен Жамбыл айтасы: Алматы қаласында Қожам ерді деген болыстың үйінде үлкен жыйын болып, Сарбас ақын мен Жамбыл айтысады. Сарбас сөзді бұрын бастап, Дулаттың көптігін, байлығын мақтайды. Дулаттың байларын санап өтіп, елінен Намаз, Қарабай, Сыпатаі, Қерім деген ерлер, билер шығып, халқына қорған болғанын, сол ерлердің арқасында елінің іргесі бұзылмай, берекесі кетпей тұрғанын айтып мақтанады. Дулатқа қарағанда Шапырашты ат төбеліндей аз да, кедей де, бишара да ел, айтысуға шеніме де келмейсін деп Жамбылды кемітеді, нағашым Макта-Мазар әулие, анам қасиетті-Домалак, ата-тегімнің кім екенін білмей сен құр тіл тигізіп сөйлейсін — дейді. Жамбылға кезек келгенінде, үйде отырғандар, сен Сүйімбайдың інісін, білгіш болсаң Домалак, Жарықшақтан бастап, атаны таратып сөйле — дейді. Жамбыл сөзін Домалак, Жарықшақ жайлы ел аузындағы ақыз аңгімені — Ұлы жұз руларының Домалак анадан өрбігені туралы шежрені таратып айтады. Оナン кейін Жамбыл жырының екінші саласына көшеді. Шапыраштының аз екені, кедей екені де рас. Бірақ аз болса да, көп Дулатқа қорған боларлық ерлігіміз бар деп, Сұраншы, Саурық батырлардың ерлігін баяндайды. Сарбас мақтаған Сыпатаі, Тойшыбектер Дулат жаудың талауына түскенде бас сауғалап қашып кеткендігін, тіпті Тойшыбек Қоқанга болысып, өз елін бірге шабысып масқара болғанын әшкерелейді. Сұраншы, Саурықтар Шапыраштыны

да, Дулат елін де қорғаушы ерлер. Көп Дулаттан аз Шапыраштының ерлігі де, қамқорлығы да асады.

«Қәне осындай ерді айтпай
Жатқа намыс бермеген,
Құр созасын өңешті,
Байларын айтып елінің,
Колынан бок келмеген»¹

деп Сарбасты бір тоқтатады. Елімізге қорған болған ерлерді көрмеген сен ақын емессін, аузы·басы жыбырлаған үрысқақ қатындағы өсекші, өтірікші, деп Сарбасты қаты жер·жебіріне жетіп сөгіп, Жамбыл сөзін аяқтаїды. Сарбас қайтып сөз айта алмай жеңіледі.

Жамбыл мен Досмағамбет айтысы: Жамбыл Сүйімбай, Шөжеден бергі ақындық дәстүрді, өзі сол жолды қуған ақын екендігін айттып, Досмағамбетті айтысқа шақырады. Досмағамбет Жамбылға қарсы өзін таудан аққан бұлақтай сөзі мол, тұлпар аттай жүйрік ақынмын, байлығым, салтанатым сенің аймағынды он орап алады, Қалдай, Маман, Желібайдай байларым бар, маған тең келер жерің жоқ, елің де, өзің де қу кедей, киер киім, ішер асқа жарымай, өлеңмен қайыр тілеп, күн көріп жүрген қойдың кәрі азбаныңдай ақынсын,— деп соқтырады. Жамбыл оған қарсы жауап береді, өлеңім асау теңіздей, нажағайдай оқ болып атылатын сөзім бар ақынмын, апшынды қуырып, алды·артынды орап алайын, еліңнің малын, малмен бірдей ақмақ адамдарын санап айга бересің, елді қорғаған батырың қайда? Еліме шапқаң жауға қара түнек орнатып, қару·жарагын асынып, Ала-таудай айбатын асырған Қарасайдай ерлерің жоқ, неңмен мақтанастың? Бетіне құранды ұстап, құдайдың атымен жүртты алдаған жүрген сен сыйкты өтірікші қудың құлін үшірып, жоқ қылу маған оп·оңай. «Сен күйкентай, мен түйғын. Мен қорғасын сақамын, сен кенеңсін, баймын деп мақтанағаның өтірік, бай болып тасып отырсаң қысы·жазы Іледен неге балық ауладың, балық сорпасы мен шіріген сүйекке қарнынды қампыйтқанынды да байлық дейсін бе? Өзіңе бір тыйындық пайдасы жоқ, тайын мінуге бермейтін байды несіне мактадың, сенің молдалығың да байға сатулы,— деп айқасады. Досмағамбет Жамбылға

¹ Жамбыл. Т. Ш.

жауап беріп молдаға, құдай сөзі құранға тіл тигіздің, әзептің жолына түстің, құпірсің дейді. Меркіден бергі елінің бәрі қу кедей, қыздарыңда сұлу кескін жоқ. Тақыр кедей болғасын қызды сатумен кәсіп етесіндер. Даладан бұта әкеліп сатып, қайыршылықпен жүресің. Өткендеңі өліп қалған адамдарыңды батырым еді деп мақтайды. Елінің ұлықтары күнде салық салып, жұртыңды шулатып отырған жоқ па? Оразалы дегенің өз қарындасын өзі алып, бүкіл Дулатты масқара етті. Осы да жетер, саған,—деп тоқтайды. Жамбыл жауап беріп: — Жай ел адамын былай қояйық, мекеге барып, хажы болып келген Қожахан неге арак ішіп, мас болып, еліне бұлік салады, пара алады, зорлық істейді. Саудагерің, молдан, қажың, ұлығың, ханың, бегің, байың — бәрі қосылып елінді жаудай талап жеп жатыр, жыламаған момын қалды ма? Соларға арашаши болған еліңде бір қамқор, ер адам жоқ, бәрі де «Алдыярлап» бай мен бектің табанын жалап жүргені. Ақын болсан байды, бекті мақтамай елінді, қамқор ерінді мақтап айтсаныш. Мен елдігімді, ерлігімді айтып мақтанамын, кешегі Қарасайлар өлсе, елдің ендігі бақытына Қарасайдай батыр үл туды, елдің ерлігі өлмейді, деп бітіреді.

Бұл айтыстың әрқайсының қысқаша сюжеттері осындаидай. Бұл үш айтысты сюжет, композиция, идеялық мотив жағынан алғанда, бірімен-бірінің үқастығы да, айырмашылығы да бар. Үқастығы, екі ақынның идеялық нысанасында Жамбыл үш айтыста да тарихи, қоғамдық шындықтың сырын ашып жырлауға тырысады, қазақ аұттындағы таптық қайшылықты көрсетіп, қанаушы байлардың, болыстардың істерін, әрекетін сынау позициясында отырып, оған қарсы батырларды ардақтап жырлайды. Ал Жамбылға қарсы ақындар, елінің байларын, билерін мақтаумен болады.

Сөйтіп традициялы айтыстан тарихи ерлікті, қоғамдық шындықты түйіндең жырлайтын жаңа айтыс түрлерін тузырады. Егер Құлмамбетпен айтысында Жамбыл батырлықты Шапыраштың ру мақтаны тұрғысында ғана түсініп жырласа, кейінгі айтыстарында ру шенберінен шығады, ол батырлар жалғыз Шапыраштың ғана қорғаны емес, Албан, Суан, Дулат елінің тұтас қамкорлары, асса қазақ халқының елдігін қорғаушылар мағнасында түсініп жырлайды.

Сүйімбай, айтысканда ұраным «Қарасай», елімнен Са-

урық, Сұраншы батыр шыққан деп мактан етсе, Жамбыл да осы салтты мықты үстайды. Құлмамбеттің өз елінің байларын мактап, шындықты айта алмағанын қатты сыйнай келіп:

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Карымбайдай сараңдар толып жатыр.
Оны мактап әуре бодмай жөніне қайт...»

(Т. Ш. 63-б.)

Байларым деп салмактап
Не қыласын құр мактап
Өңкей ақмақ есекті,
Елдің сыйқын кетірген,
Қәсіп қып өтірік, есекті.
Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман
Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам—

(Т. Ш. 67-б.)

деп өзінің ақындығын да, Құлмамбетке де жана бір, дұрыс жол сілтегендей, шындықты жырлауға, берекелі, бірлігі күшті елдікті, елін қорғаушы қамкор батырды жырлауға шақырады. Бұл Жамбыл творчествосында тарихи ерлерді жырлаудың басы еді. Мұнда ақын Сұраншы, Саурықты мактандыспен атап қана өтеді, оның жорық уақыйғаларын таратып айтпайды, Құлмамбет өзі соқтығып — Сұраншы, Саурыктарын қаңғырып кетіп жау қолынан өліп кетті деп кеміткеніне орай айтқан тапқыр дәлелі ғана. Рас, Жамбыл да Құлмамбетке қарсы қызу айтыс үстінде Шапырашты елінің, Алматы қаласының байлышын айтып мактандады. Құлмамбет мактаған байларды «қолынан бок келмейтін», «ақмақ есек» деп сықақтай отырып, оған қарама қарсы Алматының «көк күмбез үй салдырған» адамдарын мактан етеді.

«Біздің елдің адамы өнері аскан
Өнерімен талайдың көnlін басқан
Жерді көрген, ел көрген, қала барған
Бір кем емсс байынан асып-тасқан.
Алматының шәһеріндегі
Көк күмбез үйді салдырған
Карасан көзді талдырған
Арғы шетін айтайын
Ташкент пenen Наманған
Әндіжан мен Маргулан.
Ақша деген неменді
Капка салып алдырған.
Жігіт бар жетілген

Орыс, казак ұжым боп
Тізе косып бекінген.
(Сонда, 68-б.)

деп сауда кәсіппен айналысқан қала тіршілігін, феодалдық ауылдың салтынан гөрі капиталистік қарым-қатынастарғы кәсіп өнері жолын қуған талапкерлікті, жаңалықты, қалыптаса бастаған достықты жырлайды.

Тарихи ерлерді жырлау идеясы Сарбаспен айтысында тереңдей түседі. Бұл айтыстағы Жамбылдың жыры жеке адамдарды, не елін мактау көлеміндегі жыр емес, Ұлы жүздегі қазақ тарихының басынан кешкен, азаттық, тәуелсіздік жолындағы курестерді, сол курестерді бастаған елдің батыр басшыларының образын суреттеген дастан. Ел, Отан мақсаты дегенді Жамбыл енді кен түсініп жырлайды:

«Жетісуда қазақтың
Көрген күні кем еді.
Жан-жағынан күнде жау
Елге тýныштық бермеді.
Бір жағынан қалмактың
Ұрылары талады.
Бір жағынан қырғыздың
Орман ханы ойқастап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан Қоканиның
Беклербегі кокандап,
Әскерімен топырладап
Ауыр салмақ салады.
Күнде талау, шабыстан
Ел тыйтығы құрыды
Мал мен жаннан түңілді.
Жер менен судан күйлді.
Ел басына күн туды,
Катын-бала, жас-кәрі
Беті жаспен жуылды.

(Т. Ш. 92—93-бет).

Бұл суреттеуінде ақын айнала жаудың, дамылсыз шабуылына ұшыраған Жетісудағы қалын қазақ елінің басынан кешкен ауыр халін айқын елестетеді. Елдің мұндай корлықта, талауда болуы — үнемі тәуелсіздік, азаттық жолындағы куресті тудырып отырады. Коқан үстемдігі, оған қарсы Ұлы жүз қазактарының азаттық күресі, Сүйімбайға, онан кейін Жамбылға негізгі тақырып болды.

Айтыста үш түрлі тарихи және аңызды оқыйға алынады, жағымды үш адамның образы дараланып жырланады.

ды: бірі — Бәйдібектің аулының шабуылы, балалары жауқолынан өлуі, сол қыйын жағдайда ері менсінбеген, күндес бәйбішенің қорлығына ұшыраған, бірақ елінің намысын жоқтай білетін ақылды Домалақ ананың образы жырланады. Домалак, онан туған Жарықшақ бала, одан тараған рулар ел аузындағы анызды ертегі ғана. Аныз, әңгіме, ертегі сарыны Жамбылдың айтыстарының бәрінен де кездеседі.

Ақын жырлайтын тарихи кейіпкерлердің өзі де, елдін бақыт, еркін қоныс іздеу армандары да анызды сарын араласып жырланатыны революцияға дейінгі Жамбыл творчествосына тән нәрсе. Жамбылдың айтыстарында, соның ішінде осы Сарбаспен айтыста ұлы жүздің тарихи шежіресі едәүір сез болады. Қазақтың ауыз шежіресі елдің дәл тарихы емес. Шежіре әңгімелердің кейбір фактылары ғана тарихи шындықты білуге көмекші материал бола алады.

Жамбылдың айтысында жырланатын шежіре аныздың кейбір сырын ашуға қосымша факты болатын тарихшы Э. Делебаевтың казақ шежіресі туралы қариялардан жыйнаған материалдары. Делебаевтың, Шокан Ұәлихановтың жыйнаған дерегінің және Жамбыл жырлайтын аныздардың негізгі—Ұлы жүз руларын таратып айтатын шежірені қайталайды. Сол аныз әңгімелердің ішінде қорлық көрген Домалақ ана мен жетім бала Жарықшақ жайы көбірек сез болады. Қөшкен елдің жұртында қалған Домалақ ананы күндес бәйбіше де, жасанған жау да күрта алмайды, әлдің құт берекесі де, дәулеті де Домалақтың айналасына оралады. Елге тұтқа, ерге қамкор адап ниетті Домалақ үрпағы өсе беріпті де, Домалаққа қастық істегендердің үрпағы өспей қалса керек,— дейді шежіре анызы.¹

Міне бұл аныз әңгіме Жамбыл жырлаған Домалақ туралы анызбен толық ұштасып жатыр. Шежіре, аныз әңгімелер тарихи уақыйғаның өзі емес, бұл аныздарда шежіре, ел қыялды өсіріп айтқан, ақындардың ескі нағым сенімдері мен жырлаған фактылар да бар. Алайда, Жамбыл жырлаған аныз әңгімеде, ондағы суретtelген адамдардың образдарында өмір шындығының елесі жоқ емес. Бәйдібек тоқалы Домалақты тен ұстамайды, бейбішенің қорлығына беріп қойған, Домалақ қорғансыз. Домалақ

¹ Э. Делебаев. «Қазақтың рулары». Тіл әдебиет институтының архивы. Папка № 1010, қолжазба. 6-бет.

елді жаудын апатынан сақтап, жаралы болған баласын өсіріп, үрпак таратып, келешектегі іргелі бірнеше рулы елдің ізгі қасиетті анасы аталады. Домалақ Жамбыл айтысында адамгершілік қасиеті зор, елін сүйген қамкор ана болып жырланады.

Екіншіден Сұраншы мен Саурықтың ерлік куресі айқын жырланады. Қоқанның қалың колы келіп Дулат елін бойрандал, шауып жатады. Ел басшылары берекесіздік істейді, бір батыры Тойшыбек жауға сатылып, опасызың қетеді, бір батыры Сыпатаій бір бөлек елін ертіп қашып кетеді, бір басшысы Қерім Іледен аса көшеді, қалын Дулаттың быт-шыты шығады. Жамбыл шапқышылыққа үшыраған елдің осы аянышты халін елестетеді, елін сатқан опасыз кім? Елін, өзін қорғай білмейтін қорқақ кім? Бәрін де айқын ашып суреттеп, Қоқан шапқышыларының талағыштық әрекетін әшкерелейді. Жаудың шабыншылығына үшырағаны, қорлық көрген міне осынау елді Сұраншы азат етеді.

Айтыс үстінде тарихи оқыйғаны, тарихи шындықты түйіндей, желілеп жырлауында, дара адамдардың образын айқындаپ суреттеуінде, ақын Сұраншының яки Саурықтың образын жырлауда батырым еді деп жалпылап ете шықпайды, нақты оқыға, жағдайға байланысты, нақты дара ерлігін, тіпті сыртқы келбет-кескінін, адамгершілік мінез-кулқынан дейін суреттейді.

Айтыста Жамбылдың образын жасаған батырының бірі Саурық. Жетісудағы қазақ елін Қоқанның хандары мен бектерінен қорғау жолында талай ерлік істеген, елді анаттан, талаудан айырып алған тарихи батырдың бірі. Саурықтың ерлігі жайындағы Ұлы жұз Дулат, Шапыраштының ішінде талай аңызды әңгімелер, жырлар айтылады. Сүйімбай да, Жамбыл да, онан басқа Жетісу ақындарының көбі Саурықты даңқты батырдың бірі етіп жырлап кеткен. Қырғыздың Бұғы, Солты рулары мен Орман мараптастаған Сарбағыш руының арасындағы өзара жаулықтар кезінде Орманға қарсы қүресті жақтап, Орман мен араларында бірталай барымта, үрыстар болып тұрған, ақыры Орманның бір қалың колы Саурықтың аулына келіп шабуылдан, өзін ұстап әкетіп өлтірген. Кейін Сұраншы да Орманмен келісе алмай жау болып кеткен. Ол жаулықтың арты 1855—1856 жылдары Орманды қырғыздың Жалпақ батыры өлтіруге, Орманның баласы Үмбетәлімен арадағы қыянкескі жанжалдарға әкеліп согады.

Бұл күрестерде феодалдық қоғамға тән ел, халықаралық жаулықтардың сыйпаты да жоқ емес, Жамбылдың рулық сана тұрғысынан Саурықты асыра дәріптеуі де мүмкін, сондыктан Саурық, Сұраншы, Жалпактардың Орманға қарсы ұрыс жанжалдары бастан аяқ халықтық отаншылдық мәні болып еді,— деп мақтаудан аулақпаз. Бұл тарихшылардың анықтап шешетін мәселелері.

Жамбылдың жыrlауында Саурық Жетісудағы казак халқына тиғен жауға қарсы күрестерді бастаушы батыр болып суреттеледі:

«Екі талай күн туып
Ел қыспакта тұрганда.
Ел намысын жоктаған
Батыр туған кім еді?
Ел шетінен жау қуып,
Ерлікпен қайрат жұмсаған
Батыр туған кім еді?
Калын жаудан қаптаған
Қаймығып беті қайтпаған
Ел тыныштығын сактаған
Ардагер батыр кім еді?
Саурық еді арыстан.
Тұсы оның Шапраштан,
Дулатпын деп мактанба,
Кеше елді жау шапқанда
Сактап қалған кім еді?
Қырғын талау шабыстан...
Саурық еді ардагер»

(Жамбыл. 93-б.)

Жамбыл Саурықтың адамгершілігін, ел ішінде әділдігін, дауда шешендігін, қызын жағдайда дүшпанның алдында табанды қайраттылығын, мен-менсінген жуандарды жуасытып отыратын мықтылығын, ақыл мен қайратты бірдей үстап, елдін бірлігін сақтап жүртқа бас бола білген деп жырлайды.

Сөйтіп Жамбыл бұл айтыс жырында Шапыраштының екі ірі тарихи батырының ерлік уақыйғаларын мақтан етіп жыrlау арқылы Оңтүстіктең қазак халқының Коқан құлдығынан азат болу жолындағы күрес идеясын жырлайды. Егер Құлмамбет айтысында Жамбыл қоғамның ішкі таптық қайшылығы мен жауға қарсы отаншылдық идеяны жеткізіп айта алмай, тек сол тақырыпқа келген-дігін көрсетсе, Сарбаспен айтысында Жетісу елінің сыртқы басқыншы жауға қарсы азаттық күрес идеясын тереңдеп эпикалы жыр көлеміне жеткізіп жырлайды. Жам-

былдың болашақ әпикалық дастандарының негізі салынады.

Ал қазактың өз ішіндегі қоғамдық таптық өмірдің бейнесі бұл айтыста көрінбейді, сыртта қалады. Бұл мәселе Досмағамбет айтысында негізгі тақырып болып жырланып едәуір кеңінен суреттеледі. Жамбыл өзінің Досмағамбетке қарсы сөзінде елдің тарихынан гөрі сол күнгі халіне, әлеуметтік тәңсіздік, тап тартысы мәселесіне көбірек көңіл аударады. Бұл айтыс болған дәуір (1902 жылы) XX ғасырдың басы, қазақ еңбекшілері қос қанаудың шенгеліне ілінген кезі еді.

Қазақ кедейлері байлардың, саудагерлердің жемі болып бір таланып жатса, екінші жағынан болыс, би, уездік әкімдер тарарапынан қысымдар көрді. Кедейлер ауылда жалши, малши болып ит қорлықпен күнін көрсе, енді бірқатары қалаға жақын жерлерде жатақ болып, орыс шаруаларымен бірлесіп аз-маздал егін салумен, балық аулаумен, немесе қолөнер кәсіпперімен күн көруге кірісті. Темір жол, өнеркәсіп, пароходтарда, завод, шахталарда да істей бастады. Қазақ кедейлерінің ауыр, аянышты халын, әсіресе XX ғасырдағы қазактың бірталай ақын-жазушылары өздерінің шығармаларында көрсете бастады. Кедейге, жалшиға жаны ашу, оларды қанауышы, құлданушы байларға, болыстарға, молдаларға, саудагерлерге қарсы халықтың ыза-кегін қозғау, міне ол кездегі бұқараашыл бағыттағы ақындардың негізгі бір творчестволық нысанасы осы еді. Жамбыл Досмағамбетпен айтысында осы XX-ғасырдың басындағы бұқараашыл ақындардың творчестволық сарынына үн қосады.

«Сен сыйылды молдалар
Бетіне үстап құранды,
Өтірік айтып елді алдан,
Таратқан қыйсық ұранды.
Аятын оқып ышқынып,
Ауруға дем үшкіріп,
Молдалар ұқсас жыланга...
Жаназа оқып өлгенге,
Педия алып жалмаған,
Шаригат жолы мынау деп,
Қаранды надан халықты
Көзді жұмып алдаған» —

(Сонда, 109 бет).

дегенінде Жамбыл дін, шаригат жолы молда, ишан, қажыларға қол жаулық, құрал болып алғаны, молда, қа-

жылар, қазір ұрылармен ауыз жаласып, байларға болысатынын айтады. Мен баймын, елімде бай көп деген Досмағамбеттің сөзін Жамбыл өте қатты сынайды.

Өз малыңды өргізіп,
Жерінде мал бақпадың.
Тайдың майын бермейтін,
Байды несін мактадың.
Би мен болыс қолына
Шығын болып кетеді,
Жазы-қысы тапқанын —

(Сонда, 110 бет).

Досмағамбетке қарағанда Жамбыл шындықты дәл айтады. Жамбыл елдің кедейлігін, кедей жалшыларды қанаған байлар табының зорлық, қыянатын суреттеп өте шыкпайды, қофамның билеу системасына да, қанаушы тап атаулыға да қарсы сол еңбекші халықтың таптық кегін қозғап, келешекке сенім тудырларлықтай ерлік күрестін нысанасын елестете жырлайды.

Жамбыл Досмағамбетке елді талаған хандарға, байларға, билеуші әкімдерге кеткен кегін айтып есіне түсіреді, сендерді сатып жылатқан, зарлатқан залымдардың мойнында алынбаған ата кегім бара жатыр, көремісің, түсінемісің деген таптық күрес идеясына шақырғандай толғайды. Осыған келгенде Жамбыл ерлікті жырлау мотивина қайта оралады. Жамбылдың шақырған күресі, әрине, XX ғасыр жағдайындағы орыс пролетариаты, коммунист партиясы бастаған революцияшыл таптық күрес емес, шаруа халық ортасындағы қанаушы тапқа, қофамдық құрылышқа наразы түріндегі стихиялық күрес үні сыяқты. Ол күрестің формасы қандай болмақ керек, бастайтын кім? — деген сұрауға, әрине, Жамбыл өзінің ерлікті жырлау мотивиндағы тарихи батырлардың даңқын еске түсіріп, үлгі етіп үсынады.

Жамбыл батырды айтып мақтанғанда Досмағамбет — бұлар әлдекашан өліп қалған адамдарың ғой,— қазіргі елінде бақыт орнап отырған жоқ, сол батырың бар ма, енді,— деп Жамбылды мұдірткендей бір тежеу сөз айтады. Бұған орай Жамбыл:

«... Елім кірді кеңеске,
Ерлік туған емес пе?
Жердің шелін сел жуар,
Елдің кегін ел жуар,
Дауыл тұрса бұлт қуар.
Жердегі жауды жүрт қуар.

Ерліктің оты лапылдаپ,
Аспанға шығар күн туар.
Сол майданға жалындаپ
Қолына алмас кару ап,
Алатаудан ақырган,
Жауын жеңіп жапырған
Карасайдай ұл туар. —
(Сонда, 119-бет).

дейді. Бұл Жамбыл айтысының қортындысы, идеялық түйіні де сыйқты. Досмағамбеттің тіке қойған сұрауына толық, мықты жауап та беріліп отыр. Бұл айтыс жырылағы қоғамдақ шындықтың айқын көрінісі.

Дәл осы Досмағамбетпен айтысында Жамбыл өзіне дейінгі барлық қазақ ақындарының айтысына зор жана лық кіргізеді. Сүйімбайдың творчестволық дәстүрінен ілгері асады. Қалың бұқараның таптық, бостандық идеясын, еңбекші халықтың аянышты тұрмысын жырлаудың өзі Жамбыл айтысындағы ірі жаңалық. Ақын жырлауынша қоғамдағы әділетсіз өмір, сорлы адамдардың аянышты халі ғұл қалыпта қалуға тиісті емес, қатты бір соққан дауылдай дүниені серпілтетін, жер бетін сел болып жуып, таптайтын керемет бір қозғалыс басталуға тиіс. Бұл ақынның алдан сәулелі үмітпен күткен ұлы күресінің романтикалы бейнесі сыйқты. Ақын ол күрестің, ерліктің өзі қандай боларын әлі анық түсінбейді, бірақ азаттықты, еркіндікті аңсайды, еркіндіктің ерлерін аңсайды.

Сөйтіп ақын, бостандықты, ерлік күресті аңсаған тарихи ұлы оқыйғаны жырлайтын эпикалы шығармалардың жырлануына негіз жасайды. Жамбыл айтыстарында байқалатын үлкен бір ерекшелік — ақынның эпостық дәстүрден реалистік дәстүрге қарай дамып отырғандығы. Ең алғашқыда Жамбылдың айтыстары — салт, әдет жырлары, ша еліктеу ретінде (Сайқал қызбен, Бөлектің қызымен, Һақтыбаймен, Мәйкөтпен қағысу сыйқты) жарыққа шықса, XIX ғасырдың 80—90 жылдары, бүкіл қазақ айтыстарына жаңалық түрінде, сүре айтыс болып, эпикалы жыр дәрежесіне көтеріледі. Сұранышы, Саурық батырларды. Ұлы жұз тарихының аныз әңгімелерін дастандық көлемде түйінде жырлайды.

Жамбыл айтысындағы даму кезеңін, қазақ фольклорында айтыс жанрының қоғамдағы саяси ілгерілеуге байланысты ақынның санасында да, творчествосында да елеулі өзгеріс барын, сыншыл дәстүрі XX ғасырдағы жазба

поэзиядаған емес, халық ақындарының творчествосына да кіре бастаған фактысын көрсетеді. Оナン соң Жамбыл айтыстарында, дастандардағыдай адам образын жасау негізгі идеялық иысдананың бірі болып отырады.

Жамбыл айтыстарында дарарап жырланатын жағымды, жағымсыз адамдардың образынан басқа орталық кейіпкердің бірі ақынның өз образы. Айтыстарда ақындар бірін-бірі өткір сынап, сықақтап, ақындық мінің, кемшілігін көрсетіп отырумен катар өздерінің ақындығына, әр жағынан зор баға береді. Ақындық мақтан айтыста үлкен орын алады. Біржан мен Сара, Орынбай, Шәже, Эсет пен Үрысжан айтыстарының қай-қайсысын алсақ та, ақындар өздерін бұлбұлға, аспандағы акқуға, қыранға, жүйрік тұлпарға, болат қылышқа, тағы сондай ең күшті сүйкімді заттарға теңеп, балап ақындық, шешендік бейнелерін айқын елестетіп отырады.

Жамбылда, оған қарсы айтысатын ақындарда да ақындықты, ақынның өз образын, өзіндік мақтанды көтеріп, дамытып жырлау дәстүрі толық сакталып отырады. Сонымен бірге, ақынның ерлікті жырлау дәстүріне байланысты Жамбыл өзін өзі сыйкыты шындықты жырлағыш ақынды батыр бейнесіне ұқсатып та суреттейді. Жамбыл суреттеуінде ақын тек әнші бұлбұл, не аспанға шырқап ұшқан қыран құс, тасқын су, ескен жел, немесе жүйрік тұлпарға емес, алдымен күрестің батыры.

Құлмамбетке қарсы айтысатында Жамбыл өзінің ақындық сөзін мылтықтың пестонына теңесе, Сарбаспен айтысатында ақбоз аттың шабысына, тасқын судың ағысына, құрулы қақпанға теңейді. Жамбыл Досмағамбетпен айтысатында шалқып ескен ақындық күшті Біржан, Сараларша асқақтатып көтөріп тастап отырады да, өзінің өлеңімен күрес батыры екенін ұмытпайды. Ақындығын, өлеңін жалынға, наизаға, атылатын нажағай оққа теңейді. Дәл осыған келгенде Жамбыл өзінің ерекшелігін, ерлікті, ершіл идеяны жырлағыш ақын екендігін айқындана түседі.

Менен асқан елінде
Бар ма сірә бір шайыр.
Жамбыл жырау толғаса,
Домбырасын колға алса,
Пар келтірмес ешкімді.
Сөз дауылымен соғушы ем,
Сендей ақмақ мұскінді.
Сүйімбай ақын үстазым

Сөз канжарын сұрып,
Дүспанға осылай күш күлді.

(Т. Ш. 106—108-б.)

Бұл ақынның өзін өзі орынсыз көтерген жай мактанды емес, халықтың батырымен бірге сөзін, өлеңін өткір құрал етіп күреске, майданға түскен күресші ақынның образын жырлау. Сейтіп Жамбыл ақындықтың күшін, сыйпатын батырлардың ерлік тұлғасына, ерлік күресіне ұксастып жырлайды, айтыстың мазмұнында ақынның алышатын жауы кім? Жақтайтын досы кім? екендігін ашып көрсетеді. Жамбылдың өз заманындағы ақындардан бір ерекшелігі, міне осындағы күресші ақын ролін, халықтың күресіне құрал болатын ақындық сөзді зор өршілдік идеямен жырлауында.

Сонымен Жамбылдың айтыстарында ерлікті жырлау мотиви белгілі бір даму жолдарымен келіп, зор батырлық дастан жасауға негіз болады. Басқа ақындар айтысында Жамбыл айтысында лирикалық эпос элементі аз, ақын мен ақын арасындағы жеке сынасу (полемикада) шиеленесі айтыстың жену, жеңілуін анықтамайды, мұндағы айтыстарда тарихи, қоғам өмірінің шындығы, ондағы ерлік күрестің сырлары ашылып жырланады, еңбекші халықтың тәуелсіздік, азаттық жолындағы күресі, батырлардың образы дараланып жырланады.

Ақын ертеде бастаған зор көлемді батырлық дастандағы совет заманында аяқтап шыкты. Бұл оның Өтеген, Сұраншы туралы дастандары болып табылады.

«Өтеген батыр» дастаны

Бұл дастанды Жамбыл «хикая» деп атаған. Орта Азия халықтарының әдебиетінде нақты бір оқыйға туралы қысқа, қызықты әңгімені хикаят деп атаған. Алайда «Өтеген батырдың тақырыбы, сюжеті хикая көлемінен кең. Дастанда ақын Өтегеннің халқына·жаксы; жайлы қоныс іздеу жолындағы жорығын, соған байланысты — халыққа бақыт іздеу идеясын кеңірек жырлайды.

Бақыт, кең, еркін қоныс іздел жиһан кезу орыстың, қазактың тағы басқа елдердің ауыз әңгімелерінде ертеден бар.

Қай халықтың болса да көне заманынан бергі ерте і-аңыздарында — дүниені кезіп, бақыт іздеу жолында нещетурлі қыйындықтарға кездесетін жиһанкез батырлар, мергендер, аңшылар жайы көп әңгіме болады. Сол ертегі, аңыз әңгімелердің ішінде — қазакта Асанқайғы, Жиренше жайындағы аңыздар да халықтың ғасырлар бойы азаттық, еркіндік, бақытты тұрмыс көксеу жолындағы армандары, күрестері бейнесінде баяндалатын жайлар көп.

«Өмір жыры» дейтін өлеңінде Жамбыл былай дейді:

«Еске алсам ертегідей ертені өткен,
Талай жан жүргегінің жырын төккен.
Еңіреп ен далада бақыт ізден,
Табалмай, аңсап Асанқайғы да өткен».

Қазақ арасында жайылған Асанқайғы, Жиренше жайлы ертегі, аңыз өте мол, және бірінен бірі қызықты, қоғамдық мәні бар аңыздар.

Ел қыялышының әңгімесінде Асан қазаққа жақсы жайлар қоныс іздең, желмая мініп, бүкіл қазақ даласын аралап, құтты, құтсыз жерлер деп, барлық жерге сын беретінін айтады, бірақ елге қолайлы қоныс таба алмай, дүниені шарлап кезеді, Жиделібайсын, жерүйықты іздейді. Бірақ ол жақтан да еліне жақсы мекен, еркіндік өмір таба алмай дүниеде қайғырумен өтіп, Асанқайғы аталыпты.

Асанқайғы туралы ел аудына жайылған бір аңызды жырда, Асан жиһан кезіп құблаға қарай желмаямен жүре бергені жыр болады. Асан алысқа барады, тауларды, шөлді далаларды, өзен-даръяларды кезіп өтіпті. Ақырында жақсы жайлаулы жерге қонған бір ақбоз үйге кез болыпты, ақбоз үйдің сыртында желіде биелер байлаулы екен. Үйдің иесі әйел Асанды алдынан шығып, құтіп алады. Үйде аскан бір сұлу қыз бар екен, әйел мал сойып Асанды құрметпен қонақ етеді, мынау сенің көптен күткен жарың еді, Асанжан, екеуін қосылып бақытты өмір сүріндер, мынау жатқан кең дала жайлау, еркін қоныс, мынау өрістегі қаптаған мал — бәрі де сенікі. Енді бақытты болындар цеп әйел қызы мен Асанды қосыпты. Асан қызбен сырласқан, қыз айтыпты: — сенің іздеген бағытың, бақытты жерің міне осы ара, міне мен. Тек сол бақытың колдан кетпес үшін бүгін тұні бойы үйқтамай шығуың керек, — дейді. Алыс жол жүріп шаршап келген Асанның танға жақын көзі ілініп кетіп ояна келсе, үйде бірге жэтқашақтың да, кең жайлау бай қоныс та жок, құп-ку боп шөл

дала жатыр. Соңан кейін зар жылап, сол қонысты, сол жерді, сол қызды іздең тағыда жер жиһан кезіп кетіп¹, бірақ таба алмаған.

Енді бір әңгімелерде ел қыялы Асанқайғыны XVI ғасырдағы Жаныбек ханмен тұстас шешен — би, ақын етіп көрсетеді. Бұл әңгімелерде де Асан ханға халықтың наразылығын, жер қоныс жөнінде көрген қысымын айтып жеткізіп,— Жаныбекке — елге қолайлы қоныс іздең тап деп ақыл айтады. Бірақ Жаныбек Асанның ақылын тыңдамайды, елге еркін қоныс табылмайды; Асан ел басына түскен қайғылы күнді айтып күнреніп кетеді. Шоқан Уәлиханов «Асанқайғы Жаныбек ханның тұсындағы қазак ногай ұлсының философы еді» дейді. (Шығармалары, 304-бет).

Асанқайғы аңызда, жырда айтылып қоймайды, күйлерде Асанқайғы күйі деген қайғылы сарынды күйлер бар. Қысқасы Асанқайғы жайлы елдің аңыз әңгімелерінде өмір бойы құлдықта, таршылықта, қорлықта келген еңбекші халықтың еркін тіршілікті, жайлы қоныс мекенді көксеген ең ершіл, үмітшіл арман, тілегін бейнелейді. Асан жайлы аңыздар — халықтың басынан кешкен азабын, қорлығын елестете, сонымен бірге сол азап, қысымшылық дүниеден бақытты өмір аңсаған талақ, қүресін де елестетеді. Мұнда адамды бақытты ету идеясы жырлады.

Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанының тақырыбы мен идеясы да халықтың осындай бақыт, қоныс іздеу туралы аңыз әңгімелерімен тығыз байланысты.

Өтеген әңгімесінің Асанқайғы аңызына байланыстылырын дәлелдейтін тағы бір факты Жамбыл музейінің Шапырашты, Дулат қарияларының айтуынан жазып алған «Өтеген батыр» жырының жана варианты. Мұнда Өтеген қоныс іздең, жиһан кезген уақытында жүрген, араплаған жерлеріне, Асанқайғы сыйкты сын беріп отырады¹. Бірақ, ол сын сөздердің бірқатары Асанқайғы айтты деген сындарды қайталайды. Өтеген әңгімесі ел қыялы тудырған қызық әңгіме екенін Жамбылдың өзі де айтады.

«Мұны ызыңдап даладан,—
Жырлаған өскен жел маған.
Бұл жырды мен естігем
Тағы құлжа үнінен.

¹ «Өтеген» батыр (колжазба). Жамбыл музейінің архивы, 28—29-б.

Бұл жырды мен естігем,
Бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем
Ер Өтеген туралы.
Саңқылдап шықының қыраны,
Аныз еткен күнінен.
Бұл жырды мен естігем
Кезіп жүріп ауылдан.
Бұл жырды мен естігем
Жыршыдан, ақын қауымнан».

Өтеген өлсе де халықтың аузында өлмestей аңыз қалған, ақын соны жырламақшы

Өтеген Жамбылдан бұрын ел аузында әңгіме, жыр болып айтылғанға ұқсайды. Ең алғаш Өтегенді жырлаған Сүйімбайдың бабасы Күсеп ақын болса керек. Өтеген жайында тарихи шежіре материалды жыйнастырған Делебаевтың мәліметіне қарағанда Дулат Тілеміс ақын Өтегенді дастан етіп жырлаған екен, Дулат Мәйкөт ақын да Өтегенді жыр етіпті. Тілеміс дастанының кіріспесінде былай дейді.

«Батырды құрметтейді барлық казак
Әңгіме, жыр етеді есіне ап.
Ерлігін, батырлығын мақтан етіп,
Мың ақын Жетісуда жүрер жырлап»¹.

Өтеген жайында Жетісу елінің, Дулаттың қариялары талай аңызды әңгімелер айтады. Жырдың түпкі сарыны қайдан таралып келіп жатқандығы туралы Жамбыл «елден» «желден» естідім деп бейнелей айтады.

Әрине, әрбір дастан, эпостық жырдың шығуның тарихи, қоғамдық себебі бар. Асанқайғы, Өтеген жайлары аңыз әңгімелердің өзі қазак халқының азаттық, бақыт іздеу жолындағы ғасырлар бойы күресі мен арманынан туғандығы сөзсіз.

Дастаның қысқаша сюжеті: Жетісудағы елдің қонысы тарылады. Хандардың, патшалардың шабуыл жорығына үшыраған ел катты күйзелген. Ел қайда барып күн көрерін білмейді. Сол кезде Жетісудағы Ұлы жұз Дулат ішінде жасынан өр тұлғалы болып өскен Өтеген батыр, елді жыйнап,— мен сіздерге кой үстіне боз торғай жұмыртқалататын еркін қоныс тауып келемін дегенде, елі қуанып батасын береді, қасына бірнеше жолдас ертіп же-

¹ Жамбыл Т. Ш. 707—708-бет.

нелтеді. Өтеген жақсы, қолайлы қоныс іздел күн шығысқа — Қытай жеріне, Пекинге дейін барады. Бірақ адамы көп, жері тар, күнін көре алмаған қайыршы ел екенін көріп, қоныс таба алмай күнбатысқа қарай сапар шегіп, арып-ашып Волганың бойына дейін барады. Бірақ ол жердің адамы да жерге жарымай патша бұғауында тұнжыраулы болғанын көріп, қоныс таба алмай оралып, Ақтөбе деген жерге келіп, акқан өзен бойына түнейді. Өтегенге айдаһар кездесіп жолын бөгейді, бірақ айбат шеккен айдаһардан Өтеген корықпай, қайрат жұмсап қарсы барып, өздеріне жүрер жол ашады. Айдаһар көпке дейін арттарынан еріп қалмайды, жол-жөнекей кәрі жылан мен жас жыланның арбасып тұрғанын көріп, жас жыланды Өтеген атып өлтіреді, кәрі жылан риза болып Өтегенге жол береді. Өтеген жолдастарымен орманға келеді, қаралғайдың түбіндегі жалғыз үйді көреді. Үйде Қайберген шал бар екен, Өтеген оған халық үшін қоныс іздел көп заман қажып келе жатқанын айтып, жөн сұрайды. Қайберген әлі де алдында талай қыйындық болар, қажымай іздесең бәрі табылар деп ақыл береді. Бұлар тағы жол тартады. Жолда бір әбжыланның айдаһарды өлтіргелі жатқанын көріп, әбжыланды атып өлтіреді. Түнде қонып жатқанда айдаһар келіп, өлтірген жыланның басы алтын екен, өзін өлімнен алып қалған Өтегенге сол алтынды сыйлыққа тартып, ризалығын білдіреді. Өтеген «қастық-қа қастық, достық-қа достық әрқашан» дейді. Бұлар тағы жол шегіп Кент арал деген жерге сапар шегіп, қалың қара орманға қонады. Түнде бұларға екі сұлу қызы бейнелі жезстырнақ келіп, қонақ болып кетеді, олар қайта оралып келгенде андып отырып екеуін де Өтеген атып өлтіреді. Өтеген ұзак сапар шегіп талай таулардан, теңіз өзендер тұсынан, шөл далалардан өтеді, шаһарларды көреді. Қырық күншілік жол жүріп, арып-ашып, арман еткен Жиделібайсын жеріне жетеді. Жиделібайсын тамаша құлпырған, жайнаған кең қоныс екен. Өтеген қуанып, токтап, демалып атын отқа қояды. Аты шөбін жеп өліп қалады. Малға шөбі құтсыз қоныс екен. Сонан ізденеген қонысын таба алмай астындағы атынан айрылып, Өтеген зарлап дүниеден өтеді. Бірақ арман етіп ізденеген кой үстіне боз торғай жұмыртқалаған жұмақ жер, бақыт дүние, қазіргі социалистік заман, қазіргі советтік Қазақстан. Дастан осымен аяқталады.

Өтеген батырдың тарихи адам екендігі туралы деректі

документ жоқ. Кейбір деректерге және Жамбыл дастанындағы жырларғы қарағанда Өтеген XVIII ғасырда тарихта болған адам сыйқты.

Өтеген XVIII ғасырдағы қазақ халқының жонғарларға, Орта Азия хандарына қарсы тәуелсіздігі үшін курестеріне белсene араласқан батырдың бірі, осы дәуірдің тарихи оқыйғаларына байланысты аңыз әңгімелерде Өтегенди Орта жұз Уақ руынан шыққан батыр дейді. Шоқанның еңбегінде жонғар қалмақтарына қарсы соғыстарға қатысқан Уақ руынан шыққан Сырымбет батырды айтады. Ал Жамбылдың, Жетісу қариялары мен ақындарының және Өтеген батырдың ата тегі туралы материал жыйнаған Э. Делебаевтың материалдарына қарағанда Өтегеннің жонғар қалмақтарына қарсы жорыққа қатысқандығы айтылады. Бірақ Өтеген Орта жұз Уақ емес, Ұлы жұз Дуллат дейді. Бұл деректердің қайсысы болсын, Өтегеннің әйтеуір бір дәуірде жасаған тарихи батыр екенін анықтайды.

Жетісудағы қариялар, Жамбыл бастаған халық ақындары айтқан, тарихшы Э. Делебаев, әдебиетші К. Тұрғанбаев, Н. С. Смирнова, С. Бегалиндер жазған және Тіл әдебиет институтына көліп түскен Өтегеннің ата тегі, тарихтағы қызметі, Жамбылдан бұрын жырланғандығы туралы деректердің бәрі сайып келгенде мынаған тіреледі:

Өтегеннің бабасы Сырымбет жонғарларға қарсы соғыстағы атақты батыр. 1635-жылы Салқам Жанғірдің азғана қолмен Ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне өлтіре соққы берген соғысқа қатысқан Өтеген 1699-жылы туғып, 15 жасынан бастап Ұлы жұз қазакгарының жонғарларға қарсы соғыстарына араласқан. 1723-жылғы қалмақтардың ұлы шабуылына қарсы ұрыстарда Өтегеннің жақын серіктеп Таяласар, Райымбек, Мінет, Қойгелді батырлар болыпты. Осы қыйын кескілескен бір ұрыстарда Өтеген қалмақтың Сабан Тайшық деген батырын өлтіріпти. 1725-жылы жау Түркстан мен Ташкентті алдып, үстемдігін жүргізе бастаған кезде басқыншы жаудың шабыншылығына ұшыраған ел қаша ұрыс салып, Ұлы жүздің бірағы Коджент, Самарканда жағына қоныс аударады, бірақ жайлы қоныс, мекен таба алмай ел жолшыбай апатқа ұшырай береді. Ел босып қайта Қаратаяға оралады. Барлық жүрген жол, босқын өмір ылғый жүт, соғыс жағдайында өтеді. Осы жолда Ұлы жүздің іргелі рулы елін бастаушы Өтеген болады. Жорықтарында, ел ісіне арасасында Өтеген Төлебимен ақылдас екен. Бірақ Төлеби-

мен сыртқы саясат, соғыс, ел басқару жөнінде келісе алмай, айрылысып кеткен кезі болыпты. Өтеген арқашан қалмаққа қарсы үздіксіз соғыс жүргізу саясатын жақтайтын болса, Төле жаумен біраз келісім жасап бағына тұрып, артынан күш жыйнап барып, күрес жүргізу саясатын қолдайды. Елді басқару, коныс бөлісу жөнінде де Өтеген Төлемен келісе алмай, ақырында аралары сұзысып, Өтеген екпелеп Сырымбет рулы бір ауыл Арқаға көшіп кетіпті. Ұлы жүздін атақты батыры ауылымен қөшіп келгесін Орта жүз батырлары құрметпен қарсы алғып, Қекшетаудын ең шұрайлы жерінен қоныс беріпті. Ол жер кейіннен Сырымбет аталып кеткен. Төленің қалмаққа бағынып отырып, ептең күрессу саясатынан нәтиже шықпайды, 1740-жылы жонғар билеп-төстеушілері елін шауып Төлебиді Ташкеннен қуады, осыдан кейін Төле Іле бойында қалмаққа қарсы соғысқа дайындалады. Бұл хабарды естігесін Өтеген Арқадан еліне қайта көшіп келіпті. Орыстан көмек алған Орта жүз бен Ұлы жүз қосылып соғыс бастапты.

1745 жылы Қалдан Серен өлгесін және жонғарға қарсы қытай жорығы басталғасын қазақ жағы күш ала бастайды, жонғарлар үлкен соққыға ұшырап қазақ даласынан куылады. Бірақ оның орнына қазақ жерінің шетіне қытай келіп жетеді. Абылай қытайға қарсы күрес ашпай, бағынады, Өтеген Абылайдың бұл саясатына да мұлде қарсы болады.

1756 жылдардың шамасында Өтеген Абылайдан біржола айрылысып, «айналаның бәрі жау, қайда барсан басың бір ноктаға ілінуден құтылмайды екесің, еліме еркін қоныс іздел табамын» деп жиһан кезіп — Жиделібайсынға дейін барып ешқандай қоныс таба алмай елге келіп, 1773-жылы 74 жасында қайтыс болады¹ Белгілі халық ақыны Қазанғап Байболов бір әңгімесінде Өтеген жайлы Делебаев келтірген фактыларды және Өтегениң қоныс іздел 17 жыл жүріп қайтқандығын айтады² және Мәйкөт ақынның мынадай дегені бар екен:

«Өтеген халық үшін дүние кезген,
«Жиделібайсын» жерде аты өлген.
Ұнатпай ол жерді де көңіліне

¹ Э. Делебаев. «Өтеген Отеғұл ұлы» (қолжазба). Тіл әдебиет институтының архивы. 1—6-бет.

² К. Байболов (қолжазба). Тіл әдебиет архиві.

Жеріне туып-өсken кайта келген.
Ел үшін қайрат еткен ер Өтеген,
«Арман жоқ елім үшін өлсем» деген.
Жерінде туып-өсken Жетісудың
Өтіпті 74 те дүниеден...»
(Т. Ш. 708-б.).

Өтегеннің моласы Алматы облысы, Іле өзенінің бойында көрінеді. Қенен, Делебайдың айтуына қарағанда — Өтегеннің шұбар тегенесі оның шөбересінің баласы, қазір Жамбыл облысы Красногор ауданы «Кенес» колхозындағы Жолдасбайдікінде (Өтегениң — Тарпан, Тарпаннан Бименбет, Бименбеттен Толымбек, онан Жолдасбай) сактаулы тұр дейді. Өтеген, оның заманы, өмірі жөніндегі азды-көпті тарихи мәліметтің түрлері осындай. Ал, Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанындағы жаңалығы, халық қамқоры батырдың елге қоныс, бақыт іздеу идеясын да-мытып, жырлағандығы. Бұл тақырып, бұл идея Жамбылға дейінгі ақындарда кең түйіндеп жырланбаған.

Ал Өтегеннің жиһан кезуі, Қытайға, Волга мен Орал бойына, Жиделібайсынға дейін барулары жөнінде XVIII ғасырдың мынандай тарихи оқыйғаларын өске түсіруге болады:

1723-жылғы жонғар шапқыншылығы кезінде қазақтың Орта жұз бен Ұлы жүзінің көп рулары ата мекен қонысынан босып ауып, Орта Азия хандығының қол астына дейін ауып барды, ол қазіргі қарақалпак, Түркменстан, Батыс Өзбекстан жерлері — Коңырат, Жиделібайсын қазақтың босып барған жерлері еді. Бірақ барған ел Бұқар, Хиуа хандарының талауына ұшырап, көбі малынан айрылып, қатты күйзеліп, тұрақты қоныс, мекен таба алмайды, қалғандары Арқаға қарай көшеді. Осы босып көшкен елдін бір бөлегі Өтегеннің елі болуы мүмкін. Ақтабан шұбырындыға ұшыраған Кіші жұз елі босып көшіп, Жайық асып Волга бойына дейін барып, Россияға қарамақ болып, көшіп жүретін қоныс сұрайды. Бірақ ол жерден де көшіп мал өсіретін кең қоныс табыла қоймайды, оның үстінде Волга бойындағы қалмақтармен, Жайық бойындағы башқұрттар мен қазақ арасының жаулығы басталып, Кіші жұздің іргелі елі Жайықтан бері Ор, Елек, Ақтөбе, Ырғыз, Жем, Сағыз бойларына тоқырап, 1731 жылы Россияға бағынады.

Сол 1723 жылдан 1755 жылдарға дейін қазақтың жонғар қалмақтарына қарсы азаттық күресі ешбір тоқтал-

майды, ақыры 1755—1756 жылдары қалмақтар қазақ даласынан — Тарбағатай, Алтайдан асыра күллады. Міне осынау жорықтарды, елдің жайлышы қоныс іздең ерсілі-қарсылы жосып, көшу жолындағы көрген қыйыншылықтарының көбіне де Өтеген қатысқан. «Өтеген батыр» поэмасының жырлауына объективті түрде әсер еткен жалпы тарихи қофамдық жағдайлардың түрі осындай.

Жамбыл жырлайтын Өтеген батыр осы тарихи Өтегеннің өмірінен алыс кетпейді. Қайта Жамбыл Тілеміс, Мәйкөт, Сүйімбай жырлап өткен Жетісу еліне көп таралған тарихи аңыз, ақындық мотивтерді толықтырып, қайталап жырлайды.

Жамбыл өзінің дастанының кіріспесінде:

«Өтегенді мадактап,
Жырға қосып тербетем,
Халық айтқанын қостаймын,
Артық сөзді қоспаймын...»

(Сонда, 532 бет).

деп, ел аузынан, халық әсерлеп айтқан әңгіменің шеңберінен шықпайтындығын анғартады.

Рас, поэма тарихтың дәл көшірмесі бола бермейді, алайда бір замандағы елдің қофамдық өмірін тенселткен, сұрапыл күрделі оқыйгалар ұлы жорық, қырғын соғыстар, ірі тарихи соктығыстар — бәрі күрделі тарихи әңгімелер, аныздар, жырлар, эпостық дастандар тууына негіз болады, із тастайды.

Қазак, қырғыз эпосын зерттеген академик В. В. Радлов жан-жағынан соққыны, қырғын шапқыншылықты көп көру қырғыз эпосының қалыптасуына негіз болғандығын айтады¹ Шоқан Уәлиханов та бірқатар батырлар туралы жырлар, аныздар XVIII ғасырдағы қазақтың жонғарларға қарсы соғысына, жорығына, сол дәүірде өткізген қырғын апattарына, аштық, жұттарына байланысты туғандығын айтады².

XVIII ғасыр қазақ тарихындағы аса күрделі оқыйгалар, сұрапыл апattар, қанды жорықтан көп өткен заман екені жоғарыдағы тарихи деректерден белгілі.

«Өтеген батыр» дастанын толығынан тарихи жыр, тарих-

¹ В. В. Радлов. Образы народной лит-ры северных тюрских племен. ч. V. СПБ, 1885 г. стр. 7.

² Ч. Валиханов. Статьи и переписки, Алма-Ата, 1947 г. стр. 13.

хи дастан деуге келмейді, тарихтың слемі, сәулесі бола тұрса да бұл поэма өзінің көркемдік жырлау әдісі жағынан геройлық — романтикалық дастанға жақын. Мұнда тарихи жырдың элементі болумен қатар ертегі, азыз, мифтік сарын да недәуір орын алады, жылан, айдаһар-лармен, жестыринақ, қайберендермен кездесулер — азыз, ертегі, дастан, жырлардың көркемдік стилін көрсетеді.

Поэмада жырланатын негізгі бір мәселе жер мәселесі, қоныс іздеу. Қазақ халқының ерте заманнан бергі тарихын алатын болсақ барлық уақытта да еркін қонысқа, кен жайлым жерге ие болып, тәуелсіз өмір сүрген кезі жоқ, үнемі ата мекен қонысы үшін қан төгіп алысып келгенін жақсы білеміз. Бұл әсіресе Өтеген батыр жасаған XVIII ғасырда туған жер үшін, елдің тәуелсіздігі үшін күрес қатты шиеленіскең заман болғандығын тарихи уақыйғалар дәлелдейді. Осы тарихи шындықты Жамбыл да поэмасында айқын ашып көрсетеді, Өтегениң ойы арқылы қазақ халқының жер қоныс жөнінде көре бастаған қыспақ өмірін көз алдыңа елестетеді.

«Бұлдіріп елді бірінде,
Атуға да асуға,
Көшпелі елді қырғандай,
Бұзып·қырып өртеді,
Ол күн қара борандай,
Болып кетті ертегі.
Еміренген дала күнреніп,
Жайлauraлarda, тауларда —
Жетісу бойы тебіреніп
Құрылған патша, хандарға»—

(Т. Ш. 534-бет)

Алайда Жамбыл XVIII ғасырда қазақ халқының Россияға қарауы, жонғардың қытай патшасының орта Азия хандарының құлдығында болудан зияны азырақ екенін үғынбайды, елдің тәуелсіздігін жойып, жер, суын басып алмақ болған сыртқы күштің қандайын болсын халық өміріне келетін зор апат деп караиды, қазақ елі қалмак, қытай хандарынан қандай қысым көрсе, ертең келетін патша жорығынан да жақсылық күтпе деген жалпы шоғыну түріндегі қауыпты айтады.

Қазақтың еңбекші халқы бұрынғы хандар билеген, жонғар, қокан басқыншылары билеген замандарда да жер қоныс жөнінде қандай қысымшылық көрсе, патша отаршылдығына кездескен соң ол қысымнан құтылған

жок. Соның үшін кең, еркін қоныс іздеу талабы — елдің туған жер, тіршілігі үшін белсенді күрестің бірі саналды. міне осы тұрғыдан Жамбыл халықтың қамқор батыры Өтегеннің жақсы жер қоныс ізден жиһан кезеүн аса ізгі ерлік санайды:

«Мен табамын, табамын
Бұлақ аккан жерлерді.
Көті қөктеп, гүл жарып.
Құрақ атқан жерлерді.
Төрт тұлікке ынғайлы
Толқын қөлі тоғайлы,
Көктен наубат, жерден нұр.
Құлап жатқан жерлерді.
Жұт болғызбай күт қонған.
Кой үстіне боз торғай
Жұмыртқалап бак қонған
Сүйікті қазақ халқына
Ұнап жатқан жерлерді.

(Сонда, 536-бет).

Бұл жалғыз Өтегеннің ғана арманы емес, бүкіл қазак халықтың өмірлік арманы еді. «Жұт болмайтын», «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған», «бақыт жері» — халықтың қекейінен бір де бір кетпеген. Жиһан кезген Өтегеннің көз алдында да, ғасыр бойы жерге, қоныска жарымаған халықтың көз алдында да, осынау бақыт орнаған жердің сұлу бейнесі елестейді де отырады.

Халықта еркін қоныс іздеу, бақытты өмір ансау қазақтың Асанқайғы сыйқты аңыздарында, орыс, басқа халықтардың аңыз ертегілерінде бар өршіл идеялы мотив екенин айттық, бұл халықтық мотивті орыс ақындары да жырлағанын жақсы білеміз: Бұл мотив Жамбыл айналасындағы ақындарда да не Өтегеннің атымен, не Өтегенге үқсас басқа герой атымен жырланып отырған. Халық ақыны Қалқа Жапсарбаев жырлаған «Үәли Шора», «Оракты батыр» дастандарының сюжеті, идеялық, көркемдік мотивтері Өтеген батыр дастанына көп үқсайды.

«Үәли Шорада» Шопабай батыр құсбегі Үәли Шораның ақылымен жер жиһанды кезіп көк сегір қыран бүркіт ізден тапқанын, бірақ сол құспен бірге өзіне тұрақты мекен іздегендігін жырлайды. Ал «Оракты батыр» дастанында, Оракты батырдың елі Жалайырдын Жиделібайсынының қасынан жайлы қоныс ала алмай, шабыншылыққа, аштыққа, жұтқа, апатқа ұшыраған ауыр қыйын шағында еліне қамқор, қорған болғанын жырлайды. Көшпе-

лі Жалайыр елі Жиделібайсын жағына барып қалып құтты қонысқа, еркін өмірге ие бола алмайды, жау шабыншылығына, қоныс тарлығына, жұтқа ұшырап құруға айналады. Тарыққан ел өзінің ата мекен елі Үйсінді таппак болады. Босқын ел бірде бір тұракты қоныс табалмайды. Сырдан, шөл, меніреу далалармен көшіп теңіз бойына жол тартады. Қолшыбай ел шабыншылыққа, шөлге ұшырап малы, адамы қырылып қалып жатады. Азып, тозған, арып-ашыған ел сексеуілі көп, ну қамысты елсіз, бір өзен бойына тоқтайды. Ел жаңа есін жыйып, мал тойынып, енді адам қатарына қосыламыз-ау дегенде ну қамыс арасынан жалмауыз шығады. Адамды қойشا жей бастайды. Елді осы апattan Оракты батыр құтқарады, ол жалғыз көзді жалмауызды садақпен атып өлтіреді. Ел шулап апатқа ұшыраған жер болғансын ол өзен аты Шу қойылып еді дейді. Ел Шу бойына да тұрактамай көшіп Іле, Қаратал бойына келіп тоқтайды. Бұл жерлерден де адам жейтін жалмауыздар шығып, онын барлығын тағы да Оракты батыр өлтіріп, елін апattan құтқарады. Елді жалмауыздан құтқарып, енді тыныштық таптық деген кезде қалмақтың Дүн-дүн деген ханы келіп Жалайыр елін шауып ойрандайды, Іле бойында аң аулап жүрген Оракты мұны ести сала жау артынан куа соғысып, женеді, казақтың кегін, мал-мұлқін алып береді¹. Сөйтіп Қаратал, Іле өзені осыдан кейін Жалайырға тұракты мекен болып қалған еді дейді.

Бұл поэмансың сюжет жағынан да, көркемдік, идеялық мотив жағынан да Жамбылдың «Өтеген батыр» поэмасына көп жақындығы бар екені даусыз. Мұнда бір жағынан Ұлы жүздің сол жонғарлар шабыншылығы заманында онтүстікке босқын болып көшіп, жалпы дақпыртпен Жиделібайсынға дейін барып, ақыры жолшыбай апатқа ұшырап азып-тозып, ежелгі мекеніне оралып жеткенін баяндаған тарихи шындықтың елесі бар. Екінші жағынан ел қайда барса да бақыт, еркін қоныс табалмайды, не жаудан, не жалмауыз — айдаһар сыйқты адамға қас күштен қорлық көреді, апатқа ұшырайды, елдің осындай қысылған шағында қорғаны Оракты сыйқты батырлар болады.

Ал «Өтеген батыр» жырының Жамбыл музейі тапқан жаңа вариантында Өтеген қырық жолдасымен қоныс із-

¹ Қалқаның бұл екі дастаны тіл және әдебиет институтінде сактаулы.

деп жиһан кезеді, жолда Өтеген бір елді талап жатқан жестырнақтармен соғыс салып жеңеді, бірақ қоныс таба алмай 17 жыл жүріп, орысты тауып достасып еліне қайтады¹.

Сөйтіп бұл аңыз, әнгіме, жырлардың қай-қайсысында болсын Өтеген, сол сыйқты Оракты батыр елге бақыт, жайлы қоныс іздеуші қамқор адамдар. Ел басына қыйын-қыстау күн туғанда апат, жұт, жоқшылық кездескендеге, сыртқы жаудың шабыншылығы болғанда — міне халықты сол апattан, қыйын-қыстау күннен өзінің қайратымен, көреген ақылымен аман алып қалушы Өтеген сыйқты батыр болып отырады.

Жамбыл дастанында халықта бақыт, еркін қоныс іздеуші қамқор Өтегеннің батырлық тұлғасы, ісі, әрекеті әр жақты жырланады. Өтеген Жамбыл суреттеуінде наиза үстап, сауыт-сайман киіп, қалың қол бастап, қамал бұзған жорықтың, қанды қырғын соғыстың батыры емес. Өтегенде ақыл, жігер басым. Ел басына қыйын қыстау күн түскенде халқы үшін қабырғасы қайысқан елдің корғаны, қамқор басшысы саналған ақылғой адам.

Өтеген туған елін, Жетісудағы халқын жанындай жақсы көреді, өз бойындағы алып күш, ақыл-қайратын халқына бақыт іздеуге арнайды. Өтеген еліне бақытты жер іздеу жолында жиһан кезіп күншығысқа Қытай же-ріне, күнбатысқа, Волга, Орал бойына, Жиделібайсынға дейін барып, осы жолында онын көрмеген бейнеті, тартпаған азабы болмайды. Бірақ ол қажымады. Өтеген жиһан кезген сапарында талай қыйындықтарды, қорқынышты жауларды жеңіп отырады. Бұл ретінде ақын Өтегенге ертегі, аңызды, мифтік геройдың сыйпаттарын да береді. Өтеген айдаһар, жылан, жестырнақтарға кездесіп, соғысып жеңеді. Олардың ішінен өзіне дос күш те, қас күш те табады, Қайберен сыйқты ақылшы сәуегей қариямен кездесіп бата алады. Сөйтіп, шындық негізде басталып жырланған тарихи герой образы, жиһан кезіп бақыт ізdegен ізгі, халық үшін қайғырып азап шегуші, Асанжайғы сыйқты аңызды-ертегілі геройға айналады. Өтеген кезетін шөл далалар, таулар, асулар, өзен даръялар бәрі бірде қазақ даласының таныс жері болып отырса, бірде ертегілі, аңызды жер, мекендер дүниесі болып отырады. Қайда барса

¹ «Өтеген батыр» (колжазба). Жамбыл музейінін архиві.

Гали Орманов, Жамбыл, Дина.



да Өтегеннің шеккен азабы ауыр да, көксеген арманы орындалмайды.

Өтегеннің онтүстікке қарай бет алған жолында айда-хар, жыландаға, жестырнақтарға кездескендері ғажап романтикалы анызды дүниенің суретін, қорқынышты, үрейлі жаулардың бейнелерін жасайды.

Өтеген жолдастарымен бір өзен жағасына келіп түнейді. Қап-қараңғы тұн. Жолдастары тынысып үйқыға баткан, бірақ Өтеген ауыр ойдың құшағында «жапан түзде» қанғырдым, күн күркіреп, нажағай ойнаса да жанаарым бір сенбеді, еліме коныс табамын деп шарқұрдым».

«Деген ойда маужырап,
Өтеген отыр тұнжырап.
Тұн көрпесін түйыктап
Үнсіз дала көк шатыр,
Астында аспан жүрт жатыр
Жігіттер калды үйктап...»

(Сонда, 539-бет)

осындаі тұн тыныштығындағы тамаша көріністі ақын шебер суреттей отырып, дереу сол тыныштықты бұзған қорқынышты халдің елесін көз алдына алып келеді.

«Бір уақытта сырыйлап
Шөптің басы суылдап
Ескендей жел ышқынып
Жүрт та шошып оянды...»

(Сонда, 540-бет)

Бұл адамды жүтқыш айдаһар екен, Өтегеннің жолдастары үрэйленіп қорқады.

«Айдаһар мың бұралып,
Ауыздан жалын от шашты,
Козғалған таудай калтырап
Найзағайдай жарқылдап
Толқындайын туланып
Команды жылтан қосбасты

(Сонда, 542—543-бет).

Айдаһар жатып ышқынты,
Тұнзыра құлақ ыскырдым,
Күйрығымен жерді үрүп
Жер сілкінте күш қылды».

(Сонда, 545-бет).

Міне осындаі үрэйлі жауға Өтегеннің табанды, батырлық тұлғасын қарсы кояды. Өтеген жалын шашқан жы-

ландардың бәрін де атып, қылыштап өлтіріп, өзінің ұзак сапарына жол тарта береді.

Жылан, айдаңар халықтардың ертегілерінде адамға қас күш, олар адамды шағып өлтіреді, жеп қояды. Айдаңар, жылан ертегі, аныз әнгімелерде адамға қорқынышты зұлым қүштің бірі. Орыстың біркелкі ертегілерінде Добрыня змьеборец сыйқты герой жыланмен соғысып жеңеді. Халық Добрыняның Новгород язычниктерін жеңгенін жыланмен күрес бейнесінде, қызды жыланың тұтқынынан азат ету мотивімен әсерлеп айтқан¹.

Казақтың «Құламерген» дастанында ·тәңіз астында жыландар дүниесі барлығын айтады. Жыландар ыскырып айбат шеккенде қорықпаса (Жоя мертен) жылан қас күштікten дос күштікке айналады².

«Ер Төстік» ертегісінде жылан, жалмауыздар араласып келеді. Жамбылдың дастанында да негізінде жыланды адамға қас күш етіп жырлайды да, достасуға келгеннімен, дос болу ерлік айланың бір түрі етіп көрсетеді.

Өтегенге кездескен тағы бір қауыпты жау жезтырнак³. бұл да көп халықтардың миғтік ертегілерінде, казақ ертегісінде де көп кездеседі. Өтеген жаулардан, қыйын жерлерден, аралдардан өтіп бір жерге келіп тоқтайды.

«Бір кең ашық аланда,
Карағайлы, қайынды
Қара орманға жолыкты
Қабагын жапқан кара орман.
Келе жаткан бұрыннан
Ертегі әнін соғыпты.
Қызыл әнір түнеріп
Шық түсіп жер мұнартып,
Өтеген батыр нөкөрі
Сол орманға коныпты

(Жамбыл. Т. Ш. 553-бет).

Осындай қарағайлы қалың қара орманда конып жаткан Өтегеннің қасына екі сұлу қыз келеді. Тамак ішіп, ет жеп болған соң ғайып бол кетеді. Өтеген олардың жез-

¹ В. Миллер. Очерки русской народной словесности М. 1897 стр. 48.

² Құламерген. 1912. Казан.

³ Жамбыл музейіндегі «Өтеген батыр» жырында Өтегеннің жезтырнактармен ұзак соғысып, ауыр жаралы болып, әзер жеңгені жырланады

тырнақ екенін біліп, олардың жау болып келуін аңдып ҚҰтеді:

«Түн түнеріп томсарып,
Түннен тұлек төгілді.
Жүргендей сүр касқыр
Көзге елестеп көрінді;
Жұлдыз да жок, ай құңғірт,
Қара бұлтқа көмілді.
Өтеген құшті түрінде
Қарағайдың түбінде
Мылтығын октап кезеніп,
Құш құрыстал керілді.
Әлденелер қарандап
Қараңғы түнде жарқырап
Шөптің басы қалтырап.
Көрінді бір зат қылт етті»

(Сонда, 556 бет.)

Өтегеннің күресіп жеңетін жаулары осындай, табиғаттың, адам өмірінің рахат тыныштығын бұзған айдаһар, жылан, жезтырнақ сыйқты зұлым қүштер. Адам өмірінің шындығына айналдырғанда бұл қас қүштерді кім деп ұғура болар еді, бұлардың тарихи шындықта түп тұлғалары бар ма?

Айдаһар, жылан, жезтырнақтар — адам баласының ертеден алдысып, бірде жеңіп, бірде тең түсіп келе жатқан табиғаттың апат қүштері деп те қарауға болады, адам баласы айналасындағы табиғат құбылысын көне заманнан бері танып біліп, сырына қануға тырысып келеді. Дүниені тану тәжрибесі, ғылым өрісі тәмен кезде адамдар дауылды, бұлтты, ыстық, сұыкты, жыртқыш андарды, зыянды жәндіктерді киелі қауыпты бір күш иесі деп білді. Олар жайында сан алуан азыз, ертегілер таратты. Айдаһардың адам жұтуы, жезтырнақтың кісі жеуі, халықты апатка ұшыратуы жайлы нешетүрлі ертегі айттылды. Оның өзі адамдардың ертедегі ұғымына, нанымына байланысып жатады. Жамбыл дастанындағы жылан, айдаһар, жезтырнақтарды көне замандағы мифтік ұғымдағы мотив, образдармен байланысты қарауға болады.

Екіншіден халықтың еркін қоныс, тыныш өміріне қауып тудырған ішкі, тыскы жаулар да жылан, айдаһар, жезтырнақ образында жыланады.

Өтегеннің бақыт дүниесін іздеген сапарында жолын бөгеген, жаулардың үрейлі кескінін, батырдың оларға қарсы тұрганын ақын шебер романтикамен көрсетеді.

Мұнда ақын екі түрлі тұлғаны қарама-қарсы қойып, зұлымдық пен табиғат сұлулығын салыстыра көрсетуі дастаниң геройлық романтикалық мотивін терендете түседі, екінші жағынан жаңа заман поэзиясындағы табиғатты жанды романтикалы бейнеде күлпүрткіп жырлайтын лирикалы поэмамен үштасып жатқанын көреміз.

Дастанның идеялық түйініне келейік. Өтеген дүниені кезіп, серіктері өліп, ақыры қөксеген Жиделібайсынға жетеді. Жамбыл тағы да шебер суреттер жасайды. Жиделібайсын ел қыялышында танғажайып 'сұлу, көркем, екінші жағынан мал мен жанға апат жер.

Өтегеннің іздеп тапқан жері сырттай жайнап тұр. Ол қуанып, атын отқа жібереді, жердің оты малға у екен. Аты өліп қалады. Өтеген арманына жете алмай, қатты нальйады.

Бұл туралы Жамбыл өзінің кейінгі бір толғауында былай дейді:

«Жамбыл, Жамбыл болғалы
Жыр санаға толғалы.
Естіген талай батырды.
Сұраныш батыр, Өтеген,—
Селебелі сауытты,
Көргем батыр Саурыкты,
Жау қамалын бітеген.
Шықса да олар майданға
Халыққа коныс таба алмай,
Бостандық бакыт алалмай
Еңіреп елдің үлдары
Ку найзасын күшактап

Арманда өлген, арманда,
Неге десең ол кезде
Хан талауда, жалмауда
Жамбылдың да сол кезде,
Өткен бір жыры зарлауда» —

(Сонда, 350—351-бет).

Өтеген батырдың қөксеген арманына жете алмауының тарихи, қоғамдық себебін Жамбыл осылай жырлайды.

Халықтың қаратүнек, бакытсыз заманы мен Ұлы Социалистік Октябрь революциясы арқасында тенденциякке жетіп, еркін қоныс, бақытты өмір сүрген Советтік замаңды салыстырып жырлау Жамбыл дастандарының негізгі бір идеялық түйіні. Бұл «Өтеген батыр» дастанында да айқын көрінеді.

Дүние кезіп, азап көріп, арманда өлген Өтегенмен
Жамбыл ойша сырласады. Молаңнан тұрып, қазіргі Жеті-
суға, қазақ даласына қарасаң, баяғы, өзің көксеген ба-
қытты жер, бакыт дүниесі өзі туып-өскен жерімізде орнал
отыр дейді.

«Қазақстан бакытының
Кені болды арналы
... Аскарлаған аспанға
Алатай қызыл алмалы,
Даласында гүл көктеп,
Гүлмен қабат мал қантап,
Аспандарғы бұлыттай
Төрт түлігі қаулады...
Қырғауыл ұшып каз конған
Акку ұшып жаз болған
Балығы тайдай тулаған
Бакасы койдай шулаған
Шортаны шоршып оянған
Алтын қаймак Аралды
Дала суға шомылған
Елге коңыс табылған,
Құйылған, жолдас, нұрды көр,
Құлпырған қайнап жерді көр.
Құлшынған қайрат ерді көр...
Күнді көрдік ел болдық,
Асу бермес, өр болдық».

(Сонда, 561-бет).

Жамбылдың дастанынан екі дүниенің кескінін қатар
көресін.

Өзіміз жасап отырған еліміздің сән-салтанатын Алтай-
дан айдын теніз Қаспийге, асау Ертістен тәкаппар Ала-
тауға дейін, сұлу сары Арқадан құнарлы Сырдария бо-
йына дейін құлпырып жайнап, қайта жасаған жеріміздің
тамаша келбетін Жамбыл аса ыстық сезіммен жырлайды,
адамның тіршілігі, тұрмысы өзгерумен қатар табиғаттың
бейнесі де, кескіні де жарасымды болып жаңаған. Міне
осы даланы, қазақ халқы шаттықпен өмір сүрген, көксе-
ген арманына қолы жеткен заманды Жамбыл шын бакыт
орнаған нағыз «көй үстіне бозторғай жұмыртқалаған»
заман деп түйіндейді. Сондықтан да бұл дастанды аяғын-
дағы кортынды бөлімінен айырып алып, тек революцияға
дайінгі шығармасы деп қарауга болмайды. ертеден жыр-
лап,— совет дәүірінде шын мәнінде күрделі дастан етіп
аяқтап шыққап күрделі шығармасы деп қарауымыз ке-
рек.

«Сұраншы батыр»

Жамбылдың творчествосында елеулі орын алғын шығарманың бірі — «Сұраншы батыр» дастаны. Сұраншының батырлығы Жетісу елінің ақыздарында, халық ақындарының жырында кең орын алған. Сұраншы Хакімбеков тарихи адам, атақты батыр. 1865 жылы орыс әскерінің қатарында Қоқанға қарсы соғысқа қатысып, осы күнгі Сайрам (Оңтүстік Қазақстан) селосында қайтыс болған. Ел аузында сақталған фольклорларда да, архив, тарихи әдебиет деректерінде де Сұраншының өмірі, жорықтары не дәүір сөз болады.

Фольклор мен ақындар шығармасындағы басты дәректер мыналар:

Сұраншы мен Сүйімбай замандас болған. Сүйімбайдың ақын болуына Сұраншы көп жәрдем көрсеткен, оның ақындық айтыста сүйенер үлкен белі болған. Сұраншы өлгеннен кейін жоқтауларында болсын, айтыстарында болсын Сұраншының ерлігін жұртқа көбірек жырлап тараган да Сүйімбай көрінеді.

Сұраншының есімі Сарыбай Айdos баласымен бірге аталып отырады. Сарыбай да, Сұраншы да Жетісу елінің Россияға карауын қолдап, орыс әскерінің қатарында Қоқанға қарсы соғысқа қатысқан. Сұраншы Сайрамда қайтыс болса, Сарыбай Ташкент қаласын алуға дейін барып еліне қайтқан. 1890 жылы Сарыбай қайтыс болған уақытта оған арналған жоқтауда Сұраншы туралы былай дәлінген:

«Маркүм Сарыбай жас уақытында атақты батыр руы Шапырашты Сұраншы блан ерлік қылып әрқашан қоқандықтар ел шапқанда бас болып елді арашалап алушы еді...»

Дәл қырыққа келгенде
Әтіратка бас болып,
Арғы жағын айтайын
Ташкент пenen Шымкентті,
Бері жағын айтайын
Пісбек пenen Токбакты,
Сары екем барып қаратты
Ел билеген жаксыға
Аттанысып сол кезде
Ұлығы салған санатты.
Қасындағы жолдасы
Ишан үғлы Торсық,

**Сұраншы мен Сүттібай
Сайрамда барып өлгені»¹**

Сүйімбайдың Сарыбай мен Андасты жоқтаған жырында да Сұраншы аталады².

Жамбылдың 1881 жылғы Құлмамбетпен, 1895 жылғы Сарбаспен айтыстарында Сұраншының тарихта белгілі ерлігі, әсіресе қоқандықтарға қарсы күресі жырланағы.

«Шом қалған» деген аңыз ертегіде Қоқан шапқыншыларынан Сұраншының елді құтқарғаны әңгімеленеді.³

Жетісудың Кенен, Өмірзак, Әbdіғали, Саяділ, Үмбеттәлі сыйқты ақындарының әңгіме, жырларында Сұраншы үнемі аталады. Барлығы да Сұраншының Қоқанға қарсы соғыстарын, орыс әскеріне қосылғанын әңгімелейді, Сұраншы жайлы Жетісудың сөз білетін, шежіреші қариялағы да көптеген әңгімелерді айтады.

Енді поэмалың оқыйғасына, оның тарихи шындықпен қабысуына келейік. Қөркем шығарма, соның ішінде халықтың аңыз әңгімелеріне бөлленген эпикалы жырлар тарихи шындықты дәл, бұлжытпай жырлай бермейді, ақын тарихи шындықтың жалпы үзын ырғасын алады да, оны ақындық қыялмен әсерлеп, түйінде жырлайды. Сұраншының ерлігі туралы жыр, Сүйімбайдан тараған дедік. Осы дәстүр бойынша Жетісудың кейінгі ақындары Сұраншы әңгімелерін көп жырлаған. Жамбыл поэмасының кіріспесінде айтады:

«Ескіде есте қалғаннац,
Жасымда айтқан жырлардан
Ескерткіш еді батырга
Қыядан шауып қырды алған,
Қыйынға шауып жол салған,
Бөрі басқан бүркіттей
Қансыратып жауды алған;
Батырдың жыры сүйікті
Қатыктай үйып тындаған,
Жамбыл Жамбыл болғанда
Жыр дауылы коғанда —
Қырғыз, казақ еліне
Талай рет жығланған.
Бата берген Сүйімбай
Айтқан маған ақылды

¹ «Дала уалаяты» газеті. 6. VII. 1890. № 27.

² «Жаңа әдебиет», 1929 ж. 8-б.

³ Казахские народные сказки. 1952 г. стр. 231—232.

**Жырла деген батырды
Есімде мәңгі сол қалған»¹**

Поэмалың қысқаша сюжеті мынадай: ақын әуелі Жетісү елінің мекені, оған төнген қауіп туралы кіріспе айтады. Патша әскері Ертістен өтіп, Жетісуга таянғанда Жетісуды билеуші Құдиярхан патша әскерімен соғысамын деп қол жыйып, қарсы аттанады; Қапалда соғысып, Құдияр жай қашпайды, жолдагы бейбіт қазак ауылдарын ойрандап шауып, қыз-қатын, мал-мұлкін талап кетеді. Колпаковский, Черняевтердің әскері Жетісуга тақап келгенде Құдияр бұрынғыдан да қатты қағынып, қырғыздың Орман ханымен бірігіп қалың қол болып келіп, Тілеуқа-был елін Сарыкемер деген жерде талқандап шабады.

Есенгіреп ел кетті,
Кемпір-шалды еніретті
Керегі талап алынды.

Қалың Дулат үшке бөлініп кетеді. Дулаттың батыры Сыптаій жаудан қорқып бір бөлек елімен Аңырақайдың тасына тығылады. Бірі Сарыкемер бойында жаудың ойнағы болып қалады, бір бөлегі — Арқаға қарай ауады. Жаудан ойран болып, сасқан ел атынан Үшқоңырда аң аулап жүрген Сұраншыға Қәрібоз Бауке деген екі қарт жылап келіп, хабар айтады. Елдің шабылған хабарын естіген Сұраншы үш жүздей қол жыйып, қасына Аңдас, Жагор, Нарбота, Дәуқара, Шымыrbай сықты батыр серіктерін ертіп, елде масайрап жатқан жауға келіп тиеді. Орыс жолдасы Жагордың ақылымен түнде жан-жақтан көп от жағып, көп әскер келген екен деген белгі білдіреді. Жау, орыс әскері келіп қалды деп үрейленіп қатты сасады. Осы кезде Сұраншы жаудың ордасына шабуыл жасайды, Құдияр мен Орман ханың әскері қашады, Сұраншы қашқан жауға түре тиіп үш күн, үш түн ұрыс салып, көбін қырғынға ұшыратып, қалғанын Қордайдан асыра қуып тастайды, таланған мал-мұлікті, шабыншылыққа ұшыраған елді құтқарып алады, жырдың бірінші бөлімі осымен аяқталады.

Екінші бөлімінде Сұраншыдан жеңіліп қырғынға ұшыраған Құдияр мен Орман ханың Сұраншыға қарсы жорыққа дайындалып жатқанын баяндайды. Орман бастаған қырғыздың манаптары елін жыйнап Сұраншыға қар-

¹ Жамбыл, Т. Ш. 565—566-бет.

сы соғысқа шақырады. Бірақ қырғыз халқы қазаққа қарсы соғысудан бас тартады. Орман қолға түсіру мақсатымен Сұраншыға батыр болсаң алдымға келіп сейлес деп Сұраншының намысына тиіп хат жазады. Сұраншы хатты оқып серіктерін жыйнал алып,— Орман соғыс, жаулық тілеп отыр, не де болса ордасына барайын деп, Орман ханың ордасына келеді. Қол жыймай Сұраншының жалғыз келгенін көрген қырғыз халқы Сұраншы жаулықпен емес, татулық тілеп келді, біз онымен соғыспаймыз деп тарап кетеді. 8000 адамнан 800 дей манаптар ғана қалады. Сұраншы келіп — сен қазақ, пен қырғызды жауластырдың, жазықсыз елімді шаптың, менің жауым сенсің, қол жыймай тек өгінмен жекпе-жек соғыскалы келдім, шық быттай дейді. Орман Сұраншыға қарсы Бұқай, Байтыл, Битуған атты үш батырын жекпе-жек ұрысқа шығарады, Сұраншы үшеуін наизалап түсіріп кетеді. Онан кейін Орман өзі бас болып манаптар тобы Сұраншыны ортаға ала үрыс салады. Үрыс қатты болады. Жалғыз үрыс салған Сұраншы бір кездескенде Орманды наизалап қатты жарапайды. Өзі де ауыр жарапы болып қалжырап қолға түсер халге жетеді. Міне осы кезде дабыл қағып 40 жолдасымен Жагор келеді. Жау тобына оқ атады. Сұраншыны қамағандар дүркіреп қашады. Орман да жарапы күйінде ордасына қашып тығылады, кейін сол жарасынан айыға алмай өледі. Сұраншы Жагормен қосылып еліне қайтады. Поэма осымен аяқталады. Поэманиң ақырында советтік замандағы халық достығы, батырлық туралы қортынды берілген.

Поэмадағы баяндалатын оқыйғалардың, Сұраншы ерлігінің тарихи шындықпен байланысын ел анызында да сакталған деректерден көреміз. Бұл жайларды анықтау үшін XIX ғасырдың 50—60-жылдарындағы Сұраншының өміріне байланысты тарихи деректерге тоқталайық.

Тарихи деректерге карағанда, Сұраншының халыққа, Россияға пайдалы, прогрессивті қызметі мол екендігі байқалады. Сонымен бірге халық жырындағыдай Сұраншы біріңғай мактала бермейді, оның халық мақсатынан алғыстаған реакцияшыл әрекеттерге де ойықсандығы айтылады. Бұл жағдайда тарих ғылымы толық анықтап беруге міндetti.

Сұраншы Хакімбеков (архив документтерінде кейде Әкімбеков) Шапырашты руының батыры, рубасы біi 1845—1865-жылдар арасында өзінің бір болыс Шапыраш-

ты руын толық билеген, оның беделі тек Шапырашты ортасында ғана емес, ұлы жүздің Дулат, Албан рулары ішінде де, Жетісу елін билеген патша ұлықтарының, сұltандардың алдында да зор болған. Алатау соғыс округі нің және ұлы жұз қазақтарының сол кездегі бас әкімі (приставы) подполковник (кейіннен генерал) Г. А. Колпаковский және қырғыздың манаңтары сыртқы, ішкі саясат мәселелерінде Сұраншымен көп санасып ғтырған. 1847 жылдан орыс әскеріне алдын ала тілекестігі және елді Россияға ерікті түрде бағындыруға басшылық еткен қызметі үшін Сұраншыға прaporщик атағы берілді. 1849—1850 жылдары Сұраншы, Сарыбай, Диҳанбай, Қожағұл, Андас, Бөлек тағы басқалары капитан Гутковский, капитан Перемышльский, полковник Қарбычовтар бастаған әскердің қатарында болған, 1853—1854 жылдары Жетісу-дағы бірнеше казақ руларын, кейбір қырғыз руларын Россияға қаратуға, орыс әскерін Ілден өткізіп, Верный (қазіргі Алматы) бекінісін салуға көмектескен. Осы кездерден бастап Сұраншы Жетісудың бас соғыс әкімі Колпаковскийдің және басқа орыстың офицерінің алдында сенимді адам санаған. Орыс әскері Қаскелен, Ұзынағашқа орналасқан кездерде де Сұраншы жергілікті халық, пен орыс әскері арасын татулықта ұстауға тырысқан.

Г. А. Колпаковский 1858-жылдары Омбыдағы батыс Сибирь генерал-губернаторына жазған хаттарында былай дейді: «Сұраншы бізге достығымен, тамаша салт атты батырлығымен елде өте беделді, даңқты кісі. Ол қай мезгілде болсын 2000 жігітті атқа кондырып, қандай жау болса да қарсы тұра алатын адам»¹.

«Сұраншы жігіттері кадровой әскердей әрдайым да-йын тұрады. Ол қыйын жерлерге барлаушы жібереді, Сұраншы жігіттерінің тәртіптілігі сондай, Сұраншы батырдың ерлігін сүйсінгендіктен ешбір қорықпай, зенбірекке де қарамай алға басады»².

XIX ғасырдың орта кезіндегі Жетісу елінің ішкі, сыртқы саяси, қоғамдық халі өте ауыр, шиеленіскең жағдайдада болды. Жетісу елі Қоқанның қоластындағы қатал қысымда болатын. Оның үстінен солтустік шығысынан патша үкіметінің әскери келді, ел жаңа занға бағына бастады, оцтүстік батысынан Қоқанның әскерлері және Қоқанның ай-

¹ Исторический архив КазССР. Ф. З. Д-8, Л. 5
² Сонда.

дап қоймайды, сонымен бірге жалпы казақ поэзиясында бастаған, немесе қарауға ниет білдірген ауылдарға дамылсыз шабуыл жасап тұрды. Екі жагы да әр рудын, әр бір рубасы батырлардың қандай саясат қолданудағы басқан ізін аңдып, бақылат отырды. Әсіреле Сұраншы елінің қонысы, мекені Коқанның келер бетінде, ерсілі-қарсылы жорықпен өткен әскердің жолында болды. Міне осындағы қыйын шиеленіскең жағдайда Сұраншы өзінің қарулы жігіттері және айлалы ақылды дипломатиялық қарым-қатнастары арқасында елін зор шапқыншылық апаттардан аман алдып отырған. Осы дәуірдегі Сұраншының жалпы әрекеттері, саясаты Россияға бағыну, достық ниетінде болады.

Штабс капитан Пенков 1859-жылы 9-июльде Колпаковскийге берген рапортында былай дейді:

«Шу өзені бойына барлау жасағанымызда отрядтың қатарында болып, өзіне жүктелген міндепті адал орындаған қазақтарды құрметтеп, наградқа ұсыну қажет деп ойлаймын. Олар, әсіреле отрядтың жүріп-тұруына, азық-тұлікпен қамсыз болуына кемектесті. Осындағы құрметті қазақтардан бастықтардың айрықша назар аударуына батыл ұсынатындарым: прaporщик Сұраншы батыр, Кожағұл Байсеркин, Шаян Толыбаев батыр, Жайнан Қараталов би. Бұлар ерекше еңбек сінірген және бізге берілген адамдар»¹. Осы кездегі Россия үкіметінің алдында айрықша еңбегі үшін наградқа тапсырылу туралы бір тізімде Сұраншы, Сарыбай Айдосов, Дулаттың биң Дихамбай Қапсалямов тағы басқалар бар, бәрін де 1847-жылдан Россияға бағынған адамдар дейді. Сұраншы туралы «үкіметіміз алдында қызметі бұрыннан мәлім, Шапырашты болысының батыры прaporщик Экімбековтің қазіргі уақытта қызметі аса бағалы. Әулиеата, Піспекке дейін оның сенімді адамдары барып, барлау жүргізіп қайта алады»²— деп жазды. 1860-жылғы бір тізімде Сұраншының күміс медальмен наградталғаны, қазір жалакы алмайтыны айттылады.³

1859 жылы 5 ноябрьдегі жасырын рапортта Сұраншымен арада болған кездесу, кенесу жайы айттылады, Сұраншы — Шудың аржағындағы Керім Шудан бері көшетінін, бірақ Коқаннан қатты қорқатынын, өз халі де сон-

¹ Исторический архив КазССР. Ф. З. «дел—52. Л—1.

² Сонда.

³ Сонда.

дай екенін, қыс ішінде қоныс аударудың қыйындығын, көтем шыға өзінің бері көшетінін, Сыпатайлардың да бері келуіне беделін жұмсағынын хабарлаған¹. Алайда 1859 жылдың ақыры мен 1860 жылы жалпы саяси, соғыстық хал бұрынғыдан да шиеленісе түседі. Ел ішінде Қоқанның тыңшылары, дін ұранын жалау қылыш, Россияға қарсы үгіт таратушы қожа, молдалар көбейе бастайды. Қоқан бектері Шапырашты, Дулаттарға ашық күш көрсетеді. Сондықтан осы кездегі (1859 жылы ноябрь—декабрь) жасырын мәліметтерде қырғыз Жаңгараштың Қоқанмен байланыс жасағаны, шекарадағы бекіністерге, ауылдарға шабуыл жасау қаупі барлығы, қазактың Тазабек сыйқты кейбір рубасылары да толқи бастағаны, міне осы жағдайда Сұраншының позициясы аса маңызды екені айтылады².

1860 жылдың күзіне қарсы Қоқанның Қанағатша бек бастаған 20000 қолы шабуыл жасап, бейбіт жатқан көшпелі елдердің бірқатарын басып алды, бірқатар рулар жаудың қоршауында, тылында қалып қойды. Қарсыласарға, яки көшіп кетерге дәрмен жоқ. Сырттай амалсыз қоқандықтарға бағынады, бірақ Сұраншы астыртын орыстармен қарым-қатнасын үзбейді. Бұл ауыр халдер осы кездегі Сұраншы мен Колпаковский арасындағы жазысқан хаттардан айқын көрінеді.

1860 жылы 3 октябрьде Сұраншыға жазған хатында Колпаковский Сұраншының хатын алғып риза болғандығын, кәдірлі Андостың келіп сейлесуі мақұл екендігін айтады.³ Ал бұған жауап хатында Сұраншы батыр — Ұлы жүз қазактарының бастығына дүғай сәлемнен соң айтады, хал жайымыз аман. Амандаспай кетті деп көнілінізге алмассыз. Ұақыт тар болды. Қазақ төрелерінің өсегі көп, Андосты не үшін шақыртты деп ойлап қалдық... Ұлық кара, төрені бірдей ұстайды, төрелердің жаласына ермейді деп сенип едім. Қоқан, Бұқараға елші қатнасы бар деңгендер жала. Қазақ, қырғыз татулыққа келейік деген ниеitimiz fana edi⁴.

Г. А. Колпаковский айлалы дипломат адам және шиеленісіп тұрған жағдайда—Сұраншы сыйқты беделді адамдармен қарым-қатнасты әлсірету пайдасыз екенін түсініп,

¹ Исторический архив КазССР, Ф. З. Д.—18, Л-38. л-45.

² Сонда, 38 л 6—8.

³ Сонда, 52, л—20—21.

⁴ Сонда, 52, л—30.

қайткен күнде Сұраншыны достык қатнаста ұстаудың шарасын көздейді. 1860 жылы 28 октябрьде Шапыраштының басты адамдары Сұраншы мен Нарботаға хат жазады:

«Қоқан бізбен соғыскалы келді, орыс әскерінің күшінен жеңілетіні даусыз. Шапыраштының зорлықпен Қоқан қоластына қалып қоюы қынжыларлық іс. Қарсы тұрарлық халдерің жоқ екенін де білем. Құрметті батыр-білер, қоқандықтардың ішінде болғандарың үшін сіздерді ешбір айыптамаймын. Жалпы жағдай солай болып отыр. Мұны кеше Шаян келіп түсіндірді. Сондықтан менің сіздерден сұрайтыным: Қоқанның ешқандай әрекетіне аласпай, өздеріңіз тыныш көшіп, шаруаларыңды істей беріндер! Маган келіп жолығындар. Орыс үкіметі сіздерге ешқандай жаманшылық ойламайды»¹

Араларында осындай дипломатиялық қарым-қатнастар жүріп жатса да, Сұраншы үлкен толқуда болады 20000 қолмен келген қоқандықтардан қатты қаймығады, Қоқан қолының қатарындағы қазактың кейір сұлтан, датқаларымен, қырғыз манаптарымен байланыс жасайды. Бұл Сұраншының теріс бағытқа ойысып сүрінген, адасқан кездері сыйкты.

Сұраншы Шу, Үргайты өзендерінің бойына көшіп кетіп, жергілікті әкімдердің кейір зансыз қылыктарына, алдымен жазықсыз адамдарды тұтқындауға наразылық білдіреді. Сұлтан-төрелер мен кейір билердің жалаларына еріп, патша әкімдері бір жағынан Сұраншыға сенімсіздік көрсетіп, оның жақындарын, өзін алдаумен қолға түсіру әрекетін істесе, екінші жағынан Сұраншымен татулық жағын сөйлеседі, әсіресе Сұраншы мен Колпаковский екеуде татуласу, табысу ниетінде болады. Колпаковский:

«1861 жылы—Күртебайды босатып, хатпен қайырып отырмын. Қазір бүкпе сақтамай ашық сейлесетін жағдай бар. Сенің қайтып келуіңе әлі уақыт бар. Бізден қауіптен-бей-ак кой, себебі сен кіналы емессің, сені қу Андас еліктірді ғой, ал біз оған да кешірім жарияладық. Мен ержүрек достарыма, Шапыраштының данкты ата-бабалары көміліп жатқан өз мекендеріне қайтып келіндер деп кенес беремін,²—дейді. Бұған жауап ретінде жазған хатында Сұраншы (марттың бас кезінде) Күртебайды қайырғанына ри-залық білдіреді; екі арада көніл алалығы жоқтығы, Шу

¹ Исторический архив КазССР Ф. З. Д. —75 а, л—34.

² Исторический архив. Ф. З. Д. 334, л—12.

бойында болса да қызмет істеп тұрғанын айтады. «Арадағы өсек сөзге нанбаңыз! Ауызша сөйлескеніміз мақұл. Бушман деген бір адамымыздың бес жылқысын Нарбота ұрлатып алған. Сол жылқының артынан барса, Нарбота оны Сұраншының жансызы деп сізге ұстап берген. Ол жансызы емес, өз жұмысина жүрген адам. Ол адамның қазір бар, жоқ екенін білмейміз. Бізге сенсеніз, Нарботамен тыныш тұрсын десеңіз сол адамымызды шығарып беріңіз, егер де шығарып бермесеңіз Нарботамен біздің Алматының тұбінде болсақ та атысып, шабысуымыз бар. Не Нарбота өледі, не біз өлеміз»¹ дейді. Бұдан кейінгі уақытта араларындағы жазысқан хаттарында Бушманды босату, Сұраншымен кездесіп сөйлесу жайы айтылады.

1861 жылы 26 август күнгі Колпаковскийге жазған хатында Сұраншы былай дейді:

«Мен сізге әркімнің жаласымен жақынмыды Сибирьге жер аударғаныңызға өкпелеймін. Сіз шындыққа неге қарамайсыз. Ешбір дәлелсіз, куәсіз жер аудару деген ақ патшаның заңында жоқ сыйкыты емес пе? Ал сіз жаздыңыз да айдатып жібердіңіз. Былтыр қоқандықтар келгенде біз олардың қоршауында қалып койсақ та сізге мәлімет берген менен басқа кім бар еді? Сіз мен берген ақбар бойынша қаруланып, қамданып шыктыңыз. Өсекке де ермеймін және одан корықпаймын да. Мен екі сөйлемеймін, сізге келем дедім. Келемін»².

Сұраншы Коқан барлаушыларының қолына түскен кейбір орыстарды қайырып жіберіп, Колпаковскийден Бушманды босатуын սұрайды³.

1860—1861 жылдары Сұраншы Шу бойында, Ырғайты өзені бойларында, Аңырақай, Қордай тауларын бектерлеп көшіп жүрген. Бұл жерлер Коқанмен шектес, көшіп-қонуына жайсыз болады. Оның үстіне Шудың Балқашқа қарай беттеген жағынан Орта жүзден Ағыбай батыр бастаған барымташылар келіп Сұраншы, Сыпатаі ауылдарын неше рет шауып кеткен. Соңдықтан Сұраншы өзінің ата-мекен қонысына қайта көшіп келуге қатты ынтық болған. Осы кезде Тезек тереге жазған бір хатында: «Тұрған елдің жер-сүн, ондағы көшіп-қонып жүрген ағайынды сағындым»⁴ дейді. Міне осындай қыйын жағдайда

¹ Исторический архив. Ф. З. Д. 75 а, л—23—24.

² Сонда, 150 а, л—4.

³ Сонда, 452 а, л—18.

Сонда, 150 а, л—23.

Сұраншы өзіне сүйеніш пен сенімді орыс үкіметінен іздейді. Қалайда Колпаковскиймен достасу ииетінде болады, орыстың барлаушы отрядына болысады, сондай-ақ Колпаковский Сұраншының өтінішін еске алып, Сибирге жер аударылған Буцманды қайтартады. Ақыры 1862 жылы Қордай бойында Колпаковский мен Сұраншы кездесіп, барлық жайды ауызекі айтысып әбден үғысады. Сондықтан 1862 жылы 21 майда Колпаковский Омбыдағы корпус командиріне жазған хатында Сұраншының бұрынғы батырлық істері бағалы екенін айтЫп, мактайды, «... себебі ол Шудан әрі өткен жоқ, Қанағатша отрядына катнаспады, бізге қарсы дүшпандық әрекет жасаған жоқ. Ол Шу бойында тұрғанда менімен үнемі хабарласып, достық ниет білдіріп, кейбір жағдайда бізге болысып тұрды, қоқандықтар қолына түскен адамдарымыз болса бізге қайырып жіберіп отырды»¹ дейді.

Колпаковский тек Сұраншыны ғана емес, Дулаттың батырлары Сыпатай, Диханбайларды да ақтап жазып, губернатордан оларға да кешірім жариялануын өтінеді. Генерал-губернатор Дюгомельдің 1862 жылы 16 июньдегі бұйрығы бойынша Сұраншы, Сыпатай, Диханбайға кешірім жарияланып, өзінің ата-мекен жерлеріне еркін көшіп келуіне рұқсат беріледі. Дулат, Шапырашты басшыларының орыс үкіметімен біржола татулыққа келіп, ел іргесі қозғалып, орыс қоластына қарай көше бастағанда қоқандықтар, қырғыз манаптары казақ ауылдарын шаба бастайды. Мұндай ауыр, шиеленіскең жағдайда Сұраншы, Сыпатайлар өз руын тек орыс әскерінің жәрдеміне сүйеніп қорғауына тұра келді.

1863 жылы 14 жульде К. К. Гутковскийге жазған хатында Шоқан Үәлиханов айтады:

«Шудын арғы және бергі жағындағы қазақтар арасында наразылық қазір тағы да басталды. Қарым-қатнас жоғылды. Шудан өткендерді Сұраншы мен Сыпатай орыстарға ұстап беріп еркінен айырады. Дұрысында, Қоқан қоластындағыларға қалай қараганымызben, ауыр қысымда, налог, зекеттерді бұрынғы жылдармен салыстырғанда үш есе көп төлеген қазак, қырғыздарды өзімізге қарсы шығарудың керегі жоқ, олар орысты сол қорлықтан күткәрушы деп күтеді!»¹.

¹ Исторический архив. Ф. З. Д. 452 а, л—25—26.

• Ч. Җ Валиханов Статьи и переписки. А-Ата, 1917. стр 128

Сұраншы қайтадан орыс әскерімен жақын араласып, 1864—1865 жылдардағы Орта Азияға аттанған генерал Черняевтің жорығына қатысады. Осы жолда каза тапқан.

Жамбылдың поэмасында да көрінетін Сұраншы өміріне байланысты жалпы тарихи, қоғамдық жағдайлар, құрделі тарихи уақыттар міне осындай. Бірақ ақын Сұраншы өмірін, оған байланысты тарихи уақыттарды туғел жырлап отырған жоқ.

1851 жылы август айында Орман хан 2000 қолмен келіп Майтөбенің маңында Зілгара сазында дәл Сұраншы батырдың аулының үстінде жасауыл Ребловтың отрядымен кездесіп соғысқан¹ Әрине бұл соғыста сөз жоқ Сұраншы орыс әскерінің жағында болған. Әдебиетші К. Тұрганбаев өзінің «Жамбылдың батырлық дастандары» деге зерттеуінде Жамбылдың поэмасында аталатын Батыл батыр, Орманның баласы Үмбетәлі манап, қазақ ауылдарынан соның ішінде Сарыбай, Сұраншы батыр ауылдарын шапқандығын айтады². Сондай-ақ Дулаттың ірі феодалы Тойшыбек те Қоқанның айдалымен қазақ ауылдарын, көрші қырғыз руларын ойрандап отырған. Тойшыбек пен Үмбетәлінің бірде Қоқанға, бірде патша үкіметі жағына шығып, екі ел арасын арандату, мазасыз жорық үйымдастыру әрекеттерін қазақ, қырғыз еңбекшілері еш-уақытта қолдаған емес. Осындай феодалдық өзара шабыншылықтар кезінде қырғыздың Бұғы руынан шыққан Балбай батыры 1855 жылдары Орман ханды өлтірген. Әсіреле Қоқанның қазақ ауылдарына шабуылы өзіне қарасты қазақ қырғыз феодалдарын айдалымен салу әрекеті 1860 жылғы Ұзынағаш соғысының қарсанында, онан соң Сұраншының орыс қоластына қайта көшіп келген мезгілдерінде күштегі түсінен. Піспектегі Қоқанның Атабек бегі манаптарға жазған бір хатында «егер қазақ, қырғыздар бізге бағынбаса, қарсы тұрса біз бағындырамыз, бағындыруға күш береміз. Сіздерге көмекке Тоғалақ қожаны жіберіп отырмыз» дейді.³ Міне осындай өзінің саяси экономикалық үстемдігінен, ықпалынан біржола айрыла бастаған кезде патша үкіметінің әскеріне бөгет жасау максатымен Қоқан үкіметі, өзінің талаушыларын қазақ ауылдарына көбірек айдалымен салғандығы айтылады.

¹ Каз. ЦАУ. ф. 2. д. 18. № 27.

² К. Тұрганбаев. «Жамбылдың батырлық дастандары» (колжазба), 146—156-беттер.

³ Исторический архив. КазССР Ф. З. Д. 513, л.—92.

«3000 кісі қол елімізді шауып талқандады, ел жұртым барша бүлінді, көп адам өлді... Шудан өтіп сіздерге көшпек болғанда артымыздан және келіп шауып тағы алты адам өлді. Жер алыс қоныс шалғай. Еш амалым қалмады,— дейді Диханбай би¹ Колпаковский осы кездегі бір хатында қоқандықтар қырғыз бер қазакты өз жағына күштеп көшіріп әкеткісі келеді». дейді. (Сонда).

«Сұраншы» поэмасында жырланатын тарихи шындықтың жалпы үзын үргасы міне осындей.

Ақын XIX ғасырдың 50—60 жылдарындағы қазақ халқының Қокан шапқыншыларына қарсы күрестерін дұрыс, туйінде жырлайды. Осы дәуірде болған жорық шапқыншылықтардың бәрін тізбектеп ала бермей, өте айқын фактілерді жыйнақтап, тарихи шындық түрғысынан баяндайды. Ақын қазақ ауылшының ойрандалып, шабылуының бір-ақ көрінісін (әпізодын), Сұраншының екі соғысын алып суреттейді. Бұл поэманның сюжетін ықшамдап, жыйнакты етіп алудағы ақынның шеберлігі. Онан соң поэмада жырланатын, әсіресе оның 1-бөлімінде баяндалатын уақыйға негізінде тарихи шындықтан алынған. Оны тарихи деректер де, халық анызы да растайды.

К. Тұрғанбаевтың айтуына қарағанда Саркемерде Тілеуқабылдың шабуылы 1852—1853 жылдардың кезінде болған. 1853 жылы 20 майда жазылған ресми хабарда «би Қерім бізге берілген кісі» Гутковскийге қарсы көтеріліске қатнасқан жок. Тойшибектің жеткізуі бойынша Қокан зынданында үш ай жатып, бар мүлкінен айрылып қалған² делінген. 1860 жылы Сұраншының Қопа бойында, тауда қоқандықтармен бірнеше рет шайқасуы болғаны айтылады³. 1861 жылы июльде қоқандықтар Қаскелеңнің Ілеге таяу бойында бес ауылды шауып, таланған мал мен тұтқын әйелдерді орыс-қазақ отряды Кордай бойында артынан куып жетіп айырып алған⁴.

Академик Обручевтің кітабында — 1853 жылдары Тойшибек бастаған жеке жасақтар Шу жағынан келіп, орысқа қараған қазақ ауылдарына дамылсыз шабуыл жасағандығы айтылады⁵.

¹ Исторический архив Ф. З. Д. 462 а, л—37-38.

² Соңда. Ф. З. Д. 26 Л—84.

³ Соңда. Д. 7 Л. 10-14.

⁴ Соңда. Д. 185, Л—5.

⁵ Ак. Обручев В. А. Григорий Николаевич Потанин. М. 1947 г. 27—28 стр.

Ал шабылған елді Сұраншының құтқарып алғаны туралы Жамбыл атындағы колхоздың мүшесі Бейсембаев Ұбырайым мынаны айтқан:

— Менің атам Райымбек деген кісі 1914 жылы 83 жасында қайтыс болды. Сұраншының соғыстарына көп қатнасқан. Сол кісіден Саркемердегі Тілеуқабылдың шабылуды және елді Сұраншының құтқару жайын толық естідім. Атам Райымбек айтушы еді:— Сұраншыға хабар келгенде мен қасында едім. Қаргалының беткейінде ауылдың сыртында Сұраншы тоғызқұмалақ ойнап отыр еді, екі салт атпен Тілеуқабылдың шапқыншысы келді. Қос атпен келе жатқан шапқыншыны көргенде Сұраншы ойнанды қойып күтіп отырды. «Тойшыбек бастаған Коқаның қолы Саркемerde Тілеуқабылды шапты» деген хабарды естіп қатты күйініп біраз ойланып отырды да, «тігіңдер туды» деді. Кешке Есқожа, Екейдің ер азаматы атқа мінгенде санымыз 300-ге жетті. Қол жөнкіле төмен түсті. Қара көбейтіндер деп малшыларға дейін түгел атқа мінгізді. Жау қолы Қопада екен, қолды тоқтатып, атты тынықтырды. Құн бата кісі басы үш жерден от жактырды. Ел жата үш жұз кісі үш белініп жауға тиді. Сұраншы алдымен Коқан қолының ортасына өзі жарып кіріп туын шашып түсірген. Алансыз жатқан жау есі шығып, соғыса алмай қаша берді. Біз жауды қуа ұрсып, талқандап женіп, олар талаған мал-мұлікті Тілеуқабылға қайырдық дейді.¹

Мұндағы негізгі идея халықтың Коқан құлдығына, шапқыншылығына қарсы азаттық куресі, Сұраншы мен орыс солдаттарының арасындағы достық мәселесі. Егер бұрынғы тарихи жырларда ұлт азаттық куресі көбінесе ақынның феодалдық, діншілдік идеологиясы араласумен жырланатын болса, Жамбыл поэмасы бұл тақырыпты мұсылман қауымы саналған Орта Азия хандары мен феодал, манаптарын әшкерелеу, соларға қарсы енбекші халықтың таптық ыза-кегін қозғау түрғысынан жырлайды.

Соғыссыз батырлық жыр болмайды. Батырдың соғыстағы ерлігі батырлық поэмалардың кілті сыйкты. Бұл ертедегі эпостық жырларға ғана тән емес, тіпті бертіндегі Амангелді, азамат соғысының батырлары, Отан соғысына катысқан батырлар туралы поэмаларда да соғысты, со-

¹ С. Бегалин. Жамбылдың өміріне косымша материал (колжазба), 63—64-бет.

рыстағы батырдың ерлігін даралап жырлау негізгі сюжеттік кілт болып отырады. «Сұраншы батыр» поэмасында міне осы соғысты жырлау заңдылығы толық сақталған. Поэмада Сұраншы негізгі қаһарман. Сұраншыдан басқа батырға серік Андас, Жагор, Нарбота, Шымырбай атты достар, қорлық көрген ел өкілі ретінде Бауке, Қерібоз қарттар суреттеледі. Ал Құдияр, Орман хандар жалпы уақыйға сарынымен тұтас жағымсыз бейнеде сыйпатталады. Ел басына күн туғанда қара басын қорғап қашып кеткен табансыз Сыпатай батыр қатты мінеледі, Сыпатаиды осы тұрғыда табансыз, опасыз етіп Сүйімбай да жырлаған.

Ақын Сұраншының батыр үрпақ ата-тегін, туып-өскен мекенін, елі-жұртын кең таныстырады. Батырдың өмірі, ерлігі — ел тіршілігімен, елдің тағдырымен тығыз байланысты.

Ақын Сұраншының ерлігін бұрынғы батырлардай тек бірден соғысқа, майданға аттандыру жағдайында көрсетпейді, елдің талауға, қырғынға үшыраған ауыр халіне байланысты, басынған жаудан халық кек алу, ел намысын жоқтау кезеңіне қабыстыра суреттейді. Сұраншыда қара басының даралық кек намысынан гөрі ел намысы, ел кегі айқын, ашық.

«Жұртым үшін мен қурбан
Жазасын жаудын берейін.
Еңкілдеген шал анау
Шырылдаған бала анау.
Күышаш болған бектерге
Келіншек пен қызы анау
Көзім тірі тұрганда
Корлыққа қалай көнегін...
Ел үшін жанды қыймасан
Ер деп қалай сенейін.
Ақ тұяқты шаптырып
Жауға карсы желейін
Карсы семсер салысып
Жағаласып алдысып
Не босатып елді алдып
Не тұтқын бол мен қалып
Халық үшін мен ылак
Жау колында өлейін»

(Сонда, 580—581-бет).

Бұл толғау Сұраншы образының патриоттық мәнін ашып қана қоймайды, сонымен бірге поэмалық да идеялық мазмұнын анықтайды. Ақын суреттеуінде Сұраншы

жаудың қаупынан, көптігінен қаймықпайтын табанды, қайсар, өштескен қас жауынан кек алмай тынбайтын — наымыскер батыр.

Рас, Сұраншының жаумен бетпе-бет айқасқан соғыстарын суреттеуде бұрынғы батырлар жырына үқсайтын жерлері де жок емес. Мәселен: мың сан жаумен араласып, шөптей жапырып қыра беру, Орман хан алдында жекпежек ұрыс сыйкты. Бірақ ақын Сұраншының соғыстарын, оның батырлыққа тән өзіндік бітім мінездерін шындыққа сыйымды көркемдік әдіспен жырлайды. Алдымен Сұраншы жалғыз қара күшіне ғана сенетін анғал батыр емес, ұрыстың айла-тәсілдерін билетін жауға қарсы түлкідей құлығы бар қырағы, алғыр батыр. Соғыста қайрат пеп айланы бірдей жұмсайды. Өзінің ең сенімді жолдастарын, соның ішінде Жагор бастаған орыс солдатын—барлығын түгел ұрысқа дайындал жау ордасына шабар алдында мылтық аттырып, орыс әскері келгендей белгісін білдіргендей жаудың үрейін алғызады. Сұраншының Жагормен қосылып істеген осы айласы Қоқанның карулы қолының берекесін кетіреді, жау—орыс әскері қаптап келіп қалды деп түн ішінде зәресі ұшып сасып, қаша бастайды. Сұраншы жауға міне осындаі берекесін қашырып арасына іріткі салған кезде барып батыл шабуыл жасайды.

Сұраншының бұл шабуылы ақын суреттеуінде Алатауды сілкіндіргендей тегеуінді, тасыған селдей ұлы күш болып қашқан жауды таптап өтеді:

«Койдан үркіп жау қашты
Сұраншы батыр ат койды.
Бөгетін алған өзендей
Азғана сарбаз лап қойды.
Назағайдай шартылдаپ,
Бұлт отындаі жарқылдаپ
Бұрқылдаған берендей
Күнге қосты түтінді.
Астына мінген ақ түяқ
Қоздырып тозаң бұрқыраң
Атқан оқтай жұтынды.
Аш қасқырдай батырдан...
Қай жау қашып құтылды.
Ұстарадай шаш алған
Жауды батыр сыпирды»

(Сонда, 585—586 бет).

Сұраншы үш күн, үш түн соғысып, жауды ойрандала женип қырғынға ұшыратып, қалғандарын Қордайдан асы-

ра қып тастайды. Рас, ақын суреттеуінде Сұраншы томағасын алған қырандай алғыр, бөгетін алған өзеннің тасыған селіндей тегеурінді немесе қара бұлтты қақ жарған нажағайдай.

Жамбыл Сұраншы мен Жагордың достығын да тарихи шындық түрғысынан дұрыс жырлайды. Жагордың Сұраншыға болысып соғысуы, 1860 жылы Черкашенин отрядының Сұраншыға көмектескенін Сұраншының 1864 жылғы Орман ханының баласы Үмбетәлінің қолына тұтқынға түсіп, орыс әскерінің талабы бойынша босанып шыққан уақыйғасын еске түсіретіндігі даусыз. Оның бержагында осы кездерде Вернидегі Сибирлік отряд қатарынан кеткен Қулешов, Нестеров, Бутинцев атты солдаттар қазақ арасында жасырынып жүрген. Бұл солдаттардың Сұраншы сияқты батырдың қолына келіп паналауы ықтыймал.

Жамбыл поэмасында Сұраншының соғысқа байланысты ғсқан ерлігін, айлакерлігін, халқын сүйген жақсы ойсезімін, табандылығын шебер суреттей отырып, дәл оның басына түскен ең қыйын халдерден құтылуына орыс солдаты Жагор көмектескендігін көн жырлайды. Мұны жоғарыда айтқандай Сұраншының өз басында болған тарихи шындық уақыйға ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдегі қазақ халқы мен орыс халқының достығының айқын бейнесі сияқты. Ел Қокан құлдығында таланып жатқанда сол құлдықтан құтылу үшін Сұраншыдай халық батыры ұлт азаттық күресін бастады. Бірақ жауының қүші басым болып, елінің кегін ала алмай, тарыққан шағында жеткен орыс әскерінің көмегі Сұраншыға көрсеткен Жагордың көмегіне үқсас еді. Сөйтіп ақын Сұраншы соғысына қатысқан, болысқан, женіске жетуіне тіректі күш болған Жагордың ерлігі қазақ батыры мен орыс солдатының арасындағы достықты түйінде жырлайды.

Сұраншы батыр поэмасында сез жоқ бұрынғы батырлар жырының дәстүрі де елеулі орын алады. Ол әсіресе Сұраншының батырлық кескін-келбетін, астына мінген атын, соғыстың кейбір кезеңдерін суреттеуінде байқалады.

«Бұырканды, бұрсанды
Мұздай темір құрсанды.
Ақ беренге оқ салты.
Ақ тұяққа ер салды»

Немесе: «Кыран құстай комandanы
Көк семсерді колға алды
Жар қабакты жалтыр бас

Қарына наиза байлады,
Семсерін соған кайрады...»—
(Сонда, 579-бет).

деген суреттеулер Жамбылдың өзіне дейінгі батырлар жырында бар сыпattyр: Тағы да ақынның:

Ақ түяктың үстінде
Аш қасқырдай бүгіліп
Қарына ілген калқаны
Ілгері-кейін жүгіріп,
Жарқыраган сұңгісі
Құндік жерден керіліп
Тау жаңғырып салдырап
Көк темірге көміліп,
Қыядан салған қырандай
Күн астына үңіліп,
Ер сыйпатын көрін жау
Өз жанынан түніліп
Аллату асты Сұраншы»

(584-бет)

деп батырдың жорыкқа аттанып бара жатқан сапары, сыртқы әсем тұлға, келбетін шебер сыпattyтуы да бұрынғы Қобландының Тайбурылымен, Алпамыстың Байшұбарымен, Қамбардың Қарақасқамен аттанып бара жатқандарына ұқсап тұрады. Алайда осы ұқсастыққа қарап, «Сұраншы батыр» поэмасын батырлық жыр (эпос) деуге болмайды. Бұл тарихи шындыкты жырлаған батырлық поэма; мұнда батырлық жырдан гөрі тарихи жырдың белгілі элементі басым екені жоғарыдағы талдаудан айқын көрінеді. Алдымен бұл поэмада батырлар жырында қайталап келетін ортақ зандалықтар түгел жоқ. Мәселен батырдың тууы, ержетуі, үйленуі, ақылшы сұлу жары, батыр қысылғанда жәрдем беретін Қайып Еран, қырық шілтеп сияқты белгісіз күшті, тәңрі әулиенің жәрдемдері, ертегілік, мифтік элементтер тағы басқалар жоқ. Бұл элементтердің орнына поэмада Сұраншы жасаған дәуірдің тарихи қофамдық бейнесі, батырдың туып-өскен ортасының, елінің тіршілігі, табиғаты, мекені кең суреттеледі. Осы суретшілік жағынан алғанда поэма батыр жыры түгіл, тарихи жыр көлемінен асып, реалистік суретті поэма дәрежесіне жақындейды. Оны Жамбылдың поэмадагы лирикалық шегіністерінен, жеке сурет, көркемдік шеберліктерінен айқын көреміз.

Поэмаға ақын қазіргі дәуірдің патриоттық түрғысынан

идеялық қортынды жасайды. Сұраншының ерлігін, ол дәүрдің тарихи уақыйғасын ақын дайын сюжетке қызығып қайта оралу мақсатымен жырлаған емес, сол тарихи уақыйғаны бүгінгі советтік патриотизм идеясының түрғысынан жырлайды.

Сөйтіп Жамбыл Сұраншы батыр поэмасын жеке үзінді, жеке аңыз әңгіме түрінде революциядан бұрын бастап совет дәуірінде ақындық таланты қайта туып, гүлденуі арқасында бұл күрделі ірі шығарманы жырлап аяқтайды. «Сұраншы батыр» поэмасы бұрынғы аңызды жыр дәстүрінен, тарихи жыр үлгісінің шенберінен асып, суретті реалистік поэма дәрежесіне көтерілу фактысын ғана айқындаپ қоймайды, сонымен бірге жалпы қазақ поэзиясында батырлық жыр, тарихи жырлардың даму, өзгерту, жаңа ру құбылыстарын анықтайдын әдебиеттің көрінісі.

Тарихи уақыйға, тарихи батыр өмірі неғұрлым анық, ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын, анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі. Қазактың Қобланды, Алпамыс, Қамбар, Ертарғын сыйкты батырлар жырының негізінде ертерек кезде ел басынан кешкен тарихи уақыйға, тарихи батырдың өмірі жатқандығы даусыз. Бірақ ол жырлар ғасырлар бойы ақыннан ақынға ауызша айтылып жетіп, әуелгі тарихи уақыйғалардың слемі, сүрлеуі ғана сақталып, олар бүтіндей эпостық жырға айналып кеткен. Ондай тарихи батыр туралы аңыз, әңгімелер батырлық жыр үлгісіне айналып жырлана бастау фактысы XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи жырлардан байқауымызға болады». «Қабанбай батыр», «Бөгембай батыр», «Олшабай батыр» тағы басқа жырларда тарихи уақыйға мен аңыз ертегі элементтер араласып келеді. Қабанбай келер жауды алдын ала түсінде көріп болжап біледі, немесе төніп келген қауіпті туының дірілдеуінен байқайды тағы басқалар. Кейбір аңыз әңгімелерде тарихи герой аю, жолбарыспен, жалғызкөзді дәүмен соғысқандығы жыр болады. Бұлай болуының себебі тарихта болған адамдар жайлы уақыйғалар әлі толық түрінде эпостық жырға айналып жетпеген, ол алдымен тарихи шындықты қамту негізінде жырланып, соған аңыз, мифтік элементтер косылып романтикалы ажар, көрік беріп отырады. Тарихи уақыйғаларды, тарихи батырларды бұлай

жырлау совет дәүірінде туған тарихи жырларда да үлкен өрнін алады.

Жамбылдың «Өтеген батыр» жыры да бұрынғы азызды, батырлық жырлардың үлгісімен тамырлас келіп, оған тарихи жыр мен реалистік поэмалық элементтері үштасқандығын көреміз. Бұл дастанда тарихи уақыйғалардың сарыны, сәулесі ғана сақталған да, соның ізімен ақын тыңан жырлаған. Оның себебі тағы да жоғарыда айтылғанымыздыңдай ақын өзі көріп, анығына қанбаған, ізі суyp, азыз әңгімесін ғана естіп жырлағандығынан.

«Өтеген батыр» дастанында сондай-ақ Нұрпейіс, Доскеі, Шашубай тағы басқа бірқатар ақындардың дастандарында азыз, мифтік элемент, романтикалы сарын кездесіп отырады. Мұның өзі көне формаға қайту емес пе? Жаңа дастандардың бойына қашалық қонымды болмақ. Рас, Маркс айтқандай біздің заманда батырлар жыры кайталап тұмайды, тууға мүмкін де емес. Сонымен бірге реалистік негізде жырланған дастандарда романтикалы ажар, көрік беру үшін, геройдың ерекше сыйпатын айқындау үшін азыз, мифтік элементтер араласып отыруы ықтимал. Мифтік, азыз элементі халық ақындарының дастандары түгіл, жазба поэзияға да жат емес.

Жалпы мифтік элемент жазба поэзияға, әсіресе романтикалы поэзияға жат еместігін, Пушкин, Лермонтов жырлайтын романтикалы поэмаларда, Горькийдің романтикалы әңгімелерінде кездесетіндігінен көреміз. Дүние жүзі әдебиетіндегі Фауст, Прометей сияқты образдардың төркінінде мифтік негіз жатқандығы бізге белгілі. Мифтік образының ішінде образben қарым-қатнас, мифтік образының жазба әдебиетке әсері, оның даму динамикасы туралы М. Горький былай дейді:

«Халықтың ауызша творчествосын білмейінше енбекші халықтың шын тарихын білуғе болмайды, өйткені халық творчествосы «Фауст», «Барон Монхаузеннің уақыйғалары» да Костердің «Тиль уленшпигель», Шеллидің, «Азат Прометей» тағы сондай көптеген жазба әдебиеттің тууына үздіксіз және тура әсер етті. Фольклор көне заманнан бері тарихқа өзінше ілесіп келеді... Осы фольклор біздің заманымызда Владимир Ленинді Прометейге барабар, ертедегі мифтік герой дәрежесіне көтеріп жырлап отыр.

Миф дегеніміз, асыра ойлау. Асыра ойлау дегеніміз — өмірде бар заттың негізгі мағнасын алып, образға айналдыру — міне осыдан біз реализмді алдық. Ал егер, сол

әмірден ірікten алынған ойды қыялмен, болуға ықтый-
мал деген армандағармен толықтыратын болса, ол образ
тағы да өсе түседі — мұнымыз мифтік негіздегі роман-
тизм болып шығады, бұл әмірге революциялық көзқарас-
ты тудыруға, әмірді жаңартуға пайда келтіретін роман-
тизм¹ Сөйтіп Горькийдің қағидасты бойынша фольклор-
дағы мифтік элементтің бәрі тек көнеліктік кана белгісі
емес, халықтың ғасырлар бойы дамытып, тарихпен ілес-
тіріп, өзгертіп, құбылтып отырған, жазба поэзияға да әсер
етіп, романтикалы мотив тудыруға негіз болатын сыпат-
тарды да бойына мықты сақтайды. Жамбыл жырлаған
дастандағы фантазиялық элементтер осы Горький анық-
тамасына сай келетін, тарихи қоғамдық шындықтың да
сөулесін елестететін идеялық, көркемдік мотив.

Халыққа бакыт, еркін қоныс іздең жиһан кезу, сол
жолында зұлым күштерді женуші халық қамқоры батыр-
ды ардақтау — ақын поэмасындағы өршіл идеялы ро-
мантиканың сарыны екені даусыз.

Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны осындай сюжет-
тік, көркемдік ерекшелігімен, қазақтың ауыз әдебиетінде
ғана емес, жазба поэзиясының өзінде тарихи геройлық,
суретті романтикалық поэмандың үлгісі ретінде айрықша
орын алады.

«Өтеген батыр» поэмасымен жалғас туған «Сұраншы
батыр» дастаны — қазақ поэзиясында эпикалық жырдың
дамуының екінші бір кезеңін, ерекшелігін анықтайды.
Мұнда енді мифтік, аңыздық элемент жок, көркем сурет-
теуінде аздаған эпос жырының элементі бар. Бірақ бұл
негізінде тарихи реалистік үлгідегі поэма.

«Сұраншы батыр» поэмасының жырлану тарихы,—
тәжкібесі, күрделі дастандардың бірден жасалмайтынды-
ғын, әуелі ұсақ шашыранды жыр, жеке үзінді уақыйға
айтыстарда аты аталу түрінде туып, ол шашыранды жыр,
әңгімелер белгілі бір дәүірден кейін барып жыйнакталып,
кортылып, үлкен поэмаға айналып қалыптанатындығын
көрсетеді. Эпос тарихын зерттеушілердің көбінің пікірле-
рі осыған дәл келеді.

Академик В. В. Радлов нағыз батырлық жырлардың
туып, дамуының үш түрлі заңдылығын айтады:

Бірінші, ұлы тарихи уақыйғаларды кең қамтып жыр-

¹ М. Горький О литературе. М. 1937. стр. 456.

лап кете алатын халық ортасынан шыққан үздік талантты ақын жыршы болу қажет.

Екінші, батырлық жырға негіз болатын халықтың тарихында талай ұлы уақыйғалар, тұрмысын шайқалтқан арпальстар (эпические потрясения) болуы керек.

Ушінші, батырлық жыр дамып, тұтастыққа, ұлғаюға айналған дәуірінде мәдениетке үмтүлған зор толқын басталады — дейді. Радловтың бұл пікірінің, болжауының қазақ фольклорында эпостық жырлардың, ерлік дастандардың даму, ұлғаю заңдылығын, сыйратын түсінуде маңызы аса зор. Қазақтың ең мол, күрделі батырлық жырлары, дастандары, XIX ғасырда емес, әсіресе совет дәуірінде жырланып жазылып алынды. Қазақтың бүрын-соңғы тарихында өткен, басынан кешкен ұлы тарихи уақыйғалары, тарихи ерлері, әсіресе Ұлы Социалистік Октябрь революциясын, Отан соғысы сыйқты күрделі жеңімпаздық уақыйғалар қазақ совет ақындарының жырында көң, мол жырлануда. Батырлық жырлар осылайша дамып келді.

IV ТАРАУ

ЖАМБЫЛ — СОЦИАЛИСТИК ЗАМАННЫҢ БЕЙНЕСІН ЖЫРЛАУШЫ АҚЫН

Жыр — халық өмірінің айнасы

Шын талантты ақынның өлең-жырлары өзі өмір сүрген дауірдің айнасы дейміз. Сонымен бірге поэзиялық шығарма сол ақынның ой-қыялдың, қоғамдық өмірге қарым-қатынасын да айқындай отырады. Фасырлар бойы өлмес мұра болып сақталған халық поэзиясының үлгілерінен бастап, жеке ақындардың шығармаларына дейін халықтың өмірін, тілектерін, күрестерін бейнелеп отыратыны даусыз.

Халықтың тарихи өмірін, ізгі талап-тілектерін жырлаған ақын-жыршылар совет дәуірінде жана революцияшыл идеялы шығармалар берумен өзінің творчестволық таланттың кең дамытты. Жамбыл және онымен замандас халық ақындары социалистік революцияның жеңісін қуанышпен қарсы алып жырлай отырып, өздерінің ақындық қабілетін, ой-өрестірен жетілдіріп отырды. Мұның өзі халық ақындарының бүрінші ауыз әдебиетіндегі ақындық өнердің мол қазнасын сарқа пайдаланып, коммунистік қоғам құру жолындағы өмір шындығын кең жырлауына мүмкіндік берді. Сондықтан Қоммунистік партия Жамбыл, Сүлеймен Стальский, Нұрпейіс Байғанин сыйқты халық таланттарының творчествосына айрықша мән беріп, қамкорлық жасап отырды.

«Совет елі өсіп нығайған сайын халықтардың творчествосы да қанаттанып есті... Біздің заманымыздың халық

творчествоны өмірдің шаттығын, қелешекке сенімділікті көрсетеді... Біздің халқымыз бақытты, магналы өмір сүреді, өзі мен Отаны үшін аяnbай енбек сініреді, біздің едімізде халық творчествоны «өмір шаттығын бейнелеген, қанаттанып өскен, жарқын, көркем. Халық таланттары үздіксіз өсіп, ілгеріленуіне кең жол ашылып отыр. Совет Отаны халық таланттарын бағалап, қамқорлық жасап, жақсы көріп, құрметтей біледі»¹.

«Правда» газетінің осы айтқанындағы, қазақтың совет тұсындағы жарыққа шығып, таланты қайта туып ғұлденген ондаған халық ақындары, қазақтың халық әдебиетінің жаңа дәуірін жасады. Советтік халық әдебиеті бұрынғы фольклористері айтқандай, белгісіз ақын-жыршылардың ортақ творчествоны емес, жеке ақындар шығарып, жырлап айтқан халық ақындарының даралық творчествоны екені айқын көрінеді.

Совет халық ақындарының творчествоны ғұлденген күнбес-күнгі ұранын жырлаған үгіттік жырлар ғана емес, халық ақындарының шығармасы ғұлденген өмірдің, өткір үгіттің құралы болумен қатар, социалистік қоғамның орасан ұлы жеңістерінің бейнесін қорытып жырлаумен жаңа эпикалы жырлар тудырып жасау жолында дамып отыр.

Жаңа эпикалы жырлар, әрине, бұрынғы эпостың ерлікті жырлау сияқты жақсы дәстүрлерің сақтай отырып, ескі нағыммен байланысты мифтік өртегілік, тағдырға сену сияқты идеялық, көркемдік мотивтерін керексіз етіп қалдырып келеді. Сонымен бірге советтік халық ақындарының шығармаларының бүкіл совет поэзиясымен ортақ даму заңдылығы бар екенін естен шығармауымыз керек.

Жамбылдың социалистік қоғам дәүіріндегі ғұлденіп дамыған творчествоны міне осындағы жалпы совет фольклорының, совет поэзиясының даму түрғысынан, Совет Отанындағы халық таланттарының қайта туып, жаңа эпикалы шығармалар жасау түрғысынан алып қарауымыз керек болады.

Жамбылдың шығармалары тақырып жағынан да, сюжет, көркемдік жанр жағынан да сан алуан. Жалпы совет фольклорына, совет поэзиясына да тән ерекшеліктің көбі Жамбыл творчествоынан табылады.

Совет әдебиетінде халықтың басынан өткен тарихи

¹ «Правда» 20. V. 1938 ж.

өмірі, курсес жолдары бүгінгі тіршілігіне, ертеңгі жегілетін ұлы армандарына тығыз байланысты үздіксіз даму, есеке жағдайында суреттеделі. Адамдардың қыйындықты жену, табандылық, келешекке сенімділік қасиетін ашып көрсету өршіл идеялы совет әдебиетіне тән сыйпат. Жамбылдың совет дәүіріндегі шығармаларын совет әдебиетінің осы негізгі идеялық, көркемдік сыйпаттарын анықтау түрфысынан тексеруіміз керек.

Жамбыл Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап жырлаған ақын. Оған ақынның 1919, 1924, 1927 жылдардағы өлең, толғаулары толық дәлел. Мұнан басқа оның көптеген өлең, жырлары кезінде жазылып алынбай ел арасына ауызша тараған.

Советтік патриотизмді жырлау Жамбыл поэзиясының идеялық кілті. Бүгінгі өмірді ақындықпен сүйіп жырлау дегеніміз советтік қоғамның тарихи даму жолын және келешегін жете біліп, жырлау деген сез. Советтік патриотизмді жырлаған Жамбылдың ақындық өсу жолдары жан-жакты кең екендігі белгілі. Әдетте, көркем шығарма ақынның творчестволық санасы арқылы көрінген өмір шындығының айнасы дейміз. Қоғамдық өмірге белсене араласып, көп көріп, көп білуі, көп ұғынуы арқасында Жамбыл шығармалары сол өмір шындығының айнасы болу дәрежесіне көтерілді. Ауылда туып-өсken Жамбыл—колхозшылармен, еңбек адамдарымен біте қайнасып араласып бұрын-соңды тарихи дауылды уақыйғаларды басынан көп кешірген. Қазақстанның көптеген аймақтарын бұрыннан жаксы білетін Жамбыл Совет Одағының көп жерлерін, Москванды, Қавказды, т. б. қалалар мен елдерді саяхатпен аралап көріп, ел өмірін көріп, түсінігін үнемі молықтырып отырды.

«Ақ басты Алатаудың Жамбылымын,
Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын.
Көктемдей қызғалдакты қызық заман,
Қайта туып жасарған балғынымын.
Ырысты қалың халқым — гүлім менің,
Гүлімнің қызғалдағы — жырым менің,
Теніздей тасқындалған зор куаныш,
Ойымды тербеткендей бүгін менің»¹

деген өлецімен ақындық шабытының қайнар бұлағы советтік қоғам екендігін, осы «Қызғалдактай қызық заман»

¹ Шығармалары. 290-6

халыққа бақыт берген заман өзінің жырына қанат бітіретінін айтады.

Расында, өзі жасап отырған қоғамдық өмір тіршілігіне, бүкіл халықтық иғліктердің тағдырына бейтарап қалмай белсene араласуы, ақынды үнемі сол қоғамдық ортаны, жаңа адамдарды сүйіп жырлауға ынталандырып отырады. Коммунизм күру жолындағы жеңімпаздық, үздіксіз дамып келе жатқан кең байтақ совет отаны аса қызықты көркем, ғажап дүние. Міне, біз осыдан совет отанын жан-тәнімен сүйіп жырлау сезімінің қайнар бұлағын көреміз, Жамбыл реализмінің күшін таныймыз.

Кейбір сыншылар Жамбылды ауыз әдебиетінің ақыны, оның поэзиясы фольклор үлгісінде айтылған деп келеді. Бұлай деу Жамбылды творчестволық ғұлдену дәуіріндегі мәдениеттік, әдебиеттік ортадан беліп алғып бір жақты қарағандық болады. Жамбыл ескі ұғымдағы, революцияға дейінгі ауыз әдебиет өкілі ретінде фольклор ақыны ғана емес. Жамбыл ауыз әдебиетінің — сыншылдық, ерлікті ардактау, халықтық даналық, сөз тапқырлығы сыйқты дәстүрлерін сактап дамыта отырып, советтік тақырыптағы өлең-жырларын жаңа ақындық өнермен жырлауға бастыл адым жасаған жаңа типтегі халық ақыны. Советтік патриотизмді жырлаған Жамбылдың поэзиялық шығармалары идеялық мазмұны жағынан болсын, көркемдік шеберлігі, ақындық сезім күйлерін беру жақтарынан болсын, жоғарыда айтқандай, жеңіспен алға басқан Совет Отаның қызықты салтанатын, совет адамдарының мәрейі үстем, ерлік тұлғасын елестетеді.

Жамбылдың совет дәуіріндегі алғашкы елеулі шығармасы «Замана ағымы» атты толғауы. Бұл қазақ халқының тарихи өмірі, қазақ кедейінің тағдыры туралы көлемді толғау. Ақын қазақ кедейінің өмірі, ой-сезімі арқылы еткен қара түнек заман мен бақытты социалистік дәуірдің бейнесін салыстырып жырлайды.

Көз алдынан өтеді,
Қешегі бір сүр заман.
Сүр заманда түнеді
Ауылымның үстін торлаған,
Соккан жынды күйіндай
Күншығыстан батыска
Елімді басып зорлаған,
Өтіп еді Шыңғыс хан.
Қанға бояп халқымды
Малым кетті айдалған.

Эскері салып лаңды
Ерлердің колы байланған,
Карынлас кетіп құндікте,
Құл бол бауыр айдалған.

(Сонда, 607-бет.)

— дейді.

Ақын хандар мен феодалдар билеген қаратунек замандардың ірік-шірігін барынша әшкерелеп жырлайды.
Ақын:

«Өлкейі басты бір сарын
Жыландай бойға оралып,
Қысканың көрдік патшаның
Жердің бетін қаптады.
Таппадық лаж амалын
Бірге шапты патшамен
Жәңгір хан атты арамын.
Көкорайлы жерде алды,
Ашылған қоркуа араны».

(Сонда, 632-бет.)

деп, патша үкіметінің отаршылдық қыспағын әшкереlep сынаi келіp, осы заманның ел билеген әкімдерінे өте айқын мінездеме береді:

«Осынау біr заманда
Болыс шыкты зіркілдеп,
Мырза, старшын атанып,
Ауылнай шыкты діңкілдеп,
Шен таққан би шіреніп,
Конса байдын аулына,
Қайнады казан бұлкілдеп»

(Бұ да сонда.)

Дәл осы суреттеуде ақын, әрине, ескі ауылдағы болыстардың бейнесін көз алдыңа алып келеді. Бәрінде де жебір, елге содыры, қыянаты құшті, кедейді жазалап, байға болысатын қатал старшын, болыстардың сыйпаты берілді. Сөйтіп, Жамбыл бұрынғы ақындар суреттеген қыянатышыл болыстарға, байларға халықтың наразылығын, ыза-кегін қарсы қояды.

Жамбыл толғауларында суреттелетін қазақ кедейі көбіне байдын есігінде жалшы болып, қой мен жылқы баққан, шөп шапқан батрак, жерсіз, байдың жерін тең ортаққа жалдап егін салған, байға кіріптар қоңсы кедей; ұлыктардың, әкімдердің тепкісін көрген, катын-баласы аш-

жалаңаш, өмір бойы еңбегі жаңып, бір рақат таба алмай келе жатқан сорлы, ызалы ашынған кедейлер. Осындай құлдық, қарлық өмірдегі кедейлердің кейбірі апатқа үшірап өледі де:

Әрі дымкес, әрі аш,
Әрі мұндай жалаңаш.
Ат бұрлығып күн сұық,
Жалшы ерісте өледі
Көме сал деп біреуге
Бай бұйрыкты береді.

(Сонда, 621-бет.)

Өлген малшының бала-шағасы тоз-тоз болып, қаңғырып кетеді, сондықтан ақын

«Кайда барса жалшыға
Бір жарық күн калмады» — дейді.

Жамбыл суреттейтін бай бұрынғы реалист ақындар суреттегендегі пейлі тар, қайрымсыз бай ғана емес, адамдық қасиет бейнесінен айрылған, жыртқыш қасқыр сыйкты ең қатал, ең зұлым жау, кедейге рахымы жок, онымен ешбір бітімге келмейтін қастасқан жау. Сонымен, Жамбыл қазақ кедейінің өткен замандағы өмірін суреттеуді, қорлық қоғам құрылышын әшкерелеп жырлау идеясына үштастырады. Еңбекші тап өкілдерінің бостандық жолындағы курестерінің заңдылығын түсініп жырлайды.

Сөйтіп, Жамбыл «Замана ағымы» сыйкты революция тақырыбына арналған толғауларында бұрын езілуде, қорлықта келген еңбекші халықтың еркіндікті көксеу армандары, өзінің бақыты мен бостандығы үшін курестері жырланады. Еңбекші халықтың бүл тарихи күресі Жамбыл жырларында, сондай-ақ Жамбылмен замаңдас, Совет Одағындағы көптеген ақындардың жырларында да Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне байланысты, елімізде социалистік құрылыштың нығайып дамуына байланысты жырланады.

Халықтардың ансан күткен бостандық заманын жарықын елестету үшін ақын-жыршылар өткен қара түнек құлдық заманды әшкерелеу түрғысынан еске түсіріп, Октябрь революциясының жеңісі арқасында халықтардың колы бостандыққа жеткен шындықты елестетеді. Саяділ Қерімбековтың «Өшкен жанды», Кененнің «Эли батыр», Төлеу ақынның «Мениң өмірім», Нұрпейістің «Өрістеген өмір»

толғаулары, сондай-ақ Сүлеймен Стальскийдің «Отан тұралы ой», Марфа Крюкованың «Ленин туралы азыз», өзбектің белгілі шайырлары Ерғаштың «Ортақ Ленин», «Құналарым», Юлдашов Фазылдың «Маматкәрім», Пулканның «Хасан батрак» атты дастандары, қырғыздың Алымқұл, Оспанқұл ақындардың өлең дастандары бәрі де еңбекші халықтың совет заманындағы бақытты өмірі мен өткен құлдық заманындағы бақытсыз өмірімен салыстыру түрғысынан жырланған. Бұл дастандардың геройлары Жамбыл жырлағандай, ескі құлдық заманда байларға, феодалдарға, патша үкіметіне қарсы күрескен еңбекші халық үлдары — жалшы кедейлер, батрактар.

Жамбыл өзінің Октябрь революциясы тақырыбына арналған өлең, жыр, поэмаларында, әсіреле, қазақ кедейінің совет заманында бостандыққа қолы жетіп, бақытқа кенелген қызықты, маңызды магналы өмірін үлкен ақындық шабытпен жырлайды. Ендігі жырлайтыны бұрынғы қорлықтағы кедей емес, бүгінгі азат еңбектегі колхозшы, тракторшы, комбайншы, машинист болып ержеткен санағы совет азаматы. Совет дәүіріндегі бақытты қазақ халқының өмірін суреттегендегі ақын Советтік Конституцияда қорытылып айтылған социалистік қоғамның ұлы жемістерін түйіндеп көрсетеді, советтік құрылыштың беріктігін, коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге өрлеген совет халқының ерлік күрестерінің жемісін терең ақындық идеямен жырлайды. Егер Жамбыл 1927 жылданы «Батрак», «Октябрьдің өткелдері» атты поэмаларды жазған С. Мұқановтың, «Жалшы», «Еңбек жыры» атты поэмаларды жазған Қалмақан, Асқарлардың поэзиялық шығармаларына үн қосып «Замана ағымы» толғауын жырлайтын болса, ол осы кездегі көркем әдебиеттің алдына қойылған партиялық талап, партиялық ұран болатын.

Жамбыл «Замана ағымы» толғауының соңғы бөлімінде:

Езілгендер жыйылып,
Жуандармен күресті...
Ұлы Ленин бас болып,
Бай, патшаны құлатты
Би, болысты жоғалтты,
Совет құрды жаңа заң
Бұл бір аткан бақыт таң...
Кедейге совет әл берді.
Советтің ұраны.
Жалшы, малай, батырақ,

Шаруанды сәмде енді..
Жарлыны көпке тәңгерген,
Адаспастай жол берген,
Әділдікке бастаған.
Халық үшін еңбек қып,
Осы жолды әмірлік
Ленин бізге тастаған.
Жуандарды жұмсартқан,
Өш алған бай, молдадан»

(Сонда, 625—626-беттер.)

деп қазақ аулында жүргізілген революцияның маңызын түсіндіреді, ақын ауылдағы жаңа жүртшылықтың үйтқысы кедей-жалшылар екенін, қоғамдық негізі бүтіндей өз герген жаңа замандағы халық бақытыны түсініп жырлайды.

Сөйтіп, ақын поэмасында қазақ кедейінің басынан кешкен әр замандағы әмірін кеңінен суреттей келіп, совет түсында тенденциялық образын көрсетеді. Кедей образын көрсету арқылы қазақ тарихының әр замандағы әлеуметтік бейнесі, совет түсындағы жасап жатқан жаңа дүниенің шындығын еlestетеді. Қазақтың тарихи заманын, оның негізгі көпшілігі саналған еңбекші халқының әмірі жырланған «Замана ағымы» толғауы идеялық, көркемдік сәнімен Жамбыл творчествосында, сонымен бірге қазақ совет поэзиясы тарихында елеулі орын алады.

Жағымды образды жырлау

Адам баласы тарихында тенденсі жоқ ұлы көсеміміз Ленин совет халықтарының жүргегінде, жырында, ән-қүйінде ең тәтті, ыстық сезімге бөленіп орын алды. Елімізде Октябрь Социалистік революциясының жеңіс күндерінен басталып, дамыған бүкіл совет поэзиясының, сонын ішінде қазақ поэзиясының негізгі бір тақырыбы — Лениннің революциялық күрес жолындағы еңбегі, тамаша жарқын әмірі болып отырды. Барлық тақырып, барлық әмір бейнесін кең жырлаудың қортындысы ұлы Лениннің тарихи еңбегіне, ұлы Лениннің бастаған ісінін бүлжымай жүзеге асуына байланысты екендігін ақын-жыршылар терең түсінеді. Сондыктан да Ленин Совет Одағындағы халықтар жырында мәңгі сөнбес жарық күн, тәбесі биік асқар тау, қанаты талмас қыран құс, ақылы дариядай терең.

тәндесі жоқ қайратты адам бейнелерінде суреттеледі. Белгілі халық ақыны Иса Байзақов 1924 жылы Ленин қайтыс болған күндері былай деп жырлады.

«Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ.
Ленин — бүгін коммунистер жүрегі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ.

(«Еңбекши қазақ», 31 январь, 1924.)

Қазақтың халық әдебиетінде Лениннің өмірін, кеменгерлік бейнесін әңгімелеген мұндай жырлардың талай үлгісі бар.

Ақын-жыршылар Лениннің бейнесіне лайық саналуан көркем тенеу тауып жырлады. Ақындардың көшілігі Ленинді «жарық күнге», «жарқыраған нұрга» балайды, Лениннің ақылын дарияға тендейді. Шашубай «Лениннен жүрегіме құйылған нұр» (Халық ақындары. Құрастырған С. Бегалин, 1953 ж. 64-б.) десе, Жақсыбай «Орнатқан өшпес жарық елі үшін, Ленин шын кеменгер — тау қыраны» (Бұда сонда, 142-б.) деп жырлайды. Қалқа ақын: «Жаңа өмірдің жарығы, ақылдың кені Ленин» десе, Қазанғап ақын: «Ленин тірі өлген жоқ, Ленин шолпан жұлдыз боп, кен аспанды нұрлантқан, кен дүниені сәулемен, жарқыратқан, қуантқан» (Бұда сонда, 306-бет) деп жырлайды.

Қырғыздың атақты ақыны Тоқтағұл да ең жаксы жырларын Ленинге ариаған:

«Ақ калпақ қырғыз еліне,
Алтын-күміс кен бердің.
Езіліп жүрген кедейге
Еншісіне бөліп жер бердің.
Кайғыда жүрген еліме,
Кайрат пенен дем бердің.
Осыншалық жырларды
Күрметті Ленин, сен бердің.
(«Социалистік Қазақстан», 1940 жыл, № 272.)

Өзбектің белгілі жыршысы Ерғаш Жұман Бұлбұлұлының «Ортақ Ленин» атты дастанында Ленин халыққа азаттық әперуші батырлардың батыры болып суреттеледі («Өзбек совет фольклоры» 1941 ж.) Мұның барлығы Ленин туралы халықтардың ең ыстық сезімінен туған күшті революциялық жырлар.

Жамбыл Ленин туралы өзінің ақындық толғау сөздесрін «Замана ағымы»-дастанынан бастады:

«Ленин туын қолға алған
Калың қайрат қозғалған.
Жалпы кедей досым-ай,
Күн де туды сен үшін,
Зан жасалды ел үшін,
Серпіле тұс, серпіле
Бұрынғыдай жасымай».
(Жамбыл. Шығармалары. 629-б.)

Дастанды «Ленин туын қолға алған» қазақ кедейлерін жігерлі күреске, іске шақырумен аяқтайды. Ақын кейін шығарған «Мавзолей», «Ленин» атты жырларында Ленин образын жырлау идеясын терендете түседі.

Жамбылдың қай жырында болсын Ленин алдымен Ұлы Социалистік Октябрь революциясының жеңісіне байланысты жырланады.

Жамбыл өзінің «Октябрь толғауы» жырында:

«Ұлы Октябрь жыр басы,
Ақындықтың арнасы,
Октябрьдай айтсам-ак,
Тас бұлактай сарқырап
Көңлімнен жыр өрер...
Шашыма ақ кіргенде
Бақыт көрдім көрмеген,
Бастауымен Лениннің
Күннен күнге өрлеген.
Орыс-қазак, қырғыз да,
Қанатын көкке сермеген».
(Толық шығармалары, 377-бет.)

«Әлемде бір жүлдyz бар» атты жырында Октябрь революциясына дейін халықтың көрген қысымы мен күткен арманын суреттей келіп, былай дейді.

«Қуаныш бөлеп жүрегіи,
Айтты сонда бар елім;
Жарық күні әлемнің
Ленин! Ленин! Ленин!
Ұлы есімі Лениннің
Атаған сайын күш косып,
Күннен күнге үдедім.
Ұзақ сапар шеккелі,
Максатка осы жеткенім».
(Сонда, 415—416-беттер.)

Ақын Социалистік Октябрь революциясынан бергі жердегі халықтар тарихында, соның ішінде қазақ халқының тарихындағы жана даму, жетілу фактыларын Ленин идеясының іске асқандығының айқын көрінісі деп біледі.

«Өснетің сөнбес күн,
Күш-куаты миллион-мың,
Жауға карсы шапқанда,
Жігері қозып кайнаган.
Бастаушысы тірегі,
Ақылы сенсің — Ленин...
Білімімен мың жықкан,
Нұрынан балқып күн шықкан,
Миллионның жүргі
Жақыны сенсің Ленин.—

(Сонда, 186-бет.)

деп, миллиондаған енбекші халықтың жеңімпаз қуаты, адаспас жарық күні, таусылмас ақылы, сенімді ең жақыны бейнесінде сыйпаттайды.

Жамбыл суреттеуінде Ленин алдымен жеңімпаз құрес туы, Ленин ұранымен Октябрьде жеңген революцияшыл халық барлық майдандарда жеңіп шықты. Мұны Жамбыл былайша баяндайды:

«Сенің жақкан жарығың,
Бастаған барлық майданда.
Адам ұлы бас қосып,
Аттанғанда арманға...
Калың қытай солдаты,
Басты байлап өлімге,
Жауына карсы барғанда.
Қаһармандар карысып,
Адамзаттың дүшпәні
Фашизммен алысып,
Жауға ойран салғанда,
Фашизмнің тұтқыны
Түрмеде жатқан мың сан ер,
Сазарып күтіп атар таң,
Күнде ертеңмен талғанда,
Құреске түзеп салатын
Қуаты, күші, жігері.—
Тірегі сенсің Ленин!»

(Сонда, 186—187-беттер.)

Жамбыл алған тақырыбын осындай реалистік түргыдан дамытып, Лениннің образын эпикалы жыйиңактау түрінде сыйпаттайды.

Ленинград, Москва туралы терең патриоттық идеялы голғау жырларында Жамбыл Ленинді қажымас қайраттың, жеңімпаз ерліктің тұлғасында көрсетеді.

«Аязда, карда, боранда
Ауыр құндер болғанда,
Қабағын қатып шытлаған,
Ғасырдың мол мұрасын,
Бакыттың сактағ үясын,
Лениннің туын жыкпаған...
Машинадан кол сілтеп,
Халқына үндең каланың
Тұлғасы түр елестеп,
Ұлы Ленин дананың».—

(Сонда, 461, 487-беттер.)

деп, жау қоршауындағы Ленинград халқын батырлыққа, жеңіске рухтандырған Лениннің тұлғасын елестетеді. Раc, Ленин образы жалғыз Жамбыл поэзиясындаға емес, Совет Одағындағы халық жыршыларының бәрінің творчествосында эпикалық сарынмен кең жырланғандығы белгілі. Бұл жерде біз Жамбылдың Ленин образы мен совет халқының коммунизм құру жолындағы тарихи жеңістерін үштастырып жырлағандығына тоқтап отырмыз.

«Қазіргі біздің уақытымызда фольклор В. Ленинді Прометейге тәң келерлік, ертегі мифтік геройының дәрежесіне жеткізіп бейнелейді» (М. Горький. «О литературе», М. 1937 г. стр. 457.) дейді Горький.

М. Горькийдің бұл пікірінің дұрыстығын Совет Одағындағы халықтардың Ленин туралы мол салалы халықтық шығармаларының үлгілері, сонын ішінде Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскей, Қайып, Омар, Нұрқан, Куат, Саяділ, тағы басқа қазақ ақындарының жырлары толық растайды. Қазақ ақындары Ленин туралы толғау жырларында Ленин ісінің, Ленин жолының мәнгі берік жасай беретінің, Совет Одағының коммунистік партиясы совет халқын коммунизмге бастап отырғандығын жырлайды.

Жамбыл коммунистік партияның басшылығымен іске асқан, маңызы орасан зор тарихи оқыйғаларды, коммунизм құрылышының ұлы ерлік жеңістерін шабытпен жырлайды.

«Компартия көсемім,
Халыққа нұсқау беріп тұр.
Айтқаны еш мұлтікіз,
Орындалып келіп тұр

Беріліп барлық ынтамен
Құллі халық сеніп түр.
Арам тап қалып адыра,
Социализм жеңіп түр».

(Сонда, 191-бет.)

дейді.

Жамбыл күресте жеңімпаз, істе өнерпаз, еңбекте қажырлы новатор, соғыста жауынгер батыр совет адамының тұлғасын жыйнақтап жыrlауға батыл адым жасайды. Жамбыл шығармаларын осы тұрғыдан алып қарағанда, әрине, совет адамының бүгінгі өмірі мен еңбегі мол көрсетілгенін көреміз. Жағымды образды жасау мәселесі ақынның жауынгерлік тақырыптағы дастандарында жақсы шешілген.

Жамбылдың күнбе-күн өзі көріп, араласып жүріп жырлағаны: егінші, малшы колхозшылардың еңбек өмірі, еңбек ерлігі. «Жайлау», «Шын жүректен», «Жаз», «Жаз жыры», «Май», «Егіс жыры», «Жаз тілі», «Мал өсірген аймакқа», «Халық қазнасы», «Ту астында берген ант», «Көктем мен май даңқы», «Мал азығы», «Жер байлығы», «Жан азығы», «Қырман басында», «Темір тұлпар мінген қыз» атты жыр-толғауларында ақын колхозды ауылдың трактормен жер жыртып, егіспен құлпыртқан, қаптатып малын жайып өсірген жаразтықта еңбек даласын, колхозшылардың қажырлы, саналы еңбегін, жана тұрмыс бейнелерін, сүйіспеншілікпен сыйпаттайтын. Рас, бұл аталған өлеңжырлардың біртабайы өмірдің сыртқы көрінісін ғана елестеді де, еңбек адамының ісін, характерін ашпайды. Бірақ бұл тақырыпты жырлауында ақынның белгілі бір творчестволық есу сатылары бар. Ақын алғашқы дәуірлерінде жалпылап айтатын болса, кейін 1940 жылдардың кезінде еңбек адамдарын нақты жырлауға келеді.

«Жер жырттық, кайнады еңбек, егіс салтық,
Жарыспен еңбек жазын біз қарсы алдык.
Қыртысын кара жердің қарсы айрып,
Қажымай жер қазнасы кабын жардық».

(Сонда, 191-бет.)

Немесе:

«Жапан кырды тәңкерген,
Жерді егінмен көмкерген.
Елді азыққа ток еткен,
Дүшпанға ажал оқ еккен!

Жақсы көріп жанындағ
Тракторын балтаған,
Қасқалдактың қанындағ
Қасық майын сактаған».—

(Сонда, 467-бет.)

деп, «Темір тұлпар мінген қызы» тракторшы қызды жауынгер батыр тұлғасында суреттейді. Бұл ақынның колхоздағы еңбек адамының, колхоз ісіне, Отан мақсатына жан-тәнімен берілген совет адамының жағымды образын нақты жырлаудағы елеулі творчестволық адымы. Колхозшы малышылардың, шопандардың жағымды образы ақын жырларында бұдан көрі де терендел, нақты жырланады. Төрт тұлік малдың тіршілігі, малды бағу, мал жайылымы, малышылардың еңбегі,— бүрыннан өте таныс болғандықтан бұл тақырыпты ақынның жыйнақты етіп, шебер жырлауы түсінікті.

Еңбек адамын, еңбекке коммунистік көзқарасты көркемдеп, поэзиялық шындық дәрежесіне көтеріп жырлау социалистік реализм әдісін менгерудің басты бір шартты. Совет дәүірінде, әсіресе, колхоздастыру кезінен бергі жерде совет адамының еңбектегі ерлігі, новаторлардың үлгілі істері бүкіл халықтық даңққа бөленді. Ақын жазушылардың шығармаларында ең жағымды образ болып бейнелене бастады.

Жамбыл поэзиясында жағымды образдың жырлануы сөз болғанда социалистік құрылым майданындағы совет адамдарының, совет жастарының жеңімпаздық салтын, ақындық шабытпен жыйнақтай жырлағандығын естен шығаруға болмайды. Солтүстік мұз мұхитын жорық жасап жеңген папаниншілдер, даңқты еңбек батырлары, дүниежүзілік рекорд жасаған атақты үшқыштар тағы басқала-ры ақынның үлгі етіп, сүйіп жырлайтын қаһармандары болып отырды.

«Жүргегі қызық Кремль,
Жұлдызындаі ойнаған.
Көкте болса көгінде,
Жерде болса жерінде
Колға алғанын қопарып,
Құлшына жеңбей қоймаған»,

(Сонда, 328-бет.)

—деп, совет жастарының жеңімпаздық сыйпатына сүйсінеді.

«Қанаттанған қырандай,
Қадірлі елге комсомол.
Қызығамын көргенде,
Болсам деп мен де комсомол.
Толып жатыр Отанда
Ұлым менің комсомол.
Жасым кәрі болса да
Жырым менің комсомол».—

(Сонда, 332-бет.)

деп, комсомолецтерге жалынды сезімін білдіретін лирикалық толғауын арнайды.

«Сәлем саған комсомол» атты соғыс кезінде айтқан жырында комсомолецтерді ақын майданның қаһарлы, жеңімпаз батырлары тұлғасында:

«Кек бүркырап кеуденде,
Кек болатты киіндің,
Жауар кундей түйілдің
Нажағайдай жарқылдап,
Тастұлектей шүйілдің...
Сендер Отан жаңындарай,
Тамырдағы қанындарай,
Шахтадағы сарындарай».—

(Сонда, 525—526-беттер.)

деп суреттейді.

Жамбыл совет адамдарының, совет жастарының еңбек, құрылыш майданындағы ерлік тұлғаларын жырлау арқылы ақын жағымды образ жасау мәселесін өзінің творчестволық тәжрибесінде өте дұрыс қоя білді. Бірақ жағымды образды жасау мәселесін, әсіресе, еңбек ерлерінің образдарын жасауды шеше алған жоқ. Жамбыл жырлаған жағымды образдың бірталайы жалпылама, үстірт болып отырады. Немесе сол образдарға өзінің жағымды ой-куйін, сезімін білдірген лирикалы толғау-жырлар дәрежесінде қалады.

Егер ақын жауынгерлік-батырлық тақырыбына арналған шығармаларында Ворошилов, Чапаев, Амангелді сияқты қолбасылардың, халық батырларының, Совет Армиясының жеңімпаздық бейнелерін накты суреттейтін болса, дастанында Сұраншы, Өтеген батырдың, азаттық көксеген қазақ кедейінің образдарын жасаған болса, ал еңбек құрылыш майданындағы даңқты совет адамдарының жағымды образын жалпылай жырлап, накты суреттей алмады. Тракторшы, малшылардың, еңбек ерлерінің, комсомол

жастардың, жалпы совет адамдарының жағымды іс-әрекетін жырлауы ақынның жағымды образ жасау жолындағы ізденуі, батыл творчестволық адымы болып табылады.

Бұл күнге дейін жазылған сын мақалалар мен жеке кітапшаларда Жамбылдың ақындығына біржақты баға беріліп келді, Жамбылды 15 жасынан бастап халық мұңын жырлаушы, байларға қарсы үздіксіз құрес ашуши ақын етіп көрсетіп келді. Ал совет дәүірінің шындығын жырлаган толғауларын түгелдей мінсіз етіп көрсетуге тырысты, Жамбыл барлық ақыннан жоғары ақын деген үғымды беруге тырысты. Шынында, Жамбылдың ақындығын бастан-аяқ мінсіз деп қарау біржақты, әдебиеттің ғылымдық принципке қайшы түсініктер еді.

Әрбір ақын-жазушыда болатын, әсіресе, ауыз әдебиеті өкілдерінде болатын кемшіліктер, творчестволық қайшылыштар Жамбыл творчествосында да бар. Жамбылдың, сол сықылды онымен замандастар ақындардың жырларындағы елеулі бір кемшілік — өмір көріністерін бөгетсіз, тартыссыз, қайшылышы қалпында суреттейтіндігі; ақын лирикалы геройлардың накты күрестерін, қуанышын, кейістігін, женісін, сәтсіздігін, сүйіспеншілігін, тағы басқа сан алуан көңіл-күйлерін жан-жакты суреттеудің орнына, көбіне женіс інтижелерін, салтанатты жағдайды тамашалап жырлауға салынады. Осыдан келіп ақынның бірқатар толғау-жырлары той үстіндегі құттықтау сөз сияқты болып шығады.

Әрине, женістің інтижесін, өміріміздің тан-тамаша қызықты жақтарын әсерлеп жырлау көрек, бірақ өмір көрінісінің бәрі бірдей мерекелі салтанат емес, әрбір мінсіздің ішкі қайшылышы болады, әрбір мінді дегеннің өз әсемдігі болады, поэзия осыны көре білуі қажет, Жамбыл жырларында тартыссыздыққа салынудан келіп, тақырып қайталау, ой саяздықтары сияқты ауыз әдебиетіне тән әлсіздіктер аз емес.

Бірыңғай қошемет, құттықтау сарынымен жырлау арқылы Жамбыл жеке адамды дәріптеуге, адамның қара басына табынуға салынған қателіктерге де ұрынып отырды. Мәселен, ақын бірталай толғауларында Сталин жолдасты ертедегі мифтік герой дәрежесіне көтеріп дәріптейді. Жеке адамға табынып жырлаушылық Жамбылдың бұрынғы ақындық салтқа байланысты әлсіздігінің көрінісі екенін түсіну қыйын емес. Бұрынғы айттың ақындары ру-

басы ақсақалдарды, елге әмірін жүргізген адамдарды жер-көкке сыйғызбай қәшеметтеп жырлауды әдетке айналдырған. Ақын мақтан қылып отырған адамының бойындағы кемшіліктерді ұмытады да дүниеде жоқ жаксылық қасиеттердің барлығын оның үстіне үйіп-төгеді, Орынбай ақын Ерденді:

Сұрасаң биiktігін мен айтайын,
Күн шалған Алатаудың тебесіндей.—

деп мақтайды. Біржан Сарамен айтыс үстінде кедей болса да әкем Қожақұлға мын жарым жылқы біткен деп мақтанды, Жамбыл Құлмамбетпен айтыс үстінде отырып — Сыпатаидың арғымақтарын бір жұмада санап бола алмайсың деп мақтан айтады. Мұндай жалған мақтанға салынған ақындар шындықты айтудан алыстайды, жеке адамды елдің «үйтқысы», «тұтқасы», «бақыты» еді деп жалпылама дәріптеу жолына түседі. Бұл бұрынғы импревизатор ақындардың творчестволық дәстүріндегі әлсіз жақтары еді. Совет дәүірінде жаңа идеялық түрғыдан социалистік өмір шындығын жырлаған Жамбыл сыйқты ақындар бұрынғы бірыңғай қошеметтеп жырлай беру салтынан түгел қол үзіп кете алмады. Бірақ, әнгіме жалпы қошеметтегі жырлаудың формасында емес, оның мазмұнындағой.

Совет дәүірінде ақындардың революцияны, социалистік күрылыштың жеңістерін шаттықпен жырлау орынды. Бұкіл халықтың социалистік революция арқасында бостандық алғандығын қуанышпен жырламаған ақын жоқ. Мұндай жырларында Жамбыл халықтың тарихты жасағыш күшін дұрыс түсініп жырлайды.

Ал сол совет дәүіріндегі жеңіс пен табыстардың кілті неде деген сұрауға жауапты ақын жеке адамның қарабағынан іздейді. Халыққа жарық сәулесін түсіруші күн де, түнгі ай мен жұлдыз да, Советтік Конституцияны жасаушы да, әрбір адамды жатқызып-түрғызуши да дүниеде тенденсі жоқ жеке адамға болады. Осындай асыра дәріптеу арқасында әлгі адам қадыпты адамдық қасиеттерден жоғары, ерекше жарапған «әулиелерге» үқсап тұрады. Жеке адам сыйпаты мифтік, ертегілік қасиеттерге ие болып отырады.

Жамбылдың жеке адамды дәріпте жырлауына тағы бір негізті себеп, біздің саяси және жазба әдебиетіміздегі жеке адамның ролі туралы біржакты түсініктердің бір кезе-

де көптігінен деуге болады. Егер Жамбыл сыйкты халық ақындары өзінің өлең-жырларында жеке адамды айым-күнім деп жалаң үгіттік тұргыдан жырлайтын болса, ақын-жазушылар және искусство қайраткерлері жеке адамды дәріптеген күрделі романдар, сюжетті дастандар, кино-картиналар жазып таратты. Сол арқылы қалың көпшілікке, соның ішінде халық ақындарына да үлкен идеялық ықпал жасап отырды. Өзінен білімі, ой-өрісі жоғары ақын-жазушылар жеке адамды жан-жақты мактап жазып жатқанда оны естіп, біліп, көріп отырған халық ақындары сол жалпы ағымның ынғайымен кетті.

Жамбыл поэзиясында байқалып отыратын тағы бір елеулі кемшілік, көп тақырыптылық. Ақын бір өлеңнің ішіне атамзаманнан бергі тарихи уақыйғаларды, бүгінгі өмірдің әралуан салаларын түгел қамтып жырламаң болады да, бірақ белгілі бір тақырып, белгілі бір өзекті ой жеріне жеткізіліп жырланбайды. Бұл тек Жамбыл жырларының ғана кемшілігі емес, соғысқа дейінгі дәуірдегі қазақ ақындарының көптеген өлеңдерінен табылатын елеулі олқылық еді. Мұндай бір стандартқа құрылған өлеңдердің әдеби сындарда «есеп-қыйсап», «рапорт» өлеңдер деп аталып жүр.

Бірқатар ақын-жазушылар Жамбыл поэзиясының күшті, әлсіз жақтарын айырып түсінбей, бір жақты қортынды жасайды. Жамбылдың партия мен үкіметтің ұранын, дәуір шындығын мезгілімен тез, оралымды, қалың бұқараға ұғымды тілмен жырлай білгіш ақындық қызметтің, ауыз әдебиетіндегі шешендік, тапқырлық өнерлерді мол пайдалана білгенін, тәуір жағы дейміз.

Көрнекті талантты ақындардың өз дәуіріне сай, жарасымды ақындық лебі, үні болады. Сол ақындардан кейінгі ақындар өзіне керекті ұлғілерін іріктең пайдаланады. Бұл барлық елдер әдебиетінің тарихындағының дәлелдеген ақыйқат. Жамбылды классик дәрежесіне көтергіміз келіп отырған жоқ. Жамбыл совет поэзиясының тарихында өзінің ақындық ерекшелігімен елеулі орын алғатын ақын, оның поэзиясы халықтың ғасырлар бойы дамып келген ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындық өнердің жыныстығы сыйкты. Сол ауыз әдебиетінің дәстүрін совет поэзиясына әкеліп ұштастырғанда ақынның өмір шындығын жырлағыштығы да және бұрынғы дәстүрдің аумағындағы әлсіздігі де байқалады. Жамбыл ақындығының күші өзі сүйіп менгеріп жырлаған тақырыптарда (әсіресе, ерлік,

жауынгерлік тақырыптарын), ауыз әдебиетіндегі әралуан сөз байлықтарын пайдалануда айқын көрінетін болса, өзі менгеріп жетпеген тақырыптарды жырлауда оның әлсіздігі сезіліп отырады.

Тұған елдің көркі мен мақтанын жырлауы

Әрбір ақын бала жасынан туып-өскен жерін тәтті, ыстық сезіммен жырлайды. Тұған елінің тарихымен, табиғатымен, ата мекен тіршілігімен, рухани дүниесімен біте қайнасқан ақын поэзиясында өмірдің ажар-көркі барлық жараптығымен елестейді. Тұған жерін сүйген ақын сезімі кіршіксіз таза болса, сол сезімнен тұған поэзия да тас бұлақтың сүйндай мөлдір келеді. Бірақ туып-өскен елдің отандық, мекендік мағнасы өте кең. Ақынның ата мекен колхозы, Алатау, Алматыдан бастап, Москва, Ленинград, Волга, Кавказға дейін барлығы кең байтақ тұған елі болып табылады.

Ақынға бүгінгі қазақ даласы дерексіз, жалаң табиғат көрінісі емес, қайнаған қызу жаңа өмірі мен қайта жасаң жатқан жаңа дүние бейнесі болып көрінеді. Малымен бірге табиғаттың алдында мүгедек болып көшіп жүрген қазақ ауылдары орнықты мекендерде — колхоз, совхозға үйымдастып, социалистік ауыл шаруашылығын құрды, өнеркәсіп ордаларына орнықты, жаңа ауылда трактор, комбайн сыйқты сан алуан ауылшаруашылық машиналары қаптады.

Қазақ даласының көрікті табиғаты, кең байлығы, жер байлығы совет адамдарының қызықты өмірі, өнімді еңбегі Жамбыл жырына жаңа түр, жаңа мазмұн берді.

Жамбыл өмір шындығын жалаң суреттемейді, шындықтың айқын құбылыстарын, тарихи даму жағдайында түйіндейді. «Мал өсірген аймақ», «Халық қазнасы», «Алатау», «Жайлау», «Шын жүректен», «Халық сәлемі», «Женіс жыры», «Жаз», «Қектем мен май даңқы», «Мал азығы», «Темір тұлпар мінген қыз», «Ту астында берген ант» атты толғау жырларында ақын социалистік Қазақстанның бүгінгі дамыған, құлпырған бейнесін елестетеді.

«Егіс жыры» өлеңінде:

«Иранның кілеміндегі жұз құлпырған,
Даласын егін басты Қазақстан,

Телегей теніздей боп жатқан егіс,
Үстінен қалыктайды аэроплан». —

(Сонда, 191-бет.)

десе, «Алатау» атты өлеңінде туған жер, өлкө суретін үлкен шабытпен жырлайды:

«Гізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман-тогай біткен нудың,
Дариядай тұлап ақкан сол таулардан,
Көресін тамашасын ақкан судың.
Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға казнасы көп сөз жетпейтін,
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,
Бір татсаң аузыңдан дәм кетпейтін...
Алатау Жетісүмен құшактасқан,
Еліне қазналы койнын ашқан,
Баурында Қазақстан астанам бар,—
Бір бауыр орыс, қазақ араласқан.
Жайлау бар бұл тауларда шебі шалғын,
Көк майса ойы-қыры бәрі балғын,
Қызығын сол жайлаудың көрем десен,—
Шебіне баурың тесеп жатып алғын». —

(Сонда, 208-бет.)

деп, мақтан күйін шертеді. Бұл жалғыз Қазақстан мақтанды ғана емес, сонымен бірге, советтік социалистік Отаның мақтанды болып жырланады, кеше Асанқайғы, Жиреншелер арман етіп таба алмаған, ғасырлар бойы қазақ халқы ауыр азап көріп, көксеген бостандық, бақыт заманы енді осы социалистік қоғам заманында орнап отырғанын, оған бүгінгі советтік Қазақстан бейнесі толық дәлел екендігін терең түсініп жырлайды ақын.

Бұл суреттеулер сыртқы өмір көрінісінің жалаң бояуы, кескіні ғана емес, күрестен, еңбекпен, жеңіспен алға басқан қоғамдық дамудың шындық бейнелері. Өзендей тасқан мұнайлар, көмірлер, алтын, мыстар, даланы дариядай жапқан егістер өзінен өзі алынып жатқан жоқ, оған орасан зор, керемет адамдардың ерлік күші жұмсалып жатыр, сол жұмсалған ерлік күштердің нәтижесі жайқалған егіс даласы, гүлденген астана, гүілдеп өнім берген Қарағанды, Балқаш, Эмбі нефті, Алтай кендері, жаңа салынған темір жолдар. Сондыктан Жамбыл суреттері табиғаттың тыныш түрған қалпындағы көрінісін беретін традициялы лирикалы жырлар емес, табиғаттың, өмірдің

Ұздіксіз дамып, жеңімпаздық еңбектің күшімен алға басып өрлеген қалпындағы суреті.

Жамбыл жырларының өрсі Қазақстан, Алматы бейнелерін жырлаумен тоқталмайды, одан әрі асады, кен байтақ Совет Одағының тамаша, қызықты бейнесін беруге құлаш сермейді, Жамбылдың жырындағы геройлар Қазақстан көлемінде ғана қалып қоймайды, бүкіл Совет Одағына ортақ ұлы қаһармандар, ұлы адамдар акын жырына бас қаһарман болады,— ұлы Ленин, Ворошилов, Чапаев, Киров, Солтүстік мұз мұхитына жорық жасаушылар, стахановшылар, Отан соғысының даңқты батырлары, Ленинград, Сталинград, Москвандың коргаушылар — бәрі де Жамбыл жырына негізгі герой болып отырады. Ақын Алматының қандай туған астанам деп сүйіп жырласа, Москванды да сондай терең идеялы шығармалармен сүйіп жырлады, Алатау, Жетісудың қандай сүйіп жырласа, Қавказды, Донды, Еділді, Неванды да сондай сүйіп жырлады. Бұл жырларының бәрінде Жамбыл Совет Отанының жеңімпаз даңқын, халық достығын жырлаушы патриот акын екенін танытып отырады.

Ақын Москванды көп жырлады. Одан жалғыз метроны ғана көріп, соны қызықтап, жырлап қоймайды. Алдымен Ленин Мавзолейін, ұлы Ленин бейнесін, Кремльді көреді. Салтанатты қызықты Москва, оның жаразтықты Отанының жүргегіндегі ұлы Кремль суреті Москванды аралаған сайын акынның көз алдынан кетпейді. Кремльді ақын жер жүзінің шырағы, нұрлы сөүле бейнесінде жырлайды. Ақын «Дастархан жыры»... «Москва туралы жыр» жырларында Москванды әртүрлі көркемдік шеберлікпен жырлады.

Бұрын жазық даланы, тауды, өзенді мекен еткен, жаһылған мал, көшкен елді көріп өскен ақынға дүниедегі ең үлкен сәнді қала, өзін қарсы алып, өмірі көрмеген айрықша сый-күрметке бөлеген мейрімді, қамкор Москвандың үнемі қызық, үнемі өзіне жақын, туып-өскен мекеніндегі ыстық көрінеді.

«Москва туралы жыр» мен «Сәлем берем Москваға» деген толғауларында ақын 1936 жылғы айтқан жыр толғауларындағы алғашқы көрген әсермен таңданып, тамашалап айтқан суреттерді қайталағанды, бұл жаңа жыр толғауларында Москвандың Отан тіршілігіне, халық өмірінің бүгінгі және келешегіне байланысты тарихи маңызын төреңдеп жырлайды. Алғашқы жыр-толғауларында лири-

калық суреттеушілік басым болса, енді бұл толғауларында тынымсыз соққан ұлы Отаның жүргегі — Москвамен жалғасып алға басқан жеңімпаз еліміздің бейнесі кең көрінеді. Москва, Кремль — тек совет халқының ұлы астанасы, бақыт орны, жүргегі ғана емес, жер жүзіндегі бостандық сүйгіш еңбекші халықтың барлығының қөзін тігіп, ақыл, үміт күтетін орталығы екенін түйіндең айтады.

Ақын «Москваға» (1941 ж.) атты толғауында қазак халқының кең байтақ қазақ даласының Москваға деген ең зор, ыстық махаббатын да жеткізіп айтады. Москва үшін Қазақстанның Балқаш, Қарағанды, Шымкент, Риддер, Эмбі өнеркәсіптері құрыш, қорғасын, көмір, мұнайларын аямай беріп жатқанын, Қазақстан ұлдары мың сан болып аттанып майданға кетіп жатқанын айта келіп, ақын толғаудың ақырында қазақ даласы мен Москвานың бір адам денесіндей жақындық, туыстық белгісін шебер лирикамен суреттейді.

Совет Отанының жеңімпаздық мактанды, халықтардың бақыты деген тақырып — Жамбыл шығармасының негізгі бір идеялық түйіні. Советтік Отанға сүйіспеншілік сезім, ұлы коммунист партиясына жан-тәнімен берілу — ақын жырында әрқашан патриоттық идеяны дамытып отырады. Жамбылдың Совет Отаның жан-тәнімен сүйіп жырлаған шығармаларының терең мәнін ұфыну үшін М. И. Калининің мына сезін еске түсіру керек:

«Социалистік мемлекетті жалпы сөзбен ғана емес, нақты сүюді ұфынатын уақыт жетті, яғни сүйгенде мемлекетті мізді жаратылысымен, далаларымен, орманымен, фабрика, заводымен, колхоз, совхозымен тағы басқаларын, стахановшы ер-әйелдерімен, ер-әйел комсомолецтерімен сүйе білу керек. Отанды Совет Одағындағы бар бүкіл жаңа әдебиеттің сүйіп, сұлу бейнеде, менің қазіргі сәйлеп түрганымдай емес, шын мәнісінде көркем, көркем келбетті бейнеде көрсету керек. Егер суретші социалистік Отанды шын сүйе білсе, оның көз алдына Совет Одағында істеліп жатқан қызықты, ұлы бейнелер толық көрінеді. Және оның сүйіспеншілігі — терең, ақыйқат қызықты мазмұнға толады»¹.

М. И. Калинин айтқандай Отанды көркем бейнеде су-

¹ М. И. Калинин. Об овладении марксизмом-ленинизмом работническими искусствами, «Новый мир» № 6. 1939 г. стр. 12.

йіп жырлау — Жамбыл творчествосының үнемі идеялық, арқауы болып келеді.

Отанды сүйіп жырлау дегеніміз — совет шындығын терең патриоттық идеямен жырлау деген сөз, Совет Отанының бүгінгі женісті салтанаты мен көз жетіп отырған ертеңгі күннің бейнесін зор творчестволық шабытпен, асқакты көтерінкі үнмен (пафоспен) жырлау деген сөз.

Жамбылдың толғау жырлары қандай алуан-алуан тақырыптарда болсын бүкіл совет халқының, Совет Отанының бейнесін тұтас беруге арналады. Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғам, жаңа дүние жасап жатқан қайратты, жігерлі, қарулы, женімпаз, өскелен, революцияшыл совет халқы Жамбыл творчествосында үнемі орталық образ болып отырады. Жамбыл жырларында геройлардың ортақ ерлігі, ортақ тарихи өмірі, туысқандық, достық мінездері басым жырланады.

Жамбыл жырларында біздің отанымыз сыртқы көркімен қызықты емес, батыр, қайратты, бауырмал дос адамымен, тегеурінді қуатты күшімен өткендегі және келешектегі тарихымен, ерекше женімпаздық дәстүрімен сұлу, қызықты. Сондықтан ақын:

«Бауырлас бір кісінің баласындей
СССР — ел жасадық, анасындей,
Ұлында өгейі жоқ бәрі бірдей —
Бірге өскен жемісті алма ағашындей.
Отаным піскен бақша бақыт конған,
Кілемдей елім, жерім гүлге толған;
«Лап» десе, «тап» берерлік жарагым сай,
Жау баспас аумағым бар темір корған». —

(Сонда, 242-бет).

деп, сол бақша Совет Отанының жау ала алмас берік қамалдай қуатты екенін, Отанды мәңгі құлпыртып, күннен күн мықты етіп отырған халықтар достығының күші екенін жырлап қорытады.

Сейтіп Жамбыл шығармаларында социалистік Отаның күн сайын нығайып, ілгерілеп келе жатқан алып күші, женімпаздық даңқы, совет халықтарының өзара достығы, коммунистік қоғам құру жолында коммунист партиясына шексіз берілген ой-сезімі, қажырлы құрестері жарқын елестейді. Сондықтан «Правда» газеті Жамбылдың «тенсіз лиризмге толы үмітты мастай образдарға

бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің ілгерілеген қыймылын анғарады»¹ деп жазды.

Жауынгерлік жырлар

Советтік патриотизмді, совет елінің Отан қорғау қуатын арттыру идеясын жырлау — совет халқының, босстандық сүйгіш халықтардың империалистік соғысқа қарсы бейбітшілік орнату үшін күрес идеясын жырлаумен тығыз байланысты. 1930 жылдардың орта кезінде, фашистік империалистік мемлекеттер Испания, Қытай жерінде агрессиялық соғыс әрекетін бастап, дүниежүзілік екінші соғыс қаупін тудырғанда, совет халқы бір ауыздан фашистердің басқыншылық қылыштарын әшкерелеп, өзінің азаттығы үшін империалистік басқыншыларға қарсы күрескен Қытай, Испан халқының ерлігіне сүйсінді.

Совет Отанының мактанды, халықтардың достығы — Жамбыл поэзиясында ерлік, жауынгерлік, жеңімпаздық дәстүрлерді жырлауға тығыз байланысты келіп отырады. Жамбыл өзінің жеке жырлары мен күрделі дастандарында қазақ халқының ізгі ерлік дәстүрлерін ұлттық тар көлемде алып көрсетпей, орыс, қазақ, қырғыз, өзбек, үйғыр, дүнған халықтарының өзара достық қарым-қатынасы ерлік, таптық күрес үстінде қалыптасып, дамығандығы тұрғысынан, әсіресе, орыс халқының ағалық достығының дамуы тұрғысынан кең көлемде алып көрсетеді. Жамбыл тарихи тақырыптағы «Сұраншы батыр», «Менің өмірім» атты дастандарында орыс солдаты Жагор мен Сұраншының, орыс шаруасы Степан мен қазақ кедейлерінің достығын жырлайтын болса, азамат соғысы, ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармаларында ақын орыс революционерлерінің, орыс командирлерінің ағалық, басшылық рольдерін нақты суреттейді. Ворошилов, Фрунзе, Буденный, Чапаев, Панфилов тағы басқа данқты қолбасшы батырлар Жамбыл поэзиясының негізгі геройлары. Бұл бүкіл совет поэзиясына тән сыйпат.

Ел қорғаған батырлардың жауынгерлігін қызықтап жырлау Жамбылдың ежелгі творчестволық дәстүрі. Бұл жақсы творчестволық дәстүрін Жамбыл совет дәүіріндегі шығармаларында идеялық терендігі жағынан да, ақын-

¹ «Правда». 20. V. 1938 г.

дық шеберлік жағынан да анағұрлым дамытып жетілдіріп отырады. Жамбыл «Қызыл әскерге», «Клим батыр», «Женіс жыры», «Ворошилов туралы поэма», «Чапай», «Тынық Донның ұлдары», «Амангелді», «Заманымыздың батырлары», «Болат тонды батырлар», «Қамал бұзған қашарман», «Алынбас қамал», «Отан әмірі» сияқты толғаулаты мен поэмаларында совет заманы тудырған, коммунистік партия тәрбиелеп өсірген совет Армиясының моральдық күшін, жауынгерлік салтын мақтан етіп, совет батырларының жауынгерлік дәстүрлерін, жауды талкандаپ жеңіп сескендірген айбарлы, қырағы, қарулы тұлғаларын, ерлік әрекеттерін айқын суреттейді. Совет Армиясының атақты қолбасшыларының бірі Клим Ворошиловтың, даңқты халық батырлары Чапаев, Амангелдінің, Отан соғысында аты шыққан батырлардың нақты образдарын жасайды.

Совет дәүірінің батырларын ақын бұрын жырлаған Сұраншы, Саурықтарға үқсатып жырлауға болмайтынын, Қызыл Армия ерлігін бүкіл совет халқының мызғымас бірлігінің күшіне, жеңімпаздық қуатына байланысты жырлау қажеттігін, жаңа заман батырларын жаңа идеялық, көркемдік тапқырлықпен сыйпаттаудың творчестволық міндетін әбден ұрынады. Сондыктан:

«Жалағалы жау отыр,
Кілемге түсken күйедей.
Бірақ бізде қорған бар
Бұрандалы шегедей.
Боран аспас тәбедей.
Мұз ұнтаған кемедей,
Халықтың адал баласы
Бір жүректі денедей.
— Ол қорған — Қызыл Армия...

(Сонда, 322-бет).

Ақын халықпен бір жүректі денедей», Армиямызды «бұрандалы шегес», «боран аспас тәбе», «мұз жарғыш кеме» бейнесінде суреттейді. Совет Армиясы үздік соғыс құралдарымен жабдықталған моральдық күші берік, теңдесі жоқ жауынгер жеңімпаз Армия. Ақын көптеген толғау жырларында Совет Армиясының осындай теңдесі жоқ ұлы Армия екендігін суреттейді.

Жамбылдың Ұлы Отан соғысына дейінгі Отан қорғау тақырыбына арналған поэзиялық шығармалары «Клим

батыр» атты жырынан басталса, ал «Ворошилов туралы поэма» — сол тақырыптағы шығармаларының қортындысы сыйкты. Егер «Женіс жыры», «Болат тонды батыр», «Чапай», «Амангелді», «Тынық Донның ұлдары», — атты белгілі толғау шығармаларында Жамбыл Совет Армиясының жауынгерлігін тұтас алып жырлайтын болса, Буденний, Фрунзе, Фурманов, Чапаевтың қолбасшылық, батырлық өмірлерін азamat соғысы кезіндегі даңқты жеңістеге байланысты жалпылай жырлайды.

Жамбылдың К. Ворошилов туралы поэмасы тақырыбы, идеясы, көркемдік ерекшелігі жағынан болсын, бұрынғы эпос жыры емес, совет фольклорындағы жаңа сюжетті поэма. Мұнда бұрынғы жырының дәстүріндей, кейіпкердің жеке өмірі жырланбайды, революциялық күрес, қолбасшылық, жауынгерлік өмірі, совет поэзиясындағы социалистік реализмге тән көркемдік ерекшелікпен жырланады. Рас, Жамбылдың Қызыл Армия ерлігі туралы толғау жырларында және осы поэмасында да жеке адамға табынушылық сыйкты кемшіліктер жок емес. Алайда, ақын совет жауынгерлерінің ерлігін негізінде дұрыс жырлайды.

Поэма Совет Одағының маршалы, Қызыл Армияны алғаш үйімдастырып құруышылардың бірі, партия мен үкіметтің көрнекті басшыларының бірі К. Е. Ворошиловтың қолбасшылық қоғамдық өміріне арналумен бірге, Совет Армиясының ерлік жеңімпаздық салтын жырлауға да арналған. Поэмада негізінде төрт бөлім бар. Алғашқы бөлімде Совет Армиясының ерлігін жырлау міндеті, Клим Ворошиловтың жастық шағына байланысты еңбекші халықтың бостандық жолындағы арманы, күресі жырлады.

Поэманың мұнан кейінгі бөлімінде К. Ворошиловтың революциялық күрес жолындағы қызметі, Октябрь революциясы, азamat соғысы кезіндегі ерліктері, батырлықтары суреттеледі.

Ақын Ворошиловтың жастайынан революциялық күреске белсене қатнасқандығын айқын және табиғи занды нанымды көрсету үшін патшалық Россия халықтар түрмесі болғандығын, еңбекші халық бостандықты ансап отырғандығын көз алдына алып келеді.

Ақын кейіпкердің жастық шағы өткен Донбастағы жұмышшылардың ауыр, аянышты түрмисын, азап, корлық өмірге тәзе алмай өздерін құлданып отырған капиталистеге қарсы, олардың революциялық күресін суреттей оты-

рып, Клим Ворошиловтың сол революциялық күресте жастайынан «Семсердей өткір өжет болат берен» болып өсken, еңбекші таптың намысы, кегін жоқтаудағы күрескер, айдауда, түрмелерде ол ешбір қажымаған қайсар ерлік сыйпаттарын береді:

«Жауына күші көп деп бас үрған жоқ.
Тап үшін күшті күрес қуатымен,
Бойынан жау қылғыны асырған жоқ
Жерлерден қарлы боран жолды басқан.
Аязда сықырлаған түнеп аспан,
Жасқанбай, залым патща зардабынан,
Талқан қып тас бұғауды Клим қашқан...»—

Клим Ворошиловтың революциялық күрес жолындағы табандылығын көрсету үшін оның түрмедегі, Сібірдің қарлы боранды алыс түкпіріндегі ауыр сүрғылт өмір бейнесін суреттейді, Ворошиловтың Октябрь революциясы, азамат соғысы кезіндегі данқты ерлігін, қолбасшылығын айқын сыйпаттау үшін революцияға, Совет Отанына тәнген жаулардың қауіпті күштерін, сонымен бірге, Ворошиловқа үнемі идеялық басшылық беріп отырған ұлы кесем Лениннің, коммунист партиясының жетекшілік ролін суреттейді. Ворошилов бастаған Совет Армиясының айбынды қуатын, елімізге қол сүкпақ болған қандай жау болса да талқандайтын жеңімпаздық салтанатын жарқын елестету үшін ақын Москвадағы Бірінші Май күнгі әскери парадтың көрінісін суреттейді.

Сөйтіп поэмада Совет Армиясының данқты қолбасшысы Клим Ворошиловтың революционерлік, батырлық образын Қызыл Армияның, коммунист партиясының тарихындағы ұлы жеңістерге, дүниежүзілік тарихи уақыйғаларға нысь байланысты суреттеледі. Рас, поэмада Жамбыл соғысты, Ворошиловтың, әскердің сырт келбетін бергенде кейде бұрынғы эпостық жырдағы идейбір ақындық шеберлікті де қолданады.

«Арыстан — жирен атты Клим батыр,
Айлакер, алғыр қыран, терең ақыл,
Қасында Буденныйдай жан жолдасы,
Бастаумен атты әскерді келе жатыр...
Бұдан соң танк шығар темір түллар,
Кез келсе қалың жауды құл ғып ұнтар
Аспанда үшқан құстай тізбектелер
Қаптаған самолеттер болат сұңқар.
Секіртіп бір мезгілде аргымағын
Шығады Клим батыр жанған жалын,

Сүйікті маршал, нарком ел коргаудың
Астында жирен аты бейне сағым.
Өтеді желдей есіп, жұртты аралап,
Шығады Мавзолейге жұртқа карап.—

(Сонда, 651—652-беттер.)

деп сыйпаттайды. Ақын қандай көркемдік тіл қолданса да, Совет Отанын қорғау, Қызыл Армияның ерлігін, Ворошиловтың батырылығын ардақтау идеясын әлсіретпейді, қайта поэманиң басынан аяғына дейін патриотизм идеясын, елімізге суық қол сұқпақ болған жауға мейрімсіздік идеяны әралуан ақындық шеберлікпен терендетіп, өткірлеп береді.

Жамбыл — халық ақыны, бұрынғы ақындық дәстүрді көп сақтап, совет тұсында жаңа идеялы шығармаларында жаңа ақындық өнермен дамытып жетілдірген ақын. Сондықтан Жамбыл сыйқты халық ақындарының жырына бұрынғы батырлар жырының, аңыз әңгімелердің сарыны, элементі араласып келуі табиғи занды да. Орта Азиядағы өзбек қырғыз, түрікпенін халық жыршыларының, Сүлеймен Стальский, Марфа Крюкованың Ленин, Қызыл Армияның ерлігі, Ворошилов, Буденний, Чапаев туралы өлең дастандарында аңыз-фантазиялық элементтер кездесіп отырады. Мәселен, М. Крюкова өзінің белгілі «Клим да свет Ефремович»¹ атты жырында Ворошиловты бұрынғы аңыз сарынмен жырлап, оның өмірін көбінесе Ақ теніз жағасындағы айдауда жүрген кезімен байланыстырады, Ворошилов айдауда жүргенінде де қатты құфын көреді, Ленинге жолыққысы келеді, оның жүрген ізін патша жасауылдары аңдайды, бірақ Климге балықшы, еңбекші халық көмектеседі. Ақырында, Ленинмен қосылып ол патшаны күлатады, халықты бостандыққа жеткізеді. Қызыл Армия басшысы болады.

Марфа Крюкова Солтүстікте теңіз жағасында тұратын халық жыршысы, сондықтан оның жырына Клим Ворошиловтың 1907 жылы Архангельскийге айдалып барған фактысының өзі айрықша маңызды. Оナン соң Ворошиловтың Бакуда болуы да теңіз жағасындағы өмір. Жамбыл Ворошиловтың революциялық қолбасшылық қызметін қазақ даласындағы азаматтық революциялық күреске, Амангелдіге басшылық етуіне байланыстыра жырлайтын

¹ Сказания М. С. Крюковой. М. 1937 г.

болса, М. Крюкова Ворошилов өмірін Ақ теніз жағасындағы балықшылардың азаттық күрестеріне байланыстырып жырлауы да орынды. Чапаев, Буденный, Амангелді туралы жырлардың бәрінде де батырлар тұлпар атпен соғысу жағдайында суреттеледі. Мұндай творчестволық суреттеу әдістері азамат соғысының өмір шындығын ажарладап беруге, халық жыршыларының шығармаларына ерсі емес.

Жамбыл шығармасының негізгі бір идеялық, көркемдік ерекшелігі Ворошиловқа деген бүкіл халықтық сүйіспеншілік сезімді шебер бере білуі. Ворошиловты оның революциялық күрес жолындағы ерлігін, қолбасшылық батырлығын барлық халықтар ардақтап, айрықша қадір, құрметпен жырлайтындығын айтады.

«Ашының көрдім талаі⁷ дәмін алып,
Өмір қадірін таныдым арып-талып,
Қазақтың малды бакқан мәлшүлары
Сүйеді өз Климин ұфып, танып...

Клим ер тамам үлтты алға бастап,
Көтерген қалың қолды жауға нұскап,
Ер қадірін, әрине, халық ұмытпас,
Көтерген ел тенденгін туын ұстап».—

деп, Ворошилов қазақ еңбекшілерінің ең жақын досы екенин, Амангелді оның қасына еріп, Қазақстан жерінде жауды женгенін зор аброй, мақтан санайды.

Отан соғысы сыйқты бүкіл дүниежүзілік ұлы, сұрапыл соғысты, оған қатнасушы совет жауынгерлерінің жеңім-паздық ерлігін жеткізіп, өте терең жырлау ақын үшін айрықша творчестволық жауаптылықты керек етті.

Советтік заманның отаншыл ақыны Жамбыл елімізге жау қаупі төніп, барлық совет халқы бір кісінің баласындаі тас түйін болып, сүйікті Отаның қорғауға жан-тәнімен белсеніп, алып қайрат жұмсап кіріскең шакта, совет халқының осы кездегі патриоттық ой-сезімін жалынды өткір тілмен тебіреніп жырлады.

Бүкіл совет халқына белгілі ақынның «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өрендерім», «Москваға», «Аттан, батыр ұрпағым», «Совет жауынгерлеріне», «Майданға хат», «Сыйлық», «Жаз тілі», «Темір тұлпар мінген қызы», «Отан өмірі», «Алтынбас қамал», «Балама хат», «Воронеж батырларына», «Жұз жасаған жүректен», «Ту астында берген ант», «Жау ажалы

жақын», «Қаһарман халық достығы», «Батыр туы» тағы басқа толғау, жырлары Ұлы Отан соғысының көп тақырыптарын, көп уақыйғаларын қамтыйды.

Жамбыл жырларында Отан соғысының тарихи шындығы екі кезеңге бөлініп сипатталады. Алғашқы дәүірі, сұрапыл соғыстың қаупі, апаты, осы жағдайда бір адым шегінбей, жауға қарсы табанды түрде қорғану ұрыстарын жүргізген ерлік уақыйғалар жырланады. Екінші шабуыл дәүірі — женіспен ілгерілеп, жауды талқандап жеңе бастаған кез. Ақын қай тақырыпты, соғыстың қай дәүірін алса да, сол алған тақырып аумағындағы өмір, соғыс шындығын дәл елестетіп отырады.

Ақын соғыстың қандай жағдайын, қандай кезеңін суреттесе де, басқыншы жауға қарсы орасан ерлікпен күрескей совет халқының мызғымас алып күшін, түптеп келгенде жауды талқандамай қоймайтын жеңімпаздық дәстүрін түйіндеп көрсетеді.

«Қаһарман халық достығы» атты толғауында Жамбыл совет халқының тылдағы еңбек майданында егіннен, малдан, өнеркәсіптерден мол өнім беріп, «жауға өлім шындағандығын», соғыс майданындағы жауынгерлер, соның ішінде қазақ солдаттары — Украинаның жерін, топырағын анасындаі сүйіп, азат етуге қатнасқан ерліктерін үлгі етіп айтады, Совет Отаның жаудан азат ету соғысындағы жеңімпаз «Куатының қайнар көзі» болған, қаһарман ер үлдар тудырған — советтік қазақ елі де ақынға ұлы мақтан, зор аброй.

Ленинград жау қоршауында қалған қауіпті кезеңді жырлаған «Ленинградтық өренім» атты толғауында ақын қаланы қорғауға аттанған мындаған жауынгерлермен қатар, жауды талқандайтын тылдағы ел еңбегінің көмегін де ерекше көтеріңкі сезіммен айтады:

«Қаласына Лениннің
Жан-жағынан елімнің
Ағытылған отарба,
Батырларын жіберген
Ауыл, қыстак, шаһарда.
Казақстан жерінен
Мұнай да ағып тасыған:
Сүр қорғасын, темірмен
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл мыс
Секілденіп жалын күш
Барып жатыр осыдан:

«Темір тұлпар мінген қыз» тракторшы қыз туралы шағын жыр. Ақын тракторшы қыздың жарастықты, қажырлы еңбегін көріп, өткенде батырлардың жорығын еске түсіріп, көз алдына алып келеді. Ерлер түн үйқысын төрт бөліп, белуардан қан кешіп, елін жаудан корғауға аттанып кеткенде, ерін жоқтатпай, артында мал-жанына ие болып, батырдың ар-намысын сақтап, ерлерше қайрат жұмсаған әйелдерді елі-жүрті айрықша қадірлекенін жақсы біледі. Міне осыдан кейін колхоз даласында күнітүні дамылсыз, қажымай трактормен жер жыртқан, қабағын бір шытпастан ән сала жүріп, еңбегінен мол өнім берген колхоздың тракторшы қызының қызықты, жарасықты ерлігін еуреттейді:

«Жапан қырды тәңкеген,
Жерді егінмен көмкерген;
Елді азыққа тоқ еткен,
Дүшпанға .ажал оқ еккен...

(Сонда, 467-бет.)

Жамбылдың Отан соғысы тақырыбына арналған жыр, толғаулаres эпикалы жырларының басы болып саналады. Жамбыл жырларында сұрапыл соғыс болған Ленинград, Москва, Сталинград, Воронеж қалаларының, Дон, Кавказ, Украина жерлерінің суреттері беріледі. Соның ішінде Жамбылдың Ленинград, Москва туралы жырларының идеялық, көркемдік маңызы ерекше. Ақын үшін бұл екі қала бүкіл халықтың туған анасындай ең қасиетті үясы, тіршілігіне, өміріне тыныс, қуат алатын жан-жүргегіндей ең ардақты ордасы: бостандығына, келешек бақытына аттын бесік болған ең ардақты мекені. Сондыктan ақынға Ленинград, Москвандың кескін-келбеті де, әрбір көшесі де соншалық ыстық, соншалық қасиетті көрінеді.

Коршаудағы Ленинград жайын Совет Одағындағы Н. Тихонов, А. Прокофьев, В. Инвер сыйқты белгілі орыс ақындары терең патриоттық идеямен жырлады. Ал Жамбыл творчествосында бұл тақырып айрықша орын алды. Ақын «Ленинградтық өренім» деген белгілі толғауында Ленин қаласын жалынды сезіммен сүйіп жырлайды:

«Нева өзені сүйкімді,
Бұлағымдаі көремін.
Көпіріне карасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш, өркеш жарасқан

Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз
Шомылдырып кемерін.
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста
Айбынды деп ойлағам».—

(Сонда, 436-бет.)

деп қаланың сыртқы бейнесін, Ленинградтың — революция бесігі, орыс халқының мемлекеттік, мәдениеттік орталығы болғанын елестете келіп, сол Ленин қаласының қазақ халқы мен қазақ елінің бүрінші, бүгінгі тіршілігімен тығыз байланысты екенін де айтады.

«Дүкенінде жасалған
Машиналар алуанын,
Киров экеп еліме,
Қуаныш кып алғамын.
Сендерменен қашаннан
Аға-інілі болғанын.
Немерем мен шөберем
Бесігінде сендердің
Жастайынан үйренген
Ғылым, ілім өрнегін.
Бүгін Жамбыл тыңдаса —
Естіді жау келгенін:
Есігіне таласын
Созыпты обыр өңбенін...»—

(Сонда, 438-бет.).

Отан соғысы тақырыбында қазақтың ақын, жыршылары көптеген өлең, жырларды айтып таратты. Соғыстың алғашқы жылдарында халық ақындарының бәрі де Жамбылдың дәстүрінде жырлап келіп, соғыстың соңғы жылдарында данқты батырлар туралы дастан, поэмалар шығара бастады. (Нүргейістік «Жыйырма бес», «Ер туралы жыр», Қалқаның «Ер Мұсабек», Әбдіғалидиң «Капитан Гастелло», «Партизан»,) Ол дастандарда атақты батырлардың Отан соғысы майданындағы жеке ерліктері әртүрлі ақындық шеберлікпен суреттелді, бұл жырланған дастан, поэмалардың идеялық, көркемдік сарыны, ұлгісі алдымен Жамбылдың Отан соғысы тақырыбына жырланған шыгармаларымен үндес болып отырады.

Соғыс кезіндегі Жамбылдың толғау жырлары тақырып жағынан да, көркемдік форма жағынан да әралуан болғанымен, оның бағылдығы да бір идеяға, бір творчествоғынан.

нысанаға бағынған, бірыңғай тартыс желісіне (сюжеттік мотивке) құрылған. Соғыс жылдары жырлаған ақынның өлең, жыр-толғауы біріне бірі жалғас, идеялық мазмұн, жаңар, көркемдік шеберлік жақтарынан бірін бірі толықтырып отыратын, Отан соғысы дәүірінің шындығын жанжақты бейнелеген тұтас бір дастан сыйқты.

Әдette, күрделі эпикалы дастандарда ұласқан, сұрапыл соғыс араласқан, бүкіл халықтардың тарихи қоғамдық, рухани өмірін сілкіндірген желпіндірген ересен уақыйғалар кең дамытылып жырланады. Бірақ .сол ұлы эпикалы дастанның ішінде ересен уақыйғалардың бұтағы, саласы болып жеке ерлердің басынан кешетін күйініш, сүйініштер де, елдін туып-өскен мекені, далалар, қалалар, тау, өзендер сыйпаты, адамдардың соғыстағы ерліктерімен қатар, бейбіт тіршілігі де, барлығы кең суреттеліп отырады. Жамбылдың Отан соғысы кезіндегі өлең-жыр, толғауларынан эпикалы дастан көлеміне көтеріп жанжақты жырлаған осы тұтастық байқалады.

* * *

Жамбыл шығармасы туралы сын жазушылар, пікір айтушылар «Ворошилов туралы поэмадан» басқа мұнда сюжетті шығарма жоқ, басқалары сюжетсіз жыр, толғаулар, лирикалар деп, ақын жырларына біржақты қортынды жасап жүр. Асылында, Жамбылдың біз жоғарыда тақырыпқа бөліп талдаған шығармаларының арқайсысы бірін-бірі толықтырып, дамытумен жырланған, эпикалы жыр сатысына көтерілген шығармалар екені даусыз. «Замана ағымы», «Халық қазнасы», «Ұлы көш», «Толғау», «Женіс жыры», «Болат тонды батыр», «Чапай» тағы басқа жыр толғаулар, Москва, Алматы, Алатау, колхоз тақырыбына арналған жырлар социалистік дәуірдің шындығын совет адамдарының еңбек, құрылымы, Отан қорғау жолындағы жанқыярлық ерлік, жеңістерін сыйпаттаған, эпикалы мотиви айқын шығармалар.

Әрине, Жамбыл шығармаларында лирикалар да мол. Табиғат, жер көркін суреттеген, балалар мен жастардың тұрмысын, сезімін, жақын құрбы-достарының мінездерін, өзіндік ақындық өмірін жырлаған суретті лирикалар Жамбылдың ақындық өрісінің бір саласы екені жоғарыдағы талдаулардан байқалады. Бірақ Жамбыл жырларын

түгелдей алып қарағанда, онда лирикалық сурет, сарын күйден гөрі, күрес пен істі, ерлік пен жеңісті, үздіксіз дамыған социалистік өмірдің бейнесін елестеткен эпикалы сарыны басым екендігін, ол негізгі творчестволық түйін болып отыратындығын айқын көреміз.

Дүниежүзілік эпосты зерттеушілер, эпос жайындағы әртүрлі пікірлерді айткан адамдар бір мәселелеге келгенде таласпайды, бірін бірғ қайталайды. Ол — эпос дегеніміз— халық өміріндегі ұлы тарихи соқтығыска, таң-тамаша жеңіс салтанаттарына байланысты туып, кең дамыйды, эпос зор тарихи күрестің, қырғын соғыстардың, катал арпалыстардың айнасы, елесі болып жарыққа шығады дейді. Бұл пікірді академик В. В. Радлов та, қазак, қырғыз, ойрат эпостарын зерттеген басқа ғалымдар да — бәрі де айткан. Алайда, бұлардың пікірінің жетпейтін жағы сол — эпос тарихи уақыйғаларға ілесіп отырмайды, тарихи уақыйға мен эпос арасында көп замандар, дәуірлер өтуге тиіс, адам баласы өміріндегі тарихи ұлы күрес әуелі халықтың азызына айналып, сдан кейін эпостық творчество болып жарыққа шығады деген белгілі мифтік школаның көзқарасына, Гегельдің идеализміне қайта оралады. Эпос туралы Гегель теориясынан туатын тағы бір қателік — ол, халықтың өз ішіндегі қоғамдық куресі (азамат соғысы, тап күресі) эпостық жырға негіз бола алмайды, эпостық шығармада бір халық пен екінші халық арасындағы күрес, соғыс қана негіз болады деген көзқарас¹.

Эпос туралы Гегельдің теріс қағидасын өз заманында революцияшыл-демократ сыншы Белинский толық мансұқ етіп, өзінің дұрыс көзқарасын ұсынған. Ол эпос пен эпикалы жырды (поэманы) екі бөліп қарайды. Эпос халықтардың көнелік, сәбілік дәуіріне тән нәрсе де, ал эпикалы жырлар, поэмалар әртүрлі көркемдік форма, әдіспен барлық дәуірлөрде жарыққа шығады. Белинскийдің қағидасынша — эпикалы поэмада бүкіл халық қатнасқан, оның тағдырына әсер еткен тарихи уақыйға әсіреленіп жырланады және онда халықтың салт тіршілігі, адамгершілік қасиеті, саяси өмір сүруі толық қамтылуға тиіс².

Белинский бұл қағидасын Россия тарихындағы (XVIII ғасырдағы) орыс халқының елдік тағдырын шешкен бел-

¹ Гегель. «Эпическая поэзия». «Литературный критик». 1935 г № 6. стр. 75.

² В. Г. Белинский, соч. т II. стр. 208.

гілі Полтава соғысы туралы Пушким поэмасына байланысты алтады.

Белинскийдің айтуынша, эпикалы дастандарда творчестволық қыял елеулі орын алатындықтан тарихи уақыйғалар, тарихи адамдар өмірі белгілі көркемдік мөлшерде өзгертиліп, толықтырылып және жыйнақталып беріледі. Ел тарихындағы күрделі тарихи, ерлік уақыйғалар өз кезінде жырланып ұлғырлымесе сөз жок, кейінгі заман ақындарына аныз әңгіме түрінде жетеді. Оны жеке ақындар жырлайды. Ол жырлар әр ақынның дүние тануына, көркемдік стиліне қараған батырлық дастан, немесе тарихи жыр болып тараптуы ықтыймал. Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» осы дәстүрде жырланған.

Бүгінгі халық ақындарының алдымен Жамбылдың эпикалы творчествосының тәжрибесі Белинский пікірінің дүрыстығын, ескі фольклористер мен Гегель қағидасының терістігін толық айқындайды.

Совет түсінде алдымен жеке адам — жеке жыршымен қоғам арасындағы қайшылық жойылды, даралық идеялмен қоғамдық идеял толық ұштасты. Жамбыл өзінің жекелік бақыты мен арманын үнемі қоғамдық бақыт пен арманға ұштастырып жырлайды, ақын-жыршылардың жеке өміріндегі қызық, арман, бақыт түгелімен қоғамдық арман бақыт болып жүзеге асты. Мұндай жағдайда ақын қоғамда болып жатқан тарихи ұлы уақыйғалардың жуан ішінде болады, күрестің ортасында, алдыңғы қатарында жүреді, сол тарихи ұлы уақыйғаларды ақын халықпен бірге қуанып, қызындығы болса бірге кейіп, қынжылып, жеңісі болса бірге шаттанып, шабыттанып отырып жырлайды. Сондықтан совет заманындағы эпикалы жырдың туып дамуына, буржуазияшыл фольклористер айтқандай, эпостық қыялдану заманы өтудің қажеті жок, эпикалы жыр күрес, іс үстінде туып жырланып отырады. Мұны совет ақындарының ұлы құрылыхы, Отаң соғысы кезіндегі творчестволық еңбегінен толық көреміз.

Рас, эпикалы шығарманың кілті — ұлы жорық, сұрапыл соғыс, халық өміріндегі зор тарихи уақыйға болады. Үлар эпикалы жырдың негізгі арқауы. Алайда, эпикалы шығарма көне замандағы эпостық жырлардан бастап, өзіне негізгі уақыйғалық түйін етіп тарихи ұлы уақынғаны алушмен қатар, халықтың жалпы тіршілік бейнесін көрсетуге де тырыспай ма? Орыстың батырлық жырларында (былиналарында) орыс халқының ішкі-сыртқы жауларына

қарсы ерлік күресімен қатар ұлттық, елдік салты да бір-келкі көрін ді, Новгород төңірегіндегі эпостық жыр, азыздардың бірталайы ерлік уақығалардан гөрі кейде семья, сауда-саттық тіршіліктерін де, адамгершілік, мінез-құлық жайларын жырлайды. Қазақтың батырлар жыры — Кобланды, Алпамыс, Тарғынның, Қамбарлардың соғыстағы ерліктерін айтумен қатар, батырлардың үйленуі, елін басқару, әке-шеше, туыс жайы, жер-коныс жайы да жырлады. Ал ғашықтық жырларын (лироэпосты) алатын болсақ, сұрапыл оғыс, ерлік орнына елдің салт тіршілігі, әдет-ғұрпы көбірек жырланады. Бертіндегі тарихи жырларда, әсіресе, 1916 жылғы көтеріліспен байланысты жырларда, дастандарда ылғый соғыс айтыла бермей, елдің қоғамдық тіршілігі көбірек жырланады да, соғыс, қанды қырғын уақыға екінші планда болып отырады. Совет түсіндағы әпикалы шығармалар, негізінде социалистік реализм методымен дамыған совет әдебиетінен үлгі алып өркендеді.

Сейтіп, Жамбыл шығармалары бір жағынан халықтың бұрыннан келе жатқан әпикалы, тарихи жырларының дәстүріне негізделсе, екінші жағынан совет поэзиясының жана дәуірде жаңа бір көрінісі, жақсы бір ұлгісінен саналаады. Жамбылдың жаңа әпикалы шығармаларында—совет халқының тарихи революциялық күрестердегі, сұрапыл соғыстардағы, ұлы құрылыштардағы женістері, даңқты батырлықтары жырлануымен бірге, Совет Отанының жалпы қоғамдық бейнесі кең жырланады, сондықтан жоғарыда тақырып, сала ретімен талданып өткендей, еліміздің сан алуан бейнесі бұл тұтас дамыған әпикалы шығарманың көлеміне толық сыйымды.

Ұлы әпикалы жырлар жайы сөз болғанда, ертедегі гректің «Илиада», «Одиссея»сы немесе орта ғасырлардағы эпостар, Маркс айтқандай, енді сол күйінде қайтала маитындығын, жаңа дәуір, жаңа қоғамдық құрылыш жаңа эпостық жыр тудыратындығын ұмытпауымыз керек. Бүгінде Кобланды, Ертарғын жырлары сол формада қайта тумайтыны, ол жырлардың стилі жазба ақындар түгіл, халық ақындарының өзіне де ерсі екені де даусыз.

Жамбыл, Нұрпейіс, Иса тағы басқа халық ақындарының творчествосына байланысты жаңа әпикалы жыр кең дамып отыр. Ол даму бір жағынан, дәл бүгінге дейін жатталып, жазылып алынып келген бұрынғы әпикалы жырлардың реалистік дәстүріне негізделсе, екінші жағынан,

жаңа қорамдық құрылыштағы тан-тамаша ұлы жеңіс, ерлік уақыйғаларды бейнелеугө негізделеді.

Біз талдаң өткен Жамбыл шығармаларының идеялық, реалистік сыйпаттары эпикалы жырларға тән ерекшеліктерді толық байқатады. Екі дүниені салыстырып жырлау әдісімен ақын қазақ халқының басынан өткен ұзак заманғы тарихи өмірін, социалистік дәуірдегі бақытты, қызықты өмірін, қайта туып гүлденген табиғаты мен өмір салтанатын елестетеді; ақын жырларында коммунизмге қарай өрлеген бүкіл совет халқының жеңімпаздық дәстүрін сол халықтардың ұлы көсемі Лениннің образын жырлайды, Совет Армиясының айбынды ерліктері, соның ішінде К. Ворошилов, Чапаев, Амангелді сыйқты даңқты батырлардың образы нақты жырланады. Қазақстан, Москва, Алматы қалаларының сәулетті, қызықты бейнелері кең суреттеле отырып, колхоздағы малшының, тракторшының еңбек өмірі жырланады, бүрін-соңғы ақындық дүниенің сырлары терең толғанып айтылу негізінде халық мақсатына жан-тәнімен берілген, патриот, жауынгер, құресші ақынның өз образы түйінделіп жырланады. Бұлай кең творчестволық өрісте жырлау совет тұсында ақындық таланты қайта туып гүлденген, коммунизм идеясымен қаруланған, «ХХ ғасырдың Гомері» Жамбыл сыйқты талантты ақындардың эпикалы жырларына тән сыйпат деп бағалаған жөн.

Жамбылдың ақындық өнері туралы

М. Горький: «Әдебиеттің негізгі материалы — біздің әсерімізді, ойымызды, сезімімізді бейнелейтін сөз. Әдебиет дегеніміз — сөз арқылы суреттелетін көркемөнер¹ — дейді.

Жамбылдың ақындық өнеріндегі негізгі бір идеялық сарын — совет дәуіріндегі адамдардың белсенді іс әрекетін сол белсенді қыймыл, даму жағдайында беруі. «Октябрь көңліме дүбір салды» — деген күшті метафора адамның сезім дүниесін бейнелесе, бұл сонымен бірге — Ұлы Социалистік Октябрь революциясының адам санаындағы революция болғандығын аңғартады, дүниені,

¹ М. Горький. О литературе. М. 1937 г. стр. 115.

қоғам өмірін негізінен қайта құруға жол салған, әлемді сілкіндірген ең зор, дүниежүзілік революция ақын үшін жай нәзік сезім емес, «дубір салған», зор уақыйғалы өмір.

Өлеңнің, күйдің — жауға атылатын бомба, темірді соғатын балға, ағашты тессетін қашау, таудың асыл кені. долы қара боран, тасыған бұлак болып бейнеленуі — өмірдегі белсенді күрестің сарын күйінен туған сөз образдары екені даусыз.

Бұл айтылғандардан туатын бір қортынды Жамбылдың ақындық сөзге талғамы, талабы совет дәуіріндегі жырларында жаңаша қалыптасқандығын, жана өршіл идеясына байланысты дамығандығын көреміз.

Жамбылдың көркем сөз өнері туралы айтқанда оның поэзиясын тіл байлығы, халықтың сөз қорын пайдалануы жағынан да, поэзиялық сөз, сөйлем орамы жақтарынан да текстеруіміз керек болады. Айталақ Жамбыл поэзиясында, әр шығармасының тақырыбына қарай қолданылған көне сөздер де (архаизмі), диалектілік сөздер де бар: сұржөбе, көкберен, дұлыға, адырна, шора, кіреуке, аршын, кеусен сыйқты ескі сөздер Жамбыл жырларында бар. Сондай-ақ жүрқан (булік, жанжал), сыр-десте (сырллас), әусірі (көнілдің құмары), нәубет (кезек, мұрша), төлежу (отарлану), мелшем (күшті, тырнақты), ұжым (бірлік, ынтымак,) кенезе (негізі), ашкезең (таудың ең биік ұшарбасы), шәпіні, малғұн, баз, жәлдей, тауап, ғарыш, пырак сыйқты сөздер Жамбыл жырларында жиі кездеседі. Бірақ мұндай архаизм яки жергілікті тілдер Жамбылдың шығармаларында онша көп емес, ал кездескен күнде накты бір шығарманың идеясына, тақырыбына сай қолданғанын байқаймыз.

Жамбылдың поэзиясында ерекше көзге түсетін бір шеберлік, тұжырымды ойды білдіретін мақал, мәтелге, қалыптанған тақпаққа айналатын тапқыр сөздердің түйдегі. Мысалы:

«Ақын деген бір бұлак,
Көмілер көзін ашпаса».

(Толық жиілінде. 282-бет.)

«Ер туады халықтан,
Нұр туады жарықтан».

(Сонда, 351-бет.)

«Батыр батыр болмаса,
Болатпен белін қынай ма».

(Сонда, 372-бет.)

Теніз терен болмаса,
Тұбінен інжу терер ме?
Көгінен күн тумаса,
Жарыкты жұрт көрер ме?
Өзен деген ат болмас,
Ат жалдарлық су аклай
Фалым деген ат болмас,
Айтқаны тұрмай шырактай;
Әнші деген ат болмас,
Әуезі қөніл жұбатпай,
Ақын деген ат болмас
Қандырмай мейір сұаттай.
Жыры болмай бұлақтай».

(Сонда, 564—565-беттер.)

Мұндай мақал, тақпақ үлгісіндегі сөздер Жамбылдың ақындық өнерінің қалыпты бір дәстүріне жатады.

Жамбылдың тіл байлығы бүгінгі тұракты, қалыптанған қазактың әдебиет тіліне негізделген. Әсіресе, совет дәүірінде өзінің сөз қорын, сөйлем құрылышын жетілдіру, байыту бағытында дамыған қазактың жаңа әдебиет тілінің жаңа жазба поэзиясының негізгі ерекшеліктері, сыйпаты Жамбылдың көркем тілінен де табылады. Совет дәүірінде қазактың әдебиет және сөйлеу тіліне занды түрде араласып, сіңісп кеткен интернационалдық, халықаралық сөз, терміндердің қандайын болсын Жамбыл поэзиясы мол қамтыған. Колхоз, совхоз, коммунизм, большевик, радио, метро, завод, самолет сыйкты сөздер ақынның көркем сөз образының құралына, бейнесіне айналып, нақты қалыптастан. Оған ақынның сөз образдарын жасаудағы шеберлігін айтумен байланысты айрықша тоқталамыз.

Жамбыл шебер тілді ақын дейміз. Ол шеберлігі ақынның әр алуан өмір шындығын жырлаған шығармаларын талдауда байқалады. Бірақ Жамбылдың ақындық өнері, тіл шеберлігі бастан аяқ бір дәрежеде, бір сатыда дамып жетіле қойған жок. Ақынның бірқатар шығармаларынан жаңа мазмұн мен ескі форма арасындағы қабылдаудың да байқау қыйын емес.

Жамбылдың көркем сөз өнерін өзінің даму жетілу түрғыларынан алып қарағанда үш жікке бөліп талдауға болар еді.

Бірінші — Жамбылдың фольклорға тән ескі сөз образдарын, суреттеу әдістерін сол қалпында өзтертпей колдануы.

Екінші — ауыз әдебиетіндегі, өзінің революциятан бұрынғы шығармаларындағы сөз өнерлерін жана идеялық, көркемдік мән беріп, жаңартып, өзгертіп колдануы.

Үшінші — жаңа, тыннан жасаған сөз өнерлері.

Жамбылдағы бұрынғы жыр салты, әрине өзінің революциядан бұрынғы шығармаларында көбірек бар; әсіресе өлеңдерінде, дастандарында, акын бұрынғы эпостардың сөз өнерлерін, белгілі акындардың жыр кестелерін мол пайдаланып отырады.

«Кабағынан кар жауды,
Кірпігінен муз катты
Кім еді деп басынған».
(Жамбыл Жабаев, Тол. шыг.

1946. 557-б.)

деген Сұраншының жауға шабардағы ашулы бейнесін Кобланды батырдың ашулы бейнесіне ұқсатып жырлап отыр. Немесе Сұраншының жауымен жекпе-жек айқасар кездегі өзінің батырлық мактандын Жамбыл Махамбет толғауынша береді.

«Мен — мен едім, мен едім,
Мен кімдерден кем едім,
Батыр болсан мен де сол
Мен де өзіңдей ер едім»
(Сонда, 597-бет.)

деп толғайды.

«Қырғауыл ұшып каз конған,
Акку келіп жаз болған,
Алтайға кара маралды.
Балығы тайдай тұлаған,
Бақасы койдай шулаған
Шортаны шоршып оянған
Алтын қаймақ аралды».

(Жамбыл, 562-б.)

деген суретті толғауы негізінде бұрынғы батырлар жырында Махамбет сыйқты бірталай ақындарда бар.

«Тағы бітті жаңа күш» дейтін толғауында Жамбыл өзінің жаңа бақытты өмірін елестетіп былай дейді:

«Алтынменен аптатып,
Күміспенен қактатып,
Зәулім сарай үй берген
Астыма жорға мінгізіп,
Үстіме торқа кигізіп».

(Жамбыл, Т. Ш. 304-бет.)

Мұнда ертегіде қолданылатын сөз шеберліктері де бар. Көп ертегіде батыр болатын бала «алтынмен апталып», «күміспен құпталған» өскендігі айтылады.

Енді ақынның екінші жүйелі сөз өнеріне келейік. Бұл сөз өнері ақынның бұрынғы ауыз әдебиетіндегі сөз өнерлерін жақартып қолдануы. Жамбыл сияқты, халықтың ең асыл сөз қазнасын мол менгерген қарт ақындардың бұрыннан ақын атаулыға ортақ дәстүр болған сөз өнерлерін, тенеу, метафор, эпитеттерді барынша сарқып, екшеп, тандап пайдалануы табиғи занды нәрсе. Онсыз ақынның халық поэзиясымен тамырластыры, текстестігі байқалмас еді. Алайда, Жамбылдың бұрынғы көркем сөз образдарын жақартып пайдалануында белгілі тапқырлық бар екенін байқаймыз. Мәселен: арыстан, қыран, сұнқар, бұлбұл сияқты сөздер барлық елдердің көне заманнан бергі ауыз, жазба әдебиетінде қандай тұрақты, жағымды бейнеде тенеу, эпитетке алынса, Жамбылда да сондай жағымды, бірақ жаңа мағнада қолданылады.

Жамбыл «Заманның ері арыстан», «Арыстан асқан жүректе» деп Лениннің асқан қайраттылығын бейнелейді.

«Фрунзэ, Клим, Чапаев
Айбындаған арыстан».

(Жамбыл, Т. Ш. 153-б.)

«Арыстан жирен атты Клим батыр».

(Жамбыл, Т. Ш. 650-бет.)

Ақын бұл жерде арыстанды ерлікке, батырлыққа балап, уақыйғалы, ерлік жырлардың сарынын (мотивын) береді.

Жамбылдың, сол сияқты барлық ақындардың поэзиясында қыран, сұнқар құстары алғыр, қайратты, қырағы адамдардың көркем бейнесі етіп алады. Бұл дүние жүзі әдебиетінде алғырлыққа ортақ символ сияқты болып кеткен. Совет поэзиясында қыран, сұнқар, бұркіт жалғыз адамға ғана тенеу болмайды, самолетке тағы басқа жүйріктік сипатқа да тенеу, балау болып жырланып жүр.

Ендігі біркелкі көркем сөз образының құралдары жа-

ғымсыз (отрицательный) сипат, мінездемелерді беру үшін хайуаннтар өмірінен — жылан, қасқыр, ит, қабан тағы баска сөздер алынады.

Жылан барлық ел әдебиетінде, әсіресе ertегі, мифологиялық ақыздарда көбірек жыр, әңгіме болып, адам баласына қас күш бейнесінде суреттеліп отырады. Рас, кейбір елдің ertегі төтемдік ианымдарына байланысты кейде жыланның адамға дос күш бейнеде айтылатын кездері де болады. «Шаһмұран» ertегісінде¹ жер астының жылан патшасы Жыланбек адам қоғамынан бөлек екінші бір дүние жасап жатқан, өзіне адалдықпен келген адамға тимейтін, әділдік, достық күштер образында суреттеледі. Оның ізгілік ниет, әрекеті адам қоғамындағы зұлымдыққа қарсы қойылады. «Құламерген» атты ertегі дастанда² жер астының тіршілігі жыландар қолында болады. Сыртқы қабы жылан болады да, ішкі бейнесі — бәрі адам болып кездеседі. Бірақ жыланның адамға дос күш бейнесі болуы жалпы поэзияда, соның ішінде қазактың бұрын-соңғы поэзиясында негізгі ақындық дәстүрге айналмаған. Бұл көне кездегі ertегілердің ғана сирек қалдыры.

Қазактың ertегі әңгімелерінде, өлең-жырында жылан негізінде адамның қасы, адамды шағып қанын сорушы, көп жасаған болса — адамды жұтып жейтін жалмауызға айналатын — ете қауыпты, қорқынышты, жиркенішті бейнеде суреттеледі. Поэзиялық тенеулерде—жыланда, жыланша деу,— қанішер, адам жұтқыш арбағыш бейнелерді көз алдына елестеткендей. Соңдықтан да Жамбыл жыланды нағыз қас жауларды бейнелеуге қолданады.

Сейтіп, бұрынғы фольклорда жағымсыз, жау, қас күштерді бейнелейтін хайуаннтар өмірінен алынған сез образдарын ақын түп мағнасын сақтай отырып, бірақ жаңа идеяға лайықты өткірлеп, күштіп қолданып отыр. Жағымды образдарға алынатын қыран, бүркіт, сұңқар, жағымсызға алынатын жылан, қасқыр, ит тағы басқалар совет ақынының жаңа идеялы шығармасы арқылы недәуір жаңарап, жаңа көркемдік шеберлікте беріледі. Сонымен бірге ақын жағымсыз образдарды айқындай түсү үшін кейде «жалмауыз», «айдаһар», «малғұн»³ сыйқты ertегі—мифтік сез образдарын да орынды қолданады.

¹ «Шаһмұран». Қазан. 1913. ж.

² Құламерген. 1912 жыл.

³ Жамбыл. 434-492-б.

Бұрынғы сөз образдарын өзінің шығармаларында жаңартып, күштейтіп колдану жалғыз хайуанаттармен байланысты ғана емес, табиғат күбылсы, өмір көрінісімен де, адамның мінез-кулықтарымен байланысты да көп кездеседі: бұған бірнеше мысал келтірейік.

«Қылышынан кан тамған,
Найзасынан зэр тамған»
«Көкорай шалғын жер»,
«Енсесі биік дөң»,
«Жапалақ үшпас жапан»,
«Даланы кеziп күйиндей»
(Сонда, 178—181-беттер.)

«Босағасы алтыннан,
Белдеулері жібектен,
Шаңырағы күмістен,
Отау сондай гүлденген».
(Сонда, 194-бет.)

«Шағаласы шаңқылдап»,
«Каз-үйрегі қанқылдап».
(Сонда, 206-бет.)

«Көзің жарық жүлдиздан,
Шашың жібек құндышдан».
(Сонда, 215-бет.)

«Тас түлек сайып қырандай»
«Қылышы қара тас кесіп,
Найзасы айға бейлаған».
(Сонда, 337—338-беттер.)

«Нажағайдай жарқылдап,
Көктен жауған шартылдап
«Жаңырша оғын төгілген
Тайсалмастан дүшпаннан,
Темірменен қурсалған».
(Сонда, 404-бет.)

«Жаңырдай оғын боратып
Ақ алмастай жарқылдап».
(Сонда, 453-бет.)

«Құн сарылып, түн катқан,
Қабағына кар катқан,
Кару аскан зор адам;
Мұздай темір күрсанған,
Алыптарға ұсаған
Аспананды толғаған».
(Сонда, 481-бет.)

«Тас түлек, таймас қыран мұзда өскен,
Көк болат алмас қылыш нарды кескен».
(Сонда, 650-бет.)

Бұл келтірілген көркем сөз құралдары (тенеу, эпитет, метафорлар) бәрі де негізінде бұрынғы ауыз әдебиетінде

және жазба поэзиясында да, кейбірі революцияға дейінгі ақынның өз шығармасында мол қолданылып келіп, қалыптаскан сөз образдары. Бірақ ақын сол бұрынғы әдебиеттегі қалыптанған сөз образын сол қалпында ала салмайды, жаңа идеялы шығармаға сәйкес, совет дәуірінің жеңімпаздық екпіні, ырғак күйіне сәйкес жаңа көркемдік мән, ажар беріп, түрлендіріп қолданып отыр. «Қылышынан қан тамған», «найзасынан зәр тамған» деген ауыстыруда (метонияда) ақын қылыш пен наизаның жай ғана сыпатын бермейді, ауыстыру әдісі арқылы Шыңғысхан сыйқты шапқыншы жаудың әрекетін әшкерелейді. «Нажағайдай жарқылдал, жаңбырша оғы төгілген» деген қалыпты теңеумен Қызыл Армияның ерлігін бейнелейді.

«Мұздай темір құрсанған», «қылышы тас кескен», «кек болат», «тас түлек қыранға» үқсас совет батырлары да бұрынғы сөз өнерімен жаңаша сипатталады.

Жамбылмен замандас ақындардың көбі осылай бұрынғы ауыз әдебиетіндегі сөз тіл байлығын мол пайдалану, жаңартып шеберлеп айту бағытында жырлайды. Және мұндай ақындық әдіс (прием) жазба ақындарда бар. Бұл жағдайда ақындар ескі сөз образының бәрін ала бермейді, жаңа идеяны әсерлеп, ажарлап беруге қонымды, оралымды өн асыл сөз өнерлерін сұрыптаап алады.

Жамбылдың ақындық өнерінің ең маңызды кезеңі үшінші жіктегі сөз өнерлері. Бұл әсіресе ақынның совет дәуіріндегі революциялық жырларында дамыды.

Әдетте белгілі бір елдің әдебиет тарихында жаңа даму кезеңін жасаған, жаңа өршіл идеялы шығармалар берген ақындарды жаңа жол салушы (новатор) деп атап, олардың шығармалары сол тұрғыдан зерттеліп келеді. Дәл халық ақындарына келетін болсақ классик-новатор деген атак олардың ақындық, творчестволық дәстүріне қона бермейді және Жамбылды классик-новатор еді деуден аулақпаз. Бірақ оның ізденгіш ақын екенін айтудымыз керек. Және бұрын сондай әдебиет фольклор тарихында атакты халық жыршыларының даралық шығармалық қызметі жазба ақындар катарында арнап зерттеліп қаралған да емес; халық жыршылары бұрынғы ақындық жыршылық дәстүрді (традицияны) қайталаушы, ең мықтағанда өндеп жаңартып айтушы деп танылып келді. Буржуазияшыл фольклористиканың бұл көртартпа көзқарастарына алдымен совет тұсындағы халық ақындарының творчестволық ақындық тәжрибелері қатты сокқы берді.

Жамбыл, Сүлеймен Стальский, Нұрпейіс, Иса сыяқты талантты халық ақындары ескі ақындық традицияны қайталаپ жаңартып айтып қоймады, оны ілгері дамытып, өзінің жаңа ақындық өнерін жасап отыратындығын толық танытты. Жамбылдың жаңа ақындық өнері бұрынғы фольклордағыдай стихиялы түрде келіп туған сөз өнері емес, өзінің жаңа дәуір шындығын бейнелеген өлең жырларына тығыз байланысты, соның заңды формасы ретінде туып дамыған жаңа творчестволық сөз өнерлері, мұнда да ақынның ескіні мансұқтау, жаңаны ардақтау ойлары толық көрінеді. Мәселен Жамбылдың салыстыруын алайық: Жамбыл бұрынғы қалыпты салыстырумен қанаттанбайды. Салыстырудың өзіне елеулі жаңалық кіргізеді. Ол жаңалық алдымен екі дүниені салыстырып жырлайтын кең көлемдегі өмір картинасын беру идеясына байланысты туады. Ақын ел өміріндегі тарихи ұлы құбылыстарды, адамдар күресін кең оқыйғалы сарынмен беру үшін өткенді бүгінгімен салыстыра отырып, бүгінгі совет дәурінің, совет адамдарының жарқын сыйпатын бере толғайды.

Женімпаздық әрекет туралы поэзия ол қандай көркемдік формамен айтылmasын, үнемі эпикалық (уақыйғалық) сарын тудырады.

Екіншіден ақынның негізгі творчествосы, адам қоғамындағы дараышлдық сезімді жырлауға арналмай, бүкілхалықтық, қоғамдық мақсат, тіллектерді жырлауға арналғандықтан да оның поэзиясының мазмұнында заманның дамып ілгерілеген зор тарихи уақыйғалы бейнесі, қоғамдық сезім лебі көрінеді, бұл нағыз эпикалық шығармаға негіз болып отырады. Сондықтан да, Жамбылдың көркемдік сөз образдарынан алдымен социалистік заманымыздың күрес бейнесін берерлік ақындық өнерді көріп отырамыз. Мәселен:

«Жүйріктердің жүйрігі
Жүкті поезд тиеді.
Ағытылды шабыстың,
Жан көрмеген тиегі.
Қақ жарылып жол берді.
Сырқырап таудың сүйегі.
Кондырып жолға жұлдызды
Салдырып болат көпірді,
Қызыққа халық кенелді».

(163—164-беттер.)

Немесе:

«Мраморлы метром,
Алтын сарай бейне зор.
Атқан оқтай поезы
Зыркырайды шапқанда ол».
(165-бет).

«Жер астынан жүретін
Оқтай жүйрік отарба
Саяхат салып барладым
Шамы жұлдызы жарқырап».
(637-бет.)

деген суреттерде тыңдан жол салып, тынбай зымырап алға басқан темір жол, метролардың нақты өзіндік сыйпаты берілумен қатар совет адамдарының қажырылған еңбегі арқасында жүргізілген ұлы құрылыштардың бейнесі де елестейді. Алып еңбек ерлігінің, өскелен өмір жарысының алдында тәкаппар таулар қақ жарылып жол береді, болат көпірлер салынады, аспанның жарқыраған жұлдыздары орнайды. Осының бәрінің қызығына ақын мен халық бірдей кенеліп саяхат жасап кетіп бара жатады. Ақынның әрбір көркем суреттеуі нақты сез образдары шығармасының негізгі идеясына тығыз байланысты совет дәүірінің даңқты күрес бейнелерін дәл жарқын беріп отырады.

Бірнеше мысалдар келтіріп талдау берейік:

«Төңкеріп жауыздарды тастанды елім
Капитан қолқасына колды салып»
«Жеңісің жеңістердің асқарындаі,
Лениннің ілгері аяқ басқанындаі.
«Көк жұлдызын колға ұстап
Түймесі етіп кадады».
«Ұлым бар қурыш мініп көкті өрлеген,
Кунге асып ай мен жұлдызы қалған тәмен».
(244, 291-беттер.)

«Аспан жер айналаның бәрі біздік
Халқыма қол кусырып бағынды шын...
Көрпесін кәрі үйқының сілкіп тастанап
Кен дала міне өмірді шыкты бастап».
«Бакыттың күйі анқылданап
Шолпандаі тұған жарқылданап
Әсті елімнің өрісі...
Шарықтадым шалқыдым,
Шырайы жанды халқымның
Ырыста жүзген кемесі.
Күнге тіреу бойым бар,
Бойыма теңес ойым бар».
Орғып шыққан машина
Құлынындаі құлланын;

Құдіреті салған құлыптың
Күл-талқанын шығардым.
Әмір кілті адамда
Тұтқасындай құманның
Қек тәңрісі Қоккинаки
Шар бол ұшқан желдегі
«Жалағалы жау отыр
Қілемге түскен қүйедей.
Бірақ бізде қорған бар:
Бұрандалы шегедей.
Боран аспас төбедей
Мұз ұнтаған кемедей
Халықтың адап баласы
Бір жүректі денедей».
(300, 310, 311, 318, 320, 322-беттер).

«Теңіздей егін шалқыды
Тенізде жұзген кемедей.
Комбайндар аңқыды
Қемірім таудай үйілді,
Темірім судай құйылды,
Мұнайым акты бұлактай».
«Майдылмас алмас заводтай
Біздің осы өмірден
Алуан сұнкар ер шыкты,
Қауырсыны темірдей,
Нажағайдай жарқылдан,
Қектен жауған шартылдан
Жаңбырша оғы төгілген».
«Сонда бір күй тебрентті
Балтық толқып дем алып».
(359, 404, 437-беттер.)

«Кез жібердім мен де елге...
Айбатынан көресің.
Аспан мен күнге астасқан,
Құйған құрыш тәрізді
Тұлғасында күшті ызғар».
«Тұлап теңіз тасқандай
Күшіміз жауды басқандай».
«Ерлер көкте шырқаған
Болат құсын самғатып.
Серік болып бұлтпенен».
«Күнде көрем ауылда
Темір тұлпар мінген қыз
Жапан-қырды төңкерген,
Жерді егінмен көмкерген,
Елді азыққа тоқ еткен,
Дұшпанға ажал оқ еккен,
Жаксы көріп жаңындаі
Тракторын баптаған,
Касқалдақтың қанаңдаі
Қасық майын сактаған,
Қараңғы айсыз тұндерде
Серік болып үркере

Шырқай қырды тербеткен».

«Қатайып тас темірдей
Карыс жерге шегінбей,
Қас дүшпанға қаптандар
Донның жойын селіндей».

(431, 450, 466, 467, 474-беттер).

«Сендер Отан жаңындаі
Тамырдағы қанындаі,
Заводтағы жалындаі,
Шахтыдағы сарындаі».

(Комсомолға.)

«Сықылды кара меруерт біздің Ембі,
Жанарап Қазақстан жұлдызы боп».

«Қандай жау келсе дағы етпес қауіп
Кидірген Отанына темір сауыт».

(526, 645, 652-беттер.)

Бұл келтірген көркем сөз образдары нақты мазмұнға беленген ақындық өнері.

Әрбір теңеу, салыстыру, метафора, әпитеттің өзі совет Отанының, совет адамдарының қуатты, екпінді, куресшіл, жеңімпаз сыпатын беретін әпикалы сарындағы сөз өнері. «Күнге тіреу бойым бар» деген әсірелеу мағнасыз, негізсіз ақын қыялынан туған емес, өмір шындығына нық байланысты сөз образы. «Қапитал қолқасына қол салған», «Кек жұлдызын түйме етіп қадаған» совет халқы, «Майырылмас алмас заводтай» өмірімізге, «тулаған теңіздей» күшіміз, «бұлтпен серік боп», «күнге өрлең ұшқан» ұшқыштар, «дүшпанға ажал оқ еккен» тракторшы, «Донның сезіліндей», «аспанмен күші астасқан» қызыл әскер,— бәрі тұтас әпикалы жырдың даңқты геройлары болып елестейді. Рас, ақынның совет тақырыбына арналған өлең-жырларында, жазба ақындарға тән поэтик тілдердің әралуан түрлері орнымен қыйсынды келіп отыратындығы даусыз. Әсіресе, ол бұрынғы жалаң теңеу, ұқсатулардан күрделі метафора, метафоралы әпитеттерге, ауыстыруларға (синекдоха, метонимия), бейнелеулерге көбірек бой ұрғандығын және әрбір жаңа теңеу, метафора, бейнелеулері белгілі идеялық нысанага тығыз байланысты берілетіндігін байқаймыз.

«Серік болып бұлтпенен», «қырды егінмен көмкерген», «дүшпанға ажал оқ еккен» деген ауыстырулар, бұрынғы ауыз әдебиет үлгісінде кездеспеңтін, ақынның өзіндік сөз өнері. Тракторшы қыздың жер жыртып, егін салып, майданға көмек көрсеткендігін ақын жалаң айтпайды, адамның сезіміне, көкейіне қонымды «жерді көмкертумен»,

«дүшпанға ажал оғын егумен» суреттеп отыр. Бұл ақындық өнердегі ілгерілеу болып табылады.

Метафора мен метонимия, бейнелеулер жалпы поэзия тарихында бұрынғы ауыз әдебиетімен салыстырғанда анағұрлым ілгерілеу екендігі даусыз қафида. Бұл ақындық мәдениет орыс әдебиеті арқылы қазақ поэзиясына Абай шығармаларына байланысты мол кіріп, сіңісе бастаған болатын. Ал, совет поэзиясында онан ілгері әралуан шеберлік, тапқырлықпен дамып, жетіліп келеді. Жамбылдың ақындық өнерін поэзиямыздары осы дамудың кейбір ерекшеліктеріне байланысты зерттеп, анықтауымыз керек болады. Жамбыл бір жағынан халық әдебиеті өкілі бола отырып, өзінің талантты творчестволық өсуі арқасында жазба поэзиядан көп үйреніп үлгі алды, оның жырларында жазба ақынға тән ақындық өнер байқалып отыратын болса, ол таңырқарлық нәрсе емес, оны табиғи занды нәрсе деп қарауымыз керек.

Жамбыл қолданатын әрбір тенеуде белгілі терең мағна, өткір сезімді қуат бар. Мәселен: жаңа занды, «өмірдің шегесі» деп бейнелеу, жеңістердің даму жолын Ленин жолына салыстыру («Лениннің ілгері аяқ басқанындай») Қоккинаки сыйқты данқты батыр үшқышты, «қөктің тәңірісі» деп бейнелеу, егінді — тенізге, комбайнды — тенізде жүзген кемеге тенеу, өмірді — заводқа тенеу, ерлерді — темірге, құйған құрышқа тенеу, немесе тасыған тенізге, жастарды — Отанның жанына, заводтағы жалынға, шахтыдағы күшті сарынға тенеулері — бәрі де ақынның жаңа дәүірдің шындығын жаңа ақындық өнермен сыйпаттағандығын көрсетеді. Әрбір сез образында терең идеяны ашып, өткірлеп отырады. «Май» атты (201) өлеңінде ақын Ұлы Октябрь революциясын — құлпырып жайнап, өмірге қызық шаттық берген май айна бейнелесе, қанаушы бай капиталистік таптарды, олардың қофамын — ызғарлы қыс, аязға бейнелейді. Ал, фашистерді құтырған қыстың боранына тенейді. Сол аяз бен боранды жойып халыққа баҳыт орнатқан Ұлы Социалистік Отанымызды жазға бейнелей жырлайды. Міне, мұнда да мазмұн мен көркем форманың толық бірлестігі байқалады.

Бұрынғы жыршы-акынмен салыстырғанда бүгінгі ақын жыршының ақындық өнері, суретшілік шеберлігі, өмір шындығына жақын және нақты. Ақын суреттері, сез образдары жалан емес, дерексіз бейнелермен берілмейді, күнбе-күнгі өмір, табиғат құбылысында, адам мінезіне

ның байланысты болады. Ақынның сөз образдарында, сүреттеуінде бұрынғы эпос тіліндегідей, бірынғай стандарт калып жок, әрбір жаңа тақырып, жаңа қоғамдық көріштің бейнесіне қарай әртүрлі сурет, сөз шеберліктері жасалады.

«Куанышты колхозым
Жайланаға конып ен жайлап
Жақұттай алтын таң атып
Жұлдыздын көз кысканын,
Көрдім көкте калыктап,
Ак иыктын үшканын,
Көз алдында Алатау,
Меруерттей шалмасы,
Таудан құлай аккан су,
Баурында өсken алмасы.
Кыялай өсken карагай
Таныс өлке арнасы»

(151—152-беттер.)

«Карлы тау басы биқ мұнар кептес,
Сырласып бұлтытармен болған кептес,
Алатау Жетісумен күшактаскан
Еліне казыналы койнын ашқан».

(208-бет.)

«Арман бар ма, Мәскеуім,
Сені көрген адамда,
Сендей сұлу кала жок
Он сезіз мың ғаламда.
Жалтыраған айналай,
Көшең қандай саулетті
Аспан зәулім үйлерің
Түргандарын дәүлетті.
Күллі ғалам көз тігіп,
Мәскеу, саған карайды.
Бакыт тапқан біздің ел
Өмір гүлдеп күлгенде,
Нұрлы астанам Мәскеуді
Жүргіне санайлы.
Отанымның тамырынан
Барлық бакыт, барлық ой
Кремльден тарайды»

(339-бет.)

«Жасаулы жас карагай
Жас өспірім баладай,
Карасам көз тоймаган.
Соғағ үксап гүл жайнап
Жұруші еді жыр сайрап.
Қыз балам мен бозбалам».

(481-бет.)

Міне бұлар суретші ақынның бере алатын айқын сый-
партары. Осы суреттеулердің қайсысында болсын табиғат

ескі фольклордағы жалпы ұқсатумен (психологиялық параллелизм түрінде) берілмейді, ақынның сезім дүниссімен ұштасқан метафора, дамыған әпиттеттермен құлпырып, түрлендіріп беріледі. «Жұлдыздар көз қысқаны», «бұлтармен сырласу», «ак шалмалы таудың өзенмен құшактасып, қазыналы қойнын ашуы», «бүкіл әлем көз тіккен жарық жұлдызы, «Отанымның соғулы жүргегі Москва», көктем мен жас жігіттің біріне бірі ұқсауы — бәрі сезімі алғыр ақын өнері.

Бұл сияқты Отан, ел, табиғат көрінісін ақын үнемі кең сыйпаттау арқылы дамып, құлпырып ілгерілеп бара жаткан сәнді салтанатты, жеңімпаз заманымыздың тұлғасын көз алдыңа алып келеді. Ақын өмір көрінісін, табиғат көркін сүйіп шабыттанып жырлаумен, одан өзі зор уақыйға, әңгімелі жыр сарынын тудырады.

Аңыз әңгімелі сарын бұрынғы ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр; ол дәстүрді жазба ақындар да молынан пайдаланады. Бірақ әр ақын өзінің творчестволық методына қарай халық әдебиетіндегі аңыз әңгімелі сарынды әртүрлі қолданады. Жамбыл фольклордан, теңіздей халық поэзиясынан мол сусындал қанып келген ақын болғандықтан, ақындық шеберліктерінде өмірдің нақты бір көріністерін елестетуде аңыз әңгімелі сарынды жаңа идеяға, жаңа мазмұнға сәйкес үнемі орынды пайдаланып отырады.

Жамбыл да бұрынғы аңызды сарынды жаңа мән беріп екшеп алып дамытып жандандырып береді. Ақынның кейбір лирикалы өлең жырындағы суреттеулерде ел аузындағы аңызбен, бүгінгі өмірдегі куреспен байланысты қызықты сюжетті уақыйғалардың түйіні беріледі. «Пушкинге» деген өлеңінде:

««Шам-шырак деген тас жатыр
Теніздің терең түбінде.
Сүңгіл адам соны алар,
Шам қылуға түнінде.
Май қүйған шам сөнсе де
Шам-шырак сөнбес өмірде.
Жақсы сез бейне шам-шырак
Орнаған бейне көңілге».

(212-бет.)

деп данышпан ақын сезін мәнгі сөнбейтін «шам-шыраққа» салыстыру үшін, сол шам-шырақ жайлы аңызды еске түсіреді, ол шам-шырақ тас теніздің терең түбінен қыйын-

дықпен алынып қолға түсетінін айтады. Эрі күшті салыстыру, әрі қызықты аңызды әңгімелі сарын жасап отыр.

Ақын:

«Желдетіп желмаяғай поезд келед
Зуылдап көз ұшында дөңгеленед».
(251-бет.)

дегенде поезды ертедегі түйенің жүйрігі желмаяға салыстырып әрі поездың зымырап алға басқан жүйріктігін бейнелесе, әрі желмаяның жүйріктігін айтЫП, тенеудің өзіне әпикалы сарын күй береді.

«Аспан астында ақылдан,
Қылышы қолда жаркылдан,
Қызыл тудың астында
Үқсан миллион тасқынға».
(263-бет.)

деген суреттеуде ақын Чапаев тұлғасын көтерінкі романтикалы бейнеде береді. Аспан мен жер арасында ақбоз ат мініп, алмас қылыш ойнатып теніздің тасқын селіндей айбынды күш иесі батырдың образын елестетеді. «Жастық жыры» атты толғауында совет дәүіріндегі бақытты өмірді елестету үшін ақын Асаңкайғы арман етіп, бүкіл халық қыялды әлпештеген «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» аңызды еске түсіріп, сол қыял біздің совет заманында шындық болып отырғанын жыр етеді. Өмірдің өзі ақын қолына құс болып қонады да, ол құстай үшқыр сезім жаңын тербетеді. Сөйтіп, барлық көркем сез образының жүйесі қанатты құс бейнелі (өмір қой үстінде бозторғай жұмыртқалағандай, ол ақын қолындағы конған құс, қыялды үшқыр құс) болып жырланады. Бұл да өмір шындығын әсерлей аңызды сарынмен суреттеуді көрсетеді.

«Күннен биқ ұшырып
Мұз тұндігін аштырған».
(333-бет.)

дегенде әрі әсірелеумен, әрі метафордың ұлғайран түрімен әңгімелі жырдың сарыны шебер берілген.

Жамбылдың ақындық өнері сез болғанда оның өлең-жыр үлгілеріне, өлең-жырларының ыргак, музикалы ұндылік, динамикалық құрылышы жақтарына да аздал токталмай болмайды. Жамбылдың өлең-жыр үлгілері негізінде бұрынғы халық әдебиетіндегі жеті буынды жыр мен он бір буынды қара өлең өлшеулері.

Бірак, бұдан Жамбыл өлеңің формасына мән бермеді деген үғым тумайды, қайта Жамбыл қазактың ауыз әдебиетінде бұрыннан қалыптанған, өзі көп қолданып келген өлең-жыр үлгісін лептілік, музикалы әуезділік, ырғақ ойнақтылығы, үйқас байлықтары, дыбыс үндестігі жақтарынан ажарлап, түрлендіріп, көркемдеп, шығарманын мазмұнын өткірлеп отыруға қатты назар аударады.

Жамбыл импровизатор ақынның дәстүрі бойынша өзінің толғау жырларын әралуан өлең жыр кестесімен, бір-ыңғай үйқас, ырғақ ағынымен қыйыстырады.

«Елімнен Мәскеу жеткенше,
Жазылып түсіп жол жатыр.
Көкорай шалғын жер жатыр,
Аскар-асқар тау жатыр,
Еңсесі биік дөң жатыр,
Айдын шалғар ғөт жатыр».
(*Сонда*, 163-бет.)

деген толғауда бірыңғай үйқас ағыны мен дыбыс үнділігі бар.

«Сусыз шөлді күнартып,
Бұлак еткен заманым...
Арқаның топшы жауырын
Майға біткен сауырын
Прак еткен заманым.
Аш-арыкты тенгеріп
Тарихты билеп мәнгеріп,
Қаусаған елге әл беріп,
Қем-тарына дән беріп,
Жұмак еткен заманым.
Қорса танға қалатын,
Қараса улғі алатын,
Берекелі елімді
Жер шарына нұр бергөн,
Шырақ еткен заманым».
(*Сонда*, 179-бет.)

деген толғауда ақын соңғы кайырма үйқасты қайталап қолдану арқылы айтайын деген ойын дамытып беріп отыр.

«Еркінлетіп енбекті.
Бел ал деген осы заң,
Оку оқы, білім ал,
Жөн ал деген осы заң.
Еноек ет те, міндет ет,
Демал деген осы заң.
Әйел тенсің правоң —
Сен ал деген осы заң.
(*Сонда*, 233-бет.)

деген толғау соңғы үйқастың бір жолда қайталанып келуі арқылы жырдың көркемдік қуаты күшейіп тұр, және қайталанып келген сөздердің екпіні жол басындағы үйқасқа түсіп тұр.

Жамбыл жырлары үйқастың қайталануымен ғана емес, адамның ішкі сезім-күйін қозғарлық көтеріңкі толғауларымен де мазмұнын ажарлап отырады.

«Қызығын калым көре алмай,
Ордаға қалым ене алмай,
Бәйгесіне ат косып,
Шабыстан калым ере алмай,
Жата кеттім бір жерге.
Қорлыққа көрген көне алмай,
Түсімде көрдім бір тұллар,
Жер тепсінгей жануар
Қарай қалым көз алмай.
Оқыранып шакырды,
Шыр айналып тұра алмай.
Қайғырыппын түсімде
Қалам ба деп міне алмай».

(Сонда, 293-бет.)

Осындай қан қыздырып, жігер толқытарлық отты, лепті сөз түйдегімен ақын совет жауынгерлерін, совет адамдарының туған жерге деген сүйіспеншілігін береді.

Пікірін терендету үшін, ойын еселеп өткірлей беру үшін Жамбыл қайталаудың әралуан түрлерін қолданады. Өлең-нің қайырмасы ретіндегі шумақ қайталау, үйқас қайталауы, дыбыс, сөз қайталаулары өмір шындығын, адамның сезім, ой дүниесін, іс әрекетін суреттеген ақындар поэзиясына тән ерекшелік. Өлең-жыр оқыған уақытта, яки тындаған уақытта үшқыр, жорға аттың жүрісіндей немесе бишинің шыр айналып дөңгелеп ойнаған шебер жатық дене қыймылындај жарасымды, көңілге қонымды сезімді билеп, ойынды қозғап отыратын болса, ол ақынның өлең-жырын үйқас, ырғак, сыртқы лептілік жақтарынан мазмұнына сай шебер жырлай, жаза білгендігін танытады.

Жамбылдың тіл шеберлігі, жыр шумақтары, ақындық өнері туралы сөз болғанда, ақын поэзиясындағы елеулі кемшіліктерді жалпы ауыз әдебиетіне тән салактық, олактықтарды айтпай кетуге болмайды. Жамбылдың өлең-жырлары жазып шығарылған емес, ауызаша сұрырып салып айттылған. Осы ауызаша айтудың өзінде талай сөздер, талай өлең шумақтары артық-кем кетіп жатады. Жамбылдың бірқатар өлең-жырлары идеялық көркемдік мазмұны

жағынан бірін-бірі қайталап, жаңа жырға лайықтың пікірлер бермейді. Ақынның айтайын деген ойлары ондай өлеңдерде тұжырымды емес, шашыранқы, шұбалаңқы келеді. Мысалы, «Одақтас» атты жырын ақын тақырыбына сәй мазмұны, көркемдігі жөнінен шебер жырлап бере алмаған:

«Одақтас боп бөліндік,
Отау тіктік енші алып,
Өз алдына үй болып,
Күншығыстан жай салып,
Серіз қанат үй берді,
160 бау салып».

(Сонда, 164-бет.)

деген жыр шумағы олақ жырланған. Мұнда дамытылып берілген ой жоқ, ақын пікірі шашыранды, екінші жолда «енші алып отау тігілгенді» айтса, үшінші жолда «өз алдына үй болып» — деп сол пікірді әлсіз қайталайды, бе-сінші жолдарда «үй болғанды», «Жай салғанды», «сегіз қанат үй» алғанды тағы да олақ қайталап айтады. Жыр көркем сез шеберліктері жағынан ғана емес, үйқас музикалық лептілік жақтан да әлсіз екені байқалып тұр.

Мұндан кемшиліктер тіл, ақындық өн-әр жөніндегі әлсіздіктер Жамбылдың революцияға дейінгі және совет дәүіріндегі алғашқы кезеңдерде жырланған бір қыдыру өлең-жырлары мен айтысарында кездеседі. Мәселен «Замана ағымы» атты елеулі толғауының өзінде орынсыз қайталаулар, көркемдігі жетпейтін жаландықтар айқын байқалады. «Сарыбаспен айтысы», «Ворошилов туралы поэмасы» тағы басқа сондай ірі шығармасының көркемдігі бір дәрежеде емес. Кемшиліктерін сынап отыру әдебиет зерттеушінің міндеті. Бұдан туатын қортынды: Жамбылдың өлең-жырларының бәрі бірдей мінсіз емес екендігі ауыз әдеби ті дәстүріндегі жаландық, тақырып қайталаушылық, қарадүрсіндік, Жамбыл поэзиясында елеулі орын алып келгендей көрсетеді.

Біз Жамбыл шығармалары социалистік реализм әлсімен жырлаған поэзия дедік. Өйткені Жамбыл поэзиясының идеялық, көркемдік кілті советтік патриотизм. Советтік патриотизмді жырлау дегеніміз — совет халқының коммунизм құру жолындағы женімпаздық құрестері мән данқты ерлігін жырлау деген сез. Жамбылдың патриоттық идеялық шығармаларын жан-жакты түсіну үшін

«Правда» газеті нұтқындағы даңқтың үмітпауызыз керек.

«Жамбылдың,— деді «Правда»,—социалистік реализм мен жырланған жалынды, қуатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүргегін тербейді, социализмнің жолындағы құреске шакырады... Қазақстанның даңқты ақынының тенсіз лиризмге толы, үміттылмастың образдарға бай ғажап жырларынан совет халқы біздің дәуіріміздің ілгерілеген қыймылын аңғарады, көркем сыйпатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын, көніл-күйін көреді»¹.

Жамбылдың ақындық дәстүрін, творчестволық тәж-рибесін сақтап, өзінің талантты шығармаларын осы күнге дейін беріп келе жатқан Омар Шипин, Сапарғали Әлімбетов, Нұрқан Ахметбеков сыйқты ондаған халық ақындары бар.

Ұлы Горький көркем тіл туралы қағидалы пікірлерінде тілдің тазалығын сактауда, көркемдік өнерін дамытуда халықтық әдебиеттен үлгі алып үйренуді басты міндет етіп қойған болатын. Жамбыл шығармаларын осы тұрғыдан да зерттеп, пайдаланамыз.

«Правда». 20. V. 1938 ж.

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ СОВЕТ ФОЛЬКЛОРЫНДА ЭПИКАЛЫ ЖАНРДЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Батырлық жырдың дәстүрі мен мекені туралы

Қазақ фольклорында батырлық жырдың дәстүрі бұрыннан кең дамып келетін болса, әсіресе совет дәүіріндегі ақын-жыршылардың творчествосында ол дәстүр бұрынғыдан да мол қанаттанып жаңа идеялық мотивте өрістеп отыр. Өйткені, совет дәүіріндегі ақындар өзінің өлең-жырларына тақырыпты, идеялық мотивті совет халқының танғажайып ерлік уақыйғаларынан алады. Совет Отанының соғыс, еңбек, ғылым техника майдандарындағы даңқты батырларының өмірі халық ақындарының жаңа батырлық жырлар тудыруына негіз болып отыр. Ворошилов, Фрунзе, Чапаев, Амангелді, немесе Отан соғысы майданында даңқы шықкан генерал Панфилов, солдат Төлеген Тоқтаров, 28 батыр, капитан Гастелло, немесе Солтүстік Мұз теңізіне жорық жасаған, Москвадан Солтүстік Америкаға яки қыйыр шығысқа қонбай үшқан үшқыштар, еңбек ерлері жаңа ерлік жырлардың негізгі тақырыбы, сюжеттік мотиві болды.

Нұрпейіс Байғанин желілі батырлар жырын, қазақ совет поэзиясында жаңа эпостық жырларды дамытып жырлаумен өзінің ерекшелігін танытқан ақын. Нұрпейіс көп жасаған, жас қезінен көп жырлаған ақын болса да, шын даңқты ақын қатарына тек совет тұсындаған қосылды. Ол социализм заманында талантты қайта туып, творчествосы өрлемеген советтік халық ақыны.

Нұрпейіс шығармаларын жыйнау, жазып алу жұмысы 1938 жылы жүргізіле бастады. Ең алғашқы кезде ақынның әдеби секретарълары (Іскендер Ахметов, Куандық Шаңғытбаев) арқылы кейінгі кезде Қазақ ССР ғылым академиясының тіл-әдебиет институтының халық творчествосы бөлімі арқылы жүргізіліп келді.

Жастайынан жалшылықта жүрсе де Нұрпейіс өлең-жырға, ән-күйге ерте үйір болып, 17 жасынан бастап белгілі ақындардың қасына еріп жүріп өлең-жыр айтады; оның сезін, жырын тыңдал үлгі алған ақындары Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Кашаған. Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр жырау болады. Ол мұнан басқа да көптеген жырши, жыраулардың дастандарын жаттаған. Нұрпейіс «Қобланды батыр» жырын айтудағы кіріспе түсінігінде былай дейді: «Мен 17 жасымнан жырладым, жырши Максұт деген жыраудан осы «Қобландыны» үйрендім».

Нұрпейіс бірқатар ақындармен айтысқа түсіп, олардың ішінде Ақтан, Қазақбай, Нұрым ақындардың жеңеді. Бірап, Нұрпейіс ақындығында айтыс негізгі ақындық дәстүр емес, кезі келіп қалғанда ұзак-суре айтысқа желелі жыр сюжетімен жырлап араласып отырғаны болмаса, ол көбіне дастан, батырлар жырын айтқан. Нұрпейіс сыншыл, біrbет, байлардың, болыстардың мінін, қыянатын тура айтатын өткір тілді ақын болған. Сол үшін байлар, болыстар қуғындал, патшаға қарсы деп айыптаپ түрмеге де жабады. Түрмеден шыққан соң өз еліндегі байлардың қуғынына шыдамай басқа көршілес елдерге кетеді. Ол Орал, Сырдария, Торғай, Қарақалпақ, Адай, Түріклен елдерін аралап, бірнеше жыл жырши болып жүреді. Ирі жәрменке жыйындарда өзінің үйреніп жаттаған мол жырларын халық алдында дамытып, қызықтырып айтатын болады.

Нұрпейіс осы көп елдерді аралап, көріп жүріп өзінің өмір туралы ұғым, түсініктерін кеңейте түседі. Халықтар тарихынан таусылмас мол тарихи уақыйғаларды, аныз ән-гімелерді көп естіп, жадына сактай біледі. Талай шешендермен, жүйрік, ақпа, тәкпе ақындармен, айтқыш, жырши, жыраулармен үнемі араласып жүріп, үлкен ақындық жыршылық мектептен өтеді.

Нұрпейістің айтыса жүріп, үлгі алған, ақындық, жыршылық жолда қалыптасуына үлкен әсер еткен Ақтан, Нұрым, Қазақбай, Сабыр жыраулар көрінеді. 1904—05 жылдардың шамасында Нұрпейіс Темір жәрменкесінде өлең

айтып жүргенінде Қазаннан кітап бастырушы татарлар келіп, Сабыр жырау екеуінің айтуынан бірнеше батырлар жырын және көптеген салт жырларын жазып алды. Со-лардың ішінде «Қобланды» жыры бар екен. Кейін Сабыр жыраудың атымен бірнеше кітап басылған. Бұған қара-ғандар Нұрпейіс айтқан мол жырлардың кейбірі ертерек баспаға түскен сыйқты. Сабыр хат танытын жырау бол-ғандықтан Қазандағы баспа орынмен байланыс жасап, өзінің авторлық атын сақтап қалуы мүмкін. Ал, Нұрпейіс жазып алған сезінің қандай жолмен іске асатындығын ол кезде үғынып жетпеген сыйқты.

Нұрпейіспен айтысқан және оған ақындық, жыршылық өнер жағынан недауір үстаз болған Қазақбай ақынды сол кездегі ғалым В. Карлсон аса жоғары бағалаған. 1906 жы-лы 23 марта Орынбордың архив комиссиясы Қазақбайды Орал уезі, Жириңқоңа болысынан шақырып алғып, жырын тындаған. Карлсон айтады — Қазақбай 56 жаста екен. Өлеңді бөгелмей суырып салып айтумен бірге көптеген күйлерді, батырлар жырын біледі. Олары: «Қөрүғұл», «Қобланды», «Төрехан», «Алпамыс», «Құбығұл», «Мана-ша», «Қыз-Жібек», «Бекет», «Ербақы», «Бозжігіт», «Тел-ағыс» дейді¹ Нұрпейіс міне бұл жырлардың көбін және оның үстіне «Қырымның 40 батыры» нан бірталай жыр-ларды жатқа айтады. Бұл жерде Қазақбай мен Нұрпейіс-тің жаттаған жырларының қайталап келуі, сез жөк, сол кездегі ақын, жырауларға ортақ репертуар болғанын көрсетеді. Нұрпейіс өзінің Қазақбайм²н айтысында:

«Сіздерің жүйрік шежіре,
Іздеген менің керегім,
Ансағамда алдыннан
Тілегенім табылған.
Тарлан тартқан жүйріксін
Талай топта шабылған»²

деп оны өзіне аға тұтып сөйледі. Қарақашпақ елінде ай-тылған «Қобланды» жыры да Қазақбай ақын арқылы та-ралған көрінеді. Онан соң Нұрпейістің жатқа айтатын ба-тырлық жырларының бірталайы Нұрым, Қашаған ақын-

¹ В. Карлсон, «Народные певцы Киргизии». газ. «Оренбургский край». 13. IV. 1906 г. № 62.

² Нұрпейіс Байғанин. Таңдамалы шығармалары. 1945 ж. 277-бет

дардың репертуарымен үштасып жатады. Өзімен замандастарының жыраудың, Байтабынов Айса жыршының репертуарлары да Нұрпейіс жырлаған батырлық жырлардың өз вариантында қайталап отырады. Міне, бұдан туатын бір жағдай, Қазақстанның онтүстік, батыс аудандарында батырлар жырын дамытып айтатын белгілі дәстүр, қалыптаған жыршылық школа болғандығы анықталды. Нұрпейіс, Мұрын жыраулар осы батырлық жырды дамытып айтушы жыршы, жыраулар школасының ірі өкілдері. Нұрпейіс билетін батырлар жыры толық жазылып ұлгірлімдеді. 1938—1944 жылдар арасында Нұрпейістен жазылып алған дастандар: «Кобланды» (9000 жол), «Құбығұл» (5000 жол), «Төрекан» (5000 жол) және «Нарқызы», «Ақкенже» атты лирикалы поэмалары.

Революцияға дейінгі Нұрпейістің ақындық өміріндегі елеулі 1905—1916 жылдар арасында еңбекші халықтың сол дәуірдегі түрмис халін, әсіресе, азаттық жолындағы арман тілектерін жақын араласып сезе бастағандығы, жырлай бастағандығы байқалады. Орыс журналисі С. С. Ужгин 1915 жылы Нұрпейіс деген ақын Тройск қаласында базарда бұқарашибалдық идеяда өлең, жыр айтқандығын, оның бірқағарын сол кезде «Айқап» журналының редакторы Мұхамеджан Сералин жазып алғандығын ескертеді¹. Нұрпейістің өмір шындығын ҹакты реалистік түрғыдан елестеткен «Ақкенже», «Нарқызы» атты поэмалары да осы дәуірлерде жырланған бастаған. Ал, 1916 жылғы көтеріліске катнасу, сөз жок, ақынның идеялық творчестволық өрісін недәуір көнештеп түседі. Ақынға эпостың батырлары ғана үлгі, қызықты болып қоймайды, сонымен бірге сол 1916 жылғы халық көтерілісін бастаушы Амангелді сыйкы батырлар да ақынға үлгі болады. Ақын осы өзімен бірге жасасқан, ерлігін көзі көрген, өмірде бар батырлардың шын мәніндегі халық бостандығының үйткүсі болды деген сенімге келеді. Мұндаидар бұқарашибалдық, реалистік мотив Нұрпейістің совет дәуірінде революциялық идеяға бірден көшуіне, жаңалықты тез қабылдаудына толық мүмкіндік берді.

Нұрпейістің даңқты ақын қатарында танылып, творчестволық жағдайда шарықтап өсуі Ұлы Октябрь Социалистік

¹ С. С. Ужгин «М. Сералин туралы естегі әңгімесі», КазССР-ның тарихи, этнография және археология институтының архивы (коллажба).

тік революциясынан кейін болды. Советтік құрылыш Нұрпейістің ақындық таланттың қайта тудырды, қанаттандырыды, оған жан бітірді.

Нұрпейістің ақындық арманы толық іске асты. Ақын совет дәүірінің талантты халық жыршыларының бірі болып қазақ совет әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің қатарына көтерілді. Нұрпейістің идеялық, творчестволық жолда есүіне, жана шығармалар беруіне, ол шығармаларының бүкіл халық арасына кең жайылуына партия мен үкімет айрықша қамқорлық жасады.

Жоғарыда аталған ақын, жыраулардың барлығын Нұрпейіс, әрине, бір ғана Ақтөбе облысынан кездестірмеген, оларды өзі аралап жүрген Адай іші, Жайық, Торғай, Тройск, Сыр бойларынан, Қарақалпақ елінен де кездестіріп отырған. Жайық бойындағы Марабай ақын Орынборға талай келген.

Мұрын Сенгірбаевтың туып-өскен жері Гурьев облысы, Каспий теңізіндегі Маңғыстау түбегі. Ол 18 жасынан бастап «Қырық батыр» жырын айта бастаған. Жыр айтумен жүріп, Мұрын Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының көп жерін және Түркменстан, Қарақалпақ елдерін аралаған. Теңізben барып Астрахань төңірегіндегі елдердің арасында да жыр айтқан.

Арал, Қазалы төңірегіндегі Ерімбет жырау, Кете Жүсіп сияқты белгілі ақындар да дастандарды жырлаған. Қармақшы, Тереңөзек аудандарының жерінде болып өткен ақындардың репертуарында «Ер Қосай», «Қарабек» жырларымен қатар «Лұқпан әкім», «Так Сүлеймен», «Жұсіп Ахметбек», «Ләйлі-Мәжнүн», «Мақпал қызы», «Танир, Зуһра» дастандары және «Мың бір тұн», «Шаһнама», «Тотынама» сюжеттерінің жеке тараулары айтылады. «Барса келмес», «Арал теңізі», «Аяз би» атты елдің тарихи мекендерімен байланысты; Исатай, Махамбет, Ерна зар, Бекет сияқты тарихта аты белгілі батырлардың өміріне байланысты жырлар, аныз әнгімелер де көп айтылады. Қызылорда, Ақтөбе облысының ақын, жыраулары «Алпамыс», «Қобланды», «Құбығұл» сияқты көптеген жырларды Қарақалпақ жырауларымен ортақ жырлайды. Ақтөбелік жыршы Шапай (1880 ж. туған) жыршы Мергенбайдың қасында жүріп көптеген жыр үйренген. Ол «Қобланды»ның ең толық нұсқасын және басқа қа көптеген батырлар жырын жатқа айтады.

Белгілі «Қырық қызы» дастанын Қарақалпақтың Құр-

манбай жырауы айтып берген. Сол Құрманбайды және «Қобланды» батырдың Қарақалпақ вариантын жырлаған Есмұрат жыршыны қазак ақындарының көбі біледі. Сондай-ақ, Қарақалпақ ақындары да қазак ақындарының көбінің, сөнин ішінде Нұрпейістің жырын жаттаған.

Қазіргі жыршылардың ішіндегі ең жасы Ғұмар Жүсіпов Гурьев облысы, Еспол ауданында тұрады. Өлең, жырды тоғыз жасынан айтқан. «Қырық батыр» жырының бірталаіын, «Қамбар», «Ерсайын», «Ертарғын» жырларын Қашағаннан үйренген.

Мұрынға да, Ғұмарға да, Нұрпейіске де ұстаз болған Қашаған ақын. Ұғылман ақын да көптеген жырды Қашағаннан үйреніпті, «Қырымның қырық батыры», «Қобланды» сияқты күрделі жырлар Қашаған арқылы тарағандығы даусыз. Онаң соң «Қарабек батыр», «Ер Қосай», «Төрекхан», «Әуез батыр» жырлары әрқайсысы екі-үш варианттан Арап теңізі, Гурьев және Ақтөбе облыстарындағы Мұрын, Жаңаберген, Нұрпейіс, Ұғылман, Сарыман, Айса, Әміреш жыршылардан жазып алынды. «Алпамыш», «Әуез батыр» жырларының жаңа варианттары Қарақалпақтағы қазактар арасында жырланатыны анықталып отыр.

Сейтіп, бұл айтылғандардан Қашаған, Нұрым, Ұғылман, Нұрпейіс, Айса, Мұрын ақындардың белгілі жыршылық дәстүрі қалыптасқанын, ол жыршылық дәстүр Қазақстанның түстік — батыс аймақтарында яғни, Арап, Қаспий теңізінің аралығы мен Ақтөбе, Жайық бойларында батырлар жырын үнемі дамытып жырлап келгендігін көреміз. Мол батырлар жыры Нұрпейіс, Мұрын жыраулар арқылы үлгайып жетілу, тұтастыққа қарай дамығандығы айқын байқалады. Жыршылықтың мұндай жергілікті (территориялық) дәстүрі орыс және басқа халықтардың фольклорында елеулі орын алады.

Орыстың ең мол ертегі жырлары (былиналары) солтүстік облыстарда көбірек сақталған. Орыстың эпостық жырларының ең негізгі мол үлгілерін бұрынғы Оленецкий, Вологоцкий губернияларының, қазіргі Карелофин республикасының жерлерінен жазылып алғанғандығы белгілі. Сонымен қатар орыстың эпикалы жырларының бірқатар үлгілері Сибирь, Қызыр-Шығыс өлкелерінен де, Дон, Орал, Еділ бойындағы казактар арасынан да жазылып алынды. Алайда, эпостың ең мол сақталған жері алыс Сибирь аймақтары. Орыс фольклористерінің алыс Сибирь

аймақтарында жыршылар дәстүрінің жасалып, эпос жырының мол сакталуының негізгі себебі ол аймақтардың шаруашылық, тарихи қоғамдық ерекшелігіне байланысты екендігін айтады. Балықшылар, жүкшілер, бурлактар, аншылар, егіншілер, қолөнер кәсібімен айналысушылар — барлығы қызу еңбек дүниесіне араласып отырды. Осы кәспіпен айналысқан адамдардың қайсысы болын Сибирьдің жазы аз, үскірік аяз, боран апаты, су, мұз тасқындары, жыртқыш андары мол, табиғаттың стихиялы күшімен алысып өсті, өмір сүрді. Балықшы да, аңшы да, ағаш кесушілер де жұмыстан қолы босаған уақытта ел басынан өткен аңыз ертектерді, тарихи, эпостық жырларды қызыктап айтатын болған. Орыс фольклорисі Б. Соколов солтүстік эпос жыршыларының ақындық дәстүрі үнемі дамып қалыптасуына белгілі жыршылық үя, орта себеп болғандығын айрықша атап көрсетті¹ Атакты жырши Трофим Рябинин 90 жасқа келгенінше (1881 ж.) көптеген эпос жырларын айтумен қатар өзінің туыстарына, жақын достарына ұстаз ғалымдай өзі білетін жырларды түгел үйретіп келген. Ең талантты жыршылар сол шаруа, балықшы, аңшылар ортасында аса кадірлі болған. Ондай жыршыларды бірінен соң бірі шақырып, жыр айтқызыған. Бұл сықылды жыршылық мектеп Орта Азияда өзбектің ақын-жыршыларының өмірінде де (Самарқан облысы, Құлымғыр ауданында, Зарапшан аймағында) болғандығын, қырғыз манасшыларының дәстүрінде де барлығын жақсы білеміз².

Казактың Оңтүстік-батыс аймақтарында эпостық жырдың мұндаілік³ мол сакталуының тарихи себептері бірқатар жағдайда орыс жыршыларының қоғамдық өмірімен үқсас келеді. Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандары арғы көне дәуірлердің өзінен бастап халықтардың мекені, ерсілі-қарсылы жасалған жорық жолы, сауда-саттық керуен кеме жолдарының үсті болды. Гүнндер, сельжуктер, қарлықтар, огуздар, монголдар, араб-ирандар, қыпшақтар тағы басқалар ерсілі-қарсылы жойқын жорыктар, қырғын соғыстар жасап, осы жерлерді мекен еткен ру, тайпы, елдердің тарихында үлкен апаттар, қоғамдық сапырылыштар тудырып отырған. Әсіреле монголдар шапқыншылығына дейінгі дәуірлерде бүкіл Орта Азия, таяу шығыста ірі

¹ Б. Соколов. Сказители. М. 1924 г. стр. 31—49.

² В. М. Жирмунский, Средне-Азиатские народные сказители. Известия Всесоюз. Гео. об-ва, Л. 1947 г. вип. т. 79 стр. 407—416.

мәдениет орталығына айналған Хорезм империясының қоғамдық тарихы, соғыс жорықтары Қаспий, Аral, Амудария, Сырдария бойларындағы ел, ру, тайпалар тарихымен тығыз байланысты болды. Хорезмнің Шығыс Европа, Еділ бойындағы елдермен байланыс жасайтын ұзак заманғы ерсілі-қарсылы жүрген керуей жолы Аral тенізінің батыс жағалауы арқылы Үстірт жазығына, онан Эмбі, Жайыққа қарай асады екен, ал, екінші бір тарау жол ескі Аланкала арқылы Манғыстау асады екен.

Профессор С. П. Толстов, А. Ю. Якубовскийлер Аral, Сырдың бойларынан тауып анықтаған ескі қала, немесе ел, ру, тайпы аттарының бірталайы қазақ, қарақалпақ халқының эпосы мен аңыз әңгімелерінде кездеседі. Аязқала қазақтың «Аязби» ертегісімен тығыз байланысты екендігін С. П. Толстовтың өзі растайды.¹ Қырық қала-ның Қарақалпақ эпосымен байланысы барлығы даусыз. Мұрын жыраудың «Қырық батыр» жырында Алау, Парпия, Құтты қыя батырлар бар, ол, батырлардың бірқатары қызылба тармен соғысады, «Қобланды батыр» жырында да Қыят рулы Қараман бар.² Бұлардың өзі ертедегі Алан тайпасымен, Парпия елімен, Қыят қаласымен, Қараман тарихтағы Қарахандармен, Ақшахан, Алшағыр тарихтағы Аршақтармен, Авеспен байланыстары болуы ықтимал. Қазақ Қарақалпақ эпосында Астрахань, Азау қалалары, Дербент тауы да аталады. Онан соң «Қобланды батыр» жырына байланысты Иран патшасы Фазан мен Қыпшақтардың арасындағы жорықтар Астрахань, Дербент, Қаспийдің түстік жағалауы арқылы болып отырған-дығын М. Габдуллин жолдас анықтады.² Эрине тарихи уақыйғалардың бәрі эпос бола бермейді. Алайда, белгілі тарихи қоғамдық ірі уақыйғалар эпосқа із қалдырып отырады. Әсіреле теніз, өзендер бойында, керуен, жорықтар жолындағы сапырылысқан уақыйғалардың бірқатар сурлеуі — л қыялышында сакталып отыратыны белгілі. «Оғыздардың» негізгі мекені, өздерінің саяси, соғыстық күшің нығайтып күшейген жері Сырдарияның ақыры мен Аral тенізінің бойы болды.

«Оғызнамада», Әбілғазы Баһадурдің тарихи шежіре-

¹ Сонда, 22—23. Аязби ертегі, 1928 ж. Қызылорда. Песни степей, 1940 г. М. стр. 188—303.

² М. Габдуллин, «Қобланды жайындағы жана материал», «Социалистік Қазақстан», 1946 ж. № 257.

сінде баяндалаты аңыз әңгіме, жырлар осы жерлердегі елдер тарихындағы уақыттардың сілемі болып туған алғашқы эпикалы жырлардың негізі екендігінде дау жок. Орта ғасырлард ү бергі жерлерде Шайбани хан бастаған өзбек ұлсының мекені, жорық жолдары, қазақ-ноғайлы хандықтарының ұзак жылдар бойы мекені мен жорық жо дары алдымен осы екі теңіз аралығындағы кең жазық ойпатта — Сырдың Арасы құятын сағасында, Орал, Жем, Сағызы, Қобда өзендерінің бойында, үстірт, Нарын құмдарының алабында, Манғыстау түбегінде өтеді.

Қазақ халқы Еділ бойындағы қалмақтармен, XVIII ғасырдағы қазақ даласына шабуыл жасаған жонғарлармен ұзак жылдар соғысты. Ақтабан шұбырынды дәуірінде Орта жуз, Кіші жә үздің негізгі рулары Жиделібайсын же-ріне яғни, Хиуа, Бұхара хандығының қоластына осы Арас, Қаспий теңіздерін жағалай асты, босқындық пен апатқа үшінрады.

Эпос жырының бұл төңіректе мол дамый беруіне тағы бір себеп — ол жердегі қазақ рулары Арас, Қаспий теңізі арқылы Орта Азия, Таяу шығыс, ішкі Россия, Кавказ елдерімен үнемі жиі қарым-қатнаста болып отырды. Орыс жыршыларындағы қазақтың ақын-жыраулары да ауыл, елдерді үнемі аралап жүретін болса, екінші жағынан, теңіз жағасында балықшылық, аңшылық кәсіптермен де айналысады (Мұрын). Оナン соң белгілі ақын-жыршылар өздері ел тарихында болып өткен көтерілістер мен халықтық күрестерге белсене араласып отырды. Ақын батырмен қатар жауынгер саналады. Батыс Қазақстан ақындарының ортасында кең таралған Шалкез жырау туралы жырда Шалкезді атақты батырлармен тен дәрежеде суреттейді. Махамбеттің өлең-жыр, толғаулары Исатай бастаған халықтың ерлік күресін этикалы планға көтеріп жырлауға арналған. Махамбет көтеріліс ерлерінің жауға деген ызажегін де, қанды майдан ұрысты да, сол халықтық қозғалысты бастаушы Исатай батырдың тарихи образын да батырлық жыр дәстүрмен жырлады. Махамбеттің ерлікі дамытып жырлағыш ақындық дәстүрі өзінен кейінгі ақындардың көбіне жақсы үлгі болып отырды. Белгілі ақын Ығылман Шөреков (1876—1932) Махамбеттің, Абыл, Нұрым, Қашаған, Шерніяз, Жасклем ақындардың ақындық, жыршылық дәстүрін дамыта отырып, өзінің «Исатай Махамбет» атты белгілі ерлік дастанын жырлады. Ығылман да Батыс Қазақстан ақындары айтып таратқан батырлар

жырының бірталайын жатқа білген. Ақын жыршылар Ерназар, Бекет сыякты батырларды да, 1916 жылғы көтерілістің ерлері Аманкелді және басқаларын да батырлық жыр мотивімен жырлайды. Нұрпейістің «Ақын» дейтін дастанының негізгі қаһарманы Саршолақ 1916 жылғы көтерілісті үйимдастыруши болады.

Демек, жоғарыда айтылған тарихи қоғамдық жағдайлар қазақ эпосының Қазақстанның онтүстік-батыс аймактарында кең дамуына негізгі себептер болады.

Қазақ эпосының үлгілері, әрине, Қазақстанның басқа облыстарында да бар. Бұл жерде түстік-батыс аудандарда батырлық жырлардың баска облысқа қарағанда мол, көлемді, жыйнекты екені, тұтастыққа айналып келе жатқандығы туралы сөз болып отыр. Революцияға дейін қазақ эпосының үлгілері мол жыйналған жоқ. Қазақ эпосы туралы азды-көпті пікір айтқан Радлов, Потанин, Шоқан Үәлихановтар Батыс Қазақстан ақындары жырлайтын батырлар жырымен толық таныс болмады. Бұл мол эпос жырларын XIX ғасырдың акыры мен XX ғасырдың басында А. Диваев, А. Васильевтер жыйнай бастады. Ал, совет тусында батырлар жыры ең мол күрделі, тұтас көлемде Мұрын, Нұрпейіс, Айса, Шапай т. б. айтудынан жазылып, жыйналып келеді. Жеке варианттарын қоспағанда Қазақстанның түстік-батыс аймағынан жазылып жыйналған батырлар жырының саны 60-тан асады.

Профессор В. Жирмунский қазақ эпосының молдығына тоқтала келіп, Мұрын жырау творчествосы арқылы қазақ эпосы жыйнекталу (циклизация), есесін дәрежесіне қарай келе жатқандығын атайды.¹ М. Габдуллин «Кобланды» жырының барлық варианттарын салыстырып зерттей отырып, осбі жырды айтуда әр жыршының өзіндік творческилық ерекшеліктеріне қарай белгілі жыршылық мектеп дәстүр жасалғандығын айтады.

М. Габдуллин жолдас «Кобланды батыр» жырын айтудың шыларды екі топка бөледі: Марабай, Біржан, Мергембай жымаулар Кобландыны көбінесе сыртқы басқыншы жауға қарсы күрес мотивімен жырласа, Нұрпейіс, Айса, Мұрын-

¹ В. М. Жирмунский. Литературные отношения востока и запада как проблема сравнительного литературоведения. Труды юбилейной научной сессии Ленинградского университета. 1946 г. Секция филологических наук. стр. 168—169.

дар Қобландыны ел ішіндегі хандарға қарсы құрес мотивімен жырлайды дейді.¹

Орыс фольклористері эпостық жырдың дамуына тагы бір жағдай — оны айтып таратушы жыршылардың сол эпостық дүниеге күшті сенімі болуы керек дейді. Бұл да дұрыс пікір. Мұрын, Нұрпейіс, Айса т. б. жыршылар сол эпоста баяндалатын шыны мен фантазиясы аралас сана-луан уақыйғаларға қатты сенеді. Олардың болғандығын жер, су аттарымен, ел, рулардың мекен тіршілігімен дәлелдеуге тырысады. Екіншіден, Нұрпейіс, Мұрын және қарақалпақ Құрманбай жыраулар өздері жырлайтын батырлар жырын үрпак қуалаған жыршылардан үйреніп жаттағандығын, ең алғашқы Сыпыра жырау, Шәлгез жырау, Бекберген, Мүйтен жыршылар сол уақыйға араласа жүріп шығарғандығын айтады. Бұл съяқты творчестволық сенім болмаса, әрине ол эпостық жыр мүншалық тұтас зор көлемде дамый қоймас та еді. Әрине, эпостық дүниеге сенімнің ішінде фантазиялық, мифтік, діндік нағым, ұғымдар да бар. Ол әр ақынның дуние тануындағы ескі ұғымның қалдығы екендігі сөзсіз. Қысылғанда батырларды ақсақалды қайберен қария, белгісіз пірлер қолдан отыру бұрынғы эпос жыршыларының дәстүріндегі Нұрпейіс, Мұрындарда да кездеседі.

Сөйтіп, қазактың батырлар жыры Нұрпейіс, Мұрын жыраулардың творчествосы арқылы белгілі эпикалы жыр ортасын жасады, эпикалы жыршылардың дәстүрін қалыптастыруды, эпостық жырлардың шоғырлы мол территориялық аудандарына негіз болды, эпос жырының реалистік, қоғамдық, таптық мотивін тереңдете түсті, бұрынғы батырлар жырының жақсы дәстүрлерін, әсіреле аса шүрайлы, шебер тіл байлығын совет дәүіріндегі жаңа эпикалы шығармаларына үштастыра білді.

Нұрпейіс жырларындағы ерлік құрес мотивтері

Біз Нұрпейістің өсken ақындық ортасы мен дәстүрлөріне тоқталдық. Енді ақынның сол батырлық жырларды,

¹ М. Фабдуллин. «Қобланды батыр» (зерттеу еңбегі), колжазба, ТЭИ архивы.

немесе, совет дәуірінде тыңан айтқан тарихи дастандарды қандай идеялық мотивте жырлағандығына келейік.

Нұрпейістің айтып, жырлап қалдыраған әдебиеттік мұрасы мол. Ұсақ өлең жыр, толғауларын былай қойғанда оның тарихи, советтік тақырыпқа жырлаған дастандары он беске жетеді. Ақын революцияға дейін жырлаған дастандарында қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрестерін, қазақ жастарының бас бостандығы жолындағы талаптарын жырлайды. Алайда, сол бұрынғы жырлаған батырлық немесе тарихи ерлік дастандарының қандай қортынды, қандай көлемде жырлағандығы анық емес. Себебі ақынның айтуынан өз уақытында дәл жазылып алынбаған. Ал, «Қобланды», «Құбығұл» немесе «Ақкенже», «Нарқызы», «Өрістеген өмір» атты белгілі дастандарының өзі 1938 жылдан бергі жерде ақынның қайта, советтік идея тұрғысынан жырлауынан жазылып алынады. Осы дастандардың өзінен, әрине, ақынның творчестволық өсу жолы көрініп отырады.

Нұрпейістен жазылып алынған «Қобланды», «Құбығұл», «Төрекхан» атты келемді батырлық жырлардың бәріне ортақ негізгі идеялық мотив — елді зұлым жаудан, әсіреле, Алшағыр, Барса, Қараман сыйқты қалмақ, қызылбастың және қазақтың хандарынан қорғау болады.

Нұрпейіс жырлауында уақыйғаны өрбітіп беру, батырларды мінездеу және қоғамдық шындықты елестету жағы басқа ақын-жыршылардан кең қамтылады. Нұрпейістің жырлаған батырлық дастандарында бірыңғай соғыс, жорық жайы баяндала бермейді, сол батырлар жырында баяндалатын уақыйғалардың тарихи заманына, таптық ортасына сай қоғам өмірінің ішкі сыр-сыйпаты да кең суреттеледі. «Қобланды батыр»¹ жырында ақын Токтарбай-лың бала көрмей бақытсыздыққа ұшырап, хан үәзірінен қорлық қөргендігін ақын бұрынғы эпос жырларынан жаңаша идеялық мотивте көрсетеді. Қобланды Қызы Құртқаны алып, Алшағырды, Барсаны согыспен женіп, мерейі үстем болған шақтарында да асып-таспайды, өзінің халқын қандай күрметтейтін болса, хандар билеген елдің енбекші бұқарасын да сондай сыйлай біледі. Оның өштескен жауы енбекші халық емес, халыққа қatal үстемдігін жүргізуші хандар ғана. Қобланды, сондай-ақ Құбығұл да қа-

«Қобланды батыр». Тіл әдебиеті институтының архивы (коллажзаба).

үіпті жауларын ашық соғыс майданында жеңгеннен кейін қарсыласпай өзіне бағынған слге тимейді, ешбір олжа да алмайды. Қобланды аса қауіпті, айлалы Барсаны он алты күндей алсып, асқан ерлікпен жеңгеннен кейін қалған елмен татулыққа келеді. Кетерінде Барса елінің халқына «енді тату ынтымақта тұрындар, бұрынғы Барсаның тұсындағы жаулық ниетті тастандар! Тентек-төлің болсын, артық-кемің болсын, бәрің бірдей болындар, көріп-қасерлерге, мұсәпір, кембағалдарға жәбір көрсетией барлық халқың бірдей тең болсын. Егер араларыңнан тентек шығып, халыққа жәбір көрсететін болса менен жақсылық көрмейсіндер, қайтып келіп сазайларынды беремін» дейді.

Бұл реалистік мотив Нұрпейістің «Құбығұл» жырында терендей түседі. Құбығұл қалмақтың ханы Әділбайдың сұлу қызы Ақбілекке ғашық болып, ізден барып хан күнінің жәрдемі арқасында қызды еліне алып қайтады. Бұл жолда Құбығұл қалмақтың атакты батырларының көбімен соғысып бәрін де женеді. Ақын қалтақ ханының қаталдығын, әсіресе, өзінің үл-қыздарына мейрімі жоқтығын сыйпаттайды. Екі жастың бақытқа жетуіне өзінің өмірімен жауап беріп көмектескен күннің адамгершілігі, ерлігі дастанда өте жарқын суреттеледі. Күн Құбығұл мен Ақбілекті ғана мұратына жеткізіп қоймайды, қаһарлы хан алдында барлық кінаны өз мойнына алып, Ақбілектің қырық нөкер қыздарын да өлім жазасынан азат етеді, өзін өлімге байлаң береді. Міне, бұл халық бұқарасының ортасынан шықкан адам образын көрсетудегі ақынның жаңа өршіл идеялық мотиві. Нұрпейіс «Төрехан» дастанында даңқты батырлардың ерлігін хандыққа таласып өзара қырқысқан хан, сұлтандардың өміріне қарсы үлгі етіп үсынады. Нұрпейістің батырлық жырларында қазақ-ноғайлының хандары, уәзірлері скіжүзділік, үодесіздік, зұлымдық жақтарынан катты әшкереңенің суреттеледі. Ал, сүйкімді батырлар қандай жағдайда болыни етді, халықты апattан, сыртқы жаудан сақтап қалушы қамқор бейнесінде сыйпатталып отырады. Сүйікті батырлар жауынан ашық майданда жеңілмейді; қапылыста, бейкамдықта жау құрған айла-амалдарға кездесіп мерт болады. Кейде ол батырлар татуластым деген хандардың опасыздығынан мерт болады, қорлық көреді. Ақын «Кобланды» жырының ақырында былай дейді:

«Сол күнде ел бүлінген заман болды,
Заманда әрбір түрлі адам болды,

Бұлған халық ішінде қырғын соғыс
Қызындық елдің күні қаран болды.
Хан-төре ел бұлдіріп, туралық жок,
Зұлымдар кара жүрек арам болды,
Жауларға кілең жауыз қан жаудырған,
Қобланды осыменен тамам болды»¹.

Батырлар жырын дамытып жырлаудағы Нұрпейістегі не-
гізгі идеялық мотивтің бірі — қоғамдық шындықты осын-
дай реалистік түрғыдан қамтып көрсетуінде.

Нұрпейіс айткан батырлар жырында әрине барлық
эпосқа тән заңдылық ерекшеліктер де түгел бар. Айталық,
батырлардың туып ер жетуі, сұлу жар таңдал алуы, жо-
рықта жан жолдасындаи серік болатын тұлпар ат таңдал
мінүі, соғысатын жаулар мықты, айлалы, қауіпті болып
кездесуі, батырдың басынан аңқаулық, аңғырттық халдер
өтіп отыруы, батырдың жекпе-жек ұрыстардағы ерекше
қайрат, ерлік мінездері, батыр мен кездесетін жаулар
кейде адамжегіш жалмауыз сыйқты мифтік образға ай-
налып отыратын тағы басқалар Нұрпейістің батырлық
дастандарында кең беріліп отырады. Нұрпейістің батыр-
лық жырларында негізгі батыр қанша қызындық бөгет-
терге кездескенімен түтеп келгенде қарсыласқан жаула-
рын женеді, халқын, достарын азаптан, жау шабуылынан
күтқарады.

Нұрпейіс қазақ даласының көп жерлерін аралап жү-
ріп, мол батырлар жырын жатқа айтқанда оған арнаулы
кіріспе беріп отырған. Оны акын «Батырлар жырының
желісі» деп атаған. Онда былай толғайды:

«Асып туган ерлерім,
Беренгі сауыт кінені
Беліне садақ ілгені,
Жасанған жауға тигені,
Ерлікпен дәурен сургені,
Тұлпардан таңдал ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Жасанған жауға көп тиген,
Колындағы көк жебе
Кара тастаң өткізген,
Алмасын тасқа кайраған,
Жауды көрсе жайнаған,
Мандайы жаудан таймаған,
Халықтың камын ойлаған,

¹ «Қобланды». Тіл және әдебиет институтының архивы (кол-
жазба).

Байтақ елін қорғаған,
Тебінгі терге шіріткен,
Терлігін сүттей іріткен,
Жарты малта ас еткен,
Катын-бала жат еткен,
Қуантып халқын шат еткен,
Ұрысқан жауын мат еткен»¹

Ерлік туралы дастандар

Нұрпейістің совет тақырыбына жырлаған өлең, жыр, толғау, дастандары мол. Ақын совет дәүірінің шындығын жаңа, ерекше ақындықпен жырлады.

Социалистік Октябрь революциясы Нұрпейістің ой дүниесіне, творчествосына жаңа идеялық бағыт, жаңа қарқын күш берді. Совет заманында қайта туып гүлденген басқа ақындық таланттардай Нұрпейіс те өзінің жаңа шығармаларында еңбекші халықтың революция арқасында қолы жеткен бостандығы мен бақытын, революциялық жеңісі мен табыстарын, Совет Армиясының жеңімпаз салтанатын, ұлы Лениннің бейнесін, советтік Конституацияның іске асқан жемісін, халықтар достығын кеңінен қамтып жырлады.

Нұрпейіс советтік бақытты заманың шындығын жырлағанда қазақ халқының, сонымен бірге өзінің басынан өткен екі дәуірдегі өмір кезендерін, яғни ескі қара гүнек құлдық заман мен социалистік бақытты заманды салыстыра отырып жырладап, еліміздің күн санап коммунизмге қарай өрлең бара жатқан бейнесін елестете отырады. Осылай жырлауға келгенде Нұрпейіс, Жамбыл және өзімен замандас ақындармен үндес сыйкты. Ол өткен өміріне қызығым қалды-ау деп өкінішпен қарамайды, алдағы жасаған, жетіліп жатқан социалистік дүниенің барлық жаразтық сән-салтанаты, ол жаңа дүние өзінің бүгінгі ақындығының кілті екендігін үлкен сеніммен айтады.

Ең алғаш баспасөз бетіне өз атымен жарияланған «Біздің көл»² атты толғауында Нұрпейіс Совет Отанының сән-салтанат, жер сыйпатын айта тұрып еліміздің ілгері басқан табысына мақтанады.

¹ «Батырлар жыры» II том. ТӘИ архивы (колжазба)

² «Социалистік құрылыш» газеті. 18. III. 1938 ж.



НУРПЕЙС
БАЙГАНИН
народный актер, заслуженный деятель искусств
Казахстана, орденоносец

эпические поэмы
**КОБЛАНДЫ
БАТЫР**

Зарийлат, 9000 стихотворений

«Күміс сұлу біздің көл,
Күндік жерден көрінген.
Май айында маужырап,
Мәуесі пісіп төгілген...

деп құлпырып жаңарған жер, ел көркіне сүйсінеді. Мұн-
дай сүйсіну, шаттану сезімімен берілген лирикалы сурет-
теулер ақынның осы тұсташы өлең, жырларының көбінде
бар. Эрине, «Біздің көл» толғауындағы суреттеуде бұрын-
ғы эпос жырының әсері әлі күшті. «Балығы бесті асау-
дай», «Шортаны бақандай», «Жайыны атандай» деп келе-
тін теңеулер ақынның бұрынғы батырлық жырдың тіл
өнерінен үлгі алғандығын көрсетеді.

Нұрпейістің осы кезден бастап айтқан өлең, жыр, тол-
ғауларының қайсысында болсын бұрынғы эпостың тіл
ерекшелігі кейбір сюжет мотивтері қайталап келіп отыра-
ды. Бірақ, мұны ақынның творчестволық әлсіздігі деп
карауға болмайды. Қазақ фольклорындағы бұрын-сонды
тіл байлығын молынан пайдалануы, жаңа шығармалары-
ның мазмұнына сай іске асыруы деп білуіміз керек.

Нұрпейіс шығармаларында реализм күшті. Өзі аралап
жүрген, көрген жерлердің сыйпаттарын, әсіресе, колхоз-
дағы еңбек өмірін, совет елінің техника, өнер жолындағы
таң ғамаша табыстарын ол өзінің «Қазақстан», «Шыға-
нак», «Ғажайып көрмеде», «Көрімдік», «Заманым», «От-
арба» және басқа көптеген толғау жырларында көң су-
реттейді. Бірақ, осы суреттеуінде Нұрпейіс Жамбылды,
немесе, өзімен түрғылас басқа ақындарды тақырып, идея-
лық бағыт ретінен қайталағанымен ақындық, шеберлік
жағынан өзінің ерекшелігін танытады.

Басқа тақырыптарға қарағанда Нұрпейіс совет жа-
уынгерлерінің, Совет Армиясының жснімпаз, ерлік дәстү-
рін көнірек қамтып жырлады. Бұрын батырлық дастан-
дарды мол жырлаған ақын совет Армиясының ерліктерін,
Отанды қорғау идеясын, әсіресе, Отан соғысы майданын-
дағы данқты батырларды айрықша сүйіспеншілік сезім-
мен жырлады. Осы тақырыпта көптеген ұсақ толғау,
жырларымен катар («Халық Армиясы», «Клим Ворони-
ловқа», «Қыйрат жауды!», «Отан үшін», «Біз берікпіз»,
«Қарулан, халық, карулан!», «Сок, ерлерім!», «Жауынгер
ұлдарыма», «Қанға қан, жанға жан аламыз!» ♦. б.) Нұр-
пейіс «Комисс Пожарский», «Толғау», «Ұлы Отан соғы-
сы туралы жыр», «Капитан Гастелло», «Ер туралы жыр».

«Жыйырма б с» атты нақты сюжетке құрылған толғау дастандарын жырлады.

Ақын Отан корғау, Совет Армиясының ерлік тақырыбына арналған шығармаларында патриотизмді, совет халқының өз Отанын корғау жолындағы жан қыярлық ерліктерін, ұлы коммунист партиясына жан-тәнімен берілген Отаншылық сезімдерін, басқыншы неміс-фашистеріне қарсы өшпендейлік ыза кекті суреттейді. Отан соғысына дейінгі елең, жырларында ақын совет қолбасшысы Ворошиловты, даңқты батыр Амангелдіні арнай жырлаумен қатар, әсір се, 1938/39 жылдардағы Қыйыр Шығыстағы Хасан көлі, Халкингол уақытгаларын жырлауға айрықша назар аударады. Ол уақытғаны шағын толғау-жырлармен бейнелеп қоймай, көлемді дастан етіп жырлауды мақсат етіп алды.

Ақын Қыйыр Шығыстағы Совет Армиясының жапон соғысқұмарларына өлтіре соққы берген даңқты ерліктерін естіп білгенде өзінің сүйсінгендігін білдіріп:

«Қызыл әскер ерлерім,
Елін берік корғаған.
Ақ алмасын колға алып,
Көк наизасын толғаған.
Батыр туған ұлдарым
Болаттан сауыт киінді
Ел штетінде жау келсе,
Алғыр қыран бүркіттей
Канатын комдағ шүйілді.
Хасан көлі маңында,
Халкин көлдің үстінде
Жау желкесі қыйылды»¹

деп толғайды. Соғыска дейінгі осындай ұсақ жыр толғау-ларының жыйынтығы ретінде ақын «Комиссар Пожарский» атты дастанын жырлайды. Дастан Хасан көлінің ұрысында ерлігімен даңқы шыққан Совет Одағының Батыры атағы берілген комиссар Пожарскийдің батырлық образын суреттейді. Дастанда ақын совет отанының қыйыр шекарасын бұзып, жерімізге баса-көктеп кірмек болған жапондардың өркөкірек, сұрқыялыш қылықтарын әшкерелей отырып, сол жапон қанқұмарларына қарсы Хасан көлінде Заозерный биігін алу үшін ерлікпен жауға қарсы шабуылды ұрыс бастап, бекінісін талқандап

¹ «Ақын шабыты». Алматы, 1940 ж. 44-бет.

женіске жетіп қаза болған комиссар Пожарский мен оның жолдасы Ласкиннің таңғажайып батырлығын әңгімелеп жырлайды. Нұрпейіс эпос жыршысы болғандықтан бұрынғы батырлық жырдың көркемдік үлгісін мұнда біргалай қолданады. Бірақ, жыр ескі қыял, ақыз араласқан эпос емес, шындықты дұрыс бейнелеген ерлік дастан. Ақын поэмасында соғыс болған жердің табиғи көрінісін, жалпы ұрыс жайын кең суреттей отырып, негізгі қаһарман Пожарскийдің өзіндік ерлік тұлғасына көбірек көңіл бөледі.

«Винтовка мен гранат
Қаруларын қолға алып,
Айбаттанып акырып,
Ашу қысып долданып,
Қабагынан қар жауып,
Мұртына мұз тоңып,
Белге буган кілең оқ,
Жауатын күнше құрсанып,
Пожарский бастаған
Қызыл әскер ерлерім
Майданға кірді шетінен...»¹

Ақын Пожарскийдің осындағы қанды қырғын соғыста Совет Отаны үшін алға басып, асқан ерлікпен қаза тапқандығын зор патриоттық үлгі етіп ұсынады. Совет Отаны үшін жанын қыйған Пожарскийдің есімі, ерлігі мәңгі өлмейтін ерлік, өзінің жыры да өлмейтін ерлік туралы болмақ деген идеялық қортынды берді. Рас, «Комиссар Пожарский» дастанында ақын бұрынғы эпос жырының көркемдік дәстүрінен көп ұзап кете алмайды. Соғыс самолетті, зенбіректі, танкілі болса да, ақын соғыс қыймылын наизалы, қылышты, тұлпар атты әскерлердің соғысына ұқсатып жырлайды.

Бұл жерде ақынның өмір шындығының өз дәрежесіне көтеріле алмағандығын айқын көреміз. Ал, Отан соғысы тақрыбына арналған дастандарында ақын «Комиссар Пожарский» поэмасындағы творчестволық олқылдығын жоя туследі. «Ер туралы жыр», «Толғай», «Жайырма бес» атты поэмаларында ақын Отан соғысының даңқты батырларының неміс фашистеріне қарсы ерлік күресін суреттейді. Отан соғысы тарихында болған Совет Одағының Батыры атағы берілген Нарсұтбай, Қлочков, Панфилов, Төлеген сияқты ерлігі, жауынгерлік ісі бүкіл совет еліне мәлім

¹ «Комиссар Пожарский», ТЭИ архивы (колжазба) 20—24 бет.

болған батырлардың соғыстағы өмірі жырланады. Поэмалардың сюжеттері сол батырлардың соғыста басынан кешкен шындық уақыйғалардан алғынған және бір-біріне үксас сюжеттік мотивпен баяндалады.

«Ер туралы жыр» поэмасының қаһарманы Москвандың неміс басқыншыларының шабуылынан қорғауда қаза тапқан даңқты 28 батырдың бірі Есболатов Нарсұтбай.

«Жыйырма бес» поэмасының негізгі қаһарманы Отан соғысы майданында неміс фашистеріне өлтіре соққы берген, соғыста ерлікпен қаза тапқан Төлеген Тоқтаров. Поэмалардың негізгі қаһармандары комиссар Пожарский де, Нарсұтбай да, Төлеген де қаза табады. Поэмандардың үшеуінде де даңқты батырлардың асқан ерлігімен қатар өкінішті өлімі де суреттелді. Онан соң, Нарсұтбай да, Төлеген де Совет Отаның қорғау үшін өскен аулынан аттанып майданға барады. Панфилов, Клочков сияқты орыстың даңқты үлдарымен достасады.

Төлеген Панфиловқа келіп:

«Толған кезім толықсып
Жүрекке ерлік құйылып.
Қатарың ала көр,
Қыйынға, батыр, сала көр,
Жата алмаймын бүйіғып»¹.

деп, өзінің генерал басшысынан бүйрық тілейді, соғыстың ең қыйын жеріне жіберуді өтінеді. Сондай-ақ Москвада неміс фашистері шабуыл жасап келе жатқанда жау танктерін ілгері бастырмай, Клочковпен бірге Отан үшін кеуделерін окқа тессей өлуге айт берген Нарсұтбайдың ерлігі де шебер суреттеледі. Клочков пен Нарсұтбай өзіне төніп келе жатқан жау танктерінен қаймықпайды, табандылықпен қарсы тұрып ұрыс салады.

«Нарсұтбайдың бойынағ
Жылыштарап канағада.
Мызығмайды сонда да
Екі елі кейін табаны...
Қарысып қарсы үмтүлад,
Ажалдан жаны именбей»².

деп, ақтық қаны қалғанша Москвандың қорғап, ерлікпен қаза тапқан совет батырларының өшшес даңқын ардақтай-

¹ Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1945 ж. 62-бет.

² Сонда, 54-бет.

ды. Бұл ұлы ерлікті терең идеямен беруде ақынның асқакты сезім қыялына бөлеп жырлаған романтикалық, лирикалық сурет кезеңі де жоқ емес. Жырдың ақырында ақын орыс батыры Клочковтың мына тәрізді монологін береді:

«Отан үшін көп батыр
Шыбын жанын берді де.
Мәскеудің батыс түбінде
Көз оттары сөнді де.
Борай да, борай борандай
Жауды окка көмді де.
Бөгет болып дүшпанға
Өздері сонда өлді де».

(Сонда, 57-бет.)

дейді. Төлеген Тоқтаров та қаптаған қалың жауға өрттей тиіп ойран салып, ақырында ауыр жарапланып өлер халге жетеді. Бірақ, Төлеген өзінің Отаны үшін өлгеніне өкінбейді, қас жаудың тірі қалып, онда кегі кетіп бара жатқанына қатты намыстанип, ауыр жарасына қарамастан бар қайратын бойына жыйнап, көз алдында кашып бара жатқан жауды өлтіріп, кегін алып өледі. Төлегенге өз өмірінен Совет Отанының ар-намысы қымбат, ол ездік өмірден ерлік өлімді артық санайды. Сөйтіп Нұрпейіс Отан соғысы майданындағы совет батырларының моральдық қасиеттерін, патриоттық сезімдерін, таңғажайып ерліктерін, Отаны үшін қасықтаї қанын, шыбындай жанын аямаған ұлы данққа бөлениген ерлік өлімдерін суреттейді.

Нұрпейістің бұл поэмаларының басқа ақын жырларымен салыстырғанда бірқатар ерекшелігі бар. Алдымен поэмаларда данқты батырлардың соғыс майданындағы нақты ерлігі беріледі. Нұрпейіс совет жауынгерлерінің басқыншы жауларға карсы батырлықтарын нақты сюжетке, нақты тарихи геройлардың (Пожарский, Нарсұгабай Есболатов, генерал Панфилов, Клочков, Төлеген Тоқтаров) өміріне байланысты жырлайды. Геройлардың басынан кешкен уақыйғаларды алып, бүкіл елдік, отандық уақыйғаға тән сыйпат етіп көрсетеді. Нұрпейістің дастандары идеялық мазмұны жағынан терең. Мұнда соғыс көзіндегі басқа бірталай ақындардың поэмаларында болған ата-баба, аруакқа сыйыну мотиві жоқ. Бірқатар ақынның жырында, Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Габдуллин тәғы басқа батырлар туралы дастандарда совет адамдарының өсуі, идеялық қалыптасу жолдары дұрыс көрсетілмеген. Аталған батырлар

майданда бұрынғы батыр, бабалардың қолдауымен, ерлік дәстүрімен жауға қарсы қаһармандық ұрыс салады, олардың атасы, бабасы, немесе рулары батыр болғандықтан жауды жеңетін сыйкты. Шынында совет адамдарын, советтік көзінде, коммунистік рухта тәрбиеленіп өскен қазақ жастарының образын бұлай көрсету мүлле теріс еді. Жамбылдың, Нұрпейістің поэмаларында ата-бабаның ерлік дәстүріне еліктеу мотивтері жоқ емес. Мәселен, «Жыйырма бес» поэмасында Нұрпейіс Төлегеннің маңданға аттағанын былай суреттейді:

«Қазактың батыр жас ұлы
Токтарұлы Төлеген,
Жыйырма беске толғанда,
Жеріне жау шапқанда,
Оқ жауғанда тобеден
Аясынан Ұлтайтың
Ақиыктай түлеген,
Буырқанып, бұрсанып
Мұздай темір құрсанып,
Жау қайдалап жөнелген.
Кешегі жүрген Төлеген
Кай батырдан көм еді...
Қайынына жұмыстың
Мәп барайын дер еді.
Жау тиді елге дегенде
Кош бола түр анам деп,
Қайтқанынша балаң деп,
Жауымнан кегім алам деп
Жолбарыстай жон асып,
Жөнеді батыр, жөнеді»¹

Онан соң Нұрпейіс өзінің поэмаларында батырлардың жорыққа сапар шегуін өзіне аға, жолдас батырлармен достығын, согыстағы асқан ерліктерін; өлер алдыңғағы өмірмен, достарымен, елімен коштасуларын, ерлік өлімдерін дастанның негізгі сюжетіне байланысты жеке уақыға, күрес кезеңдерін — бәрін де шебер суреттейді. Бұл суреттеуде ақын жогарыда айтылғандай «Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып», «жөнеді батыр, жөнеді» деген түрде бұрынғы эпос жырын көркемдік тіл әдістерін қолданатын болса, екінші жағынан жазба поэзияның әсерімен берілген сыртқы дүние, адамның қуаныш-сүйінш сезімдерін береді.

Сөйтіп, Нұрпейістің совет халқының ерлік тақырыбы-

¹ Нұрпейіс. Таңдамалы шығармалары. 1945 ж. 61-бет.

на арналған уақыйғалы дастандары өзінің жоғарыдағы айтылған идеялық-көркемдік маңызымен қазақ совет поэзиясының тарихында айрықша орын алады. Мұнда ақын бұрынғы эпос жырларынан алдымен тіл көркемдік шеберлігінен мол үлгі ала отырып, жаңа совет заманы батырларының өміріне, ерлік істеріне сай емес қыял, ертегілік мотивтерді керексіз етіп, жаңа дастандарын, жаңа идеялық көзқараспен жырлайды, оның поэмаларында жаңа мазмұнға лайықты жаңа көркемдік форма қалыптаса бастағандығы байқалады және совет батырларының өмірін жырлауда эпикалы мотив пен лирикалы мотив үштасып келетіндігі сезіледі.

Ақын жалаң тартыс-әрекетті айта бермей, сыртқы көріністі суреттей беруге, геройдың сезім-дүниесін ашуға тырысады. Дастандардың сюжеті бұрынғы батырлар жырының салтынша қаһарманның ата-тегі, туысы бар өміrbаянын айту негізіне құрылмай, ең маңызды, ең келелі қоғамдық, елдік мәні бар өмір кезеңдеріне токталып жырлауға негізделген. Бұл жаңа батырлық жырды қаһарманның жеке басындағы уақыйға сюжеті кілті болмайды, мұнда алдымен қоғамдық уақыйға Отан, ел мақсатына байланысты ұлы тарихи уақыйға негізгі сюжеттік кілт болып отырады. Бұл ерекшеліктер эпос жырының шебері Нұрпейістің халық поэзиясы арқылы қазақ совет поэзиясына кіргізген жаңалықтары сияқты. Нұрпейістің басқа халық ақындарынан ерекшелігі де, өзінің ақындық стиль ерекшелік, жаңалығы да осында. Ол бұрынғы батырлар жырын жүйелеп айтудан совет дәуірінің жаңа батырларын жырлауға келіп, жаңа батырлық жырын тудыруға ат салысқандардың бірі болды.

Сөз жок, Нұрпейіс қазақтың бұрын-соңды батырлар жырын кеп жырлаған, батырлық жыр дәстүрін біздің заманымызға толық сақтап жеткізген теңіздей мол халық поэзиясының алыбының бірі. Ақын совет дәуірінде идеялық творчестволық жағынан кең шарықтап өсуінің арқасында жаңа заман батырларын реалистік түрғыдан терендей жырлап бұрынғы батырлық жыр дәстүрін жана творчестволық биік сатыға көтерді.

Халық әдебиетіндегі Амангелді образы.

Аманкелді туралы халық әдебиетінің үлгілері өте мол. Аманкелдінің тарихтағы, 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі

революциялық күрес дәуіріндегі қаһармандық істері жағында талай жыр, өлең, тақпак, толғаулар айтылып, ел аузына таралған. Бір сала, мол жыр Аманкелдінің өліміне арналған жоқтаулар. Жоқтау жырлардың өзінде Аманкелдінің совет үкіметін орнату жолындағы батырлық, қолбасшылық сыйпаты айқын жырланады. Аманкелдінің өмірі 1916 жылғы ұлт азаттық алу жолындағы көтеріліске, Қазақстанда Октябрь революциясының жеңісі үшін құреске тығыз байланысты. Сондықтан да Аманкелді туралы өлең, жыр, дастандар революциялық мазмұны күшті, осы тарихи дәуірдің шындығын, қазақ халқының бостандық, таптық құрестерін көн елестетіп отырады. Аманкелді саналы әлеуметтік құреске араласқан дәуірдің өзінде-ақ оның сенімді серік-саrbазы болған ақындар көптеген өлең, жыр шығарып таратқан. Мәселен Аманкелді отрядының атпен жүргендеге айтатын «Аманкелді маршы» революцияшыл мазмұнды өлең:

«Қорықпаймыз, қаймықпаймыз ешбір жауда»,
Қан кешкенде теземіз омыраудан.
Қылыш үстап, сарбаз бол, міндік атка
Ниет берік, күштірек, талай таудан.
Кызыл туда «бостандық» деген ұран.
Жан корғайтын сарбаз жоқ қашып бұдан,
Дамыл-тының алмаймыз аттан түсіп,
Шыққаныша алтын күн, көшіп тұман».

(Халық ақындарының өлеңдері,
құр. F. Мұсрепов, M. Қаратаев.
1937 ж. 86-бет.)

Бұл Аманкелдінің сарбаздары атынан айтылған жорық жыры. Мұндай жырларда Аманкелді бастаған құрестің таптық мақсаты, жеке кезеңдері айтылады. Аманкелді туралы көп жырлар оның өмірі, революция жолындағы қүресі, қайғылы өлімі жайын айтудан басталады.

Аманкелдінің өлімі туралы жырларда ақындар бір жағынан еркіндік қүнге жеткенге қуанса, екінші жағынан сүйікті батырдың қаза тапқанына қатты қүйінеді, қайғырады жоқтау, жұбату, коштасу түрліндегі жырларын айтады.

«Кедей үшін жан қыйып,
Жарлының болған панасы
Сонынан ерген кедейдің,
Көтерілді санасы.
Елге тендік әперген
Үдербайдың баласы.

Түпке жетті қайтейін,
Байлардың курған алашы.
Басшымыз кетті демендер,
Өзі өлсे де, жолы бар,
Жолды апарар қолы бар...»

(«1916 жыл» I т. 1940 ж. 82-бет,
ред. баск. Е. Исаилов,
Ә. Сәрсембаев, Ы. Дүйсенбаев.)

Бұл өлеңді белгісіз ақын шығарған, Аманкелді өлген кезде ел аузына таралған. Ақын кайрымен катар, Аманкелдінің жолы, қолы бар, сол жолмен іс істейік деп елді жүбатады.

Аманкелдінің әйелі Балымның атынан шығарылған шағын жоктау жырда, бұрынғы халық әдебиетіндегі жоктаудың үлгісі сақталған:

«Машриктан шыққан күн,
Мағрип бармай батар ма.
Бауры шұбар, гүл арыстан,
Жолда жалғыз жатар ма.
Көр болғыр, дүшпапан көздері,
Ем болмағыр сөзчөрі,
Қыйды екен неғып атарға...

(Сонда, 83-бет.)

деп, Аманкелді жөніндегі өзінің қайғысын, ызасын, қүйігін сыртқа шығарады, батырды өлтірген дұспанға қарғыс айтады. Мұнан кейін сүйген жар, азамат, батыр ерінің жақсы қасиетін баяндайды:

«Солқылдағым, сүйрігім,
Қанатым, жағым, күйрығым,
Кеменгерім, келбеттім,
Кермыйығым, мұлігім.
Ұсынғанда кол жеткісіз,
Үстімдегі тұнлігім.
Көлеңкелеп отырған,
Көп кедейлің касында.
Бір көруге зар болған,
Топ ішінен қақ жарып,
Сәйледін сөзді жасынан.
Ер жетіп атқа мінген соң,
Кетпеді жұртың қасынан.
Айналды тегіс, кәрі-жас,
Пәрмен болып басынан.
Ақыл басқа жолығып,
Дариядай толқып тасыған».

(Сонда, 84-бет.)

деп сыйпаттап, батыр Аманкелдінің халық сүйген бейнесін (образын) елестетеді.

Жоқтаудың ақыры, жан ашыр, жақын жардың күйіншіті, қайғылы сезімен бітеді:

«Кедейлер бүгін жылады,
Қас батырсыз қалған соң.
Бала мен қатын жыладық,
Үй иесіз қалған соң,
Көл құсындай шуладық,
Қайғы жүгін салған соң.
Құндіз-түні кедеймен
Думай қылып бас қосқан,
Сол күндер енді қайдасың».

(Сонда.)

Бұл батырдың жан жолдасы, сүйікті жарының атынан айтылған мұнды жоқтау. Мұнда Аманкелдінің жалпы ең-бекші халық алдындағы жақсылығын бейнелеумен бірге, өте-мәте жан ашыр жақынның қайғысы, мұны, жоқтау зары толғанып айтылып отыр. Батырдың тірі кезіндегі ұсақ өлең, жырлар, әңгімелер ол өлген кезде айтылған жоқтаулар әралуан түрде дамый берді. Сол дамыған жырлар кейінгі жылдарда күрделі дастан болып жырланып таралды.

Құдері Жолдыбай ұлының «Аманкелдінің Торғайды алғаны» деген шағын толғауы, Аманкелді өмірінің аса маңызды бір кезеңін елестетеді. Ақын, июнь жарлығынан кейінгі ел басына түскен ауырлықты, патшаның, болыс, байлардың халыққа істеген зұлымдығын шағын кіріспе бөлімінде айтады да, поэманиң негізгі бөлімінде Аманкелді бастаған сарбаздардың жорығын, жаумен араласқан соғысын суреттейді. Соғыста Аманкелді жауды ойран етіп женип шығады:

«Окжыландай ысқырған,
Жалын шашқан ышқынған,
Үнірейген мылтық аузына
Ат қойып көп іркілдеп,
Шашакты наиза желкілдеп,
Ақ сойылдар сартылдап,
Аманкелді алдында
Атылған оққа жарқылдап,
Қарамастан айқайлай,
Ермеген оған жан болмай,
Көп көшөні шандатып,
Қалара кірді ақратып».

(«1916 жыл», 30-бет.)

Бұл Аманкелдінің соғысы туралы ақыйқат сурет. Ралында сарбаздардың ерлігі үнемі осындай, жауған оқ, құрулы зеңбірек, пулеметке қарсы қорықпай шабуыл жасауда көрініп отырған. Тарихи деректерге қарағанда Аманкелді сарбаздары 1916 жылы Торғай қаласын ала алмады, қолдың ішінде тұтас бірлік, тәртібі болмады да, сарбаздар оққа ұшып жатқан кезде қолдың бірката тобы серпіліп кейін шегініп кетеді.

Бірақ шабуылға ұшыраған Торғай қаласын қорғаушылар да еңсесі түсіп, қатты жеңіліске ұшырайды. Аманкелді қаладағы жауды моральдық жағынан берекесіздікке ұшыратады; ақын осы тұрғыдан қарап, Аманкелдінің жеңіліспен аяқталған жорығын көтере жырлайды. Ақын Аманкелдінің Торғайды революциядан кейін келіп алғанын айтуды мүмкін.

Белгісіз ақындар шығарған «Қамалды бұзғар қаһарман» атты поэмада, Аманкелді өмірінде болған күрделі оқыйғалардың желісін түйінде жырлайды. Поэмада ақынның кіріспесі, 16-жылғы көтеріліспен байланысты елдің басына түскен сергелден жайы, Аманкелдінің сарбаз құрып, патша әскерімен соғысқаны, азамат соғысы кезіндеңір ерлік ұрыстары мен өлімі суреттеледі. Поэмадағы қаһармандардың қыймылы тарихта болған шын фактыларға байланысты алынған. Эліби Жангелдин, Таран сыйкты Октябрь революциясы үшін күрескен большевиктер Аманкелдінің жақын досы болып суреттеліп отырады.

Бұл жырдың басқа жырлардан бір ерекшелігі, тартысты қайшылығымен көрсетеді. Батыр бірынғай жеңе бермейді, оның серіктеп бірнеше рет жеңіледі, қырғын табады. Аманкелдінің жаулады—патша әскері, болыстар, алаш-ордашылар, айлалы зұттым оңай алғыза қоймайды. Аманкелді мен достарының ерлік, айлалы қыймылдарын сондай қауыпты, залым жауға қарсы құрес негізінде көрсетеді. Поэмада жан толқытатын сыршылдық, аңызды әңгімелі мотивтермен берілген күшті сурет кезеңдері бар. Аманкелдінің бір топ сарбазы жаудың қолына түсіп, өлім жазасына бүйрұлып, атылғалы тұрады. Жырдың мұндай өлім-мен өмірді таластырып берген туїїнді кезеңі халық поэмасында да, жазба поэмасында да өте әсерлі болып отырады. Өлгелі тұрған жауынгер, өмірімен, елімен қоштасады:

«Мылтық, қылыш кару алсын қолына,
Жан аямай қызыләскер жолына



Омар Шипин.

Туды тікпей көрмессіндер заманды,
Талаптарың келмей калмас онына.
Жаратқан хақ болсын әркім панасы,
Тұзы казақ еңбекшінің баласы,
Көптен бері көрші, коныс жер едің,
Қош аман бол, енді Торғай қаласы,
Кедей табы біз өлгемен таусылмас,
Кеңес тобы мәңгі жасар деп еді».

(«1916 жыл», 101-бет.)

деп, кейінгі ел азаматына, халқына қош айтады, өліміне өкінбейді. Елдің тағдырына, елдің азаттық алу жолындағы құрестіне қуат, жан бергендей үран тастайды.

Аманкелді туралы шығарған Шипин Омардың, Сәт Есенбаевтың дастаны да батырдың өмір баянының ізінен құрылған. Ақын бабасы Имамнан бастап, Аманкелдінің өзі өлгенге дейінгі басты оқыйғаларды баяндап жырлайды.

Сәт Амангелдінің Торғайда Совет үкіметін орнатқанын жырлайды.

«Ел басқару жұмысын,
Аманкелді колға алды.
Кедейді алды катарға,
Жолатпады байларды,
Аралап сайлау жүргізді,
Зан тәртібін білгізді.
Қара табан жалшылар,
Қара такым малшылар,
Енбегін жеген жалмауыз,
Байлардан ақын, кегінді ал».

(Сәт, «Аманкелді», 210-бет, қолжазба.)

деп, ел еңбеқшілеріне жар салды.

Бірақ Аманкелдінің қолы жеңіске жеткенімен, жаулары құрып біткен жоқ еді. Сондықтан, батыр құрест жолында жүріп, тап жаулары актар мен алаш ордашыл бандылардың қолынан қаза табады. Батыр өлімі өкінішті. Ақын батырдың өліміне елдің қайғысын, өзінің жоқтауын айтады. Ердің өлімі бүкіл елдің қабырғасын қайстырады. Ел азаттыққа жетті, бірақ елді құрестеке бастаған ер сол ел үшін құрбан болды деген ой түйінін береді.

Сәт, Аманкелдінің батырлық бейнесін даралап қөрсетуде халық аузындағы, халық ұғымындағы шындыққа неғізделген аңызды әңгімелерді де суреттеу әдісі етіп алады. Байлар, болыстар жабылып, сонына түсіп қудалап,

батырды түрмеге жаптырады. Аманкелді түрмені бұзып, қашып шығып, жанына қалада тұратын жақын досы бір орыс адвокатын ертіп алғып Петроградқа барып, өзінің барлық ісінен құтылып қайтады. Аманкелдінің Петроградқа барып аман-есен қайтуының өзі үлкен аңызды әңгіме болып елге таралады, үлкен сырмен айтылады.

Болыс, билер Аманкелдіден қатты үрейленеді, осы әңгіменем байланысты да Аманкелдінің батырлық даңқы арта түседі.

Жырдағы мұндай аңыз әңгіменің сарындары, дастаның оқыйғалық жағын да, халықтық мәнін де, батыр бейнесін даралап беруді де күшайте береді. Бұл дастан белгілі бір дәуірдегі тарихи адамның өмірін, әлеуметтік тұрмысын айтып суреттеген тарихи жыр болумен катар, совет тұсында туған жана, оқыйғалы батырлық жырдың бірі.

Сәт дастанның сюжет құрылышы, композициясы, кеңіпкерлерді, уақыйға, өмір көрінісінің жеке көзендерін нақты суреттеуі жөнінде өзіндік стиль, көркемдік ерекшеліктері бар. Ақын дастанын халық поэзиясындағы, бұрынғы батырлар жырындағы кейбір қонымды мотив, көркемдік әдістердің колдана отырып жазады; сонымен бірге жазба поэзиядағы нақты суретшілік, сезімді берушілік, уақыйғаны түйінді жерінен бастап кетушілік, тілдегі жаңалық іздеушілік ерекшеліктерді де қолдануға тырысқан. Ақын Аманкелдінің басындағы сүйініш, күйініштерін, шиеленіскең жеке уақыйға түйіндерін нақты суреттегендеге түйдектеу, еселеу әдістерін, жағымсыз образдарды сыйпаттағанда өткір ажуалау, сыйқақтау әдістерін орынды тауып қолданады. Әртүрлі көркемдік әдісті қолданса да ақын идеясы айқын беріледі; тіпті тоспалдау, мысалдау әдісін қолданған жерлерінде де сол дәуірдің жалпы шындығы елестеп отырады. Мәселен, империалистік соғыс басталып, патша қысымы күшайе түскен мезгілдің сыйпаты былай:

«Қаһарын тәкті қара бұлт,
Катулана қармауды
Қар артынан қан жауды,
Шатырлады аспан, кек
Түскендей қыйрап жерге кеп,
Ай дірілдеп, жұлдыздар
Жылағандай еніреп,
Дүние тулат теңселип
Теніздер сүйн шайқасты
Бұлт ішінде айдаһар

Улы тілін шығарды.
Құйрығы кейін ұзарып
Кеудесі неше бұралды
Жаның әрін жалмауға,
Жан-жағына каранды».

(Сонда, 114—115-беттер.)

Эрине, мұнда бұрынғы фольклор дәстүрі мен жазба поэзия дәстүрі аралас келіп отыр. Осының өзіндегі «жұлдыздар жылап», «дүние тулас тенселді» деген суреттеулер акынның көркем тіл жаңалығы, жазба поэзияға тән шеберлік байқалады. Дастанда халықтың мақалдау, мәтелдеу ретіндегі сөз шеберліктері де мол қолданылады.

Алайда, Аманкелді туралы Омар мен Сәттің поэмаларында елеулі идеялық кате-кемшіліктер де жок емес. Басты қате кемшілік Аманкелдінің батырлығын оны руындағы, ата-бабасындағы Қобланды Иманның батырлық дәстүріне байланыстыруы. Аманкелді күресін Кенесарының шапқышылық күресінің жалғасы деп қарауы бұл акын-жазушылардың бірқатарында болып келген ортақ қате-кемшіліктердің бірі екендігі белгілі. Шынында, Аманкелдінің революцияға дейінгі дәүірде қазақ байларына, патша ұлықтарына қарсы күресі, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін бастауы, Қазақстанда совет үкіметін орнату үшін күресуі — бәрі алдымен қазақ ауылындағы шиеленіскең тап тартысының тәжрибесінен туған, Россиядағы социалистік революциясының эсерінен орыс большевиктерінің идеялық басшылығынан туған күрес толқындары еді. Аманкелдінің революциялық жолдағы идеялық қалыптасуын, оның патшалық құрылымынан қарсы ерлік күрестерін осы сыйқты заңды тарихи шындық түрғысынан аныктап алмай Аманкелдінің тарихи образын жасау мүмкін емес. Аманкелдінің тарихи шындық образын Нұрқан ақын дұрыс жырлайды.

Күдері ақынның «Ер туды» деген толғау жыры белгілі. Догал соғысымен байланысты күрестерді суреттейді. Ұақыйғаны баяндау, жырдың ырғағы, ақындық стилі Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетінде ортақ сарындағы үлгілерді беретін сыйқты. Мың сан солдат Аманкелді бастаған сарбазбарға қантап келе жатады. Жаудың алдын бөгеп, жолын тосып батырлар жатыр.

«... Ерлер сонда тұрды тасып,
Аттарына қамшы басып,
Қайраттанды қаһарланып,

Қалмалық деп корқып, сасып.
Мінген ерлер қазан атқа,
Көп жыйылған азаматқа,
Аманкелді сөз сейледі».

(1916 жыл, 10-бек.)

Өлеңнің сыртқы көркемдік құрылсында, ырғақ толқынында жазба поэзияның әсері жоқ емес. Эрине бұл әсер жырдың халықтық маңызын төмендетпейді, қайта бүрнеги ерлік дастандардың соғысты суреттеу әдісін орынды пайдаланған. Батырдың жалынды сөзін тыңдап, «жұрт зар еңіреді» дейді ақын. Бұл халықтың ерлік рухының тұскендігі емес, батырга деген махаббаттың күштілігін, жауынгерлік рухтың жалындай тұскендігін көрсетеді. Батырлар жырында налу, күйіну, ерлердің әлсіздігін, қайраты жасығандығының белгісі болып отырмайды. Ерлікті сағынған, кегім кетті деп іштей ызалаған жауынгерлік рухтың жандануы қуаттану белгісі сыйқты болып отырады. Аманкелдінің жанашар жолдасы жау қолында қаза тапқанда, сениң кегінді алармын деп сөрт беруі, майданға кіргелі тұрғанда «сенімен бірге боламыз» деп сарбаздардың ант етуі бәрі батырлар жырындағы ерлік бейнені жырлағандығын көрсетеді. Құдері ақынның поэмасы осындай ерекшелігімен маңызды.

Омар Шипин Аманкелдіні мол жырлады. Элі де жырлап келеді. Аталған поэмасынан басқа Омардың Аманкелді туралы көптеген ұсақ толғау жырлары, естегі әнгімелері бар. Омардың Аманкелді жайындағы шығармаларында ақындық творчествомен түйіндең корытудан көрі Аманкелдінің ерлігін халыққа кең жайып айтып тарату, тарихи әңгімелерді жыйнақтап әңгімелуе әдісі басым.

Ал Нұрқан соңғы поэмасында күшті ақындық таланттымен Аманкелді образын түйіндең беруге батыл адым жасаған. Нұрқан жазба ақындарға тән сыйпатпен дастанды Аманкелді бейнесін уақыйғаны дамытып айту жағынан да, ішкі сезімді, сыртқы өмір табиғат көрінісін суреттеу жағынан да шебер жырлаған. Бірақ поэма аяқталмаған. Аманкелді өмірінің ең маңызды соңғы кезеңі бұл поэмада қамтылмайды.

Аманкелді туралы жырлаған, жырланып жатқан жырдастандар басқа ақын-жыршыларда да бар. Келешекте де Аманкелді туралы жана дастандар жарыққа шығады. Өйткені, Аманкелді советтік Қазақстан халқының аузында

ардақты, аңызды әңгіме жыр болып аты жайылған, революциялық күрес тарихымыздан өрекш орын алатын даңқты батыр. Алдағы уақытта да совет фольклорында Аманкелдінің эпикалық бейнесі кең көлемде, айқын жырлана береді, ол туралы жыр, дастандар тыннан туып дамый бермек.

Жазба әдебиет әсерімен дамыған эпикалы жыр дәстүрі

Біз ақындық дәстүр, орта мәселесі туралы айтқанымызда XIX ғасырдағы Орталық Қазақстан ақындарының лирикаларында азаматтық сарын күй, жазба поэзияның реалистік, көркемдік дәстүрлері кіре бастаған ерекшеліктерді атадық. (Ақан, Біржан, Жаяумұса т. б. өлеңдері). Бұл әсер әсіреле Абай, Ыбраій дәуірінде күшіе түскені бізге мәлім. Профессор С. Аманжолов казақ әдеби тілінің дамуына негіз болған шешуші факторлардың бірі ретінде Россияның шаруашылық, мәдениеттік әсері XVI—XVIII ғасырлардан басталғандығын айтады¹ Қазақстанның басқа облысындағы руларына қарағанда Алтай, Ертіс, Обь, Тобыл бойларындағы қазақ рулары орыспен шаруашылық карым-қатынасы өте ерте басталғандығы, Омбы, Семей, Павлодар, Петропавел, Өскемен қалалары XVIII ғасырдың басында орнап, қазақ даласының қоғамдық тіршілігіне үлкен әсер еткені даусыз. Алғашқы баспасөз, жазба әдебиет уәкілдері, орыс ғылымына араласуыштар да осы қалалардың мәдени дәстүріне байланысты болды. Мысалы: қазақ балалары үшін «Азиялық школа» 1787 жылы Омбыда ашылды, қазақ тіліндегі тұнғыш газет «Дала уалаяты» 1888 жылы Омбыда шыға бастады. Г. Н. Потанин XIX ғасырдың 70-жылдарында Ертіс бойындағы орыс пен қазақ арасында түрмис тіршілік достығы күшті екенине қатты сүйсінген². Орыстың шаруашылық мәдени ықпалы XIX ғасырдың екінші жарымында кең дамый түсті. Патша өкіметінен құғын көріп айдалғандардың бірталайы Ертіс бойындағы қалаларда болып, қазақтың рухани мәдениеті дамуына ат салысты.

Халық ақындары орыс әдебиеті, орыс мәдениеті арқылы келген жаңа ақындық өнер дәстүрін қазақтың жаңа

¹ С. Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі. 1949 ж. 10—12-б.

² Ак. Обручев. Григорий Николаевич Потанин. М. 1947 ж.

жазба әдебиеті арқылы, алдымен Абай, оның ақындық үлгілері, ақын шәкірттері арқылы онан бері де қазақ тіліндегі баспасөз, орыстың классиктерінен көптеген аудармалар арқылы қабылдады.

Абайдың, Ыbraй Алтынсаринның, XX ғасырдың басындағы Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамбетжан Сералиндердің шығармалары, сөз жоқ, қазактың халық ақын жыршыларының көбіне жаңа ақындық үлгі болды. Осы күнгі қарт ақындардың бірталайы Абайды оқып естігеннен кейін, бұрынғы өзіміз қызығып жаттаған ертегі, жыр, қыссалардың көбі соншалық жарамсыз, құнсыз болып қалып отырды. Тұрмысқа, адамның өміріне байланысты өлең-жырды айту негізгі иысана бола бастады дегенді то-лық мойындан айтады. Ильяс Манкин — жас кезімде «Сал-сал», «Зарқұмды» оқып жаттап едім, Абайдың өлеңнен кейін қыссалар керексіз болып қалды,— дейді.

Абайдың:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок-барды, ертегіні термек үшін» —

деген белгілі қағыйдасы қазақ ақындарының көбіне тұра жол сілтегені даусыз. XX ғасырдың басындағы Сұлтанмахмұт та, онымен замандас ақындар да қазақ поэзиясының ескі қыссашылдық әсерден арылып, өмір шындығын бейнелеуін басты міндет етіп қойды.

Халық ақындарының жазба поэзиядағы реалистік, ақындық дәстүрді қабылдап менгеруі тек қана Абай сыйқты ақындардың әсерінен ғана емес, сонымен қатар қазактың қоғамдық, рухани тіршілігіне Россияның, орыс халқының шаруашылық, мәдени ықпалының күннен күнге неғізгі фактордың бірі болды. Қазақ шаруаларының өнімді еңбек, кәсіптің түріне (егінге, қоныстануға, саудасаттыққа, қолөнер кәсібіне, завод, темір жолда істеуге) бейімделуі, азды-көпті жастардың орысша окуға талпынуы бәрі қазақтың рухани өміріне, поэзиясына, ақын жыршысына зор әсер еткені даусыз.

Жазба поэзиядағы сыйқты, бұл тұста халық ақындарының өлең-жырында қоғамдық мәні бар мәселелер, өмір, табиғат көрінісін ақыйқат суреттеп көрсету, адамның әралуан көңіл-куйлерін сезімге бөлеп бейнелеу едауір орын алады. «Құлагер», «Сырымбет», «Жанбота», «Ақсиса», «Корлан», «Аққайың», «Әсет», «Фалия», «Қаракесек» сыйқты терең мазмұнды ән-лирикалар жарыққа шығады.

Шашубайдың алғашқы дәуіріндегі «Жамалға», «Майда қоныр», «Кербез қыз», «Мамық қызыға», «Сырлы қайын», «Сыпайыға» сияқты лирикалары да осы сарында жырланаады. Бұл лирикаларда ақындар қазақ жастарының бас бостандығына, ар-намыс бостандығына, махаббат армандарына байланысты сезімдерін, күрес талаптарын жырлайды.

Лирикалы өлеңдердің бірқатары белгілі бір түйінді оқыйға, сюжетке негізделген: қапыда жау қолынан өлген Құлагердің күйігі, теңіне қосыла алмаған екі жастың арманы, туған жерден айдалған, түрмеге түскен жігіттің ыза-кегі, бақытқа, үмітке талпынған махаббаттың қуанышы ән, өлеңдердің лирикалық және сюжеттік мотивы болады. Сондықтан бұл жырларда эпикалы мотивтер де елеулі орын алады. «Жанбота», «Сырымбет», «Ақсиса», «Фалия», «Қарекесек» өлеңдерінде терең драмалық тартыс түйіні жатқанына ешкім таласпайды. Эрине бұл өлеңдер Алтынсарин жазған лирика болмаса да, бұрынғы салт жырларының дәстүрінен бір адым ілгерілеу кезеңі болатын.

Халық ақындарының кейбірі оқып, хат таныйды, қазак тілінде басылған қітаптарды, Абай, Алтынсарин шығармаларын, Абай аудармалары арқылы, «Дала уалаяты» газеті, «Айқап» журналы арқылы орыс ақындарының шығармаларын оқыйды. Жазба әдебиеттік бұл жаңа дәстүрді әсіресе Абай, Үбрай айналасындағы ақындар мол қабылдайды. Алтынсарин Үбрайдың сері, әнші, балуан болып жүрген Нұржан Наушабаевты оқытып, хат танытып өлеңді жазып шығаруға үйреткендігі бізге мәлім. Спандияр Қебеев, Мұхамбетжан Сералин, Бекет Өтетілеуовтер де Үбрайдан оқып, кейін орыс поэзиясы дәстүріндегі ақын болады.

Абайдың тәнрекінде көптеген шәкірт ақын, әншілер, жыршылар болған. Олардың бірқатары (Кәкітай, Әріп, Ақылбай, Әсет, Мағауия) тұра Абайдың идеялық творчестволық бағытымен жаңа лирикалы өлең, лирикалы-романтикалы поэмалар жазады; бірталайы Абайдың ақыл кеңесімен бұрынғы халық жырларын роман, дастандарды жырлап айтады (Бәйкөкше, Баймағамбет т. б.); ендігі бір тобы әнші-күйшілік өнерін дамытады (Мұқа, Әлмағамбет, Ағашаяқ т. б.).

Міне бұл Үбрай, Абай үлгісінде, орыс әдебиетінен үйрену негізінде дамый бастаған жаңа жазба поэзия XIX ға-

сырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы халық ақындарының творчествосына, ақындық өнеріне орасан көп жаңалық енгізді. Төлеу Қебдіков, Сапарғали Элімбетов, Куат Терібаев, Нұрқан Ахметбеков, Иса Байзақов сиякты белгілі ақындар ең алғаш ақындық дүниесіне араласқанда қызығып оқып, үлгі атқандары Абай, Үбрай болған.

Сапарғали Элімбетов — жастайынан тәнрідей құрметтеп оқығаным Абай болды, онан соң мені Әріп ақындыққа баулып тәрбиеледі дейді. Куат Терібаев — жастайынан Абайдың сүйіп оқыдым, аударма арқылы орыс ақындарын сүйіп окуыма, ақындық өнерге жетуіме үстаз Әсет болды дейді.

Ал Төлеу ақын (1874—1954 ж.) Абайдың өзімен жақын араласып, оның ақыл кеңестерін де, шығармаларын да жастайынан жаттап оқыған, Абайдың ақын шәкірттерімен де талай бірге жүріп-тұрып, көп тәлім-тәрбие алған. Төлеу Абай туралы естегі әңгімелерінде Абайдың тапқырлық, үлгі боларлық көп сөз, кеңестерін есіне сактағандығын айтады¹ Абайға арнаған өлеңдерінде ақын:

«Абайдың сөзі бар ма алмайтуғын,
Бекер деп міне жері нанбайтуғын,
Нұр төгіп шам-шырақтай жарық қылар,
Қайдагы қаранғыны жанбайтуғын.
Сап алтын Абай сөзі меруерт, маржан,
Теніздің тереңінен теріп жазған».

(Сонда, 65—70-беттер.)

деп, ұлы ақыннан өзінің, өзіндей ақындардың үнемі үй-ренгендігін жырлайды.

Абайдан, Абай арқылы орыс әдебиетінен үлгі алған ақындардың творчествосындағы негізгі бір бағыт, бұрынғы бұлдырып ертегі азызды жырлаушылықтан, өмір шындығын нақты, айқын жырлауға келуі. Ал сол нақты, айқын жырлаудың өзінде ақын бұрынғы ақындық дәстүрдегі даійін, калыпты сөз өнерін қайталаг қолдана салмайды, жана сезімдік қуаты өткір көркем сөз образдарын қолдануды пысана етіп алады. Бұл жаңа өлең, жырларда өмір шындығы дерексіз жалпы сарында айтыла бермей, белгілі мекен, мезгілге, қофамдық ортаға, табиғаттық обьектілерге байланысты дәл суреттейді.

Бұл ақындық творчестволық ерекшелікті Абайдың шे-

¹ Төлеу Қебдіков. Алып күшті отаным, 1948 ж. 127-б.

кірт ақындары нағыз жазба әдебиет уәкілдері — Ақылбай, Мағауия, т. б. шығармаларынан қандай айқын көретін болсақ, солардың ақындық дәстүрінде тәрбиеленген совет дәүіріндегі белгілі халық ақындары — Төлеу, Қуат, Сапарғали, Иса, Нұрқан ақындардың шығармаларынан да айқын көреміз. Аталған ақындардың бәрі де хат таныйды, жас кезінен Абайды, оның тұстас ақындарын оқыса, совет дәүірінде олардың ой-сезімі, білімі есті, ақындық, творчестволық таланты қайта туып гүлденді, әсіресе олардың дүниені тануы, коммунистік салт-санасы қалыптасты; ақындық өнерде Абайдан басқа орыс, қазақтың жазба әдебиетінен көп үйрәнді. Сондықтан бұлардың ақындық дәстүріне Абай дәуірінен бермен сақтап келген жақсы ақындық үлгімен қатар бүтіндей жаңаша дамып, қалыптасқан Жамбыл бастаған совет халық ақындарының ақындық үлгісі мықты орын алады. Оның бержанында аталған ақындар революциядан бұрын бірліжарым өлең болмаса, өздерінің шын мәніндегі ақындық таланттың өрістетіп, күрделі шығармалар бергені де совет дәүірі. Сондықтан да Төлеу, Сапарғали, Қуат ақындар өздерінің ең талантты шығармаларын Советтік Қазақстаның шалқыған байлығын, социалистік замандағы халықтардың бақытын, ерлігін, Лениннің өмірін, Отан соғысындағы Қызыл Армияның жауынгерлігін кең, түйіндең жырдауға арнаған.

Сапарғали мен Қуат сөзге шешен, қаламы жүйрік, тілге бай ақындар. Бұлар өлеңді көбінесе жазып шығарады, бірақ өз жазғандарын да, басқадан естігендерін де халық арасында жатқа айтып таратады. Бұл екеуі де Абайдың, орысшадан аударылып, өз редакцияларынан өткізілген Пушкин, Лермонтов поэмаларын жатқа біледі. Сапарғалидің «Октябрь», «Ленинге», «Жаз», «Шығыс жолы», «Жарма», «Қөлжасар», «Алтай сыйпаты» атты өлең-жырлары, «Татьяна» (Пушкин ізімен) поэмасы бар. Қуат «Ел шаттығы», «Октябрьге», «Біздің күш», «Ленин», «Ақсу», «Қазақстан», «Елден сәлем ерлерге», «Конституция», тағы басқа лирикалы өлеңдермен қатар «Мұратбаев», «Жаша мен Айман», «Күнсағила», «Евгений Онегин» (Пушкин ізімен) атты поэмалар жырлат таратқан.

Қуаттың жалшылықта жүргенде, сүйген қызын ала алмаған арманы туралы «Күнсағила» атты ең алғашқы поэмасы (1916 жылғы) жазба поэзия әсерімен жырланған. Айын поэмасында өзінің сүйген қызына қосылу әрекегі

үстінде байлардан көрген қорлығын, қызбен араларындағы кіршіксіз айнымас берік махаббатын, бірақ феодалдық ауылда ол мақсатқа жете алмаған қайғылы арманын сүреттейді:

«Дүние жарапып па бір кісіге,
Жоқ еді сүйенетін білгішім де,
Бәрі де ағайынам момын еді,
Жұанның шыдамады бел күшіне...
Күніреніп Құнсағила кетті жылап,
Көзтүрткі болып жүрдім ел ішінде».

(«Социалистік Қазақстан»,
12. VI. 1936 ж. № 134.)

дейді поэманың аяғында. Бұл ақынның революция алдындағы лирикалы поэмасының негізгі идеялық сарыны. Революциядан кейін Куат социалистік дәуірдің шындығын зор ақындық шабытпен дамып, қанаттанған жаңа ақындық өнермен кең қамтып жырлайды. Реалистік дәстүр, суретшілік шеберлік ақын жырларына тән ерекшеліктер болады.

Сейтіп, таланты қайта туып, творчестволық жолда өсken бұл ақындардың бәрі де совет дәуірінің маңызды коғамдық мәселелерін, тарихи шындығын кеңінен жырлауда, сюжетті поэмалар жазуда Абайдың ақындық өнерінен көп үйреніп, үлгі алып отырды дедік. Мұндағы үйреніп, үлгі алу жалаң еліктеу түрінде емес, өздерінің тың, жаңа мазмұнды шығармаларының бойына қонымды творчестволық іздеiу жолындағы үйр-ну. Сапарғали, Куат, Төлеу шағын өлең лирикаларында нақты бір көрініс, нақты бір маңызды уақыйға түйіні дәл суретtelіп, ол туралы ақын ойы тұжырымды беріледі. Мәселен, Сапарғалидың «Шығыс жолы», Төлеудің «Құлаш жайған кең дала», «Енбек ері», Куаттың «Ақсу» атты лирикалы толғаулары совет адамдарының ерлік ісімен өмір, табиғат көрінісі бірлестік жағдайда нақты сыйпатталып берілген. Адамның белсенді әрекеті, ой-сезімі, оған мекен болған табиғаттың көркі мен құбылысы бірдей суреттелген.

Табиғат лирикалары Иса, Нұрқан, Нұрлыбек тағы басқа жазып шығаратын ақындардың жырында елеулі орын алады. Бұл лирикалар жалаң сурет емес, осынау сұлу, көркем табиғат құшағындағы адамдардың қажырлы еңбегін, белсенді іс-әрекетін, толқынды ой сезімдерін ұштастырып суреттеген лирика.

Табиғат құбылысы, оған адамның белсенді қатнасы жазба поэзияда әрқашан терең дамытылып суреттеледі. Абай арқылы Пушкин, Лермонтовтердің табиғат лирикалары қазақ поэзия ына толық кірді. Бұл дәстүр қазақ совет поэзия ында кең дамыды. Табиғаттың көркі мен құбылысын суреттеуде романтикалы ажар, леп бере отыру жалғыз жазба ақындарда ғана емес, атаптаған халық ақындарының өлең, поэмаларында үнемі кездеседі. Эсіресе, Абай аударған «Теректің сыйы», Ақылбай жазатын «Дағыстан» поэмалары, Тайыр аударған Пушкиннің «Кавказ тұтқыны» тағы басқалар халық ақындарының бірқатарының (Иса, Сапарғали т. б.) өлең, поэмаларына зор әсер еткендігі байқалады.

Мысалы:

«Сайрады әрбір ағаш басқан сайын,
Тұр дегендей достарың мұнда дайын.
Бұлт ойнады, тұнерді күн төбеден
Орманнан орманға атып нажағайын».

(*Иса Байзақов. Таңдамалы шығармалары, 1948 ж. 219-бет.*)

«Арсыдан көмек алып Қалба батыр
Жамылды өнбойына бұлттан шатыр,
Қарлатып, борандатып, бұрқактатып,
Селдетіп қалың нөсер төгіп жатыр.
Жиі-жіңі жай түсіп жарқ-жарқ етіп...»
(*Сапарғали Әлімбетов. Шығармалары, қолжазба, ТӘИ архивы.*)

Бұл лирикаларда табиғат сырны, құбылысы жанды адам мінезіне ұқсатылып, жандандырылып романтикалы бейнеде жырланады, жазба лириканың көркемдік принципі сакталған. Жазба поэзияның идеялық-творчестволық әсері халық ақындарының лирикалық поэмалар жырлаудында ете айқын көрінеді.

Біз жаңа ақындық дәстүрге байланысты Орталық Қазақстан ақындарына тән негізгі бір ерекшелік — лирикалы поэмаларды көбірек жырлап дамытқандығы дедік. Сал, сері пішініндегі әнші ақындардың поэзиясындағы лирикалы өлендер, XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында, әсіресе совет дәүірінде лирикалы реалистік, лирикалы романтикалық поэма дәрежесіне жетіп кең дамыды, және бұл даму бұрынғы шығыстың қыссасы, немесе ертеңі аңызы негізінде емес, орыс әдебиетінің, Абайдың идеялық творчестволық әсерімен туып дамыды. Лирикалы по-

эмалардың тақырыбы, суреттейтін қоғамдық обьектісі алыс, бұлар замандардың анызы, ертегісі емес, көбінесе қазақтың ішкі әлеуметтік, талптық, рухани тіршілігі болып отырады. Атап айтқанда: қазақ әйелінің тенденциясы қазақ жастарының бас бостандығы жолындағы курсесі, жалшы құлдардың бай, феодалдарға қарсы дара, кекті күрестері (қашқындар өмірі), қалмақ, қазақ арасындары қанды жорыктар, 1916-жылғы көтеріліс, азамат соғысы майданындағы ерліктер. Орыс әдебиеті арқылы келген әңгімелер, шығармалар, сюжеті тағы басқалар да лирикалы романтикалы поэмалардың тақырыбы болады. Егер онтүстік, түстік, батыс ақындарында «Мың бір тұн», «Шаһнама» сюжеттері, бұрынғы ертегі, батырлар жыры, қыссалар көбірек жырланатын болса, Орталық Қазақстан, яғни Абай, Үбрай айналасының ақындары негізінде жоғарыда айтылғандай реалистік поэмаларды көбірек жырлайды.

Абай, Үбрайдың ақындық айналасында орыс әдебиетінің әсерімен жазылған, жырланған лирикалы поэмаларды екі дәуірге бөліп қарau керек болады. Бір жүйелі лирикалы романтикалы поэмалар революцияға дейін жазылып тарап алды. Олар: Абайдың балалары Ақылбайдың «Дағыстан», «Медғат Қасым», Мағауияның «Зұлыс» поэмалары; Мұхамбетжан Сералиннің «Гүлқашима» поэмасы т. б. Бұл поэмалар, профессор М. Әуезов айтқандай, лирикалы романтикалы сарында, Пушкиннің онтүстік поэмалары, Лермонтовтың Кавказ тақырыбындағы поэмалары үлгісінде жазылған; мұнда геройлардың басындағы қуаныш, сүйініш, үздік ерлік сыйпаттары жарқын суреттеледі. Екі жастың лапылдаған жалынды маҳаббаты, дара ерлердің үстем қауымға қарсы батыл, өжет күрестері, наымыс-кектері басты идеялық мотив болады.

Екінші жүйедегі лирикалы романтикалы поэмалар революциядан кейінгі дәуірде кең дамып, бұл жанрда жазба ақындардың «Сұлушаш», «Құланда» сияқты поэмаларымен қатар белгілі халық ақындары тамаша жаңа поэмалар жырлайды.

Олар: Исаның «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Қавказ» поэмалары, Нұрқан Ахметбековтың «Есім сері», «Қарға», «Аманкелді» поэмалары; Сапарғали Элімбетовтың «Татьяна» поэмасы, Телеудің «Өмірім» поэмасы, Куат Терібаевтің «Жанша мен Айша», «1916-жыл», «Сағила», «Евгений Онегин» (Пушкин ізімен) поэмалары тағы басқалар жазылады.

«Евгений Онегинді» халық ақындарының жырлауы

Орыстың ұлы ақыны Пушкин өз шығармаларының халықтар жүргегіне мәнгі орын алатын «Ескерткіш» өлеңінде былайша баяндады:

Дабысым Ресейге кетер жалпак
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян, фин жұртының паң үрлағы,
Талайғы тағы тұңғыс, қырда қалмақ».

(A. C. Пушкин. Таңдамалы шығармалар жынысағы, Алматы, ҚҚӘБ, II т. 317-бет.
1937 ж. Аударған F Орманов.)

Пушкиннің дабысы жетіп, сөзі кең жайылған халықтың бірі қазақ. Қазақ халқы Пушкинмен XIX ғасырдан бермен қарай таныс. Абай және басқа ақындар арқылы болсын, Қазақстанда ұзақ жылдар істеген орыс ғалымдары арқылы Пушкиннің өмірі мен шығармалары қазақ арасына жайыла бастайды. Пушкинді, оның даңқты «Евгений Онегинді» ауылдағы халық ақындары да аса қызығып тыңдал, сүйіп жырлаған. Пушкин өлеңдері, Пушкин атағы қалың бұқараның арасына халық ақындары арқылы да таралғандығын, қазақ халқы да Пушкинді өзінін тұма ақынындай сүйіп жырлағандығын «Евгений Онегинің» халықтық варианттары толық дәлелдейді.

Халық ақыны Терібаев Куаттың айтуынан жазып алынған «Онегин мен Татьянаның әңгімелері» жырында былай дейді.

«Орыста жазушы өткен Пушкин атты,
Өнерге ғылым-білім көмәләтті.
Жан сырын әр нәрсенің оймен білген,
Ақылға аплатондай парасатты.
Айырып кара қылды оймен білген,
Қарамас хан, караға әділетті...
Кітабын оқығандар гибрат алып
Бір сөзін тыңдаған жан мың күмартты».

(«Социалистік Қазақстан», 12. VI. 1936 ж.
A. C. Пушкин. Таңдамалы шығармалары,
II т. 241-бет.)

Ал, Сапарғали Элімбетовтың айтуынан жазып алынған «Татьяна» жырында Пушкинді:

«Әділ кепшіл, кесем, жайдары, ашық
Адамға алыс жақын марқабатты.

Қырмызы қызыл жібек, кен мінезді,
Жылы жұз, жұмсақ мінез балдан тәтті.
Сейлейін Пушкин ерден аз мәселе,
Пушкиндей жан тумайды сөзге дана».
(Сонда, 253—254-беттер.)

деп сыпаттайды

Бұл орыстың ұлы ақыны туралы қазақтың халық ақындары атынан айтылған терең идеялы, сүйіспеншілік жыр. Ұлы ақынның қайтыс болғанына 100 жылдығын өткізу қарсанына дейін Пушкинді орысша оқыған ақындар ғана аударып таратып келді десек, сол 1936 жылы табылған «Евгений Онегиннің» халықтық вариантының әдебиет, ғылым дүниесіне зор жаңалық енгізді. Біз Пушкиннің ауылдағы ақындар жырлап таратқан шығармаларына, олардың жазылу, табылу тарихына аздал тоқталайық.

1936 жылы апрель айында Алматы облысы (қазір Талдықорған облысы) Ақсу ауданындағы партия қызмет кері Байболов Есім маған «Евгений Онегин» жырының шағын бір вариантын жазып жіберіпті. Жолдама жазған хатында былай дейді: «Науқанмен колхозды аралап жүргенімде колхоз мүшесі Шариповтың колхозшыларға жатқа айтып отырған осы жырын естідім. Колхозшылармен бірге мен де қызығып тыңдадым. Содан кейін қонып жатқан түні Шариповтың айтуынан жазып алдым. Қөп жерін оның өзі де ұмытып қалыпты. Бұрын қолжазбасы бар екен, оны жоғалтқан. Толық нұсқасы ізденсе табылатын. Шариповтың айтуына қарағанда бұл жырды осы аудандагы белгілі ақын Куат Терібаев жақсы білсе керек. Оны әлі кездестірем жок, іздел анықтайдын. Ұлы ақынның 100 жылдығына дайындалу қарсанында бір кәдеге жаарар ма екен, деген оймен саған жіберіп отырмын» дейді. Мен толық вариантын ізdep дереу жіберуін сұрап, хат, телеграмма жаздым. Жырды орысшасымен салыстырып отырып, түсінік мақаламен «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде бастырып шығардым¹ Мақаланың ақырында құлактандыру ретінде Пушкиннің ел арасына таралған осындаш шығармалары болса (үлкен-кішісіне қарамай) жер-жерлерде жыйналатын болсын, әркімдердің қолында бар қолжазбалар редакцияға жіберіліп, алдымыздағы Пушкиннің 100 жылдығына арналып

¹ «Социалистік Қазақстан», № 112, 1936, кейін А. Пушкиннің таңдамалы жынығына кірді, 233—240-бет.

шығатын жыйнаққа кіретіндегі болып даярлану керек дедім.

Бұл жырдың басылып шығуы біздің мәдениет жүртшылығының нағарын қатты аударды. Эр жерден бір неше хаттар, қосымша мәліметтер ала бастадық. Жоғарыда аталған Куат пен Сапарғалидің айтқан «Евгений Онегин» вариантының жазылып келіп, ол екеуі де басылып шықты¹.

Ақсу ауданы «Шадай» колхозының мүшесі, белгілі ақын Куат Терібаев «Евгений Онегин» жырын белгілі әнші ақын Әсеттен 1911 жылы үйреніп жаттаған екен². Бұл жайын кейін өзінен ауызба-ауыз сұрағанымызда — біздің айтып жүргеніміз Әсеттен естіген бір жыр. Әсет орысша тілге жүйрік болмаса да, көnlі жүйрік, бір айтқанды терең ұғынатын ақын еді. Ол Абайды ғана емес, Пушкин, Лермонтовты да жақсы білген адам. Әсет «Евгений Онегин» жырын бізден көп, толық айтатын. Бірақ оның бәрін сақтай алмадық дейді. Сондай-ақ халық ақыны Есенсары Қунанбаев 1916 жылдары Әсетпен жолдас болып жүргенінде «Татьяна» атты жырды Әсеттен естіп жаттағанын айтты.

Б. Исақов жолдас Әсет туралы мақаласында³ «Евгений Онегиннің» халық-арасында тарапып жүрген вариантын Әсет ақын бұрынғы Лепсі уезінің начальнигінің тілмәші Әбішпен екеуі бірігіп аударыпты дейді. Сөйтіп «Евгений Онегин» жырының халықтық вариантын жырлап таратушы Әсет екендігі даусыз. Жырдың көбірек тараптаны Қазақстанның шығыс, түстік аймақтары (Семей, Таңдықорған облысы). Әсет өлең айттып, ән салып осы жерлерді көп аралаған. Әсет Найманбаев (1856—1923 ж.) өзінің өлердегі айтқан бір сөзінде:

«Абайдай артына сөз қалдырып,
Жаксы еді-ау эттеген-ай өлу деген.
Менен сорлы ақын көп кетті ме екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген».

(А. Жұбанов, Қазақ композиторлары,
1942 ж. 11-бет.)

деп енбегінің жарыққа шықпағанын зор арман етіп өткен. Әсеттің Пушкинді аударып жырлауына Абайдың да

¹ А. С. Пушкин. Таңдамалы шығармалары, II т. 241—261-бет.

² «Социалистік Қазақстан» газеті. 134, 12. VI. 1936 ж. А. Пушкин. Таңдамалы шығармалары. II т. 241-бет.

³ «Социалистік Қазақстан» 145, 26. VI. 1936 ж.

идеялық, творчестволық әсері жоқ, емес. «Евгений Онегиннің» бұл варианттарының бірін Эріп ақын аударды деген мәлімет те бар¹ Алайда, Әсеттің, Әріптің «Евгений Онегин» романын қаншалық көлемде аударғандығы әлі бізге толық мәлім емес. Ал бүгінгі бізге жетіп отырған нұсқалары белгілі халық ақындарының өзінің өндөуінен, редакциясынан өткендер. Жырлардың шығу, жазылу, жырлану тарихы жайындағы әзіргі бар-деректер осындай.

Енді жырдың өзіне келейік. Жырдың үш варианттының үшінде «Евгений Онегиннің» сюжетін алып, қазақша жырлаған Онегин мен Татьяна туралы тың лирикалы поэма.

Шарипов варианттының сюжеті: 1823 жылы Россияда жазылған Пушкин романын аударды. Өнерлі асқан кеменгер Онегиннің басынан андаусыз бір іс өтіпті. Москва жанындағы деревняда Татьяна атты тамаша бір сұлу қызы Онегинге ғашық болып хат жазады: ғашықтықтан күйіп жанып, әйел болсам да сырымды аштым, елімде ардакты помещиктің қызы едім:

«Тұрмыста қыйыншылық көрмесем де,
Қыз едім тенім үшін қайғы жеген».

Сөзіме түсін, сіз көп көздің оғы тиіп жарапланған жолбарыссын. Сүймесең табаныңа таптарсың, хатымды әшке-релемей жасырын сақтаңыз дейді. Онегин жауп хатында: мен 46 да, сен 18 десін, арамыз алшак. Мен 40 жыл жалғызыбын, дүниеден қайтқан жанмын, сені аяғандықтан тілегінді қабыл ала алмаймын. Мені азат ет. Тенінді не байдың, не кедейдің мырзасынан таңдал табарсың дейді. Татьяна (қазақша кейде еркелі Тәтіш) хасірет шегіп Онегиннен үміт үзеді. «Әйелсіз жалғыз жүрген сері болып, обалын мойнына артып» Онегин кете барады.

Арада екі жыл өтеді. Нұр Тәтіш Москвада сұлұлығымен жүртты қайран қалдырып түрғанында бір министр баласы генерал бүған ғашық болып, қыз амалсыз соған қосылып, үлкен той жасалады. Осы тойға Онегин келіп, енді көргенінде Татьянаға ғашық болып, хат жазады: Хатта: өз тәніме өзім балта үрыппын, алтынды танымай, қымбатынды арзан көріппін. Қінәмді мойныма артып, алдыңа бас ием, еркіне берілдім. Сен жалғанда сүйген жарымсың

¹ Ж. Жұмақанов. «Евгений Онегинді аударған Эріп», «Қазак әдебиеті» № 34, 1936 ж.

дейді. Татьяна жауабында: басында саған піскен егін едім. Мені бала деп масқаралап, басқа тептің. Сен серісің. Менің сотым жат адамға кесілген. Басқа жарды ізде, кінәні маған қойма: «сүйген қалқа кош бол.» дейді; жыр аяқталмаған.

Куат варианттының сюжеті: орыстың ақылды, білімді, турашыл жазушысы Пушкин Онегин мен Татьянаны жер жүзіне таратты. Пушкин жазған уақыйғаны сөйлейін. Онегин ер жетті, артық тәрбиелі болды. Нәпсіге еріп әйелге қызықпады. Дүниені баянсыз, тұрақсыз санады, көnlі ешнәрсеге толмады.

«Бәндениң тілін алмай өзі тауып,
Жалғаннан үміт үзді, көnlі сүүп».

Онегин заманында Москвада асқан сұлу, білімді бір қыз Татьяна болды.

«Дүниеден бұл қыздың да көnlі ала
Келгенде қырық алтыға Онегин ер,
Сол қызды кез келтірген хактағала».

Татьяна Онегинді суретінен жеріп сырттай ғашық болып, шыдай алмайды.

«Сүйсе жөн, сөкse қыйын қандай таңба,
Жетіпті неге көзім бүгін таңда.
Кім білер ерек болар көnlі салқын
Жүргеі жібімейтін жуық манда».

деп ауыр оймен толғанып Онегинге хат жазады. Хат мазмұны Шарипов вариантымен бірдей. Хатты почтабайдан жібереді. Онегин хат жайын өзінше ұғынып «ұрғашы көрсек қызар ғой» деп, Татьянаның терең сырына түсінбейді. Жауп хаты Шарипов вариантымен бір болғанымен көлемдірек. Өз басының жалғыздығын айтады. «Сакарада күн шалған қатқан таспын», «Райханның гүліндегі нұрлы Тәтіш, сені аямасқа шарам жок,

«Жақса да жүргіме жазылған хат,
Сөзі ірі, мағналы, маңызы жат,
Сактайын бұл сөзінді өлгенімші
Етсеніз бұл жұмыстан мені азат».

деп сыпайы жауп қайырады. Татьяна қайғы шегіп қала береді. Арада екі жыл өткесін, сұлу Татьяна министр баласы генералға ерге шығып зор той (вечер) жасалады. Онегин келіп, қызды көріп ғашық болады. Қыз басында-

ғы бұрынғы хал енді өз басына келеді. «Екеуін тағдыр кезек жыластырады». Ол пәтеріне (квартирине) қайтып, Татьянаға хат жазады. Хат мазмұны Шарипов вариантындаидай, айыбын мойнына алып ішкі сырын білдіреді.

«Сүйсек де, сөксек де өз бүйрұғын,
Жібердім сізге оралтып сөз күйрұғын.
Өзіме өз обалым жетіп отыр
Әудеде мендей жан жок, күні бүгін».

деп жалынды махаббатын білдіреді. Хатты почтамен алған Татьяна ауыр ойланады, қызы қуанған жок, жана тиғен еріне адал болуды, осы 18 жасқа шейін соңынан жаманат ермеген Татьяна Онегинге жауап хатын жазады. Хатта: өз қақпаңды өзің қатты серпіп жаптың.

«Дүниеде кайта маған қайрылма» деп,
Тастап ең сөз қанжарын неше көртіп,
Жарадан жазыла ма мендей мертік,

Қайта тіріліп келген екенсің, саған бұрынғының бәрін кештім. Енді өз басымда бұл күнде берік байлаулы сорымын.

«Тыпырлап отта жатқан ак сұнкармын,
Бұл хаттың жазар сөзі ерте еді-ау».

Тек өзің ертең түске қонаққа кел деп бітіреді хатты. Татьяна жана күйеуімен бірге Онегинді қабылдайды. Жас күйеуіне барлық басынан кешкен сырды айтады, жазылған хаттың қалдығын береді. «Қапалы көнлімді көтермекке, быйыл еріксіз сізді сүйіп едім», енді бірінді бірінен артық қаламаймын, билігін өздерің айт деп сезін бітіреді.

Сапарғали вариантының сюжеті де, көп жерінде өлең жолдары да Куат вариантын қайталайды. Негізгі айырма — Онегин орнында Пушкин герой болып отырады. Онан соң Татьянаның алдында жана күйеу мен Пушкин хаттарды оқып, өткен сырды толық үғынғаннан кейін, екеуі де ешқандай бітімге келе алмай, бар жайды айтып патшаға қағаз жазады. Патшадан мәселені дуэльмен шешуге бүйрұқ келеді. Дуэльде Пушкинмен жана күйеу бір-біріне қарсы оқ атып, екеуі бірдей өледі. Ақырнда Татьяна да өзін-өзі атып өлтіреді. Ақын:

«Осы қыз қайсының лайыкты
Оқыған айырарсың қайықтты»

деп бітіреді жырды.

Халық ақыны Есенсары Құнанбаев (Семей облысы, Аягөз ауданы) осы Сапарғали варианттын толық мақұлдайды да, ең ақырына «Әсеттің айтуынан қалып қойған» мынадай қосымша береді.

«Қыз да өлді алтыатармен өзін атып,
Шолпандаі бүлтка кірген туа батып,
Жалғаннан бұл екеуі кеткеннен соң
Енді жар боламын деп кімді ұнатып
Жоқ болды бір сағатта үшеуі де
Бірінен ләzzат алмай бірі татып».

(1950 жылы 30 январь күні өз айтуына.
жазып алынды.)

Сөйтіп бұл варианттың үшеуі де Пушкиннің атакты «Евгений Онегин» романынан еркін аударма, сюжетін алып отырып, тыннан жырлаған Татьяна қыздың махаббаты туралы лирикалы поэма. Поэмә Пушкиннен еркін аударылып жазылғандығы жырдың өзінде ескертіледі:

«Қазактың Абайындай болмасам да
Бұл жерде өз тілімше айтып берем...
Онегин романын аударуда
Керек кой аударуға көп уақыт
Сондықтан мағнасын тартып алып
Жазайық мағнасын көп қысқартып».

Поэмалардың негізгі сюжеті Пушкин романынан алыс кетпесе де, ауызша бірнеше вариантта айтылу себепті, әр жыршының өзінше аздаған қосымшалары да жоқ емес. Қуат варианттында Татьяна барлық сырыйн ерінің алдында айтып, оған өзінің сүймей тигендігін, бірақ сыйлайтындығын ескертіп, енді менің басым қайсыңа тиісті екендігін екеуің шеш деген түйін тастайды.

Мұнда:

«Но я другому отдана»,
Я буду век ему верна».

деген Татьянаның берік байлауы жоқ, қыз әуелгі сүйген Онегинге ері ұлықсат етсе оралып қайтқысы келгендей. Ал Сапарғали варианттында Онегин орнына Пушкиннің өзін герой етіп жырлануы фольклор дәстүрінде болатын

ауысу, бірақ мұндағы үлкен жаналық. Пушкин мен генерал күйеуді дуэль үстінде өлтіруі, Татьянаның да өлі. Бұлай бітіру романның идеялық мотивіне жат та емес, Пушкиннің өміріне де, Онегин образының бойына да сыйымды, Татьяна образының аянышты хал, сыйпатын күштейте түседі.

Абайдың әкындық айналасы арқылы тараған «Евгений Онегин» романының бұл халықтық варианты сөз жок идеялық, көркемдік жағынан елеулі шығарма. Бұл поэмада Пушкиннің Евгений Онегин, Татьяна образдарына берген негізгі идеялық мотив, мінездемелері, ықшам көлемде болсын, барынша сақталып отырган.

«Евгений Онегин» Пушкин творчествосының биік шыңы. Белинский бұл шығармада Пушкиннің «бар өмірі, бар жаны, бар махаббаты, бар сезімі, ұфымы, арманы айтылған... «Онегиннен» біз алдымен орыс қоғамы дамуының қызықты бір дәуірінің көркем бейнесін көреміз» деген еді. (Шығармалары. II том).

Қазақ ақындары «Евгений Онегин» поэмасында Онегин мен Татьянаны Пушкиннің идеялық, творчестволық мотиви түрғысынан алып жырлайды. Алдымен Онегин өмірде алшақ басып жүрген, ешбір қызық, салтанатқа көnlі көншімейтін, тәкаппар мінезді сері жігіт.

«Ер жетіп, ес білгесін Онегин ер
Адамнан артық алған тәрбиесін.
Әйелден қызыл алма қызық көріп,
Тартпаған гул, шарбаттың миуасын.
Пәнніден қалмас дейді адам өлмей,
Нәпсіге көnlі тербел ерік бермей,
Бүтінгі ертеңге жоқ опасыз деп.
Жалғаниның жазығы көп қызық көрмей,
Әйелсіз жалғыз жүрген сері болып,
Обалын кала берді мойнына артып».

Ақындар казактың сері деген ұфымын Онегин образының бойына өте орынды колданады. Қазақта сері, сал, ақындық, әншілік, сауыққой өнерпаздық сыйпattар бойына тән адамдар. Сал, серілердің кейбірі әуелінде жоғарғы үстем қауым ортасынан шықса да сол өзі шыққан феодалдық ортасының әдет-ғұрпын, салтын қабылдамайды, бұзады, халық ортасында өнер жолын куады, еркін ой сезімге беріледі, феодалдық үстем қауым масқаралап құғын көрсеткен серілер өмірден көnlі сұнынп дараышылдыққа да салынады. Акан серінің тарихи өмірі міне осындай. Өзі өскен ортадан жиреніп, өмірден шарқурып, қызық, шын-

дық іздеген, сол іздеген мақсатына жете алмай, шерменде болып өткен Онегинді серіге үқсатып жырлауы дұрыс идеялық мотив. Онегиннің ішкі сырлары, әсіресе оның Татьянаға жазған хаттарында айқын көрінеді:

«Ракат жок, тыыштық жаралғалы
Тәніме ғылым сұы тарағалы...
Жүргім қызықпайды үрғашыға,
Сөзіннің ерсем дағы турасына
Қара жер, ата-анам ең жақынным,
Мені аяп азаттық бер бір басым».»

деп өзінің жалғыздығын, сөзін ұғынса да, Татьянаны сүйе алмайтынын айтып өз басына да, қызға да азаттық тілейді. Онегин көрсекзыар ауылдың бозбаласы емес, рухани сезімі, адамгершілігі жоғары, ол кінәсіз жас қызды аяды, бүгін сүйіп ертең тастап кетер болсам мәнгі обалына қалармын деп біледі. Сондықтан, Онегин осындай ағалық, шын достық жүргегімен.


«Гүліндей райханның нұрлы Тәтіш,
Сені де мен қалайша аямаспын».

дейді. Жүргіме жаққан «мағналы», «ірі» сөзінді өлгенімше сақтайын деп қызды айрықша құрметтейтінін, бірақ махаббатын қабыл алмағанына кішілік сезіммен кешірім сұрағандай. Ал Онегин екінші хатында бұрынғы өкінішін мойнына алып, енді Татьянаға қайта оянып тұтанған жалынды махаббатын білдіреді, «өлгенімше қыйын дерт», «дүниеде көnlіме алған жарымсың», «бір басымды сенін қайғына беріп, өмірі мекнэтпен өтермін», «жалған жастық» қызығы маған керегі жок,— деп біледі.

Махаббаты бір сөніп, қайта тұтанған сезімтал, сері Онегин арманына жете алмайды, бұл Пушкин жырындағыдай геройдың рухани өлуіндегі идеялық мотивті казақ ақындары дұрыс ұғынып, Пушкиннің өз өміріне де жақындастып, Онегинді өлтіртеді. Онегинді өлтіру жыры Абайда да бар. Сөйтіп Онегин образы өліммен аяқтайды. Сүйімді, аянышты, арманды оның өміріне жас қауым жаны ашып өкініш айтқандай, бақыт таба алмай арманда кетті деп оны қынжылып, аяғандай.

Поэмада жағымды бейнеде жырланатын Татьяна. Ақындар Татьянаның туған, өскен жерін, қофамдық ортастын Пушкин романы сарынымен дұрыс суреттейді. Поэ-

Шашыбай.



маның үш вәриантында да Татьяна ақылды, сұлу, ойлы. сезімді бейнеде сыйпатталады.

«Мәскеудің жанындағы деревняда
Сымбатты бір сұлу қыз болты және
Сұлулық, оку, білім бірдей болған
Ол қыздың аты болар Татьяна...
Күлмеген еш адамға шерін ашып,
Көрмеген ер жынысын бір сырласып,
Білмеген Татьянаның енері жок
Қанжардай жауабы еткір сөзге машық
Оқыған терең сырлы романнан
Қайғыға түседі екен жүрек тасып,
Осылай түрлі оймен жүрген кезде
Танысып Онегинге болады ашық».

Ақын суреттеулерінде Татьяна көрсекзызар, жеңіл мінезді қыз емес; ойлы, сабырлы, сонымен бірге қызу маҳабbat жанды қыз; оның ғашық болып Онегинге хат жазуы поэмада ерсі, мін болып жырланбайды, қайта жас қыздың бойына лайықты қылыш міnez.

Татьянаның ғашықтық сезімінің бір жанып, бір сөнуі, осыған байланысты оның терең сырлары да шебер жырладады.

«Сүймесе, сөксө қыйын қандай таңба,
Жетіп түр неге көзі бүгін таңда.
Кім білед; ерек болар көnlі салқын
Жүргегі жібімейтін жуыр манда.

деп Татьянаның алғашқы хат жазар алдындағы ой толқынын берсе, ал хатында:

«Шыдамай жүректегі жалынды отқа
Жібердім амалсыздан мен, кайтейін,
Сүймесец өлгенімше зар тартайын».

деп қыздың шын кіршіксіз таза маҳабbat сырын шертеді. Осындай аяулы, сұлу, ақылды Татьяна өмірден бақыт таба алмайды, бұл да Онегин сыйқты өз жолында қасірет шегеді.

Кайғымен Татьянаның іші күйген,
Сарғайып күні-түні шыкпайды үйден,
Өзінің қасіретін өзі біліп
Бақ кайтып, бады катып ғашық күйден.
Жалғанда жаны шыкпай жазыла ма,
Өлеңін өкпесіне жара тиғен».

Татьяна генералға қосылғаннан кейін де ешқандай бақыт таппайды, өзінің ерге шығу құрметіне арналған салтанатты тойда да қыздың сырты бүтін жайдары да, іші түтін қайғының өрті болып отырады. Поэмада бұл кезең де жарқын көркем сыйпатталады:

«Отырды Татьянаны қайғы жеңіп,
Назданып мың қыялмен ақыл бөліп,
Өзгерген қыза болса қыянаты,
Солардан шын жаралған асыл едік.
Жастық сөз, жайдары ашық қандай дана,
Мактаусыз кірсіз туған Татьяна
Қасынан көрген адам кете алмайды,
Шығады бір сөзінен он магна».

Татьяна өмірде сүйген жарын таба алмай қаншама опық жесе де, тіршіліктен түнілу жолына түспейді, кінәсін мойына алып, алдына бас иіп келген Онегинге енді ол елігіп, қулай кетпей, зор адамгершілік құрметпен:

«Амал не сүйсем дағы қазір сені,
Болмайды, басқалардан кеш сермедін».

деп жауап береді. Сонымен бірге өз басының да берік байлаулы бақытсыз екенін айтЫП, Онегиннен жалыныл қешірім сұрағандай.

«Дүниеде кайта маган қайрылма деп,
Тастан ең сөз қанжарын неше кертіп,
Оқ тиғен кос өкпеден тірілмestей,
Жарадан жазыла ма мендей мертік,
Бұл кунде мен де өзіндей шын сорлы зар,
Басымда, өз басымның сол формы бар.
Тыптырап отта жаткан, ақ сұнкармын
Көзімнен акқан жасым дария сел,
Бақытсыз, тіршілікіз мен нәзік бел».

Міне, бұл суреттеулерде ақын Татьяна басының барлық аянышты, трагедиялы сырларын береді. Сырттай өмірге, өз жағдайына бас итеп асқан ақылды, сұлу қыздың жан дүниесінде заманынан бақыт таба алмаған зор арман, өкініштің түпсіз терең сырлары жатыр. Татьянаның жарасымды, сүйкімді әрбір мінез-қылышына әрі сүйсінесің, оның бақытсыздық халын көріп аяйың, қайғысына ортак боласың.

Сондықтан, казақ ақындары Татьянаны «Тәтіш», «Нұр Тәтіш», «Жан Тәтіш» деп қазақ ұғымына жақындастып

сүйіп жырлайды, қазак ақындары Татьянаны сүймеген ерінің құшағына қалдыруға қыймай, оның басындағы қайғылы арманын ауырлату үшін, ерін де, Онегинді де өлтіреді. Ал, Сапарғали вариантында қазак ақындары ұлы Пушкиннің негізгі творчестволық идеясын толық сактай отырып, қазак халқына Онегин мен Татьянаның сүйкімді өмірін, кіршіксіз таза махаббатын, айнымас достығын, басынан еткен өкінішті армандарын, қайғылы сырларын, зор адамгершілік, білімділік мінез-құлқытарын үлгі етіп ұсынады.

Шығыс әдебиетіндегі махаббатты тағдырдың қосуына немесе тән ләззәтіне байланыстырып жырлау мотивімен салыстырғанда, болмаса екі ғашықтың қосылуын құда түсіп қалың мал берумен, яки әменгерлікпен байланыстыратын қазақтың өз ішіндегі кейбір жырлармен салыстырғанда бұл поэма бутіндей өршіл идеялы шығарма, қазақтың рухани өміріне келіп кірген зор жаңалық еді. Онегин мен Татьяна образы қазақтың жігіті мен қызына жаңа ой-сезім беретіні, үлгі болатыны даусыз еді. Онан соң қазақтың ғашықтық жырларында шығыстық махаббат мотивтері ғана болып қоймай, енді Абай дәүірінен бермен қарай орыстың классик әдебиетіндегі ең өршіл, ең данышпандық идеялы шығармалары да қазақ әдебиетінен кең орын ала бастағандығының айқын бір фактісі осы лирикалы поэма.

Әуелінде Эсет аударып, тың поэма етіп шығарды десек, оны бұл күнге дейін таратып айтушылар тағы да сол Абайдың ақындық дәстүрін көп қабылдаған Сапарғали, Куат сияқты күшті ақындарымыз болып отыр. Абай төңірегіндегі басқа ақындардың (Мағауия, Ақылбай) поэмалары да орыстың классик ақындарының үлгісімен, мәденитімен жазылғандығы белгілі. Кейін Абай шығармаларын терең түсінген, Пушкин мен Лермонтовты үғынуға жеткен Исаңың лирикалы поэмалары да Пушкин дәстүрі арқылы қазақ поэзиясына кірген зор жаңалық болды. Бұл жаңа поэмалар, бұрынғы ертегі, немесе шығыс әңгімелерінің салтынша ылғи қыздырма сюжетке құрылмайды, алдымен поэмандың образдары әрекеті, ішкі жан сырлары, адамгершілік мінез-құлқы жағынан кең суреттеледі; дерексіз, жалаң фантазия аз болады да, реализм мен лирикалы романтика үштасып отырады; өлеңдері, әрбір жол, сөз бұрынғы фольклордағыдан мағнасыз болмайды, өз

орнында өткір, айқын идеяны жана, шебер көркемдікпен береді.

Міне осы түрғыдан халық ақындары жырлаған «Евгений Онегин» поэмасы қазақ поэзиясындағы лирикалы поэмалардың туып, дамуына зор үлгі болған жана әдебиеттік құбылыс деп қарауымыз керек. Әсіресе Пушкин сарынымен жырланған бұл поэмада қазақ халқының орыс халқымен достығы, орыстың Пушкин сыйкты кеменгер ақыннына, оның романындағы геройи Онегинге сүйіспеншілігі айқын көрінеді. Ескі діни қыссаларда, феодал табы жыршыларының өлеңдерінде орысты «кәпір» деп құбыжық көрсетіп айтатын болса, Абай бастаған жаңашыл ақындар тудырған бұл поэмада орыс әдебиетіндегі ең сүйкімді бейне саналған Онегин мен Татьянаны ардақтап жырлап отыр.

«Онегин казақ емес, нәсілі орыс,
Іәм және орыс деуге емес дұрыс.
Өнерін білімімен байқағанда
Мизам мен шаригаттан кептес бұрыс».

Олар «жиһан асқан кеменгер», «акылды дана», «білімді сабаз» деп, сол ауылдағы қазақ жастарына өнерлі, білімді орысты мактап айту ешқандай ерсі емес екендігін терең түсіндіріп, орыстың ұлы, үлгілі адамын ардақтап жырлау ақынның өзіне қызықты, ардақты міндет саналады. Мұның өзі ақын поэмасындағы ұлы достықты жырлаған ете айқын ершіл идеяны терендейте түседі.

Поэмалың көркемдік мәні, ерекшелігі жөнінде де аздал айта кетейік. Бұл үш вариант поэмалы халық ақындары жырлады, бірақ олар бастан аяқ фольклорлық шығарма емес.

Рас, қолжазба күйінде сақталмай фольклор шығармасы түрінде таралғандықтан және мұны аударып жазушылар, айтып таратушылар негізінде фольклор ақындары болғандықтан сөз жоқ мұнда бұрынғы халық поэмаларының әсері де жоқ емес. Бұл әсер әсіресе өзі ақын емес, жай колхозшы Шарипов жырлаған вариантта айқынырақ сезіледі. Мәселен поэмалы:

«Сәйлей бер қызыл тілім ғапияда
Тұрганда тән сәлемет жан үяды».

деп бастауының өзі ескі дастандардың жыр үлгісіне үксайды.

Немесе

«Айрылдым арнап жазған бой тұмардан»,—
Саудама тегін келген алтын едің».

дегені фольклор мәніндегі үқсатулар. Бірақ поэмаларды тұтас алғанда жазба поэзияның стилі басым және ол стиъль заңды, тұрақты қалыптасқан. Оны жоғарыда Онергін мен Татьяна образына сыйпаттама беруінен байқадық. Поэмада әрбір нақты суреттеулер, көркем сөз образдары жазба ақынның шеберлігімен берілген. Дерексіз теңеу, метафоралар жок, қандай сөз өнері болсын ішкі сезімді, не сыртқы сыйпатты көркем деп бейнелейді.

«Қанжардай жауабы өткір сөзге машық»,
«Қайғыға түседі екен жүрек тасып...»
«Кім білед еркек болар көnlі салқын»,
«Шыдамай жүректегі жалынды отқа»,
«Көздің оғы тиіп жараланған жолбарыс»,
«Жарқырап нұрсыз көз шам жаңынты»,
«Тыпырлап отта жаткан ақ сұнкармын»,
«Ақ жүрек айнадай сап бір қыз дана».

деген сөз өнерлери (тенеу, метафоралар) нағыз жазба поэзияға тән ерекшелькі көрсетеді. Қөнілдің, мінездің әр алуан құбылыстары — ақындық сөз өнерінің негізгі объектісі болып отырады.

Поэма Абайдың ақындық әсерімен жазылғандықтан өлеңдердің кейбір шумактары бұрынғы қара өлеңдердің ырғак сөз қатесімен салыстырғанда, жаңаша құрылғандығы да байқалады.

«Құмарлы жолдастықты тілек етіп,
Жауабын сізден Тәтіш күтіп қалған».—

деген өлең сөйлемі бұрынғы қазактың қара өлеңі емес, Пушкин, Абайдың әсерімен туған, мағналы ойды терен беруге бағытталған өлең сөйлемі. Поэмада пікірді өткірлеу үшін ақындар бірталай орыс сөздерін орынды қолданады. «Роман», «Москва жаңындағы деревня», «Министр», «Үлкен бір пир», «Жатқанда той басталып сол вечерге», «Тындаушы — мыслящий табылғанда», «Сұлудан Татьяна келді доклад», «Бұрынғы жазған хаттың чернавайын», «Дуэльмен карсы жасап мылтық атты». Мұндағы орыс сөздерінің кейбірін аударып беруге де бо-

лады, бірақ ақын образдың сырын ашуға, шындықты айқын елестетуге орыс сөздерін саналы түрде қолданып отыр.

Қазактың бұрын өз ішінде жайылған «Сейфулмәлік», «Бозжігіт», «Орака құлше» сыйкты лирикалы поэмаларда дінмен байланысты арап, парсы сөздері тілді шұбарлап тұратын. Ал мынау «Евгений Онегин» поэмасында арап, парсы сөздері сирек, негізінде қазактың жатық әдеби тілімен жазылған.

Пушкиннің данышпандық шығармасы «Евгений Онегиннің» қазақша жырланған поэмасы қазақ поэзиясының тарихында елеулі орын алады; орыстың ұлгілі әдебиетінің қазақ әдебиетіне өткен өршіл, мәдениетті әсерінің айқын бір көрінісі саналған бұл шығарма өзінің терең идеясымен де, шебер көркемдігімен де қазақ поэзиясындағы лирикалы поэма; бұл поэма ұлы Пушкиннің тамаша романының негізгі творчестволық принципін, орыс халқымен достық идеясын, орыс жастарының ұлгілі образын жырлаған тәрбиелік көркемдік мәні де зор шығарма.

Ерлік пен құрестің тасынды лебі

Данқты халық ақыны, шешен, тапқыр импровизатор Иса Байзақовтың шығармалары қазактың әдебиет окушы жүртшылығына көптен белгілі. Оның олең шығармалары бүкіл халық арасына кең тарапып, жатқа айтылып — ел жүргегіне сіңіп кетті. Иса қазақ совет поэзиясында сюжетті шығармалардың қалыптасып дамуына елеулі үлес косқан ақын. Исаның «Құралай сұлу», «Ақбөпе», «Алтай аясында», «Он бір күн, он бір түн», «Ұлы Октябрь», «Алатай неге шаттанды», «Желдірме» сыйкты талантты шығармалары өзінің идеялық көркемдік маңызымен қазақ совет поэзиясының қымбат казнасына айналды.

Исаның творчестволық тәжрибесі арқылы халық ақындарының ауыз әдебиеті дәстүрінен жазба әдебиет дәстүріне бірте-бірте ауысу процесін айқын көреміз. Ауыз әдебиет дәстүрі ұлы Отан соғысына дейінгі жазба поэзияда да елеулі орын алғандығы белгілі. Бірақ ауыз әдебиетінен үлгі алудың бәрі бірдей теріс жаңа әдебиетімізге кедергі болатын құбылыс емес еді.

«Сұлушаш» (С. Мұқанов), «Қозы-Көрпеш, Баян-сұлу» (F. Мұсрепов) сыйкты қазақ совет әдебиетіндегі күрделі

шығармалар ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған, Исаңын тарихи тақырыпқа, халықтық сюжетке жазылған поэмаларын бірыңғай фольклор шығармалары деп қарамай жаңа идеялық, көркемдік принциппен, жазба поэзияның әсерімен жырланған шығармалар деп қарауымыз керек болады. Исаңың ақындық, творчестволық өрісі жан-жақты кең. Оның импровизаторлық өнері, әншілік композиторлығы, артистігі, ақындық стилі бәрі өз алдымен жеке-жеке зерттеуді керек ететін мәселелер.

Біз бұл жерде Иса поэзиясындағы эпикалық мотивтерге,— совет адамдарының даңқты ерлігі мен жігерлі құрестерін жырлаған мотивтеріне және оның поэмаларының идеялық көркемдік ерекшеліктеріне тоқталмақпзыз.

Иса өзінің шығармаларында совет дәуірінің шындығын, советтік патриотизм идеясын, қазақ халқының ерлік, бостандық сүйгіштік дәстүрлерін кең жырлады. Ең алғашқы «Ленин» атты өлеңнен бастап, «Он бір күн, он бір түн» поэмаларында дейін ақын еліміздегі Октябрь революциясының жеңісін, социалистік құрылыш жолындағы совет халқының ерлік қурестерін, құрылыш, еңбек майданының қарқынды тасқын қүйлерін түйіндеп суреттеді.

Иса шығармаларының тақырыбы әралуан. Алдымен ол Октябрь революциясының жеңісі, қазақ еңбекшілерінің бостандығы тақырыбын көбірек жырлады. Өйткені ақынның сезімін, жанын толқытқан, тұншығып жоғалуға айналған ақындық таланттың оятып қанат бітірген, мыңдаған қазақ жалшыларымен бірге қофамның саналы адамның қатарына қосылуға жағдай жасаған Октябрь жеңісі, советтік құрылыш ақынға ең жақын, бар өмірі мен тіршілігі біte қайнасқан ең қызықты, бақытты дүние еді. Сондықтан ақынның қалам ұстап жырлаған толғау лирикаларының қай-қайсысында болсын Октябрь революциясының жеңіс даңқы, совет халқының бақыты мен нұр сәулелі келешегі зор мақтанмен жырланып отырады. Ақын «Ұлы Октябрь», «Ленин», «Милиондаған жалшымыз», «Ұлы құрылыш» атты толғау, жыр, поэмаларында еліміздегі Октябрьдің, социалистік құрылыштың жеңістерін халықтар тарихындағы бақыт, бостандық үшін болып өткен ғасырлық арман, қурестердің дамуы, кемеліне келіп жетілуі тұрғысынан алып жырлайды.

Октябрь тақырыбына жазылған ақынның өлең, толғауларында совет елінің Октябрьден бергі жердегі жеңістерін, даму кезеңдерін сала-салаларымен жүйелеп жыр-

лап, социалистік қоғамымыздың дамуы мен жетілу жағдайын терең түсінеді де, осы ұлы жеңістердің үйімдастыруышы ұлы коммунист партиясы, Ленин көсеміміз екендігіне қортынды жасайды. Пікірлерін мұндай тыянақтай айтуға келгенде ақын үлкен шабытқа, творчестволық қанатты ойға беріледі, халықтардың басынан еткен өмір кезендерін, ұлы жеңістерді ғана айтумен тынбай, алдағы зор нысаналарға көз жібереді. Ол нысаналы ойлары Совет елінің коммунизм құру жолындағы мақсаттарымен қабысып жатады.

Алғашқы дәуірдегі ақынның елеулі шығармасының бірі Ұлы Социалистік Октябрь революциясының 10 жылдық мерекесіне арналып жазылған «Ұлы Октябрь» атты белгілі толғауы. Октябрь революциясының жеңісі, ол тарихи жеңісті үйімдастырудың коммунист партиясының, кеменгер көсем Лениннің басшылық ролі сол дәуірдегі совет поэзиясының негізгі тақырыбының бірі болды. Орыс совет поэзиясында В. Маяковскийдің «Жақсы» Н. Асеевтің «Жыйырма алты», «Оныншы Октябрь», Д. Бедныйдың «Зейнеттің анты», М. Светловтың «Гренада» т. б. күрделі поэзиялық шығармалар жазылатын болса, қазақ совет поэзиясында С. Мұқановтың «Октябрьдің өткелдері», «Батрак», Жамбылдың «Замана ағымы», Асқар Тоқмағамбетовтың «Октябрь», С. Дөнентаевтың «Он жылдың желісі» т. б. поэма, толғаулар жарыққа шығады. Бұл шығармалардың, соның ішінде Иса толғауының да негізгі идеялық мазмұны — бұрын езілуде, жаншилуда болған еңбекші халық Октябрь революциясының жеңісі арқасында дүние жүзілік ұлы табыстарға, бостандық, бақытқа ие болғандығын бейнелеу болып табылады. Эрине біз, қазақ ақындарының поэзиялық шығармаларын В. Маяковскийдің терен патриоттық, философиялық идеялық поэмасымен қатар тепе-тең қоюдан аулақпыз, мұнда тарихи дәуір, біртұтас партиялық, советтік бағыт тудырған темалық, идеялық үндестікті айтып отырмыз.

Исаның коммунист партиясының басшылық ролі, ұлы көсеміміз Ленин туралы өлең-жырларының идеялық көркемдік түйіні де елімізде социалистік революцияның жеңісі, коммунизмді орнату жолындағы ұлы күрестерге байланысты айтылады. Ақын өзінің өлеңдерінде коммунистік партияға, данышпан көсем Ленинге деген бүкіл халықтың сүйіспеншілік сезімін коммунист партиясының басшылығы арқасында іске асып жатқан, келешекте іске асатын

зор мақсаттардан айқын көрінісімен, шын мақтанымен үштастырып жырлайды.

«Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ,
Ленин бүтін коммунистер жүргі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ.
Жер жүзіне коммунизм орныгар,
Жаңа дүние жасарлық орын бар.
Жасар мәңгі коммунизм халқымен,
Құллі жүртқа мәңгі бақыт табылар!»

(Иса. Шығармалары. 41—42-беттер.)

деп, Ленин жолы, Ленин идеясы коммунизммен бірге мәнгі жасай беретіндігін терең ұғынады.

Иса шығармаларында тереңдей жырланған ендігі бір тақырып еңбек, құрылыш майданындағы ерлік. Оттызыншы жылдар, яғни бесжылдық жоспарларды орындау дәүіріндеңі ақынның өлең, жыр, поэмалары совет халқының осы ерлік, женімпаздық данқын жырлауға арналған. Бұл тақырыптардың нақты творчестволық шешуші «Желдірмелерде», Қарағанды, Турксиб, фабрика, станоктегі жұмысшылар туралы жазылған өлеңдері мен «Алатау неге шаттанды», «Ұлы құрылыш», «Он бір күн, он бір түн» поэмаларында толық берілген.

Түркстан — Сібір темір жолының салыну тақырыбына арнап жазған «Кордайдан өткенде», «Турксиб», «Алатау неге шаттанды» деген толғау жырларында ақын совет адамдарының, жұмысшы табының қажырлы еңбегін, дүлесу табиғатты, алып тауларды жеңіп, бағындырып, бұрынғы мылқау қазақ даласынан темір жол жүргізіп, ел өміріне ұлы жаңалық орнатып жатқандығын күшті ақындық сезіммен жырлайды. Әсіресе «Алатау неге шаттанды» деген толғауында ақын алатау, Алматы төңірегінің тамаша сұлу табиғатын, темір жол салынып келе жатқан жердегі еңбек ерлігі мен жергілікті халқының қуанышты сезімдерін көтерінкі леппен сыйпаттайды. Ақынға еңбек дүниесі мен табиғат дүниесі бірдей сұлу, бірдей қызықты. Ол өмірге көnlі толы сезіммен қарап, өзін ерекше шаттық күй билегендей зор шабытпен жырлаған.

«Неге Алатау шаттанды?
Неге аспандал мақтанды?
Шаттығына себеп сол —
Бауырында орнап астана,
Асқарының астына,
Кестеленді темір жол...»

Күмістей таза бұлағы,
Секіріп ыршып құлады.
Мен де кеңес мұлкі деп
Қек жібекке көмілген.
Қекшіл орман төгілген,
Ілді еңбек еркі деп,
Алатау айтад: «Ішімнен,
Аккан судың күшімен
Деп Алатау шаттанад
Аспаннан асып мактанад!»

(Сонда, 66—67-беттер.)

Сұлу Алатау, құлпырған бақшалы Алматы қаласы, даланы думан қылып жатқан жаңа темір жол, сол жолды салушы жұмыскерлердің қажырлы енбегі, бақытты совет елінің жарқын келешегі, барлығы ақынның Алатаудай асқарлаған ақындық дүниесінен түгел орын алғандай, өзі де Алатаудай асқарлап зор мактанға берілгендей. Әсіресе поездың келіп жетуі, жүйрік жүрісі ақын поэзиясына үлкен қанат бітіргендей. Оны Иса кейде теңдесі жок, ұлы бір алып күш иесіне, кейде жел жетпес жүйрік тұлпарға үқсатып суреттеп кетеді.

«Жұмыскердің білегі,
Жұртшылықтың тірері
Тасты жұндай тұтуде,
Ойпаң жерді өсіріп,
Өрді төмен тұсіріп,
Оқтай ағып өтуде.
Алатаумен жарысып,
Косарланып қабысып
Өтіп барад темір жол...
Шұбалған тұтін будактап,
Үсті-үстіне шумактап,
Қалып жатыр ере алмай.
Биік қырмен алысып
Ұшқан құспен жарысып
Ағып келед жұлдыздай..»

(Сонда, 66—67-беттер.)

дейді ақын. Бұл өмірдің сыртқы жарастық көрінісіне арналған көңіл күйінен туған «Мендік» лирика ғана емес, ол осы сыртқы әдемі көріністің қоғамдық мәнін ашады, темір жол мен поездың қазақ даласы мен социалистік өмірдің келешегі үшін негізгі үйтқы екендігін терең туғсіндіреді. 1929—30 жылдары қазақ ақындарының бірталаіы (Сәбит, Аскар, Гали, Әбділдә т. б.) Турксіб темір

жолы тақырыбына елеулі шығармалар жазғанда, Иса да олардың қатарында, бірақ өзіндік суретшілік шеберлікпен Түрксібті дұрыс идеялық көркемдік түйіндеумен жырлады.

Бұл социалистік экономиканың негізгі үйтқысы болған ауыр индустрія тақырыбына арналған алғашқы поэзиялық шығармалар еді. Оттызынышы жылдардың поэзиясында — Қарағанды, темір жол, алып құрылыстар, өнеркәсіптегі еңбек адамының өмірі орталық тақырып болып жазылуы табиғи заңды да еді. Өйткені жаңа салынып, қарқынмен өркендеген Қарағанды, Түрксіб сыйкты алып өнеркәсіптер Қазақстанның шаруашылық, мәдениеттік бейнесін мүлде өзгертіп жіберді, қоғамдық өміріне жаңа отты жан бітіргендей, ақындардың шабытын қозғады, қаламына үшқыр ақындық леп берді. Сондыктан темір жол құрылысы, сол жол бойындағы өмір бейнесін елестеткен толғау жырлармен қатар Исаның бірқыдыру түйінде жырлаған өнеркәсіп-құрылыс тақырыптары: Қарағанды дағы, станоктағы еңбек процесі, фабрикада директор болған комсомолка қызы Ажар, шахтерлер, Алтай кен ошақтары тағы басқалар туралы жазылған толғау лирикалары, тақпақ — «Желдірмелері» алғашқы бесжылдықтар дәүіріндегі совет адамдарының еңбек майданындағы ерліктерін, еңбекке коммунистік көзқарасын суреттейді.

Құрылыс, еңбек ерлігі, советтік патриотизм идеясы ақынның «Ұлы құрылыс» поэмасында бірталай жыйнақталып берілген. Бұл поэма Исаның алғашқы бесжылдықтар дәүірінің тарихи табыстарын, женіспен алға басқан қуатты бейнесін елестеткен идеялық-көркемдік мәні зор шығармасының бірі. Рас, поэманиң сюжет, композициясында жайылып кету, бүтіндік сақтамау, жалаң үгітшілік сыйкты кемшіліктері бар. Алайда, ақын поэмасында революциялық құрес-женіс мотивін, әсіресе, 1929—30 жылдардағы совет елінің Отан қорғаудағы, социалистік шаруашылықты өркендедүдегі даңқты ерліктерін, женімпаздық мақтанын бір қыдыру суреттейді. Ақын екі дүниені салыстырады. Өткен қаратунек құлдық дүние, казіргі соғысқұмар, империалистік буржуазияның басқыншылық әрекеттерін батыл әшкерелей отырып, советтік құрылыстың келешегі айқын женімпаздық өскелен тұлғасын жарқын елестетіп, терең патриоттық идеямен жырлайды. Біздің женіспен алға баса беруіміздің тұтқасы, еліміздегі колхоз құрылысы мен өнеркәсіп майданындағы зор табыс-

тарымыз деп қортынды жасайды. Бұл поэма схемалыққа салыну осы кезде жазылған (1933 жыл) басқа ақындардың да шығармаларына үқсас жақтары болғанымен, көркем тіл, нақты уақыйғаларды дамытып айту жақтарына келгенде, Иса ақындығының өзіндік касиеті, ерекшелігі сақталып отырады. Исаға тән ақындық жалын мен суретшілік, канатты сезім ойлары бұл шығармасынан да айқын байқалып отырады.

Иса өзінің «Желдірме» атты толғауының тақбырыбына сай жаңа ән шығарған, олар ел аузында да, радио, театрда да үнемі айтылып келеді. Біздің заманымыз — данкты жеңіс, ерлік заманы. Совет адамы күрестің, құрылыштың қай майданында болсын алғыр, қажырлы, жеңбей тынбайтын өршіл қайрат иесі. Ақын желдірмесінде заманымызға, сонымен бірге совет адамына тән сыйпатты сол жеңімпаз асқақты сарын күймен бермек болады. Ақын:

«Ал алка, келді қезің қайнайтуғын,
Бұлбұлдай бакшадағы сайрайтуғын,
Өнердің қыясына шықкан сайын
Болаттай тастан табан таймайтуғын.
Дабылы дауылпаздай шарыктаған,
Екпіні самолеттей заулайтуғын.
Талапты жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді «Желдірме» атты самғайтуғын...»

(Сонда, 103-бет.)

деп, қүйфитип, тасқыннатып бастайды. Ақынның идеясы шешендей сөздің түйдегімен еселеніп барған сайын күшіне, тереңдей түседі. Отан атынан айтылатын ақынның қуатты, жалынды, лепті сөзі өскелен, жігерлі совет жастарының ой-сезімін де, мінез-құлқын да көз алдына алып келгендей:

Бакытты Отан жырын шырқатайық,
Айбынды Октябрьдің ұланымыз...»

(Сонда.)

Желдірмелерінің нақты тақырыптары, суреттелетін нақты объекті бейнелері — құрылыш, темір жол, Қарағанды, өнеркәсіп орындары, ондағы жұмыскерлердің, совет жастарының ерлігі, аброй, мақтанға айналған еңбек дүниесі. Сондыктан, ақын желдірмесінде:

«Жұмыскер еңбегіне сенетуғын,
Болса да қандай кыйын женетуғын,

Айнымас алып күштің арқасында
Құлпырып тұрмысқа ғұл ететүғын...

(Сонда, 104-бет.)

деп, еңбек ері жұмысшыны көтере жырласа, Қарағанды туралы желдірмесінде тағы да:

«Қарағанды үшінші алып көмірлі,
Гүлдендіріп нұрға малып өмірді.
Тілегі бір, жүргегі бір миллион күш
Кен шығарып,
Жем шығарып,
Ұлы іске берілді».

(Сонда, 107-бет.)

деп, сол мотивті дамытып «тілегі бір, жүрегі бір» миллион күштердің тұлғасын жырлайды.

Осы жырларда, немесе әндердің сезі ретінде жазылған толғау, лирикаларында ақын құрылых, еңбек өнеркәсіптеріміздің тасқынды лебін, қарқын қүшін айқын бейнелеп отырған жоқ па? Бұл толғау лирикалардың көркемдік әсері, әсіресе Исаның өзі шығарған әнімен айтылғанда арта түсетіндігі де даусыз. Бұл шығармаларда жеңіспен үздіксіз алға басқан социалистік дәуіріміздің қарқын қүші де, асқакты үні де берілгендігін көреміз. Міне, бұл дәүрдің үнін, совет адамдарының жүрек соғуын терең ұғынған ақынның поэзиялық тілі — ақындық ерекшелігі.

Исаның поэзиялық шығармаларын түгел оқығанда, мейлі совет тақырыбына жазылғаны болсын, мейлі тарихи ерлік тақырыбына жазылғаны болсын — бәрінде де ақын ерекше ер, мықты адамдардың образын беруге зор пазар аударып отырғандығын көреміз. Ақынның шығармаларында жұмысшы, совет адамы революциялық күресте, еңбек пен құрылых майданында үздіксіз жеңіумен жаңа дүние жасаушы, батыл, ұлы күш бейнесі болып суреттеледі.

Міне сы ерекше мықты, жеңімпаз адамды Isa «Он бір күн, он бір тұн» поэмасында нақты уақыйғага, нақты қаһарманнның іс-әрекетіне байланысты жырлады. Ақын бұл поэмада 1938-жылғы сентябрьде, Москвадан Қыйыр-Шығысқа үшкап советтік үш үшқыш әйелдің даңқты ерліктерін суреттейді. Бесжылдық жоспарды орындау дәуіріндегі совет әдебиетінің дамуындағы бір ерекшелік, совет адамдарының тарихта болмаған дүниежүзілік ұлы ерліктерін көрсету болды. Бұл тақырыптарға орыс әдебиे-

тінде де, сондай-ақ қазақ совет поэзиясында да күрделі жаңа шығармалар жазылды.

Шынында, челюскиншілер мен Совет Одағындағы ұшқыштардың даңқты ерлігін қазақ ақындарының жырлауы — сез жоқ қазақ поэзиясына үлкен жаңалық енгізді. Тақырып, сонымен бірге, ақын жырлайтын ақындық объекті жаңарды, ол жаңалықтар ақыннан жаңа ақындық, творчестволық ізденулерді талап етті. Найза ұстап, садақ тартқан батырды жырлаудан, енді самолет мініп жер шарын айналған, адам баласы аяқ баспаған мұз төңізіне жорық жасаған тамаша ерлікті жеткізіп жырлаудың өзі, қазақ поэзиясында үлкен өрлеу тудыргандығы даусыз. «Ақ аю» (Сәбит), «Күн тіл қатты» (Тайыр), «Он бір күн, он бір түн» (Иса), «Құтқару» (Әбділда), «Алынған қамал» (Гали) т. б. осы түрғыдан жазылды.

Ақын «Он бір күн, он бір түн» поэмасында даңқты ерлердің басынан кешкен, айта қаларлық ұмытылмастың осы бір тарихи уақыйғаны алып ұшқыштардың, соның ішінде Марина Раскованың Совет Отанына жан-тәнімен берілгендей сезімін, қонбай ұшу сапарындағы қажырлы қайраттарын, тапқырлығын, апаты, қаупі күшті тайганың орманында он бір күн бойы адасқан шағында қажымай өмірге сеніммен қарағандығын, табандылығын шебер суреттейді.

Рас, басқа поэмаларындағыдай Исаның бүл поэмасында да геройлары ғажап жат сырлы бірде ажарлы, бірде үрейлі табиғат құшағында қыйындықты жәнеді. Өздерінің табандылығын, қажырлылығын көрсетеді. Даңқты ерлердің басынан өткен қауіпті уақыйғалар, ұшу сапары әсерлі болып суреттеледі. Самолет ұшқан аспан дүниесі мен адамның мекені тау, орман сыйкты жер беті совет ұшқыштарының үздік ерлік жасаған тұтас бір майданы болып суреттеледі:

«Аспандап сол Еділді көктей асып,
Қос қанат табанына бұлтты басып,
Үн косып Орал тауы айғайына
Алтыннан калып жатыр шашу шашып.
Әуені жүндей тұтіп пропеллер,
Үндерін үдей сокты машинелер,
Бакыттың айға аттанған алыбы деп,
Сүйініп кала берді талай жерлер,
Осылай ұшып келед Отан ері,
Аспаниң ақығы мінгендері...»

(Сонда, 321-бет.)

Отан алдында партия мен үкіметтің ерекше тапсырмасын орындауға босындаі зор сеніммен, асқан қажырлылықпен мықтап кірісken үшқыштар, үлкен бөгетке кездеседі. Олардың рухани, моральдық қасиеті сынға түсті. Бұл қыйындықтан, сындардан совет үшқыштары сүрінбей өтеді. Ақын негізгі герой Маринаның тайгада өткен он бір күнгі өмірін көтеріңкі леппен суреттейді.

Поэзия қанаарманының басынан өткен халдердің барлығын бірдей тізбектеп айта бермейді. Бірқатарын жалпы сарынмен бір ғана атап өтумен көркем бейнесін елестетіп отырады. Ақын үшін парашютпен секірген мезгілді ақ бұлттай, ақ жібектің қалықтап жерге қоныу түрінде айтса, немесе тайганың дүлей орманы мен жыртқыш андар ішінде адасып, минут сайын ажал қаупіне душар болған кездегі ажалға Маринаны қарсы қайрат шеккен жалын жігерлі алып иесі түрінде көтеріңкі айтатын болса, ол поэзиялық шығарманың негізгі бір қасиеті сакталғаны.

Адам өтіп жүре алмайтын тайганың орманы, аяқ бассан батып кетерлік мый саз, аю, жолбарыс сыйқты жыртқыш аң, орманды кеулеген өрт—бәрі Маринаны айнала қоршаған, жолын бөгеп, апат төндірген жағдайлар. Советтің батыр қызы міне осы апат қыйындыққа бас имейді. Отанға, совет үкіметтің қамқорлығына сенген ол жыртқыш андармен де, өртпен де, апатпен де — бәрімен де алысады. Өйткені оның осынау тайгадағы асқан ерлігі, табандылығы Отан мақсатына,— Отан даңқына арналған. Сондықтан ақын:

«Ел үшін, Отан үшін жүрген адам.
Шыдады күйінсе де сүйген адам.
Халық үшін қандай қайрат ету керек,
Зер салып түсінбейді-ау кейбір надан.
Ер қыздың сенім күшті жүрегінде,
Ол жетпей кім жетеді тілегіне.
Жүрегін шам ғып жағып алған жаңға
Кауіптің коркынышпен керегі не?..» —

(Сонда, 328—329-беттер.)

деп, Маринадай советтің даңқты ер әйелінің жан сырына дұрыс сыйпаттама береді. Мақсаты айқын, коркулды білмейтін, өз ісіне сенімі күшті, «жүрегін шам ғып жаққан» ерекше мінезді совет жасы ғана қыйындықты жеңбей тынбак емес. Бұлар қандай қамал болсын алмай қоймайтын

большевик ерлер. Поэма даңқты үшқыштардың жеңіс салтанатын жырлаумен аяқталады. Рас, поэмада Марина және оның жолдастарының үшқыштық әрекеті, ерлігі аз суреттеледі. Біздіңше ақын поэмасында батыр үшқыштың образын кең жырлау мақсатын алдына қоймаған сыйқты, оның орнына совет адамының Отанға сүйіспеншілік, табандылық, ержүректілік, қайраттылық сыйпаттарын (характерын) ашып көрсетуді негізгі творчестволық нысана қылып алған. Осы тұргыдан поэма күшті жазылған. Сөйтіп, бұл поэмасымен Иса совет тақырыбына жазылған шығармаларына қортынды жасайды.

Исаның, совет тақырыбына жазған шығармаларында, елеулі жетіспеушіліктер де, кемшіліктер де жоқ емес. Иса бірқатар манызды тақырыптарды жалпыладап, үстірт жырлады. Кейбір өлеңдерінде жеке адамға табынушылық кездеседі. Ондай әлсіздік осы «Он бір күн, он бір түн» поэмасында да бар.

Онан соң, Исаның бірқатар көлемді толғау поэмалары («Ұлы Октябрь», «Ұлы құрылыш») сюжет, композиция құрылышы жағынан әлсіз шыққан, онда жалпылай схемалап айтушылық байкалады. Осыдан келіп ақын нақты образ жасау, белгілі бір тарихи кезеңнің айқын бейнесін беру мәселесін үлкен түйіндеу дәрежесіне жеткізе алмай қ. лады. Нақты адам образын суреттеуден гөрі, өмірдің, табиғаттың сыртқы көріністерін айтуға көбірек салынады. Бұл кемшілік Исаның ең талантты жазылған «Он бір күн, он бір түн» поэмасында да байқалады. Ақын, тау, орман, өзен, табиғаттың құбылыштарын түйдектеп, әдемі суреттей отырып, өзінің негізгі қаһармандарын кейде, сол қалың табиғат құшағында жоғалтып алады, көленкеде қалдырып қояды. Шынында қандай шығармада болсын адам әрекеті, оның тұлғасы барлық суреттерден жоғары, басым болуға тиіsti.

Иса ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болғандықтан кейбір өлең шумактары салақ жазыла салады. Ұйқас үшін орынсыз сөздерді де қолдануы бар. Мәселен:

«... Жалшы, жарлы жұмыскер,
Басшы болып көп іскер,
Лениннің ерді сонынан
Бай мен патша төреге,
Көрсөтті талай «өнеге»,
Іс басталып шығыстан.
Әуелі етті Николай,
Дауыс қылды жалпы бай,

**Патшаның досы төрелер,
Оқ астында тұншықты...¹**

Айқын пікірін олақ өлеңмен айтқан: «төреге» деген сөзге үйқасы үшін «өнегені» еріксіз әкеліп қосақтаған, магнаны мулде әлсіретіп екі үшты пікір тудырған «Іс басталып шығыстан» дегені де, «Дауыс қылды жалпы бай», дегені де үйқас үшін тізбектей салған сөйлемдер. Мұндай салақтық кемшіліктен Исаның ән өлеңдеріне жазған текстерінде де кемшілік жоқ емес. Әрине, мұндай салақтықтар Исада үнемі бола бермейді, кейбір асығыс, атусті жазылған өлеңдерінде кездеседі.

Иса поэмаларының идеялық көркемдік ерекшеліктері туралы

Иса поэмаларының «Күралай сұлу», «Алтай аясында», «Қавказ», «Ақбөпе», «Қырмызы», «Жанай» атты поэмалары тарихи тақырыпқа, халықтың ауызекі әңгімелері негізінде жазылған.

Иса поэмаларында тарихи шындықтың екі айқын түйінді мәселесі кең дамытылып жырланады. Олар: бірінші сыртқы жаудың шапқыншылығынан елді қорғау, сол жауға карсы күрестегі бастан кешетін қыйындықтар, ерлік женістер немесе апат, құрбандықтар; екінші қазақ қоғамының ішкі тап қайшылығы, тап күресі, соның негізінде туған қазақ жастарының бас бостандығы, махабbat жолындағы күрестері. Осы түйінді екі мәселе Иса поэмаларының идеялық көркемдік нысанасы болып отырады. Және поэмаларының қай-қайсысында болсын ерлік пен махабbat мотивтері, яғни геройлық эпикалы сарындар мен лирикалы-романтикалы сарындар шебер түрде қабысып келеді.

Иса поэмаларында жырланатын ерлік уақыйғалар, сөз жоқ, қазақ тарихындағы шындықтан алынған. Жонғар қалмақтары мен қазақ арасының жаулығы екі ғасыр бойы (XVII—XVIII ғ. ғ.) созылды. XVII ғасырдың 30-жылдарынан бастап жонғар қалмақтары Қазақстанның шығысында ең шапқыншы мемлекетке айналып, алдымен қазақ даласына ауыз салды, үздіксіз шабуылдар бас-

¹ Шығармалары. 1948 ж. 17-бет.

тады. XVII ғасырдағы Есім, Жәнгір, Тәуке хандар тұсында қалмақтардың казақ даласына шапқыншылық әрекеті бірде-бір тоқталған жоқ. Әсіресе, XVIII ғасырда Абылай, Әбілмамбет, Әбілхайыр тұсында — қалмақтың Цеван, Равдан, Галдан-Серен хандарының бастаудың казақ даласына қатты бірнеше шабуылдар жасалып, 1723 жылдағы Ақтабан шабуылданғыдай қазақ халқын үлкен апатқа үшірді. Ата мекен конысын басып қалып халықтың тіршілігін ойрандады, талады, адамдарды қырды, тұтқындады, бостырып жіберді. «Қара таудың базынан көш келеді» деп басталатын «Елім-ай» өлеңі осы апатқа байланысты айтылған.

Жоңғар басқыншыларынан көрген қорлық, апат, оларға қарсы халықтың ыза, кек, намысы, күресі қазақ халқының тарихында, ел қыялында үлкен орын алған. Қазақтың батырлар жырындағы жаулардың қалмақ болып отыратындығын, тіпті «Қызы Жібек», «Қозы-Көрпеш, Баян-Сұлу» сияқты тұрмыс салт жырларының өзінде де әйелді құлдануға әрекет жасаушы зорлықшыл күштер Хорен, Кодар сияқты қалмақ болып кездесетіндігін көреміз. Қалмақ шапқыншыларына елдің намысын жібермеу, қасықтай қаны қалғанша, сол зұлым жаумен күресу, сол күресте ерекше ерлік жасау, қазақтың әрбір ержүрек намыскер жасына зор қасиет, мактандан саналған.

Иса ел есінде сакталған әңгімелерді тарихи шындық тұрғысынан жырлайды. Ол «Құралай сұлу» поэмасында уақыйға қазақтың Есім ханының тұсы, елдің жорықпен күні өткен заманы еді, қалмақтар Тарбағатай, Тянь-Шань, Маңрак тауларын мекендейтін еді дейді¹. Ал «Алтай ертегісі» поэмасында уақыйға Абылайдан бұрын болды дейді. Поэмадағы осы бір кішкене фактылардың өзі ақын жырлайтын уақыйғалардың тарихи заманын анықтап береді.

Иса поэмаларындағы Келден, Балағаз, Жоламан, Құбылай батырлардың ерекше ерлік сыйпаттары осы қалмақ шапқыншылығына қарсы кескілескен күресте көрінеді. Батырлардың соғыстағы асқан ерліктерін суреттеуде, Исаңың ешкім қайтalamайтын өзіндік ақындық шеберлігі бар. Келден немесе Балағаз, Құбылайлар жаумен қапылыста кездеседі және жаулар сол батырлардың намысына тиерлік, өз өміріне, немесе ел тағдырына қауіп ту-

¹ Шығармалары, 1956 ж. 201-бет.

дырарлық сүмдүк әрекет жасайды. Иса өзінің геройларын, міне осындай қауіпті жағдайда намыс пен кекке қайрап алып, соғыска араластырады. Мәселен елін шауып талкандаған жаудың қорлығына ызаланған батырдың на-мысы мен кегін, Келденнің өз сөзімен ақын былай береді:

«... Жалаңаяқ, жалаңбас кетті халық
Біреу бакан, біреулері сырық алып,
Катын-калаш калмады тайлы-таяқ,
Ел сендей соғылысты аттан салып,
Біреу жылап, біреулер құлап жатыр,
Ел басына түскен соң заман ақыр...
Ағамның каруынан кару алып,
Бұл жауды не де болса куам дедім.
Жалаңиды жалғыз апам, шешемменен
Айрылып қаламыз деп тағы сенен.
Алдадым ізін біліп қалайын деп,
Корлығы өтіп барад өзменімнен».

(Сонда, 197—198-беттер.)

Ол осындай ашулы кекпен қалың жауға араласып, ерлікпен ұрыс салып жүріп, қалмақтың қолына тұтқында-лып кете барады. Сондай-ақ «Алтай аясында» да қалмақ ханы аулын шауып ойрандап, жалғыз қызы Еркежанды тұтқындал әкетпек болған жерде, қыз әкесі ер Құбылай жауға өлтіре соққы береді. Өмірінің актық сағатына дейін жауынан кек алады. Құралайды тұтқыннан босатып елге қарай шыққан бетінде, немесе, Балағаздың Еркежанды азат етіп аттанған бетінде, қалмақтың ең таңдаулы деген батырларымен, қаптаған қалың қолымен айқасып, қанды ұрыс салулары шебер суреттеледі. Бұл ұрыстардағы Келден мен Балағаздың ақсан батырлықтары, жауға деген от жалаңиды намыс-кектері, үздік қайрат, алғырлықтары, табандылықтары сондай жарасты, сондай әсем берілген. Оның бәріне сүйсініп отырасың.

Қалмақ ханының қорлығына, азабына кіріптар болған қаһармандар жау алдына бас имейді, жасымайды, өзінің ар-намысын сактай біледі. Қалмақ қолына тұтқын болған Еркежан өзін өлімге қыїса да, жауына жалынбайды, сондай-ақ тері тұлышқа қол-аяғы тапталып, сірімен катырылышп, зынданда қорлық көрген Келден батыр жауынан кешірім сұрамайды. Қалмақтың ханы Сейқын «бізben жау болмасқа ант берсең жібереміз» деген уақытында, ол жаудың бұл сөзін өзіне қорлық санаіды:

«... Ар көрдім ант беруді дүшпаныма,
Долданып корлық іске косқанына,
Кетіппін ызаланып каным кайнап,
Қалмактың, ант берер деп тоқанына.
— Саған жау, Сейкын сұмрай, мендей казак,
Болмаймын бас алсан да өйтіп мазак.
Өлсем де елім үшін өкінбеймін,
Еркінше көрсете бер кандай азап...»

(Сонда, 203-бет.)

Сейтіп, поэмадағы батырлар жауына намысты жібер-
мейтін табандылық, қалмақ шапқыншыларына қарсы кү-
рес мотивтері, осы тұрғыдан дұрыс сыйпатталады.

Поэмаларда ақын екі елдің ішкі қоғамдық тап қайшы-
лығын ашуға да назар аударып отырады. Егер де «Құра-
лай сұлуда» ішкі тап қайшылығы көмескі қалатын болса,
«Алтай аясында» поэмасында бұл таптық қайшылық,
күрес айқындала түседі, мұнда Балагаз бен казактың ба-
йы Қосан мырза арасында үлкен тартыс болады. Қосан
қалмақ бектеріне қосылып алдып, Еркеканның аулын бір-
ге шабысады. Поэмада қалмақтың хандарынан қорлық
көрген кедей мерген Қаутін батыр Бағағаздардың досы
болады. Ал, «Ақбепе», «Қавказ», «Қырмызы», «Жанай»
поэмаларында қаһармандардың іс-әрекеттері таптық кү-
рес жағдайында суреттеледі. Бұл ақынның идеялық твор-
чествоның жағынан өсуін, тарихи шындықты социалистік
реализм әдісімен жырлауға келгендігін көрсетеді.

Иса поэмаларында дамытылып жырланатын негізгі
бір тақырып — қазақ жастарының бас бостандығы, еркін-
дігі, махаббаты жолындағы күрестері. Бұл тақырыпқа
келгенде Иса қазақ жастарының өміріне, заманына, дәүі-
ріне байланысты тарихи шындықтың бетін ашып, кен су-
реттер, адамдардың әр алуан мінездемелерін береді: көш-
пелі казактың аулы, олардың тұрмыс салты, көшіп-қонуы,
жастардың басынан көшкен ерлік уақыйғалары; иесіз
менреу дала, қалың орман, тасып ақкан өзен, зәулім биік
таулар құшағында жортып, жорық жасаған, қорықпай
жауларынан кек алған ержүрек жастардың өмірі; феодал-
дық, руаралық жаулық, шапқыншылық жағдайында
апатқа, қырғынға ұшыраған еңбекші халықтың аянышты
халдері; елді билеп-төстеген, феодал байлардың халыққа
істеген айуандық зорлық-зомбылықтары; жастардың дос-
тық, махаббат сезімдері, тағы басқалары ірі ақындық
талантпен жарқын суреттеледі.

Исаның қай поэмасын алсан да қазақ өмірінің тари-

хи шындығын, адамдар басынан кешетін әр алуан шиеленіскең күрестерге, қызық уақыйғаларға, махаббаттық армандарға тығыз байланысты көрсетеді. Бір жағынан ақын феодалдық қоғамның зорлық-зомбылығын, қатал зан, әдет-ғұрыптың шырмауын талқандап үзіп, еркіндікке, бақытқа ұмтылған Балағаз, Еркекан, Әмірхан, Ақбөп, Қырмызы, Жанай сыйқты ержүрек намыскер жастардың күресін, арманын, ізгі адамгершілік қасиеттерін көтерінкі леппен, қанатты сезіммен жырлайды. Осыдан келіп Иса поэмаларының лирика-романтикалы ерекшелігі көрінеді.

Поэзиядағы романтизм дегеніміз не? Белгілі сыншы Белинский өз дәүіріндегі Жуковский, Пушкин, Лермонтовтың романтикалы поэзияларын кең талдай отырып, романтизмнің негізі, алдымен адамның сезім дүниесі, жүрек сырларын ашып көрсетуде деп түсіндіреді:

Белинский айтады: «Адамның көnlі мен жүргегінде романтизмнің жасырын кайнар бұлағы бар: сезім, махаббат дегеніміз, романтизмнің көрінісі немесе әрекеті¹

Белинский романтизмнің өзіне тән ерекшелігін осылай анықтап беріп, орыс поэзиясындағы романтизм сезім еркіндігін, ар-намыс еркіндігін, әйел мен еркектің моральдық қасиеттерін, айнымас, адал кіршіксіз махаббатын жырлауда деп біледі. Егер ақын махаббат туралы жазады екен, ол махаббат кіршіксіз өзінің сұлулық бейнесінде жырлануға тиіс. Романтикалы поэмалардың идеялық творчестволық кілті, Белинскийдің қағидасы бойынша, бір ғана махаббаттың арманы болып коймайды, оның қоғамдық сырлары, оған байланысты әлеуметтік өмір, табиғат дүниесі, семья, адамгершілік, мораль мәселелері то-лық қамтылып жырлануға тиіс.

Рас, махаббатты романтикалық сарында жырлаудың адам баласы тарихында әртүрлі заманы, әртүрлі формалары болып өтті. Ескі гректе махаббат, сұлулыққа тәнірдей табыну түрінде жырланса, шығыс поэзиясында қол жетпес арман, азап шегу түрінде жырлайды. Ал орта ғасырлардағы серілік дәүірінде сұлу әйелге тек сырттай табыну, бір қарағанда ықласын алу ғана махаббаттық мотив болып жырланды. Шығыс поэзиясында махаббаттың ақыры, үйленіп үрпақ есіруге әкелетін болса, орта ғасырлардағы махаббат ер мен әйел қосылумен жоїылады, ол бақыттың

¹ В. Г. Белинский. Собрание сочинений. Киев. 1911 г. Т. II стр. 34.

бітуі деп түсінеді. Оナン бергі феодалдық қоғамның, діннің семья, үйлену жөніндегі катал заңы, қағида ережелері үстемдік алған заманда махаббат бас бостандығына, еркіндікке талпыну арманына айналады. Феодалдық қоғамның әйел қауымын қатты қысыммен ұстаған заң тәртібі күшеген сайын, оған қарсы еркіндікті көксеу талағы, күресі де күшеге түседі. Қазақ тарихындағы махаббат тақырыбында жырлаған шығармалардың, әсіресе, «Қыз Жібек», «Қозы-Қөрпеш, Баян сұлу», «Айман, Шолпан» сияқты ғашықтық жырлардың идеялық қөркемдік мәнін осы тұрғыдан қарап түсінуіміз керек болар еді.

Иса поэмаларында, сез жок, айнымас адап махаббатты, махаббаттың қоғамдық сырларын, өкініш күйітерін, үміт, армандарын терең толғанып жырлайды. Ақын қаһармандардың басынан өтетін қыйындық халдерге, жан толқындарына өзі ортақтасқандай сезім дүниесін үштастырып отырады; ол қаһармандармен бірге сүйінеді де, күйінеді де, шаттанады да, өкінеді де:

«... Арман ғып жырламай ма махаббатты,
Өзі үзак тойдырмайтын болса тәтті.
Жалғыз-ақ махаббатты танымайтын,
Мейрімсіз жандар жоқ па тастан қатты...»
(Иса Байзақов. «Ақбөне»,
Алматы. 1945. 15-бет.)

Немесе:

«...Бар ма екен махаббаттай нәзік нәрсе,
Тоймайтын адам жаны көре берсе.
Сырласып сүйгенімен емін-еркін,
Жүргегін сен сакта деп соған берсе...» —
(Сонда, 20-бет.)

деген ақын толғауы махаббатты терең ұғынып жырлайдындығын, бұл ұғым Белинскийдің — сезім, махаббат — романтикалы поэзияның негізі—деген қафидасына қайшы емес екенін көреміз. Исаңың поэмаларында теніне, сүйгеніне қосылуды арман еткен жастардың өмірі еркеше мінез бітіммен, ерекше ерлік әрекеттермен суретеледі.

Романтизм жайы сез болғанда, оның екі түрлі көрінісі барлығын ұмытпауымыз керек. XIX ғасырдағы орыс, Европа әдебиетінде романтизм екі түрлі идеялық творчестволық бағытта өріс алды. Бірі — Белинский анықтаудай адамдардың жарқын сезімдерін, ізгі армандарын, еркін талап, тілектерін жырлаған, ескі феодалдық қоғам-

ның ірік-шірігіне, рухани құлдығына қарсы батыл қүрес-ті бейнелеген өршіл идеялы романтизм; екінші — іргесі қаусап, ыдырай бастаған патриархалды феодалдық дүниені жоқтап қамығу сезімдерін, адамдардың өлімін, өн мен тұс арасындағы бұлдыр қайғы-зарын, діншілдік мистиканы, өмірден түнілуді жырлаған көртартпашыл романтизм. Белинский көтеріп айтқан, Пушкин, Лермонтовтар түрлендіріп жазған романтизм алғашқы формадағы өршіл идеялы романтизм. Бұл романтизмді XIX ғасырдың ақыры мән XX ғасырдың басында М. Горький жаңа мазмұнмен дамытып, революцияшыл романтизм дәрежесіне жеткізді. Ал көртартпашыл романтизм бұл дәуірде мұлде идеялық азғындыққа айналып, декаденство, символизм, импрессионизм түрінде көрінді. Сондыктан да, қазақтың кейбір буржуазияшыл үлтшыл ақындары осы соңғы көртартпашыл ағымдарға жармасты.

Қазақтың совет ақындары орыс әдебиетіндегі өршіл идеялы романтизмнен үлгі алғы үйренді. Тақырыптың көлеміне қарай бірқатар шығармалар Пушкин, Лермонтов дәстүріндегі романтизм дәрежесінде жазылса, енді бірқатары М. Горькийдің революцияшыл романтизмі дәрежесіне көтеріліп жазылды. Исаңың тарихи тақырыптағы поэмалары бір жағынан халық әдебиетінің жақсы дәстүрінде жазылса, екінші жағынан Пушкин, Лермонтов үлгісіндегі озық идеялық поэзиядан үйреніп жазылған.

Иса Әмір шындығын көтеріңкі романтикалы сарында ажарлап алғып, адамдардың іс-әрекетін, қүрестерін танқаларлық ғажап немесе жан түршігерлік апат жағдайына экеліп түйінді п көрсетеді. Поэмалардың басты геройлары қазақтың ең аяулы үл-қыздары — Құралай, Жоламан, Еркежан, Балағаз, Әмірхан, Ақбөпе, Қырмызы, Жанай т. б. ержүрек, намысқор, өжет адамдар. Жоламан, Балағаз, Әмірхандар қалың жауға шауып қамал бұзар батыр болып отырса, соларға серік дос әйелдер де от басы, ошак бұтының күң әйелдері емес. Ол әйелдер — Құралай, Ақбөпе, Қырмызы, Еркежандар — жаннан асқан ерекше сұлу, сымбатты болумен бірге, сол құлдық заманының корлығына, мазагына бас игісі келмейтін өр мінезді, қайратты жандар және олар елдің данкты батырларын, өр мінез жігіттерін таңдалап сүйеді.

Қазақ әйелінің басынан өткен азап, корлық халдер.и көз алдына айқын елестеткен Исаңың ақындық таланттына бас игендей боласың. Өткендеңі қазақ әйелінің мал

орнына сатылып, зат орнына таланып, адамдық право-лардың қандайынан болсын жүрдай, ең ауыр халдерін көзіңмен көргендей, оларға аяныш сезімін білдіргендей-сің. Әсіресе, Ақбөпені қорлаған, азапқа салған Ақжан, Әбіш, Құдыяр сыйқты бай-феодалдардың зұлымдығына ыза-кегің қайнайды, оларға қарғыс айтасың. Міне осын-дай, ең ауыр соққы көрген Құралай, Ақбөпе, Еркежан сыйқты ержүрек қыздар махаббатты жүрегін қаратунек заманда жалын қып жаққандай, сол корлық азап дүни-сіне қарсы крүеске шығады, өмір үшін, бақыт үшін алышады. Құралай өзі өлер алдында сүйікті Келденіне:

«... Мен өлді деп сен өлме, өмір тіле,
Дүшпаныңдан кегінді ал назаланған», —

деп, өмір үшін жауынан кек алуға шақырады, менімен бірге өл демейді. Сүйген жары Әмірхан оққа ұшып өлер халге жеткенде, Ақбөпе қас жауы Тайшықтан қан май-данда кегін алады.

Иса поэмасында жырланатын сұлу әйелдер міне осын-дай, жауынан кегін ала білетін намыскер, өjet, тұлпар мініп, наиза ұстаған, қанжар асынып, жүректерін кекке суарған ерекше ер мінезді әйелдер.

Әрине, бұдан Иса поэмаларына әйелге тән сұлулық, сыпайыгершілік, нәзік мінездер берілмейді деген үғым тумайды, қайта Иса Құралайдың, Еркежанның, Ақбөпенің сиртқы сұлу кескін-келбеттерін, жарастық жүріс-тұрыстарын, олардың махаббатымен байланысты ішкі жан толқындарын айқын суреттеп отырады. Мәселен, Құра-ладың сыйпаты:

«... Қең маңдайлы, қыр мұрын, бота көзді,
Тұрімен ұқтырғандай айтпақ сөзді.
Күлкynда жан тартарлық терең сыр бар,
Танымай ма дегендей-ақ өмір бізді.
Екі бет үылжып түр қаны тамып,
Ак жүзінде өмірдің шамы жанып...
Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,
Ақылдан орнатқандай өлшеу алып.
Білегі аппак арай, ак жамбыдай,
Сұлулық есі кетіп, түр таңғалып...»

(Шыгармалары, 202-бет.)

Немесе, Ақбөпенің сыйпатын:

«... Жанары екі көздің жанған шамдай,
Нәркес пен кірпігі ойнап атылғандай,

Қызылы екі беттің уылжыған,
Үстіне ақ мамықтың қан тамғандай...»
(Сонда, 340-бет.)

Ал, Еркежан сыйпаты былай суреттелген:

«... Шаңқандағы шағала секілденіп,
Құнменен шағылады көрсөң жүзі:
Ұыз беттің қанынан нұры тамып,
Қүйден күшті, сөйлесе кейір сөзі,
Кірпігінен секілді құндыз аткан,
Жінішке қара қасы тұра тартқан.
Ақ мандайлы ақша бет аясында,
Ақылдылық белгі бар толып жатқан.
Қолаң шашы құйылған арқасына
Су еркесі құнайдай құндыз тапқан,
Осыншама сұлуы ғып кім жаратқан».

(Сонда, 242-бет.)

Міне, бұл суреттер тек Исаның өзіне тән ақындық шеберлік. Мұнда ол сыртқы әдемілікті сұлудың ішкі сезім дүниесіне қабыстырып бере білген.

Әсіресе, екі жастың кездескен, табысқан шаттық мезгілдерін суреттегендеге, Иса ақындығының жалынды күші, лирикалық-романтикалық қасиеті ерекше көзге түседі. Құралайдың тұтқыннан қашып шыққан бетіндегі халі, Акбөпе мен Әмірханның, Еркежан мен Балағаздың табысқан кездері Иса суреттеуінде аса көтеріңкі ажарланып жырланады.

Екі жастың тілегі орындалғандай, тұтқыннан азат болып кең далада кос тұлпармен жортып келе жатады. Таң атып, күн шығып келе жатқан шақ, табигат дүниесі, сонымен бірге екі жастың көңіл дүниесі де, бар әлемнің шаттығын бойына жыйнағандай, сыртқы көрініс те, екі жастың көңлі де ерекше сұлулыққа табынып түрғандай.

«... Анасы махаббаттың жер күлпірді,
Нұр тегіп жер-жаһанға құн қүлпірді,
Тенбіл аспан тесіле карағандай,
Далада тағыға еріп, кім қүлпірді?..
Күнген, асыл киім жас Құралай,
Қадаган брілантай жалт-жұлт етед.
Мәлдіреп скі көзі қарақаттай,
Нұрланған екі беті жарқ-жүрк етед.
Тұлпардың жалы су-су, такым ду-ду.
Сүйріктей сұлу колын ербендейдестед...»

(Сонда, 207-бет.)

Мұндай жағдайды ақын өте жарқыратып, құлпыртып ақындықтың күшімен ерекше әсем махабbat дүниесін жасағандай болады. Иса суреттеуінде сұлулықты, әсем көріністерді, адамның ішкі жансырын, қас-қабактың қағуы арқылы да, немесе, куаныш, сүйініштері арқылы да — әралуан құбылыстарға байланысты терең ашып көрсетуге тырысады. Бірақ, Исаның поэмаларында екі жастың аз уақыт кездесуі, өмірдің қас пен қабак арасындағы өтіп кететін бір мезгіліндегі ғана, махабbat арманына, бақытқа жақын келуі баянды болмайды, қаратунек заманның соққысы, қызын бөгеттері алдарын орап апатқа ұшыратады. Махабbat өкініш, арманға айналады. Қуралай арманына жете алмайды, Қелден дерпті болып қалады. Акбөпе арманына жете алмайды, сүйген жарының кегін жоктап қалады. Сөйтіп, Иса жырлайтын махабbat бақытқа жете алмайды, арман, қүйікті болып отырады. Бұл қазақтың өткен заманындағы ұл-қызының басынан өткен арман, қүйіктері еді. Ақын сол шындықты елестетеді. Сырттай жарастықты табиғат, өмір көрінісін, адамдар өмірінің ішкі сырында аянышты, өкінішті армандар өткендігін айтады.

Иса поэмаларында ер жігіттердің образы да нақты суреттеледі. Олар сыртқы жаумен айқаста да, сүйген жарларына қосылу жолындағы күрестерде де асқан батыр, табанды қайсар, қызу қанды өнерпаз, махабbat жанды сері адамдар Жоламан, Балағаз, Әмірхан, Жанай — бәрі де өлім, апат дегеннен корықпайтын, қастасқан жауының алдына бас имейтін өр мінезді, тәкаппар жандар. Бұлардың мақсаты елін жаудан қорғау, достарын жау азабынан құтқару, сүйген жарына қосылып бақыт табу. Ақын бұлардың қанды қырғын майданындағы асқан ерліктерін де, сүйген жар, достарын жау азабынан азат ету үстіндегі ашуы, ызасы, қайраты, куанышы, үміті сияқты психологияларын да жеткізіп суреттейді.

Ақын «Алтай аясында» поэмасында Еркежаннан қапыда айрылып, елдегі бай-феодалдардың опасыздығынан түніліп, жауына кеткен кекті ала алмай, ызага бөленген Балағаздың ашулы қалпын күшті сыпattайды.

Балағаздың жауына аттанар алдындағы ашулы кескіні, ішкі жан толқындары қаншалық күшті, романтикалы суреттеу әдісімен беріліп, біресе ол ашулы арыстанға, біресе Алтайдың тауын сілкіндіргендегі теңдесі жоқ алып күшке, дүрілдеп жайын атып төніп келген сұрапыл дауыл-

ға, теніздің тасыған долы толқынына үқсайды. Сондай ашулы, ызалы Балағаз өзінің серік жігіттерін ертіп алғып, елді шапқан, сүйген жары Еркежанды тұтқындаپ әкеткен қалмақ ханына және опасыздықпен ел намысын сатқан бай-феодалдарға аттанып, олардан кегін алмақ болып:

«Жау артынан жетейік,
Зығырданды кайнатты.
Жалғыз да болсам куамын,
Қанды қанмен жуамын».—
(Сонда, 268-бет.)

деп толғайды. Иса Балағаз, Әмірхан образдарын, олардың сырттай қарулы тұлғаларын, ерекше ер мінездерін, намысты, ызалы кескін-келбеттерін осындай жарқыратып, даралап суреттеп отырады. Міне, бұдан туатын жалпы бір қортынды, мұның өзі Исаның совет тақырыбына жазылған шығармаларының идеялық, творчестволық мотивіне тығыз байланысты, Иса поэмаларында іс-әрекеті, мінез-құлқы жақтарынан кең суреттеген мықты ер адамдардың образын жасағандығы. Поэмадағы басты қанарап-мандардың қай-қайсысы болын, қастасқан жаумен алысады, кек алады, өмір, бақыт үшін, бас бостандығы үшін ерлікпен күреседі, сол жолда не жеңіп кек алады, не өмірінің актық сағатына дейін өмір үшін алысып өледі. Иса поэмаларының идеялық мазмұндығы ең күшті бір опти-мистік мотив осында.

Исаның тарихи тақырыпты жырлауында идеялық-творчестволық өсу жолы бар. Қате, кемшіліктері де жоқ емес. Ең алғашқы жазған «Құралай сұлу» поэмасында ақын қазақ қофамының ішкі таптық қайшылығын ашып көрсете алмайды. Үакыйға, тартыс түйіні сыртқы жауымен күрес төнірегінде болады. Оナン соң ақын қазақтың ескі аулын сырттай әдемі көріп, қызықтап жырлайды. Поэма үшін ешқандай қажеті жоқ Келденнің он сегіз ауыл болып отырған он сегіз баласының байлық салтанатын айтуды да, Монтай биді ақылды деп суреттеуі де поэманды идеялық жағынан әлсіреткендігін, ақынның бұл алғашқы шығармасында тарихи тақырыпты социалистік реализм түрғысынан толық менгеріп кете алмағандығын көрсетеді.

Тарихи тақырыпты менгеріп жазуда Иса «Алтай ертегісі» атты поэмасында бірқатар ілгері адым жасайды, мұнда ақын Балағаз, Құбылай, Жоламан бастаған батырларды кедейлер, кірме ауыл етіп суреттейді де, елді биле-

ғен бай-феодал сұлтандарды кедейге зорлық көрсетуші, ел мақсатын сатуши опасыздар бейнесінде көрсетпек болады. Алайда, ақын бұл поэмасын жазуда идеялық қате-ге ұшырайды, өмірдің өкінішін, геройларының басынан кешкен қыйындығын баса айтамын деп, жалған романтизмге көбірек бой үрады, Алтай тауының сыйпаттары да романтикалы бейнемен беріледі, кей жерінде Алтайды жалаң дәріптеуге салынады. Бұл қате, кемшіліктерін Иса «Алтай аясында» поэмасында түзеді. Мұнда казақ аулының таптық қайышылығы, салты, тіршілігі айқынырақ суреттеледі.

Ал Исаңың «Қойшының ертегісі» атты поэмасы (1925 ж.) тарихи шындықты бурмалайды.

Казақ совет әдебиеті соңғы жылдарда күн сайын өсіп, е ейіп келеді. Соның ішінде поэзия да өмір шындығын көң қамтып жырлауда, ақындық мәдениетті жетілдіруде де өсіп отыр. Поэзияның қазіргі ескен талап-тілегімен қарашанда, Исаңың ертеректе жазған кейбір өлең, поэмалары көркемдік жағынан ескіруі, қазір оғаш көрінуі де ықтимал. Эйтсе де, ондай шығармалардың ақынның, сонымен бірге казақ совет әдебиетінің даму кезеңдерін, жолдарын ұғынуда мәні зор.

* * *

Исаңың реализмі, ақындық ерекшелігі, өзінің талантты шығармаларымен казақ поэзиясына косқан жаңалықтары, орыстың, казақтың классик ақындарынан үйрену жолдары да, әдебиет зерттеу ісіміздің келелі міндепті. Оның ақындық шеберлігі туралы сөз қылғанда тағы бір ерекшелігін айта кетпей болмайды. Иса ақындығының бүркыраған күші, жарқыраған жалыны, өсіресе, табиғат көріністерін, табиғат құбылыстарын суреттеуде айрықша көзге түседі. Қандай тақырыпқа жазған шығармалары болсын, Иса қазақ даласының сан алуан жер-су мекендерін, табиғаттың құбылыстарын ажарлы, жанды, көркем дүниеге айналдырып жырлайды.

Алтай, Саян, Тарбағатай, Алатау, Қаратай, Қордай тауларын, Ертіс, Марқақөл, Зайсан көлі, өзендерін — барлығын шебер сүйіп жырлауында Исаға орыстың классик әдебиеті, Абайдың поэзиясы зор көмек көрсеткендігі даусызы.

Иса Кавказ табиғатын да сұлу жырлады. Ол Кавказ тақырыбын, Кавказдың ғажап сырлы тауын, сұлу өзен сүйін, ержүрек адамдарының махаббатын, кекті қурестерін жазуға кездейсок барған емес. «Кавказ» поэмасында Иса Абайдың ақын баласы Ақылбай жазған «Дағыстан» поэмасының сюжетін алғып, оны жаңа идеялық тұрғыдан қайта жазады. Бірақ, Иса Абай мен Ақылбайдан үйреніп қоймай, Пушкин мен Лермонтовтан да, Кавказ тақырыбына жазған Л. Толстой шығармаларынан да көп үйреніп үлгі алады. Белинский, Пушкиннің Онтүстік поэмаларын, Лермонтовтың Кавказ тақырыбына жазған шығармаларын талдап айта келіп, «Орыс поэзиясы кең тынысты жарқыраған бейнеде суреттеген сұлу Кавказ біздің ақындарымыздың таланттын, шабытын әлдиледі. Сондыктан Кавказды, онын биік шындарын, аққан өзендерін көркем жырлады»¹ деп бағалаған болатын.

Иса, Абай аударған «Теректің сыйын» Ақылбайдың «Дағыстан»² поэмасын сүйіп оқумен бірге, революцияның алғашқы жылдарынан бастап Пушкин, Лермонтов поэмаларын, Л. Толстойдың «Хажымұрат», «Кавказ тұтқыны» повестерін аса құмартып оқығандырын өзі үнемі айтатын. Сондыктан да Кавказды, ондағы ер мінезді тау халкының өмірін қызығып жырлай отырып, сол ақындық дүниені өзіне таныс, көп аралап, көп журген Алтайдан, Тарбатайдан, Алатаудан, Ертістен табады.

Исаның табиғатты суреттеуінде ерекше ақындық шеберлік бар дедік. Рас, Иса табиғат көріністерін құбылтып, түрлендіріп суреттейді, бірсесе табиғат дүниесі ажарлы адамның шаттық көңілді бір шағын көз алдына алғып келеді, бірсесе табиғат дүниесі түнеріп қабақ түїген, тұнжыраған бейнеде адамға апат төндіріп келе жатқандай болады. Әсіресе, қаһармандарының жан құбылыстарына қарай Алтай тауының, Алтай өзендерінің сыйнаптары сан түрлі құлпырып түрленіп отырады.

Бірнеше мысал келтірелік:

«... Қарағай жағасында сыңсып тұрған,
Шашакты шымылдытай қызға құрған.
Қыялы жиегінде долы жартас,
Толқынмен сүйіседі кемерге ұрған...
... Қек мөлдір сұы толқып жатыр Марқа,

¹ В. Г. Белинский. Собрание сочинений. Киев. 1911. Т. IV. стр. 97—98.

² 1918 жылы «Абай» журналында басылған.

Моншактай бұлақтарын қылып алға
Арқасын беткейдегі тауға сүйеп,
Жамылған жағасында жасыл торқа.
(Шығармалары, 193—194-беттер.)

Немесе:

«... Құмістей Алтай сері қар жамылған,
Бұлт киіп тәбесіне өр жағынан,
Бәріне табиғаттың шашу шашып,
Күн асты қөкжиектің шарбагынан».

(Сонда, 207-бет.)

Бұл суреттер табиғат сырын терең ұрынып, оны адамның сезім дүниесімен ұштастырып жырлаған шын поэзияға тән қасиеттер. Алтайдың суреттері «Алтай аясында», «Қырмызы, Жанай» поэмаларында да шебер беріліп отырады. «Он бір күн, он бір түн» поэмасында Қыйыр Шығыстағы Саян тауы, тайганың орманы, акқан өзендері, ол жердің табиғат құбылысы — бәрі сұлу ақындық дүниеге айналып сыйпattалады:

«... Сайрады әрбір ағаш басқан сайын». Тұр дегендегі достарың мұнда дайын. Бұлт ойнады, тұнерді күн тәбеден, Орманнан орманға атып нажағайын. Сөз сейлекен секілді әрбір жапырак, Бері кел деп шақырад басын бұлғап...»

(Сонда, 219-бет.)

Мұнда геройдың басына төнген қауіпке байланысты табиғат, оның сан алуан құбылысы адам мінезіне үқсас қаһарлы, ашулы, жанды бейнеде елестейді.

«Құралай сұлу», «Ақбөп» поэмаларында табиғат құбылыстары атып келе жатқан таңың, батып бара жатқан күннің, немесе жазғы кеш пен күн, сәскелік мезгілдердің, немесе, сағымға бөлөнген кең жазық, иесіз дала-лардың, әғып жатқан өзендердің суреттері дәл, айқын шебер лирикалы сезіммен сыйпattалады. Мәселен:

«... Серпіліп караңылық койнын ашып,
Ай туды аспанына жүлдyz шашып.
Жаңа өскен жас шіліктің тасасында
Сөйлескен екі ғашық мауқын басып».—

(«Ақбөп», 22-бет.)

Немесе:

«... Шашырап дөңгеленіп күн сәулесі,
Түрлді көк аспанның көленкесі.
Ұялған қылғынан жас сұлудай,
Күбылып бәйшешектер шығып исі...»
(Сонда, 51-бет.)

Осындай шебер суреттерді Исаңың әрбір поэмасынан, әрбір лирикасынан да үнемі кездестіріп отырамыз. Иса суреттеулерінде жасандылық жок, халықтық қарапайымдылық пен берілген әдемі кескін, көріністер өзінің қазқалпында табиғи заңдылығымен елестейді.

Ерине, Иса табиғатты жалаң, дерексіз жырламайды, табиғат құбылысы алдында табынбайды да, ол табиғатты адамның ой-сезім дүниесіне бағындырып, жанды бейнеде жырлайды, табиғат көрінісі, құбылысы үнемі қаһармандар іс-әрекетінің майданы, өрісі, бесігі болып отырады. Табиғат құбылысын суреттеудегі ақынның шеберлігі өмір шындығын, белгілі бір тақырыпты нақты менгеріп жырлау және образдардың ішкі жан сырларын ашып бейнелеу арқылы көрінеді.

Адам баласы өмір бойы табиғат құшағында өседі, оны зерттеп, сырын біліп, менгерген сайын адам сол табиғат дүниесіне біте қайнасып араласа береді, оның сұлулығына қызығады, құмартады, бірақ табынбайды, қайта жаратылыстың өзінде бар табиғи сұлтулықты поэзия арқылы онан да ажарлы, көркемдеп, ғылым арқылы онан да мағнапалы, жемісті етіп таныйды, өзіне бағындырады. Белинский — ақын жаратылысқа еліктемейді, қайта саналы творчествосымен табиғаттың көркем бейнесін жасап шығарады, сол ғана табиғат көрінісінің шындығы — дейді, Иса. Міне, осындай табиғатты табынып емес, менгеріп, творчестволық көркем табиғат бейнесін жасап жазған ақын. Бұл классиктердің ақындық өнеріндегі үлгілі дәстүрдің бірі.

Исаңың лирикалы — романтикалы поэмаларының қазақ поэзиясының тарихында алатын орны елеулі.

Қазақтың жазба поэзиясында жастардың бас-бостандығы, махаббаты Абай лирикаларында бастап жырланды. Абайдың, Абай арқылы Пушкин, Лермонтовтың эсерімен қазақ әдебиетінде Ақылбайдың «Дағыстан», Мағауияның «Медғат Қасым» поэмалары, XX ғасырдың басында М. Сералиннің «Гүлкәшима» атты лирикалы поэмасы

жазылады. Бірақ бұл поэмалар шын мәнінде Пушкин, Лермонтовтардың романтикалы поэмаларының дәстүріне көтеріле алмаған еді. Бір жағы әлі халықтың ауыз әңгімесіне де байланысты еді. Қазақ поэзиясына лирикалы поэма жазуды ең алғаш үлкен творчестволық планда шешкен Сәбит Мұқанов болды. Сәбит өзінің «Жетім қызы», «Сұлулашаш» поэмаларымен қазақ поэзиясына Пушкин, Лермонтов дәстүріндегі сюжетті лирикалы поэма үлгісін енгізді.

Иса Байзақов та өзінің «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» атты поэмасымен қазақ поэзиясында лирикалы — романтикалы поэмаларың туып дамуында ең алғаш ат салысып, үлес қосты. Өзінің бұл поэмаларын жазуда Исаңын орыс әдебиетінен, алдымен Пушкин, Лермонтовтың лирикалы поэмалар жазуынан көп үйренгендейді даусыз. Оны біз Исаңың Кавказды, Ертісті, жалпы табиғатты сұлу жырлауынан да көреміз.

Онан соң Isa поэмаларының сюжет, тартыс түйіндерінде де, қаһармандарының жан сезімдерін суреттеуде де ұлы орыс классиктерінің ақындық мәдениетіне кең құлаш сермегендігі байқалып отырады.

XIX ғасырдан бері қарай «Евгений Онегин» романының Абай аудармасы арқылы қазақ арасына таралуы, қазақ поэзиясында лирикалы поэмалардың туып қалыптасуына зор әсер етті. «Евгений Онегин» романын Абайдың ақындық дәстүріндегі ақындардың және оның кейінгі халық ақындары (Куат, Сапарғали т. б.) халықтық вариантипен поэма етіп жырлауы қазақ поэзиясындағы үлкен жаңаңылдықтың бірі екендігі даусыз. Исаңың лирикалы поэмалары Абайдың, орыс поэзиясының әсерімен, сонымен бірге халықтық поэзияның жақсы дәстүрін сақтай отырып жазылғандықтан қазақтың совет поэзиясында іргелі орын алды, халық арасында көп тарады. Isa поэмаларының қазақ поэзиясында жаңа сюжетті лирикалы поэмалар тууына да еткен әсері күшті болды. Осы күнгі халық аузында таралып айтылып жүрген, белгілі халық ақыны Нұрқан Ахметбековтың бірқатар поэмалары Isa жазған лирикалы поэмалардың үлгісін сақтайды. Исаңың ақындығынан, әсірее сюжетті поэма жазудағы шеберлігінен талай ақын жазушылар үйреніп үлгі алатындығы даусыз. Сөйтіп Isa өзі жазба әдебиеттен тынымсыз оқып үйрене отырып, талантты шығармалары арқылы қайта сол жаз-

ба әдебиеттің дамуына елеулі әсер етіп отырды. Бұл совет қоғамы жағдайында ғана, тек совет әдебиеті тәжрибесінде ғана болған, болатын творчестволық табиғи зан-дышы.

Қазақ совет фольклорында эпикалы жанрдың даму жолдары бұрынғы ақындық дәстүр негізінде басталып, бірте-бірте жазба поэзия дәстүріне ауысу арқылы жүріп отырғандығын Нұрпейіс, Иса поэмаларының ерекшелігінен айқын көреміз. Нұрпейіс, оның төңірегіндегі ақындарда бұрынғы батырлар жырының дәстүрі жаңа идеялық, көркемдік мән алып дамыйтын болса, Иса, оның төңірегіндегі ақындарда жазба әдебиет дәстүрі басым болды, бұл соңғылардың творчествосы халық поэзиясының жақсы ақындық үлгілерін жазба поэзияға ұштастыру бағытында дамыды. Мұның өзі Совет дәүріндегі халық ақындарының занды творчестволық жолдарын анықтай беретіні белгілі.

Қазіргі халық поэзиясы туралы кейбір қортындылар

Халық ақындарының творчествосы — советтік патриотизм идеясын шын мәнінде тереңдей жырлап, коммунизм орнату жолындағы бүкілхалықтық куреске атсалысқан, еткір, оралымды, жай халыққа жетімді поэзия. Соңдықтан халық таланттарының творчествосының үздіксіз есе беруіне партия әрқашан қамқорлық жасап, басшылық көрсетіп отырды.

Партиялық басшылыққа сүйенген әдебиет жұртшылығы халық әдебиетін танудағы идеологиялық бұрмалаушылыққа, халық творчествосының келешегіне шек қоюшылыққа тойтарыс беріп отырды. Рас, соғыстан кейінгі жылдарда қазақтың советтік халық поэзиясын, сонымен бірге қазақ әдебиетін дамытуда ерекше енбегі бар Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскей, Қуат, Саяділ, Шашубай, Төлеу, Нартай сыйкты аса бір талантты ақындар қайтыс болды. Бірақ бұлардың шығармалары, творчестволық дәстүрі халық арасына кен тарапалды, бүгінгі рухани мәдениетімізден елеулі орын алады.

Совет дәүірінің шындығын социалистік реалиzm әдісімен жырлаған Жамбылдың ақындық дәстүрі халық поэзиясының мұнан былай дамый беруіне негізгі бір үлгі

екендігі белгілі. Ақындық дәстүрді сақтау дегеніміз — бұрынғы ақынның творчестволық үлгісін сол күйінде қайталау деген сөз емес, сол жақсы дәстүрді өзіндік ақындық үлгі өнермен дамыту деген сөз. Бұғынгі халық ақындарының бірталайы (Омар Шипин, Кенен Әзірбаев, Жақсыбай Жантебетов, Қалқа Жапсарбаев, Сапарғали Әлімбетов, Нұрқан Ахметбеков т. б.) өздерінің ақындық таланттарын совет дәүірінде Жамбылмен қатар дамытты, социалистік өмір шығын жырлауда Жамбылмен идеялық үндес бола отырып, бірақ олар Жамбыл айтпаған тың тақырыптарды қамтыды, Жамбылға үқсамайтын өзіндік ақындық үлгілерді байқатып отырды. Кененнің ән-күйге байланысты лирикалы өлеңдері, Сапарғали, Нұрқандардың жазба әдебиетпен байланысты ақындық шеберліктері, Омар, Жақсыбайлардың колхоз, совхоз өнеркәсіп орындарының күнбек-күнгі өндірістік міндеттеріне тығыз байланысты өлең-жыр тақпактары — барлығы өзіндік ақындық өнер үлгілері.

Қазіргі халық поэзиясын дамытушылар Жамбылмен замандас ақындарға емес, өзінің өлең-жырларын халық арасында айтып жүрген, жаңада байқалған ондаған халық таланттары. Бұлардың творчествоосы біздің әдебиет, мәдениет жүртшылығымызың қолдауымен кең көлемде дамуда, халық поэзиясының тандаулы үлгілері жазып алышып, жариялануда.

Қалың көпшілік арасында өлең-жырларын домбыраға қосып, жырлап айтып жүрген ақындардың шығармалары ел арасына ауызша тарапатын болса, екінші жағынан аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдардың бетінде өлең-жырлары басылып жүрген ақындар да бар. Оның бережағында, қарт ақындардың өлең-жыр, дастандары мол көлемде Қазақстан жазушылар одағы мен Қазақ ССР ғылым академиясы тарапынан жыйналып, жазылып алғынады.

Егер қарт ақындардың соғысқа дейінгі жырларында колхоздағы, өндірістегі еңбек ерлері — стахановшылар жалпы бейнеленсе, ал соғы жылдарда туған жырларда белгілі бір колхоз не совхоз, белгілі бір даңқты еңбек ері нақтылы суреттеледі. Осы нақтылы суреттеудің негізінде үздік колхоздардың, үздік совхоздардың, үздік еңбек батырларының көркем бейнелері елестегіледі және мұндай өлең-жырлардың бірталайы әңгімелі, сюжетті болып келеді. Мәселен, Кененнің «Ақ алтын», Жақсыбайдың «Ел

дәүлеті өркендер өсө берсін», Саяділдің «Диканшы қыз», «Жылқышы», «Екі қойшы», «Тұрксиб бойында», Омардың «Даңқты жылқышы», Төлеудің «Қошан ұста», «Егінші Іргебай», «Өскен мал», «Өнерлі енбек», Сапарғалидың «Жылқышы туралы», Рақымбайдың «Шалабай» атты өлең толғаулары нақты адамдардың енбек өмірін сыйпаттайды.

Ауыл шаруашылығындағы техникалық енбек процесін поэзиялық тілмен суреттеуге ақындар жырында едәуір мән беріледі. Игенсаров Фабдіман комбайнмен егін оруды былай суреттейді:

«Бас ііп, сәлем берген күн мен айға,
Далыйып жатқан жалпақ егін жайға,
Кілікті кек комбайн салып ойнак,
Қамалап қабырғалап ак бидайға.
Алдыңғы тракторшы жер жебелеп,
Рульді онға-солға бұрып келед.
Алыштың шекесінде отырған қыз,
Токта! — деп орамалмен белгі беред...
Түзелді эне, жүрді, тұтін атты;
Зіркілдеп шымырқанды дүр-дур қакты.
Зырқырап түрлі тетік шыр айнала,
Би билеп «Бура бұрқан» күйін тартты.
Ақ мекен карша борап қалқып жатты,
Сорғалап кең корапқа дәндер акты,
Енбектің тегершігі шырқөбелек.
Айналды, минутында мың дәңгелеп
Алтын дән жаудыраған көзді тартып,
Қырманға үйлгенде тау төбелеп».

Бұл — енбек процесінің жалаң суреті емес, ақын тілімен берілген нақтылық көркем сыйпат. Ақын комбайнның егін орағы үстіндегі қыймылын осылай шебер суреттегендемен, сол күрделі машинаны менгеріп жүргізуши енбек адамы — комбайншының тұлғасын ашып көрсете алмайды.

Сөйтіл, колхоздағы енбек өмірі және мәдени-тұрмыс бейнесі, социалистік енбектің даңқты батырлары — жаңа адамдар образы ақын-жыршылардың өлең-толғауларында нақтылы бейнеленуі — халық творчествосының жаңа дәуірде дамуының маңызды бір ерекшелігі. Мұнда тек тақырыпты, өмір шындығын дәл қамтудың маңызыған сез болып отыр. Сонымен бірге бұл факт соғыстан бұрын жалпыланып, үстірт жырланған тақырыптардың терендей, түйінделіп жырлануға, шағын лирикалы өлең-жырлардан эпикалық — сюжетті жырлардың туып-дамуына бет алған процесті көрсетеді. Соғысқа дейінгі, соғыстан кейінгі

жылдарда халық поэзиясында өнеркәсіптегі адамдардың еңбек ерлігі едәүір жырланды. Эсіресе Доскей, Шашубай, Ильяс Манкин, Қайып, Қөшен, Ғабдіман т. б. ақындар Қарағанды, Балқаштағы жұмысшы, шахтерлердің өмірін, олардың даңқты істерін өздерінің өлең, толғауларында, айтыс, жырларында мол сыйпаттады. Осы тақырыпты жырлаудың қортындысы ретіндегі елеулі шығарма—Иген-саровтың «Лавадағы өмір» атты поэмасы. Ақын совет отанындағы алып көмір ошағы — Қарағанды шахтерлерінің еңбектегі өмірін, семьялық түрмисын сюжет, тартыс негізінде алып суреттейді, алған өмірлік объектісін, адамдардың кескін-келбетін, мінез-құлқын шебер бейнелейді. Демек, бұл поэма халықтық поэзияда ғана емес, қазак совет әдебиетіндегі елеулі шығармалардың бірі екендігі даусызы.

Халық ақындары өздерінің жүректерін жарып шыққан ең жылы сөздері мен нәрлі ойларын елімізде жаңа өмір орнатқан халқымыздың коммунизмге бастаушы — коммунистік партияға арнайды. Төлеу ақын партияның XIX съезінә ариған өлеңінде былай дейді:

Партиям — аскар белім, женіс туым,
Құлпыртқан кең даламның ойын-қырын
Көтеріп көк жүзіне ак кептердей,
Съездің күрметіне айтқан жырым...
Есейдік партияның саясында,
Біз көрдік сан ғасырдың көрмегенін.
Біліммен, еңбекпен алдық тартып,
Меніреу табиғаттың бермегенін.
Партия — камкор басшым, ұлы ұстазым.
Өмірде ең жақынны, туысқаным.

(Сонда, 247-бет.)

Партия халықтарды өзара достық, бір-біріне туысқандық рухта тәрбиеледі. Халықтардың бір-бірімен достығы — олардың революциялық, азаттық күрес жолында, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, социализм құрылышы майдандарында сыннан өтіп, шындалған, мызғымас берік достық екендігін коммунистік партия үнемі кең үғындырып келді, совет халқын осы рухта тәрбиеледі. Сондықтан халықтар достығы қазактың қарт ақындарының творчествосында негізгі идеялық сарындардың бірі болып келді. Жамбыл өзінің көптеген өлең-жырларында, сонын ішінде Ворошилов туралы поэмасында қазақ орыс және басқа халықтардың өзара достығын көнінен жырлады.

Жамбылдың осы ерекшелігін Қенен Әзірбаевтың «Әли батыр», Нұрқан Ахметбековтың «Аманкелді дастаны» атты шығармаларынан да айқын табамыз.

Халықтар достығы идеясы халық ақындарының Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған өлеңдері мен поэмаларында мол жырланды және қазіргі бейбіт өмір, еңбек туралы шығармаларынан да кең орын алғып отыр.

КПСС ХХ съезінің тарихи қаулылары мен нұсқауларында көркем творчествосының дамуына, халықты советтік патриотизм рухында төрбиелейтін шығармалар беруге қатты назар аударды. Бұл партиялық міндетті орындауға ақын жазушылардың қатарында халық ақындары да елеулі ат салысатыны даусыз.

Совет халқының коммунизмге өрлеу жолындағы дүниежүзілік тарихи жеңістері мен алғып ерлік күрестерін бейнелеген халық творчествосының социалистік мәдениетімізде алатын орны ерекше. Халық творчествосы совет халқының өмірін жан-жакты қамтып, оралымды жырлауы арқасында, халық арасында қолма-қол тез таралуы арқасында бүкіл халықтық маңызы бар саяси-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруда аса қолайлы, өткір идеологиялық құрал болғандығы даусыз.

Демек, халық ақындарының шығармалары — өзінің шығышылдығымен де, халықтың ұғымына жақын көркемдік ерекшелігімен де қалың қөвшіліктің рухани, мәдени тіршілігімен біте қайнасып араласқан шын мәніндегі халықтық шығармалар. Ал мұндай шығармалар, мұндай әдебиет өшпек, тоқырамақ емес, қайта өсе бермек. Халық поэзиясының осындай ескендігін, оның жазба поэзиямен ұласып, тоғысып жатқанын әдебиетіміздің дамуы барысънан айқын көріп отырмыз.

Халық ақындарының ішінде хат танып, өз бетімен оқып, өз өлеңін өзі ұқыпты түрде жазып отыратындарының шығармалары идеялық көркемдік жағынан жыйнақты, жатық келеді. Бұл ретте қазіргі ақын-жыршыларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ — хат танымайтын немесе шала сауатты, қазіргі өмір шындығын, жазба әдебиет үлгісін басқаға оқытып, не ауызша, не радиодан естіп білуші ақындар (Кенен, Қалқа, Есенсары, Халима, Есдәулет, т. б.)

Екінші топ — хат таныйтын, қазіргі өмір шындығын газеттерден өз бетімен оқып отыратын, бірақ жазба әдебиет үлгісін терең ұғынып, мецгерменеген ақындар (Әбдіға-

ли, Куаныш, Иманжан, Көшен, Төлеубай, Молдахмет, Элібек, тағы басқалар).

Үшінші топ -- хат таныттын, қазіргі өмір шындығында, жазба әдебиет үлгісін де өз бетімен оқып меңгеріп отыратын ақын-жыршылар (Сапарғали, Нұрқан, Ғабдіман, т. б.)

Идеялық, творчестволық бағыты бір болғанымен, ақындық шеберлік, бұрынғы дәстүрге өзінің ақындық жаңалығын қосу жақтарынан бұлардың өзара толып жатқан айырмашылықтары бар екені даусыз. Аталған үш топтың әрқайсысына тән негізгі сыйпаттары бар. Бірінші топтағы ақындар өмір шындығын негізінде бұрынғы ауыз әдебиет дәстүріне, өздері менгерген жазба әдебиет өнерін қосып отырып жырлайды. Бірақ бұл қосып араластыру химиялық реакция сияқты мұлде кірігіп жымдастып кетпеген, ала-құла болып келеді де, ақындардың шығармалағында бірыңғай қалыптаскан, дамып отыратын көркемдік принцип байқалмайды. Үшінші топтағы ақындар өмір шындығын ауыз әдебиеттің ең жақсы ақындық дәстүрін сактап отырып, жазба поэзияның өнерімен жырлауға тырысады. Эрине, осы үш топтағы ақындардың қайсысына да болсын жазба әдебиеттің, совет әдебиетінің идеялық көркемдік әсері үнемі қуатты болып келгендігін ұмытуға болмайды. Тек ол әсер ақындардың бірқатарында айқын сезілсе, енді бірқатарында көмескі байқалады.

Ақын жыршыларды осындай үш топқа жіктеу, эрине, түпкілікті зан емес. Ақындардың шығармалары зерттеле келе, мұндан жіктеудің саны не көбеюі, не азаюы ықтинал. Біздің бақылауымыз, негізінде, әзір осы үш топты байқатып отыр. Бұл жіктеу сонымен бірге әрбір ақын-жыршының өзінің ақындық ерекшеліктерін жокқа шығармайды. Қайта осы жіктеу негізінде әрбір ақынның творчестволық өмірін нақтылы білуімізге мүмкіндік туатын сыйкты.

Казақ совет әдебиетінде ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның творчестволық қатысы күшті. Ауыз әдебиегінің дәстүрі ақындарға халықтың ғасырлар бойғы ең асыл, ең өткір сөз қазнасын сарқып пайдалануға мүмкіндік беретін болса, жазба поэзия қарт ақындардың идеялық-творчестволық есүіне, жана ақындық өнерді дамытуына кен жол ашады. Орыс әдебиетінің классикалық үлгісінде дамыған Абай дәстүріндегі жазба әдебиеттің идеялық-көркемдік әсері әсіресе зор екендігін біз соңғы топтағы ақындардың

творчествосынан ғана байқап қоймаймыз, Жамбыл бастаған ақындардың әрқайсысының творчествосынан да айқын көреміз. Абайдың, Абай арқылы орыс әдебиетінің творчестволық әсерін жас күнінен сүйіп қабылдаған Иса, Төлеу, Нұрқан, Сапарғали, Куат сияқты ақындардың өлең-жырлары ақындық шеберліктің әралуан үлгісімен жазылған. Куаттың «Ленин», «Алатай», «Жаз көркі», Сапарғалидың «Көсемдерге», «Жылқышыларға», Төлеудің «Менің өмірім», «Құлаш жайран кең дала» атты өлең, дастандары — терең идеялық мазмұнды берумен қатар сыртқы өмір көрінісін, ішкі сезім күйін де шебер суреттеген көркем суретті поэзия. Бұл ақындардың Пушкиннің, Абайдың өлеңдерін көбірек қасиет тұтып, жаттап айтуы да табиғи заңды.

Тақырыбы, қамтыған тарихи оқығалар кезеңі, өмірлік объектілері бір-біріне жақын «Әли батыр» поэмасы мен «Аманкелді дастанының» көркемдік дәрежелерінде айырма үлкен. Бұған салыстыру ретінде бірер мысалдар келтірелік. 1916 жылғы майданның қара жұмысына қа-зактан адам алу туралы патша жарлығы шыққан мезгілдегі ел басына түскен ауыр халды, халық қайғысын Қенен былай береді:

Бір күні ақ патшадан келді жарлық,
Жатқан кез соғыс болып, жерді қан қып,
Төрт үйден бір жігітten бересін деп
Қырғызға қазақпенен салды салық.
Қалың ел қатты састы селебеден,
Шошыды жүрт жүргегі бұл пәледен,
Патшаның әмірі күшті, елде ерік жоқ,
Жылдысын тау мен тасты көбелеген¹

Ал Нұрқан былайша суреттейді:

Қарі ана сүт пісірген жерошақта,
Жүргегі басылғандай қызыл шокка
Түсті ыршып әлгі хабар әлегінен
Жапанды өрт алғандай сол бір шакта.
Өнінде көрді сүмдық, тұс көрмей-ақ
Ұрынды ел улы сусын ішкендей-ақ
Өртенді ел уайымның ошағында.
Жарқ етіп төбеден жай түскендей-ақ.
Ажары кетті тозған кенедей бол,
Кайғының топанында арпалысып
Толқыды ел, дауыл соққан кемедей бол.²

¹ Қенен. «Әли батыр». 1949. 3-бет.

² Нұрқан. «Аманкелді дастаны». 1951 ж. 78-бет.

Кенен поэмасында оқыйғаны қызықтап, дәл айтып беру бар. Ал Нұрқан поэмасында оқыйғаны қызықтап баяндаумен қатар геройлардың мінез-құлықтарын, кескін-келбетін, өмір, табиғат көрінісін ақын тілімен көркемдеп суреттеп көрсету бар. Алғашқыда өмір шындығын әңгімелеп айтып елестету болса, екіншіде өмір шындығын образды тілмен суреттеп бейнелеу болып отырады. Кенен поэмасында табиғат, өмірдің сырт көрінісі тіпті сараң, үстірт берілсе, ал Нұрқан поэмасында шебер дамытылып беріледі.

Поэзиялық шығармаларда ақын өзін суретші екендігін танытып отырмаған жерде оның өмір шындығын кең, туйіндеп бере алмайтындығы — талассыз қафіда. Міне, осында суреттілік Кенен поэмасымен салыстырғанда Нұрқанның дастанында ерекше байқалады.

Бұдан туатын қортынды сол — ершіл идеялы жазба поэзия халық творчествосының ақындық өнер жолында үнемі сұрыпталып, екшеліп, көркемдіктің жоғарғы сатысына көтерілуіне қуатты ықпал жасап отырады. Ақындардың соғысқа дейінгі және онан кейінгі дәуірдегі өлең-жырларында Жамбыл поэзиясында бар жеке адамға табынушылық, жалаңдық, тақырып қайталаушылық сыйкыты кемшіліктер бірталай орын алады.

Халық ақындары өздерінің өлең-жырларындағы идеялық-көркемдік кемшіліктерді әрқашанда жазба поэзияның жақсы үлгілеріне салыстырып түзейді, сонымен бірге олар өздерінің күрделі дастан, толғау жырларын жазушы, ақындардың күнбе-күнгі ақыл, сыйниан өткізіп, солардың берген кеңестерін толық ескеріп отырады. Онын бережағында халық жырлары басып шығару үстінде, белгілі дәрежеде, жазушы-акындардың жөндеуінен, редакциясынан өтеді. Ал қарт ақындарының идеялық-творчестволық қызметіне үздіксіз әсер ете отырып, жазушы ақындардың өздері де сол халық поэзиясының ұшан-теніз тіл байлығынан, халықтық талқыр шешендігінен, прогрессивті-эпикалық мотивтерінен үнемі үйренеді, үлгі алады. Сондықтан коммунистік партия халық творчествосын ба-рынша кең дамытумен бірге искусствоның халықтығы, оның халық творчествосымен тығыз байланысты болуы үшін күресу міндеттін әрдайым ескертіп, нұсқау беріп отырады.

Қазақ совет фольклорының даму тарихындағы басты бір ерекшелік — халық ақындарының өлең-жырлары сапа

жағынан да өсіп, халық поэзиясында үлкен эпикалық жырлар жасалып, қалыптаса бастағандығы. Оны біз Жамбыл, Нұрпейіс, Иса поэмаларының талдауларына байланысты байқадық. Совет дәуірінде халықтардың патриоттық дәстүрлеріне тән негізгі сыйпат — ерлік күрес. Олай болса бұл сыйпatty әпикалық шығармалар толық бейнелей алады. Эпикалық шығармалардың бәрі бірдей поэма болуы шарт емес. Ерлік күрестің, жеңімпаздық даңқтың лебі, сарын, күйі шағын толғау, жырларда да айқын беріледі. Тіпті, әрбір күшті ақындық сөздін лебінен де ерлік күрестің сарыны шалқып еседі.

Төңкеріп жауыздарды таставы елім.
Қапитал қолқасына қолды салып.

(Жамбыл.)

Тас кесіп бұзғандай қайрат күшті,
Ерсіндер жұрт мактаған жойқын ісі.

(Нартаї.)

Жамбылдың соғыс кезіндегі жауынгерлік жырлары бірін-бірі толықтырып, Ұлы Отан соғысындағы совет халықның батырлық тұлғасын жыйнақтап бейнелеген әпикалық жырдың үлгісін көрсетеді дедік.

Рас, әпикалық поэзияның негізі — көлемді жыр, дастандар, сюжетті поэмалар. Соғыс 20 жыл ішіндегі қазақ совет фольклорында күрделі әпикалық жырлардың даму процесі басталғаны даусыз. Бүгінгі оқыйбалы дастандар Үлгілері де — үлкен эпос жасау жолындағы ізденудің, дамудың елеулі сатысы болмақ.

Жаңа әпикалық шығармалар, сөз жоқ, бұрынғы батырлық жырлардың, тарих — революциялық ақызы, әңгімелердің ең жақсы прогрестік дәстүрлерін пайдалану негізінде туып дамыды. Мұның жақсы үлгісін Жамбылдың, Нұрпейістің творчестволық тәжкібесінен анық көреміз.

Халықтың бұрынғы эпостық шығармаларын, азыздарын творчестволық жолмен менгеруде партия ақын жашушыларға дұрыс бағыт беріп, оларды түрлі қате-кемшіліктерден сактандырып отырды. М. И. Калинин советтік эпостың туып дамуы туралы быттай дейді:

«Ал, шынында, советтік патриотизм біздің халықты ілгері дамытқан ата-бабалардың творчестволық ісінің мирасқоры... Бұгаудан азат етілген халықтар өздерінің

әпостық және тарихи батырларының образдарын асқан қуанышпен еске түсіруде. Олар бұл қаһармандарын өздерінің таңдаулы көркем шығармаларында бейнелеп көрсетті...

Демек, советтік патриотизм өзінің қайнар көзін халық әпосынан бастап, ежелгі заманнан алады; ол халық жасаған қазнаның ең таңдауларының бәрін өзінің бойына жыйнайды және барлық жетістіктерін ардақтап сақтауды ұлы аброй деп біледі.

Енді міне, бұрын капитализм жек көріп, тоқыратқан рухани өндірістің бір саласы, өткен заман мен бүгінгі замандағы халық творчествосының өрісін ұштастырған совет әпосы туды. Қоғамды қайта жасау негізінде дамыған социалистік процесс ұлы суретшілердің бейнелеуіне сай боларлық сан алуан мол қызықты тақырыптар туғызды. Халық қазірдің өзінде-ақ осы тақырыптардың ең таңдаулы дәндерін ірікеп алып, ұлы дәуір туралы және оның ұлы қаһармандары туралы эпикалық-геройлық поэмаларға қажетті жеке-жеке бейнелерді бірте-бірте жасап жатыр»¹.

Бұл — қазақ әпосын тануда да және эпикалық — геройлық жаңа поэмалардың туып дамуын анықтауда да маңызы аса зор қағидалы пікір. Қазақ совет фольклорындағы эпикалық-геройлық поэмалар, сюжетті жыр-дастандар жайы сөз болғанда бүгінгі күннің түрғысынан жырланған, тарихи және революциялық тақырыпқа арналған поэмаларды естен шығармаймыз. Мәселен, Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Ворошилов» поэмалары, Нұрпейістің «Ақкенже», «Өрістеген өмір» дастандары, Исаның «Алтай аясында», «Ақбөп» поэмалары, Саяділ Керімбековтың «Бес мылтық», «Өшкен жанды», Қенен Эзірбаевтың «Әли батыр», Нұрқан Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны», «Есім сері», «Аманкелді дастаны» тағы басқа көптеген шығармаларда тарихи шындықты, шиеленіскең қоғамдық тартыстарды жекеленген геройлардың өмірі мен әрекеті арқылы көрсетушілік үлкен орын алады. Егер Жамбыл, Қенен, Нұрпейіс поэмаларында ерлікті жырлау сарыны басым болса, ал Иса, Нұрқан поэмаларында ерлік пен лирикалық сарын ұштасып жырлады.

М. И. Катинин О коммунистическом воспитании. М. 1951 г.
113 стр

Онан соң, Нұрпейіс, Мұрын, Айса сыйқты ақын-жыраулар бұрынғы батырлар жырларының үшан-төкіз мол саласын кең көлемде дамытып жырлап берді. Сөйтіп, қазақ совет фольклорында эпикалық жырлардың күрделі үлгілері кең дамып, кемеліне келу дәуірі басталып отыр. Бірақ бұл процесс аяқталған жоқ. Қазіргі әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшелікпен, ақындық үнмен жырланып, таралған эпикалық поэмалар совет заманының даңқты ұлы ерліктерін, жеңімпаздық бейнесін кең қамтып бейнелеген күрделі эпикалық жыр дәрежесіне жеткен жоқ. Сол зор эпикалық шығармалардың топталуу, ұлғаю, жетілу процестері жүріп жатқандығын байқатады. Бұл даму тоқталмайды да.

Ақын — социалистік өмірімізде халыктың күнбек-күнгі жаршысы, үгітшісі. Қазір колхоз, совхоздарды аралап жүретін ақындардың көбі — әрі әнші, әрі сұрып салма ақын, әрі түрлі ойындар көрсетуші артист. Олар бұрынғы айтыстың салтын да толық сақтап отыр. Өз жанынан өлең шығарып айтпайтын, бірақ батырлар жырын немесе халық әдебиетінің санаудаң үлгілерін, осы күнгі жазба ақындардың өлең-поэмаларын жадына тұтып жаттап алып халық арасында тарататын жыршылар да аз емес.

Бұрынғы батырлар жырының фантазиялық сарыны қайталануы қазіргі заманының батырлық жырының бойына қаншалықты қонымды? Жаңа, социалистік замандағы ақынның шығармаларында фантазиялық элементтер болуы мүмкін бе? деген сұраулар қойылуы заңды. Горькийдің асыра ойлау, қыялға бөлеп беру — әдебиет үшін қажетті шарттардың бірі деген қағидасын эпикалық жыр көлемінде қалай пайдалануға болады? Эрбір қарт ақын өмір шындығын әртүрлі ақындық шабыт, қыялмен меңгеріп жырлайды. Ақын бүгінгі ерлерді сол жаңа ақындық өнермен қаншалық дәрежеге жеткізіп жырлай алды, оның ақындық қыялында осы заман шындығы қаншалықты қыйсынды, орынды елестетілді? Деген келелі сұрауларға жауап беру — қазақ совет фольклорын, халық ақындарының творчествосын жан-жақты зерттеудің басты бір міндеті.

Біздің социалистік қоғамда халық творчествоны гүлденіп, кең қанаттанып өсті. Капитализм тұншықтырып жоюға айналған поэзияның әралуан түрлерін социалистік қоғам қайта тудырып, дамытып отыр. Буржуазиялық қоғам халық әдебиетін толық мәніндегі көркем шығарма

деп таныған жок, қайта оны «санасыз», «идеясыз», «тәртіпсіз» шығарма деп қарады. Біздің коммунистік заманымызда ақын, жыршы жазушымен тен бағаланып, олардың шығармалық өрісіне кең жол берілді. Оған Жамбыл сыйқты ақындардың өмірі мен творчествосы толық дәлел.

Совет фольклорында шағын жыр, өлеңдермен қатар, көлемді дастандар, эпостың жаңа түрлері туып дамыды. Совет фольклорында жеке ақынның творчестволық ролі, даралық ерекшелігі де айрықша орын алады. Мұны біз белгілі карт ақындардың творчестволық жолынан, ақындық қызметінен, белгілі дастандарынан анық көреміз. Эр ақынның шындықты танып, көркемдеп беруінде өзіндік стилі, творчестволық ерекшеліктері бар. Бірінде бұрынғы жыр алты көбірек кездессе, екіншісінде жазба әдебиет әсері сеңіледі. Үшіншісінде жаңа тақырыпқа лайықты жаңа түр үлгісін жасау өнері байқалады.

Мұның бәрі — қазақ совет фольклорында басталып, дамып отырған үлкен, творчестволық процесс. Социалистік қоғамның күрес, жеңіс жолындағы айқын бір айнасы болып келген халық поэзиясы коммунизмге өрлеу жолында да еліміздегі ұлы құрылыш, ерлік жеңістердің бейнесін кең жырлап, жанр, түр, көркемдік жағынан өркендей бермек.

ҚОСЫМША

**Ақын, жырау, жыршылардың өмірбаяны
туралы қысқаша мәліметтер**

АЙСА БАЙТАБЫНОВ (1875 жылы туған)

Айса Ақтөбе облысы, Қобда ауданы «Өтешсай» колхозының мүшесі. Әкесі Байтабын да, онан кейін 18 жасынан бастап өзі де ұзак жыл байдың жалшысы — жылқышы болады. Өлең-жырды ол жастайынан бастап айттып, жасы 30 ға жеткесін жыршылықпен ел арапайды. Батырлар жырының мол нұсқаларын Бітеген, Нұрпейіс және басқа белгілі жыраулардан үйреніп жаттаған. 1918—1922 жылдары қызыл партизан катарында болып, ак бандыларға қарсы үрыстарға катынасады. 1922 жылдан партия мүшесі. Желілі батырлар жырын совет дәүірінде де дамытып айтады. Оның айтуынан жазылып алған «Қобланды», «Әуез батыр», «Ер Сайын», «Қөрүғұлы», «Телагыс» тағы басқа жырлардың нұсқалары Қазақ ССР ғылым академиясының кітапханасында сакталулы.

АЙМАНҚҰЛ ТӘЖІБАЕВА (1888—1952)

Айманқұл осы күнгі Қызылорда қаласында туып-өскен. Хат таңды. Жастайынан халықтың ауыз әдебиет үлгілерін көп оқып жаттаған. Орта Азия халықтарына ортақ дастаңдарды да көп білген. Өзінің шығарған өлең-жырлары негізінде совет тақырыбына, совет әйелдерінің бостандық бакытын жырауға арналған.

Айманқұлдің өлеңдері газет-журналдарда және кітап болып та («Ата даусы» 1939, 1948 ж., «Өлеңдері» 1950 ж. т. б.) басылған.

БОЛМАН ҚОЖАБАЕВ (1880 ж.)

Қарағанды облысы, Жезқазған ауданында тұратын ақын. Революцияға дейінгі өзінің кедейлік өмірін, совет дәүіріндегі колхоз бен өндірістегі жаңа социалистік еңбекті жырлайды. Халық әдебиеті үлгілерін мол біледі. Ақындар айттысина араласады. Өлеңдері газет-журналдарда басылып жүр.

ҒАЛИ ЖҰБАНДЫҚОВ (1888—1954)

Кекшетау ауданында туып-өсіп, колхоздағы социалистік еңбек өмірін шырлаған өлеңші ақын. Кекшетаудың белгілі әнші ақындарының сөздерін жаттап сактаған. Бірталай өлеңдері газет-журналдарда басылған.

ДОСКЕЙ ӘЛІМБАЕВ (1850—1946)

Доскей Ақмолада кедей семьяда туып-өсken, жастайынан кісісігінде жалшы болып жүріп, өз өміріне байланысты өлең-жыр шығарып айткан. Талай жүйрік ақындармен топка түсіп айтыскан. Совет дәүірінде Караганды каласында жұмысшы, шахтерлердің қажырлы еңбегі туралы өлең, толғауларын айтып таратады. 1938—1943 жылдары ақындардың облыстық, республикалық слеттері мен айтыстарына белсene катнасып, импровизациямен көптеген өлеңдер шығарады. Оның өлең, толғау, дастандары Карагандының облыстық және республикалық газеттерінде үнемі жарияланып отырды және әртүрлі жыйнектарда да жеке кітап болып та («Толғау» 1941 ж.) басылды. 1939 жылы Доскейге Қазак ССР-ының искуствоға еңбегі сіңген қайраткері деген атак берілді және 1940 жылы құрмет белгісі орденімен наградталды.

ЕЛЕУСІЗ БАЙЫРБЕКОВ (1892—1944)

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданында творчестволық өмірін өткізген, ақын колхозшылардың үлгілі еңбегін, жана тұрмысын көп жырлаған, бірталай өлеңдері газет-журналдарда жарияланған.

ЕРТАЙ ҚҰСАРИЕВ (1892)

Алматы облысы, Іле ауданы «Қызыл ту» колхозында тұратын белгілі ақын, колхоз тұрмысы, революциялық жеңіс тақырыбында өлең-жыр такырыптар шығарып айтумен бірге тарихи тақырыпка да бірнеше дастандар жазған. «Мың бір түн», «Арқалық батырлар» әнгімелерін өлеңге айналдырып жазған. 1949 жылы «Мұцлық-Зарлық» дастаны басылды. Қазак ССР ғылым академиясына көп материал жыйнап беріп келе жаткан тілші.

ЕСТАЙ БЕРКІМБАЕВ (1870—1946)

Белгілі әнші ақын Естай Павлодар облысы Ертіс бойында туып-өсken. Акан сері, Жаяумұса, Әлдембай сал, Құдайберген сыякты әнші ақын, композиторлармен жолдас болып жүріп, ел аралап ән салып өлең айткан. Совет дәүірінің шындығын бейнелеген өлең жырлар да шығарып тараткан. Естайдың «Корлан», «Бір мыскал», «Туды күнім», «Жана заң» атты өлеңдері халық арасында кең таралған. Оның музыкалық шығармалары, өлеңдері совет дәүірінде көтеп басылды келеді.

ЕСЕНСАРЫ ҚҰНАНБАЕВ (1895 ж.)

Жыршы, өлеңші Есенсары Семей облысы, Аяғөз ауданында тұрады. Жастайынан өлең-жырды, дастандарды, әсіресе Абай, Эріп, Әсет, тағы басқа жазба акындардың өлеңдерін жатқа айтып таратқан. Қазак ССР ғылым академиясына ауыз әдебиет үлгілерін жыйнап беруші тілші.

ЕСДӘУЛЕТ ҚАНДЕКОВ (1887 ж.)

Өлеңші, жыршы Есдәulet Жамбыл облысы, Краснодар ауданында, «Актерек» колхозында тұрады. Жамбылдың касына еріп өлең-жыр айтқан. Совет тақырыбына арнаған өлең шығармаларының бирталайы газет, журналдарда басылған. «Шаян батыр» атты дастан шығарған. Өзінің жатқа білетін дастандарын, бұрынғы батырлар туралы жыр әңгімелерін ғылым академиясына үнемі тапсырып келді.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846—1945 ж.)

Данкты ақын импровизатор Жамбылдың туып-өскен жері Жетісу, Алатау бектеріндегі ел. Әкесі Жапа кісі есігінде жалшы екен, өзі де жастайынан кедейлік, жокшылық зардабын көп керсе де өлең, жырга, домбыра тартуға ерте әуестенген. Сүйімбай сыйкты атакты ақынның қасына еріп жүріп ақындық өнер жөнінен үлгі алады, ел аузындағы өлең, жырларды, тарихи жыр, дастандарды, ақындардың айтыстарын тағы басқа халық әдебиеті үлгілерін де жаттап айтады.

Жамбыл өз заманында талай ақындармен айтysка түскең. 1881 жылы Құлмамбетпен, 1898 жылы Сарыбаспен, 1902 жылы Досмамбетпен, 1909 жылы Шашубаймен айттысып, ол айтystардың бәрінде де Жамбыл өзінің турашыл, тапқыр ақындығымен жеңіп отырған.

Жамбылдың ақындығы бүкіл Жетісу және қырғыз еліне кең таралып, оны жүрген жерінде халық қатты құрметтейді. 1916 жылы Жамбыл халық көтерлісін колдаған өлең-жырларын айтады.

Жамбылдың шын мәніндегі ақындық талантты Ұлы Социалистік Октябрь революциясынан кейін, совет дәуірінде кен дамып, кемеліне келіп, ол көптеген өлең-жырларын айтys таратады.

1927 жылғы «Замана ағымы» атты поэмасынан бастап Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық толғау жырларына дейін, ақынның шығармалары социалистік дәуірдің шындығын, совет адамдарының ерлік күрестерін, халық тұysқандығын бейнелеуге арналған.

Жамбылдың идеялық көркемдік жағынан күшті өлең-жырлар айтуына Қазакстанның ақын жазушылары үнемі идеялық, творчестволық ықпал жасады. Импровизациямен айткан өлең-жырларын үқыпты түрде жазып алып отырған ақын жазушылар Жамбылдың өзінен көркем әдебиет үлгілерін, аударма арқылы орыс ақындарының өлеңдерін де оқып беріп, қоғамдық өмір, саяси, тарихи уақыттар, ғылыми жағдайлар жөнінде де оған құнбек-құн кең түсініктегер берді.

Жамбыл Москвада бірнеше рет болып, оның сән-салтанатын та-

машалай көрді. **Москвалагы орыстың көрнекті мәдениетті қайраткерлерімен**, атакты жазушыларымен кездесіп отырды. Ол Қавказға да саяхат жасап бағылары мен көзделіп отырды. 1936 жылдан бері қалай Жамбылдың өлеңдерінде жалғыз казак тіліндегі гана емес орыс тіліне көптеп аударылып, сол арқылы Совет Одағындағы халықтардың тіліне және личие жүргіндегі көп халықтардың тіліне аударылып кен тара алды. Жамбылдың жеке кітап болып үздіксіз басылып келе жаткан шығармалада жыйнағы ете көп: «Алең-жыргалы» — 1937, 1938 ж. ж. «Сұраншы батыр» — 1939, 1940 ж., «Путешествие на Кавказ» — 1948 ж., «Жамбыл шығармалары» I т.—1940 ж., «Болат тонды батыр» — 1940 ж., «Майдан жыны» — 1942 ж., «Алынбас камал» — 1943 ж., «Песни войны» — 1944 ж., «Камал бұзған қаһапман» — 1945 ж., «Толық шығармалары» — 1946 ж., «Стихи, поэмы» — 1948 ж., «Толық шығармалары» I, II, III т.—1955 ж. тағы басқалар.

Жамбылдың патриоттық өлең-жырларын бүкіл совет халқы зор сүйіспеншілік сезіммен кабыл алғып оқыды. Коммунистік партия мен совет үкіметі ақынның советтік халық поэзиясын дамытудағы енбекін жоғалы бағалап, оған алрайым камқорлық жасап отырады. Жамбыл Енбек Қызыл Ту (1936 ж.), Ленин (1938 ж.), Құрмет белгісі (1941 ж.) оған дәлелдепімен наградталды. 1938 жылы ақынның творчествотың енбекінің 75 жылдық мегекесі тойланып етті. Осы мепе-кеге байланысты «Правда газеті Жамбыл поэмасына арнаулы мақала жазды. Совет Одағындағы аса қөрнекті М. Шолохов, А. Толстой сыйяты жазушылар, сондай-ақ дүниежүзілік прогресспіл жазушылар да Жамбылдың ақындығына айрықша баға беріп жазды. Франциуздың атакты жазушысы Ромэн Роллан: «Батыс Альпінің жүрерінен казак халқының және жаңа адам баласының жыршысы — Казакстан даласының жүрері Жамбыла туыскандық сәлем» («Казахстанская правда» 22. V. 1938) деп телеграмма берді. Данияның атакты жазушысы Мартин Андерсен Нексе де Жамбылға «Ең бақытты адамсын, қошшепіл өмірден алдынғы катарлы совет мәдениеттің биік сатысына көтерілген қызықты, бай өмірді басыңыздан кешіпген, сіздің жүреріңіз мәнгі жас, еркін, бақытты совет елінде жасай берсің» деп жазды.

1938 жылы Жамбыл Казак ССР Қоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. 1941 жылы Жамбылға Сталиндік сыйлық берілді.

Жамбылдың Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық жырлары майданлағы жауынгерлерді де, тылдағы еңбекшілерді де жеңіске, ерлік куреске шакырган жалынды поэзия болды. «Ленинградтық өрендерім» атты белгілі толғау жырының маңызы аса зор болғандығын, көмекке келген калың колдай. Ленинградтық коргаушыларды жігерлендіріп, кайраттандастырып жібепгендігін В. Вишневский, А. Прокопьев және басқа жазушылар айырықша атап жазды. Жамбыл 1945 жылы 22 іюнь күні қайтыс болды. Ақын өзінің ата мекені Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл колхозындағы өз үйінің бакшасына жерледі. Қабыры айнала коршалып, сыртынан кен күмбезді мавзолей (мазар) салынды.

1946 жылы Жамбылдың туғанына жұз жыл толу мерекесі откізілді. Жамбылдың бүрынғы түрған үйі әдеби музейге айналдырылды, оған ақынның мүліктері мен катар шығармаларына байланыста колжазбалар, кітаптар, суреттер, тағы басқа материалдар сакталып койылған.

ЖАҚСЫБАЙ ЖАНТӘБЕТОВ (1888)

Белгілі колхозшы ақын Жақсыбайдың туып-өсken жері қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданы. Революцияға дейін де, революциядан кейін де ақын көбінесе еңбек адамдарының өмірін, егіншінің, малшының түрмисын жырлайды. Облыстық, республикалық ақындар айтысында, жазушылардың слетіне үнемі катнасып келеді. Хаттаныды. Өлең-жырларды ауызша айтуда арқылы да, газет-журналдарда басылу арқылы да халық арасына кең тарауда. Коммунист, жазушылар одағының мүшесі, Шу аудандық советінің депутаты Жақсыбай колхоздарды аралап жүртшылыкты еңбек ерлігіне, партия мен үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылык міндеттерді орындауға үндейтін өткір үгіт өлеңдерін айтуда таратады. Құрмет белгісі орденімен наградталған. Жақсыбай да ауыз әдебиетінің үлгілерін айтуды және үқыпты жыйнаушының бірі.

ЖОЛДІКЕЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ (1886).

Импровизатор ақын — Жолдікей Караганды облысы, Нұра ауданында тұрады, туып-өсken жері де сол ел. Жасынан өлең-жырды кеп айткан. Хаттаныды. Ауыз әдебиеті үлгілерімен көтар жазба ақындардың өлең, дастандарын да оқып жатқа айтуда тараткан. Совет дәүіріндегі ақындардың айтысына белсene қатысқан, ол айтыс жырларының бірталайы басылып шықты.

ИСА БАЙЗАКОВ (1900—1946)

Белгілі импровизатор ақын Иса қазіргі Павлодар облысы, Ертіс бойында кедей семьяда туып-өсken. Жастайынан жалшы, жұмысшы бола жүріп, өлең-жыр айткан. Революцияның алғашкы жылдарынан бастап совет құрылышының шындығын, халықтың бакыты мен бостандығын, ұлы Ленинді жырлаған өлең-толғауларын ауызша да айтуды, жазып да таратады. Көптеген ақындармен айтыска түсіп, олардың берін де жеңіп отырады. Ол «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Қавказ», «Он бір күн, он бір түн», «Ақбөп» атты поэмаларын жазды. Ақынның өлең-жыр, поэмалары 1924 жылдан бері газет-журналларда да, жеке кітап болып да басылып келеді. «Құралай сұлу» — 1926 ж., «Ұлы құрылыш» — 1933 ж., «Алтай аясында» — 1934 ж., «Қавказ» — 1940 ж., «Ақбөп» — 1945 ж.. Таңдамалы шығармалары — 1948 ж., Поэмалары — 1950 ж., Шығармалары — 1956 ж. Иса ақынғана емес, әнші, артист, халық композиторы. Ол театрда әнші ертеген болып жүріп «Желдірме», «Қарағанды» съякты өлеңдер және көп-теген ән текстерін шығарып таратқан. Иса 1939 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған.

ИМАНЖАН ЖЫЛҚАЙДАРОВ (1882)

Ақын-жыршы Иманжаның туып-өсken жері Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы. Қазір Алматыда тұрады. Өлең-жырды жастайынан айткан. Акан сөбі, Палуан Шолак, Құлтама съякты бүрінші әңші ақындарының бірталайын көріп, касына еріп жүріп, өлең-жырын,

ән-құйларін жаттаған. Иманжанның совет тақырыбындағы өлең-жырларының біркетары газет-журналдарда басылып келеді. Иманжан казактың өткендең ақындары, ел басынан кешкен тарихи уақыттарлар туралы ақыз-әнгімелерді, өлең-жырларды, фактыларды мол билетін үлкен жырши, әнгімеші (сказитель). Сондыктан ол өзі білетін мол материалдарын ғылым академиясына үнемі тапсырып келеді.

ИЛЬЯС МАНКИН (1880—1954)

Белгілі ақын Ильястың туып-өсken жері Караганды. Караганды жұмышшыларының тұрмысы мен еңбегі ақын жырларының негізгі тақырыбы болып табылады. Ильястың өлең-жырлары Карагандының облыстық «Советтік Караганды» газетінде мол басылған.

Ильяс Карагандыдағы ақындар айттысина белсene катысты. Октябрь революциясының женісі, Ленин көсем, Ұлы Отан соғысының батырлары туралы жазған өлеңдері де газет-журналдарда басылып келеді. Ильяс хат таныйды, жазба ақын-жазушылардың шығармаларынан да үлгі алыш отырган.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ (1888)

Әнші ақын импровизатор Кененнің туып-өсken, ақындық өмірі өткен жері Жетісу, Алатау бөктері, ол көзір Жамбыл облысы, Красногор ауданында тұрады. Революцияға дейін өзінің жастық, кедейлік, жашылық тұрмысы туралы жырлап келген ақын Социалистік Октябрь революциясының женісі, ауылдағы совет құрылышы тақырыбына арнап көптеген өлең-жырлар шығарып таратады. Кепен ақындық, әншілікпен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазакстан, Талдықорған облысындағы елді, колхоздарды, қырғыз елін де арапал, өзінің өлең әндөрін айттып, жүртшылықты социалистік құрылыш ісіне, еңбек ерлігіне жұмылдырып белсene ат салысады. Кенен өз шығармаларымен кетар халық арасынан Жамбыл, Шашубай, Палуан Шолақ сияқты казақ ақындарынан, Мұрталы, Сагымбай, Әлімқұл, Халық сияқты қырғыздың жырши манасшыларынан естіп жаттаған ән-құйлерді, өлең-жыр, дастандарды шебер орындағыны әнші жырши. Ол Сүйімбай бастаған Жетісу ақындарының сөздерін де, қырғыздың ұлы «Манас» дастанынан үзінділер де мол біледі. Оның музикалық шығармалары да, өлең-жыр дастандары да газет журналдарда және жеке жынын болып та басылады. «Әли батыр» (поэма 1949 ж.), өлеңдері мен дастандары (1952 ж.), шығармалары (1956 ж.) Кенен ақындардың слеттерінде үнемі катысып келеді. Ол бірнеше рет Москва қаласында болды, Қазақстан жазушылар одағы мен композиторлар одағының мүшесі; Құрмет белгісі орденімен наградталған.

КЕҢІШБАЙ ЖҰБАНДЫҚОВ (1865)

Белгілі импровизатор ақын Кенішбайдың туып өсіп, өлең айткан жері Караганды облысы, Конрат ауданы. Ол Арқадағы атакты айтты ақындарымен кездесіп, ақындық, шешендік өнерді жетілдіріп

өтырған. Бірқатарымен айтысқан. Колхоздардың еңбек өмірін, совет адамдарының ерлігін жырлаған өлеңдерді және бұрыннан жатқа білетін бірталай өлең-жырлары «Советтік Қарағанды» газетінде басылған.

МОЛДАХМЕТ ТЫРБИЕВ (1892)

Белгілі жыршы, әнші Молдахмет Қекшетау еліндегі әнші ақындардың өлең-жырын, олардың творчестволық өміріне байланысты әңгімелерді көп біледі. Әзі шығарып айтқан өлең-жырлары халық арасына аузыша да, баспа арқылы да кең тараған. 1943, 1944 жылдары облыстық, республикалық ақындар айтысқына белсене араласты. Хат таныйды. Өлең жырларды домбырамен айтады.

МҰРЫН СЕНГІРБАЕВ (1860—1952)

Белгілі жырау, жыршы Мұрын, қазіргі Гурьев облысы Маңғыстау ауданында туып-өсken. Үста, малышы, балықшы болған. 18 жасынан бастап өлең-жыр айтқан. Қазак жыршыларының ішінде батырлар жырын ең мол білген желілі ақын. Ол жыршылықпен Батыс Қазақстандағы елді, Түркпен, Қарақалпак елдерін де аралаған. Оның дамытып, салалап жырлайтын «Қырық батыр жыры», (әрине бұл қырық жырдың ішінде ескі сананың әсерімен дәріптеп жырланаңдары да бар). Алайда казактың басқа жыршы, жырауларымен салыстырғанда батырлар жырын мұндайлық жүйелей дамытып, үзақ жырлаған ақын болған емес. 1942 жылы Алматы каласында Мұрынның жыры үш ай бойы жазылып, онан қырық мындағы өлең, жыр алдық. Ол қолжазба Қазақ ССР ғылым академиясының кітапханасында сактаулы.

НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ (1890—1955)

Ақын, әнші Нартай қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданында кедей семьяда туып-өсken. Ол өзінің кедейтік жастиқ, әншілік өміріне байланысты өлеңдерді және Сыр бойына белгілі шешен, тапқыр ақындардың сөздерін де социалистік күрылым тақырыбына, еңбек ерлігіне арнаған толғау-жырларын да ел арасына айтып таратқан. Эсем асқак дауысты әнші Нартайды гармонға косылып қүй-қылжытып айтқан өлең-жырларын халық айырықша ықласпен қабылдай тындайды. Сондыктан да ол 30 жылдардан бастап бір топ әнші-акын, артистерден құралған үгіт бригадасын басқарып Қазақстанның көп жерлерін аралап ән салып, өлең айттып, концерт беріп отырды. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Ол саяхат жасап Москва каласына, Орта Азия республикаларына да бірнеше рет барды. Ақындардың жергілікті және республикалық айтыстарына, слеттеріне, жазушылардың съездеріне үнемі катынасып, импровизациямен өлең айттып отырды. Оның жырларының бірталайы облыстық, республикалық газет-журналдарда, жеке жынын болып та («Домбыра сазы» — 1950 ж.) жарияланды. Нартай Құрмет белгісі орденімен наградталған.

ҚӨШЕН ЕЛЕУОВ (1892)

Белгілі ақын Қөшен Елеуов Қарағандыда тұрады, сол Қарағандының тарихы, шахтерлердің еңбек ерлігі туралы өлең-жырларды көп айтты, кезінде Қарағандының Ильяс, Шашубай, Маясар сыйкты белгілі ақындармен айтыска түсіп, жұмысшыларды еңбек өнімін арттыруға шакырады. Қөшеннің өлең, дастандары газет-журналдардың бетінде жарияланды. Қөшен хат танылды. Сондыктan оның айтқан және жазған өлеңдерінде жазба поэзияның ақындық әсері айқын байқалып отырады.

НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН (1860—1945)

Нүрпейіс осы күнгі Актөбе облысы, Темір ауданында кедей семьяда туып-өсken. Жастайынан домбыра тартып, өлең айттып, ел аралаған. Оның ел аралап жүріп айтқан өлең-жырларының бірқатары элеуметтік өмір шындығын, кедейлердің аянышты түрмисын суреттеуге, байлардың, болыс-білердің қыянатын әшкерелуеге арналған.

Нүрпейіс аскан ірі эпикалы ақын-жырши, сондыктan ол «Кобланды», «Құбығұл», «Төрекан» сыйкты көптеген батырлар жырын өз вариантында айтумен катар, «Аккенже», «Нар қызы» сыйкты поэмаларын шығарып айтты. Актан, Қазақбай сыйкты ақындармен айттысып жеңеді.

Революциядан кейін Нүрпейістің ақындық таланты қайта туып, ڈамып, совет дәүірінің шындығын бейнелеген көптеген өлең-жыр дастандары жылады. Ол өлең-жырларын Мариям Хакімжанова, Қуандық Шанытбаев және басқа ақындар ұқыпты түрде мезгілімен жазып алып отырды.

Нүрпейіс те, Жамбыл сыйкты, Москва каласында, Алматыда және Қазақстанның басқа жерлерінде де болып, өзінің ақындығына жаңа әсер ала білді. Нүрпейістің шығармалары республикалық газет-журналдарда басылумен катар, бірнеше рет жеке жынынк болып жарияланды. «Өрістеген өмір» — 1939-ж., «Ақын шабыты» — 1940 ж., «Тандамалы шығармалары» — 1945 ж., «Избранные произведения» — 1946 ж., «Шығармаларының жынынғы» — II том, 1950 ж., «Шығармаларының жынынғы» — 1956 ж. Нүрпейістің революциядан бұрын айтқан өлең-жырлары да совет дәүірінде жазылып, қағазға түсірілді. «Комиссар Пожарский», «Ақын», «Ер туралы жыр», «Жыйырма бес» сыйкты совет тақырыбына арналған поэмалары Нүрпейістің ақындық ерекшелігін жүртшылыққа таныты. Нүрпейіс Қазақстан жазушылар одагының мүшесі, оған Қазақстанның искуствога еңбегі сіңген қайраткер деген атак, Құрмет белгісі ордені берілді.

НҮРҚАН АХМЕТБЕКОВ (1903)

Нүрканның ақындық өмірі Қостанай облысы, Торғай ауданында өтеді. Қазірде де сол ауданда тұрады. Нүрқан да Иса сыйкты өлеңді импровизациямен де айтады, жазып та шығарады. Ол жастайынан өлең-жыр, ән-күйлерді көп жаттап үйрене жүріп, өзі шығарған көптеген өлең, дастандарын ел арасына таратады. Әсіреле, Нүрканның

«Аманкелді», «Жасауыл қырғыны», «Есім сері», «Карға» сыйкты поэмалары көркемдігі, мазмұны, сюжеті жақтарынан қалып жүршылыкка айрыкша ұнап, ел арасында жатка айтылып, таралып отырган. Нұрқан ақындардың айтысына қатысады. Нұрқанның өлеңдері мен поэмалары, айтыстары газет-журналдарда және жеке кітап болып та басылып келеді. («Жасауыл қырғыны» — 1950 ж. «Аманкелді» — 1951 ж.) Нұрқан Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

НҰРЛЫБЕК БАЙМҰРАТОВ (1887)

Тұып өскен жері Павлодар облысы, Бескарағай ауданы, көп жыл Семей қаласында да тұрған. Белгілі импровизатор ақын Нұрлышек совет түсінде көптеген ақындармен айтысады, ол хат таныйды, өлең жазып та шығарады, жүртшылыктың қалауы бойынша әртүрлі тақырпта колма-кол суырып салып та шығарады. Жазған өлең, жырлары республиканың газет-журналдарында жарияланып келеді. 1945 жылы «Төлемен» атты поэмасы басылып шықты. Ауыз әдебиеті нұскаларын мол біледі, оның бірталайын ғылым академиясына тапсырды.

ОРЫНБАЙ ТАЙМАНОВ (1875—1946)

Орынбай Онтүстік Қазақстандағы колхоздарды аралап жүріп өзінің өлең-жырларын айткан белгілі халық ақыны. Орынбайдың өлеңдері газет-журналдар, түрлі жыныктарда көп басылған. Біртала ақындармен айтысқан.

ОМАР ШИПИН (1879)

Белгілі ақын Омардың туып-өскен жері Торғай даласы (Костанай облысы). Аманкелді Имановтың жакын серіктерінің бірі. Революционер Элібін Жангелдиннен де, казактың белгілі ақын, жыршыларымен де жакын жолдас болып, ел тарихына байланысты аныз әңгімелерді, ауыз әдебиет үлгілерін де мол білетін атакты жырши Омар 1916 жылғы Аманкелді бастаған үлт азаттық көтерілісіне катнасып, халыктың бастандық жолындағы ерлік күресін жырлады. Ақын Ұлы Социалистік Октябрь революциясының жеңісі, совет адамдарының социалистік күрылымы, Отан соғысы майдандарындағы ерліктері туралы өлең-жырларын Аманкелдінің ерлік, революциялық күрестеріне байланыстырып жырлады.

Омардың өлең-жырлары, дастандары республикалық және одақтық газет-журналдарда үнемі басылып келеді және бірнеше рет жеңе кітап болып та жарияланды. «Аманкелді» (дастан) — 1943 ж., «Торғай торабында» (өлеңдер жынығы) — 1948 ж., «Халық атынан» (өлеңдері) — 1950 ж., «Өмір өрнегі» — 1952 ж., «Стихи» — 1950 ж., және басқалар.

Омар хат білетін, әдеби шығармаларды өз бетімен оқып отыратын ақын. Ол Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, 1947 жылдан бері Қазак ССР-шын депутаты. Ақындарлық жергілікті, республикалық айтыстарына, слеттеріне және жазушылардың съезі, пленумдарына үнемі катнасып, олардың әдеби творчестволық өмірімен

ТЫГЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ЖУМЫС ІСТЕЙДІ. Омар көп жылдан бері Қазақ ССР ғылым академиясына ауыз әдебиетінің нұсқаларын мол жыйнап берді.

СӘТ ЕСЕНБАЕВ (1884)

Сәт те Омар сыйкты, Аманкелдінің сарбазы болған ақын-жыршының бірі. Қазір Аманкелді ауданында колхозшы. Сәт өлеңді жазып шығарады, бүрын-соңды ақын-жыршылардың өлең жырларын, үлгілі сөздерін мол біледі. Оның революцияның жеңісі, колхоздағы сіңбек өмірі, Аманкелді туралы өлең, дастандары халық арасына кең таралған. Олардың бірталайы газет-журналдарда жарияланды.

САЯДІЛ КЕРІМБЕКОВ (1895—1954)

Алматы облысы, Каскелең ауданында творчестволық өмірі өткен талантты ақын Саяділ революциялық тақырыпты, совет дәүрінің шындығын бейнелеген өлең, дастандарды мол жазды. «Әшкен жанды», «Бес жұлдыз», «Екі койшы», «Суда туғандар», «Арқалық батыр» атты поэмалары халық арасына кең таралған. 1916 жылғы халық көтерілісіне, 1941—1945-жылғы ұлы Отан соғысына катысқан ақын өлең, дастандарында сол езі көріп араласқан уақытгаларды көбірек жазады. Ақын Қазақ ССР ғылым академиясымен үнемі байланыс жасап, фольклор үлгілерін мол жыйнап берді.

Саяділдің өлең, поэмалары газет-журналдарда және жеке жыйнақ болып та жарияланды. «Ақын шабыты» — 1937 ж., «Өлеңдер жыйнағы» — 1939 ж., «Бестылдық» — 1940 ж. тағы басқалар. 1939 жылы Құрмет белгісі орденімен наградталды.

САПАРҒАЛИ ӘЛІМБЕТОВ (1880)

Сапарғалидің туып-өскен жері Семей облысы. Жарма ауданы. Жастанынан ауыз әдебиет үлгілерін де, жазба әдебиет үлгілерін Абай, Эріп, Әсет, Сұлтанмахмұт шығармаларын, орыс ақындарының, өлең, дастандарын да көп оқып, көп тараткан. Революцияның жеңісін, совет халқының социалистік құрылыш майданындағы ерліктерін жырлаған көркем өлеңдері республикадағы газет-журналдарда үзбей басылып келеді. Қызыл жұлдыз орденімен наградталды.

СӘТТИФҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВ (1876)

Ақындық өмірі Манғыстау түбегінде (Гурьев облысы, Шевченко ауданы) өткел. Сәттіғұл жастанынан халық тұрмысын, еліндегі тарихи батырлардың ерлігін жырлаған. Социалистік революцияның алғашкы күндерінен бастап совет құрылышының жеңісін, ұлы Лениннің өмірбаянын жырлайды. Советтік Конституция, совет адамдарының ерлік куресі тақырыбына ариалған өлеңдері де көп. Оның бірталай өлеңдері 1920 жылдардан бері газет-журналда басылып келді.

СӘДІБЕК МҮСРЕПОВ (1885)

Жамбыл облысы, Красногор ауданындағы белгілі жыршы. Сәдібек өз жанынан өлең-жыр шығарып айтпайды, ол бұрынғы ақын жыршылардан естіл, жаттағанын орындаушы жыршы. Ол Жетісүйелінің тарихында болған батырлар туралы жырларды да, бұрынғы эпикалы дастандарды да, ақындардың айтысын да мол біледі.

ТӨЛЕУ ҚӘБДІКОВ (1874—1954)

Халық ақыны Төлеудің туып-өскен жері Семей облысы, Шұбартау ауданы. Шешесі Куандық та, нағашысы Сабыrbай да импривизатор ақындар. Жас жігіт кезінде ұлы ақын Абайды көріп, оның ақындық айналасынан көп үлгі-өнеге алады. Халық әдебиеті үлгілерімен катар Абайдың және басқа жазба ақындардың шығармалағын қадағалап оқыды.

Советтік Қазақстан бейнесін елестеткен өлеңдері газет-журналдарға, өзінің жыйнектарында басылды. «Алып күшті Отаным»,—1948 ж., «Өлеңдері»—1951 ж. «Шығармалары»—1956 ж.

ТӨЛЕУБАЙ ҮРКІМБАЕВ (1898—1956)

Туып-өскен жері Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы. Өлеңжырларды, дастандарды көп жаттап айткан, революцияның алғашқы жылдарынан бастап совет дәуірінің шындығы туралы өлеңдерді, такпак-толғау, мысал, макал-мәтілдерді көп жазып, оларын аузыша да, баспа арқылы да таратып көлген. Хат таныйды, жазба әдебиет үлгілерін көп оқып, одан үлгі алған.

ШАШУБАЙ КОШҚАРБАЕВ (1865—1952)

Белгілі әнші ақын импровизатор Шашубай 14 жасынан бастап домбыра тартып, гармон ойнап, өлең айткан. Туып-өскен жері бұрынғы Каркаралы ауданы, үзак жылдар Конырат ауданында және Еркін каласында тұрды. Біржан сал, Акан сері, Палуан Шолак, Мәди, Газиз, Кенен сыйкыты әнші-сері ақындармен бірге ел аралаған. Бірнеше рет Жамбылмен кездесіп, 1909 жылы Алматыда айтysкан. «Кедейлік», «Аққайын», «Майда коныр», «Сырфакты» сыйкыты лирикалды өлең әндерді де, «Камбар батыр», «Сарынши Бекей», «Актамберлі» атты эпикалы жырларды да айттып тараткан. Революцияның жеңісі, Караганды, Балқаш жұмысшыларының енбек өмірі және баспа совет тақырыбына арналған өлеңдері газет-журналдарда базылды. 1941 жылы Шашубайға Қазақстанның искусствоға еңбегі сіңген кайраткер атағы берілді. 1945 жылы ол Құрмет белгісі орденімен наградталды.

ШАПАЙ ҚАЛМАҒАМБЕТОВ (1890)

Костанайдың Қарабалық ауданында туып-өскен, Шапай белгілі Мергембай жыраудың (1836—1911) қасына еріп, казақтың көптеген

эпикалы жырларын жаттап, халық арасына таратып айткан. Шапай казак фольклорындағы «Кобланды», «Ертарғын», «Қарабек», «Алламыс», «Қыз жібек», «Құбығұл» сыйкты эпикалы жырлардың көбін біледі «Қобландының» ең толық және көркем вариантын 1939 жылы ғылым академиясының филиалына осы Шапай жазып береді. Оның жалғасы — Қобландының батыр балалары Қиікбай мен Бөгембай туралы жырлар да Шапайдың айтуынан жазып алынды. Қазір Шапай Ақтөбе каласында тұрады, ғылым академиясына фольклор үлгілерін айтып беруші және жынауышы тілші.

ХАЛИМА ӨТЕҒАЛИЕВА (1892)

Батыс Қазакстан облысында туып-өсken. Қазір Алматыда тұрады. Махамбет, Шернияз, Жаскілең сыйкты бұрынғы ақындардың сөздерін біледі. Өз жанынан өлең-жыр шығарады. Әсіресе совет халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі, соғыстан кейінгі бейбіт еңбегі туралы көптеген толғау жырлары газет-журналдарда басылып келеді.

ҚАЗАНҚАП БАЙБОЛОВ (1889—1946)

Оңтүстік Қазакстан облысы, Ленгер ауданында ақындық өмірі өткен Қазанқап гармонмен өленді, жыр айтуды 16 жасынан бастаған. Хаттаның, жазба ақындардың, Орта Азия халыктары ақындарының шығармаларын көп оқып жаттаған. Қазактың тарихи шықкан тегі, қалмакпен, Орта Азия хандарымен соғыстар туралы ауыз әңгімелерді, эпикалы жырларды мол білген адам. Олардың бірқатарын Қазақ ССР ғылым академиясына мезгілімен жазып тапсырып отырды. Колхозшылардың жаңа мәдениетті тұрмысы, өнімді еңбегі, советтік Отанының күш-куаты туралы өлеңдері, толғау-жырлары газет-журналдарда басылды.

ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ (1889)

Талдыкорған облысы, Киров ауданындағы колхозшы ақын Қалқа көбінесе, еңбек адамдарының өмірін, совет адамдарының ерлігін жырлайды. Ол колхоздың клуб жанындағы ойын-сауық үйрмелерінің жұмысына, Караптал аудандық театрдың жұмысына араласып, домбырамен өлең-ән айтады. Халыктың калауы бойынша әртурлі тақырыпка колма-кол сұырып өлең жыр шығарады. Қалқа бірталай ақындармен айтыска да туседі. Ақын-әншілердің облыстық, республикалық, аудандық слет, айтыстарына, жазушылардың слеттеріне катнасып отырды. Ақын көптеген өлең-жыр, толғауларымен катарап «Шаймерден», «Мұсабек» (Совет Одағының батыры туралы поэма—1951 ж. басылды). «Дана қызы», «Үәлі Шора». «Қарлығаш пен Дауіт» тағы басқа дастандарын жырлап, таратты. Ақынның шығармалары газет-журналдарда басылып келеді. Қалқа Қазакстан жазушылар одағының мүшесі, Киров аудандық Советінің депутаты, 1945 жылы Құрмет белгісі орденімен наградталды.

ҚАЙЫП АИНАБЕКОВ (1885—1955)

Тұып-өскен жері қазіргі Қарағанды облысы, Нұра ауданы, кеңін Қарағандының қаласында тұрды. Халықтың ауыз әдебиет үлгілерін шешендік сөз, аныз әңгімелерді көп білетін Қайып жазба әдебиет шығармаларымен де жаксы таныс болды, өлеңді әуелінде домбырамен суырып салып айтудан бастап, кейін жазып шығаруға көшеді. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

1920 жылдан коммунист партиясының мүшесі, Қайып қазак аулында совет құрылсының нығаюна өлеңмен де, қоғамдық қызметінен де белсene ат салысады. Оның өлеңдері газет-журналдарда және жеке жыйнак болып та басылып келді. «Қырдың қызыл гүлдері»—1928 ж., «Өлеңдері»—1951 ж., «Шығармалары»—1955 ж. Қайып Қарағанды тарихына арнаған «Алып туралы аныз», «Әйел бостандығы туралы», «Қолаң» атты поэмалар жазған. Ғылым академиясы, Қайыптың айтуынан да көптеген әдебиеттік материалдар жазып алды.

ҚАШҚЫМБАЙ ҚАЗИЕВ (1884)

Қашқымбай қазіргі Торғай ауданында (Қостанай облысы) туып-еңіп, ел аралап жыр айткан белгілі жырау. Оның бүрінғы тарихи аныз әңгімелерді де совет дәүіріндегі ерлік уақыйғаларды жырлап айткан өлең-жыр дастандары мол. Олардың бірқатары газет-журналдарда басылған, бірталайын Қазақ ССР ғылым академиясы жазып алған.

ҚАЛИ НҮРПЕЙІСОВ (1890)

Актөбе қаласындағы филармонияның концерт бригадасында ғс-теген өлеңші, жырши. Совет тақырыбына арнаған өлең-жыр тақырыптарын жатка айтады, бүрінғы батырлар жырының да бірталай нұсқаларын біледі.

ҚУАТ ТЕРІБАЕВ (1891—1952)

Талдыкорған облысы, Аксу ауданында творчестволық өмірі өткен Қуат жас шағынан халық әдебиеті шығармаларын да, жазба ақындардың өлең, дастандарын, Абай, Әріп, Эсет өлеңдерін, аударма арқылы Пушкин, Лермонтов өлеңдерін де көп оқып, ел арасына жатқа айтып таратқан. Совет дәүіріндегі шығармаларында ақын колхоздағы социалистік еңбекті, Жетісу, Алатаудың табигат байлырын көң суреттейді.

Халық ақындарының жергілікті, республикалық айтыстарына қатысты. Өлеңдері газет-журналдарда және 1951 жылды — «Әмір жыры» жынысағында басылған. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. «Евгений Онегин» романының сюжетін поэма етіп шығарған, өзі «Айжан жанша» атты поэма жазған. Қуат өлеңдерінде жазба ақындардың көркемділік, суреттеушілік ерекшелігі сезіледі.

ҚУАНЫШ БАЙМАҒАМБЕТОВ (1896)

Қызылорда облысында туып-өсken ақын. Хат таныйды, өлеңді жазып шығарады. Біркатаp ақындармен ғайыскан. Қебіне жұмбактасып айтысады. Совет тақырыбына арналған өлеңдері газет-журналдарда басылған, жеке жынық та болып жарияланды («Қедей жыры» — 1929 ж.).

ҮМБЕТӘЛІ КӘРІБАЕВ (1889)

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Киров атындағы колхозында тұратын импровизатор ақын Үмбетәлі көптеген ақындармен айтысқан, елді, колхоздарды арапап жүріп революция мен советтік тақырыпка өлең-жырларын айттып таратқан. Қазакстан жазушылар одағының мүшесі. Үмбетәлі «Жамбылмен, Кенен, Иса және басқа көрнекті ақындармен арапасып, олардың ақындық өнерінен үлгі алып отыран «Өлеңдер жынығы»—1951 жылы шыкты.

ӘМІРЗАҚ ҚАРҒАБАЕВ (1866)

Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы карт жыршы бүріншіндегі ақын сездерін көп білген, той, астарда жаршы болып өлең айткан. 1946 жылы Москва қаласында болып Москва, Ленин мавзолейі туралы толғау-жырларын, колхозшылардың жаңа түрмиси туралы жырларын айттып таратқан. Біркатаp өлеңдері газет-журналдарда басылған.

ӘБДІГАЛИ САРИЕВ (1900)

Алматы облысының Жамбыл ауданында тұратын ақын Әбдіғали совет дәүірінің шындығын, Отан соғысының батырларын жырлаган өлең, дастандарын жазды. «Капитан Гастелло», «Партизан ғалым», «Ер Кутузов» тағы басқа поэмалары ақынның творчествосында елеулі орын алады. Әбдіғали жазушылар одағының мүшесі.

ӘЛІБЕК БӘЙҚЕНОВ (1898—1944)

Осы күнгі Қызылорда облысы, Сырдария ауданында творчестволық өмірі өткен Әлібек совет дауірінің шындығын, колхозшылардың еңбек өмірін жырлаган өлеңдерін ел арасына көп айттып таратқан. Қазакстан жазушылар одағының мүшесі, ақындардың жергілікті, республикалық айтystарына қатыскан. Бірталай, өлеңдері жергілікті және республикалық газеттерде жарияланған.

ӘМИРЕ СҮЛТАНМҰРАТОВ (1870)

Көкшетау облысы, Айыртау ауданында тұратын өлеңші ақын Әмире Октябрь революциясының женісі, Ленин туралы өлең-жырларын 1920 жылдарда айттып таратқан, кейбірі сол кездегі газеттерде, «Ленин» атты (1928 ж.) жынықта басылған. Отан соғысы кезінде ақындардың айтysына қатыскан.

МАЗМУНЫ

Кіріспе.

3

I-т арау. Ақын және оның тұлғасы

Ақын импровизатор	17
Жырау.	39
Жыршы.	4 ⁺
Әнші акындар	51
Өлеңші.	66
Ақындықтың даму, жетілу мәселелері	70
Ақындық орта, дәстүр мәселесі	88

II-т арау. Ерлік жырлары — шындықтың айнасы

Ақындық жолдагы алғашкы адымдар	99
Ақынның айтыстары	118
«Өтеген батыр» дастаны.	136
«Сұраныш батыр»	155

III-т арау. Жамбыл социалистік заман бейнесін жырлаушы ақын	
Жыр — халық өмірінң айнасы	176
Жағымды образды жырлау	183
Туған елдің көркі мен мақтанын жырлауы	194
Жауынгерлік жырлар.	199
Жамбылдың ақындық өнері туралы	212

IV-т арау. Қазақ совет фольклорында эпикалы жандардың даму мәселелері

Батырлық жырдың дәстүрі мен мекені туралы	232
Нұрпейіс жырларындағы ерлік күрес мотивтері.	242
Өлмейтін ерлік туралы дастандар.	246
Халық поэзиясында Аманкелді бейнесі	254
Жазба әдебиет әсерімен дамыған эпикалы жыр. дәстүрі.	264
«Евгений Онегинді» халық ақындарының жырлауы.	272
Ерлік пен күрестің тасқынды лебі.	287
Исаның поэмаларының идеялық көркемдік ерекшеліктері туралы.	293
Қазіргі халық поэзиясы туралы кейбір көртындылар	314

Қосымша.

Ақын, жырау, жыршылардың өмірбаяны туралы қысқаша мәліметтер	326
--	-----